

ISSN (online) 2959-6017

ISSN (print) 2959-6009

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Abai Kazakh National Pedagogical University

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК BULLETIN

«Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы
Серия «Исторические и социально-политические науки»
Series «Historical and socio-political sciences»

№ 1(80), 2024

Алматы

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Abai Kazakh National Pedagogical University

ХАБАРШЫ

ВЕСТНИК

BULLETIN

«Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы
Серия «Исторические и социально-политические науки»
Series «Historical and socio-political sciences»

№ 1(80)

Алматы, 2024

Абай атындағы
Қазақ ұлттық педагогикалық
университеті

ХАБАРШЫ

«Тарих және саяси-әлеуметтік
ғылымдар» сериясы,
№1(80), 2024

Шығару жиілігі – жылына
4 нөмір.
2000 ж. бастап шығады

Бас редактор
т.ғ.д. Ғ.Қ. КЕНЖЕБАЕВ

Редакция алқасы:
т.ғ.д., проф. М.Қ. Қойгелдиев
(бас ред. орынбасары),
т.ғ.к., доц. Р.Р. Оспанова,
(жауапты хатшы)
магистр оқытушы:
Берікболова А.Ж.
(техникалық хатшы)
т.ғ.д., проф. Х.М. Әбжанов,
т.ғ.к., проф. Б.С. Жұмағұлов,
PhD, проф. Вирджиния Мартин
(АҚШ),
PhD, проф. Клаудиа Чанг (АҚШ),
т.ғ.д., проф. Қара Әбдіқап (Түркия),
т.ғ.д., проф. О.Д. Осмонов
(Қырғыз Республикасы),
т.ғ.д., проф. В.М. Козьменко
(Ресей Федерациясы),
т.ғ.д., проф. Қ.Т. Жұмағұлов,
проф. М.Майер (Германия),
т.ғ.д., проф. А.Б. Соколов
(Ресей Федерациясы),
т.ғ.д. Томохико Уяма (Жапония),
т.ғ.д., проф. Т.Ходжаоглы (Түркия),
т.ғ.д., проф. Ғ.М. Қарасаев
PhD, доцент Каримов К.С.
(Өзбекстан Республикасы)

© Абай атындағы
Қазақ ұлттық педагогикалық
университеті, 2024

Қазақстан Республикасының
мәдениет және ақпарат министрлігінде
2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген
№10102 - Ж

Басуға 20.03.2024 қол қойылды.
Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 49,25 е.б.т.
Тапсырыс 225.

050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 13.
Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университетінің
«Ұлағат» баспасы

М А З М Ұ Н Ы
С О Д Е Р Ж А Н И Е
C O N T E N T

ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАРИХ
СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ
SOCIAL AND ECONOMIC HISTORY

Қоскеева Ә.М., Аубакирова Х.А., Джумагалиева К.В. «Тоқырау» кезеңіндегі қазақтың шығармашыл интеллигенциясының қызметіндегі ұлт мәселесі.....	7
Koskeyeva A.M., Aubakirova Kh.A., Dzhumagaliyeva K.V. National question in the activity of kazakh creative intelligentsia in the period of «stagnation»	
Купенова Г.Ы. Возникновение «Мусульманского вопроса» в имперской политике России XIX-XX вв. и его историческое содержание.....	17
Kupenova G.Y. The history of the appearance of the «Muslim issue» in the Russia imperial policy of the XIX-XX centuries and its historical content	
Махаева А.Ш. Алаш зиялыларының ұлттық-қоғамдық ұйым- қазақ комитеттерін құрудағы қызметі тарихынан	27
Makhaeva A.Sh. From the history of the activity of the alash intelligentsia in the creation of a national public organization – the kazakh committees	
Мырзабеков М.С., Мырзабекова Р.С., Кожакеева Л.Т. Патшалық ресейдің қазақ жерінің шикізатын игеруге неміс және ағылшын капиталын тарту тарихы (XIX ғ.-XX ғ. басы).....	38
Myrzabekov M.S., Myrzabekova R.S., Kozhakeeva L.T. History of attraction of german and english capital for the development of natural resources of the kazak land by tsarist russia (XIX century-early XX century)	
Рахметуллин Е.Е., Төкішқадыров Б.Б., Ахметова Р.Д. 1928 жылғы декрет: қазақ байларының тағдыры мен трагедиясы.....	47
Rakhmetullin E.E., Tokishkadirov B.B., Akhmetova R.D. Decree of 1928: the fate and tragedy of the kazakh bays	
Ахатова А.А., Аралбай С.М., Абдрахманова К.Ж. Қазақ тарихындағы дәстүрлі халықтық медицинаның дамуының әлеуметтік маңызы.....	58
Akhatova A.A., Aralbay S.M., Abdrakhmanova K.Zh. The importance of traditional medicine in the history of the kazakh people	
Тулентаева К.А., Абикенова Г.Е. Кеңестік билік тұсындағы Қазақстанның халық ағарту жүйесінде орын алған кейбір мәселелер (XX ғ. 20-30 жж.).....	67
Tulentaeva K.A., Abikenova G.E. Some problems that arose in the public education system of Kazakhstan during the soviet period (20-30s of the twentieth century)	
Түлекова А.М., Түлекова М.К., Сутеева Н.А. The course of the rehabilitation process of the citizens of Kazakhstan repressed during the Stalinist terror during the period of perestroika in the USSR (1985- 1991).....	78
Түлекова А.М., Түлекова М.К., Сутеева Х.А. КСРО-да қайта құру кезеңінде Сталиндік террор жылдары қуғын-сүргінге ұшыраған Қазақстан азаматтарын оңалту процесінің барысы (1985-1991 жж.)	

ЖАЛПЫ ТАРИХ
ВСЕОБЩАЯ ИСТОРИЯ
GENERAL HISTORY

Казахский национальный педагогический университет имени Абая

ВЕСТНИК

Серия «Исторические и социально-политические науки», №1(80), 2024

Выходит с 2000 года.
Периодичность – 4 номера в год

Главный редактор
д.и.н. Г.К. КЕНЖЕБАЕВ

Редакционная коллегия:
д.и.н., проф. М.К. Койгелдиев,
(зам. гл. редактора),
к.и.н., доц. Р.Р. Оспанова,
(ответ. секретарь)
преп. магистр: Берикболова А.Ж.,
(тех. секретарь)

д.и.н., проф. Х.М. Абжанов,
к.и.н., проф. Б.С. Жумагулов,
PhD, проф. Вирджиния Мартин
(США),
PhD, проф. Клаудиа Чанг (США),
д.и.н., проф. Кара Абдиуакап (Турция),
д.и.н., проф. О.Д. Осмонов (Кыргызская Республика),

д.и.н., проф. В.М. Козьменко
(Российская Федерация),
д.и.н., проф. К.Т. Жумагулов,
проф. М.Майер (Германия),
д.и.н., проф. А.Б. Соколов (Российская Федерация),
д.и.н., Томохико Уяма (Япония),
д.и.н., проф. Т.Ходжаоглы (Турция),
д.и.н., проф. Г.М. Карасаев
PhD, доцент Каримов К.С.
(г. Коканд, Республика Узбекистан)

© Казахский национальный педагогический университет имени Абая, 2024

Зарегистрировано в Министерстве культуры и информации Республики Казахстан 8 мая 2009 г. №10102-Ж

Подписано в печать 20.03.2024.
Формат 60x84 1/8.
Объем 49,25 уч.-изд.л.
Заказ 225.

050010, г. Алматы,
пр. Достык, 13. КазНПУ им. Абая

Издательство «Ұлағат»
Казахского национального педагогического университета имени Абая

- Абдукадыров Н.М., Альдибаева А.Б., Акынова А.П. Бірінші дүниежүзілік соғыста Осман империясы мен Германияның одақтастық мәселелері 91
- Abdukadyrov N.M., Aldibaeva A.B., Akynova A.P. Problems of alliance of the Ottoman empire and Germany in the first world war
- Көшенова Ғ.И. Шағатай ұлысында ислам діні: тарихы және мұсылман хандар 104
- Kushenova G.I. The spread of islam in Chaghatai ulus: history and muslim khans
- Темирханов Б.Н., Муталиев М.Қ. (Түркия) Ұмыт болған Андалусия ислам мемлекетінің саяси тарихы..... 114
- Temirkhanov B.N., Mutaliyev M.K. (Turkiye) The political history of the forgotten islamic state of Andalusia
- Әбділәшім Д. (Жапония) Қазақ-ойрат қатынасына байланысты жазылған екі парша хат және оның тарихи маңызы..... 123
- Abdilashim D. (Japan) Two letters written in connection with kazakh-oyirat relations and its historical significance

САЯСИ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ТАРИХ ПОЛИТИЧЕСКАЯ И СОЦИАЛЬНАЯ ИСТОРИЯ POLITICAL AND SOCIAL HISTORY

- Алипбекова Г.Б., Турекулова Ж.Е. XIX ғ.соңы – XX ғ. бірінші жартысындағы «мұсылман бауырлар» қозғалысы құрылуының тарихи алғышарттары және негізгі идеялары..... 134
- Alipbekova G.B., Turekulova Z.E. Historical background of the emergence of the “muslim brotherhood” movement and basic ideas (XIX – the middle of the XX century)
- Базарбаев Қ., Амирбек А., Ақдениз Э. Жаһандану жағдайында түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастығын қалыптастыру тарихы мен даму бағыттары..... 144
- Bazarbayev K., Amirbek A., Akdeniz E. History and directions of developing formation of cooperation between turkic speaking states in the context of globalization
- Бурибаев Е.А., Кошпенбетов Б.М. Еуразиялық экономикалық одақтың халықаралық-құқықтық нормаларының тиімділігін және практикалық қолданылуын талдау 153
- Buribayev Ye., Koshpenbetov B. Analysis of the effectiveness and practical application of international legal norms of the Eurasian economic union
- Сарсенбаев А.Б., Абдирайымова А.С., Айтказина М.М. Саяси-әлеуметтік ортадағы қоғамға қызмет етудің негізгі қырлары 164
- Sarsenbayev A.B., Abdirayimova A. S., Aitkazina M.M. The main facets of serving society in a political and social environment
- Мамырбеков А., Зһанібек М., Танжима Чоудһури (Канада). Silence of Semey nuclear test site: past and present..... 173
- Мамырбеков А., Жәнібек Мақсат, Танжима Чоудри (Канада) Семей ядролық полигонының үнсіздігі: өткені мен бүгінгі
- Асылтаева Э.Б., Нуров М.М. Бұқаралық ақпарат құралдарының азаматтық бірегейлікті қалыптастырудағы рөлі..... 186
- Assyltayeva E.B., Nurov M.M. The role of the media in the formation of civic identity
- Ақбаева Л.Н., Ақбаева А.Н. Социальный аспект категорий «комическое» и «трагическое» в казахской литературе..... 196
- Akbayeva L.N., Akbayeva A.N. Social aspect of «comic» and «tragic» categories in kazakh literature

ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ SOURCE AND HISTORIOGRAPHY

Abay Kazakh National Pedagogical
University

BULLETIN

Series «Historical and socio-political
sciences»
№1(80), 2024

Periodic – 4 issues/year
Published since 2000

Editor-in-chief:
doctor of historical sciences
G.K. KENZHEBAYEV

Editorial staff:
Koigeldiyev M.K. *doctor of historical sciences, professor*
(editorial-in-chief's assistant),
Ospanova R.R. *candidate of historical sciences, associate professor,*
(responsible secretary),
master teacher **Berikbolova A.Zh.**
(technical secretary)
Abzhanov Kh.M. *doctor of historical sciences, professor,*
Zhumagulov B.S. *candidate of historical sciences, professor,*
Virginia Martin. *professor, PhD (USA),*
Claudia Chang *professor, PhD (USA),*
Kara Abdiyap *doctor of historical sciences, professor (Turkey),*
Osmonov O.D. *doctor of historical sciences, professor (Kirgistan),*
Kozmenko B.M. *doctor of historical sciences, professor (Russian Federation),*
Zhumagulov K.T. *doctor of historical sciences, professor,*
Mayer M. *doctor of historical sciences, professor (Germany),*
Sokolov A.B. *doctor of historical sciences, professor (Russian Federation),*
Tomokhiko Uyama *doctor of historical sciences (Japan),*
Khodjaogly T. *doctor of historical sciences, professor (Turkey)*
Karasayev G.M. *doctor of historical sciences, professor*
Karimov K.S. *PhD associate Professor,*
(Republic of Uzbekistan)

Abai Kazakh National Pedagogical
University, 2024

Registered in the Ministry of culture and
information of the Republic of Kazakhstan,
May, 8, 2009 №10102-ZH

Signed for print 20.03.2024
Format 60x84 1/8.
Volume 49,25 уч.-издл.
order 225.

050010, Almaty
Abai KazNPU, 13 Dostyk av.

«Ulagat» publishing house
Abai Kazakh National Pedagogical
University

- Bekmagambetova M., Bimoldanova A., Bekmagambetov R.** Kazakh steppe in the national policy of the Russian empire: comparative historiography..... 208
Бекмағамбетова М.Ж., Бимолданова А.А., Бекмағамбетов Р.Қ. Ресей империясының ұлттық саясаты: компаративті тарихнама
Мәми А.Т., Дүкенбаева З.О., Муталова Д.С. Қазақстандағы шағын және орта кәсіпкерліктің қалыптасу және дамуының тарихнамасы..... 221
Mami A.T., Dukenbayeva Z.O., Mutalova Dzh.S. History of formation and development of small and medium-sized businesses in Kazakhstan
Нурмухамбетова А.Б., Күлдібаев Е.Қ., Қосназарова С.Д. Көне түркі жазуы: ерекшеліктері мен зерттелуі..... 229
Nurmukhambetova A.B., Kuldibaev E.K., Kosnazarova S.D. Ancient turkic writing: features and research
Қарасаев Ғ.М., Пұсырманов Н.С., Ақтайлақ Б.Б. Орта және жаңа ғасырлардағы Еуразия аңғарын мекен еткен қазақ тұрғындарының тарихы сол мерзімдердегі шетелдік зерттеушілер шығармаларында..... 238
Karasaev G.M., Pussyrmanov N.S., Aktailak B.B. History of the kazakh population of the middle and modern ages settling in the spaces of Eurasia in the works of foreign researchers of that time
Қабыл А.Ә. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы саяси қуғын-сүргін тарихы, зерттеу мәселелері 250
Kabyl A.A. History of political repression in the 20-30s. XX century: research questions

ТАРИХТЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ИСТОРИИ METHODS OF TEACHING HISTORY

- Zhamelov B.A., M. Baitureev D.Sh., Kulanova F.A.** Opportunities for the development of professional pedagogical competence of a teacher using the "activity research" approach in a history lesson..... 261
Жамелов Б.А., Байтүреев Д.Ш., Куланова Ф.А. Возможности развития профессиональной педагогической компетенции учителя с использованием подхода «исследование деятельности» (action research) на уроке истории
Мамырбеков А.М., Оразбаева Е.Е., Болатова Қ.Б. Алғашқы ұлттық тарих оқулығы: қазақ және түрік тарихы оқулықтарына қысқаша мазмұндық - салыстырмалы талдау..... 270
Mamyrbekov M.A., Orazbaeva E.E., Bolatova K.B. The first textbook on national history: a summary of the first textbooks of kazakh and turkish national history - a comparative analysis

АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ ARCHAEOLOGY AND ETHNOLOGY

- Маханов Н.И., Адилбаева А.С., Мухамеджанова Р.Ж.** Түркістан облысындағы музейлердің тарихи сананы қалыптастырудағы рөлі..... 281
Makhanov N.I., Adilbaeva A.S., Akhmetova D.M. The role of museums of the Turkestan region in the formation of historical consciousness

ЖЕКЕ ТҰЛФАЛАР ПЕРСОНАЛИИ PERSONALITY

Анисимова И.Ю., Рамазанова Ф.С., Такижбаева Н.З. Научная повседневность сообщества учёных-историков г. Семипалатинска (90-е годы XX века).....	288
Anissimova I.Y., Ramazanova F.S., Takizhbaeva N.Z. Scientific everyday life of the community of scientists-historians of Semipalatinsk (the 90s of the XX century)	
Рысбеков Т.З., Рысбекова С.Т., Шынтемірова Б.Ғ. Н.Ф. Катанов ғылыми мұрасы және түркі халықтарының тарихы.....	302
Rysbekov T.Z., Rysbekova S.T., Shintimirova B.G. The scientific heritage of N.F. Katanov and the history of the turkic peoples	
Садықов Т.С., Елкей Н.Е. Хайретдин Болғанбаевтың ағартушылық қызметі (архив деректері бойынша).....	313
Sadykov T., Yelkey N.N. Educational activities of Hayretdin Bolganbayev (according to archival data)	
Кенжебаев Г.Қ., Оспанова Р.Р., Берікболова А.Ж. Әлихан Бөкейханның қазақ тарихына қатысты зерттеулері	322
Kenzhebaev G.K., Ospanova R.R., Berikbolova A.Zh. Alikhan Bokeikhan's research on kazakh history.....	
Кенжебаев Г.Қ., Оспанова Р.Р., Берікболова А.Ж. Әлихан Бөкейханның қазақ тарихына қатысты зерттеулері	

**ЖАС ҒАЛЫМДАР ЗЕРТТЕУЛЕРІ
ИССЛЕДОВАНИЯ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ
RESEARCH OF YOUNG SCIENTISTS**

Нурбаева Д.З., Сулейменова Қ.Қ. 1920 жылдардағы Қазақ АКСР-нің әлеуметтік-шаруашылық ахуалындағы тұлғалар рөлі.....	332
Nurbayeva D.Z., Suleimenova K.K. The role of personalities in the socio-economic situation of the Kazakh ASSR in the 1920s.	
Тулеев М.Т., Беркимбаев К.М., Нуржанова А.М. Қазақстанға депортацияланған этнос өкілдерінен шыққан қайраткерлердің саяси-тарихи және мәдени рөлдері.....	340
Tuleyev M.T., Berkimbayev K.M., Nurzhanova A.M. Political, historical and cultural roles of figures from representatives of ethnic groups deported to Kazakhstan	
Мұқан А.О., Алқамбай А.Қ., Лукпанова А. Р. Аса құнды және мультимедиялық құжаттарды пайдалануды есепке алу және талдау, климатология мәселесі.....	350
Mukan A. O., Alkambay A. K., Lukpanova A. R. Accounting and analysis of the use of particularly valuable and Multimedia documents, the problem of climatology	
Suleimen Dinmuhammed The philosophy of power in the modern society of Kazakhstan.....	365
Сулеймен Дінмұхаммед Қазақстанның қазіргі қоғамындағы билік философиясы	
Базарбай Е.М. Қазіргі бұқаралық ақпарат құралдары ағымындағы жастардың мәдени дамуы.....	374
Bazarbay E.M. Cultural development of young people in the current mass media	
Отыншиева Г.Т. Ғабит Мүсіреповтің өмір сүрген ортасы, тарихи сипатталуы.....	385
Otynshieva G.T. Environment, historical description of Gabit Musreпов's life	

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршы журналының «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы Ғылыми еңбектің негізгі нәтижелерін жариялау үшін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми басылымдар тізбесіне енгізілді (2021 жылғы 9 қыркүйектегі №739 бұйрығы).

Вестник КазНПУ имени Абая, серия «Исторические и социально-политические науки» внесен в список для публикации основных результатов научных деятельности по историческим наукам изданий рекомендуемых Комитетом по обеспечению качества в сфере образования и науки Министерсва образования и науки Республики Казахстан (приказ № 739 от 9 сентября 2021 года).

The bulletin Abai KazNPU, the series "Historical and socio-political Sciences" is included in the list for the publication of the main results of scientific activities in historical sciences of publications recommended by the Committee for Quality Assurance in Education and Science of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan (Order No. 739 dated September 9, 2021).

ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАРИХ
СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ
SOCIAL AND ECONOMIC HISTORY

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20.

ӘӨЖ: 323.1(574)(045)

<https://doi.org/10.51889/2959-6017.2024.80.1.001>

Қоскеева Ә.М. ^{*1}, Аубакирова Х.А. ², Джумагалиева К.В. ³

¹ PhD, аға оқытушы, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті
Астана қ., Қазақстан
E-mail: koskeeva@mail.ru

² тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, профессор м.а.,
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана қ., Қазақстан
E-mail: hadishaaubakirova@mail.ru

³ тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор м.а., С.Сейфуллин атындағы
Қазақ агротехникалық университеті, Астана қ., Қазақстан
E-mail: Dz_kylashV@mail.ru

«ТОҚЫРАУ» КЕЗЕҢІНДЕГІ ҚАЗАҚТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯСЫНЫҢ
ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ҰЛТ МӘСЕЛЕСІ

Аңдатпа

Мақалада шартты түрде «тоқырау» деп аталып кеткен кезеңдегі Қазақстанның саяси-идеологиялық ахуалымен қатар, шығармашыл интеллигенцияның қызметіндегі ұлт мәселесі қарастырылған. Сонымен қатар авторлар қазақ зиялыларының аталған кезеңдегі кеңестік жүйенің саясатымен текетірісте күштеп танылған маркстік-лениндік әдіснаманы еріксіз басшылыққа алып, қазақ білімі, ғылымы, тарихы, әдебиетін, ұлттық болмысты сақтап қалуға міндетін атқаруға тырысып баққандығын зерделеген. Осы жағдайларға байланысты Қазақстан КП ОК-нің қаулылары мен шешімдері жіті талданған. Сонымен қатар қазақ диссиденттерінің де қызметі назардан тыс қалмаған.

Жалған интернационалистік қағидалармен қаруланған тоталитарлық жүйе қазақ халқының шығу тегін, ұлттық болмысының тарихи-географиялық сипатын, этникалық геногеографиясын, көшпенділер эстетикасын даралайтын синкретті мәдениеті терең зерделенген еңбектерді цензурадан өткізбей тыйым салғаны шығармашыл интеллигенция еңбектері мен архив деректері негізінде талданды. Жүйе өз саясатын қолдап қолпаштайтын жасанды идеологияның қызметіне сүйеніп, ұлттардың қосылуы, тілдердің бірігуі сияқты міндеттерді алдына қойған уақытта қазақ интеллектуалдық ой иелері, жазушылар мен ғалымдар саяси тұсауланған заманда өзінің шығармашылығымен ұлттық идеяны насихаттау арқылы ұрпақтар сабақтастығын жалғастыруға бар күш-жігерін салды. Мақалада осы аталған тұжырымдар архив деректері негізінде талданып, дәлелденді.

Кілт сөздер: саяси-идеологиялық жүйе, шығармашыл зиялылар, тоқырау, тарих, тіл, ұлт, мәдениет.

*Коскеева А.М.*¹, Аубакирова Х.А.², Джумагалиева К.В.³*

*¹PhD, старший преподаватель, Казахский агротехнический университет имени С.Сейфуллина
г. Астана, Казахстан*

E-mail: koskeeva@mail.ru

*² кандидат исторических наук, доцент, и.о. профессора,
Казахский агротехнический университет имени С.Сейфуллина, г. Астана, Казахстан*

E-mail: hadishaaubakirova@mail.ru

*³ кандидат исторических наук, и.о. ассоциированного профессора,
Казахский агротехнический университет имени С.Сейфуллина, г. Астана, Казахстан*

E-mail: Dz_kylashV@mail.ru

НАЦИОНАЛЬНЫЙ ВОПРОС В ДЕЯТЕЛЬНОСТИ КАЗАХСКОЙ ТВОРЧЕСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ ПЕРИОДА «ЗАСТОЯ»

Аннотация

В настоящей статье наряду с политико-идеологической ситуацией в Казахстане в период, условно именуемый «застоем», рассматривается национальный вопрос в деятельности творческой интеллигенции. Кроме того, авторы показали, как казахская интеллигенция невольно руководствуясь марксистско-ленинской методологией, находясь в негласном конфликте с национальной политикой советской системы того периода, пыталась решить задачу сохранения казахского образования, науки, истории, литературы, национальной идентичности. В связи с этими обстоятельствами тщательно проанализированы Постановления и решения ЦК КП Казахстана. В то же время не осталась незамеченной и деятельность казахских диссидентов.

На основе трудов творческой интеллигенции и архивных данных проанализирована тоталитарная система, вооруженная ложными интернационалистскими принципами, запрещавшая без цензуры изучение трудов, связанных с происхождением казахского народа, освещающих историко-географический характер национальной идентичности, этническую геногеографию, эстетику кочевников. В то время, когда система опиралась на деятельность искусственной идеологии, поддерживающей ее политику, казахские интеллектуалы, писатели и ученые ставили перед собой такие задачи, как объединение наций, объединение языков, приложили все усилия для продолжения преемственности поколений путем пропаганды национальной идеи своим творчеством в эпоху политической презентации. В статье все данные и выводы проанализированы, доказаны на основе архивных источников.

Ключевые слова: политико-идеологическая система, творческая интеллигенция, стагнация, история, язык, нация, культура.

*Koskeyeva A.M. *¹, Aubakirova K.H.A. ², Dzhumagaliyeva K.V. ³*

*¹PhD, Senior Lecturer, S.Seifullin Kazakh Agro Technical University
Astana, Kazakhstan*

E-mail: koskeeva@mail.ru

*² c.h.s., acting professor of S.Seifullin Kazakh Agro Technical University
Astana, Kazakhstan*

E-mail: hadishaaubakirova@mail.ru

³ c.h.s., acting associate professor S. Seifullin Kazakh Agro Technical University

E-mail: Dz_kylashV@mail.ru

NATIONAL QUESTION IN THE ACTIVITY OF KAZAKH CREATIVE INTELLIGENTSIA IN THE PERIOD OF «STAGNATION»

Abstract

In this article, along with the political and ideological situation in Kazakhstan during the period conventionally referred to as "stagnation", the national question in the activities of the creative intelligentsia is considered. In addition, the authors showed how the Kazakh intelligentsia, involuntarily guided by the Marxist-Leninist methodology, being in an unspoken conflict with the national policy of the Soviet system of that period, tried to solve the problem of preserving Kazakh education, science, history, literature, and national identity. In connection

with these circumstances, the Decrees and decisions of the Central Committee of the Communist Party of Kazakhstan were carefully analyzed. At the same time, the activities of Kazakh dissidents did not go unnoticed.

On the basis of the works of the creative intelligentsia and archival data, the totalitarian system, armed with false internationalist principles, was analyzed, which forbade, without censorship, the study of works related to the origin of the Kazakh people, highlighting the historical and geographical nature of national identity, ethnic genogeography, aesthetics of nomads. At a time when the system was based on the activity of an artificial ideology that supported its policy, Kazakh intellectuals, writers and scientists set themselves such tasks as the unification of nations, the unification of languages, made every effort to continue the continuity of generations by promoting the national idea with their creativity in the era political presentation. In the article, all data and conclusions are analyzed, proved on the basis of archival sources.

Key words: political and ideological system, creative intelligentsia, stagnation, history, language, nation, culture.

Кіріспе.

Өзектілігі. Қоғамымызда тоқыраудың берік орын тебе түсуі салдарынан алпысыншы жылдардағы әлеуметтік батылдық әуелі жасқаншақтыққа, кейін рухани көлгірлікке ұштасқаны анық. Ұлттық шығармашыл интеллигенцияның аса күрделі өмір жолындағы ұлт мүддесі тұрғысынан жазылған еңбектері мен қызметі кейінгі ұрпақтар үшін жарқын өнеге болып табылады. Шығармашыл интеллигенцияның қажырлы еңбегі мен ерлігі бүгінгі күні болып жатқан үлкен өзгерістерде өз жалғасын тауып, тақырыптың өзектілігін айқындай түсті.

Мақсаты. XX ғасырдың ортасында, нақты айтқанда 1964-1985 жылдарындағы қазақ қоғамындағы шығармашыл интеллигенцияның қызметіндегі ұлт мәселесін объективті тұрғыдан байыпты зерделеу болып табылады.

Міндеттері. мақалада қойылған мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу көзделді:

- 1964-1985 жылдардағы кеңес қоғамында, оның ішінде Қазақстанда жүргізілген ұлт саясатын баяндау;
- «Тоқырау» жылдарындағы қазақ интеллигенциясының ұлттық ұстанымын анықтау;
- аталған кезеңдегі ресми деректерге талдау жасау.

Материалдар мен әдістемесі. Мақаланың деректік негізін жарияланған деректер және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік архиві мен Қазақстан Республикасы Президентінің архивінің құжаттары құрап отыр.

Мақаланың теориялық және әдіснамалық негіздері ретінде ғылыми танымның маңызды қағидалары – шынайылық, тарихилық, жүйелілік және тарихи оқиғалар мен құбылыстарды зерттеудегі диалектикалық тәсілдер қолданылды. Сонымен қатар ұлттық мүдде мен жалпы адамзаттық құндылықтарға басымдық берілді. Мақаланың теориялық-методологиялық негіздемесін өркениеттілік ұстаным құрайды.

Негізгі бөлім. 1964 жылдың аяғында билік басына Л.Н. Брежневтің келуімен жекелеген адамдардың антисоветтік қызметі жандана бастады. Бұрын антисоветтік қызмет жасырын және құпия түрде болса, енді бірте-бірте жария бола бастады. Одақтың орталығының мәдени элитасының заңды қарсы пікір білдіруі ондаған жылдардан кейін бірінші рет қайта жанданды. Олар бүкіл елдегі жастар мен интеллигенцияға рухани жағынан қатты әсер етті. Қазақстанда зиялы қауымның «Жылымық» кезіндегі белсенділігі ең бастысы ұлттық-рухани мұраға және ұлттық мәдениетті жандандыру мәселелеріне қатысты болатын. 60-шы жылдардың ортасында және 80-шы жылдардың бірінші жартысында зиялы қауымнан құралатын оппозициялық топтың белгілі бір белсенділігі байқалды. Ол - өз кезегінде Орталықтағы зиялы қауымнан құралатын оппозициялық топтан бастау алатын көрініс еді.

Алайда, 1960 жылдардың ортасынан бастап бір жағынан қазақ халқының өзіндік мол табиғи өсімі, ал екінші жағынан орыстардың және басқа келімсектердің өз жеріне қайта бастауы, бұрынғы күшпен жасалған ара қатынасты біртіндеп өзгерте бастады. Сөзіміздің дәлелі, төмендегі 1-кестеде берілген.

Кесте 1 – Қазақ ССР ұлттық құрамының XX ғасырдың II жартысындағы өзгеру барысы (пайызбен)

Ұлттар	1959 жыл	1970 жыл	1979 жыл
Қазақтар	29,8	32,6	36,0
Орыстар	42,7	42,4	40,8
Украиндықтар	8,2	7,2	6,1
Немістер	7,2	6,6	6,1
Татарлар	2,1	2,2	2,1

Өзбектер	1,5	1,7	1,8
Ұйғырлар	0,6	0,9	1,0
Белорустар	1,2	1,5	1,2
Басқалар	6,7	4,9	4,9
Ескерту – кесте сілтеме жасалған дерек бойынша жасалды [1, с. 33]			

1-кестеден көріп отырғанымыздай, 1959 жылы республикадағы қазақтардың үлес салмағы 29,8%-ды құраса, ал 1979 жылғы санақта қазақтардың үлес салмағы 36,0%-ға көтерілген. Керісінше орыстардың үлес салмағы 42,7%-дан 40,8%-ға дейін төмендеген. 1970-1979 жылдардағы екі санақтың арасында қазақтардың саны біршама өскенімен, кейбір солтүстік облыстарда және Алматының өзінде небәрі 16,3%-ды құраған.

Кесте 2 - 1959, 1970, 1979 жылдардағы санақ бойынша жекелеген одақтық республикалардағы жергілікті халықтың үлес салмағы

Одақтық республикалар	1959 ж.	1970 ж.	1979 ж.
РСФСР	83,3	82,8	82,6
Украин ССР	75,3	74,9	73,6
Белорус ССР	81,1	81,0	79,4
Өзбек ССР	62,2	65,5	68,7
Қазақ ССР	30,0	32,6	36,0
Грузин ССР	64,3	66,8	68,8
Ескерту – Кесте сілтеме жасалған дерек бойынша жасалды [1, с. 37-40]			

2-ші кестеден байқағанымыздай, Одақтық республикалар арасында Қазақстандағы жергілікті ұлттың үлесі төменгі пайызды көрсетіп отыр. Қазақтардың өз елінде отырып азшылықты құрауы тарихтан белгілі саяси-шаруашылық науқандармен байланысты еді. Осындай демографиялық жағдайда елімізде ұлт мәселесін, әсіресе қазақ тілі, ділі, мәдениет мәселесін ушықтырмай ұстап тұру - қиынның қиыны екені белгілі.

XX ғасырдың 60-80 жылдары интернационализм түсінігі жаттанды идеологиялық құрсауда болды. Ұлт мәселелерінің бәрін тек интернационалдық тәрбиені жақсарту арқылы шешуге болады деп пайымдады [2, п. 4-7, п. 21-26, п. 42-45]. Міне, осыған байланысты интернационалдық тәрбие ұлт саясатының орнына жүрді, немесе оны бүтіндей алмастырды. Бұл жылдары ұлттық санадан гөрі кеңестік салт-сана көбірек дәріптелді, ұлт республикаларында тұратын халықтар мен ұлттардың дамуында орыс мәдениетінің рөлін асыра бағалау үдерісі жүрді. Ұлы орыс халқының арқасында (благодаря великому русскому народу)... деген ұрандар жиі қолданылды.

70-80-ші жылдары Қазақстанда ресми доктриналарға қарсы болған және билікпен ашық қақтығысқа келген диссиденттер - Махмет Құлмағамбетов пен Хасен Қожахметов болды. Махмет Құлмағамбетов 1962 жылы Қостанай облысының Рудный қаласында ұсталып, 58-ші бап бойынша 10 жылға сотталды. Өз жазасын М. Құлмағамбетов атақты құқық қорғаушылар Буковский, Синявский, Гафтпен бірге өтеді. Босағаннан кейін Сібірде газқұбыры құрылысында еңбек етіп, кейін шетелге қоныс аударды. 1983 жылы М. Құлмағамбетов әртүрлі құрылыстарда жазасын өтеушілердің еңбегін күшпен пайдалану мәселелері бойынша халықаралық тыңдауларда куәлік берді. Көп уақыт бойы «Азаттық» радиостанциясының Қазақ редакциясында жұмыс істеп, онда Кеңес үкіметі мен КОКП-ның экономикалық, әлеуметтік және ұлт саясатын сынға алды. Ұлт саясаты саласындағы деформация, Қазақстан мен КСРО территориясындағы өмір сүріп жатқан халықтарды ассимиляциялау мен «орыстандыру» әрекеттері республика азаматтарының ызасын тудырды. Алайда, өзінің наразылығын ашық түрде көрсетуге көптің батылы жете бермеді. Билік саясатына көңілі толмағанын ашық түрде білдірген Х. Қожахметов еді [3, с. 91, 92]. Хасен Қожахметов қала студенттерінің және таныстарының арасында Ресей отаршыларына қарсы, Қазақстанның тәуелсіздігі үшін күресу мақсатында, «Жас қазақ» атты ұйым құру туралы үгіт жүргізді. І.Жансүгіров ауылындағы музыка мектебін басқарып жүріп те, одан Алматы іргесіндегі Есік қаласына көшіп келген кезде де, консерваторияның студенті болған жылдарда да саяси-астыртын жұмыстан айныған емес. Бірақ, үміті ақталмады, ел қамын ойлайды деген ағалары Хасенді қауіпті іспен айналыс-пауға үгіттесе, ал консерваториядағы мұғалімдері одан «қазақ музыкасын қойып, авангардтық бағытта жазуды» талап етеді. «Егер ертеңгі күні ұлтым жойылатын болса, музыканы кім үшін жазбақпын, қаламақы үшін бе?!» деген ойға келген Хасен Қожахметов 1976 жылдың қаңтарында консерваториядағы оқуын тастап, саясатқа

біржола ден қойды. Жазған мақалаларын, үндеулерін Есік қаласынан Алматыға әкеліп таратады. Ақыры, 1977 жылы сәуірдің бір түнінде, студенттер арасындағы МҚК жансыздарының қолына түседі [4, б.7].

«Алматы ақшамы» газетінде жарияланған мақалада МҚК тергеу орындарының «Айыптау қорытындысынан» мынадай жолдар келтірілген: «Куәгер Жұмабек Шажабаетың түсінігінен: «Есік алдында темекі шегіп тұр едім, бір жігіт қараңғыдан мені жанына шақырып, «мына үнпарақтармен танысып шықшы, одан соң, керек десең, жігіттерге оқытарсың», - деді. Қағазын алып, басын шолып шықтым. Антисоветтік мағынада екен, арғы жағын оқымадым. Жалғыз өзімнің әлім келмейтін болған соң, жаңа ғана жанымыздан өткен Ерболат Алиядиновты қуып жетіп, «мұнда ұлтшылдық үнпарақ таратып бір кісі жүр, тезірек ұстайық» дедім. Ерболат келісе кетті» [5].

Қайсар Алаш арыстары А. Байтұрсынов, М. Дулатовтай арыстардан кейінгі ұзақ үнсіздіктен соң, «Қайран далам», «Интернационал және оны орыстардың қолдануы», «Тонау», «КСРО-дағы азаматтар бостандығы туралы шындық», «Ұлт мәселесінің тарихи шешімі», «Маса», «Одақ па, әлде отар ма?», «Оян қазақ, оян елім!» деп, ұйықтаған ойға түрткі салып, халық арасына жасырын түрде үнпарақ (листовка) таратқан қайраткер осы Хасен Қожахметов еді. Жазатайым айтқан сөзің үшін айдалып кете баратын кешегі қызыл империяның қылышынан қаны тамып тұрған жетпісінші жылдардың өзінде, сол тұста орда бұзар отызға да толмаған жас композитор жігіттің Мәскеу жүргізіп отырған отарлау саясаты, ата қоныста азшылыққа айналып, ана тілінен айрылып қалғанымыз, әскери өнеркәсіп алпауыттары әлегін аспаннан келтірген жеріміздің азып-тозуы, адам құқы, мемлекеттік тәуелсіздік, көші-қон сияқты мәселелер хақында қамын қаймықпай көтеруі жүрек жұтқандай батылдық емес пе?!

Сөйтіп, зоотехникалық-малдәрігерлік институтының үш жігіті Хасеннің қолын қайырып, МҚК-не телефон соқты. Сегіз айға созылған тергеуден кейін 27 жастағы жас азамат Қазақ КСР Қылмысты істер кодексінің 170-і бабы бойынша «Совет мемлекетінің қоғамдық құрылысына, КОКП-нің ұлт саясатына қасақана жала жапты» [4, б. 8-14] деген айыппен 2 жылға сотталып кете барды.

Сол кездің өзінде Хасен Қожахметов есімі Хельсинкидегі саяси тұтқындар тізіміне енген еді.

1977 жылы 1937 жыл көріністерінің бұлжымай қайталануын қараңызшы. Қазақтың қазақты жарыса жүріп ұстап беруі қайталанып тұратын тарихи дәстүр ме, әлде қанымызда бар «қасиет» пе?!

Жергілікті ұлтпен санаспай, елімізде неміс автономиясын құру идеясы қазақ ұлтын басынғанның айқын көрінісі еді. Қазақ жерінде неміс автономиясын құру жөніндегі Мәскеу шешімін Д.А. Қонаев орындауға міндетті болғаннан кейін автономия мәселесін реттеуге қол ұшын берді. Бірде-бір ресми құжатта Дінмұхаммед Ахметұлы бұған қарсы шықты деген сілтеме жоқ. Тарихшы-ғалым Ләйлә Ахметова өзінің «Патриотизм в ракурсе истории» атты еңбегінде: «Біраз уақыт бізге Димаш Ахметұлы келіскен сияқты болды, бірақ содан кейін оның пікірі өзгерді. Бұл шешімнің қазақ халқының ұлттық мүддесіне қарама-қайшы келетіндігіне назар аударған адамдармен кездескеннен кейін Д.А. Қонаев салиқалы, ғылыми ойы бар адам ретінде басқа шешім қабылдады. Және де ол тиісті арналар арқылы өзіне нұқсан келтірмейтін-дей неміс автономиясына қарсы сөз сөйлеуге, ұрандармен шығуға келісті. Әйтпесе, 1986 жылы либера-лизация дәуірінде полиция шоқпарларымен демонстранттарды ұрып-соғып, ұйымдастырушыларды іздеп, жазалап және тұтас халыққа ұлтшылдық айыбын таққанда, 1979 жылғы қатал тоталитарлық жүйе жағдайында демонстранттарға жасалған «жұмсақтықты» қалай түсінеміз?», [6] – деп ой толғаған еді.

Сонымен қатар қазақ халқының шығу тегін, ұлттық болмысының тарихи-географиялық сипатын, этникалық геногеографиясын, көшпенділер эстетикасын даралайтын синкретті мәдениеті терең зерделенген М.Ақынжановтың «Қазақ халқының шығуы және қалыптасуы» (1971), С. Ақатаевтың «Культ предков у казахов и его этногенетические и историко-культурные истоки» (кандидаттық диссертация) (1973), С.Мұқановтың «Халық мұрасы» (1974), О.Сүлейменовтың «АЗиЯ» (1975), О.Смағұловтың «Этническая геногеография» (1977), А. Сейдімбековтың «Күңгір-күңгір күмбездер. Сұлулық туралы сырлар» (1981) атты құнды еңбектері жарық көрді. Осы сипаттағы ғылыми мақсатты айқын әрі ұлттың тарихи санасына қозғау салар құнды зерттеулер мен танымдық маңызы зор еңбектер идеологиялық цензура тарапынан қысымға алынып отырды. Мысалы, С. Мұқановтың кітабы цензура сүзгісінен өту барысында көптеген қысқартуларға ұшыраса, Ә. Қоңыратбаевтың қазақ фольклорынан орта мектепке арналған оқулығы (1968), А. Машановтың «Әл-Фараби және бүгінгі ғылым» (1973) еңбектері шығарылмай тасталды. Ұлт тарихының тереңіне тамыр тартатын О. Сүлейменов, О. Смағұлов кітаптарына идеологиялық тыйым салынды. Атап айтқанда, «Үңіле оқысақ... («Игорь полкы туралы жырдағы» түркі тіл нұсқалары)» мақаласымен [7] орыс халқының атақты жырындағы түркі тілі нұсқа-ларына барлау жасап, кейіннен түркітануды әлемдік лингвистиканың күретамаырымен байланыстыра зерттеу, мәдениеттер тоғысуын көне тілдік дәнекерлер негізінде жаңаша көзқарас орнықтыруда маңызы зор. О. Сүлейменов еңбегі ОК қаулысына алынып: «Бүкілодақтық авторлық құқық агенттігінің шетелде аударылмасын деген тізімдегі

тыйым салынған бес кітаптың бірі – осы «АЗиЯ» еді» [8, б.5]. Ал О. Смағұловтың кітабы 1977 жылдың тамыз айы ішінде Орталық комитетінің тікелей бұйрығы бойынша отқа жағылып жіберілді. Ғалым МҚК бақылауына алынып, 15 жыл бойы ғылыми жұмыс істеуге кедергі жасалды [9]. Осы тұрғыдан келгенде қазақ халқының көне әдебиеті мен мәдениетін, тарихын зерттеу жолдары күрделі идеологиялық белестерден өткенін айқын танимыз. Саяси қысым әлеуметтік санаға серпін дарытып тарих тереңіне жетелейтін шығармашылық ізденістерді барынша тұсаулап отырғанымен ұлттық мәдениет пен өнердің сан ғасырлық шежіресі өз ізін қалдырған рухани құндылықтарды түрлі аспектіде зерделеген еңбектер оқырман қауымға жол тауып отырды. Атап айтқанда, А.Сейдімбековтың «Күңгір-күңгір күмбездер. Сұлулық туралы сырлар» [10] атты ғылыми-танымдық зерттеуінде байырғы қазақ мәдениеті мен синкретті өнерінің (сөз өнері, қол өнері, ән-күй өнері) көшпелілер эстетикасымен тамырласып жатқан табиғаты тарихи, археологиялық және этнографиялық құнды деректер негізінде қарастырған.

Қазақ интеллектуалдық ой иелері, жазушылар мен ғалымдар саяси тұсауланған заманда өзінің шығармашылығымен ұлттық идеяны насихаттау арқылы ұрпақтар сабақтастығын жалғастыруға бар күш-жігерін салды. Белгілі тарихшы Х.М. Әбжановтың пайымдауынша қуғын-сүргінмен жойылған саяси элитаның миссиясын енді социалистік идея аясына ұлттың эфемистік рухани әлемін сиғызған шығармашылық және ғылыми интеллигенция атқарды. Кеңестік оқу орындарының тәлім-тәрбиесінен өткен бұларды дұрыс жолдан адастырмаған құдірет – қазақы отбасында көрген үлгі-өнегесі, бабаларымыздың рухани-мәдени мұрасы. Эфемистік тілмен жазылған рухы биік шығармаларымен, лауазымды қызмет атқармай-ақ, қазақ баласын Ата тарихы мен салтын ұмытпауға тәрбиеледі, ділі мен қасиетін сақтап қалды, мәңгірттендіру саясатының жолындағы қамал-қорғанға айналды. Ел ішіндегі танымалдығы мен беделі делегаттық мандаты, депутаттық кітапшасы бар номенклатураның түсіне де кірмейтін. Қазақ ауылы «Қазақстан коммунисті» журналынан гөрі «Жұлдыз» бен «Жалынды» тағатсыз күтіп отыратын [11, б. 54].

70-ші жалдардың ортасындағы идеологияның қыспағына ұшыраған дарынды талант иесі ақын Мұқағали Мақатаев өз тағдырын күнделік дәптерінде жазып қалдырған. Өзінің жан күйзелісі жайында: «... Ақындық тағдырым, қарғыс атсын сені! Мені қоршаған орта, үш мәрте қарғыс атсын сені! Мен жаныммен, жүрегіммен берілген, сенген, жақсыдан үміт күткен орта. Өзімді төмендеткен, маған қайғы мен қиналыстан өзге ештеңе әкелмеген күндерді бастан өткізудемін (27 қаңтар 1974 жыл). Асылып өлмек те болдым, балаларымды қимадым. Бұл халге де жеткізді. Соншама не істеп қойдым бұларға? Себепсіз адам өлмейді. Бірақ біздің ел оған пысқырып та қарамайды. О, не деген қиын уақытта өмірге келгенбіз, бауырым... газетке ұсынған өлеңдерден хабар-ошар жоқ. Жарыққа шығара ма, жоқ па білмеймін» (10 ақпан, 1974 жыл) [12]. Осылайша толғанған ақын, талай баспалардың табалдырығын тоздырып, өмірден торыққанын ақындық сезімталдығымен ашына баяндайды. Сыншы-цензорлар жайында ол былай дейді: «қазіргі ұраншыл сыншылар көркем шығарманы шақпақтан ажырата алмайды. Олар үшін автордың өзі бірінші орында тұрады. Оның кім, қандай қызметте екеніне көңіл аударарды. Ал, ондай шатпақайлардың көлеңкесінде таланттар бірте-бірте сөне береді». Ақынның тоталитарлық жүйенің темір құрсауында бұлқынған жүрегі талантты талай туындылар әкелгенімен, оның көбі көзі тірісінде жарық көрмеді. «Қырағы» бақылаушылар өлеңдерінде халықтың көкейіне қозғау саларлық тегеурін бар екендігін дер кезінде байқап, баспаға жібермеді.

Мәскеу жоғары әдеби курсының түлегі, балалар әдебиетінің классигі, бала психологиясының керемет білгірі Бердібек Соқпақбаевтың да тағдыры өте аянышты еді. Бүкіл Кеңес әдебиетінің, соның ішінде қазақ кеңес әдебиетінің жалған бағыттағы жәдігөй әдебиет екенін, Республиканың республика емес, колония екенін ұққан жазушы Ташкент қаласында өткен Азия және Африка жазушыларының халықаралық конференциясында: «Бізді арнайы шақырыңыздар! Біздің айтатын уәжіміз бар. Біз отарланған елде өмір сүріп жатырмыз...», [13, п. 4] - деп сол заман үшін көзсіз ерлік көрсеткен. Сол-ақ екен Бердібек Соқпақбаев Мемлекеттік Қауіпсіздік комитетінің назарына ілігіп, бақылауға алынды. «Менің атым Қожа» повесі қысқартылған күйінде шығып, «Өлгендер қайтып келмейді» романынан кейін ұзақ уақыт үнсіз қалған жазушы: «...Түк те жазып жүрген жоқпын!.. Жазбайын демеймін, әрине! Жазғым-ақ келеді. Бірақ ақиқатты айттырмайды. Ал өтірікті жазғым келмейді!», [14, б. 157] – деп толғанды. Кейіннен Бердібек Соқпақбаев қала сыртындағы саяжайында жұмбақ жағдайда қайтыс болды.

Жылжыған уақыт талай нәрсені өз орнына қойып жатса да, көкірегін қызғаныш оты жайлағандар дарынды, біртума замандастарының соңына шырақ алып түскендерін қоймады. Сондай ниеттегілер Олжас Сүлейменовтың сол кездегі жазған кітаптары мен мақалаларын у-шуға айналдырып түртпектеуін қоймады. О. Сүлейменовтың «Адамға табын, жер енді!», «Арғымақтар», «Шапағатты шақ», «Қыш кітап», «Жағалауды айқындау» жинақтарының бірде-біреуі, қыркылмай, «жұлмаланбай» шыққан емес. Атақты «АЗиЯ» кітабының дауы әлемдік жанжалға айналғаны белгілі [15]. Қазақстан КП Орталық Комитетінің сол

кездегі хатшысы С. Имашевқа ақпараттық хабарламалар ғана емес, кейбір жазушылардың мінез-құлқы, жазғандары да ұнамады. Әсіресе тым еркін, тік мінез, бастықтар алдында кішірейе салуды білмейтін тәкәппар О. Сүлейменовтың Ермақты батыр қылып көрсетудің орнына, отаршыл, қанышпер қарақшы ретінде көрсеткен «ерлігін» С. Имашев кешірмеді. С. Имашевтің қара тізіміне ілігіп, қаһарына шалдыққанына қарамастан, О. Сүлейменов «ұлтшылдық рухында жазылған, орыстарға қарсы», «ұлттар достығына нұқсан келтіретін» «Қыш кітабын» жазды. Кітап тез таралып, кітапханаларда жинақты оқуға жұрт кезекке тұрып жатқандығына қарамастан, ОК жазушыны шетелге шығатын жастар делегациясының құрамынан бірнеше рет сызып тастаған [16, б. 48]. Осы жылдары Жазушылар Одағы басқармасының мәжіліс залында ОК-тің нұсқауымен І. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы талқыға түсті. Талқылауға қатысушылар романға жоғары баға бергенмен, ОК-тің мәдениет бөлімі әдебиетке жанашыр басшы болудың орнына, онсыз да өшіп бара жатқан тарихымызды жандандыруға сеп болатын романға кесірін тигізіп, бөгет жасап бақты.

ҚКП ОК-нің үгіт және насихат, мәдениет бөлімдері І. Есенберлиннің «Алмас қылыш» романын 4 ай бойы ұстап, шығартпауға тырысты. Сол кездегі ОК-тің бюро мүшелеріне деп жазған мәлімдеме қағазында мынадай идеологиялық қателіктер көрсетіліп, айыптар тағылған еді:

1 Романның негізгі ойы кітаптың аты («Алмаш қылыш») арқылы көрінеді. Қазақ халқы шығыстағы, батыс пен оңтүстіктегі көршілерінің арасында (Қытай, Русь, Алтын Орда, Көк Орда) жазық далада екі қыры, екі жүзі де өткір алмас қылыштай боп жатыр. Бұл жазықты жаулаушылар осы алмас қылышты Қазанға, орыс княздіктеріне қарсы шапқыншылық жорықтарына жұмсап, не қытайлықтардан қорғаныста пайдаланбақ. «Халық-семсер» образын бір халыққа теңеу, бір ұлтқа телу дұрыс емес. Халықты мұндай жат мақсатта пайдалану сол халықтың өзіне зиянын, кесірін тигізеді.

2 Өткенге марксистік-лениндік тұрғыдан баға берген кезде сол оқиғаларға тарихи көзқарас пен нақтылық тұрғысынан келіп, тарихи болашақ міндетімен ұштастырған жөн. XV ғасыр дәуіріне партия-лық, таптық көзқарас тұрғысынан қарап, халықтың тарихи тағдырын, болашағын, алдағы прогресс кезеңін болжап, осы тұрғыдан бейнелеу керек еді. Бірақ романды XX ғасырдың коммунист-жазушысы емес, XV ғасырдағы хан сарайының шежіре көшірушісі жазып отыр ма деп ойлайсың. Романда хан, сұлтандардың шығу тегі, олардың жеке өмірі, сарайдағы шиеленістер, қастық-қастандық әрекеттер тәптіштеп суреттеледі. Халық өмірі кітапта нақты бейнеленбеген. Автор Жәнібек, Қасым хандарды дәріптеп, асыра мақтау арқылы оларды қазақ руларын біріктіріп, жеке хандыққа жеткізу үшін күрескен прогрессшіл тұлғалар етіп көрсетеді.

3 Қазақ рулары мен тайпаларының халық болып бірігуі үшін, ұлт болып қалыптасып, мемлекет құруы үшін жеке хандардың еркі, мақсат-мүддесі, әрекеті емес, экономикалық, әлеуметтік, саяси шарттар қажет еді. Ал хандар жеке бөлініп шығуға әрекеттенгенде, халықтың мүддесі үшін емес, Шыңғыс тұқымының арасындағы тартыс-таласта билікке жетіп, халықты қанау үшін күресті. Автор Жәнібек пен Қасымды дәріптеп, оларды ұлтты қалыптастыруда үлкен рөл атқарған прогрессшіл қайраткер ретінде бейнелеп, тарихи шындықты бұрмалауға барған.

4 Кітаптағы баяндауларда арғы аталардың, хандар мен батырлардың ұлылығы, халықтың әдет-ғұрпы, салты, дәстүрі көп баяндалады. Қазақтардың Египет, Иран, Қырым, Русь, Қытай тарихтарына араласуы баяндалып, басқа халықтарды кеміткен пікірлер айтылып, оларға қарағанда қазақтардың артықшылығы көрсетіліп, қарсы қойылады.

5 Автор барлық қазақ рулары мен тайпаларын біріктіру идеясын уағыздай отырып, руларды алалап, бірінің рөлін арттырса, екіншісінің рөлін кемітіп отырады. Халықты біріктіру жолында табанды күрес жүргізуші тек Ұлы жүз рулары ғана болып, басқаларының рөлі кемітіліп, тіпті бұл бағытқа қарсы шығады. Әсіресе, батыс қазақтарын менсінбей, кемітіп көрсететін тұстары бар [16, б. 72-73].

Бұл ескертпелердің бәрін Есенберлиннің түзетуі мүмкін емес еді. Бадырайып көзге көрініп тұрған кейбір болымсыз кемшіліктерді түзеген болып, қолжазбаға ұсақ-түйек өзгерістер енгізіп, қайта тапсырды. Кітаптың бүкіл идеясын, концепциясын өзгерту мүмкін емес, ол үшін кітапты қайтадан жазып шығу керек еді. Жазушы оған көнбеді. Әйтеуір, дауласып, арызданып жүріп, жарты жыдан кейін «Алмас қылышты» эзер шығарды. Сонда да артынан сөз ілесе жүрді. Кітапқа түзету енгізбепті, қағаздың жақсысын алыпты, полиграфиялық басылымы сәнді, түрлі-түсті бояуы мол екен, бұған дейін Қазақстанда ешбір кітап бұлай көп тиражбен шықпап еді, қаламақысы да тым артық екен деген сөздер болды.

Сол кезде жарияланған «Қазақстанның ежелгі мәдениеті» (1966), «Қазақтардың көшпелі қоғамы» (1971), «Ежелгі Отырар» (1972), «Орта жүз қазақтарының этникалық құрамы және орналасуы» (1974), «Қазақстанның этникалық геногеографиясы» (1982), «Көшпелі қоғам» (1984) атты кітаптар кеңестік жүйенің идеологиялық сынауына ұшырады.

Әдебиет пен өнер қайраткерлері «социалистік реализм» заңын ұстануға, жүйенің идеологиялық құндылықтарын дәріптеуге тиіс болған. Жүйе ұлттық идеяларды жаншып басып отырды. Алайда рухани жандану, қазақ мәдениеті мен ғылымындағы, әдебиет пен өнердегі гүлдену ұлттық сана-сезімнің өсуіне әсер етті. Музыкада Шәмші Қалдаяқовтың әндері, бірінші қазақ эстрадалық ансамбльдері «Дос-Мұқасан», «Айгүл» және т.б. шабыттандырды. Әдебиетте екі тыйым салынған кітап - Олжас Сүлейменовтың «Аз и Я» және Мұрат Әуезовтың редакциялығымен шыққан «Көшпенділер және эстетика» туындылары болды. «Аз и Я» жарық көруге үлгеріп, бірінші тиражы оқырмандар қолына тиді. Ал «Көшпенділер мен эстетиканың» тиражы бірден «тұтқындалып» жойылды, ал Мұрат Әуезов жұмыссыз қалды... [17, б. 246].

Ұлт мәселесіндегі кеңестік жүйенің ұстанған саясаты патшалық Ресей империясының заңды жалғасы болды. Орыс емес халықтардың, әсіресе қазақ халқының тарихи жадын қалпына келтіргісі келген кез келген әрекет тұншықтырылып отырды.

«Қазақфильм» киностудиясының тарихи туындыларында ұлттық ерекшеліктерді көрсету тенденциясы жүйенің идеологиялық қоршауына алынды. «Қыз-Жібек», «Атаманның ақыры» және тағы басқа киноленталар кеңестік идеологтарға ұнамады. Онда олар «тарихи шындықты бұрмалады, көшпелі өмір салтының күнделікті өмірі көрерменге керемет етіп көрсету элементтері бар, нәтижесінде қазақтардың революцияға дейінгі өмірі еркін, бай және ауқатты болып көрінеді», - деп атап көрсетті.

1968 жылы әйгілі режиссер Сұлтанбек Қожықов «Қыз Жібек» көркем фильмін түсірді. Осы кинофильмге арналып жазылған 20 шақты өлеңнің 4-і ғана алынып, Мәскеу фильмді қатты қысқартқандықтан, шығармашылық топтың көп еңбегі зая кеткен. «Қыз Жібектің» алдында Мәскеу «Құлагер» көркем фильмін біржолата өткізбей тастады. Ешбір идеологиялық негізі жоқ осындай туындыларға тыйым салу арқылы, басқа туындыларға ескерту жасады. Әр ұлттың қандай өнерді бейнелеу мен тамашалау керектігіне дейін Орталық шешіп, осылайша ұлттық шовинизмнің айқын көрінісі айқындалды.

Басылым беттерінде ұлттық тарих пен халықтың дәстүрі туралы мәліметтердің жарияланып кетпеуін жүйе алдын алып отырды. Осылайша, «Жұлдыз», «Мәдениет және искусство», «Қазақстан әйелдері», әсіресе «Білім және еңбек» атты қазақ журналдары сынға алынды. Онда байлардың, билердің, сұлтан-дардың, феодалдардың, сарай ақындарының нақыл сөздері жарияланған еді [18, с. 281].

Талқылау

70-ші жылдары «халықтар достығы» атты коммунистік ұранның астарында империялық идеология жанданды. Орыс тілі іс қағаздарға жаңа күшпен ендіріле бастады. 1978 жылдың 31 тамызында КОКП ОК Саяси Бюросы «Одақтық республикалардағы орыс тілін оқыту жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» арнайы қаулы шығарды. Енді бұл қаулыға сәйкес, одақтық республикалардың ағарту министрліктеріне оқу орындарында сағаттарды қайта бөлу есебінен орыс емес ұлттар үшін орыс тілін тереңдетіп оқытуға рұқсат берілді [18, с. 294]. Осылайша, қостілділік принципі іс жүзінде бұзылып, ұлт республикаларында ана тіліне берілген сағаттарды қысқарту есебінен орыс тілін дамытуға жағдай жасалды.

13. Сабыргалиева Н.Б. *Духовно-просветительская деятельность деятелей традиционного ислама Западного Казахстана во второй половине XIX-начало XX вв., Дисс.на соиск.PhD.* - Алматы, 2022. - 244 с.

14. Hroch Miroslav. *Die Vorkämpfer der nationalen Bewegung bei den Kleinen Völkern Europa. Eine vergleichende Analyse zur gesellschaftlichen Entwicklung der patriotischen Gruppen.* – Praha, 1968
15. НА РТ. ф.969. оп.1. д.44. Катанов Н.Ф. «Новые взгляды на школы инородцев. Что такое медресе?» Газета «Кояш» №703, Л. 59.
16. НА РТ. Ф.1. Оп.4, Д.5482, Л. 128-129 об.
17. НА РТ.Ф.969. Оп.1. Д.43, Катанов Н.Ф. Статьи выписанные из газет «О мектебе, медресе и других школах». 23.01.1916. Л.59.
18. НА РТ. Ф.969. Оп.1. Д.44, Катанов Н.Ф. «О наших медресе». Газета «Кояш» №697,8,9,3
19. НА РТ.Ф. 92. Оп.2. Д.14853, Л.121-122

References:

1. Landa R.G. *Islam v istorii Rossii.* – Moskva, 1995. – 312 s.
2. Арапов Д. У. *Sistema gosudarstvennogo regulirovaniye isslama v Rossiiskoi imperii (posledya tret XVIII – nachalo XX).* – Moskva, 2004. – 288 s.
3. Vorobyeva Y.I. *Mussulmsnaskii vopros v imperskoi politike Rossiiskogo samoderzhaviya: vtoraya polovina XIX veka - 1917 god.* Avt.kand.diss. – Saint-Petersburg, 1998. – 28 s.
4. Senyutkina O.N. *Rossiskaya imperskaya vlast I musulmane na rubezhe XIX – XX vv.* -Moskva, 2019. – 158 s.
5. Senyutkina O.N. *K voprosu ob istokakh tyurkizma. Izvestiya samarskogo naichnogo tsentra Rossiiskoi akademii nauk, t.7, №2, 2005.* – 302 s.
6. Benigsen A. *Musulmane v SSSR.* – Paris, 1983.- 90 s.
7. Iskhakov S.M. *Pervaya russkaya revolyutsiya I musulmane Rossiiskoi imperii.* – Moskva, 2007. – 400 s.
8. Tolepbergeni Zh.T. *Musulmanskoye dvizheniye v Zapadnom Kazakhstane I Iyuzhnom Urale: ossobennosti I tendentsii vzaimodeistviye (konets XIX – nachalo XX vv.).* Avt.kand.diss. – Aktobe, 2010. – 32 s.
9. Sultangaliyeva G.S *Istoriya Aktubinskogo uezda (1869-1917).*-Aktobe,2005.-230 s
10. Kупenova G.Y *Rossiiskaya ethnopolitika vtoroi poloviny XIX veka (na materialach Orenburgskogo uchebnogo okruga).*- Aktobe,2018. – 371 s
11. Adeeb Khalid. *The politics of muslim kultural reform. Jadidism in Central Asia.* University of Kalifornia Press. – London, 1998.- 355 p.
12. Senyutkina O.N. *Djadidizm kak chast rossiiskogo islamskogo disskursa (sovremenniye isstoriograficheskiye otsenke).* Nauchnyy journal «Islamovedeniye ». 2018, T.9, №2, 15-29 s.
13. Sabyrgaliyeva N.B. *Dukhovno-prosvetitel'skaya deyatel'nost' deyateli traditsionnogo islama Zapadnogo Kazakhstana vo vtoroi polovine XIX-nachalo XX vv.,* Diss.na soisk.PhD. – Almaty, 2022. - 244 s.
14. Hroch Miroslav. *Die Vorkämpfer der nationalen Bewegung bei den Kleinen Völkern Europa. Eine vergleichende Analyse zur gesellschaftlichen Entwicklung der patriotischen Gruppen.* – Praha, 1968
15. НА РТ. ф.969. оп.1. д.44, Катанов Н.Ф. «Новые взгляды на школы инородцев. Что такое медресе?» Газета «Кояш» №703, Л. 59.
16. НА РТ. Ф.1. Оп.4. Д.5482, Л. 128-129 об.
17. НА РТ.Ф.969. Оп.1. Д.43, Катанов Н.Ф. Статьи выписанные из газет «О мектебе, медресе I drugikh shkolakh». 23.01.1916. Л.59.
18. НА РТ. Ф.969. Оп.1. Д.44, Катанов Н.Ф. «О наших медресе». Газета «Кояш» №697,8,9,3
19. НА РТ.Ф. 92. Оп.2. Д.14853, Л.121-122.

А.Ш. Махаева*¹

¹тарих ғылымдарының докторы, профессор
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан
E-mail: ait965@mail.ru, <https://doi.org/0000-0001-7169-5020>

АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ-ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМ – ҚАЗАҚ КОМИТЕТТЕРІН ҚҰРУДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ ТАРИХЫНАН

Аңдатпа

Мақалада Алаш зиялыларының ұлттық-қоғамдық ұйым – Қазақ комитеттерін құрудағы қызметінің тарихы қарастырылады. Қазақ комитеттері Алаш қозғалысы аясында 1917 жылы Фераль революциясынан кейін құрылып, Азамат соғысы басталғанға дейін өз қызметін жалғастырды. Қазақ комитеттері қысқа уақыт өмір сүргеніне қарамастан, XX ғасырдың басындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінде маңызды рөл атқарды. Қазақ комитеттері XX ғасырдың басындағы Алаш зиялыларының қоғамдық-саяси қызметінің жемісі болып табылады. Сонымен қатар, Қазақ комитеттерінің қызметі Алаш қайраткерлерінің іскерлігінің, жоғары саяси сауаттылығының, ұйымдастырушылық қабілетінің көрсеткіші болып табылады. Ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін қазақ комитеттерін құру Қазақстандағы ұлттық-мемлекеттік құрылым мәселесін шешудің алғашқы нақты әрекеті болды. Дереккөзі ретінде архив құжаттары, сол тұстағы «Қазақ», «Бірлік туы», «Сарыарқа» секілді мерзімді баспасөз материалдары, сондай-ақ Қазақ комитеттерінің қызметіне қатысқан, Кеңестік билік жылдары қуғын-сүргінге ұшыраған ұлт зиялыларының еңбектері пайдаланылды. Сонымен қатар алаш зиялыларының ұлттық-қоғамдық ұйым – қазақ комитеттерін құрудағы қызметі тарихына қатысты деректер жан – жақты талданған. Автор қазақ халқының зиялы қауымының қазақ елі үшін қызметін қазақ комитеттері арқылы саралаған.

Кілт сөздер: Алаш қозғалысы, Алаш қайраткерлері, қоғамдық ұйымдар, Қазақ комитеттері, ұлттық мүдде, халық билігі.

Мақала Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының «20 ғасырдың 20-50 жылдарындағы Қазақстандағы жаппай саяси қуғын-сүргін және оңалту процестері: бірыңғай деректер базасын құру» жобасы аясында дайындалған.

Махаева А.Ш.*¹

¹доктор исторических наук, профессор Института истории и права КазНПУ им. Абая,
г. Алматы, Казахстан
E-mail: ait965@mail.ru

ИЗ ИСТОРИИ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ АЛАШСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ В СОЗДАНИИ НАЦИОНАЛЬНО-ОБЩЕСТВЕННОЙ ОРГАНИЗАЦИИ – КАЗАХСКИХ КОМИТЕТОВ

Аннотация

В статье рассматривается история деятельности Алашской интеллигенции в создании национально-общественной организации – Казахских комитетов. Казахские комитеты образовались в рамках Алашского движения после Феральской революции, в 1917 г. и продолжали свою деятельность до начала Гражданской войны. Несмотря на краткий промежуток времени существования Казахские комитеты играли значительную роль в общественно-политической жизни Казахстана начала XX века. Казахские комитеты являются плодом общественно-политической деятельности Алашской интеллигенции начала XX века. Кроме того, деятельность Казахских комитетов является показателем умения, высокой политической грамотности, организационных способностей Алашских деятелей. Создание Казахских комитетов после Февральской буржуазно-демократической революции стало первой реальной попыткой решения вопроса национально-государственного устройства в Казахстане.

В качестве источника использованы архивные документы, материалы периодической печати того времени как «Казак», «Бирлик туы», «Сарыарқа», а так же труды национальной интеллигенции,

участвовавшей в деятельности Казахских комитетов, подвергшихся репрессии в годы Советской власти. Также всесторонне проанализированы данные, касающиеся истории деятельности алашской интеллигенции в создании казахских комитетов-национально – общественных организаций. Автор проанализировал деятельность интеллигенции казахского народа для казахской страны через казахские комитеты.

Ключевые слова: Алашское движение, деятели Алаш, общественная организация, Казахские комитеты, национальный интерес, народная власть.

Статья подготовлена в рамках научного проекта Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова «Массовые политические репрессии в Казахстане в 20-30-х гг. XX века и процессы реабилитации: создание единой базы данных».

*Makhaeva A.Sh. *¹*

¹doctor of historical sciences, associate professor KazNPU named after Abai, Almaty, Kazakhstan

E-mail:ait965@mail.ru

FROM THE HISTORY OF THE ACTIVITY OF THE ALASH INTELLIGENTSIA IN THE CREATION OF A NATIONAL PUBLIC ORGANIZATION – THE KAZAKH COMMITTEES

Abstract

The article examines the history of the activity of the Alash intelligentsia in the formation of a national public organization - the Kazakh Committees. Kazakh committees were formed within the framework of the Alash movement after the Ferala Revolution, in 1917, and continued their activities until the outbreak of the Civil War. Despite the short period of existence, Kazakh committees played a significant role in the socio-political life of Kazakhstan at the beginning of the twentieth century. Kazakh committees are the fruit of the socio-political activity of the Alash intelligentsia of the early XX century. In addition, the activity of Kazakh committees is an indicator of the ability, high political literacy, organizational abilities of Alash figures. The creation of the Kazakh Committees after the February bourgeois-democratic Revolution was the first real attempt to solve the issue of the national state structure in Kazakhstan. Many of the national intelligentsia were repressed during the Soviet period for their participation in the Alash movement.

Archival documents, materials of the periodical press of that time as «Kazakh», «Birlik Tuy», «Saryarka», etc., as well as the works of the national intelligentsia who participated in the activities of the Kazakh committees that were subjected to repression during the Soviet era were used as a source. In addition, the data on the history of the activities of the Alash intelligentsia in the creation of national public organizations-Kazakh committees are analyzed in detail. The author analyzed the activities of the intelligentsia of the Kazakh people for the Kazakh country through the Kazakh committees.

Keywords: Alash movement, Alash figures, public organization, Kazakh committees, national interest, people's power.

The article was prepared as part of a scientific project of the Institute of History and ethnology named after Ch.Ch.Valikhanov «Mass political repressions in Kazakhstan in the 20-30s. 20th century and rehabilitation processes: creation of a unified database».

Кіріспе. Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К. Тоқаев 2020 жылы 24 қарашада саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия құру туралы Жарлыққа қол қойғаны белгілі (Саяси, 2020. 24 қараша). Аталған мемлекеттік комиссияның алдына кеңестік кезеңдегі саяси қуғын-сүргін құрбандарының барлық санаттарына қатысты тарихи әділеттілікті толық қалпына келтіру басты міндеттің бірі ретінде қойылды. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия материалдарға жан-жақты әрі кешенді зерделеу жүргізгеннен кейін, халықаралық тәсілдер мен стандарттар негізінде толықтай заңды, ал жекелеген санаттарға қатысты қуғын-сүргін құрбандарын саяси ақтауды жоспарлап отыр.

Тарихи әділдікті қалпына келтіру, саяси қуғын-сүргін құрбандарын заңдық және саяси тұрғыдан ақтау мақсатында құрылған комиссия жұмысы тарихты қайта бағалауда үлкен игілікті іс болатыны анық. Мемлекет тарапынан жасалған мұндай қадамдар Қазақстан тарихының мазмұнына жан-жақты көңіл бөлуге ықпалын тигізіп, жаңа серпін береді.

Өткен тарихымызды шынайы тұрғыдан жазуда Алаш қайраткерлерінің мұраларын объективті тұрғыдан зерделеп, тиісті бағасын беру қазіргі тарих ғылымының басты міндеттерінің бірі болып

табылады. Әсіресе, XX ғасырдың басындағы Алаш қозғалысының барысында бой көтерген ұлттық қоғамдық ұйымдар – Қазақ комитеттерінің тарихы елеулі маңызға ие. Себебі, елімізде тұңғыш рет құрылып, аз уақыт болса да елеулі қызмет атқарған Қазақ комитеттері Алаш қайраткерлерінің ерен еңбектерінің, мол мұрасының жемісі іспетес. Қазақ комитеттерінің тарихы Алаш қозғалысы тарихымен тығыз байланысты.

Алаш қайраткерлері егеменді ұлттық мемлекет құруды басты мақсат етіп қойды. Осы жолда халықты саяси жағынан ұйымдасуға, бірлесіп әрекет ете отырып, өз мүддесін қорғауға дайындауда қоғамдық негіздегі алғашқы ұлттық ұйымдарды – Қазақ комитеттерінің қызметін жолға қоя білді.

Қазақ комитеттері Алаш зиялыларының XX ғасырдың басындағы қоғамдық-саяси қызметінің басты жемісі. Сонымен бірге Қазақ комитеттері қызметі Алаш қайраткерлерінің іскерлігінің, жоғары саяси сауаттылығының, ұйымдастырушылық қабілет-қарымының көрсеткіші.

Алаш қайраткерлері әлеуметтік-экономикалық жағдайдың қиындығы мен күрделілігіне, уақыттың тығыздығына, қатарының аздығына қарамастан, қазақ жерінде өзіндік Жарғысы (устав) бар, сол жарғыға сәйкес басқарушы аппараты, яғни төрағасы мен мүшелері сайланған, құрылым деңгейіне қарай (облыстық, уездік) съезге есеп беріп тұратын басқарушы органы жасақталған, қажетті қаржысы жинақталған, үкіметтік емес, бірақ қазақ халқының мүддесін қорғаған және өз міндеттерін Жарғыға сәйкес атқарған Қазақ комитеттерінің – қоғамдық негіздегі ұлттық ұйымның құрылымын жасады. Бұл қоғамдық ұлттық ұйымның жоғары жетекші органы съездер болды.

Қазақ комитеттері қазақ зиялыларының бастамасымен сол кездегі Орал, Жетісу, Ақмола, Семей облыстарында және Түркістан өлкесінің Сырдария, Ферғана облыстарында құрылды. Қазақ комитеттері азаматтық қоғамның институты ретінде көрінді. Әлеуметтік маңызды мәселелерді талқылауда ұлттық мүддені қорғаған Қазақ комитеттерінің төрағалары мен мүшелері ұйымның жұмысын ерікті түрде атқарды.

Алаш қайраткерлерінің осы ерікті түрде ұлт азаттығы жолында Қазақ комитеттерінде атқарған қызметі Кеңестік кезеңде саяси қуғын-сүргінге, қудалауға ұшырауына байланысты жан-жақты зертте-лінбеді. Қазақ комитеттеріндегі ұлт зиялыларының қызметі тарихы тек тәуелсіздік алғаннан кейін ғана ғылыми тұрғыдан зерттеу объектісіне айнала бастады.

Қазақстанның әлем қауымдастығы қатарынан егемен ел ретінде өз орнын тауып, тәуелсіздік туын тіккен осы бір өзгерістер заманында еліміздің кешегі тарихына деген көзқарас та мүлдем жаңа сипатқа ие болды. Оның бір көрінісі – осы уақытқа дейін бұрмаланып, ақиқаты айтылмаған немесе бір жақты қаралған тарихи құбылыстарды қайта ой елегінен өткізіп, оларға объективті баға беруге деген талпыныс. Қазақ елінің саяси даму жолында өзіндік орны бар қоғамдық ұйым – Қазақ комитеттері де соңғы жылдарға шейін тарихи шындық тұрғысынан зерттелмей, көп бұрмаланушылыққа ұшыраған тақырып болып табылады.

1917 жылы Ақпан төңкерісі патша өкіметін құлатып, Ресейде ерекше саяси жүйені тудырды. Орталықта қос өкімет – Уақытша үкімет пен Кеңестерді, ал жер-жерлерде биікке ұмтылған сан алуан одақтар мен қауымдастықтарды, ұйымдарды дүниеге әкелді. Заман өзгерісі алға тосқан жаңа міндеттерді шешу қажеттілігі ұлттық қоғамдық ұйым – Қазақ комитеттерін де осы мезгілде өмірге алып келген еді.

Қазақ комитеттері – Уақытша үкіметтің саяси жүйесінде қазақ елінің ұлттық мүддесін білдіру және қорғау мақсатында пайда болған демократиялық бағыттағы қоғамдық ұйым. Қазақ комитеттерінің пайда болу негізі мен құрылымдық сипаты, алға қойған міндеттері мен сол міндеттерді іске асыруда атқарған қызметі, тарихта алар орны арнайы зерттелуді қажет етеді, сондай-ақ бұл зерттеу қазақ халқының сол бір аласапыран кезеңдегі саяси өмірінің қырлары мен сырларын терең түсінуге мүмкіндік береді.

Кеңестік тарихтану ғылымында Қазақ комитеттері сияқты ұлттық ұйымдарға бір жақты, яғни Уақытша үкіметтің «қолшоқпары» болды деген баға беріліп келді. Ақпан төңкерісінен кейін Ресейдің барлық ұлттық аймақтарында бой көтерген украин, башқұрт, түрікмен, ұйғыр-дүнген, татарлардың т.б. ұлттық қоғамдық ұйымдарының бір сапында тұрған Қазақ комитеттерін құрған зиялылар ұлттық азаттыққа, дербестікке қол созып, отарлық езгіден құтылып, өз ұлтын өркениетті елдердің қатарына қосуға асықты, сол үшін қызмет етті. Қазақ комитеттерінің басы-қасында болып, оның жұмысының жанданып кетуіне аянбай еңбек еткен, көшбасшы болған қазақ оқығандары, ұлт зиялылары – Алаш қайраткерлері еді. Олардың Қазақ комитеттері құрамындағы қызметі елді отарлық тәуелділіктен алып шығу әрекетін жасаған әлеуметтік күштің қазақ қоғамында болғандығын айғақтайды.

Қазақ комитеттері қызметіне қатысты алғашқы ой-пікірлер Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, И.Әлімбаев, С.Қожанов сияқты Алаш қозғалысы қайраткерлерінің қазақ қоғамының жағдайын сипаттайтын саяси-әлеуметтік тақырыптарға жазылған мақалаларында және ұлттық мерзімді баспасөздерде бас мақала ретінде

берілген материалдарда кездеседі. Бұл еңбектерде Қазақ комитеттері ұлттық мүдде тұрғысынан сипатталады.

Қазақ комитеттері кеңестік кезеңде арнайы зерттелмеген тақырып. Бірақ Қазақ комитеттеріне берілген сипаттамалар 1917 жылғы Ақпан мен Қазан төңкерістерінің жеңісін, Кеңестердің тарихын, социализм жетістіктерін баяндайтын мемуарлық, ғылыми және қолжазбалық еңбектерде көрініс тапты. Кеңес дәуірінде Қазақ комитеттерінің құрылуы, атқарған қызметі жайлы алғаш қалам тартқандар – осы ұйымның жұмысына тікелей араласқан Қ. Кемеңгерұлы, С. Сейфуллин және т.б. болды.

Қ.Кемеңгерұлы «Қазақ тарихынан» деген еңбегінде Ақпан төңкерісі мен Қазан төңкерісі аралығындағы қазақ қоғамының саяси өзгерістеріне тоқтала келіп, осы тұстағы Қазақ комитеттері қызметін де қысқаша сипаттап өтеді [1, 57-60-б.]. Бұл сипаттама автордың Қазақ комитеттерінің жетістіктерін емес, кемшіліктерін ғана баса көрсетуге, сөйтіп кеңестік саясаттың партиялық талабы тұрғысынан көрінуге тырысқанын аңғартады.

С.Сейфуллин өзінің «Тар жол, тайғақ кешу» атты тарихи мемуарлық романын алғаш жиырмасыншы жылдардың бірінші жартысында «Қызыл Қазақстан» журналында жариялайды. Ал 1927 жылы ол бұл еңбегін жеке кітап етіп бастырды [2]. Автор Кеңес өкіметі жолында күресушілердің бейнесін сомдауды алдына бірінші мақсат етіп қойғанымен, Қазақ комитеттері туралы да маңызды мәліметтер береді. Өз көзімен көріп, басынан кешірген 1916-1918 жылдардағы оқиғаларды суреттей келе С.Сейфуллин Ақпан төңкерісінен кейін «Ақмола уезінің қазақтарының соты да, милициясы да, үкіметі де уездік Қазақ комитеті болды» [2, 52-б.], – деп жазды. Алайда Қазақ комитеттерінің Қазан төңкерісі қарсаңындағы қызметіне, басқа ұйымдармен ара қатынасына келгенде, оны бұрынша рөлін төмендетіп, контрреволю-циялық ұйым ретінде сипаттайды. Қазақ комитеттеріне берілген мұндай баға С.Сейфуллиннің өмірбаяны әдеби және қоғамдық-саяси қызметі жөнінде жазған авторларға да тән екендігін айтып өткен жөн. С.Сейфуллиннің еңбегі 1917 жылғы саяси құрылымдардың ара жігін ашып көрсетуімен құнды.

20-30 жылдардағы зерттеушілер қазақ зиялыларының Ақпан төңкерісінен кейін Уақытша үкімет тұсындағы қызметін, жалпы осы кезеңдегі саяси-әлеуметтік ахуалды сөз еткенде, көбіне «Алаш» партиясы мен Алашорда үкіметі қызметіне тоқталып, Қазақ комитеттерін айналып өте шығады.

20-30 жылдары саяси және ғылыми әдебиетте Алаш қозғалысы деген ұғым қалыптасты. Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы қайраткерлеріне қарсы алғашқы саяси айыптау процестері де дәл осы жылдары басталып, олардың бәрі дерлік түрлі мерзімге абақтыға жабылды, жер аударылды. Бұл саяси процестердің салқыны Алаш қозғалысына қатысты жазылған зерттеулерге өз әсерін тигізбей қоймады. Қоғам өмірінің барлық жақтарын, соның ішінде тарих ғылымында барынша саясаттандарудың күшеюі Алаш қозғалысы туралы шындықты айтқызбай, ұлт зиялыларын қаралаған «саяси жарлықтарға жабу боларлық ғылыми әдебиеттерді талап етті» [3, 74].

Осы кезден бастап Алашорда «буржуазиялық-кулақтық үкімет» ретінде сипаттала бастады. Оның ұлттық, реакциялық сипатының дәлелі ретінде Азамат соғысы кезінде антибольшевиктік күштермен одақ құруы алға тартылды [4, с. 9].

Қазақ интеллигенциясына қарсы жаппай репрессиялау саясаты, содан соң тоталитарлық идеологияның кең қанат жаюы 30-жылдардың ортасынан 80-жылдардың соңына дейін Алаш қозғалысы тақырыбына байланысты арнайы зерттеу жүргізуге мүмкіндік бермеді. Осыған орай, Қазақ комитеттері де арнайы зерттеуден тыс қалды. Солай десек те, Қазақ комитеттері туралы мағлұматтар 1917-1918 жылдар аралығын қамтитын әдебиеттерде негізгі мәселеге жанама сюжет ретінде кездесіп отырады. Зерттеушілер Қазақ комитеттеріне «буржуазиялық» мазмұн беріп, олардың пайда болуын және мақсатын «үстем тап өкілдерінің билікке ұмтылуы» деп түсіндіріп, мәселеге «таптық», «партиялық» тұрғысынан қарады. Тарихты идеология құралына айналдырған заманның талабы ғалымдарға Қазақ комитеттері жайлы шындықты айтқызбады.

Соңғы уақытта қоғамдық ұйымдар тарихын зерттеп жүрген Ресей ғалымдары да Ақпан төңкерісінен кейін жер-жерлерде қос өкімет емес, көп өкімет болғандығын қуаттап отыр [6, 52].

Дегенмен, кейбір ғылыми еңбектерде Қазақ комитеттерін басқа ұйымдармен шатастыру, сондай-ақ Қазақ комитеттері мен «Алаш» партиясы комитеттерінің жігін ажыратпай, екеуін бір ұйым деп ұғушылық кездеседі.

Соңғы жылдары тарих ғылымында жасалып жатқан игі қадамдар Алаш қозғалысын жаңа көзқарас, ұлттық мүдде тұрғысынан зерттеуге жол ашты. XX ғасыр басындағы ұлттық азаттық үшін күресте көтерілген жаңа толқын – ұлттық интеллигенцияның әлеуметтік-саяси қызметі, қоғамдық-саяси көзқарасы қазақстандық қоғамтанушы ғалымдар еңбегінде жаңа сипатқа ие болуда. Осындай жаңа бағыттағы ғылыми зерттеулердің жазылуына жазықсыз репрессияланған немесе амалсыз эмиграцияға кеткен Алаш

қайраткерлерінің шығармаларын жинақтап, қайта бастырып, көпшілікке кеңінен таныстыру сияқты игі істердің өз септігін тигізіп отырғаны сөзсіз. Мысалы, қазақтың ірі саяси қайраткері М.Шоқайдың шет елдерде сонау 1936-1937 жылдары-ақ белгілі болған, ал өз еліне араға талай жыл салып жеткен «1917 жыл естеліктерінен үзінділер» атты еңбегі [7,106-182]. Түркістандағы Алаш қозғалысын, әсіресе ұлттық ұйымдар тарихын тарихи контексте терең түсінуге көмектеседі.

Күрделі ізденістердің нәтижесінде Қазақ комитеттері жайлы жаңа ғылыми тұжырымдар айтылған еңбектер шыға бастады. Бұл ретте зерттеушілер: Д.Аманжолованың [8], К.Нұрпейістің [9], М.Қойгелдиевтің [10] және т.б. еңбектері ерекше. Аталған авторлар Қазақ комитеттерінің пайда болу негіздерін ұлттық мүдде тұрғысынан қарап, ұлт-азаттық қозғалыстың Ақпан төңкерісінен кейінгі кезеңдегі даму нәтижесі екендігін дәлелді тұжырымдап берді. Алайда, аталған зерттеушілер Қазақ комитеттеріне қазақ интеллигенциясының қызметіне байланысты ғана тоқталғандықтан, яғни жеке тақырып етіп зерттемегендіктен, оның басқа ұйымдармен қарым-қатынасын, қызметін толық ашып көрсетпегендігі өзінен-өзі түсінікті.

Материалдар және методология:

Материалдар. Зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві, Қырғыз Республикасы Орталық мемлекеттік архиві, Алматы облысы мемлекеттік архивіндегі Қазақ комитеттері қызметіне қатысты қорлар материалдары және «Қазақ», «Бірлік туы», «Сарыарқа» секілді ұлттық мерзімді басылымдар мен Қазақ комитеті қызметіне тікелей араласқан, кейіндері қуғын-сүргінге ұшыраған ұлт зиялылары еңбектері бойынша дайындалды.

Методология. Ғылыми зерттеудің теориясы және методологиясы бойынша негізінен тарихилық, объективтілік, тарихи салыстырмалы талдау және тарихи жүйелілік әдістері пайдаланылып, өркениеттік ұстаным басшылыққа алынды.

Зерттеу нәтижесі: Патша өкіметін құлатқан Ақпан төңкерісі ала келген демократиялық өзгерістер нәтижесі елдің саяси жүйесін түбірімен өзгеруіне алып келді. Уақытша үкімет талай жыл патша өкіметі тежеп келген демократиялық бастамаларға жол ашып, қоғамдық ұйымдардың қаулай өсуіне мүмкіндік берді. Осы кезде дүниеге келген Қазақ комитеттері қазақ халқының мүддесін қорғап, оның саяси белсенділігінің артуына өзіндік үлес қосты. Қоғамдық негізде құрылған Қазақ комитеттері қазақ халқының демократиялық жолмен өзін-өзі басқаруға деген құлшынысының жарқын көрінісі болатын. Қазақ даласында қоғамдық-саяси құрылымның өзгеруінің бір көрінісі іспетті Уақытша үкіметтің ресми органдарымен қатар пайда болған Қазақ комитеттері Алаш зиялы азаматтарының белсенді еңбегінің арқасында Қазақ комитеттері Семей, Ақмола, Орал және Жетісу мен Түркістан өлкесінің Сырдария және Ферғана облыстарында құрылды.

Қазақ комитеттері 1917 жылдың наурызында облыстық, уездік және болыстық деңгейде қалыптаса бастады. Қазақ комитеттерінің құрыла бастағандығы туралы алғашқы хабарларды «Қазақ» газеті таратты. Қазақ комитеттерінің құрылуымен әр жерде «Сарыарқа», «Бірлік туы», «Ұран» секілді газеттер шығарыла бастайды. Олардың бәрі «Қазақ» газетіне қарап сап түзеді [11, 12-б.].

1917 жылы 10 наурызда Орал қаласында Орал облыстық Қазақ комитеті ашылды. Оның 10 пункттен тұратын жарғысы архив құжаттарында сақталып қалған. Орал облыстық қазақ комитетінің алғашқы құрамы: алғашқы төрағасы – Ғабдолла Әлібеков, мүшелері: Дәулетшах Көсеғалиев, Ғабдолла Әлібеков, Бақытжан Қаратаев.

Орал облыстық қазақ комитетінің кейінгі құрамы: төрағасы – Жанша (Жаһанша) Досмұхамедов, серіктері: Алпысбай Қалменов, Ғабдолла Әлібеков болды. Оның мүшелері: И.Таңберменов, Х.Тасымов, Т.Сыпырбөлиев, И.Мұқанов, Д.Сарсенбаев, Ғ.Әлібеков, Д.Құсіпқалиев, Б.Жанқадамов, Р.Қаржаубаев, Д.Жұлдызов, Х.Досмұхамбетов, И.Топаяев, И.Әбенев, К.Жаленов, Қ.Есенғұлов, С.Қаратілеуов, Б.Жұманғалиев, С.Омаров, Б.Тілепов [12].

Орал облысы Ойыл өлкелік қазақ комитеті 1917 жылы 15 наурызда құрылды. Ойыл өлкелік қазақ комитетіне Халел Досмұхамедов төрағалық етті.

Семей облыстық қазақ комитеті 1917 жылы 7 наурызда ашылды. Семей облыстық комитеті құрамы: төрағасы - Р.Мәрсеков, мүшелері: Жақып Ақбаев, М.Бошпаев, Хәлел Ғаббасов, Әлімхан Ермеков, Ахметбек Қозбағаров, Биэхмет Сәрсенов, Нәзипа Құлжанова және т.б. Комитет мүшелігіне кандидаттар: Ж.Аймауытов, М.Молдабаев және т.б.

Семей облысының Семей, Қарқаралы, Кереку, Өскемен, Зайсан уездерінде уездік комитеттер ашылды. Семей уездік қазақ комитетінің құрамы: төрағасы – Жанғали Алдаоңғаров, мүшелері: Ысқақ Ахмедиев, Мәннан Тұрғанбаев, Кенжебай Кебеков, Ахмеджан Аңдамасов, Бекқожа Құлғарин және т.б.

Қарқаралы уездік қазақ комитетінің құрамы: төрағасы – Нұрмамбет Ормамбетов, мүшелері: Смахан Бөкейханов, Жүніс Шоқпаев және т.б. [13].

Семей облыстық қазақ комитетінің баспаханасынан «Сарыарқа» газеті шығарылып тұрды. «Сарыарқаның» редакторлары Р.Мәрсекөв пен Х.Ғаббасов, бастырушы «Тендік» серіктігі болды. «Сарыарқа» газеті 1917 жылдың маусым айынан бастап Семей қаласында аптасына бір рет шығып тұрды. Газеттің кейінгі нөмірлерін (1919 жылы) Имам мырза Әлімбаев шығарып тұрды [14].

Ақмола облыстық қазақ комитетінің жаңа құрамы 1917 жылы 7 мамырда сайланды. Құрамы: төрағасы – Ережеп Итбаев (алғашқы), Айдархан Тұрлыбаев (кейінгі), төрағаның серіктері – Сейілбек Жанайдаров, Асылбек Сейтов, мүшелері: Садуақас Жаңатасов, Ерқосай Мұқышев, Байсейіт Әділов, Ермұхамет Тоқбаев, Қазы Торсанов, Мағжан Жұмабаев, Қошмұхамет Кемеңгерұлы. Ақмола облыстық қазақ комитетінің қолдауымен Омбы, Атбасар, Көкшетау, Қызылжар уездерінде Қазақ комитеттері құрылды.

Ақмола уездік қазақ комитетінің құрамы: төрағасы – Рахымжан Дүйсенбайұлы, орынбасары Сәкен Сейфуллин (кейін төраға болды), мүшелері: Дінмұхамед Әділұлы, Баймұхамед Айбасұлы және т.б.

Атбасар уезі қазақ комитетінің құрамы: төрағасы – С.Жанайдаров, мүшелері: К.Жангазин, Ә.Жылқайдаров, Ә.Аңсағанов.

Көкшетау уезі қазақ комитетінің құрамы: төрағасы – Әлжан Жұманов, серіктері: Ә.Темірбеков, Ш. Хасенов.

Омбы уездік қазақ комитетінің құрамы: төрағасы – Мұқан Әйтпенов, орынбасары: Қошмұхамед Кемеңгеров, Мұхамедрахым Шахмарданов.

Ақмола облысы Қызылжар уезі қазақтары өз ұйымын «Қазақ тектілердің комитеті» деп атады. Бұл комитетті ұйымдастыруға С. Көсемісов пен Ж.Тілеулиндей жастар атсалысады. Комитетке фельдшер Б.Малдыбаев, молда М. Мақұлов және мұғалім Ә. Жалмұхамедов басшылық етеді.

Жетісу облыстық қазақ комитетінің құрамы: төрағасы – И.Жайнақов, мүшелері: К.Шегіров, Ә.Кәкенов, Н.Нұрмұхамедов, Д.Абдуллин, К.Тоқсанбаев, К.Ордабаев. К.Шегіров аталған облыстың Верный уездік қазақ комитетін, Т.Есенқұлов Жаркент уездік қазақ комитетіне жетекшілік жасады.

Жетісу облыстық қазақ комитеті құрамына қырғыз бауырлардың ұлттық ұйымдары Пржевальск уездік қырғыз комитеті және Пішпек уездік қырғыз-қазақ комитеттері қарады. Пржевальскіде уездік қырғыз комитетінің төрағасы қызметін И. Арабаев атқарды, ал Пішпек уездік қырғыз-қазақ комитетін К. Әлімбаев басқарды.

Түркістан өлкесінде қазақ-қырғыздардың ұлттық қоғамдық ұйымдарын біріктіріп, бір орталықтан басқару үшін құрылған Түркістан аймақтық қазақ-қырғыз Кеңесінің төрағасы М. Шоқай болды.

Ел ішіндегі кейбір кертартпа күштер, халықтың басына түскен тағдыр тауқыметінен Түркістан халқы кей жерлерде алты ай бойы ұлттық ұйым құруда ымыраға келе алмады, ойлаған ойлардың көбі далаға кетті [15].

Сырдария облыстық ұлттық комитетін Ә. Көтібаров басқарды, ал уездік ұйымдар Әулиеатада, Қазалыда, Қармақшыда да болды.

Әулиеатада ұлттық Кеңеске Әзімхан Кенесарин басшылық қылды.

1917 жылдың маусым айында Ферғана қазақтары жиылып, өздерінің ұлттық «Илятия» (Көшпенді) атты қауымын құрды. Құрамы: төрағасы – Қоңырқожа Қожықов, серіктері К. Достаев, қазынашы – С.Келгенбаев, хатшысы Б. Мейірбеков болды.

Бүгінгі таңда Қазақ комитеті мүшелерінің аты-жөнін толық айқындау уақыт талабы болып отыр. Осы күнге дейін жарық көрген Алаш қозғалысы тарихына арналған энциклопедиялық басылымдар мәліметтері [16] мен архивтерден, «Қазақ», «Сарыарқа», «Бірлік туы», «Ұран» сияқты мерзімді ұлттық басылымдардан жинақталған деректік материалдар және жарияланған құжаттар мен материалдар жинағы негізінде [17] Қазақ комитеті мүшелері тізімін, шамалап болса да, төмендегідей көрсетуге болады:

1. Абдуллин Дардаил
2. Аймағамбетов Ақкенже
3. Аймауытов Жүсіпбек
4. Айбасұлы Баймұхамед
5. Айтбакин Әміре
6. Алдаоңғаров Жанғали
7. Ақаев Хасен
8. Ақбаев Жақып

9. Аманжолов Садық
10. Аңдамасов Ахмеджан
11. Аңсағанов Әбілқасен
12. Арабаев Ишеналы
13. Арғыншиев Ермұхамед
14. Ахмедиев Ысқақ
15. Әбенов И.
16. Әділов Байсейіт
17. Әділұлы (Әділов) Дінмұхамед (Дінше, Мұқыш)
18. Әйтпенов Мұқан
19. Әлжанов Отыншы
20. Әлібеков Ғабдолла
21. Әлімбаев Кәрім
22. Әлімбаев Иман
23. Әуезов Мұхтар
24. Байтасов Абдолла
25. Бекбаев Ш.
26. Бекметов Муксин
27. Бекметов Фатих
28. Бердіқұлов Аалы
29. Бестаев Уәли
30. Боштаев Арынғазы
31. Боштаев Мұқыш
32. Бөкейханов Смахан
33. Ғаббасов Халел
34. Досмұхамедов Жаһанша (Жанша)
35. Досмұхамедов Хәлел
36. Достаев К.
37. Дултыбаев Жазыбай
38. Дүйсенбаев Төленбай
39. Дүйсенбайұлы Рахымжан
40. Дүйсенбин Садық
41. Дүйсембин Үмітәлі
42. Ермеков Әлімхан
43. Есенғұлов Ғұмар
44. Есенқұлов Түбек
45. Жайнақов Ибраһим
46. Жакыпбаев Нүсіпбек
47. Жаленов К.Д.
48. Жалмұхамедов Ә.
49. Жанайдаров Сейілбек
50. Жанқадамов Бижанғали
51. Жангазин Кәрім
52. Жаңатасов Садуақас
53. Жұмабаев Мағжан
54. Жұмағалиев Б.
55. Жұманов Әлжан
56. Жұлдызов Д.
57. Жүсіпұлы Әбдірахман
58. Жүсіпов О.
59. Жылқайдаров Әлен
60. Итбаев Ералы
61. Кәкенов Ә.
62. Кәкетаев Біләл
63. Кебеков Кенжебай

64. Келгенбаев Сүлеймен
65. Кемеңгерұлы Қошмұхамет
66. Кенесарин Өзімхан
67. Керейбаев Шынжы
68. Көсеңғалиев Дәулетшах
69. Көсемісов С.
70. Көтібаров Әлмұхаммед
71. Күзембаев Омархан
72. Қалменов Алпысбай
73. Қанатов Жапар
74. Қасымов Ералы
75. Қаратаев Бақытжан
76. Қаратілеуов С.
77. Қаржаубаев Р.
78. Қияқов Жүніс
79. Қожықов Қоңырқожа
80. Қозыбағаров Ахметжан
81. Қуанышов Ғалиасқар
82. Құдайбергенов Имаш
83. Құдайбердиев Шәкәрім
84. Құлғарин Бекқожа
85. Құлжанова Нәзипа
86. Қылышбаев А.
87. Мақұлов М.
88. Мамытов Б.
89. Малдыбаев Әнуар
90. Малдыбаев Біләл
91. Малдыбаев Мұстақым
92. Мәметов Базарбай
93. Мәрсекөв Райымжан
94. Мейірбеков Б.
95. Молдабаев М.
96. Молдабаев Ә.
97. Мураталин Мамбеталы
98. Мұқанов И.
99. Мұқышев Ерқосай
100. Мұратов Ережеп
101. Мұсатаев Ш.
102. Мұстанбаев Ыдырыс
103. Намазалин Құлқожа
104. Нұралин Төлебай
105. Нұрмұхамедов Н.
106. Нұрмұхамедов Әшім
107. Омаров С.
108. Оразалин Ыдырыс
109. Оразайұлы Ахмет, Ахмет ишан
110. Ордабаев Қали (Ғали)
111. Ормамбетов Нұрмамбет
112. Өмірәлинов Өмірқұл
113. Рамазанов Абылай
114. Сабатаев Сатылған
115. Саматов Мұхтар
116. Сарықұлақов Қажымұрат
117. Сәрсенов Биахмет
118. Сәрсенбаев Д.С.

119. Сәтбаев Әбікей
120. Сейфуллин Сәкен
121. Сейтов Асылбек
122. Сейтов Мұсылманбек
123. Серғоziев
124. Солтаев Мақсұт
125. Сүлеев Біләл
126. Сыдықов Хәкім
127. Сыпатаев С.
128. Сыпырбөлиев Т. (Сарыбөпиев Т.)
129. Сіргебаев
130. Тақымбаев Сейітқазы
131. Таңберменов И.
132. Тарабаев Иманбек
133. Тасымов Х.У.
134. Таукин Құрмаш
135. Телтаев Қасым (Телтайұлы Қасымбай)
136. Темірбеков Ә.
137. Теміров Абдолла
138. Тергеусізов Иса
139. Тоқбаев Ермұхамет
140. Тоқсанбаев Қайсерке
141. Тоқтабаев Мұқан
142. Топаев Исхан
143. Торсанов Қазы
144. Төлебаев Мырзахан
145. Тулин Найзабек
146. Тұрғанбаев Мәннан
147. Тұрлыбаев Айдархан
148. Тынышбаев Мұхаметжан
149. Тілепов Б.
150. Тілеулин Жұмағали
151. Хасенов Шайқұл
152. Челвов (Чиязов) Төлебай
153. Шантин Төлеубай
154. Шахмарданов Мұхамедрахым
155. Шегіров К.
156. Шоқай Мұстафа
157. Шоқбаев Жүніс
158. Избасаров

Қазақ комитеттерінің құрамы саяси науқандарға және атқарылатын істердің артуына орай толықтырылып отырылды. Кей жағдайда комитет мүшелері бірнеше ұйымдарға мүше болған кездері де болды немесе басқа мекемелер қызметін (мысалы, земство мекемелерінің) атқарды. Сондықтан да комитет құрамы өзгеріп тұрғанын да ескерусіз қалдырмаған абзал.

Елде саяси ахуалдарға байланысты Қазақ комитеттері сот билігі мәселесін де көтерді. Мысалы, Пішпек уездік Қырғыз-қазақ комитетінің төрағасы К. Әлімбаев Түркістан комитетінен комитет төралқасы өзінің құрамынан білімді де тәжірибелі адамдарын шығарып, халыққа жайлы сот жасауды қажет деп тапқанын, сөйтіп әкімшілікке қоса сот қызметін қатар алып жүруді өтінді [18]. Бірақ Түркістан комитеті: «Пішпек уездік Қырғыз-қазақ комитетінің шешімі мүлдем жарамайды, себебі ол Қырғыз-қазақ уездік комитетінен өкімет органын жасауға соғады» [19], – деп жауап қайтарады. Осылайша, ұлттық комитеттердің дербестікке талпыныс ресми органдардың қарсылығына ұшырап отырды. Жоғарыдағы билік органдарының кедергілеріне, мүмкіндіктерін шектеуіне қарамастан Қазақ комитеттеріне күнделікті түсіп жатқан қазаққа қатысты істер ауқымы олардың қызметін барынша күрделендіре түсті. Өздерінің қамын жейтін бірден-бір ұйым Қазақ комитеттері деп білген халық бар талап-тілегін осы қоғамдық негізде құрылған мекемелер арқылы жүзеге асыруға ұмтылды.

Таптық принципті берік ұстаған Кеңестер Қазақ комитеттеріне өз жолындағы кедергі ретінде қараса, ал Қазақ комитеттері ұлттық бірлікті мұрат ете отырып, бір ұлтты жікке бөлуге қарсы болды. Мұндай қарама-қайшылық көпке созылмай, Қазақ комитеттерінің жойылуына алып келді.

Ұлт азаттық-қозғалыс – Алаш қозғалысында өзіндік алар орны бар Қазақ комитеттері ұлттық еркіндікке үндей отырып, елдің саяси өсуінің және ұлт бірлігін нығайтудың ұйытқысы болды.

Ұлттық бостандық пен өркендеуді өз қызметіне арқау еткен Қазақ комитеттерінің ел ішінде, сондай-ақ сол тұстағы қоғамдық саяси жүйеде беделі артып, ықпалды ұйымға айналуы «қазағым, елім» деген ұлтжанды Алаш азаматтарының жанкешті еңбегінің нәтижесі екенін ескермеуге болмайды.

Ұлттық тәуелсіздік үшін күресте қазақ зиялылары бар білімін, күш-жігерін аяп қалған жоқ. Олар өздерінің озық ойларымен кешегі бұратана деп кемсіте қарағандардың күмәнін сейілтп, қазақтың қазақтығын, еңселі ел екенін таныта білді. Елін көште қалдырмай, ұлттық басқару жүйесінің алғашқы үлгісі – Қазақ комитеттерін құрды.

Алғаш өзінің алдына қазақ халқының саяси өміріне ғана араласуды, яғни, қоғамда болып жатқан өзгерістерді түсіндіру, Құрылтай жиналысына даярлау секілді міндеттерді мойнына алған Қазақ комитеттері оқиғалар ағымы, уақыт талабымен шаруашылық және басқару істеріне араласуға мәжбүр болды.

Уақытша үкіметтің құрама атқару комитеттеріне қазақ халқының мүддесін білдірер бірден-бір қоғамдық ұйым ретінде қатысып, Қазақ комитеттері басқару жүйесіне да атсалысты.

Қазақ комитеттерінің қызметі ұлт мүддесін қорғауға бағытталып, аз уақыт өмір сүргеніне қарамастан, 1917 жылдың наурыз айынан Кеңестер билігі орнағанға дейінгі кезеңде Алаш қозғалысында өзіндік із қалдырды.

Қазақ халқын бостандыққа жету үшін күреске жұмылдыра отырып, Қазақ комитеттері Жетісу қырғыны кезінде Шығыс Түркістанға босып кеткен қазақ-қырғыз босқындарының ауыр халіне көпшілік назарын аудартып, нақты көмектер ұйымдастырды.

Қалыптасқан саяси-әлеуметтік жағдайға байланысты ашылған азық-түлік комитеттері, жер комитеттері қызметіне араласып, қазақ халқының құқығын қорғады. Жергілікті тұрғындар мен қоныс аударушылар арасындағы шиеленісті мәселелерді шешуге атсалысып, отаршылдық пиғылынан арыла қоймаған чиновниктерге тойтарыс беріп, зорлық пен зомбылықтың, түз халықтарының құқығын бұриалаудың күні өткендігін көрсете білді. Жергілікті халық өзінің бар талап-тілегін осы қоғамдық негізге құрылған Қазақ комитеттері арқылы іске асыруға үміт артты. Қазақтар үшін Қазақ комитеттері ең сенімді орынға айналып, оны қазақтар өздерінің бірден-бір қорғанышы деп білді, сондықтан бар шағым-арыздарын осы ұйымға жіберді. Бірақ Қазақ комитеттерінің мүмкіндіктері қоғамдық ұйым ретінде шектеулі еді. Соған қарамастан Қазақ комитеттері қазаққа байланысты істерге тікелей араласып, өзге ұйымдардың қазаққа қатысы бар мәселені өздерінің шешуіне тыйым салды.

Қазақ комитеттері мәдени-ағарту ісіне де үлкен көңіл бөліп, қазақ балалары үшін ұлт мектептері мен қатар кәсіптік білім беретін курстар ашуды қолға алды.

Құрылтай сайлауына даярлық жүргізу, қазақтың ұлттық партиясы – «Алаштың» бағдарламасын насихаттау, комитеттерін ашуға септігін тигізді. Сонымен бірге қазақ облыстарына земство ашып, елді земство ісіне қатыстыруға мұрындық болды.

Қазақ комитеттері қазақ зиялыларын одан сайын ұйыстыра бастады. Осы өңірлік саяси шаралар ел ішінен қайраткерлерді шығарды. Сөйтіп, Алаш мұраты үшін ерен істерге дайын сандаған азаматтар – күрескерлер, қайраткерлер деңгейіне көтерілді. Қазақ комитеттері ұйымдастырған сиездердің қай қайсысы да ұлттың қордаланған мәселелерін күн тәртібіне қоя отырып, оны шешудің жолдары мен амалдарын белгіледі. Облыстық сиездерде қауымдасқан зиялылар жалпықазақ сиезін ашудың алғышарттарын жасады [16]. Ұлттық тұтастық пен бірлік болғанда ғана қазақ өз мүддесін қорғай алатынын, өз жерінде өгейсімейтінін сонау 1917 жылы-ақ паш еткен Қазақ комитеттері аңсаған арман – бүгінгі егемендігіміз еді.

Қорытынды. Қазақ комитеттерін қазақ қоғамында өзіндік орны, тарихи маңызы бар ұйым деп бағалау әбден орынды. Ол қоғамдық негіздегі демократиялық ұйым ретінде ұлттық мемлекеттің негізін салуға өзіндік үлес қосты. Қазақ комитетінің мүшелері Қоқан автономиясын, Алашорда үкіметін құруға белсене атсалысты. Осылайша, Қазақ комитеттері ХХ ғасырдың басындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінде маңызды рөл атқарды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Кемеңгерұлы Х. Қазақ тарихынан. – М.: КССО халықтарының кіндік баспасы, 1924. – 72 б.*
2. *Сейфуллин С. Тар жол, тайғақ кешу. – Алматы: Жазушы, 1977. – 392 б.*
3. *Козыбаев И.М. Историография Казахстана: уроки истории. – Алма-Ата: Рауан, 1990. – 135 с.*

4. Аманжолова Д. Алаш в этнополитической истории Казахстана. – Алматы : Издательский дом Таймас, 2009. – 410 с.
5. Алаш-Орда. Сборник документов / Сост. Н. Мартыненко. – Кзыл-Орда, 1929 / 2-изд., – Алма-Ата: Айқап, 1992. – 192 с.
6. Общественные организации в политической системе России 1917-1918 годов / Под.ред. П.В. Волобуева. – М.: Тверской гос. университет, 1991. – 147 с.
7. Шоқай М. 1917 жыл естеліктерінен үзінділер // Түркістанның қилы тағдыры. / Құрастырған Б.Серікбайұлы Қошым-Ноғай. – Алматы: Жалын, 1992. – 184 б.
8. Аманжолова Д. А. Казахский автономизм и Россия. История движения Алаш. 1917-1920 годы. – М. : Россия молодая, 1994. – 210 с.
9. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. – 256 б.
10. Қойгелдиев М. Қ 48 Алаш қозғалысы (Көмекші оқу құралы).– Алматы, «Санат», 1995. – 368 бет.
11. «Ұран» газеті. 1917-1918 – Орал, 2014. – 400 б.
12. Рысбеков Т. Батыс Алашорда тарихы. Жаһаншиа Досмұхамедұлы // <http://oldconf.neasmo.org.ua/node/>. Қаралған уақыты. 2013 ж. 11 қазан.
13. Қазақ. – 1917. – 12 сәуір.
14. Сарыарқа, 1919. 11 шілде.
15. Бірлік туы, 1917. 20 тамыз.
16. Тілешов Е., Қамзабекұлы Д. Алаш қозғалысы. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Сардар, 2014. – 528 б.
17. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. – 3 томдық. – Алматы: Алаш, 2004-2005.
18. Қыр ОМА. 1283-қ. 1-т. 79-іс. 7-8-п.,
19. ҚР ОМА. 9-қ. 1-т. 86-іс. 25-п.

References:

1. Kemeñgerüly H. Qazaq tarihyndan. – M.: KSSO halyqtarynyñ kindik baspasy, 1924. – 72 b.
2. Seifullin S. Tar jol, taıǵaq keşu. – Almaty: Jazyşy, 1977. – 392 b.
3. Kozymbaev İ.M. İstoriografıa Kazahstana: uroki istorii. – Alma-Ata: Rauan, 1990. – 135 s.
4. Amanjolova D. Alaş v etnopoliticheskoj istorii Kazahstana. – Almaty : İzdatelski dom Taimas, 2009. – 410 s.
5. Alaş-Orda. Sbornik dokumentov / Sost. N. Martynenko. – Kzyl-Orda, 1929 / 2-izd. – Alma-Ata: Aikap, 1992. – 192 s.
6. Obşestvennye organizasii v politicheskoi sisteme Rosii 1917-1918 godov / Pod.red. P.V. Volobueva. – M.: Tverskoj gos. universitet, 1991. – 147 s.
7. Şoqai M. 1917 jyl estelikterinen üzindiler // Türkıstannyñ qily taǵdyry. /Qūrastyrǵan B. Serıkbaiūly Qoşym- Noǵai. – Almaty: Jalyn, 1992. – 184 b.
8. Amanjolova D. A. Kazahski avtonomizm i Rosia. İstoria dvijenıa Alaş. 1917-1920 gody. – M. : Rosia Molodaia. 1994. – 210 s.
9. Nūrpeısoy K. Alaş häm Alaşorda. – Almaty: Atatek, 1995. – 256 b.
10. Qoıgeldıev M. Q 48 Alaş qozǵalysy (Kömekşı oqu qūraly). – Almaty, «Sanat», 1995.– 368 bet.
11. «Ūran» gazetı. 1917-1918. – Oral, 2014. – 400 b.
12. Rysbekov T. Batys Alaşorda tarihy. Jahanşa Dosmūhamedūly // <http://oldconf.neasmo.org.ua/node/> Qaralǵan uaqyty. 2013 j. 11 qazan.
13. Qazaq. – 1917. – 12 säuir.
14. Saryarqa, 1919. 11 şilde.
15. Bırlık tuy, 1917. 20 tamyz.
16. Tılešov E., Qamzabekūly D. Alaş qozǵalysy. Ensiklopedialyq anyqtamalyq. – Almaty: Sardar, 2014. – 528 b.
17. Alaş qozǵalysy. Qūjattar men materialdar jınaǵy. – 3 tomdyq. – Almaty: Alaş, 2004-2005.
18. Qyr OMA. 1283-q. 1-t. 79-ıs. 7-8-p.,
19. QR OMA. 9-q. 1-t. 86-ıs. 25-p.

М.С. Мырзабеков^{1}, Р.С. Мырзабекова², Л.Т. Кожакеева³*

¹ *т.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан, E-mail: moldahmet1964@gmail.com*

Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

² *т.ғ.к., профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан, E-mail: myrzabekovaryskeldy@gmail.com*

³ *т.ғ.д., профессор, Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан, E-mail: kozhakeevalyazzat@qzpu.edu.kz*

ПАТШАЛЫҚ РЕСЕЙДІҢ ҚАЗАҚ ЖЕРІНІҢ ШИКІЗАТЫН ИГЕРУГЕ НЕМІС ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН КАПИТАЛЫН ТАРТУ ТАРИХЫ (XIX ғ.-XX ғ. басы)

Аңдатпа

Мақалада XIX ғ. мен XX ғ. басындағы шетелдік өнеркәсіп пен банк капиталының қазақ жерінің табиғи шикізат байлығын игеруге қатысу жолдары мен ерекшелігі баяндалады. Авторлар, XIX-XX ғасырларда экономикалық, қаржы, сауда және технологиялық орталық саналған Англия, Германия сияқты еуропалық мемлекеттердің қазақ жерінің байлығын игеруге салған капиталының салыстырмалы талдауын береді. Шетелдік мемлекеттердің өзара бәсекелестігі мен олардың күшті немесе әлсіз позицияларды иелеу себептеріне баға беріледі.

XIX ғасырдағы Ресей экономикалық және технологиялық дамуы жағынан арта қалғандықтан, батыс елдерінің капитал шығару нысанына айналды. Патшалық Ресейдің бодандығына түскен қазақ жерінің табиғи шикізат көздерін өз күшімен игере алмаған Ресей, бұл аймақты шетел капиталы арқылы игеруге тырысты.

Ресейдің индустриалдық даму әлеуеті төмен болғандықтан, орыс кәсіпкерлері қазақ жерінің пайдалы қазбаларын игеру мақсатында XIX ғасырдың 60-шы жылдарынан бастап тау-кен және өнеркәсіп кәсіпорындарын шетелдік капиталдың қатысуымен құрды. Ресей, қазақ жерінің тау-кен, мұнай-көздері байлығын шетел іскерлеріне концессияға немесе арзан бағаға сата бастады. Қазақ жерін орыс империясының шаруашылық-экономикалық аймағының бір бөлігіне айналдырды.

Кілт сөздер: Ресей империясы, капитал, табиғи байлық, өнеркәсіп, тау-кен өнеркәсібі, неміс капиталы, ағылшын капиталы, бірлескен кәсіпорындар.

Мырзабеков М.С. ^{1}, Мырзабекова Р.С. ², Кожакеева Л.Т. ³*

¹ *к.и.н., ассоциированный профессор, Казахский Национальный Женский Педагогический университет г. Алматы, Казахстан, E-mail: moldahmet1964@gmail.com*

Казахский Национальный Педагогический университет им. Абая, г. Алматы, Казахстан

² *к.и.н., профессор, Казахский Национальный университет им. Аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан, E-mail: myrzabekovaryskeldy@gmail.com*

³ *д.и.н., профессор, Казахский Национальный Женский Педагогический университет г. Алматы, Казахстан, E-mail: kozhakeevalyazzat@qzpu.edu.kz*

ИСТОРИЯ ПРИВЛЕЧЕНИЯ НЕМЕЦКОГО И АНГЛИЙСКОГО КАПИТАЛА ДЛЯ ОСВОЕНИЯ ПРИРОДНЫХ РЕСУРСОВ КАЗАХСКОЙ ЗЕМЛИ ЦАРСКОЙ РОССИЕЙ (XIX в.-нач. XX в.)

Аннотация

В статье раскрываются пути и особенности участия иностранного промышленного и банковского капитала в освоении природных богатств казахской земли в начале XIX в. и XX века. Авторы дают сравнительный анализ капиталов европейских государств, таких как Англия, Германия, считавшихся

экономическими, финансовыми, торговыми и технологическими центрами в XIX в. и XX веках, вложившихся в освоение богатства казахской земли.

Дается оценка причин взаимной конкуренции иностранных государств и уделяется внимание сильным и слабым позициям. Поскольку Россия в XIX веке стала отставать в экономическом и технологическом развитии, западные страны стали объектом развития капитала. Россия, не сумевшая своими силами освоить природные сырьевые источники казахской земли, находившаяся в подданстве царской России, стремилась освоить этот регион за счет иностранного капитала. Из-за низкого потенциала индустриального развития России, российские предприниматели с целью освоения полезных ископаемых казахской земли, с 60-х годов XIX века создавали горнодобывающие и промышленные предприятия с участием иностранного капитала.

Россия начала продавать богатство горнорудных, нефтеисточников казахской земли иностранным бизнесменам в концессии или по низкой цене, сделав казахскую землю частью хозяйственно-экономической зоны Российской империи.

Ключевые слова: Российская империя, капитал, природные богатства, промышленность, горнодобывающая промышленность, немецкий капитал, английский капитал, совместные предприятия.

M.S. Myrzabekov^{1}, R.S. Myrzabekova², L.T. Kozhakeeva³*

¹Candidate of Historical Sciences, associate professor, Kazakh National Women's Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, E-mail: moldahmet1964@gmail.com

Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan,

²Candidate of Historical Sciences, Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, E-mail: myrzabekovaryskeldy@gmail.com

³Doctor of Historical Sciences, professor, Kazakh National Women's Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, E-mail: kozhaakeevalyazzat@qyzpu.edu.kz

HISTORY OF ATTRACTION OF GERMAN AND ENGLISH CAPITAL FOR THE DEVELOPMENT OF NATURAL RESOURCES OF THE KAZAK LAND BY TSARIST RUSSIA (XIX century- early XX century)

Abstract

The article reveals the ways and features of the participation of foreign industrial and banking capital in the development of natural resources of the Kazakh land in the early XIX century and XX century. The authors give a comparative analysis of the capitals of European states, such as England, Germany, which were considered economic, financial, trade and technological centers in the XIX century and XX centuries, invested in the development of the wealth of the Kazakh land. The reasons for mutual competition of foreign states are assessed and attention is paid to strong and weak positions.

Since Russia in the XIX century began to lag behind in economic and technological development, Western countries became the object of capital development. Russia, which was unable to master the natural raw materials of the Kazakh land on its own, which was in the citizenship of tsarist Russia, sought to develop this region at the expense of foreign capital.

Due to the low potential of industrial development in Russia, Russian entrepreneurs have been creating mining and industrial enterprises with the participation of foreign capital in order to develop the minerals of the Kazakh land since the 60s of the XIX century. Russia began to sell the wealth of mining and oil reserves of the Kazakh land to foreign businessmen in concessions or at a low price, making the Kazakh land part of the economic zone of the Russian Empire.

Keywords: Russian Empire, capital, natural resources, industry, mining industry, German capital, English capital, joint ventures.

Кіріспе. XIX ғасырдың 80-90-шы жылдары Батыс Еуропада капитализмнің қарқынды дамуы, империалистік жүйедегі әлсіз буын болып табылатын патшалық Ресейді өз шеңберіне тартып кетті. Экономикалық және технологиялық жағынан арта қалған Ресей – батыс елдерінің капитал шығару нысанына айналды. Патшалық Ресейдің бодандығына түскен қазақ жерінің табиғи шикізат көздері де шетел капиталы көз тіккен басты аймақтардың біріне айналды.

1861 жылы Ресейде басыбайлық құқық жойылғаннан кейін, үкімет қоғамдық-саяси өмірдің бағытын түбегейлі өзгертуді көздеді. Капитализмнің дамуына негіз болатын бірқатар реформаларды іске асыра

бастады. Қазақ даласына толығымен өз бақылауын орнату үшін әкімшілік-территориялық, сот және басқа да реформаларды жүзеге асыруды қолға алды. Ресей империясы осындай әрекеттері арқылы, қазақтың бұрынғы дәстүрлі басқару жүйесінің негізін түбегейлі жоюды мақсат етті.

XIX ғ. екінші жартысында Ресейдің Қазақстанды қосып алу процесінің аяқталуы империяның қазақ өлкесіне қатысты саясатына елеулі өзгерістер енгізді. Патшалық Ресей әскери-отаршылдық әрекеттерімен қазақ жерінен ағылшын ықпалын ығыстырып, Орта Азияға терең бойлап ене бастады. Ресейдің қарқынды дамып келе жатқан өнеркәсібі шикізат көздерін, жұмыс күшін қажет етті. Табиғи ресурстарға, мал шаруашылығы шикізаты – жүн мен теріге бай қазақ өңірі, Ресей кәсіпкерлерінің назарын бұрыннан өзіне аударған болатын.

I Петр тұсында Ресей Қазақстанның шығысындағы Алтай тауларының баурайларын зерттей бастаған. XVIII ғасырдың орта шенінде бұл аймақ «патша ағзамның тікелей қарамағына өтіп, патшаның вотчинасына айналды» [1, 6]. Патшаның рұқсатынсыз Алтайда кен-қазба, ағаш кесу және тағы басқа кәсіпкерлікпен айналысуға тыйым салынды.

XVIII ғасырдың соңғы ширегінде пайдалы кен көздері жағынан бай Риддер полиметалл кешенін салу қолға алынып, 1774 жылы алғашқы өндіріс жұмыстары басталды. 1791 жылы Рязанов кеніші ашылды. Риддер, Рязанов және басқа да кеніштер Романовтар әулетінің иелігіндегі металлургия зауыттарына руда беруші негізгі өндіріс көздеріне айналды. Аталған кеніштерден алынған рудадан күміс алынды. XIX ғасырдың ортасынан бастап, қазақтың жерасты байлығының көптеген түрлері белгілі болды.

Ресей империясы индустрияландыруды 1861 жылдан кейін бастағанымен, бұл процесс шикізат пен ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорттаумен ғана шектелді. Ресейдің индустриалдық даму әлеуеті төмен болғандықтан, орыс кәсіпкерлері қазақ жерінің пайдалы қазбаларын игеру мақсатында XIX ғасырдың 60-шы жылдарынан бастап тау-кен және өнеркәсіп кәсіпорындарын шетелдік капиталдың қатысуымен құрды. Ресей, қазақ жерінің тау-кен, мұнай-көздері байлығын шетел іскерлеріне концессияға немесе арзан бағаға сата бастады. Қазақ жерін орыс империясының шаруашылық-экономикалық аймағының бір бөлігіне айналдырды.

Материалдар мен әдістер. Мақалада көтерілген мәселе зерттеушілердің назарын XX ғасырдың басынан өзіне аударғанын байқауға болады. Патшалық Ресейдің Қазақстан жерінің тау-кен және мұнай-көздері байлығының шетел іскерлеріне концессияға берілуін немесе арзан бағаға сатылуын, қазақ жерінің, орыс империясының шаруашылық, экономикалық, аймақтарының маңызды бөлігіне айналғанын В.С. Зив зерттеді [2]. В.С. Зив, Батыс Еуропа елдерінің Ресейге салынған салымдарының бағыты мен сипатын зерттей келе, қазақ жеріндегі табиғи шикізат көздерін игеруде неміс капиталының орнын көрсетіп, оған баға берді.

XIX ғасырдың ортасы мен XX ғасырдың алғашқы ширегінде Англия, Франция, Германия және басқа да еуропалық елдердің Ресей экономикасына өндіріс және банк капиталын салу жолдары мен ерекшеліктерін А.Саттон [3], О.Крипс [4], Ф.Дённингхауз [5], В.Фельденкирхен [6], Л.Галл [7], Г.Хаусманн [8], А. Шветцер [9] зерттеді.

Б.В. Ананьич – қазақ жеріне шетелдік капиталдың ену жолдары мен тәсілдерін зерттей келе, қазақ байлығын игерудегі немістің қаржы капиталын ағылшын, француз және басқа да елдердің капиталымен салыстырып, патшалық Ресей құрамындағы қазақ экономикасында неміс капиталының орны әлсіз болды, - деген қорытынды жасайды [10].

Ресей мен Германияның саяси қатынастарының нашарлауы неміс капиталының патшалық Ресей экономикасына терең орнығуына кері әсерін тигізді. Ресей экономикасының өндіріс салаларына неміс капиталының қатысуы бәсең болғанымен, немістің тауар және қаржы капиталы ағылшын, француз және де өзге еуропалық елдердің осы іспеттес капиталынан анағұрлым көлемді әрі позициясы берік болды. Осы бағытта И.Ф. Гиндин [11], В.П. Ронин [12] зерттеулер жүргізді. Аталған ғалымдар патшалық Ресейдің кеңестік мұрағаттарда сақталынған қаржылық құжаттары негізінде немістің қаржы капиталы мен тауарлары, Ресей нарығында басқа елдердің позициясымен салыстырғанда берік орынды иеленгенін анықтады.

Немістің өндіріс және қаржы капиталының бірінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі Ресей экономикасындағы жағдайы мен салымдарының салалық басымдылығын анықтаған И.М. Гольдштейн [13], В.С. Дякин [14], Н.А. Наниташвили [15], А.С. Аветян [16], П.А. Хромов [17] және Ц.Л. Фридман [18]. Бұл ғалымдар неміс капиталының қазақ жеріндегі орны мен үлес салмағын, белсенділік танытқан салаларын, тәсілдерін, ағылшын, француз капиталымен салыстырғанда бәсең болғандығын анықтайды.

Патшалық Ресейдің экономикасындағы Германияның төмен үлесінің себептерін неміс ғалымы Йоханнес Буркхард талдаған [19]. В.И. Бовыкин [20], П.В. Оль [21], А.К. Ван-дер-Беллен [22],

Л.Я. Эвентов [23], А.А. Фурсенко [24], А.Д. Брейттерман [25] – патшалық Ресейдің экономикасындағы шетел капиталының белсенді салалары мен көлемін, қазақ байлығын игерудегі орны мен сипатын көрсеткен.

Мақалада қазақ жерінің табиғи шикізат көздерін игеруге қатысқан шетел капиталының ену жолдарын, өсу динамикасын, факторлық сипатын, нәтижесін анықтау үшін, саралау, талдау әдісі, салыстырмалық тәсіл қолданылды. Неміс тіліндегі құжаттар жинағынан алынған мәліметтер пайдаланылды.

Нәтижелер мен талдаулар. *Пайдалы қазба көздерін ашу кезеңі.* Қазақ жерінің пайдалы қазба көздерін ашу әртүрлі кезеңде жүрді. Күміс, қорғасын өндіруге жарамды Риддер, Рязанов, Ащысай кеніштері ағылшындардың қатысуымен ашылды. Орыс көпестері де қазақ жерінің пайдалы қазба көздерін ашып, иеленуге ұмтылыстар жасады. Мысалы, екінші гильдиядағы көпес И. Ушаков жергілікті халықтан алынған мәліметтерге сүйене отырып, қазіргі Жезқазған, Успенск жез кеніштерін және Қарағанды, Саранск таскөмір көздерін ашқан.

XIX ғасырдың аяғында Транссібір темір жолы құрылысының басталуымен Қазақстанның солтүстік-шығыс бөлігіндегі әлі де ашылмаған таскөмір кеніштерін ашу және барлау жұмыстары бұрынғыдан әлдеқайда қарқынды жүргізіле бастады. Осы уақыт аралығында ашық тәсілмен өндірілетін Екібастұз көмір кеніші ашылды.

Жерасты байлығымен қатар, малшаруашылығы өнімдері шетел және орыс кәсіпкерлерінің пайда табу көзінің біріне айналды. Бұл салада, басқа шетелдік кәсіпкерлермен салыстырғанда неміс кәсіпкерлері белсенді әрекет етті. 1908 жылдың 30-шы сәуірінде Германияның Мәскеудегі консулы Колхаас империялық вице-канцлер, князь фон Бюловқа жолдаған хатында: «Қазақ даласының жерасты байлығын иелену мүмкіндігіне қол жеткізе алмаған неміс саудагерлері, орыс көпестерінің қазақтардан әкелген жүн, тері және тағы да басқа өнімдерін сатып алуға мәжбүр болып отыр», - деп мәлімдейді [26, 161].

Орыс және шетел капиталының қазақ даласына біртіндеп енуі, қазақ жерін жалпы ресейлік нарықтың шикізат және сауда аймағына айналдырды. Шетел капиталы патшалық самодержавиялық режимге арқа сүйей отырып, қазақ даласының маңызды шикізат салаларына терең бойлай түсті. Пайдалы қазбаларға бай кеніштер арзан бағамен шетелдік кәсіпкерлерге сатылды. Мысалы, француз-ағылшын капиталистері шикізатқа бай Спасск-Успен, Атбасар жез кеніштерін, Риддер полиметалл кенішін, Қарағанды және Екібастұз таскөмір шахталарын, Ембідегі бірқатар мұнай көздерін, небәрі мың рубльге сатып алды.

Сонымен қатар, патшалық Ресей арқылы, қазақ жерінің байлығын игеруге ұмтылған шетелдік кәсіпкерлерді орыс үкіметі де қолдап отырды. Қазақ даласындағы шетел капиталының үлес салмағы әсіресе, тау-кен өндірісінде айтарлықтай жоғары болды. Жерасты байлығын өндіру саласындағы негізгі жұмыс күші жергілікті қазақтар болды. Орыстардан алғашқы жұмысшылар крепостнойлар арасынан алынды. 1857 жылы олардың саны 27, ал қазақтар 25 адам болды. 1862 жылы Ресейден – 74 жұмысшы, қазақтар – 117. 1879 жылы 245 кеншінің ішінде қазақтар 196 адамды құраса, 1885 жылы қазақтар 238 адамға өсті. Успен кенішінде 170 кенші жұмыс істеді, оның ішінде 164 қазақ (96%) болды. Қарағанды кенішінде 522 адам жұмыс істеді, оның ішінде 496 қазақ (95%) болды. Спасск зауытында жұмысшылар саны 202, оның 143-і қазақтар (71%) [26, 48].

1904 жылы Успен, Спасск және Қарағанды шахталары француздарға сатылды, олар бірден барлық көмір шахталарын, Успен кеніштерін және мыс балқыту зауытын ағылшындарға қайта сатты. 1904 жылы қызғандық Қарағанды мен Спасскіге алты ағылшын және америкалық инженер келді. 1904 жылы қазанда америкалық инженер былай деп хабарлады: «1300 адам жұмысқа алынды, мердігерлермен бірге 2500-дей болады. Көмір мен руданы тасымалдау үшін бізде 500 вагон және 1000 өгіз бар, ал қыста 600 түйе болады». Мердігерлер өгіз бен түйеге мінген тасымалдаушылар қазақтар болды, олардың саны 1000-нан астам адам болды. 1914-1916 жылдары Спасскіде 3000 адам өмір сүрді, оның 1500-і қазақ, 300-і орыс болды [26, 59].

Орыс капитализмінің кең ауқымда дамуы, оның Қазақстанға енуі, шикізаттың бай көздерін пайдалануы, нарықтың кеңеюі банк филиалдары мен несие мекемелерінің кең желісін құрумен қатар жүрді.

Сонымен бірге, шетел кәсіпкерлері құрамына орыс кәсіпкерлері кірген аралас компаниялар құрып, оларға құқықтық жағынан бірқатар жеңілдіктер мен қолдаулар көрсетіп, бәсекелес елдердің капиталы мен тауарларын орыс нарығынан біртіндеп ығыстыра бастады.

Осындай жағдайда, Ресей отарына айналған қазақтың жерасты байлығы орыс капиталистерімен қатар, ағылшын, француз, неміс капиталистерінің де көз тіккен аймағына айналды. Спасск-Успен, Атбасар мыс, Риддер шахталары, Қарағанды және Екібастұз көмір кеніштері және басқа да бірқатар мұнай кен орындары шетелдіктерге Ресей кәсіпкерлерінің делдалдығымен сатылды. Германия, Бельгия, Швеция сияқты мемлекеттер «Спасск мыс кендері» акционерлік қоғамының иелері болды.

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақтың тау-кен, көмір және мұнай көздерін игеру үшін шетел капиталистері бәсекеге түсіп, XIX ғасырдың 70-80-шы жылдары қазақ жерінің табиғи байлығын игеру айтарлықтай қарқынды дами бастады. Патшалық Ресей болса, Батыс елдерінен технологиялық, экономикалық тұрғыда артта қалғандықтан, қазақ жерінің байлығын игеруге ұмтылған шетел капиталына кедергі бола алмады. Ресейдегі шетел капиталының үлес салмағы мен ықпалының үздіксіз өсуі, Батыс Еуропа елдеріне қаржылық тәуелділікті арттыра түсті. Шикізат көздерін иемдену үшін дамыған елдер арасында астыртын, кейде ашық күрес жүрді.

Ресей – 1861 жылдан бастап тау-кен өнеркәсіп саласына шетел инвестициясын тарта бастады. Себебі, патшалық Ресейдің технологиялық және экономикалық артта қалуына байланысты, тау-кен жұмыстарын өз бетінше жүргізу мүмкіндігі шектеулі болды. Алғашқы кезде шетел капиталы, қаражат жағынан қиындыққа ұшыраған кәсіпорындарды сатып алу немесе акционерлік қоғамдар құру жолымен мақсатына жетіп отырды.

XX ғасырдың басында қазақ даласындағы түсті металл, көмір, мұнай өндірісі түгел шетел капиталының қолына өтті. Қазан төңкерісінің қарсаңында қазақ жеріндегі өндірістерде жұмыс істеу үшін құрылған акционерлік қоғамдардың номиналды капиталының жалпы көлемі «110 миллион рубльді құраған. Оның $\frac{3}{4}$ шетел капиталистерінің үлесінде, $\frac{1}{4}$ орыс капиталистерінің қолында болған» [1, 31].

Қазақ жерінің мұнайын өңдеу тарихы. Қазақ жеріндегі мұнайды өңдеу XIX ғасырда басталды. АҚШ-тың, Англияның, Францияның, Германияның, Италияның, Голландияның және Жапонияның ірі қаржы магнаттары алғашқыда ұлттық, кейіннен дүниежүзілік ауқымда мұнай көздері мен мұнай өнімдерін сату нарықтарын басып алу үшін белсенді күрес жүргізді. XX ғасырдың басында шетел капиталы Қазақстандағы Ембі-Орал ауданындағы мұнай көздерін игеруге кірісті.

Ембі ауданында орыс мұнай компанияларымен бірге шетел кәсіпкерлерінің орасан зор капиталы мен мекемелері шоғырланды. Орал-Ембі мұнайын игеру басталғанда, шетел мұнай өңдеу қоғамдарымен қатар, немістің «Ағайынды Нобельдер серіктестігі» де қазақ жерінің мұнайынан өз үлесін алды.

Жалпы, қазақтар Каспий бойындағы аудандарда жердің бетіне мұнайдың шығып жатқан бөлігін пайдалана білген. Оны Батыс Қазақстан жерінде «Майқұдық», «Майкөл» және басқа да осы іспеттес атаулардың пайда болуынан көруге болады.

XIX ғасырдың орта шенінде Каспий бойы және Орал-Ембі аудандары геофизикалық жағынан зерттеле басталды. Зерттеу нәтижесінде «қазақ жерінің жерасты байлығы туралы мәлімет беретін инженер Кирпичниковтың, геологтар Новоковский мен Ижицкийдің және тағы басқа зерттеушілердің еңбектері пайда болды» [1,34]. Олар аталмыш аудандардың табиғи географиялық жағдайларын зерттей отырып, ауданның мұнай көздері мен ерекшелігі туралы алғашқы мәліметтерді берді.

1892-1894 жылдар аралығында И.Лебедев пен отставкадағы штабс-капитан Н.Леман сияқты кәсіпкерлерлер Қарашұңғыл жазығында, мұнайдың жердің бетіне шығып жатқанына көңіл бөліп, құнды мәліметтер берген. И.Лебедевтің мәліметтері орыс іскерлері тарапынан жауапсыз қалған соң, ол бұл жердің байлығын өздігінше игеруге әрекет жасайды. Ақырында қыруар шығынға ұшыраған И. Лебедев, бұл жерлерді отставкадағы штабс-капитан Н. Леманға 26000 рубльге сатты. Бұл жерлердің мұнайға бай екендігіне көзі жеткен Н. Леман, Ембіде ең алғашқы мұнай компаниясын құрады. Оның «Леманн және К^о» мекемесі үш жыл бойы Атыраудың алты облысында және Орал облысының (қазіргі Батыс Қазақстан облысы) Калмыков уездігінде барлау және мұнай өндіру құқығына ие болды.

1907 жылдан бастап Н.Леманн ағылшындармен, кейіннен швейцар-неміс синдикатындағы капиталистермен бұл жерлерді концессияға сату туралы келіссөздер жүргізді. Бұған қызыққан ағылшындар Орал-Ембі ауданына өз мамандарын жібереді. «Ауданның өндірістік болашағының зор екендігіне көздері жеткен ағылшындар Леманнан концессияға деген құқықты сатып ала отырып, шетел кәсіпкерлері арасында қазақ даласындағы ең алғашқы шетелдік «Орал-Каспий мұнай қоғамы» деген мекеме құрады.

Патшалық Ресей тұсындағы ағылшын капиталының қазақ жерінің мұнай өндірісіне ену ерекшелігіне және оның даму жолдарына назар аударған зерттеушілер, «Ағылшындар Орал-Ембі ауданында әртүрлі жолдармен әрекет жасады. Біріншіден, ағылшындар өз алдына дербес акционерлік компаниялар құрды. Екіншіден, сол жердегі мұнай өндірумен айналысатын орыс қоғамдарымен капитал біріктіру арқылы барлау және мұнай өндіру жұмыстарында жеңіл әрі тиімді өкілеттіктер алу арқылы неміс, швед, француз капиталистеріне қарағанда ұтымды жағдайларды иеленді. Үшіншіден, орыс акционерлік ұйымдарын үлестік қатысу арқылы өз мүдделеріне пайдаланды», - деп жазады [1, 136].

1912 жылдың жаз айларында ағылшындар Орал облысында мұнай іздеу, өндіру, өңдеу және мұнай өнімдерімен сауда жасау мақсатында «Ембі» акционерлік қоғамын құрды. Осы қоғам арқылы немістердің «Ағайынды Нобельдер» серіктестігі қазақ жеріндегі мұнай өндіру ісіне араласа бастайды. Алғашында бұл

акционерлік қоғамның негізгі капиталы «6 миллион рубль болса, оның 2 миллион 500 мыңы ағылшындар үлесінде болған» [10, 151]. «Ағайынды Нобельдер» серіктерстігі біртіндеп осы қоғамның негізгі акция ұстаушылары ретінде алға суырылып шықты. «Ағайынды Нобельдер» серіктестігі «Ембі» акционерлік қоғамының барлық акциясының 42,5 пайызын иемденді. Бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында Ресейде «антигермандық» көңіл-күй күшейіп, «Ағайынды Нобельдер» серіктестігі «Ембі АҚ» деген атауға ауыстырылды.

Патшалық Ресей арқылы қазақ даласының байлығын игеруге ұмтылған шетел капиталының үлес салмағын салыстырып көрейік.

Германияның үлесі. XIX ғасырдың соңғы ширегіне дейін Ресейдегі шетел капиталы арасында бірінші орынды немістер иеленді, дегенмен, ғасырдың соңына қарай жағдай өзгерді. XIX ғасырдың 90-шы жылдарындағы Германия жүргізіп отырған протекционистік саясат салдарынан екі ел арасындағы экономикалық қатынастар нашарлап, Ресейдегі неміс капиталы күрт қысқарды.

Ресейге бағытталған капиталдың мақсатын патшалық Ресеймен қарым-қатынас сипаты анықтады. Мысалы, Ресей нарығында, Англия, Франция кәсіпкерлері мен мемлекеттік концессияларына, несиелері мен тауарларына Германия, Австро-Венгрия сияқты елдерінің капиталымен салыстырғанда, бірқатар жеңілдіктер жасалынды.

Осы орайда, Германияның Ресей империясындағы вице-консулы Траутман, 1911 жылдың 2-ші желтоқсанда Берлин қаласында неміс сыртқы істер министрлігінің жетекші қызметкерлерінің алдында жасаған құпия баяндамасында: «Қазіргі кезеңде Ресей өндірісінің айтарлықтай бөлігі ағылшын, француз, америка іскерлерінің қолында, атап айтқанда, америка кәсіпкерлері мұнай өндірісін қолдарына алған, ал ағылшындар мен француздар алтын мыс, қорғасын, жез өндірісін ұстап отыр», - деп мәлімдейді [26, 30].

Германия өз тарапынан Ресей үшін Берлиндегі құнды қағаздар биржасындағы заёмдарды жапты. Тығырықтан шығуды іздеген орыс іскерлері өздерінің құнды қағаздары мен бағалы заттарын біртіндеп Париж биржасына ойыстыра бастады.

Неміс капиталистері ағылшын, француз капиталының алдында өз дәрменсіздігін мойындап, қарап отырған жоқ, қазақ жерінің байлығын игеру мақсатында құрылған бірқатар «Spassk Industries Maining» сияқты ірі акционерлік қоғамның акцияларын иеленді. Еуропадағы құнды қағаздар биржасы арқылы неміс капиталистері ағылшын, француз капиталистерімен біріге отырып, қазақ жерінің байлығын игеруге тікелей араласпағанымен, сол елдердің компаниялары мен акционерлік қоғамдарының құрылтайшылары ретінде айтарлықтай белсенділік танытты.

Ресейдің неміс капиталына қарсы қойылған шектеулерін айналып өту үшін, немістің саудагерлері мен кәсіпкерлері орыс азаматтығын қабылдады. Неміс заңы екінші азаматтық алуға рұқсат бергендіктен, Германиядан шыққан саудагерлер мен кәсіпкерлер арасында бұл үрдіс кең тарады. Орыс азаматтығын алған неміс кәсіпкерлері мен саудагерлері кез-келген территорияда емін-еркін жүріп-тұрды, кәсіпорындарды сатып алу, саудамен айналысу үшін төлейтін салықтың көбінен босатылды, шенеуніктердің тарапынан болатын қысымнан жеңілдіктермен құтылып отырды. Осындай фактілер бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде, яғни 1914-1918 жылдар аралығында кең орын алды. Мысалы, патшалық Ресей арқылы қазақ жеріне келіп, тұрақтап қалған ағайынды Эмерик, Зуккер және олардың ұрпақтары сияқты «орыс немістері» Орал және Торғай облыстарында пайдалы қазбаларды өңдеумен айналысты.

Жалпы, неміс кәсіпкерлері қазақ даласында мал өнімдерін (ішек-қарын, жүн) өңдеу саласында белсенділік танытты. Себебі, XIX ғасырдың 80-90-шы жылдары Ресей мен Қазақстанда мал өнімдерін өңдеу мүлде іске асырылмаған. Қазақтар ішектің ең жарамдысын тек қана тері илеу, қазы айналдыруда пайдаланған. Ал Ресейде бұл өнімдер өз қолданысын таба білмеген. Осыны байқаған неміс кәсіпкерлері – Г.Дюрмшмидт, Ф.Фюрле, Л.Зальма мал өнімдерін Ресейде арзан бағамен сатып алса, бұндай шикізаттың түрін Қазақстан мен Сібірден тегін жинап алып отырған.

Неміс капиталының Ресей экономикасына енуінің тағы бір жолы, ағылшындар құрған акционерлік қоғамдар арқылы жүзеге асырылды. Неміс капиталистері Қазақстандағы ағылшындар мен орыстар құрған акционерлік қоғамдарға өз капиталдарын орналастыра отырып, кейбір жағдайларда акциялардың басым бөлігін ұстаушылар болды. Мысалы, Спасск қоғамының акцияларын ұстаушылардың қатарында ағылшын капиталистерімен бірге Берлиндік миллионер К.Киннді атауға болады. Спасск акционерлік қоғамында Лондон-Ливерпуль коммерциялық банкі, Дрезден және Дойче банктерінің акциялық капиталдарының үлесі айтарлықтай көлемді болған. Мысалы, Спасск акционерлік қоғамының қаржы жағынан демеушілері болып табылатын орыстың «Құрама» банкіндегі шетелдік акциялық капиталдың жалпы көлемі 40 миллион рубльді құраса, оның 1 миллионы немістердің, 18 миллионы француздардың, 0,5 миллионы ағылшындардың, ал қалған 0,5 миллионы басқа мемлекет банктерінің үлесінде болған [1,40]. Неміс

капиталының белсенділігі, әсіресе, Сібір сауда банкінде жоғары болды. Аталған банктегі шетелдік акцияның жалпы көлемі 8 миллион 800 мың рубльді құраған. Оның 4 миллион 200 мыңы француздарға, 4 миллион 500 мыңы ағылшындарға тиесілі болған [11, 241].

Дегенмен, Ресейдің Азиялық бөлігінде неміс капиталының ықпалы мен қатысу дәрежесі Англия және Франция капиталдарымен салыстырғанда әлдеқайда төмен болды.

Ағылшын капиталының үлесі

XX ғасырдың алғашқы онжылдығында ағылшын капиталының үстем жағдайды иеленгенін байқауға болады. Бұның бірқатар экономикалық және саяси себептері болды. Ресей мен Англия арасындағы саяси климаттың қолайлығы екі ел арасындағы қаржы, сауда қатынастарының жандануына алып келді. Ресейдің Антанта одағына кіруіне орай, ағылшын заёмдары орыс үкіметіне тиімді төменгі пайызбен сатылды. Ресей игермеген аймақтарда жаңа кәсіпорындар құру, қаржылай қиындықтарға тап болған ескі кәсіпорындарды сатып алу арқылы жүргізу – Британ капиталының Ресейге енуінің ерекшелігін құрады. Ресей нарығына еніп алған, ағылшындар, қазақтың жерасты байлығын иемденуді жоспарлай бастады.

Бұл жөнінде Германияның Мәскеудегі вице-консулы доктор Траутман баяндамасында: «ағылшындар орыстың Орта Азия жеріндегі мыс, мырыш, қорғасын, жез, мұнай сияқты пайдалы қазбаларына назар аударуда және неміс капиталы үшін бұл салаларда тікелей салымдар арқылы пайда табу мүмкіндіктері шектеулі», – деп мәлімдейді [30, 162]. Мұндағы Траутман «орыстың Орта Азиясы» деп отырған географиялық атау, сол кездегі Ресей империясының бұғауына түскен қазақ, қырғыз, өзбек, түрікмен жерлерінің сол кездегі атауын білдіреді. Траутманның баяндамасында атап көрсетілген Атбасар, Ақмола, Спасск, Ор, Ащысай деген топонимикалық атауларынан, шетелдік капиталдың қазақ жерінің байлығын кең көлемде игеруге тырысқанын көруге болады.

Британ империясының «орыстың Орта Азия» аймағын жанталаса игере бастауының экономикалық себептерімен қатар, саяси себептері де болды. Саяси себептердің мазмұны – «ағылшын тәжінің інжу-маржаны аталған Үндістанға, сондай-ақ, Ауғанстан мен Иранға іргелес орналасуымен байланысты болды. Ағылшын үкіметі Үндістан, Ауғанстан, Иранды отарлауда Орта Азияны өзінің тірек пунктіне айналдыруды көздеді». XX ғасырдың басында теңіз державасы ретінде танылған Ұлыбритания империясы өзінің дәстүрлі одақтасы Франциямен бірлесе отырып, отарлық экспансиясын белсенді түрде жүргізді.

Қорытынды. XIX ғасырдың 60-шы жылдарынан бастап Ресей кәсіпкерлері шетелдік капиталдың қатысуымен қазақ жерінің пайдалы қазбаларын игеру мақсатында тау-кен саласында кәсіпорындар құрды. XIX ғасырдың 70-80-шы жылдары қазақ жерінің табиғи байлығын игеру айтарлықтай қарқынды дамыды. Қазақтың тау-кен, көмір және мұнай өнеркәсібі шетелдік капиталистердің нысанына айналды.

XIX ғасырдың орта шенінен XX ғасырдың алғашқы ширегіне дейін Англия, Франция, Германия Ресей экономикасына банк капиталын салу арқылы араласты. Қазақ жерінің тау-кен және мұнай көздері байлығын шетел іскерлеріне концессияға немесе арзан бағаға патшалық Ресейдің сатуы, қазақ жерін орыс империясының шаруашылық, экономикалық, аймақтарының біріне айналдырды.

XIX ғасырдың соңғы ширегінде орыс капиталистерімен қатар, ағылшын, неміс капиталистері қазақ даласының жерасты байлығына назар аударды. Ресейдің Батыс Еуропа мемлекеттерінен технологиялық, экономикалық тұрғыда артта қалғандығы қазақ жерінің байлығын игеруде шетел капиталының енуіне өте қолайлы жағдай тудырды.

Патшалық Ресеймен қарым-қатынасының сипатына қарай, Ресейге бағытталған капиталдың мақсаты да әртүрлі болды. Мысалы, бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында Ресеймен әскери және саяси одақ жасап үлгерген Англия мен Франция сияқты елдердің кәсіпкерлері мен мемлекеттік концессиялары, несиелері мен тауарлары Ресей нарығында Германия сияқты Үштік одақ мүшелерінің капиталдары мен тауарларына қарағанда бірқатар жеңілдіктерге ие болды.

Қазақ жерінің байлығын игеруге орыс капиталы мен шетелдік капитал белсенді қатысқанымен, негізгі жұмыс күші жергілікті қазақтар болды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Фридман Ц.Л. *Иностранный капитал в дореволюционном Казахстане.* – Алма-Ата: Казгосиздат, 1960. – 144 с.
2. Зив В.С. *Иностранный капитал в русской горнозаводской промышленности.* – Петроград: Редакция периодических изданий Министерства финансов, 1917. – 132 с.; Зив В.С. *Иностранные капиталы в русских акционерных предприятиях.* – Петроград: Редакция периодических изданий Министерства финансов, 1915. – 104 с.
3. Sutton E. *Wall Street and the Bolshevik Revolution.* – М.: Russian idea, 2005. – 398 p.

4. Crisp O. *Studies in the Russian Economy Before 1914*. – London: Macmillan, 1976. – p. 12.
5. Doënnindhaus V. *Revolution, Reform und Krieg. Die Deutschen an der Volga im Ausgehenden Zarenreich*. – Essen: 2002. – 315 s.
6. Feldenkirchen W. *Die Firma Siemens im Russischen Reich vor 1914*. // *Deutsche Unternehmen und Unternehmer im Russischen Reich im 19. und fruhen 20 Jahrhundert*. Essen: 1998. –167-188 s.
7. Gall L. *Krupp im 20. Jahrhundert. Die Geschichtedes Unternehmens vom Ersten Weltkrieg bis zur Grundung der Stiftung*. – Siedler Verlag. – Berlin.: 2002. – 245 s.
8. Haussmann G. *Geutsche Kaufleute und Unternehmer im Wirtschaftsleben Odessas am Ende des 19. und zu Beginn des 20. Jahrhunderts. Deutsche Unternehmen und Unternehmer im Russischen Reich im 19. Und fruhen 20 Jahrhundert*. – Essen.: 1998. – 540 s.
9. Swetzer A. *Foreign Investment and Economic Development in Tsarist Russia*. – London, 1996. – URL: https://doi.org/10.1007/978-1-349-24892-6_2
10. Ананьич Б.В. *Россия и международный капитал 1897-1914*. – Л.: Наука, 1970. – 315 с.
11. Гиндин И.Ф. *Русские коммерческие банки. Из истории финансового капитала в России. Под ред. Академика С.Г. Струмилина*. – М.: Госфиниздат, 1948. – 454 с.; Гиндин И.Ф. *Государственный банк и экономическая политика царского правительства 1861-1892 годы*. – М.: Госфиниздат, 1960. – 414 с.
12. Ронин В.П. *Иностранный капитал и русские коммерческие банки*. – М.: Изд. Ком. Ун-та им. Свердлова, 1926. – 144 с.
13. Гольдштейн И.М. *Война, русско-германский торговый договор и следует ли России быть «колонией» Германии*. – Москва : типо-литография Русского товарищества печатного и издательского дела, 1915.
14. Дякин В.С. *Германские капиталы в России: Электроиндустрия и электротранспорт*. – Л.: Наука, 1971. – 287 с.
15. Нанитаивили Н.А. *Германский капитал в Закавказье. Деятельность фирмы «Сименс и Гальске». 1860-1917 гг. Тбилиси: Из-во Акад. наук Грузинской ССР, 1982. – 712 с.*
16. Аветян А. С. *Русско-германские дипломатические отношения накануне первой мировой войны, 1910-1914*. – Москва: Наука, 1985. – 287 с.
17. Хромов П.А. *Экономическая история СССР. Период промышленного и монополистического капитализма в России*. – М.: Высшая школа, 1982. – 240 с.
18. Фридман Ц.Л. *Иностранный капитал в дореволюционном Казахстане*. – Алма-Ата: Казгосиздат, 1960. –144 с.
19. Burkhardt J. *Der Dreissigjarige Krieg. Scheidewege der Deutschen Geschichte*. – Frankfurt, 1992. – 307 s.
20. Бовыкин В.И. *Финансовый капитал в России накануне Первой мировой войны*. – М., РОССПЭН, 2001. – 320 с.
21. Оль П.В. *Иностранные капиталы в народном хозяйстве довоенной России*. – Л.: МФ, 1925. – 35 с.
22. Ван-дер-Беллен А.К. *Риддерское свинцово-цинковое дело*. М.: Цветмет, 1923. – 183 с.
23. Эвентов Л.Я. *Иностранные капиталы в русской промышленности*. – М.-Л.: Красный пролетарий, 1938. – 104 с.
24. Фурсенко А.А. *Нефтяные тресты и мировая политика 1880-е годы-1918 г.* М.: Наука, 1965. – 497 с.
25. Бреттерманн А.К. *Медная промышленность России и мировой рынок*. М.: Издание Академии Наук СССР, 1922. – 136.
26. *Deutsch-russische Wirtschaftsbeziehungen, 1906-1914. Dokumente*. – Berlin, 1991. – S.30.

References:

1. Fridman TS.L. *Inostranny kapital v dorevolyutsionnom Kazakhstane*. – Alma-Ata: Kazgosizdat, 1960. – 144 с.
2. Ziv V.S. *Inostranny kapital v russkoy gornozavodskoy promyshlennosti*. – Petrograd: Redaktsiya periodicheskikh izdaniy Ministerstva finansov, 1917. – 132 s.; Ziv V.S. *Inostrannyye kapitally v russkikh aktsionnykh predpriyatiyakh*. – Petrograd: Redaktsiya periodicheskikh izdaniy Ministerstva finansov, 1915. – 104 s.
3. Sutton E. *Wall Street and the Bolshevik Revolution*. – М.: Russian idea, 2005. – 398 p.
4. Crisp O. *Studies in the Russian Economy Before 1914*. – London: Macmillan, 1976. – p. 12.
5. Doënnindhaus V. *Revolution, Reform und Krieg. Die Deutschen an der Volga im Ausgehenden Zarenreich*. – Essen: 2002. – 315 s.
6. Feldenkirchen W. *Die Firma Siemens im Russischen Reich vor 1914*. // *Deutsche Unternehmen und Unternehmer im Russischen Reich im 19. Und fruhen 20 Jahrhundert*. Essen: 1998. –167-188 s.

7. Gall L. *Krupp im 20. Jahrhundert. Die Geschichtedes Unternehmens vom Ersten Weltkrieg bis zur Grundung der Stiftung.* – Siedler Verlag. – Berlin.: 2002. – 245 s.
8. Hausmann G. *Geutsche Kaufleute und Unternehmer im Wirtschaftsleben Odessas am Ende des 19. Und zu Beginn des 20. Jahrhunderts. Deutsche Unternehmen und Unternehmer im Russischen Reich im 19. Und fruhen 20 Jahrhundert.* – Essen.: 1998. – 540 s.
9. Swetzer A. *Foreign Investment and Economic Development in Tsarist Russia.* – London, 1996. – URL:https://doi.org/10.1007/978-1-349-24892-6_2
10. Anan'ich B.V. *Rossiya i mezhdunarodnyy kapital 1897-1914.* – L.: Nauka, 1970. – 315 s.
11. Gindin I.F. *Russkiye kommercheskiye banki. Iz istorii finansovogo kapitala v Rossii. Pod red. Akademika S.G. Strumilina.* – M.: Gosfinizdat, 1948. – 454 s.; Gindin I.F. *Gosudarstvennyy bank i ekonomicheskaya politika tsarskogo pravitel'stva 1861-1892 gody.* – M.: Gosfinizdat, 1960. – 414 s.
12. Ronin V.P. *Inostranny kapital i russkiye kommercheskiye banki.* – M.: Izd. Kom. Un-ta im. Sverdlova, 1926. – 144 s.
13. Gol'dshhteyn I.M. *Voyna, russko-germanskiy torgovyy dogovor i sleduyet li Rossii byt' «koloniyey» Germanii.* – Moskva: tipo-litografiya Russkogo tovarishchestva pechatnogo i izdatel'skogo dela, 1915.
14. Dyakin V.S. *Germanskiye kapitally v Rossii: Elektroindustriya i elektrotransport.* – L.: Nauka, 1971. – 287 s.
15. Nanitashvili N.A. *Germanskiy kapital v Zakavkaz'ye. Deyatel'nost' firmy «Simens i Gal'ske». 1860-1917 gg.* Tbilisi: Iz-vo Akad. nauk Gruzinskoy SSR, 1982. – 712 s.
16. Avetyan A. S. *Russko-germanskiye diplomaticheskiye otnosheniya nakanune pervoy mirovoy voyny, 1910-1914.* – Moskva: Nauka, 1985. – 287 s.
17. Khromov P.A. *Ekonomicheskaya istoriya SSSR. Period promyshlennogo i monopolisticheskogo kapitalizma v Rossii.* – M.: Vysshaya shkola, 1982. – 240 s.
18. Fridman TS.L. *Inostranny kapital v dorevolyutsionnom Kazakhstane.* – Alma-Ata: Kazgosizdat, 1960. – 144 s.
19. Burkkhardt Dzh. *Tridtsatiletnyaya voyna. Perekrestok nemetskoy istorii.* – Frankfurt, 1992. – 307 s.
20. Bovykin V.I. *Finansovyy kapital v Rossii nakanune Pervoy mirovoy voyny.* – M., ROSSPEN, 2001. – 320 s.
21. Ol' P.V. *Inostrannyye kapitally v narodnom khozyaystve dovoyennoy Rossii.* – L.: MF, 1925. – 35 s.
22. Van-der-Bellen A.K. *Ridderskoye svintsovo-tsinkovoye delo.* M.: Tsvemet, 1923. – 183 s.
23. Eventov L.YA. *Inostrannyye kapitally v russkoy promyshlennosti.* – M.-L.: Krasnyy proletariy, 1938. – 104 s.
24. Fursenko A.A. *Neftnyanye tresty i mirovaya politika 1880-ye gody-1918 g.* M.: Nauka, 1965. – 497 s.
25. Brettermann A.K. *Mednaya promyshlennost' Rossii i mirovoy rynek.* M.: Izdaniye Akademii Nauk SSSR, 1922. – 136.
26. *Deutsch-russische Wirtschaftsbeziehungen, 1906-1914. Dokumente.* – Berlin, 1991. – S.30.

FTAХР / МРНТИ / IRSTI 03.20
ӘОЖ 94(574)"1928"

<https://doi.org/10.51889/2959-6017.2024.80.1.005>

Е.Е. Рахметуллин^{*1}, Б.Б. Төкішқадыров², Р.Д. Ахметова³

¹Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті,
Тарих және құқық кафедрасының оқытушысы, Қазақстан, Семей қ.
E-mail: alash.azamaty@mail.ru

²Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті,
Тарих және құқық кафедрасының оқытушысы, Қазақстан, Семей қ. E-mail: botabek87@mail.ru

³Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті,
Тарих және құқық кафедрасының аға оқытушысы, тарих ғылымдарының кандидаты,
Қазақстан, Семей қ. E-mail: r.d.akhmetova@mail.ru

1928 ЖЫЛҒЫ ДЕКРЕТ: ҚАЗАҚ БАЙЛАРЫНЫҢ ТАҒДЫРЫ МЕН ТРАГЕДИЯСЫ

Аңдатпа

Мақалада 1920-1930 жылдары қазақ даласында берік орнаған Кеңес үкіметінің аграрлық саясаты, әсіресе, 1928 жылғы 27 тамыздағы қазақтың ауқатты топтарын тәркілеу туралы қаулының қабылдануы, жүзеге асырылу барысы және кеңестік саясаттың қудалауына ұшыраған қазақ қоғамына белгілі әулеттердің тағдыры баяндалады. Ұжымдастыру жылдары тәркілеуге саясатының зардабы бүгінгі таңда әр отбасының тарихында терең із қалдырғаны анық. Осы мәселені зерттеу барысында тәркілеу саясатының аса өзекті тұсы – ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде қазақ даласындағы саяси өзгерістерде маңызды рөл атқарған текті әулеттер мен белгілі тұлғалардың жеке істері, құжаттары басты назарға алынды.

ХХ ғасырдың басындағы жағдай, саяси үдерістер, Алаш қозғалысы сынды тарихи тәні айрықша оқиғаларды зерттеу барысында жоғарыда аталған қазақ қоғамының әлеуметтік топ өкілдерін тереңдете зерттеген абзал. Ұлт зиялылары бастаған барлық келелі істердің бас-қасында, қазақ қоғамы үшін тағдыршешті қадамдарда Жетісудағы Маман әулеті ұрпақтары, Арқа өңірінен Ақайдың Хасені, Ақбай Ыбыраев, баянауылдық Шормановтар, Семей-Шыңғыстау өңірінен Қаражан Үкібаев, Ике Әділов, Ақкенже Ақмағамбетов, Орал облысынан атақты Сырым Датұлының шөбересі Салық Омаров сынды ауқатты топтардың материалдық және қаржылық қолдауы, елді жұмылдыра білуі үлкен рөл атқарды. Тәркілеу құжаттарында олардың патша өкіметі тұсындағы атқарған қызметтері, Уақытша үкімет пен Алашорда билігі кезеңіндегі саяси ұстанымдары айыптауға басты негіз болып көрсетілген. Мұндай текті әулеттер қазақ даласының әр бөлігінде кездесіп отырды.

Мақалада тәркілеу саясатының зардабын бүкіл әулет болып басынан өткерген әулеттердің қуғын-сүргін тарихы мен тағдырын негізге ала отырып, олардың көпшілікке беймәлім тұстарын ашуға талпыныс жасалды.

Кілт сөздер: тәркілеу, интеллигенция, ұжымдастыру, ашаршылық, Кеңес үкіметі, отаршылдық, аристократия, қуғын-сүргін, Алашорда, эмиграция, аграрлық саясат.

Рахметуллин Е.Е. ^{*1}, Токишқадиров Б.Б. ², Ахметова Р.Д. ³

¹Университет имени Шакарима, преподаватель кафедры Истории и права, Казахстан, г. Семей,
E-mail: alash.azamaty@mail.ru

²Университет имени Шакарима, преподаватель кафедры Истории и права, Казахстан, г. Семей,
E-mail: botabek87@mail.ru

³ Университет имени Шакарима, старший преподаватель кафедры Истории и права, кандидат исторических наук,
Казахстан, г. Семей, E-mail: r.d.akhmetova@mail.ru

ДЕКРЕТ 1928 ГОДА: СУДЬБА И ТРАГЕДИЯ КАЗАХСКИХ БАЕВ

Аннотация

В статье освещается аграрная политика Советского правительства, прочно утвердившаяся в казахской степи в 20-30-е годы ХХ века, в частности, принятие и ход реализации декрета от 27 августа 1928 г. о конфискации имущества зажиточных казахов, а также рассматривается судьба известных в обществе

казахских семей, подвергшихся преследованиям советской власти. Очевидно, что последствия, вызванные конфискацией в годы коллективизации оставили глубокий след в истории каждой современной семьи. При исследовании особое внимание было уделено одному из актуальных аспектов периода политики конфискации - личным делам, документам известных семейств и личностей, сыгравших важную роль в политических преобразованиях в казахской степи в конце XIX - первой четверти XX века. В ходе изучения политических процессов, исторических событий начала XX века, таких как движение Алаш, необходимо углубленно изучать представителей вышеназванных социальных слоев казахского общества. Важную роль в судьбоносных для казахского общества начинаниях национальной интеллигенции сыграла материальная и финансовая поддержка зажиточных слоев, таких как потомки рода Мамановых в Жетысу, Хасен Акай, Акбай Ыбыраев из Сарыарки, Шормановы из Баянаула, Каражан Укибаев, Ике Адилев, Аккенже Акмагамбетов из Семей-Шынгыстауского региона, правнук знаменитого Сырыма Датулы Салык Омаров из Уральской области, их умение мобилизовать народ. В документах о раскулачивании и конфискации в качестве основания для обвинения приводилась их деятельность при царской власти, политические взгляды в период Временного правительства и правления Алашорды.

В статье предпринята попытка раскрыть неизвестные моменты из истории судеб целых семейных династий казахов, пострадавших в результате репрессий в ходе политики конфискации.

Ключевые слова: конфискация, интеллигенция, коллективизация, голод, Советское правительство, колониализм, аристократия, репрессии, Алашорда, эмиграция, аграрная политика.

*E.E. Rakhmetullin^{*1}, B.B. Tokishkadirov², R.D. Akhmetova³*

¹*Shakarim University, Lecturer of the Department of History and Law, Kazakhstan, Semey,
E-mail: alash.azamaty@mail.ru*

²*Shakarim University, Lecturer of the Department of History and Law, Kazakhstan, Semey,
E-mail: botabek87@mail.ru*

³*Shakarim University, Senior Lecturer of the Department of History and Law,
Candidate of Historical Sciences, Kazakhstan, Semey,
E-mail: r.d.akhmetova@mail.ru*

DECREE OF 1928: THE FATE AND TRAGEDY OF THE KAZAKH BAYS

Abstract

The article describes the agrarian policy of the Soviet government, which was firmly established in the Kazakh steppe in the 20-30 years of the XX century, especially the adoption of the resolution on the confiscation of wealthy Kazakh groups of August 27, 1928, the course of its implementation and the fate of dynasties known to the Kazakh society, who were persecuted by Soviet policy. It is clear that the consequences of the confiscation policy in the years of collectivization have left a deep mark on the history of every family today. In the course of the study of this issue, special attention was paid to the most pressing aspect of the confiscation policy – personal files, documents of noble dynasties and famous persons who played an important role in the political changes in the Kazakh steppe in the late XIX-first quarter of XX centuries.

In the course of studying such significant historical events as the situation at the beginning of the XX century, political processes, and the Alash movement, it is necessary to study in depth the representatives of the above-mentioned social groups of Kazakh society. Material and financial support, the ability to mobilize the country, the descendants of the Zhetysu dynasty of specialists, Akai Khase from the Arka region, Akbay Ibraev, Bayanaul Shormanov, Karazhan Ukibayev from the Semipalatinsk-Chingistau region, Ike Adilov, Akkenzhe Akmagambetov, great-grandson of the famous Syrym Datuly from the Ural region played a huge role in all the important events initiated by the National intelligentsia, and the ability to mobilize the country. The confiscation documents indicate their activities under the Tsarist government, political positions during the period of the Provisional Government and the rule of Alashorda as the main grounds for prosecution. Based on the history and fate of the repressions of the dynasties, who suffered the consequences of the confiscation policy as a whole, an attempt was made to reveal their unknown to the general public.

Keywords: Confiscation, intelligentsia, collectivization, famine, Soviet power, colonialism, aristocracy, repression, Alashorda, emigration, agrarian policy.

Кіріспе. Қазақ халқының тарихында ХХ ғасыр аса маңызды, әрі қайғылы оқиғаларымен ерекшеленетін күрделі кезең ретінде өшпестей орын алды. Мемлекет құру, ұлт мұраты мәселелерінің көтерілуі, халықтың саяси санасына қозғау салған зиялы қауым толқынының тарих сахнасына шығуы аталмыш ғасырдың еншісіне жазылған ірі саяси оқиғалар болатын.

Осынау саяси өзгерістер мен үдерістер тұсында тарихи оқиғаларға белсене араласқан ұлттық буржуазия өкілдерінің орны айрықша көрініс берді. Әсіресе, Алаш қозғалысы, Алашорда үкіметі, Азамат соғысы жылдары қазақ қоғамында айрықша беделге ие әлеуметтік топ өкілдері өздерінің саяси ұстанымдарын анық көрсетті. Тіпті, Ақ пен қызыл арасындағы текетірес кезінде де антибольшевиктік коалиция қатарында болып, кеңестік билікке қарсы күресті. 1920 жылдары кеңестік билікті толықтай орнату жолындағы күрес бағыттарының бірі – бай-қулақтарды тап ретінде жою және жер аудару науқаны арқылы жалғасын тауып жатты. Олардың айыптау қорытындыларында жоғарыда аталған әрекеттері баса көрсетілген еді.

Кеңестік биліктің қазақтың ауқатты топтарын тәркілеу науқаны сан ғасыр бойы мал шаруашылығын тіршілігіне негіз еткен қазақ қоғамы үшін орны толмас зардаптардың бірі болып, дәстүрлі мал шаруашылығының күйреуіне әкеп соққаны белгілі. Осы науқанның артында қазақ даласын жайлаған алапат ашаршылық, орасан зор демографиялық апат күтіп тұрды.

Материалдар мен әдістер. Мәселені зерттеудің деректік базасы ретінде өңірлік және республикалық архив қорларындағы құжаттар кешені негізге алынды. Атап айтқанда, Семей қаласындағы Абай облысының Қазіргі заман тарихы құжаттандыру орталығындағы (ҚЗТҚО) 74-қор (Жұмысшы, шаруа және Қызыл әскер депутаттары Кеңестерінің Семей округтік атқарушы комитеті), Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві (ҚР ОМА) қорындағы 135 қор (ҚазКСР Орталық Атқару Комитеті жанындағы бай-жартылай феодалдардың мүлкін тәркілеу және жер аудару жөніндегі орталық комиссия) құжаттары зерттеу жұмысының бағыт-бағдарын айқындап, ғылыми құндылығын арттыра түсті. Аталған қорлардың істерінде жергілікті партиялық және кеңестік органдар отырыстарының хаттамалары, қазақ ауылында байларды тәркілеу бойынша жүргізіліп жатқан іс-шаралар туралы баяндамалық жазбалар, мүліктік тізімдемесі бар байлардың тізімдері және олардың отбасылық құрамы мен жер аудару өңірлері және т. б. зерделенді.

Сондай-ақ, 1928 жылғы тәркілеу саясатының бейнесін аша түсетін құжаттар жинақтарының да зерттеу бағыты үшін деректік маңызы зор. Әсіресе, жергілікті архив деректері негізінде құрастырылған «Неизвестные страницы истории Семипалатинского Прииртышья (20-30 гг. XX века)» жинақта [1] және Болатбек Нәсеновтың еңбектерінде [2] құнды мәліметтер топтастырылған. Оларда ел ауқымында да, белгілі бір аймақта да иеліктен шығару және ұжымдастыру үдерістерін қадағалауға мүмкіндік беретін статистикалық және танымдық мәліметтер бар. Бұл дереккөздер репрессиялық саясат арқылы экономиканы өзгертудің кезекті әрекеті болған Кеңес үкіметінің көшпелі шаруалардың ауқатты топтарын жою саясатын көрсетеді.

Мақалада тарихи зерттеу жұмыстарында жиі қолданылатын тарихилық, объективтілік, тарихи-салыстырмалы талдау және статистикалық әдістер басшылыққа алынды. Осы жұмысты зерделеуде ғылыми зерттеудің жүйелілік әдісі басшылыққа алынды, оны пайдалану қазақ байларын қулақтарды жою процесін кешенді және жан-жақты қарауға және талдауға мүмкіндік берді. Тарихилық және объективтілік принциптері зерттелетін кезеңнің нақты тарихи жағдайларын ескеруге, сондай-ақ талданған тарихнамалық материалдар мен көздерге сыни тұрғыдан қарауға жол ашады. Зерттеу нысаны ретінде қарастырылып отырған мәселе қазақ қоғамының экономикалық, аграрлық және әлеуметтік құрылым тарихын қамтитын болғандықтан, пәнаралық зерттеу әдістері және тұлғатану бағытындағы айқындаушы қағидалар да тақырыпты егжей-тегжейлі саралауға ықпал етеді. Қазақ халқының басынан өткен ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы аграрлық өзгерістер тұсында қазақтың ауқатты азаматтары «мүліктік қысымға» ұшырау үрдісі бүгінгі таңда жаңаша методологиялық ұстанымдар негізінде зерделеуді қажет етеді. Біздің жұмысымыздың негізгі өзегі – нақты құндылықтарды тасымалдаушы қазақ байларының жекелеген өкілдері болғандықтан, зерттеудің гуманистік мәніне назар аударуға мүмкіндік берген тарихи антропология принципі негізгі бағыттардың бірі болды. Мәселен, Кеңес өкіметі орнағанға дейінгі кезеңдегі қазақ байларының әлеуметтік жағдайы, 1928 жылғы тәркілеу науқанынан кейінгі мал-мүлкінен айырылған тұлғалардың және олардың ұрпақтарының тағдыры ғылыми-көпшілік үшін әлі де беймәлім болып отыр.

Талқылау. Мәселені зерделеу барысында отандық тарихнамада ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы ақтандақ кезең бойынша тәуелсіздік жылдары жарық көрген зерттеу еңбектері пайдаланылды. Солардың арасында аталған мәселе бойынша негізгі ізашар еңбек Т. Омарбековтың еңбектері [3] ғылыми және тарихи тұжырымдамалық жағынан жоғары мәнге ие. Осы бағытта қорғалған кандидаттық және докторлық

диссертация жұмыстары да ХХ ғасырдың 20-30 жылдарында жүзеге асырылған саяси науқандардың сипаты мен барысын айқындауға септігін тигізеді. Біздің тақырыпқа қатысты зерттеу-лердің ішінде Е.С. Қуандық докторлық диссертациясын [4] және Қ.Т. Сантаеваның [5] кандидаттық диссертациясын атап өткен жөн, олар сондай-ақ ХХ ғасырдың 20-30 жылдары жүзеге асырылған саяси науқандардың сипаты мен барысын анықтауға ықпал етеді. Сондай-ақ осы тақырыпқа қатысты жарық көрген С.Жакишеваның [6] еңбегінде ҚР Орталық мемлекеттік архивінің құжаттары негізінде бай шаруашылықтарды тәркілеу саясаты жаңаша методологиялық ізденістер тұғысында зерделенген.

Нәтижелер. Қазақ қоғамының ұлттық, экономикалық, аграрлық құндылықтарын күйреткен саяси науқан 1928 жылғы 27 тамыздағы Декреттен бастау алады.

1928 жылы 27 тамызда Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитеті мен Кеңес Халық Комиссариатының «Ірі бай шаруашылықтардың және жартылай феодалдардың мал-мүліктерін тәркілеу және жер аудару туралы» қаулысы қабылданды. Аталған Қаулы мәтінінде: «Қазақ республикасы әлеуметтік құрылымы тұрғысынан мәдени артта қалған ұлт және төңкеріске дейінгі өзгермеген көшпелі-рулық қалыпта тіршілік кешеді. Қазақстан даласындағы мал-мүлік қожайындары мен бұрынғы әлеуметтік басымдыққа ие топ өкілдері кеңестік биліктің ауыл-аймақтарда жүргізіп отырған науқандарына барынша нұсқан келтіріп, ұлтаралық және рулық араздықты одан сайын өршітуде. Бұл ең алдымен шаруалар қауымын экономикалық кіріштарлықта ұстап, аймақтың экономикалық және мәдени өркендеуіне кедергі жасайды [7, 68 п.] деп көрсетілген.

1928 жылы 30 тамызда КазАКСР Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссариатының 1928 жылы 27 тамыздағы «Бай шаруашылықтарды тәркілеу және жер аудару туралы» Қаулысы қолданысқа енгізілді. Онда: «ҚазАКСР ОАК және Халық Комиссариатының қаулысын орындау барысында мал-мүлкі тәркіленген ауқатты тап өкілдері, рулық қатынасты берік ұстаушылар, өзінің дәулетімен ерекшеленгендер және қоғамдағы беделін пайдаланатындар, ауылды кеңестендіруге барынша кедергі жасаушыларды жер аударуға шешім қабылданды.

Жер аударуға жататындар:

1) Көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын өңірлерде 400 бастан жоғары ірі қара малы бар, ал жартылай көшпелі өңірлерде 300 бастан жоғары малы бар, отырықшы аудандарда – 150 ден жоғары ірі қара малы бар, сондай-ақ, жергілікті халыққа зардабын тигізіп, рулық жүйедегі зор беделін алға тартып, ауылды экономикалық кіріштарлықта ұстайтындар және ауылда кеңестік саясатты жүзеге асыруға кедергі келтіретіндер:

2) Қолындағы малы Қаулыда көрсетілген мөлшерлемеге толмаса да, жергілікті органдар қоғамға зиянды деп танып, әлеуметтік тұрғыдан қауіпті топ деп шешкен адамдар;

3) Айрықша топқа өкілдері: хан және сұлтан тұқымдары, бұрын болыстық қызмет атқарғандар, патша билігі тұсында сый-құрметке ие болғандар, жеке және мұрагерлік атақтарға қол жеткізгендер» [8, 9 п.].

2. 1928 жылы 30 тамызда «Қаз ХХК мен ОАК 1928 жылғы 27 тамыздағы қаулысына сәйкес тәркілеуге ұшырағандарды жер аударатын аудандырын анықтау туралы» ҚазАКСР ХХК қаулысы қабылданды. Қаулы бойынша тәркілеуге ұшырағандардың жер аударылатын аудандары төмендегідей белгіленді: Жетісу және Сырдария округтері Оралға, Орал округінен Жетісуға, Гурьевтен Петропавлға, Қарқаралыдан Қостанайға, Семейден Сырдарияға, Павлодардан Ақтөбеге, Қызылордадан Адай округіне, Ақмоладан Гурьевке, Ақтөбеден Қарқаралыға, Қостанайдан Семейге жер аударылды [9, 3 п.].

Тарихшы-ғалым Т.Омарбековтың зерттеулері бойынша, 1928 жылғы Қаулыға сәйкес, тәркілеу науқаны 696 қожалықты қамтығаны белгілі. Оның 562-сі аса ірі байлар санатында қарастырылса, екінші деңгейлі топқа 134 шаруа қожалығы жатқызылды. Алайда, алғашқы санатқа жатқызылғандардың барлығы да байлар емес болатын. Біразы хан-сұлтандардың, датқалар мен билерінің тұқымына жатқызылғандықтан тәркіленді. Дін өкілдері болғаны және Алаш қозғалысының қатысушылары ретінде айыпталғандары да бар. Тәркілеу науқанына ұшырағандардың әлеуметтік құрамы негізінен төмендегідей: а) болыс басқарушылар, хандар, датқалар және т.б. тұқымдары – 24; ә) атқамінерлер, ақсақалдар, билер (бұрынғы соттар) – 76; б) молдалар, ишандар және т.б. – 8; в) бұрынғы алашордашылар және чиновниктер – 44; ірі мал иелері мен ауылды кеңестендіруге қарсы болғандар – 323. Осы тәркілеуге ұшыраған тұлғалардан ірі қараға шаққанда барлығы 144474 бас мал алынған [3, 83-84 бб.].

Қазақстанда тәркілеу науқанына, негізінен Орал, Қостанай, Петропавл және Ақмоланың солтүстік бөлігі, Ақтөбенің солтүстік-батысы, Павлодар мен Семейдің солтүстік-шығысы, Алматы округінің шығысы, сондай-ақ Оңтүстік Қазақстан аудандары тартылды. *Қазақ халқының әлеуметтік құрылымының ауқатты бөлігіне қарсы бағытталған тәркілеу науқанының ішінде кімдер бар еді? Қазақтың қандай текті дәулеттері тәркілеуге ұшырады?* Ендігі кезекте осы сұрақтарға жауап іздесек.

Тәркілеу саясаты қазақ қоғамына ауыр соққы болып тиді. Бұл аграрлық реформадан Қазақстанның көшпелі және жартылай көшпелі аймақтары да шет қалмады. Аталған науқан қазақтың аграрлық саясатымен қатар, қонақжайлыққа негізделген мәдениетін де күйзеліске ұшыратты. Қазақ қоғамында ақыл-ойымен абырой-беделге ие болған текті әулеттің ұрпақтары да кеңестік саясаттың шырмауына ілінді. Бұл науқан «қарадан шығып хан болған» Құнанбай ұрпақтарын да айналып өтпеді. Солардың бірі Абайдың ұлы Турағұл Құнанбаев еді.

Семей округі Шыңғыстау ауданының тұрғыны Тұрағұл Ибрагимовты тәркілеуге қатысты 1928 жылдың 23 қарашасындағы жеке ісінде былай деп көрсетілген: «Ибрагимов Турағұл танымал және абыройлы рубасшысы, патша өкіметі тұсында болыс басқарушысы және ауқатты болған. Алашорда үкіметі қызметіне кіріскен жылдары олардың негізгі қолдаушыларының бірі болып Қолчак билігімен бірлесіп, кеңестік билікке қарсы күресіп, ауылда рулық жүйені ұстанып, ауылда кеңестік саясатты орнатуға кедергі келтірді» [10, 3 п.]. Сондықтан да, жоғарыда аталған айыптауларға сәйкес, Тұрағұл Ибрагимовты жер аударылатындардың тізіміне енгізіп, 1928 жылғы 27 тамыздағы қаулыға бойынша екінші топқа жатқызған [2, 230 б.]. Тұрағұлдан бар болғаны 36 бас қана мал тәркіленген екен. Алайда, жоғарыда көріп тұрғанымыздай, байлардың санатына қосылған.

Ақиқатында, қазақ қоғамының негізгі тірегі болған байлар, алпауыт шонжарлар болатын. Қазақ қоғамындағы болып жатқан мәдени – саяси істердің басы қасында осы қазақ байлары жүрді. Оқу – ағарту саласындағы жаңалықтар: мектеп – медреселердің салынуы, мешіттердің бой көтеруі, «Халықтың көзі, құлағы һәм тілі» болып табылатын газет – журналдардың шығуына демеушілік жасау, қазақ жастарын үлкен қалаларға оқуға жіберіп, стипендия тағайындау т.б. меценат байлардың ықпалымен іске асырылған игі шаралар болатын. Сондай ұлы адамдар Абыралы, Шыңғыстау, Қарқаралы өңірлерінде аз болмаған. Солардың бірі де бірегейі – Қаражан Үкібаев еді. Семей қаласындағы ет және тері өнеркәсібінің негізін қалаған, әрі Мәскеуден алған бірінші гильдиялы көпес құжаты бар Қаражан Үкібаев Қазан революция-сына дейін қалтасы қалың, аса бай миллионерлердің бірінен саналды. Алаштың зиялы азаматы, заңғар жазушы Мұхтар Әуезов 1918 жылы «Абай» журналын шығару мақсатында Қаражан Үкібаевқа қаржылық жағынан қолдау көрсетугін сұрап барған екен. Миллионер бай Мұхана журналды «шығарсаңыз болды, қанша қаражат қажет болса да, көмектесемін» - дейді [11, 76 б.]. Қаражан бай бұдан басқа көптеген игілікті істер атқарған. 1905-1906 ж. М. Дулатов абақтыға жабылғанда, 5 мың сом беріп босаттырып алған [2, 565 б.]. Осыдан барып, кешегі қазақ байларының ұлт зиялыларымен бірігіп халық үшін атқарған істерін қалайша жокқа шығарамыз.

Мұрағат құжаттарындағы 1928 жылғы 27 тамыздағы қазақ байларын тәркілеуге байланысты қабылданған декреттегі Қаражан Үкібаевтың жеке ісінде оған мынадай мінездеме берілген: «Қаражан Үкібайұлы жеті атасынан бері қарай байлығы үзілмеген шонжар, шіріген бай, әрі Алашорданың маңдайына басқан байының бірі болып, Алашорданың өмір сүруіне жанын салып қызмет етті. Кеңес үкіметіне дұшпандық ниетте болып, қазақ ауылындағы кедейлерді аузына қаратып, Қаражан аты жер жарған» [12, 14 п.].

1926 ж. 22 шілдедегі қаулы бойынша Үкібаев Қаражан қылмыстық кодекстің 10 және 83 тармағы бойынша қылмысты деп танылып, істері қарауға жіберілген.

Тексеру бойынша, Үкібаев Қаражан, бай, 58 жаста, ірі мал шаруашылығы бар, бұрынғы ірі көпес және патша заманындағы ірі ел билеушілері деп көрсетілген [2, 238 б.]. Бұл мәліметтер Қаражанның мүлкін тәркілеп, отбасын жер аударуға толығымен жеткілікті дәлелдер еді.

1928 жылғы 27 тамызда 1928 жылғы 27, 28, 29 және 30 қыркүйекте өткен БОАК және ХКК декретін өткізу жөніндегі Шыңғыстау аудандық комиссиясының отырысының хаттамасында былай көрсетеді:

«Тыңдады: 10. Шаған болысының № 1 ауылы бойынша уәкіл Дәулетбаев жолдастың баяндамасы.

Қаулы етті: Дәулетбаев жолдастың баяндамасын тыңдап және ұсынылған материалдарды қарап, аудандық комиссия мынаны келтіреді:

Үкібаев Қаражан, 1 топ санатында, 66 жаста, отбасының 4 мүшесі бар, Қосшы қолындағы ірі қара мал 1/1-101,17-ге ауыстырылған, патша кезінде болыс басқарушысы болған, ақ гвардияшылар кезінде қызылдарға қарсы кеңестік биліктің орнатылуына барынша кедергі жасап, рулық алауыздықты тудырды. 1926 жылы үш жылға жер аударылып, бірақ қашып кетті. Қазіргі уақытта басқа бай Әділев Икемен бірге қашып жүр» [13, 51 п.]. Яғни, көріп отырғандарыңыздай, тәркілеу науқанына дейінгі Қаражан Үкібаевтың барлық іс-әрекеттері тіркелген.

1928 жылдың 28 тамызындағы Қазатком (ҚазОАК, немесе Қазақ ОАК) мен ҚазАКСР (Қазақ АКСР) ХКК-нің (Халық Комиссарлар Кеңесінің) декретін орындау жөніндегі Шыңғыстау аудандық комиссиясының 1928 жылдың 31 қазанында өткен мәжілісінің №7 хаттамасында Қаражан Үкібаевтың обасы құрамы төмендегідей көрсетілген:

«Тыңдады:

Қаражан Үкібаевтың отбасы құрамындағы қосымша мәліметтер.

Қаулы етті: қолда бар материалдар негізінде Қаражан Үкібаев отбасының құрамы төмендегідей түрде айқындалсын:

Үкібаев Қаражан – 62 жаста,

Бірінші әйелі Айтжан – 58 жаста,

Екінші әйел Қазы – 40 жаста,

Ұлы Бекетқазы – 8 жаста,

Ұлы Слямғазы – 7 жаста,

Ұлы Әмірғазының – 5 жаста,

Ұлы Тоқташ – 23 жаста.

Қалған мал мен аула ғимараттары бар тұрғын үй-жайларды тәркілеу» [14, 52 п.].

1928 жылы Үкібаевтар әулетін Жетісу жаққа, кейін қырғыздың Бішкек қаласына жер аударады. Петербургтың финанс институтын бітірген Тоқташ (Тоқтарғазы) Фрунзе финанс техникумының директоры болып, Үкібаевтар отбасын аман алып қалады. Ұрпақтары қазір Қырғызстанда тұрады [15, 39-40 бб.].

Алашорда үкіметіне ниеттес болып, Кеңестік билікпен соңғы демі қалғанша қарсыласып өткен ұлтшыл байлардың бірі – Ике Әділов болатын.

1928 жылғы 10 тамызындағы жағдай бойынша, Әділов Икенің жеке ісіне келетін болсақ былай деп жазылған: Әділов Ике шыққан тегі қазақ, Семей округіне қарасты Шаған болысында тұрады, орта білімді, 2-әйелі бар, отбасы мүшесі 7 адамнан тұрады. 596 ірі толы, 900 ұсақ малы бар.

Бұрынғы билеуші және би. Колчактың басқаруымен таудағы облыстық қырғыз атқару комитетінің мүшесі болды. Алтын медальмен, халатпен және мақтау қағазымен марапатталған.

Азамат соғысы кезінде Алаш Орда үкіметіне белсенді материалдық қолдау көрсетті. Алашорда отрядтарын ұйымдастыруға қатысып, қызыл әскерлерге қарсы операцияларда атаман Анненковпен байланысты қолдады.

1921-22 жж. азық-түлік салымын орындамағаны үшін үгіт жүргізді, бұл Кеңес өкіметі өмір сүрген барлық уақыт ішінде өткізілген іс-шараларда көрініс тапты, Әділев салық салу объектілерін жауып тастады.

1928 жылы астық дайындау және басқа да компаниялар кезінде Кеңес өкіметінің жақын аяқталуын болжап, компанияны бұзуға бағытталған үгіт-насихат жүргізді.

1927 жылы Әділев басқа баялармен бірлесіп, ОГПУ алқасының қаулысы бойынша Рубцовск округінің шегіне әкімшілік жер аударылып, 1928 жылы Шаған тауларына қашып кетеді, Семей қаласының кейбір жұмыскерлерімен байланыста бола отырып, Шаған болысынан, басқа баялармен бірлесіп, өзімен бірге 100 жылқы мен бірнеше қарулы жігіт алып, Моңғолияға қашып кетеді, бұл жерде КСРО-ға қарсы қарулы жасақтар құруға кірісуді көздейді. МУА Нач. Востотделом Катков Уәкілетті Сагитов [16, 47 п.]. Ике кейін Қытайға өтіп, сол жақта Кеңес әскерлерінің қолына түседі.

Тәркілеуге қатысты құжаттарда Әділов Икенің отбасы мүшелерінің төмендегідей тізімі берілген: «әйелдері – Мақыш – 47 жас, Бәтиқа – 32 жас, ұлдары – Мұқан – 9 жас, Нәубат – 5 жас, Шапағат – 1 жас, қызы – Хайрия – 11 жас».

Қабылданған қаулыға сәйкес, Семей округінің байлары Сырдария округіне жер аударылды. Ике әулеті де 1928 жылы жер аудару ережесінде көрсетілгендей, оңтүстік өңірге жіберіледі.

Ике ұрпақтарының кейінгі тағдыры жайында Сырым Бөкейханов өзінің «Өткен күнде белгі бар» мемуарлар жинағында былай дейді: «Біздің анамыз тобықты руынан. Ол кісінің әкесі Әділов Икеберген (жұрттың бәрі ол кісіні Ике деп атап кеткен) Семей округі Шаған болысының екінші ауылының қазағы екен. Екі әйелі болыпты. Бәйбішесі Мағрипадан Бапаш апай, ал тоқалы Бәтихадан біздің мамымыз туған...

1928 жылы Бәтиқа әжемізді «құлаққа тартып», Семейден жер аударады. Сөйтіп ол кісі төрт баласымен оңтүстік өлкеден бірақ шығады. Ағайынды үш ұлдың бірі Нәубат жолда қайтыс болады. Әжеміздің жанында Мұхаметқали (Мұқан), Шапағат (Шәпет аға) және біздің мамымыз Хайрия қалады, олар бір орнында көп тұрақтай алмайды – Тоқмақ, Бішкек, Сайрам, Шымкент қашқындарға уақытша ғана тұрақ болыпты.

Ақыры аяғында әуірім тәңірмен менің мамам мен Мұқан аға да Шымкентте жұмысқа ілігеді, ал Бәтиқа әжеміз Сайрамдағы асханада аспаз болыпты. Балалардың кенжесі болғандықтан Шәпет үнемі сол кісінің маңайында жүреді. Әжеміз басында әредік балаларына келіп-кетіп жүреді де, біраздан соң Шымкентке біржола қоныс аударады. Әкем сол кезде Қаптанбектегі мақта-иригациялық техникумда сабақ беріп жүреді, мамаммен сол жерде танысыпты.

1933 жылы Бәтиқа әжеміз балаларымен бірге өзінің келешек күйеубаласының маңына, Алматыға көшіп келеді...

Әкем мен анам некелерін көпке дейін тіркемеппі – екеуі де қуғын-сүргінде жүрген отбасының ұрпағы болғандықтан кез-келген тосын жағдайды күн сайын күтіп, сақтанады екен. Содан менің ағам Ибраш дүниеге келгенде ғана ата-анамыз некелерін тіркетіпті [17, 139-140 бб.]. Бұл қуғын-сүргінде жүрген екі әулет – Бөкейхан әулеті мен Икенің отбасы еді.

Семей-Шыңғыстау өңірінде елге белгілі тағы да бір тұлға Ақкенже Ақмағамбетов. Ақкенже Өскенбай әулетінен тарайтын, ауқатты тұқымдардың санатынан екендігі белгілі. Ақпан төңкерісінен кейінгі кезеңде Алашорда басшыларымен тізе қосып қимылдаған азаматтардың бірі де осы Ақкенже болатын.

1928 жылғы нәубет оны да айналып өтпеді. Тәркілеу құжаттарындағы жеке ісінде оған төмендегідей анықтама берілген:

«Ақкенже Ақмағамбетов Семей округінің Шыңғыс болысы ауылының №4 казактарынан шыққан. Үйленген, отбасы 5 адамнан тұрады.

480 бас ірі қара және 12000 бас ұсақ мал бар, үнемі 6 батырақ жұмыс істейді.

Патша үкіметі мен Қолчак билігі тұсында би болды; Алашпартиясының мүшесі болды. Алашорда отрядтарына кедейлерді тартумен айналысты және материалдық қолдау көрсетті. Ол кеңеске қарсы бел-сенді қызмет атқарды, ол үшін сот және тергеу жүргізілуде. Ел арасында айрықша беделге ие» (18, 66 п.).

Ақкенже Ақмағамбетовке Семейдің Орталық Атқару Комитеті осы куәлік берді, ол 1928 жылғы 27 тамыздағы БОАК және ҚССР ХКК декретіне (ірі бай-жартылай феодалдарды көшіру және тәркілеу туралы) және Өлкелік Атқару комитеті Төралқасының 1928 жылғы _ қазандағы №45 қаулысына сәйкес, оның отбасы құрамы төменде көрсетілген:

- 1) Жұмжұмның әйелі 31 жаста
- 2) Қызы Фарида 9
- 3) - Ләбиба 6
- 4) Ұлы Серікжан 15
- 5) Анасы Тыржымық 71

1928 жылғы 30 тамыздағы КазСовнарком қаулысына сәйкес осы округтің Атқару Комитетінің нұсқауы бойынша Сырдария округінің шегіне, жергілікті жерге шығарылады [19, 61 п.].

Сондай-ақ қазақ даласын аты шыққан ірі бай, қазақ руханиятының қамқоры саналатын Маман байдың ұрпақтары да ұжымдастыру саясатының құрбаны болды. Байлығын ел игілігіне жұмсаған Маман әулеті 1928 жылғы 27 тамыздағы қаулыға сәйкес тәркілеу тізіміне жатқызылды. Мұрағат қорларынан алынған мәліметтер бойынша Ақсу ауданынан Маман әулетінің 6 ірі байының мал-мүлкі тәркіленген. Жеке істерінде оларға патша билігі кезінде ел басқарғандығы, Алаш партиясына мүше болып, Алашорда үкіметіне жақтас болғаны, ақтармен бірігіп, большевиктерге қарсы күрескендігі айып болып тағылып, Маман балаларынан 1720 ірі қара, 13 ақ үй, 13 ағаш үй тәркіленген. Тәркілеу және жер аудару туралы қаулыда көрсетілгендей бұлардың барлығы Орал өңіріне жер аударылды [20, 171-174 бб.].

Мамановтардың 1928 жылғы тәркілеу істерінде төмендегідей анықтама берілген:

«Маманов Есенғұл, Жетісу губерниясы, Талдықорған уезі, Биен-Қуенді болысы, №5 ауыл (Қазіргі Биен-Ақсу ауданы) қазағы, 50 жаста, 1 ондық егіс, 515 бас ірі қара, 1500 ұсақ мал (ірі 815 басқа аударылған) тізім бойынша 178 бас ірі, 976 ұсақ мал (ірі 377-ге аударылған) бар. Сонымен қатар, Ұлы Абдулламен бірге 23 ірі және 130 ұсақ (және 49 ірі малға), барлығы 426 бас тіркелген.

1928 жылы 2690 р. сомада қосымша жеке салық салынды, отбасы 17 адамнан тұрады, экономикалық жағынан мықты және орыс автократиясы жанындағы «Қадыралы» руынан шыққан бұрынғы би, материалдық Алашордаға көмектескен, Қытайға екі рет қоныс аударған, мал ұрлығы үшін жауапқа тартылған, реакциялық ниетте болған» [21, 1п.] деп сипаттама берген.

Тәркілеу бойынша екі айлық жұмыс барысында ауылдың еңбек бұқарасымен кездескен Есенғұл Мамановтың революцияға дейін «Қыдыралы» руынан шыққан, шексіз билікті қолданғаны анықталды. Оның ықпалы, күші және ол жасаған озбырлығы бір ауылмен немесе бір болыспен шектеліп қана қоймай, көптеген «Найман»рулары мекендейтін кең аумақты басқарды. Тіпті, Мамановтар өздерінің ықпалын бүкіл уезге және тіпті провинцияға таратты. Ірі сауда операцияларын жүргізе отырып, Мамановтар Семей, Ақмола губернияларының саудакәсіпкерлеріменпатша билігі және Ақпан төңкерісі тұсында берік байланыста болды, сондай-ақ Алашорда басшыларымен байланыса отырып Есенғұл Маманов сияқты феодалдар ықпалы мен үстемдігін күшейте түскен. Олар қазірдің өзінде ауылдың еңбек массаларын патриархалды негізде феодалдарға бағындыру міндетін қойған жоқ, бірақ ұлттық буржуазиялық

үстемдікке қол жеткізді және Есенғұл Маманов осы ұлттық буржуазиялық қозғалыстың белсенді қатысушысы болды [22, 53 п.].

Әрине, бұл анықтамалардағы айыптаулардың барлығы шындыққа сай келеді деп айтуға болмас. Тергеу органдары тарапынан жүргізілген үрдістер көбіне бір жақты, яғни жала жабу сипатында болғаны анық. Себебі, Жетісудағы Маман ұрпақтарының игі істері сол кездегі қазақ қоғамына кеңінен танымал болатын. Тіпті, төңкеріске дейінгі мектеп салу, қазақ оқығандарын қалыптастыру істерін айтсақ та жетіп жатыр.

Тәркілеудің жүргізілуі Қарқаралы округінде де өте қарқынды болды. Нақтырақ айтсақ кестегі Арқа өңірі болып табылатын бұл жердің тарихи маңызы ерекше. Бұл өңірден Алаштың талай ұлдары түлеп ұшты. Қазақтылықтың, ұлттың өнердің, қонақжайлықтың ортасы болған бұл отырапта мыңғыртып мал бағып, үйір – үйір жылқы өргізген қазақтың тектілігін танытатын «Атымтай жомарт» байлардың болғаны анық. Солардың ішіндегілер Абыралы өңірінде өткен байлар, Берікқаралық атақты Ақбаевтар әулеті тегіс алаш жұртына аттары мәшһүр болған.

Ақпаев Ыбырай бұрынғы Берікқара болысының №3 ауылынан, 55 жаста, Қарқаралы ауылшаруашылық мектебінде оқыған, үйленген, жанұя құрамы 8 адам шаруашылық сипаты – жартылай көшпелі, 270 ірі және 250 ұсақ малы бар.

1901-1917 жылдары Берікқара болысында басқарушы болған. 1906 жылы. Мемлекеттік Думаның мүшесі болса, 1917-1919 жылдары Алашорда Орталық Кеңесінің мүшесі болып кіреді. 1918 жылы Қоянды жәрмеңкесінде Алашорда әскерінің полковнигі Тохтамышевқа 600 ат-тұрманымен жігіт жіберген және 2-корпустың командирі генерал Лукин атаман Анненков арқылы Ақпаев Ыбрайды алтын медальмен марапаттаған. Оның өз ру арасындағы беделі былай тұрсын, Қарқаралыдан тыс жерлерге де танымал, абыройлы болды. Сонымен бірге Қазақ АКСР Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасыболған Нығмет Нұрмақовтың қайын атасы [23, 34 п.].

Қазіргі уақытта 1923 жылдан бастап өзінің беделін топтастыру әрекеттерінде қолданған. 1923 жылы Қара және Шор руларының арасында Ақпаев Ыбырай осы рулардың жауласуына сенімді бола отырып, БАК-ке оның жақтастары келіп, Сандыбаев Рысқұл, Таймасов Саудабай, Жұматаев Тоқаберген, Жексамбинов Елеусіз, Шыңғысов Әлихан және т.б. ру өкілдерінің кеңестерін жинады, онда руларды біріктіру және БАК-ке қандитатураны беру туралы уағдаласты. 1925 ж. ол өзінің ізбасары Омаров Жақыпбекті алдады және салықты азайту мақсатында оған әсерін пайдаланып, бір бөлігін бөліспеген ұлы Ғабдул-Ахметке жазып, өз шаруашылығын бытыратты. 1926 жылы Ақпаев көктайғақ жерлерді қайта бөлу үшін келген уәкілді өз ықпалына алды және сол арқылы оған тиесілі учаскелерді өзіне қалдырды. АҚПАЕВҚА ұнамайтын адамдар ауыл-кеңес немесе БАК құрамына кірген кезде, ол оның ықпалындағы (бұрынғы) кедейлер атынан жалған өтініш берген.

Ақпаевтың ісіне байланысты бұрынғы Косшы Одағы арасында Берікқара болысы 9-КосшыОдағының ұйымдары және бұрынғы Кент Өгізұйымдары Ақбаевты көшіру туралы өтінішпен қаулы шығарды [24, 35 п.].

Кеңестік саясаттың қатал болғандығы соншалық, тіпті Ақпаев Ыбрайға күйеу баласы Нығмет Нұрмақов та ара түсе алмаған. Сөйтіп Ақпаевтарды Қазақстаннан тыс жерлерге жер аударған. Ақпаев Ыбырайдың Ташкентте және Мәскеуде оқып жүрген балаларын оқудан шығарып, жер аударып жіберген. 1928 жылғы тәркілеу науқаны – Ақпаевтар әулеті үшін қасіретті күндер болып қалды.

Ақайдың Хасені (1860, Семей обл., Қарқаралы ауд., Қу болысы 1931, Қызылжар) – қоғам қайраткері, бай. 16 жыл Қу елінің болысы қызметін атқарып, ел арасына жаңалық енгізуші, білім мен өнерді қолдаушы болған. Атақонысында орналасқан Қоянды жәрмеңкесінің өркендеуіне, орыс, татар, өзбек көпестерімен сауда-саттықтың дамуына көп күш салған. Дүкен ұстап, қыр қазағының өнеркәсіп өнімдеріне сұранысын өтеуге тырысқан. Егін егіп, мал тұқымын жақсартумен айналысқан. Еуропалық үлгідегі орыс-қазақ мектебін ашып, оны бітіргендерді өз қаражатымен Қарқаралы, Семей, Омбы оқу орындарында оқытқан. Әнші, күйші, серілерді, фельдшер, ісмер адамдарды жанында ұстаған. Балуан-дарымен, жүйрік аттарымен даңқы жайылған. 1905 жылы Қарқаралы құзырхатын ұйымдастырушы-лардың бірі болды. 1910 жылы қазақтарды патша үкіметіне бағынбауға, сырттан көшіп келшілерге жер бермеуге, Қазақстанды Ресей империясынан бөліп алуға үгіттеді деген айып тағылып, әкімшілік жағынан жауапқа тартылды. 1917 жылы 16 наурызда Қарқаралы қазақ комитетінің мүшесі болып сайланды. 1918-1920 жылдары Алашорданың елдегі сүйеніштерінің бірі болды. 1921-1922 жылдары Кеңес орындарына елге сыйлы азаматтардың сайлануына ықпал жасады. Семей өңірінен аштыққа ұшыраған Торғай еліне жәрдем малын жинастыруға ат салысты. Мал-мүлкі әлденеше рет тәркіленді. 1927 жылы Қызылжарға, одан Башқұртстанға кетуге мәжбүр етілді [25, 23 б.].

Тәркілеу қарсаңындағы есепке алынған мәліметтерді қарайтын болсақ, 1928 жылдың 10 тамызындағы жағдай бойынша Қарақаралы округі, Қу ауданы, 1 ауылдың қазағы Ақаев Хасеннің жеке ісінде: «Отбасында 5 адам, 1230 ірі, 700 ұсақ малы бар. 15 жыл болыс басқарушысы болған. Колчак үкіметі тұсында Қарқаралы төтенше земство жиналысының төрағасы болған. Патша билігі кезінде Ақаев Ахмет Байтұрсыновтың билікке қарсы заңсыз жинаалысына қатысуы себепті жер аударылған» [26, 20 п.] деген мәліметтер кездеседі.

ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Қарағанды облысы бойынша департаментінің мәліметтеріне назар аударсақ, Хасен Ақаев 1928 жылы 2 қазанда БМСБ (ОГПУ) тарапынан тұтқындалып, 1929 жылдың 15 наурызда РСФСР Қылмыстық Кодексінің 58-10 бабы бойынша айыпталып, ОГПУ Коллегиясының жанындағы Айрықша кеңестің шешімімен 3 жылға жер аударылады. 1989 жылдың 26 сәуірінде Қарағанды облысының Прокуратурасында КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 16.01.1989 Жарлығы бойынша ақталды [27].

Қазақ даласындағы жеті атасынан тектілігі үзілмей келе жатқан әулеттердің бірі – әйгілі Сырым батырдың шөбересі Салық Омаров (1868-1934) еді. Салық Омаров Алаш қозғалысы тұсында Алаш қайраткерлеріне жақтас болып, әскер қажеттілігіне 200 жылқы берген. Салық Омаровтың 1928 жылы 10 тамызда жазылған жеке ісінен мынаны көреміз: «Сырым руынан шыққан. Өлеңті болысының бірінші ауылында тұрады. 60 жаста, некеде. Орысша сауатты. Негізі мал шаруашылығымен шұғылданады. Төңкеріске дейін Өлеңті болысының билеушісі, «Алашорданың» мүшесі. Рубасы ретінде шекесіз беделі бар, туыстарын аузына қаратады, басқа кішігірім рулармен таласуда. Сайлауалды науқанын өз жақтастарын ұсынуға пайдаланған. Қазір ауру қой сатқаны үшін түрмеде отыр. Бқпалы тек туыстары мен аудан тұрғындарына ғана емес, тіпті БК(б)П мүшелеріне әсерін тигізіп отыр. 185 ірі қарасы, киіз үйі мен қыстауы бар. Ұсақ малының саны белгісіз» [28, 4 п.].

Салық Омаровтың тәркілеуге қатысты жазған арызында өз жағдайын былай сипаттайды: «Мені тәркілеуге жататындарды жер аудару тізіміне енгізді.

Менің малымның саны Жарлықта белгіленген нормадан аспайтындықтан, мені тізімге енгізудің себебі – мен Сырым батырдың ұрпағымын және бұрын болыс билеушісі болғанмын.

Ия, мен шынмен Сырымның тікелей шөбересімін. Тарихи, әсіресе революциялық тарихи әдебиеттерде көрсетілгендей, Сырым батырқазақ халқын бастап хан билігіне және орыс патшасына қарсы көтеріліс жасады, жеңілгеннен кейін, бұрынғы Хиуа хандығының аумағында қайтыс болды.

Қазақ халқы мақтан тұтатын Сырым батыр ұрпағы болғаным үшінмағанқаншалықты жала жабуғаболады? Сондықтан мені қылмыскер ретінде отбасымен бірге қуып, барлық құқықтары мен мал-мүлкімнен айырды.

Біздің өлкемізде кеңес өкіметі орнағаннан бері 8 жыл бойы мен тіпті ауыл жиынына да қатысқан емеспін және мен Құдайға сиынамын, тек өзінің шаруашылық ісімен айналысамын. Жергілікті істерге тікелей немесе жанама араласуда және қандай да бір билік іс-шараларын өткізуге қарсы іс-қимылда мені сөуге ар-ождан жеткілікті болатын біздің ауданнан бірде-бір адал коммунист жоқ [29, 13-14 пп.].

1928 жылғы 27 тамызда шыққан қаулыға сәйкес малының көрсетілген деңгейден төмендігіне қарамастан, қазан айындағы отырыста Салық Омаровты мал-мүлкінен айырады.ол бірінші топтағы қауіпті жанға жатқызылып, Батыстың 71 байының ішінде кетіп, Жетісуға жер аударылады. Салықтың Жетісу жерінде тұрмысын түзеп, абыройының асып бара жатқанынан сескенген Кеңес үкіметі Омаровтар әулетін Ресейдің Орынбор, Самара, Челябинь губернияларының шекарасына жер аударды. 1934 жылы жат елде көз жұмады [30, 10 б.]. «Алаш. Алашорда» энциклопедиясында Салық Омаровтың қайтыс болған жылы 1941 жыл деп көрсетілген.

Қорытынды. Қорыға айтқанда, ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы отандық тарихтың ақтаңдақ парақтары саналатын «Кіші Қазан» саясаты, 1928 жылғы Декрет, 1929-1931 жылдардағы ұжымдастыруға қарсы көтерілістер, 1932-1933 жылдардағы ашаршылық – қазақ халқын сандық тұрғыдан да, сапалық тұрғыдан да аяусыз шығынға ұшыратты. Халық пен зиялы қауымның арасындағы көпір болған, ел тізгінін ұстаған текті әулеттері, хан-сұлтандар мен билердің тұқымдары, қазақ қоғамының экономикалық тірегі болған байлар осы саясаттың құрбаны болып кете барды. Бұл қазақ халқының сан ғасырлар тарихындағы ең үлкен мәдени, әлеуметтік-экономикалық және демографиялық апат еді.

Бүгінгі таңда мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың Жарлығымен құрылған «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толықтай ақтау» жөніндегі мемлекеттік және өңірлік комиссиялардың жұмыс нәтижелері арқылы ХХ ғасыр тарихының ақтаңдақ беттері жаңара түсетіні сөзсіз. Әсіресе, арнайы архивтердегі 1928 жылғы тәркілеу саясаты және тәркілеуге ұшыраған тұлғаларға қатысты беймәлім деректер мен

құжаттардың құпиясыздандырылуы аталған мәселеге тұрғысында тың зерттеулер мен еңбектердің пайда болуына ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Неизвестные страницы истории Семипалатинского Прииртышья (20-30 гг. XX в.). Сборник документов. Ч.1. / Сост. Г.Т. Касимова и др. - Семипалатинск: Семипалатинский государственный университет имени Шакарима, 2002. - 250 с.*

2. *Нәсенов Б. Абыралы қанды жылдары (1905 – 1945). Екінші бөлім. Құжаттар жинағы / Б.Нәсенов. - Алматы – Новосибирск, 2006.- 644 б.*

3. *Омарбеков Т. 20-30-жылдардағы Қазақстан қасіреті / Т. Омарбеков. – Алматы: Санат, 1997. – 320 б.*

4. *Қуандық Е.С. Қазақстандағы «Кіші Октябрь» бағыты: бастауы, барысы және салдары /тарихи саяси талдау/: т.ғ.д. ... дисс. авторефераты - Алматы, 2002. - 56 б.*

5. *Сантаева К.Т. Қазақтың дәстүрлі мал шаруашылығының күйреуі және оның ауыр салдары (Оңтүстік Қазақстан материалдары негізінде: 1925 – 1935 ж.ж.): т.ғ.к. ... дисс. авторефераты - Алматы, 2001. - 30 б.*

6. *Жакишева С.А. Элиминация байских хозяйств в Казахстане на рубеже 20–30-х гг. XX в.: новые подходы, методы и технологии / С.А. Жакишева. - Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 222 с.*

7. *Абай облысы Қазіргі заман тарихы құжаттандыру орталығы (ҚЗТҚО), 74 қор, 3 тізім, 7 іс, 68 п.*

8. *ҚЗТҚО, 74 қор, 3 тізім, 5 іс, 9 п.*

9. *ҚЗТҚО, 74 қор, 3 тізім, 7 іс, 3 п.*

10. *ҚЗТҚО, 74 қор, 4 тізім, 40 іс, 3 п.*

11. *Қазбалинов Т. «Абай» журналын ашуға қаржы берген Қаражан // Абай. – 2003. - No 3.- 75-77 бб.*

12. *ҚЗТҚО, 74 қор, 4 тізбе, 71 іс, 14 б.*

13. *Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві (ҚР ОМА), 135 қор, 1 тізім, 824 іс, 51 п.*

14. *ҚР ОМА, 135 қор, 1 тізім, 824 іс, 52 п.*

15. *Жанболатұлы Молдабек. Тобықты-Шыңғыстау шежіресі: Үш томдық. 3-ші том. – Алматы: Күрсив, 2004. – 560 б.*

16. *ҚР ОМА, 135 қор, 1 тізім, 43 іс, 47 п.*

17. *Бөкейханов С.Р. Өткен күнде белгі бар: мемуарлар жинағы / С.Р. Бөкейханов. – Алматы, 2016. – 336 б.*

18. *ҚР ОМА, 135 қор, 1 тізім, 67 іс, 66 п.*

19. *ҚР ОМА, 135 қор, 1 тізім, 67 іс, 61 п.*

20. *Мамания: Тарихи деректер, естеліктер, өлеңдер, құжаттар, пікірлер. – Алматы: Атамұра, 1999. – 272 бет.*

21. *ҚР ОМА, 135 қор, 1 тізім, 564 іс, 1 п.*

22. *ҚР ОМА, 135 қор, 1 тізім, 564 іс, 53 п.*

23. *ҚР ОМА, 135 қор, 1 тізім, 69 іс, 34 п.*

24. *ҚР ОМА, 135 қор, 1 тізім, 69 іс, 35 п.*

25. *Алаш. Алашорда. Энциклопедия. – Алматы: Арыс, 2009. – 544 б.*

26. *ҚР ОМА, 135 қор, 1 тізім, 62 іс, 20 п.*

27. *Жертвы политического террора в СССР [Электрон.ресурс].– URL: // <http://lists.memo.ru/index1.htm>(қаралған уақыты 15.10.2022)*

28. *ҚР ОМА, 135 қор, 1 тізім, 662 іс, 4 п.*

29. *ҚР ОМА, 135 қор, 1 тізім, 662 іс, 13-14 п.*

30. *Қитаров Қ. Сырымның шөбересі // Орал өңірі. – 2008. - 27 қараша*

References:

1. *Neizvestnye stranicy istorii Semipalatinskogo Priirtysh'ja (20-30 gg. XX v.). [Unknown pages of the history of the Semipalatinsk Irtysh region (20-30 years of the XX century)]. Sbornik dokumentov. Ch.1. - Semipalatinsk, Semipalatinskij gosudarstvennyj universitet imeni Shakarima, 2002. – 250 s. [in Russian].*

2. *Nasenov B. Abyraly kandy zhyldary (1905 – 1945). [Bloody years of Abyraly(1905 – 1945)]. Ekinshi bolim. Kuzhattar zhinagy - Almaty – Novosibirsk, 2006.- 644 b. [in Kazakh]*

3. *Omarbekov T. 20-30-zhyldardaғы Қазақстан қасireti. [The tragedy of Kazakhstan in the 20-30s]. - Almaty: Sanat, 1997. – 320 b. [in Kazakh]*

4. Kuandyk E.S. *Kazakstandagy «Kishi Oktjabr'» bagyty: bastauy, barysy zhane saldary /tarihi sajası taldau/ [The policy of "Small October" in Kazakhstan: the beginning, development and consequences / historical and political analysis/]: t.g.d. ... diss. avtoreferaty - Almaty, 2002. - 56 b.[in Kazakh]*
5. Santaeva K.T. *Kazaktyn dastyrlı mal sharuashylygynyn kyjreui zhane onyn auyr saldary (Ontystik Kazakstan materialdary negizinde: 1925 – 1935 zh.zh.). [The collapse of traditional Kazakh livestock farming and its dire consequences (based on materials from Southern Kazakhstan: 1925 - 1935)]: t.g.k. ... diss. avtoreferaty - Almaty, 2001. - 30 b.[in Kazakh]*
6. Zhakisheva S.A. *Jeliminacija bajsikh hozjajstv na rubezhe 20-30-h gg. XX v.: novye podhody, metody i tehnologii. [Elimination of Bai farms at the turn of the 1920s-1930s XX century: new approaches, methods and technologies]. - Almaty: Kazak universiteti, 2021 – 222 s. [in Russian].*
7. Abaj oblysy Kazirgi zaman tarihy kuzhattandyru ortalygy (KZTKO) [Center for Documentation of the Recent History], 74 kor, 3 tizim, 7 is, 68 p.
8. KZTKO [CDRH], 74 kor, 3 tizim, 5 is, 9 p.
9. KZTKO [CDRH], 74 kor, 3 tizim, 7 is, 3 p.
10. KZTKO [CDRH], 74 kor, 4 tizim, 40 is, 3 p.
11. Kazbalinov T. «Abaj» zhurnalyn ashuga karzhy bergen Karazhan [Karazhan, who funded the opening of "Abay" magazine] // Abaj. – 2003. - No 3.- 75-77 bb.[in Kazakh]
12. KZTKO [CDRH], 74 kor, 4 tizbe, 71 is, 14 b.
13. *Kazakstan Respublikasynyn Ortalyk memlekettik arhivi (KR OMA) [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan], 135 kor, 1 tizim, 824 is, 51 p.*
14. KR OMA [CSA RK], 135 kor, 1 tizim, 824 is, 52 p.
15. Zhanbolatly Moldabek. *Tobykty-Shyngystau shezhiresi [Chronicle of Tobiky-Chingistau]: Ysh tomdyk. 3-shi tom. – Almaty: Kursiv, 2004. – 560 b.[in Kazakh]*
16. KR OMA [CSA RK], 135 kor, 1 tizim, 43 is, 47 p.
17. Bokejhanov S.R. *Otken kynde belgi bar: memuarlar zhinagy [There is a sign in the past: a collection of memoirs]. – Almaty, 2016. – 336 b.[in Kazakh]*
18. KR OMA [CSA RK], 135 kor, 1 tizim, 67 is, 66 p.
19. KR OMA [CSA RK], 135 kor, 1 tizim, 67 is, 61 p.
20. *Mamanija: Tarihi derekter, estelikter, olender, kuzhattar, pikirler [Mamania: historical facts, memories, poems, documents, comments]. – Almaty: Atamura, 1999. – 272 bet.[in Kazakh]*
21. KR OMA [CSA RK], 135 kor, 1 tizim, 564 is, 1 p.
22. KR OMA [CSA RK], 135 kor, 1 tizim, 564 is, 53 p.
23. KR OMA [CSA RK], 135 kor, 1 tizim, 69 is, 34 p.
24. KR OMA [CSA RK], 135 kor, 1 tizim, 69 is, 35 p.
25. Alash. *Alashorda. Jenciklopedija [Alash. Alashorda. Encyclopedia]. – Almaty: Arys, 2009. – 544 b.[in Kazakh]*
26. KR OMA [CSA RK], 135 kor, 1 tizim, 62 is, 20 p.
27. *Zhertvy politicheskogo terrora v SSSR [Victims of political terror in the USSR]. [Jelektron.resurs]. URL: // <http://lists.memo.ru/index1.htm> (karalghan uakyty 15.10.2022) [in Russian].*
28. KR OMA [CSA RK], 135 kor, 1 tizim, 662 is, 4 p.
29. KR OMA [CSA RK], 135 kor, 1 tizim, 662 is, 13-14 p.
30. Kitarov K. *Syrymnyñ shoberesi [Grandson of Syrym] // Oral oniri. – 2008. - 27 karasha [in Kazakh]*

А.А. Ахатова*¹, С.М. Аралбай², К.Ж. Абдрахманова³

¹ Заң ғылымдарының магистрі, КеАҚ Қарағанды Медицина Университетінің Қазақстан тарихы және ӘСП кафедрасының профессор ассистенті, Қарағанды қ., Қазақстан

E-mail: aigul-479@mail.ru

² Ph.D, КеАҚ Қарағанды Медицина Университетінің Қазақстан тарихы және ӘСП кафедрасының профессор ассистенті, Қарағанды қ., Қазақстан

E-mail: saken_aralbai@mail.ru

³ КеАҚ Қарағанды Медицина Университетінің Қазақстан тарихы және ӘСП кафедрасының профессор ассистенті, Қарағанды қ., Қазақстан

E-mail: kamkgmu@mail.ru

ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ ХАЛЫҚТЫҚ МЕДИЦИНАНЫҢ ДАМУЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ

Аңдатпа

Мақалада қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінің негізінде қалыптасқан халықтық медицинаның даму тарихы туралы айтылады. Халықтық медицина-этнографиялық құбылыс. Ғасырлар бойы әр халық өзінше дамыды, өздерінің дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын ұстана отырып дамып, халықтар әртүрлі аурулардан құтылу жолдарын іздеді. Көшпелі халық, өмір сүру барысында түрлі аурулармен бетпе бет келді. Адамдар аурудың себептерін табуға, олардың алдын-алу және күресу тәсілдерін жасауға, өз емдеу әдістерін табуға тырысты. Қазақ дәстүрлі медицинасының қалыптасуына халықтың көшпелі өмір салты әсер етті. Осыған сүйене отырып, емшілердің өздері қалай емдеу керектігін және қандай құралдарды қолдану керектігін анықтады. Мақалада қазақ халқының емдеудегі медициналық әдіс-тәсілдерін күнделікті тұрмыста қолдануын зерттеген ғалымдардың ой-пікірі айтылады. Зерттеудер нәтижесі қазақ халқында медицинаның ерте кезден-ақ болғандығын дәлелдейді. Адам анатомиясы туралы білімі, жүрек қағысы арқылы диагноз қоя білуі, аурудың алдын алуда профилактикалық тәсілдер мен батыста «революциялық жаңалық» деп танылған антибиотикті қолдануы, түрлі аурулардың генетикалық жолмен таралатынын ескеріп жеті атаға дейін қыз алысып-беріспеуін дәстүрге айналдыруы, эпидемия таралғанда ауру өршіп кетпес үшін бүтін бір ауылды белгі қою арқылы карантинге жабуы, кіші хирургиялық ауруларға жататын сырқаттарды түрлі тәсілдермен емдей алуы халықтың қаншалықты деңгейде медицинаны меңгергендігін айқындайды. Мақалада патшалық Ресей заманында қазақ даласында болған орыс дәрігерлерінің халқымыздың емдік шараларына танданысы мен оны ғылыми тұрғыда растауы да келтірілген.

Кілт сөздер: дәстүрлі мәдениет, халықтық медицина, халық емшісі, шипагер, бақсы, сынықшы, эпидемия, хирургия.

Ахатова А.А.*¹, Аралбай С.М.², Абдрахманова К.Ж.³

*¹ Магистр юридических наук, НАО Медицинский университет, ассистент-профессор кафедры истории Казахстана и СПД, г. Караганда, Казахстан

E-mail: aigul-479@mail.ru

² Ph.D, НАО Медицинский университет, ассистент-профессор кафедры истории Казахстана и СПД, г. Караганда, Казахста.

E-mail: saken_aralbai@mail.ru

³ НАО Медицинский университет, ассистент-профессор кафедры истории Казахстана и СПД, г. Караганда, Казахстан

E-mail: kamkgmu@mail.ru

СОЦИАЛЬНОЕ ЗНАЧЕНИЕ РАЗВИТИЯ ТРАДИЦИОННОЙ НАРОДНОЙ МЕДИЦИНЫ В ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА

Аннотация

Статья посвящена истории формирования одной из сфер традиционной культуры казахского народа – народной медицины. Народная медицина – этнографическое явление. На протяжении многих веков каждый народ развивался по-своему, следуя своим традициям и обычаям, точно так же все народы искали

способы избавиться от различных болезней. Кочевое население при жизни сталкивалось с различными заболеваниями. Люди пытались найти причины болезней, разработать способы их профилактики и борьбы с ними, найти собственные методы лечения. На формирование казахской традиционной медицины повлиял кочевой образ жизни населения. Исходя из этого, целители выясняли, как лечить и какие средства использовать. В статье рассматривается мнение ученых, изучавших применение казахским народом в повседневной жизни методов и приемов медицины в лечении. Результаты исследований доказывают, что медицина у казахского народа существовала с незапамятных времен. Знание анатомии человека, умение ставить диагноз по сердцебиению, профилактика заболеваний и использование антибиотика, признанного на Западе «революционным открытием», не допускать заключение браков до седьмого колена, с учетом того, что различные заболевания передаются генетически, закрытие на карантин целой деревни, чтобы болезнь не прогрессировала по мере распространения эпидемии, способность лечить хирургические заболевания различными способами определяет, насколько хорошо население владело медициной. В статье также приводится восхищение и научное подтверждение лечебных мероприятий нашего народа русскими врачами, побывавшими в казахской степи во времена царской России.

Ключевые слова: традиционная культура, народная медицина, народный целитель, шаман, костоправ, эпидемия, хирургия.

*Akhatova A.A.*¹, Aralbay S.M.², Abdrakhmanova K.Zh.³*

¹ Master of Law degree, NCJSC Karaganda Medical University, Assistant Professor the department of Kazakhstan history and social and political disciplines, Karaganda city, Kazakhstan

E-mail: aigul-479@mail.ru

² Ph.D, NCJSC Karaganda Medical University, Assistant Professor the department of Kazakhstan history and social and political disciplines, Karaganda city, Kazakhstan

E-mail: saken_aralbai@mail.ru

³ NCJSC Karaganda Medical University, Assistant Professor the department of Kazakhstan history and social and political disciplines, Karaganda city, Kazakhstan

E-mail: kamkgmu@mail.ru

THE IMPORTANCE OF TRADITIONAL MEDICINE IN THE HISTORY OF THE KAZAKH PEOPLE

Abstract

The article talks about folk medicine, formed on the basis of the life of the Kazakh people. Folk medicine is an ethnographic phenomenon. For many centuries, each nation has developed in its own way, developed its traditions and customs, in the same way people have been looking for ways to get rid of various diseases. The nomadic population faced various diseases... People tried to find the causes of diseases, to develop ways to prevent and combat them, to find their own methods of treatment. The formation of Kazakh traditional medicine was influenced by its nomadic lifestyle. Based on this, healers found out how to treat and what preparation to use. The article discusses the opinion of scientists who have studied the use of methods and techniques of medicine by the Kazakh people in everyday life. The research results prove that medicine among the Kazakh people has existed since immemorial time. Knowledge of human anatomy, the ability to diagnose by heartbeat, disease prevention and the use of an antibiotic recognized in the West as a “revolutionary discovery”, prevention of marriages up to the seventh generation, taking into account the fact that various diseases are transmitted genetically, the quarantine of an entire village so that the disease does not progress as the epidemic spreads, the ability to treat surgical diseases in various ways determines how well the population knew medicine. The article also provides admiration and scientific confirmation of the therapeutic measures of Kazakh people by Russian doctors who visited the Kazakh steppe during the times of tsarist Russia.

Keywords: traditional culture, folk medicine, healers, shaman, chiropractor, sawbones, epidemic, surgery.

Кіріспе. Халықтық медицина ұзақ тарихи кезенді қамтиды. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы халықтық медицинаны ата-бабаларынан ұрпақтарына ауызша немесе жазбаша түрде берілетін білім деп таниды. Олар аурулардың алдын алу, емдеу тәсілдері мен себептерін анықтауға бағытталған нақты іс-әрекеттер жиынтығы деп білді. Негізгі мақсат адамдардың денсаулығын рухани және қоғамдық тұрғыда сақтау болды. Қазақ халқының емшілікпен айналысуы Ежелгі Шығыс емшілерімен ортақ қасиеттерге ие болды. Ұлы ғалым Әбу Насыр Әл-Фараби медицинаны адам ағзасының жай-күйі, адамдардың денсаулығы-

ғын сақтау және нығайту, ауырсынуды азайту және жеңілдету туралы ғылым ретінде бағалады. Бұл жерде шығыс медицинасының негізін қалаушы Әбу Әли ибн Сина жалпы медицинаны денсаулықты сақтау, аурудан құтылу үшін адам ағзасын зерттейтін ғылым ретінде қарастырғанын атап өткен жөн. Кейбір дереккөздерде «медицина» сөзінің өзі шығыс ғалымы Ибн Синамен тікелей байланысты дейді. «Медед» араб тілінен аударғанда «көмек» дегенді білдіреді. Демек, «медицина» мағынасы «Синаның көмегі» дегенге саяды екен [1].

Әр халықтың өзіне ғана тән мәдениеті, тарихы, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптары бар, сәйкесінше әр этностардың өздерінің медициналық түсініктері мен емдеу әдістері бар. Сондықтан халықтық медицина-этнографиялық құбылыс. Көптеген ғасырлар бойы әр халық өзінше дамыды, өздерінің дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары дамыды, сол сияқты барлық халықтар әртүрлі аурулардан құтылу жолдарын іздеді. Адамдар аурудың себептерін табуға, олардың алдын-алу және күресу тәсілдерін жасауға, өз емдеу әдістерін табуға тырысты.

Негізгі бөлім. Қазақ халқы ұзақ уақыт бойы әртүрлі медициналық дағдыларға сүйене отырып, халықтық медицинаның жинақталған тәжірибесін ғасырлар бойы емдеуде қолданды. Мал шаруашылығымен айналысу қазақтарға жануарлар органдарының ішкі құрылымы туралы білім алуға мүмкіндік берді, бұл сәйкесінше адам анатомиясы туралы білімді кеңейтуге септігін тигізді. Қазақ халқы ұрпақтан-ұрпаққа ғасырлар бойы жинақталған бай тәжірибені ұрпаққа аманаттап, мәңгілік құндылықтарды мұраға қалдырды. Кейінгі ұрпақтар ата-бабаларының нұсқауларын мұқият сақтап, оларды бұрмаламауға, керісінше одан әрі дамытып, келесі ұрпаққа беруге тырысты. Осындай құнды мұраның бірін бізге ғасырлар тереңінен жеткен халықтық медицина деп атауға болады. Қазақ емшілері кез келген аурудың алдын алу үшін алуан түрлі әдіс-тәсілдерді ғасырлар бойы тәжірибеден өткізіп, бүгінгі күнге дейін қолданып келеді. Көшпелі мәдениет, адам баласының жылдың төрт мезгілін бағындыра отырып өмір сүруіне ыңғайлануына алып келді. Көшпелі өмір сүру сипаты, үнемі қозғалыстағы тұрмыс-тіршілік адамдардың қан аздық, әлсіздік, өкпе және басқа да аурулардың алдын алу мақсатында тамақтанудың да маңыздылығы мен ерекшеліктерін қалыптастырды. Халқымыздың ұлттық тағамдары өте майлы, ауыр тағамдар қатарына жатады. Бірақ көшпелілер үшін, елді аман сақтап қалу үшін, адам ағзасын дұрыс баланста ұстау үшін тамақтанудың маңызы зор болды. Елді-мекенді ауыстырғанда қазақтар қой етін жеп, сорпасын ішкенді әдетке айналдырған. Шығыс медицинасы қойдың етін адамға жылу беретін от тағамына балады. Адам бойындағы суықты шығару үшін сорпа ішіп, ағзадағы күшті қалыпқа келтіру үшін қойдың құйрық майын жеген. Қой етінен дайындалған сорпа мен құйрық майдың қасиетін елімізде тараған әлемдік COVID-19 коронавирустік жұқпалы індетін емдеу кезінде де көптеген отандық дәрігерлер мойындаған еді. Қазіргі медициналық протоколдармен емделе алмаған халықтың басым көпшілігі халықтық медицинаның көмегімен қойдың майын, борсықтың майын пайдаланып, сорпа ішіп, үйді адыраспан шөбін жаға отырып микробтардан тазартып, індеттен арылғандарын айтты және дәрігерлер де оны растап отыр. Жылытқыш қасиетке ие құйрық майды уқалау (массаж) терапиясында жиі пайдаланған және бұл емдеу шарасы көп күттірместен өзінің нәтижесін берген.

Көшпелі мәдениет, ата-бабаларымыздың шөптердің қасиетін меңгеріп, емдеу шараларына қолдана алуына да себеп болды. Шөптердің қасиеті туралы қазақ халқының ірі дәрігер-ғалымы Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы трактаттар да жазып, қазақ тарихында медицина саласын жаңғыртуда үлкен із қалдырды.

Зерттеудің өзектілігі. Отандық медицина мен фармацияның тарихын білу алдымен ғылым мен тәжірибеге сүйенеді. Қазіргі таңда Қазақстанда халықтық медицина ресми түрде мақұлданып, ғылыми медицинамен қатар келеді. Көптеген халық емшілері дәрігерлермен бірге жұмыс істеп, тәжірибе алмасып, өз білімдері мен тәжірибелерін халық денсаулығын сақтау мақсатында қолдануда. Қазіргі қоғамда денсаулық сақтау саласында үлкен мәселелер бар. Созылмалы аурулардың күрт көбеюі, дәрілік препараттарға шығынның өсуі және халыққа медициналық көмек көрсетудің қолжетімділігін қамтамасыз ету. Бұл жағдайда халықтық медицина дәстүрлі медицинаға ең тиімді альтернатива бола алады. Халықтық медицинаның негізгі мақсаты - аурулардың алдын алу және оларды емдеу негізінде қалыптасқан тәжірибелер мен білімді келесі ұрпаққа аманат ету. Бұл білім емдеудің құнды әдістері мен дәрі құрамын сақтай отырып, қазіргі ғылыми медицинада тиімді қолдануға көмегі зор. Халықтық медицина-ның көмегіне жүгінетін халық саны күн санап артып келеді. Мысал ретінде, тыныс жолдарын ашу үшін шөпдерілерді қайнатып ішу, сүйек сынуы немесе шығуына байланысты сынықшыға бару, қан айналымы бұзылған бұлшықеттерді тауып, қан ағымының өтуін қалыпқа келтіру үшін ұзу массажа жүгіну, массаж жас шамасына қарай түрлі әдістермен жасауды талап етеді, сондықтан емдеудің бұл түрін арнайы мамандар жасауы құпталады. Сонымен қатар, бойда тұрып қалған қандардан арылу үшін арнайы өсірілетін

медициналық сүлік терапиясын қабылдау, хиджама жасау әдістері де қолданылады. Бұл ем-домның бәрі қазақ медицинасында дәлелденген, тәжірибеден өткен әдістер.

Алайда, ғылыми медицинаның халықтық медицинаны мойындамайтын тұстары да бар. Оған себеп, халықтық медицинаның толық зерттелмеуінде және шөпдерілердің басқа дәрілік препараттармен әрекеттесуін білмей пайдалану. Өкінішке орай алғашқы қазақ медицинасының негізін салушы, ғалым Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының "шипаягерлік баян" еңбегі белгілі себептермен қытай елінде қалып қойған. Кітап сол елдегі қандастардың қолына тиіп, қытай дәрігерлермен зерттеу жүргізіп біраз жетістікке жеткен екен. Зерттеудің нәтижесінде олар шығыс медицинасының дамуына үлкен үлесін қосты. Қандас-тарымыз қазақ дәрігерлігі ғылыми медицина мен халық емшілігінің бағытын біріктіре жұмыс істегенін дәлелдеп отыр. Сөзіміз дәлелді болу үшін мақалада зерттеушілердің тарихи жазбаларына назар аударылды.

Зерттеу әдістері мен материалдар. Мақаланың ғылыми-әдістемелік негізі ретінде осы тақырып бойынша зерттеліп, баспадан шыққан еңбектер қолданылды. Зерттеулерді топтастыру мәселесімен шұғылданған ғалымдардың еңбектерін қарастыру барысында және оларды сараптап, талдау жасау кезінде: тарихи-объективтік, логикалық, жүйелілік, салыстырмалы талдау т.б. әдістері пайдаланыла отырып, тарихи-объективтік принципі негізінде орындалды. Мақаланы зерттеуде XV ғасырда өмір сүрген қазақ халқының көреген емшісі, ірі дәрігер-ғалым Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының "шипаягерлік баян" еңбегі, кейін Ресей патшалығы тұсында өмір сүрген ғалымдардың қазақ халықтық медицинасы бойынша жазған еңбектері негізге алынды.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Қазақ халқының шипаягерлік тәсілдерін зерттеуге мүмкіндік беретін басты әдістемелік құрылым - тарихи-генетикалық әдіс болды. Бұл әдіс көшпелі халық медицинасы қызметінің барлық аспектілерін талдауға мүмкіндік береді. Бұл мәселені зерттеу кезінде авторлар объективтілік пен тарих принциптеріне сүйенді. Қазақ халық медицинасын зерттеуші ғалымдар өз еңбектерінде халық медицинасын өсімдіктер мен жануарлардан алынатын емдік өнімдер мен минералдардың емдік қасиеттері, түрлі аурулардың белгілері, оларды емдеу және алдын алу әдістері туралы тарихи даму процесінде қалыптасқан эмпирикалық (тәжірибелік) білім жүйесі ретінде қарастырады. Халық медицинасы бірнеше ғасырды қамтыған ұлттың өмір сүру тәжірибесінде қалыптасқан ілім, оның даму ерекшеліктерінің қырлары өте мол. Сондықтан, халық медицинасын дәстүрлі тәртіпке, шаруашылық жүйесімен, қоныстану, тамақтану жүйесімен және киім-кешектің қызметімен тікелей байланыстыруымыз қажет. Осы тұрғыда қарастырылып отырған халық медицинасының емдеу тәсілдерін екі жүйеге бөліп қарастыруға болады. Бірінші, рационалды емдеу тәсілдері болса, екіншісі, иррационалды емдеу тәсілдері. Рационалды емдеу тәсілдеріне шөппен және жануарлар арқылы емдеудің түрлері жатады. Сонымен қатар, оташылық пен сынықшылық та осы жүйеге кіреді. Ал, иррационалды емдеу тәсілдеріне магиялық жолмен атқарылатын емдеу түрлері жатады. Оның қатарында ұшықтау, дем салу, бақсылық және т.б. ерекше атап өтуге болады.

Үнемі көшіп-қонып жүрген ел соғыс пен шапқыншылықтан бөлек, атты тізгіндеп, толып жатқан жарыстардан ойын-сауықтардың да түрлерін тапқан. Күнделікті тұрмыс оларды әлбетте, жарақатсыз қалдырмаған. Оның үстіне тіршілік-тыныс малға байланысты болғандықтан әртүрлі шыбын-шіркей, құрт-құмырсқа жәндіктер де оларға іріңді жаралардың шығуына себепкер болған. Осы қалыптасқан жүйенің нәтижесі халық медицинасының қалыптасуына алып келді. Өз кезегінде, халық медицинасының дәстүрлі қоғамдағы орны ерекше болды. Себебі, қазақтар арасындағы емші, тәуіп, дәрігер, бақсы және т.б. атаулар тікелей халық медицинасының жан-жақты дамығандығын көрсетеді. Сондықтан, халық әртүрлі хирургиялық ауру сырқаулармен де ежелден таныс болып, олардың көбін білген. Олар: тілме, жаралану, бітпейтін жара, іріңді жара, зәрлі ісік, бітеу жара, омырау ісігі, омыраудың бітеу жарасы, шикан, күбіртке, сыздауық, ұра, күйік, үсік, шығу-сыну, созылу, үзілу, жарылып кету [2;74].

Кіші хирургиялық ауруларға жататын бұл сырқаттан емделуді халық ертеден-ақ білген. Мысалы, іріңдеген жаралар мен қотырларды өткір пышақпен не бізбен жарып, іріңін ағызған. Жарадан қан аға берсе, киіздің ыстық күлін қанап тұрған жерге басқан. Бұл - сырттан қанды тоқтатудың қарапайым ең жақсы әдісі. Себебі, киіз жанғанда онда йод пайда болады да микробтар жойылып кетеді. Бұған қоса, жара үстіне күл себілгенде оның аузы құрғап, тез кебеді де, ол қанның тоқтауына жағдай жасайды. Сөйтіп, жара үстіне сырттан көп микробтар түсуден аман болады. Қанды тоқтату үшін адамның өз қанын өзіне пайдалануды да білген. Ол үшін аққан қанды жинап алып, оны шағын ыдыста күйдіріп, кейін жанған қанның күлін жараның үстіне сепкен. Егер мұрнынан қан ағып тоқтамаса, онда әлгідей қанның күлін мұрынға иіскеткен.

Ертеректе қазақ даласында медицинаның болғаны немесе болмағаны туралы дәлелдейтін нақты мысалдар да бар. Ас қорытуға қажетті маңызды ферментті бөлетін безді батыста "Pancreas" дейді. Бұл "тасбақаның жотасындағы тасы, сауыты" - дегенді білдіреді. Яғни, бездің сыртқы ұқсастығына, оның

түріне қарап осылай атағанға ұқсайды. Ал орыстарда "поджелудочная железа" дейді. Олар да асқазанның астында орналасқандығы үшін осылай атаған. Екеуі де көзбен көргеніне қарап атау берген. Ал біздің ата-бабаларымыз "ұйқы безі" дейді. Себебі бұл без жұмысын тоқтатқан жағдайда, адам комаға, яғни ұйқыға кетеді. Егер ата-бабаларымызда медицина болмаған болса, онда аталмыш бездің комаға себеп болатынын қайдан білген? Батыс «медицинасы» соңғы ғасырға дейін оны неге білмеген? Және тағы бір мысал, ген ғылымы дамығаннан кейін ғана ғалымдар түрлі аурулардың неше атаға дейін тұқым қуалайтындығын дәлелдеп отыр. Ал біздің ата-бабаларымыз жеті атаға дейін қыз берісіп- қыз алысуға тыйым салған және бұл тыйым әлі күнге дейін жалғасып келе жатыр. Қазақтар медицинаны білмеген болса, олар ғылым енді ғана біліп жатқан аурудың неше атаға дейін тұқым қуалайтындығын қалай білген? [3]

1992 жылы Алматыда «Қазақстан» баспасынан жарық көрген Ахмет Алдашев пен Жұлдызбек Әлімхановтың «Қазақтың халық медицинасының құпиясы» атты кітабы талай оқырманның жүрегінен орын тапты. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары өшкеніміз жанып, жоғалғанымыз табылып жатқанда халық медицинасының құпия-сыры бір кітапқа топтастылып, оқырманға жетуі тамаша іс болған еді. Кітапта халқымыздың хирургиялық ауруларды ірің, ісік, сынық, бітеу жараны қалай емдегені жан-жақты айтылған. Сонымен қатар, кітапта ішкі ауруларды анықтап емдеу, жүкті әйелді босандыруға көмек, жаңа туған нәрестені күту, онда кездесетін ауруды емдеу, халықтың санитарлық гигиеналық түсінігі және жұқпалы аурулардан сақтану амалы, халық психотерапиясы т.б. зерттеулер қамтылған. Еңбекте патшалық Ресей заманында қазақ даласында болған орыс дәрігерлерінің халқымыздың емдік шараларына танданысы мен оны ғылыми тұрғыда растауы да келтірілген [4;86].

Қазақ даласында Кеңес өкіметінің орнауы дәстүрлі емдеу әдістеріне, емшілердің өздеріне де қатысты теріс көзқарасты қалыптастырды. Шамандар, бақсылар, емшілер саяси құқықтарынан айырылды және дәстүрлі медицина құлдырады. Тоталитаризм кезеңіндегі медицина тарихы коммунистік идеологияның айқын шабуылына ие болды. Бұл сол кезеңдегі кейбір зерттеушілердің еңбектерінде көрініс тапты. Қазақ халқының ұлттық, дәстүрлі медицинасының тақырыбы Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін алғаннан бастап жаңа күшпен зерттеле бастады. Қазір ресми медицинамен қатар дәстүрлі қазақ медицинасы да қатар жүреді. Қазіргі зерттеулер осы мәселеге арналған.

1887 жылы А.Н. Краснов қазақ емшілерімен науқастарды емдеуде шөптерді қолдану тәсілдері туралы айтады. Ол халықтық емшілердің шөптер туралы кең білімін, пайдалы және зиянды дәрілік шөптерді тану қабілетін атап өтеді. Тағы бір зерттеуші А.Ягмин өзінің "Қырғыз-Қайсақ даласы және олардың тұрғындары" атты еңбегінде қазақ дәрігерлерінің терапия және хирургия туралы түсініктерін атап өтеді. Солай, жүректің соғысы «пульс» арқылы олар аурудың белгілерін анықтай алды. Автор қымыз ішу арқылы емдеуге ерекше көңіл бөледі. Сынықтар кезінде дәрігерлер арнайы таңғыштар қолданды. Қазақ даласында жергілікті тұрғындарды емшілермен емдеуді, олардың ауруларды тануын, емдеу тәсілдерін сипаттайтын В.Поттоның жол жазбалары қызығушылық тудырады [5;101].

В.Н. Басиловтың пікірінше, Орталық Азия халықтары, оның ішінде қазақтар шаманизмді және оның элементтерін ауруды емдеу тәсілінің бірі ретінде қолданды. Бұл тәсілді осы уақытқа дейін қолданып келеді және ол ұрпақтан-ұрпаққа берілетін тұқым қуалайтын сипатқа ие деген түсінік береді. Қазақ дәстүрлі медицинасының қалыптасуына халықтың көшпелі өмір салты әсер етті. Осыған сүйене отырып, емшілердің өздері ауруды қалай емдеу керектігін және қандай құралдарды қолдану керектігін анықтаған деген ой түйеді. Зерттеулерде, қазақ халық медицинасы эзотерика мен биоэнерготерапия элементтерінің пайдаланатынын айтылады [6;324].

Қазақ даласында медицина революцияға дейінгі кезеңде дербес дамыды, тұрғындар халық медицинасын кеңінен қолданды. А.Васильев, А.Ягмин, А.Диваев және басқалар атап өткендей, XIX ғасырда зерттелетін аймақта медициналық қызметпен бақсылар, сынықшылар, шипагерлер айналысқан. Олардың барлығын жалпылама түрде халық емшілері деп атады. Халық емшілері дәрі-дәрмек дайындауды білді. Олар сол кездегі ғылыми медицинада қолданылған көптеген дәрі-дәрмектерді қолданды. Мұндай дәрі-дәрмектерге раушан, темір, цитар тұқымы, анар, цикорий, элекампан, жусан, алюминий, магнезия сульфаты, сынап, мыс сульфаты, мышьяк, аммиак, азот қышқылы, хинин, апиын жатады.

Ішек аурулары жағдайында дәрігерлер әртүрлі препараттарды қолданды. Мысалы, асқазан ауруы кезінде науқасқа ревень, апиын берілді. Диарея кезінде науқасқа мускат жаңғағы шайының тұнбасы, қарақат тұнбасы. Қатты жөтелмен шайға немесе сорпаға бұрыш тұнбасы қолданылды. Қазақ халық емшілері негізінен туберкулез, цинга, хлороз, анемия, жүрек-қан тамырлары және асқазан-ішек ауруларына емдеу үшін қымызды қолданған. Жұқпалы ауруларды емдеу үшін дәстүрлі медицинаның өз құрал-дары мен әдістері болды. Шай терлеуге мүмкіндік беретін құрал ретінде қолданылған. Бойдағы уыттың бәрі термен шығады деген түсінік болған. Алапес ауруымен ауыратын адамдар аурудың алдын алу үшін сау

адамдардан бөлек ұсталды, ал шешекпен ауыратын науқастарға бұл аурумен ауырып, жазылып шыққандар ғана қарады. Егер ауылда бір адам шешек ауруымен ауырып қалған болса, онда бүкіл ауыл үйіне қонақ қабылдай алмай, карантинге жабылған. Мерез сияқты күрделі ауруларды емдеуде науқастың терісіне сынап жақпа жағылды, мышьяк, сынап ішуге рұқсат етілді, жаралар мыс сульфатымен күйдірілді. Халық емшілері бұл үшін жақпа мен ұнтақтарды қолдана отырып, тері ауруларын емдей алды. Жақпа май әдетте сынаптан, күкірттен және қой майы қосылған басқа заттардан дайындалады. Ұнтақ ретінде құрғақ ұсақталған жидектер, күл, күйдірілген киіз және т.б. қолданылды. Бұл айтылғандар батыста «революциялық жаңалық» деп танылған антибиотикті қазақ халқы ежелден білгендігін дәлелдеп тұр.

XIX ғасырдың аяғында қазақ даласында жұмыс істеген А.Я. Соколов былай дейді, бақсы адам анатомиясын білмесе де, олардың кейбіреулері күрделі хирургиялық операциялар жасағанын атап өтті. Олар қуықтан тастарды алып тастады, катаракта сығып, сынықтарды, шығып кеткен сүйектерді орнына қоя алды, шынтак бүгілуіндегі тамырдан қан жіберу кең таралған. Кесілген жерге жолжелкен жапырақтары, күйдірілген киізден немесе мақтадан күл жағылды. Сібір жарасы ауруы бар тері жарасына ыстық балауыз лалагүлі, кейде ойылып, асқынып кеткен жараны ыстық темірмен күйдірген. Жылан шаққан жерден улы сорып алып, жыланның басынан дәрі жасап қолданылды. Бұл дәрі келесідей дайындалған: жыланның бас сүйегі кептіріліп, ұнтақталып, сүтпен араластырылып, жараға жағылды. А.Я. Соколов қазақ халық медицинасын осылай сипаттады. Халық емшілері қымыз, шұбат, шөптердің тұнбасымен емдеді, су мен балшықпен емдеді. Емшілер, сынықшылар өз тәжірибелерінде әртүрлі өсімдіктердің тамырларын, ақбөкен мүйіздерін және басқа құралдарды қолданды. Сынықшы, оташылар әр ауылда кездескен. Халық дәрігерлері сүйектің шыққаны мен сынуын орнына салуда да көзге түседі. Бұл туралы А.Левшин (1932), А.Ягмин (1845), Н.Зеланд (1884), А.Алекторов (1900), В.Ненецкий (1884) жазып кеткен. Халық сынған сүйекті салуға маманданғандарды «оташы», «сынықшы» деп атаған [7;87].

Ел арасында сынық салатындар емшіліктің басқа түріне қарағанда жиі кездескен. Әртүрлі ұрысқағыстарда ат шабыстарында және қазақ тұрмысына тән басқа да осы тәрізді жағдайларда жарақаттану жиі кездесетіндіктен сынықшылық өнері кеңінен тараған. Әрбір ауылдың өзінде жедел алғашқы көмек көрсетуге дайын сынықшының болуы да ықтимал. Күнделікті өз тәжірибелерінде жарақаттың ашығын да жабығын да көзімен көріп, қолымен ұстап сезіп салып жүрген сынықшылар, олардың қандай түрлері болатынын да айыра білген.

Сынықшылардың айтуына қарағанда, орнынан түсірілген сынықтың бітіп, бекітін уақыты сүйектің түріне қарай мына төмендегідей болмақ.

1. Білек, қол саусақтардың бітуі - 15-25 күн.
2. Иық білегінің бітуі - 25-30 күн
3. Жіліншік сынығының бітуі 30-45 күн.
4. Жамбас сүйегінің бітуі 60-70 күн

Сүйекті бекітіп орауды жарақаттанған адам қанша жаста болса, сонша күн ұстауы керек. Қазақтың кейбір оташылары мен сынықшыларының жоғарыда айтылғандай істеріне ел аралаған орыстың оқыған дәрігерлері тәнті болған. «Кіші хирургиялық әрекетті олардың емшілерінің (дәрігерлерінің) көбі жасай береді, мұны мен өз көзіммен көріп, куә болдым», - деп жазады Колосов [8].

Қазақ халқы оба, тырысқақ, шешек, алапес, сүзек сияқты эпидемиялар жайлы жақсы білді. Адамдар жұқпалы аурулар ауру адамнан сау адамға киім, жанасу, ауа арқылы берілетінін түсінді. Осыған байланысты олар осы аурулардан құтылудың жолдарын ойлап тапты, тиісті санитарлық-гигиеналық шараларды қабылдады. Мысалы, егер қандай да бір аймақта оба ошағы табылса, онда науқас адамды басқалардан оқшаулап, оны бөлек үйде ұстаған, тамақты ұзын таяқшаның ұшына байлап тамақтандырған, бұл үйден ештеңе шығаруға рұқсат етілмеген. Науқастарға тіпті туыстары да кіре алмады, ал эпидемия өршіп тұрған бүкіл ауыл қонақтарды қабылдай алмады. Науқас тұрған үйдің үстінде қара немесе қызыл жалауша пайда болды, бұл белгі "бұл жерде қауіпті, сақ болыңыз" деген белгі. Науқастың жағдайы туралы оның ет - жақын туыстары келіп, үйге жел жағынан жақындауға рұқсат етілген. Себебі, жел ауадағы вирусты ұшырып әкетеді деген түсінікте болған. Егер аса қауіпті, төтенше жағдай туындаса, онда науқасты сол жерде қалдырып, бүкіл ауыл басқа жаққа, алыс жаққа қоныс аударды. Халық арасында ескі тұрақтың орнына зиянды рухтар қоныстанады, сондықтан ол жерге оралуға болмайды деген сенім кең таралған. Бұлжерде сиқырлы медицинаның көрінісін көруге болады. Діни наным түсінігін ысырып қойғанның өзінде, мұндай нанымдардың тиімді шара екенін түсіну қиын емес. Халық ескі жерде нәжіс, зәр, тамақ қалдықтары, шаң қалдықтары бар тазартылмаған аймақ болып қалғанын және олар өз кезегінде өте қауіпті вирустардың тасымалдаушысы болуы мүмкін екенін түсінді. Науқас қайтыс болғаннан кейін мәйіт, киім-кешек және барлық үй ыдыстары дереу өртенді.

Кей кезде қызарған жерлерге сүлік салған. Жылан, шаян немесе тағы сол сияқты жәндіктер шаққанда шаққан жердің жоғары жағын жіппен қысып байлап, уытты жерді пышақпен тіліп, қанын сорғызған. Осыдан соң, ол жерге шикі ет, қойдың құйрығын басқан немесе жыланның немесе қара құрттың шаянның бүйенің кептірілген басынан ұнтақ даярлап, жара аузына себетін болған. Олар болмаса тірі бақаны шаққан жерге тартқан.

Ол уақыттарда сібір жарасы кең тараған ауру болды. Сібір жарасы (қойда - топалан, жылқыда - жамандат, ірі қарада - караталак, түйеде - ақшелек, қарабез) мал және жабайы жануарлардың бациллус антрацис микробы коздыратын, жіті түрде өтетін аса қауіпті жұқпалы ауруы. Бұл аурумен адам да ауырды. Адамда кездесетін түрін - түйнеме немесе күйдіргі деп атады. Түйнеме (күйдіргі) жарасын емдеуге тірі бақаны пайдаланған. В.Шустов (1895 ж) пен А.Е.Слабуновтың жазуынша, қазақтар түйнеме ауруынан пайда болған жараларға тірі бақаның қарнын жарып басып, жайлап орамалмен байлап қоятын болған. Халық дәрігерлері де күйікті емдеудің амалын тапқан. Олар күйген жерге жаңа сойылған малдың шарбы майын немесе құйрық майын теріні басқан оған жылқы немесе қаз майын салып, үстіне ашыған сүт құйған бордың, тұздың, ақ балшықтың ұнтағын сепкен. Түйе жапырақты басқан.

«Қазақтар, - дейді А. Васильев (1901) - көл түбінде өсетін су балдырларын жинап алып, малдың шикі майын қосып қайнатады. Суығасын күйген жерге басады. Ал үсіген жерді алдымен мұздай сумен жуып, содан соң қармен ысқылаған және ол жерді қаздың майымен майлаған немесе оған суға қайнатып, қоюланған езілген құрт жаққан. Бұдан кейін де үсіген жер жазылмай ірің көбейе бастаса, ол жерді кесіп тастайды. Пышақпен кесіп емдеуді көбінесе Қожа руынан шыққан емшілер жүргізеді».

Профилактикалық вакцинация әдістемесі әлі болмаған кезде, қазақ халқы вакцинацияның қандай маңызы бар екенін жақсы түсінді. Сондықтан халық емшілері ауыл тұрғындарына екпе жасап, аурулардың алдын алуды жүзеге асырды. Мысалы, дәстүрлі емшілер шешек ауруынан айыққан адамның терісінен құрғақ шешек қабығын жинап, оларды терінің немесе сау баланың мұрнының жарықтарына салды. Осыған ұқсас тағы бір әдіс-аталған шешек қабығын қуырылған бидаймен араластырып, сау балаларға, кейде ұсақталған күйінде жеуге берген. Сондай-ақ, дені сау баланы аурудың алдын алу мақсатында олар науқас адамның қасына төсекке жатқызылды немесе оған науқас баланың киімін кигізді. Осылайша балада ауруға қарсы иммунитет қалыптасады деген. Эпидемиядан қорғаудың келесі әдісі халық арасында кеңінен таралды.

Қазақ халықтық медицинасына ғалымдар Х.Арғынбаев, А.Төлеубаев, О.Әбдіраман еңбектерінде халық емшілігі мен емдеу түрлеріне әділ баға береді. Халел Арғынбаев 1995 жылы Алматыда өткен халықаралық конференцияда оқылған "қазақтардағы халық медицинасы туралы" баяндамасында көшпелі қазақ халқының өміріндегі халық медицинасының маңыздылығына егжей-тегжейлі тоқталып, халық медицинасының түрлі салаларын, сондай-ақ емдеу әдістерін терең қарастырды. Х.Арғынбаев өз баяндамасында халықтық медицинаға қатысты емдеудің барлық түрлерін, өсімдіктен жасалған дәрілік препараттарының ерекшеліктерін келтіреді. Бұл баяндаманың құндылығы, онда революцияға дейінгі кезеңде қазақ халқы арасында кездескен жұқпалы аурулардың түрлері келтіріледі, сондай-ақ халық арасында олармен күресудің белгілі тәсілдері айқындалады. Ә. Төлеубаев "қазақтардың отбасылық салт-дәстүріндегі исламға дейінгі нанымдардың Реликттері" атты еңбегінде бақсы феноменіне ерекше тоқталды. Ғалым шамандық әуендерді егжей-тегжейлі сипаттайды, балалы болумен байланысты дәстүрлі рәсімнің мысалдарын келтіреді, оларға толық сипаттама береді [9;120].

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі соңғы жиырма жыл ішінде елде халық емшілерінің саны күрт өсті. Халықты халықтық емдеу әдістерімен емдеген түрлі емшілер, бақсылар, экстрасенстер өздерінің емдеу ерекшеліктерін жарнамалай бастады және халықты адастырды. Бұл жағдайда шынайы халықтық медицинаға сұраныс артты. Біз көтерген бұл мәселе Е. Әбілқасымовтың жұмысында көрініс тапты [10;45]. Онда автор тіпті сол кездегі жүзге жуық халық емшілерінің тізімін, сондай-ақ олардың өмірбаяны мен қызметіне қатысты мәліметтерді келтіреді. Халықтық медицинаны, яғни оның тарихнамасын зерттеу тарихына арнайы тоқтала отырып, біз этнология ғылымындағы халықтық медицинаның мәні мен маңыздылығына, сондай-ақ осы тақырыптың көлеңкелі жақтарына назар аударуға тырыстық.

Қазақ халық медицинасына қатысты, оның өзіндік ерекшелігі әлі нақтыланбаған және негізделмеген, мынаны айтуға болады. Қазақ халқының халық медицинасы туралы білімі тек ауруларды емдеуден тұрмайды. Сонымен қатар, ол маңызды теориялық дереккөздерге негізделгені белгілі. XV ғасырда өмір сүрген қазақ халқының көреген емшісі, дәрігер-ғалым Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы өзінің "шипагерлік баян" еңбегінде емдік өнердің құпияларын барынша толық аша алды. Ол оларды теориялық негізде жинап, ұйымдастырды. Сөзсіз, бес ғасырдан астам уақыт сақталып келген "дәрігерлік әңгіме" ерекше құнды құжат екені даусыз. Тибет пен Қытайда ғана халықтық медицинаның бастауларын іздеуді тоқтату керек. Мұндай

пікірдің негізі - "шипагерлік баянда" біз өзіміздің болмысымызға тән ерекшеліктермен сипатталатын дәстүрлі медицинаның сенімді нұсқасын көреміз. Өз-Жәнібек ханның өзі мойындап, ұлы дәрігер ретінде таныған Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы ханның тапсырмасы бойынша 1466-1473 жылдары ханның бұйрығымен "шипагерлік баян" атты еңбегін жазған.

"Шипагерлік баян" адам ағзасындағы әртүрлі органдардың жұмысын сипаттайды, осы органдардың негізгі ауруларының түрлерін көрсетеді. Қазақ халық медицинасын ғылыми жолмен дамытуда Өтейбойдақ Тілеуқабыловтың еңбегі зор. Тәжірибеде және дала зертханасында жүргізілген жұмыстың нәтижесінде ол әртүрлі дәрі-дәрмектердің тек 1108 түрін жасады, оның 858-і дәрілік өсімдіктерден, 318-і жануарлар мүшелерінен және 60-қа жуығы металдардан. Ол адамның 430 астам анатомиялық сипаттама-ларын қалдырды. Осыған сүйене отырып, қазақ даласының халықтық медицинасының бастауы ежелгі дәуірде жатыр, ал фармакология, яғни дәрі-дәрмек жасау XV ғасырда-ақ дамығанын түсінуге болады. Сонымен қатар, ежелгі кезеңдегі халықтық медицина мен біздің күндеріміздің дәстүрлі медицинасы арасында бір-бірін толықтыратын ұқсастық белгілері бар екенін көруге болады. "Ұстазсыз ұстаз» деген лақап атқа ие болған Өтейбойдақ Тілеуқабылов 1050 түрлі ауруды емдеу жолдарын ашты. "Шипагерлік баян" тілі өте күрделі болғанымен, бұл бір сөзді алып тастауға болмайтын ғылыми жұмыс, мұнда артық ештеңе жоқ. Ол көп ғасырлық қазақ халық медицинасынан мәлімет беріп қана қоймай, сонымен бірге қазақтар тарихының құпияларын ашатын өте құнды құжат болып табылады. "Шипагерлік баяндауды" оқи отырып, біз қазақ халқының тарихынан, философиясынан, этнографиясынан, астрономиясынан мәлімет-тер аламыз. Сондықтан бұл жұмысты тек халықтық медицинадағы ғылыми жұмыс ретінде қарастыру жеткіліксіз болар еді. Егер біз "шипагерлік баяндау" – бұл дәстүрлі және дәстүрлі медицинаның үйлесімін біртұтас жүйеде қарастыратын терең ғылыми мазмұндағы жұмыс деп айтсақ, қателеспейміз.

Қазақ халық медицинасын зерттеу мәселесі осы уақытқа дейін тиісті түрде шешілген жоқ. Мұның бірнеше себептері бар. Негізгі себеп-көптеген адамдар халықтық медицинаны мойындамайды, сондай-ақ оны зерттеуге тыйым салуға қарсы емес. Сонымен қатар, "арнайы ғылыми зерттеулердің ұзақ уақыт болмауы" теріс әсер етті. Кеңес дәуірінде қазақ халқының ата-баба тарихы, мәдениеті, салт-дәстүрлері, тілі мен діні қысылып, үнсіз қалды. Сол сияқты, адамдарды емдеген дәстүрлі медицина өкілдері де қуғын-сүргінге ұшырады. Осыған қарамастан, шынайы халықтық емдеу және емдеу халықтық ортада жасырын түрде өмір сүруді жалғастырды. Халықтық медицина-бұл қасиетті құбылыс, оның құпиялары көптеген ғасырлар бойы сақталып келеді және асыл мұра ретінде ұрпақтан-ұрпаққа ауызша беріледі. Оны қағазға аударып, "дәрігерлік баяндау" ("Шипагерлік баян") арнайы энциклопедиялық еңбегін жаза отырып, О.Тілеуқабылов осы құпия білімді ашып, толықтырды. Автор өзінің "дәрігерлік баяндауы" арқылы қазақ халық медицинасын жүйелеп, талдап, дәріптеді, тіпті оның дәстүрлі медицинамен байланысын ашты деп айтуға болады [11;10].

Кейін, XX ғасырдың 20-30 жылдарда қазақ даласында репрессиялық шаралар жүргізілді, бұл шипагерлер санының күрт төмендеуіне әкелді. Қазақ халық медицинасының тарихы қазақстандық ғалымдардың ғылыми зерттеулерінде жалғасын тапты.

Қорытынды. Қазақ тарихындағы дәстүрлі халықтық медицинаның дамуы сол кездегі қоғам үшін әлеуметтік маңызы зор салалардың бірі болды. Себебі халықтың денсаулығы, ел экономикасын одан әрі дамытатын адами ресурстар кез келген қоғамның басты проблемасы болды. Көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан қазақ халқы үшін халық емшілігінің рөлі ерекше. Қазақтардың өз денсаулығын бақылауы, аурулардың алдын алумен айналысуы, дене мен рухтың тазалығын сақтауға ұмтылуы-мұның бәрі күнделікті тәжірибеден туындайтын құндылықтар ретінде қалыптасты. Қорыта келгенде, адамның денсаулығының жақсаруына, сырқатын емдеуге арналған әр түрлі емдік шипалық әдіс-тәсілдердің пайдасынан басқа, ешқандай зияны жоқтығын, ол емдеу жүйелері өлім мен кәріліктен басқаның барлығына шипалы екенін дұрыс қабылдау қажеттігі туындайды. Тектік қасиет – ұрпақтар жалғасын жалғастыратын аталық код болғандықтан қазақ дүние жүзіндегі ұрпағы таза халық санатына жатады [12]. Жоғарыда қарастырғанымыздай, отарландыру саясатынан кейін қазақ жеріне, еліне зерттеу жүргізген ғалымдардың еңбектері, қазақ медицинасының деңгейін толық сипаттап тұр. Ешқандай жоғары білімсіз, түрлі шөптерден дәрі жасап, түрлі әдістермен адамды ауруынан жазып шығуы, бабаларымыздың көрегендігін, жан-жақты біліктілігін дәлелдеп тұр. Бұл құнды ақпараттар - тарих. Демек, тәні сау, дені сау адами ресурс, елдің әлеуметтік жағдайын саралайтын ең негізгі капитал. Халқымыз «Ұрпақтың денсаулығы – ұлттың саулығы» деген сөздің мәнін терең түсіне білсе керек. Ал ұлттың денсаулығы – мемлекеттің, елдің болашағы.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақта медицина болған ба? – 2021. [Электрондық ресурс]. – Сілтеме: <https://muslim.kz/article/qazaqta-meditsina-bolgan-ba>
2. Әбілқасымов Е. Қазақтың халық емшілері. Анықтамалық / Әбілқасымов Е. - Алматы, 1993. – 74 б.
3. Қожырбайұлы Мұхамбеткәрім. Қазақи білім мен ғылымның адам айтса нанғысыз, біз білмейтін құпиялары. - 2020. – Маңғыстау [Электрондық ресурс]. / Қожырбайұлы Мұхамбеткәрім. – Сілтеме: https://www.facebook.com/permalink.php?story_fbid=2616106391991357&id=1987273551541314&locale=zh_TW
4. Алдашев А., Әлімханов Ж. Қазақтың халық медицинасының құпиясы / Алдашев А., Әлімханов Ж. - Алматы: Қазақстан, 1992. – 86 б.
5. Ягмин А. *Киргиз-Кайсацкие степи и их жители. Типография Карла Крайя. СПб. / Ягмин А. - 1845. – 101 с.*
6. Басилов В.Н. Шаманство у народов Средней Азии и Казахстана. Наука / Басилов В.Н. Москва, 1991. - 324 с.
7. Алдашев А., Әлімханов Ж. Қазақтың халық медицинасының құпиясы / Алдашев А., Әлімханов Ж. - Алматы: Қазақстан, 1992. – 87 б.
8. Алмас Мұқашұлы. Батыста «революциялық жаңалық» деп танылған антибиотикті қазақ халқы ежелден білген – 2016. - [Электрондық ресурс]. / Алмас Мұқашұлы. – Сілтеме: https://www.inform.kz/kz/batysta-revolyciialyk-zhanalyk-dep-tanylgan-antibiotikti-kazak-halky-ezhelden-bilgen_a2865666
9. Төлеубаев Ә.Т. Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов (XIX- начало XX вв) / Төлеубаев Ә.Т. - Алма-Ата: Ғылым- 1991. - 120-122 с.
10. Әбілқасымов Е. Қазақтың халық емшілері. Анықтамалық / Әбілқасымов Е. - Алматы, 1993. - 45-46 б.
11. Тілеуқабұлұлы Ө. «Шипагерлік баян» // Араб графикасынан аударма Н. Елемес, Д. Мәсімхан. / Тілеуқабұлұлы Ө., Н. Елемес, Д. Мәсімхан. - Алматы: Жалын - 1996. – 10 б.
12. Халықтық медицина [Электрондық ресурс]. – Сілтеме: <https://halykemi.wordpress.com/түйіншектер/әұлама-ғалымдар/шипaгерлік-баяннан-үзінділер/13-бет>

References:

1. Қазақта medicina болған ба? – 2021. [Elektronдық resurs]. – Silteме: <https://muslim.kz/article/qazaqta-meditsina-bolgan-ba>
2. Әbilqasymov E. Қазақтұң halyқ emshileri. Анықтамалық / Әbilqasymov E. - Almaty, 1993. – 74 b.
3. Қozhyrbajұly Mұхамбетkәrim. Қазақи bilim men ғyлымнұң adam aйтса nanғysyz, biz bilmejtin құpиялары. - 2020. – Маңғыstau [Elektronдық resurs]. / Қozhyrbajұly Mұхамбетkәrim. – Silteме: https://www.facebook.com/permalink.php?story_fbid=2616106391991357&id=1987273551541314&locale=zh_TW
4. Aldashev A., Әlimhanov ZH. Қазақтұң halyқ medicinasynұң құpиясы / Aldashev A., Әlimhanov ZH. - Almaty: Қазақстан, 1992. – 86 b.
5. YAgmin A. Kirgiz-Kajsackie stepi i ih zhiteli. Tipografiya Karla Krajya. SPb. / YAgmin A. - 1845. - 101 s.
6. Basilov V.N. SHamanstvo u narodov Srednej Azii i Kazahstana. Nauka / Basilov V.N. - M., 1991. - 324 s.
7. Aldashev A., Әlimhanov ZH. Қазақтұң halyқ medicinasynұң құpиясы / Aldashev A., Әlimhanov ZH. - Almaty: Қазақстан, 1992. – 87 b.
8. Almas Mұқashұly. Batysta «revolyciialық zhaңалық» dep tanylgan antibiotikti қазақ halky ezhelden bilgen – 2016. - [Elektronдық resurs]. / Almas Mұқashұly. – Silteме: https://www.inform.kz/kz/batysta-revolyciialyk-zhanalyk-dep-tanylgan-antibiotikti-kazak-halky-ezhelden-bilgen_a2865666
9. Tөleubaev Ә.T. Relikty doislamskih verovanij v semejnoy obryadnosti kazahov (XIX- nachalo XX vv) / Tөleubaev Ә.T. - Alma-Ata: Fylym- 1991. - 120-122 s.
10. Әbilqasymov E. Қазақтұң halyқ emshileri. Анықтамалық / Әbilqasymov E. - Almaty, 1993. - 45-46 b.
11. Tileuқabylyly Ө. «SHipagerlik bayan» // Arab grafikasyнан aударma N. Elemes, D. Mәsimhan. / Tileuқabylyly Ө., N. Elemes, D. Mәsimhan. - Almaty: ZHalyn - 1996. – 10 b.
12. Halyқтұқ medicina [Elektronдық resurs]. – Silteме: <https://halykemi.wordpress.com/түйіншектер/әұлама-ғалымдар/shipagerlik-bayannan-үзінділер/13-бет>

К.А. Тулентаева*¹, Г.Е. Абикенова²

¹тарих ғылымдарының кандидаты. Қазақ спорт және туризм академиясы. Алматы қаласы, Қазақстан
E-mail: Tulentaeba_55@mail.ru

²тарих ғылымдарының кандидаты., қауымдастырлыған профессор
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. Алматы қаласы. Қазақстан. agulzhazira@mail.ru

КЕҢЕСТІК БИЛІК ТҰСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚ АҒАРТУ ЖҮЙЕСІНДЕ ОРЫН АЛҒАН КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР (XX ғ. 20-30 жж.)

Аңдатпа

Авторлардың өз алдына мәселе етіп отырған сұрағы маңызды да өзекті болып табылады. Біріншіден, халық ағарту үрдісі тарихы Қазан революциясынан бастап 1941 жылғы соғыстың қарсаңына дейінгі аралықты қамтиды. Демек, бұл бағыттағы күрделі даму большевиктік биліктің сан-салалы іс-шаралық саясатымен айқындалып ашылады. Екіншіден, авторлар тарапынан сауатсыздықты жою, бастауыш мектеп, орталау мен орта мектеп және толымды орта мектеп сынды баспалдақтар мұрағаттық құжат мәліметтер мен зерттеулерді пайдаланыла отырылып, толымды талдауға түсіріледі. Бұл тұста кеңестік және тәуелсіздік кезінде жазылған материалдардағы пайымдаулық көзқарастарды шендестіру әдісімен бағамдауды назарда ұстадық. Мектептердің ара жігін ажырату, олардың материалдық хал жағдайын айқындау, қала мен ауылдық аймақтардағы білім беру жүйесі үрдісіндегі кереғар мәселелердің орын алып отырғандығы, яғни олардың арасындағы зор да ауқымды айырмашылықтар зерделеуге түсірілді. Үшіншіден, сауатсыздықты жою сынды шарадағы және мектеп типтерінің, оқушылардың сандық көрсеткіштеріне қатысты мәліметтер де саралаудан өткізілді. Сандық мәліметтерді сөйлету арқылы бір жағынан, даму динамикасының негізінен болғандығын, екінші жағынан, бұл саладағы жетістіктер мен «жеңістер» әсіре бағаланып, кемшіліктері мен көлеңкелі де келеңсіз тұстары көбінесе бүркемеленгендігін бағамдадық. Төртіншіден, мұғалімдердің Кеңестер елінің қоғамдық-саяси өміріне таңылу құбылысы зерделенді. Бесіншіден, қазақ мектептерінің жағдайы арнайы талдауға түсті және мұнда шешімін таппаған түйткілді мәселелер тізбегі (ғимараттық жайлармен қамтылмауы, оқу құралдарының тапшылығы, ұлттық орта мектептің тіптен жоқтығы және т.б.) ажыратылып анықталды. Алтыншыдан, оқу үрдісінде орыс тілінің басымдығы және большевиктердің директивалық қаулы-қарарларының (арабтан латынға, содан кейін латыннан кириллицаға өту) халық ағарту саласындағы салдарлары толымды талдауға түсірілді. Жоғарыда жіктелген мәселелер Кеңес үкіметінің мәдени революция аясында әрекет еткендігі және оның айтулы табыстарға жеткендігін бағамдай отырып, автор коммунистердің мәдениетке, соның ішінде халық ағарту саласындағы, саясаты «қалдық принципі» деңгейінде қалғандығын негіздейді.

Кілт сөздер: «мәдени революция», «халық ағарту саласы», «сауатсыздықты жою», «еңбек мектебі», «бастауыш, орталау және орта мектеп», «мұғалімдер қауымы», «әміршіл-әкімшіл жүйе», «директивалық қаулылар», «партия саясаты», «большевиктік билік», «қалдық принципі».

Тулентаева К.А. *¹, Абикенова Г.Е. ²

¹кандидат исторических наук. Казахская академия спорта и туризма. город Алматы, Казахстан
E-mail: Tulentaeba_55@mail.ru

²кандидат исторических наук, доцент. КазНУ им. аль-Фараби. город Алматы, Казахстан
E-mail: agulzhazira@mail.ru

НЕКОТОРЫЕ ПРОБЛЕМЫ ВОЗНИКШИЕ В СИСТЕМЕ НАРОДНОГО ОБРАЗОВАНИЯ КАЗАХСТАНА В ПЕРИОД СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ (20-30 гг. XX века)

Аннотация

Поднимаемый авторами вопрос является актуальной проблемой, что возводит ее в ранг объекта исследования. Во-первых, история народного образования охватывает исторический промежуток между Октябрьской революцией и началом войны 1941 года, т.е. процесс развития данной сферы рассматривался

в контексте с политикой большевиков. Во-вторых, на основе архивных документов и исследовательских работ по данной теме проанализированы в полном спектре такие вопросы, как ликвидация неграмотности, начальная, неполная средняя и средняя школа в крае. Авторами были сделаны попытки раскрытия уровня материального положения определенных типов школ, а также существенного различия в системе городского и сельского образования. В-третьих, авторы подвергли анализу статистические данные таких показателей, как количество людей, обученных грамоте, школ, школьников и т.д. Прибегнув к помощи цифровых данных с одной стороны, выявлены динамика развития школ, с другой стороны, переоценка достижения и «победы», таким образом, умалчивание пробелы и негативные явления в этой области. В-четвертых, были показаны, возложенная большевиками роль и определяющие функции, учителям страны в советском обществе. В-пятых, выявляя многочисленные нерешенные задачи и проблемы (нехватка специальных школьных помещений, необеспеченность необходимыми учебно-методическими пособиями, отсутствие национальных средних школ и т.д.), авторами отведено особое место казахской школе. В-шестых, рассмотрены приоритет русского языка в учебном процессе и последствия директивных постановлений большевиков (изменение письменности казахов с арабского на латинский, затем с латинского на кириллицу) в сфере народного просвещения. Совокупность всех этих вопросов рассмотрены авторами в рамках культурной революций, но несмотря на определенные достижения коммунистов, однако в культуре, в частности области образования, действовал «остаточный принцип».

Ключевые слова: «культурная революция», «сфера народного образования», «ликвидация неграмотности», «начальная, неполная средняя и средняя школа», «трудовая школа», «учительство», «командно-административная система», «директивные постановления», «партийная политика», «власть большевиков», «остаточный принцип».

*K.A. Tulentaeva*¹, G.E. Abikenova²*

¹candidate of Historical Sciences. Kazakh Academy of Sports and Tourism. Almaty city, Kazakhstan

E-mail: Tulentaeba_55@mail.ru

²candidate of Historical Sciences, Associate Professor. Almaty city, Kazakhstan E-mail: agulzhazira@mail.ru

SOME PROBLEMS THAT AROSE IN THE PUBLIC EDUCATION SYSTEM OF KAZAKHSTAN DURING THE SOVIET PERIOD (20-30s of the twentieth century)

Abstract

The question raised by the authors is an actual problem, which raises it to the rank of an object of research. Firstly, the history of public education covers the historical interval between the October Revolution and the beginning of the war in 1941, i.e. the process of development of this sphere was considered in the context of the policy of the Bolsheviks. Secondly, based on archival documents and research works on this topic, such issues as the elimination of illiteracy, primary, junior high and high schools in the region have been analyzed in a full range. In this regard, began to study the relationship between schools, the definition of their financial situation, the existence of conflicting issues in the learning process in urban and rural areas, namely huge differences between them. Thirdly, the authors analyzed the statistical data of such indicators as the number of people taught to read and write, schools, schoolchildren, etc. Based on numerical data, on the one hand, we estimated that the dynamics of development was the basis, on the other hand, achievements and "victories" in this area were overestimated, and their shortcomings were often hidden. Fourth, the role and defining functions assigned by the Bolsheviks to the country's teachers in Soviet society were shown. Fifth, identifying numerous unsolved tasks and problems (lack of special school premises, lack of necessary teaching aids, lack of national secondary schools, etc.), the authors has assigned a special place to the Kazakh school. Sixth, the priority of the Russian language in the educational process and the consequences of the directives of the Bolsheviks (changing the Kazakh script from Arabic to Latin, then from Latin to Cyrillic) in the field of public education are considered. The totality of all these issues was considered by the authors in the framework of the cultural revolutions, but despite certain achievements of the communists, however, in culture, in particular in the field of education, there was a "residual principle".

Keywords: «cultural revolution», «educating people», «elimination of illiteracy», «primary, junior high and high school», «labor school», «community of teachers», «administrative-command system», «directives», «party politics», «bolshevik power», «residual principle».

Кіріспе. Социалистік құрылыс үрдісінің ажырамас құрамдас бөлігі мәдени революция деп танылғаны ақиқат. Мәдени революция дегеніміз не? Мақсаты қандай? деген сұрақтар қою арқылы күрделі де қайшылықты осынау құбылысты бағамдалық. Кеңестер елінде көпұлтты социалистік мәдениетті

қалыптастыру, халық ағарту жүйесін дамыту, бұқараның «күні өткен көзқарастары мен ұстанымдарынан» арылтып, халықтың бүкіл рухани өмірінің өзегіне айналатын коммунистік идеологияны өрістету сынды мазмұнмен шендесіп жатты. Ендеше бүкіл Кеңестер жүйесінде нысана етіп басшылыққа алған Қазақстан партия ұйымы да мәдениеттің артта қалуын жойып, халық ағарту ісін, әдебиет, өнер, мәдени мекемелерді дамытуға «ерен күш салды».

Мектеп ісі мәселесін жалаң қарастырудың мүмкін еместігін, яғни оның халық ағарту үрдісінің көпқырлы және сан-салалы шараларымен сабақтаса жүретіндігін алға тарта отырып, бірқатар өзекті сұрақтардың басын ажыратып алу қажеттілігі туындайды. Ендеше пайымдауларымызды Кеңестер еліндегі жалпы кеңестік халық ағарту жүйесі мақсаттық басымдықтармен сипатталатын өзіндік білім беруді іске асырудың бірнеше *сатыларын саралаудан* бастағанымыз абзал.

Халық ағарту ісін әлеуметтік институт ретінде зерделегенде, оның теориялық және тәжірибелік тарихи даму жолын саралау арқылы жемісті тұстары мен түйінді сабақтарын бағамдаудан қарастырып отырған *мәселенің міндеттері* алға тартылды.

Мәселені зерттеу объектісі тұрғысына көтерген тұста, үрдістің құрылымдық жүйесін анықтау, большевиктердің қол жеткізген табыстарын жүйелеу, Кеңестер елінің бұл бағыттағы көкейкесті ұстанымдары мен оларды іс жүзіне асырудағы «макиавеллилік, яғни нәтижеге жету үшін барлық құрал жақсы» саясатының оза жүргендігін айғақтау сынды *мақсаттармен* ұштасып жатты.

Зерттеу әдістері. Мәселені толымды етіп ашу мақсатымен жалпылау мен жекелеу, топтау, салыстыру, айқындау, қорытындылау сияқты *әдістерді басшылыққа ала отырып*, бірізділікпен пайым-дауды көздедік. Кеңес үкіметі орнағаннан Ұлы Отан соғысына дейінгі аралықтағы елдің халық ағарту ісіне қатысты партиялық құжаттар саралаудан өткізіліп, тарихнамалық тұрғыдан негізделді.

Талқылау. Біріншіден, авторлар тарапынан көтеріліп отырған халық ағарту жүйесі кеңестік кезеңде мәдени революцияның бір құрамдас бөлігі ретінде қарастырылды және ең бастысы, осы бағыттағы большевиктердің қол жеткізген табыстарына басымдық беріліп, біржақты пайымдауларға жол берілді деген тұжырым жасалды. Екіншіден, Қазақстандағы тәуелсіздік жылдары жарық көрген Отан тарихына қатысты оқулықтар мен оқу құралдарында бұл тақырып дара, яғни арнайы түрде мәселе деңгейінде қамтылмаған. Ғылыми мақалалардың аталған мәселені жаңаша көзқараспен үндестіру әрекеті көрініс табуда, дегенмен ол толымды да жан-жақты шешімін таппай отыр. Үшіншіден, авторлар кеңестік дәуір мен тәуелсіздік кезеңдегі мәліметтерді саралап бағамдай келе, мағлұматтарды мұрағаттық құжаттармен бекемдеу, халық ағарту саласының қиындықтары мен қайшылықтарын айқындауды нысана ету, сөйтіп, оған жүйелік пен құрылымдық сипат беру жолымен шынайы тарихи үрдіс ретінде зерделуді басшылыққа алуда. Демек, мәселенің нақтылы тарихын беру және оны көпқырлы объект тұрғысынан талдау керектігі туралы тұжырым жасалды.

Нәтижелер. XX ғасырдың 20-30-жж. бастауыш және орта мектептер жүйесін қарастыру елдегі сауатсыздыққа қарсы күреспен сабақтаса жүргені мәлім. Мұнда негізгі сауатсыздықты *жою* мәселесіне қатысты мағлұматтарды қысқаша анықтамалармен айғақтап алғанымыз абзал. РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесі тарапынан *1919 жылдың 26 желтоқсанында сауатсыздықты жою туралы Декретке қол қойылды*, демек, аталмыш құжат сауаттылық жолындағы бүкілхалықтық қозғалысқа бастау болды.

1921 жылы жергілікті жерлерде өкілетті органдары тарапынан сауатсыздықпен күрес үшін Қазақстандық төтенше комиссия (Казграмчека деп аталды) құрылды.

Кеңес халқының сауаттылық үрдісіне 1923 жылы құрылған «*Сауатсыздықты жою*» *бүкілодақтық ерікті қоғамы* жаңа тыныс беріп қанат бітірді. Қызыл бұрыштар, қызыл отау, қызыл керуен, халық үйлері, көшпелі кітапханалар, клубтар мен кітапханалардың орнын басқан оқу үйлері «мәдени жорықтың» басында тұрды.

Сауатсыздықпен күрестің жалпы Кеңестер елінде, соның ішінде Қазақстанда, өзіндік нәтижелерге қол жеткізгендігін азамат соғысынан кейінгі 1921-1925 жылдар арасын қамтитын халық шаруашылығын қайта келтіру кезеңіндегі деректік мағлұматтармен түйінделік. Егер 1921/22 оқу жылында республикада 0,7 мың, 1922/23 – 4,1 мың, 1923/24 – 15,8 мың және 1924/25 оқу жылында – 21,9 мың адам сауат ашқан [1, 787 с.].

Қазақстан халқының 30 жылдарының аяғындағы сауаттылық көрсеткіші жайында мәліметтер азды-көпті айырмашылықтармен ерекшеленеді. Мәселен, кеңестік дәуірде жарық көрген Қазақ КСР тарихының бес томдық еңбекте «1939 жалпы жылы 79,3 пайызға өскен. Соның ішінде ер адамдар арасында 85,2, ал әйелдер ортасында 66,3 пайызды құраған» [2, 49-б.]. Тәуелсіздік кезеңде алғашқы оқу құралдарының қатарынан табылған Отан тарихы очеркінде Қазақстан тұрғындарының 1939 жылғы сауаттылық деңгейін 83,6 пайызға жеткізсе [3, 387 с.], тарихшы Әбдіжапар Әбдәкімұлы 76 пайыз деп көрсетеді [4, 245 с.].

Қаз АКСР ОАК-ті 1930-жылдың 11 ақпанында «ҚазАКСР тұрғындары арасында сауатсыздықты міндетті жою туралы» қаулысы бойынша бірінші бесжылдықтың аяғында республикада сауатсыздардың барлығын қара таныту міндетін қойды. Әрине, оның ойдағыдай болмағаны белгілі және оған себептер де жетерлік.

КСРО-да 1920-1940 жылдары сауаттылық жүйесіне 50 миллион ер адамдар мен әйел қауымы тартылды, сөйтіп, жалпы сауатсызды жою 1940 жылы аяқталды деген тұжырым да бекіген [5, 39 стр.]. Кеңестік әдебиеттерде «сауатсыздыққа қарсы күреске бұқара халықтың белсенді күресі арқасында салыстырмалы түрде қысқа уақытта табысқа қол жеткізілді» сарынды пафостық теңеулер жетерлік. Мына бір сөйлем жолдары айтқан уәжімізге айқын дәлел: «... К концу второй пятилетки Казахстан стал республикой сплошной грамотности. Это было большим завоеванием народа на путях создания социалистической культуры» [6, 36 с.]. Алайда Кеңестер елінде 40-жылдардың басында сауатсыздықты жоюға қол жеткізілмегені айғақ.

Ұлы Отан соғысының басталып кетумен байланысты бұл үрдістің кешеуілдегені сөзсіз, елде негізінен сауатсыздықты жою *өткен ғасырдың 60-жылдарында аяқталды* деп тұжырымдалады. Сөзіміз-ге кеңестік әдебиетке сілтеме жасаған мына бір дерекпен анықталық; егер 1959 жылы Қазақстанның сауатсыз тұрғындарының үлес салмағы 3,1 пайызды құраса, 1970 жылы бұл көрсеткіш 0,3 пайыз деңгейінде болған [3, 387с.].

Келесі мәселе - *бастауыш мектеп*. Бастауыш мектептің үлгісі болып ақысыз төртжылдық білім беретін біртұтас кеңестік еңбек мектебі табылды. Мектептің бұл құрылымы кеңестік халық ағарту жүйесінің жаңа жағдайдағы принциптерін белгілеген 1918 жылғы қазанның 16 жұлдызында шыққан БОАҚ-нің *«Бірыңғай еңбек мектебі» туралы Ережесінде* негізделді. Құжатта неңдей басты принциптер айқындалды? Бұлар: ақысыз білім алу, ер және қыз балалардың бірге оқуы, оқушыны жазалаудың барлық түрлеріне тыйым салу, мектептің өзін-өзі басқаруы.

Ережеге сай біріншіден, барлық мектептер екі сатыға бөлінді: біріншісінде 8-13 жастағы, екіншісінде 13-17 жастағы балалар оқитын болды. Екіншіден, революцияға дейін әрекет еткен медреселер, мектептер мен орыс-қазақ мектептерін кеңестік мектептерге айналдыру жолында белсенді жұмыстар басталды.

Жоғарыда айтқанымыздай, бір және екі жылдық мектептердің орнына төрт сыныптық мектептерді ұйымдастыру арқылы бастауыш мектепті құру мүмкіндігінше көзделді.

1926 жылдың мамыр айында Қазақ АКСР Халық Комиссарлар Кеңесі тұңғыш «Қазақ АКСР бірыңғай еңбек мектебінің Уставын» қабылдады. Ендеше өлкеде де мектеп құрылысында біржылдық және екіжылдық мектептердің үлес салмағын азайтуға, сөйтіп, «үшжылдық» және «төртжылдық» сыныптардың үлес салмағын арттыруға бағыт ұстады [7, 160 с.].

Үшжылдық мектептерге қарағанда, төртжылдық мектептердің артықшылықтары айналасында талас пікірлердің болғандығын архивтік деректер де дәлелдей түседі: «... Продолжительность курса этих школ, некоторые склонны ограничить 3-мя годами. Мы категорически возражаем ... При неизбежном сокращении срока учебного года в школах где занятия происходят летом, ограничивать прохождения курса 3-мя годами – означало бы сознательно свернуть содержание курса школы, и свести ее значение до роли школы только формальной грамоты. Последний, именно четвертый год обучения, в который должны дети вступить со значительным багажом необходимых формальных навыков и знаний – играет особенно большую роль для повышения интеллектуального роста детей и приобретения хотя бы начальных познаний из окружающего мира и жизни» [8] деп көрсетіледі.

Бұл тұста мектеп ісін жүзеге асыруда большевиктердің өкімет билігі жолында азамат соғысына килігумен және халық ағарту саласындағы кеңестік саясатқа қарсы күштердің іс-әрекеттері қиындықтар тудырғанын атап өткеніміз жөн. Дегенмен, бұл бағытта алға жылжуды байқаймыз. Кеңестік кезеңнің аса беделді дерегі ретінде саналған партия тарихында аталған мектептік құрылымдардың статистикалық мәліметіне жүгінелік: 1828/29 оқу жылында республикада 268 993 оқушыдан тұратын 4 397 бастауыш мектеп болып, бұл көрсеткіш 1926 жылмен салыстырғанда 25 пайызға артқандығы аталады [9, 199-б.].

Қазақстан және Орта Азия республикаларының ұлттық-территориялық межелену үрдісіне орай ұлттық республикалардың шекаралық бойлауы анықталынып, облыстардың айқындалуымен байланысты Халық ағарту комиссариаттарының, сондай-ақ жергілікті жерлерде олардың органдарының құрылуы кеңестік білім жүйесінің дамуына оңтайлы алғышарттар жасады десек болады. Мұның бір айқын көрінісі *1930 жылдың 27 тамызында ҚазКСР ОАК мен ХКК-нің «Жалпы міндетті бастауыш білім беруді енгізу туралы» қаулысы* қабылдануы еді. Қаулығы сәйкес жалпы міндетті бастауыш білім 1930/31 оқу жылынан бастап *8-11 жас арасындағы балаларды* оқуға тарту арқылы жүргізу көзделді. Өлкенің көшпелі аудандары үшін жалпы міндетті бастауыш кейінгі мерзімге ығыстырылды. Дегенмен, біріншіден, мұндай мектептерге

объектіден үш шақырымдық радиуста орналасқан елді мекендердің балаларын көлікпен жеткізу жолға қойылған жағдайда оқуға жіберілу мүмкіндігі берілді. Екіншіден, жатар орны мен тамағы ұйымдастырылар болса (мектеп-интернаттар, жатақханалар) оқуға тартылатындығы баяндалды.

Сол кезеңде маусымдық бастауыш мектептің орнына 8-11 жас арасындағы балалардың 98,6 пайызын оқумен қамтыған толық комплектілі төрт сыныпты мектептер мен мектеп-интернаттар ашылды деген мағлұматтар кездеседі [2,50-б.].

Бастауыш мектеп қабырғасынан өтпеген жасы 11-ден 15-ке дейінгі балалар үшін бір және екіжылдық курстық мектептерді құру көзделді.

Республиканың Алматы, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан сынды төрт облысқа қатысты мәліметтер біржылдық бастауыш мектептер 24, 3 пайызды, екіжылдықтар 47,8 пайызды, үшжылдықтар 16,8 пайызды, төртжылдықтар 11,1 пайызды құрағандығынан біздерді хабардар етеді.

Республика мектеп сыныптары балалармен толыққанды қамтылмағанын айтпағанда, толық емес бастауыш мектептер санының басымдығы сақталып отырды. Мұндай келеңсіз құбылыс әсіресе қазақ мектептеріне тән болды.

Республиканың ауылдық мектеп жүйесі үрдісін арнайы талдауды қажет етеді. Мектеп жасындағы барлық балаларды оқуға тарту оңайлық туғызбады. Сол бір кезеңде малшы аудандарда балалардың 50-60 пайызы ғана оқу жүйесіне тартылды. Қазақ ауылдарында бар болғаны оқу, жазу, есептеуден ғана тұратын маусымдық және көшіп жүретін мектептер болды.

Ауылдардың оқу құрылымы негізінен екі, үш, бола қалған жағдайда төртсыныптық мектептермен шектелді. Солай бола тұр, бізге келіп жеткен мәліметтерде мектептердегі қазақ оқушыларының саны 1933 жылмен салыстырғанда, 1936/1937 оқу жылында 220 мыңнан 375-ке өскендігі туралы мағлұматтар берілген [9, 263-б.].

Осы жерде 20-жылдардағы рапорттық құжаттарда халыққа білім берудің ұлттық жүйесін дамыту жолында зор табыстарға қол жеткізгендігі туралы тұжырым жасаған көрсеткіштерімен салыстыруды жөн көрдік. Мәселен, 1926 жылы мектеп жасындағы қазақ балаларының 18 пайызы оқумен қамтылған болса, 1928/29 оқу жылында оның үлесі 34,7 пайызды құраған [9, 199-б.].

Берілген цифрлық архивтік материалдарды саралағанда, екі көрсеткіштің қанша сандық және пайыздық өсуін бағамдадық. Сонымен, 20-жылдары балалар саны 155 мыңға, ал 30- жылдары олардың қамтылуы 16,7 пайызға өскендігін көрсетеді.

Бастауыш мектеп мәселесін Кеңестер елінің осы бағыттағы ұстанған міндеттері және оның іске асырылуы үрдісімен ойымызды қорыталық. КСРО ОАК Президиумының 1935 жылдың 22 қазанында «О советском, хозяйственном и культурном строительстве Казахской АССР за пятнадцать лет» атты қаулысының кейбір үзінділеріне тоқталалық: «... В целях дальнейшего содействия делу успешного социалистического строительства советского Казахстана Президиум Центрального Исполнительного Комитета Союза ССР постановляет осуществить следующие мероприятия:

По народному образованию и подготовке кадров

1. Предложить правительству Казахской АССР:

а) к концу второй пятилетки обеспечить полный охват всех детей начальной школой и закончить ликвидацию неграмотности взрослого населения» [10,180 стр.]. Көріп отырғанымыздай, 1938-1942 жылдарды қамтыған *екінші бесжылдық* жоспарда сауатсыздықты жоюды аяқтау, бастауыш білім беру міндетін орындау көзделді. Большевиктердің іс жүзінде бітпесе де, сөз жүзінде орындалғандығы туралы рапорттық мәлімдемелеріне сәйкес, елде *негізінен* бастауыш мектеп жүйесі балалардың 90 пайызын қамтыған 1935 жылы құрылды деген тұжырым жасалды [11, 150 стр.].

Оқулықтарда жүрген жалпы бастауыш білімге қатысты мәліметтерді бір жерге басын тоғыстырсақ: мектеп жасындағы балаларды қамту 1929 жылы – 42; 1933 жылы – 81; 1935 жылы – 91; 1937 жылы – 96 пайызды құраған [3, 388 стр.]. Алайда бұл пікір әсіресе Қазақ өлкесі үшін шынайы нақтылыққа сәйкестігі күмән тудырады.

Үшіншіден – орталаумен орта және орта мектеп. Мәдени революцияның маңызды міндеттерінің бірі бүкіл елдегі сияқты республикада да орта мектепті дамыту және нығайту болғандығы белгілі. Бұл істе ВКП(б) ОК-нің 1931 жылдың 5 қыркүйегінде «Бастауыш және орта мектеп туралы» және 1932 жылдың 25 тамызында қабылданған «Бастауыш және орта мектептердегі оқу бағдарламалары туралы» қаулылары үлкен рөл атқарғаны сөзсіз. Құжатта теорияны практикамен ұштастыра білетін коммунизмнің жан-жақты дамыған құрылысшыларын дайындау басты міндет деп табылды және барлық іс-әрекет осы идеяның салтанат құруы жолына бағытталды. Осы тұста цифрларды сөйлетелік: республикада 1932/ 33-оқу

жылында 135 908 оқушысы бар 419 жетіжылдық, 17 713 оқушыны қамтыған 31 мектеп жұмыс жасаған [12,288 с.].

Ал 1928/29-оқу жылында *21 мектеп-коммуна, 72 ауыл жастары мектебі, 142 жетіжылдық мектеп, 29 екінші сатылы мектеп* әрекет еткен. Аталған оқу мекемелерінде 50 мың оқушы оқыған [9, 199 -б.].

Қазақстанда мектеп құрылысының қиындықтарын ескере отырып, интернаттары бар *мектеп-коммуналарды* ұйымдастырыла бастады. Бұл әсіресе бастауыш және орта мектеп арасындағы айырмашылықты жеңу және қазақ жастарын техникумдарға қабылдауға дайындық үшін баспалдақ деп табылып, біртіндеп жоғарылатылған типтік мектепке айналдыру бағытында алғашқы қадамдар да жасалды. Қалаларда *тәжірибелік-көрсетімдік мектептер* (опытно-показательные школы) қазақ орта мектептеріне бастау болады деген ниетпен құрылған-ды. Алайда әсіресе соңғы мектеп түрінің соғысқа дейін өз миссиясын атқара алмай кеткені бүгінде айғақ.

1940 жылға қарай жалпы бастауыш және орта, орта арнаулы және жоғары оқу орындарының жүйесін қалыптастыру үрдісі баяу жүрсе де жалғасын тапты.

Осы жылы Қазақстанда *1779 орталау* және орта мектеп болса, соның 746-сі ғана қазақ мектебі екен. Ал *орта мектептің* арақатынасы 701 : 168 көрсеткішпен анықталады. Ұлттық тілдегі мектептің сапа және сан жағынан да ақсап тұрғандығы жоғарыдағы цифрлар айғақтай түспек. Бұл мәселенің бір жағы. Екінші қырынан келсек, орталау және орта мектептер негізінен орыстілді тұрғындар басым болған қалалар мен ірі өнеркәсіп орталықтарында әрекет етті. Сол кезеңдегі қарапайым күн көрістің қамында жүрген ауылдық елді мекендерде білім ордасы құрылысы мәселесі туралы айтудың өзі де артықшылық сияқты, себебі материалдық базаның жоқтығы айғақ-ты, яғни мектептер салуға, оқу құралдарын шығаруға, оқытушыларды дайындауға және т.б. қомақты қаржы қажеттілігі түсінікті жайт. Бұл кезеңде Кеңестер елінің бүкіл экономикалық қуаты соғыс жағдайына бейімделе бастағанын, ал республикада жердің қазба байлықтарын белсенді түрде игеру, ауыр өнеркәсіпті дамыту бағытында жұмыстар өрістеген тұста ауылдық аймақтарда құрылыс индустриясы туралы басып айту ағаттық болар. Ауылдық жерлердегі осы типтес мектептерге тосқауылдың тарихшылар тарапынан талдауға түскен басты себептерінің бірін анықталық: «... мұндай жағдай сол кездегі республика басшылығын ақтауға жол ашпаса керек. Олар орын алып отырған ахуалды жан-жақты зерттеп тиісті шаралар қолданулары керек еді, олай болмады. Басшылар сол тұстағы жоғарыдан туған идеологиялық қыспақтың жетегінде кетті» [13, 204-б.].

Жоғарыда мектеп жасындағы балалардың білімге қамтылуы деңгейінің 1935 жылға қарай 90 пайыздық көрсеткішке жеткендігі туралы айтқан едік, міне осыған қарамастан, тартылған оқушылардың үштен бір бөлігі ғана жетіжылдық және орта мектептерде оқыған [3, 388 стр.]. Оның бер жағында, т.ғ.д., проф. Аманжол Күзембайұлы «қазақ мектептері мүлдем болмаған» десе [14, 315 с.], т.ғ.д., проф. Жамбыл Артықбаев «... бүкіл республика көлемінде 1936 ж. орта мектепті бар-жоғы 11 қазақ баласы бітірген» сынды түйінді ой жасайды [11, 150 с.]. Соңғы автордың 11 қазақ баласы туралы мәліметі оқулықта берілген мағлұматпен бекемделіп отырғаны сөзсіз [3, 388 с.].

Кеңес Үкіметі *екінші бесжылдықта* (1938-1942 жж.) қалаларда *жалпыға бірдей міндетті орта білім беру ісін* жүзеге асыруға, деревняда және ұлттық аудандарда *жалпыға бірдей міндетті жеті жылдық білім* беруді аяқтауды белгілді. Алайда большевиктердің алдына қойған бұл сферадағы міндеттері де толыққанды жүзеге аспағаны белгілі.

Алғашқы тарауымызда өткен ғасырдың Кеңес өкіметі құрылғаннан бастап Ұлы Отан соғысына дейінгі тарихи уақыт аралығында мектептер құрылымын сараласак, енді осы кезеңде мектеп жүйесінде орын алған келеңсіз де қайшылықты құбылыстарды зайқындау керек болып отыр.

Ресейдің бірінші дүниежүзілік соғыстан тұралап шығуы, елдің қантөгіске әкелген 1917 жылдың ішінде екі революцияның бастан кешуі (буржуазиялық-демократиялық және социалистік) экономикалық жағдайды шиеленістіріп жібергені белгілі. Саяси билікті қолға алған большевиктер партиясының котрреволюциялық күштер тарапынан азамат соғысына тартылуы халық шаруашылығын қалпына келтіру үрдісін негізінен 1921 жылы ғана қолға алуға мәжбүр еткені де даусыз. Жаңа экономикалық саясаттың шеңберінде жүрген елді индустрияландыру және ауыл шаруашылығын жаппай ұжымдастыру саясатын іске асыру үшін қомақты қаражаттың керектігін алға тартып, мәдени революцияны, соның ішінде *халыққа білім беру ісін*, «қалдық принципіне» көшіруге әкеліп соқтырды деп ақтар ма едік. Алайда бұл принциптің бүкіл социалистік құрылыс барысында әрекет еткені мәлім.

Ағарту сферасын тұрақты қаржыландыру, мұғалімдердің материалдық жағдайын және әлеуметтік статусын көтеру, түптеп келгенде, сын көтермеді. Республиканың мұрағаттық іс құжаттарының ішінде мұғалімдердің еңбекақысына қатысты келеңсіз жағдайлармен сабақтасқан мағлұматтар баршылық. Мәселен, 1924 жылдың 6 қыркүйегіне жататын ҚазАКСР ОАК-нің төрағасы Меңдешев, Халық Ағарту

комиссарытының өкілі Залиев, ҚазАКСР ОАК-нің хатшысы Садуақасов қол қойған № 2715 істе Бүкіл губерниялық Атқару комитетіне жіберілген циркулярлық хат көп нәрседен бізді хабардар етеді: «По имеющимся в Кирнаркомпросе сведениям Губ. и Уезд. ОНО будучи поставлены в тяжелые материальные условия вследствие дефицитности местного бюджета, произвели перед концом учебного года сокращение работников массовых учреждений без выдачи им зарплаты за каникулярное время или же перевели их в конце уч. года по тем же причинам на договорные начала, что повело к снижению зарплаты названным работникам.

Кирцик предлагает всем Губисполкомам принять реальные меры к удовлетворению зарплатой до конца учебного года по ставкам местного бюджета и из средств последнего всех школьных работников сокращенных в течение двух месяцев...» [15]. Бұл жерде мұғалімдерге айлық жалақының төленбей отырғаны және олардың қатарын қысқартуынан басқа, назарға ілінетін нәрсе – мектеп мұғалімдеріне жергілікті бюджеттен жалақы төлеу мәселесі, яғни жергілікті үкімет билігінің қаржылық тығырыққа тірелуі.

Ендеше осындай құбылыстың ағарту саласы қызметкерлерін әбігерге түсіргендігін, сөйтіп, одан құтылу жолдарын іздестіргендігін айғақтайтын мәліметтерді де көптеп кездестіреміз. «Рабпрос» ОК-не 1924 жылдың 20 ақпанында «Рабпрос» Одағы Бөкей губерниялық бөлімінің төрағасы Гонтаревтің хатында аймақ мұғалімдерінің бастан кешіріп отырған жағдайларын сипаттай келіп, олардың «жан айқайлы» талаптары ұсынылады: «...Губисполкомнаотрез отказывается от заключения всякого договора и работники Просвещения – учащие – сидят до настоящего времени на местном бюджете, получая несчастные гроши и то страшно неаккуратно. Все зло в местном бюджете, который с трудом может уплатить те гроши, которые выпадают на долю учащихся за декабрь – 12 руб.90 к., и за январь – 17 р. 76 коп. Работники Просвещения долго терпели и добросовестно исполняли свои обязанности, надеясь, что их труд поймут и достойно оценят. Но вышло наоборот...». Жалақыға қатысты мәселенің шешімін таппауымен байланысты «шулап, әйтеуір ақырында қояды деп» басшылықтың ой түйіп отырғандығын, алайда, бұл істі аяғына дейін олардың жеткізбей қоймауға бекінгендерін, сөйтіп, мұғалімдер ұжымы ақыр соңында амалдары қалмағандықтан, барлық үміттерін Одақтың Орталық Комитетіне артып отырғандығын және одан жақын арада көмек болады деп сенетіндігін баяндайды [16].

Хаттың одан кейінгі тағдырына назар аударсақ, Мәскеуден жауап КСРО Ағарту қызметкерлері одағы Орталық Комитетінен 1924 жылдың 11 наурызында келіп түскен. Хат «Уважаемые товарищи, Ваше письмо нами внимательно рассмотрено и мы спешим дать Вам на него исчерпывающий ответ» деп басталып, шын мәнісінде, бірнеше беттен тұратын және аты айтып тұрғандай «мейлінше толық» баянаттардан тұрады. Сол кезеңнің бүкіл ахуалын бағамдауға мүмкіндік беретіндігі соншалық, мол мағлұматты ауқымды хаттың мәтінін тұтастай оқырман қауымның назарына ұсыну тілегіміз басым. Алайда еріксіз түрде мұндай әрекетке баруға болмайтынын түйсіне отырып, дегенмен көлемді үзінді тастауды жүн көрдік: «... Действительно, по целому ряду практических задач, связанных с общим вопросом о заработной плате, Вы обнаруживаете либо слабую ориентировку в существующем положении, либо резко выражены «профессионализм», явно вредящий тому делу, руководить которым вы поставлены. В самом деле: в то время, как вся система массового просвещения в Советском Союзе вот уже несколько лет строится на местном бюджете. Вы убеждаете нас, что «все зло в местном бюджете» и в качестве одной из мер предлагаете «перевод учащихся губернии на госбюджет», тогда как для всякого практического союзного работника ясна вся нереальность такой постановки вопроса: тяжелое положение госбюджета в настоящем году ставит работников, состоящих на нем, в значительно худшее положение, чем то в котором находятся работники, состоящие на местном бюджете. Самое большее, что может государство, бюджет дать в этом году, это – субвенция / пособие/. Но и на нее в связи с особыми затруднениями и для государства, проводящего ныне денежную реформу, особенных надежд у нас нет» [17]. Ұзын-сонар жазылған хаттың мазмұндық мәніне үңілер болсақ, бірқатар сұрақтарға жауап тапқандаймыз: біріншіден, Бөкгуббөлімінің төрағасына өткір мысқылмен «шүйілгендігін», екіншіден, Кеңестер Одағында міне бірнеше жылдан бері бүкіл бұқаралық ағарту жүйесінің мемлекеттік бюджетте отырғандығын, үшіншіден, мемлекеттік қаржыда отырған ағарту қызметкерлерінің жалақысы жергілікті қаржыда жүктелгендерден төмен екендігін, төртіншіден, мемлекет тарапынан осы жылы ең ары кеткенде субвенция бере алатындығын, алайда оған да соншалық үміт артуға болмайтындығын бағамдаймыз. Реті келіп тұрған кезде оқырман қауымға «субвенция» сынды экономикалық ұғымды түсіндіре кетелік; бұл – жергілікті бюджеттің шығынын өтеу үшін жергілікті өкімет органдарына мемлекет тарапынан берілетін жәрдемнің түрі [18, 397-б.].

1912-1913 жылдардағы Балқан соғыстарынан ауыр жер шығыны мен үлкен әскери жеңіліспен шыққан Осман империясы бұл тығырықтан шығу үшін сыртқы саясатына маңызды өзгерістер енгізуді қажет етті. 1913 жылдың күзінен бастап мемлекеттік басқаруды толығымен өз қолына алған «Бірлік және прогресс» партиясы мұндай жағдайға қайта түспеу үшін мықты әрі сенімді одақтас табу керек деп есептеді. Олар мұны тез арада қолға алмаса, Балқан соғысының нәтижесінен жігерленген басқа мемлекет-тер, әсіресе Ресей әрекетке түсіп, Осман империясының тіршілігін тоқтатады деп қауіптенді [21].

Бұл өте жоғары стратегиялық және экономикалық құндылығы бар аумаққа ие болған және Қара теңізден Жерорта теңізіне және одан ары қарай Үнді мұхитына дейінгі су жолдарын бақылауында ұстап, алайда оларды қорғайтын теңіз және құрлық әскери күштері аз болған Осман империясы үшін маңызды болып, ол Бірінші дүниежүзілік соғыстың алғашқы күндері-ақ шұғыл одақтас іздеуге мәжбүр болды. Бұл кезде осы аймақтарға өз бетінше үстемдік етіп отырған Англиямен де жақындасу қарастырылды. Алайда, Осман империясы үшін үлкен қауіп ретінде саналған Ресеймен одақтас болған Англиямен жақындасу және онымен одақтасу қисынға келмейтіндей көрінді. Франциямен жақындасуда да осындай факторлар негізге алынып, алайда оған Ресей тағы да кедергі болды. Осылайша, Осман империясы үшін Антанта елдерімен одақтасудың аса ірі мәселесі туындады [22].

Дегенмен, соғысқа дейінгі кезде Осман мемлекеті Англиямен жақындасудың жолдарын қарастырып, ол үшін арнайы дипломатиялық әрекеттерге барған. Оның басты мысалдарының бірі «Бірлік және Прогресс» комитеті 1911 жылы Жауид Бейді елші етіп тағайындап, сол арқылы Ұлыбританияның Теңіз істері министрі Уинстон Черчиллге хат жолдады және одақ құруды ұсыныстары жасалды. Алайда, бұл дипломатиялық қадамдар нәтижелі болған жоқ.

Келесі бір әрекеттер Ливия мен Балқан соғыстарынан кейін, 1913 жылы 6 мамырда Осман империясы одақтасқа деген қажеттілікті күштірек сезініп, Англияға жақындауға шешім қабылдады. Бұл әрекет бойынша Осман билігі Англиямен жақындасуды қамтамасыз ету үмітімен бірқатар әрекеттерге барды. Ол бойынша Таяу Шығыста ағылшын саудасына жеңілдіктер жасалып, Англияға біраз артықшылықтар

берілді. Дегенмен, бұл Англияның келесі «саяси ойыны» болып, ол Осман мемлекетімен одақтастыққа баруға ниетті болған жоқ [22, 477 с.].

Осылайша, Осман мемлекетінің ұсыныстары ағылшындар тарапынан қабылданбады. Дегенмен, Еуропада болып жатқан аса ірі халықаралық шиеленіскен процесте Осман мемлекеті егер соғыс туа қалғанда өзімен бірге тең дәрежеде қарсы тұра алатын одақтас табуы қажет еді. Ресей тарапынан тууы мүмкін болған қауіпке қарсы мықты қорғануды көздеген осман элитасы келесі кезекте Францияға бет бұрды. Осман империясы мен Франция арасында одақтық келісімге қол қоюға үміттенген Жемал паша 1914 жылы 14 шілдеде Парижге барды. Франциямен жасалатын келісім де мемлекеттің қаржылық мәселелерін реттеуге қызмет етеді. Бірақ, Франция да Түркиямен одақтық келіссөздерге қатысудан бас тартты және тіпті бұл мәселе бойынша түріктердің ұсыныстарын елеген де жоқ. Өз одақтастарының саяси ауызбірлігі мен олардың еркіне қарсы қандай да бір әрекетке барудан аулақ болған Франция осылайша Англияның Түркияға деген көзқарасына сай әрекет жасады.

Осы тұста, Осман мемлекетінде «Бірлік және Прогресс» партиясының мүшелері мен жалпы осман элитасы өкілдерінің еуропалық империялардан одақтас іздеуге қатысты пікірлері бірнешеге бөлінді. Ортақ позиция болмады. Соның ішінде Франциямен жақындауды қолдаған Жемал паша болды. Жемал паша Парижде Жастүріктер қозғалысының құрамында болған және француздардың саясатын терең меңгерген саясаткер еді [4, 64 с.].

Осман империясын өз одақтарына қоспаған антанталық державалар түріктерге халықаралық қатынастарда тез өсіп, өте жылдам таралатын соғыста өзінің бейтараптығын сақтауды ұсынды. Бұл ұсынысқа сақтықпен жақындаған Осман үкіметі бейтараптылықты сақтау үшін қаржылық және заңды капитуляциялардың дереу жойылуын көздеді. Осман империясының құрамынан шыққан территориялардың қайтарылуы және аралдар мәселесінің Түркияның күткеніндей оның мүдделері үшін тез шешілуі керек болды. Таяу Шығыстағы француз-ағылшын экономикалық отарлауы шектеліп, Мысырдағы британдық оккупация тоқтатылуы және оның Осман империясына қайтарылуы тиіс болды. Мұндай талаптар елшіліктер арқылы білдірілген болатын. Дегенмен, антанталық мемлекеттер өздері үшін аса қолайлы емес мұндай ұсыныстарды дипломатиялық тактикамен кейінге қалдыруға тырысты.

Осылайша, Осман мемлекеті бір жағынан бейтарап қалуды көздеген болса, екінші жағынан бұл соғысқа өзінің араласуға мәжбүр екендігін түсінді. Себебі, империяның Таяу Шығыстағы, Африкадағы, Еуропа мен Кавказдағы аумақтары Антанта елдерінің бақылауына өтіп кеткен еді. Оларды қайтару және бұрынғы империяның аумағын қалпына келтіру ойлары Порта мемлекетінің басшылығы әбігерге салды. Антанта елдерімен одақтасудан үміт үзген соң, ендігі кезекте өзінің қорғанысын мықтап, егер мүмкіндік туа қалса бұрынғы уысынан аумақтарды қалпына келтіру жоспарға алына бастады. Бұл туралы әрине тек мемлекеттің басшылығы ғана емес, сонымен бірге қоғам қайраткерлері, түрік қоғамының ойшылдары өз ойлары мен идеяларын таразыға салды [23].

«Бірлік және Прогресс» комитетінің көрнекті өкілдерінің бірі Әмір Шекип Арслан бей соғысқа дейін мемлекеттегі полемикаларды мұқият қадағалап, оны былайша бейнеледі: «Елдің соғысқа баруының дұрыс екендігі туралы әртүрлі пікірлер болды. Соғысқа баруды дұрыс емес деп тапқан топ мемлекет армияны лайықты түрде жабдықтап, бейтарап қалу керек деп ойлады. Соғысушы тараптардың әрқайсысы Түркияны өз жағына тартқысы келді». Әмір Шекип Арслан сол кезеңнің дана және құрметті мемлекет қайраткерлері саналған Арнавут Мүшир Иззет паша, Чуруксулу Гүрджу Махмут паша және Жәуит Бей сияқты есімдердің осы топқа тиесілі екенін айтады [24].

Бұл пікірлерге мемлекеттік қызметкерлер Осман империясының Ішкі істер министрі Талат паша және Әскери министрі Энвер пашалар тарапынан айтылған идеялар қарсы болды. Әр мүмкіндікте соғысқа кірісуді қорғаған бұл пікірлерге қатысты Талат пашаның Бас штаб отырысында айтқан сөзі: «Біз қазір өлім мен өмірдің ортасындамыз. Олардың арасында қалыпты жол жоқ. Қазіргі кезде біз Германиямен бірге әрекет етіп, мықты дос бола аламыз немесе антанталықтардың жанында болып, оларды зұлымдықтан қорғаймыз. Алайда, менің білуімше, Антанта мемлекеттері Осман сұлтандығын қорғау үшін бізбен әрекет етуге мүдделі емес, тіпті, бізбен келісім жасағысы да келмейді» [24, 72-73 с.].

Осылайша, осман билігінің ендігі кезекте Германияға қарай көзқарасы батыл түрде қалыптаса бастады. Дегенмен, Осман парламентінің басым бөлігі Германиямен одақтасудың қажеті жоқ деген пікірлерді алға тартты. «Бірлік және прогресс» партиясы өкілдері, солардың бірі жоғарыда аталған Жемал паша Германияға жақындауды ұнатпады. Германиямен жақындасуды аса құптаған Энвер паша болды. Энвер паша Осман империясының жеңіске жетуі үшін соғыс аяқталмай тұрып Германия жағында соғысқа қатысуы керек деп ойлады [10, 17 с.]. Энвер пашаның бұл ойы кейіннен оның негізгі ұстанымына айналды. XX ғасырдың алғашқы жылдарынан бастап, жалпы соғыстың алдында Осман империясының әскери

саласында германдық жүйе мен соғыс өнеркәсібінің енгізілуі осы саладағы өте маңызды жаңалық болған еді. Ғасырлар тоғысында Осман империясы мен Кайзерлік Германия арасында армия саласында жаңарған әдістер мен технологияны пайдалану жүріп жатты.

Мұндай байланыстар Осман мемлекетін Германияға қарай тартатыны анық еді. Бұл кезде тек қана одақтастық мәселелер Осман империясының ғана басында жоқ еді. Соғысты қозғаушы және оған қатысушы барлық империялар өзіне жақын, сенімді одақтас іздеді. Мұнда айта кетерлігі, Антантаның одақтастық принциптері өте бекем және олар бір-бірімен өте тығыз байланыста болды. Әсіресе, соғысқа дайындалып жатқан мемлекеттер экономикасына ерекше зиян келетінін біле тұра, сондай-ақ өз принциптерін берік ұстау үшін миллиондаған адам қырылатын соғыстың болатынын білсе де, өз ұстанымдарынан қайтпады. Осындай мемлекеттердің бірі Австро-Венгрия еді.

Келесі кезекте, Антанта елдерімен жүргізген одақтастық келіссөздерден нәтиже ала алмаған Осман әкімшілігі Сараево қастандығынан кейін соғыстың өте жақын қалғанын түсінді. Енді, түріктер бұл жолы Үштік Одақ елдерімен жақындасу жағдайында қалды. Себебі, Үштік Одақ елдері Осман империясын бақылауда ұстады. Бұл уақытта Австро-Венгрияның Сыртқы істер министрі Леопольд фон Берхтольд Стамбулдағы елшісі Иоганн Марграв фон Паллавичиниден Осман империясын Үштік Одаққа тарту мүмкіндігі жайлы сұрады. Бұған қарай отырып, Австро-Венгрияның Осман империясының күшіне де зәру екенін байқау қиын емес. Дегенмен, түріктер соғысқа жағдайында Австро-Венгриямен жақындасуға аса қатты дайын емес еді. Себебі, Австро-Венгрия соғысты өз бетінше бастай алмайтыны анық еді [25].

Елші фон Паллавичини сол кезде Францияның және әсіресе Ресейдің Осман империясы үшін қатты жұмыс істеп жатқанын, Османдардың Антантамен жақындасуға ұмтылғанын және Османдардың Балқанда басымдыққа ие болуы керек екенін хабарлады. Австро-Венгрия Сыртқы істер министрі фон Берхтольдқа Германияның Сыртқы істер министрі Готлиб фон Ягов жауап жазып, онда ол, Осман империясымен одақ құру тиімсіз деп өз пікірін білдірді. Сыртқы істер министрі, Статс-хатшы Готлиб фон Ягов Осман империясының экономикалық және әскери жағынан одақтастығын қабылдаған мемлекеттерге жүк болатынын, ескерте отырып, мұнда ол Осман империясының әскери және экономика-лық тұрғыдан әлсіз екенін жеткізді. Мұнымен шектелмеген Готлиб фон Ягов Стамбулдағы неміс елшісі барон фон Вангенхаймға арнайы нұсқаулық жолдап, онда түріктермен одақ құру туралы қандай да бір келіссөздерден бас тартуды бұйырады [22, 482 s.].

Мұнда, орын алып отырған саяси жағдайларға талдау жасай отырып, герман билігінің Осман империясына деген ұстанымдарының бірнешеге жарылып отырғанын көруге болады. Осман империясын герман императоры кайзер II Вильгельм өзіне өте жақын тартып, ұнатқан болса [26], ал Германияның сыртқы істер саласы бойынша жауапты тұлғалары түріктерді өзінен алыс ұстағысы келді. Сыртқы істер министрлігінің статс-хатшысы Готлиб фон Ягов тарапынан туған идея осының дәлелі еді. Оның ойынша Германия өзінің саяси-әскери қуатына кәміл сенеді, ал Осман империясы оның осы күшін пайдаланғысы келіп отыр деп санады. Осман империясының саясатын бұлай санаған министр екі ел ортасына сызат түсірді және ең маңыздысы ол Осман мемлекетін әбігерге салды. Өйткені, бұл кезде Осман империясы соғыс қарсаңында мойын бұратын бір ғана мемлекет қалып, ол – Кайзерлік Германия еді.

Германия Сыртқы істер министрлігінің мұндай ресми көзқарасы мен ұстанымдарына қарамастан, Австро-Венгрияның Істамбулдағы елшісі фон Паллавичини түрік билігімен келіссөздерді жалғастыра берді. Мұнда Австро-Венгрияның жағдайы белгілі еді. Басты жағдай, Сербияға соғыс ашу және одан есе қайтару мәселесі болса, мұның өзі аз болғандай оның артында қуаты тасыған Ресей империясы тұрды. Сондықтан, Австро-Венгрия Италияға қарағанда түріктерге көп сенім артты. Германияның да ұстанымы осындай болды. Италиямен одақтастық сенімсіздік тудырды [26, 346 s.].

Мұны білген және терең түсінген Германияның елшісі фон Вангенхайм да 18 шілдеде еліне осы жағдайды баяндап, түріктермен қарым-қатынас орнату керектігін алға тартты. Бұл туралы ол Осман империясының Ішкі істер министрі Талат пашаға 19 шілдеде хабарлап, сонымен бірге Осман империясымен одақтастық келісім қабылдаудың орны мен маңызын ұсынған.

Осылайша, соғыс қарсаңында және соғыстың алғашқы күндерінде туындаған сан түрлі халықаралық және дипломатиялық мәселелерге қарамастан, Осман империясы өзінің сыртқы саяси бағыттарын нақтылап алуға кірісті. Өзінің сырт елдермен одақтастық байланыстар орнатуын түсінген ол түрлі мәселелер мен кедергілерге тап болып, ақыры өзінің әскери одақтасын тапты. Ол соңғы отыз жылда сыртқы саясатта сұлтан II Абдулхамиттің бастамасымен қолға алынған Германиямен жүргізілген саяси, экономикалық, әлеуметтік және әскери салаларда орнаған тығыз байланыстың нәтижесінде құрылған осман-герман одағы болды [13, 68 s.].

Осман-герман Одағы және «Үлкен соғысқа» кірісу. Осылайша, Осман империясы мен Германияның одақ құруына жағдай қалыптасты. Мұның бәрі жоғарыда көрсетілген саяси себептер мен тарихи алғышарттардың негізінде пісіп жетілді. Осман империясы мен Австро-Венгрия арасында одақтастық байланыстардың беки түсуіне қарамастан, Осман әкімшілігі Германиямен негізгі одаққа қол қойғысы келді. Соғыс тағдырын өзгерте алатын ең үлкен держава ретінде қарастырған Германиямен мұндай одақ құрудың Османлы мемлекетіне үлкен пайда әкелетінін, үлкен табыстарға қол жеткізуге болатынына көз жеткізілді.

Уақыттың өтіп бара жатқанын және мүмкіндігінше тезірек әрекет ету керектігін ойлаған Энвер Паша 22 шілдеде Германия елшісі барон фон Вангенхаймға одақтастық ұсынады, сондай-ақ келесі күні бас уәзір Саид Халим Паша да Австрия елшісі фон Паллавичинимен кездеседі. Энвер Пашаның одақтасу туралы ұсынысына сақтықпен қарап, бірден оңды жауап бермеген елші фон Вангенхайм жағдайды түсіндірді. Бұған жоғарыда аталғандай, Сыртқы істер министрі Готлиб фон Ягов Вангенхаймға бұл мәселеде артықшылық бермеуді бұйырады. Бірақ Кайзер II Вильгельм бұл мәселеге басқаша талап қояды.

Жоғарыда аталғандай, герман кайзерінің Осман империясына деген ұстанымы ерекше еді. Кайзер II Вильгельм герман тағына билікке келгелі бері Осман империясын назарда ұстап, ол өз түрік сұлтанымен бірге Шығыстың және мұсылман әлемінің жанашыры ретінде танытқан еді [27]. Сондықтан, осы бір үлкен және шешуші соғыста Осман империясы Германиямен бірге болатыны анық еді. Ақыры, герман кайзері II Вильгельмнің бұйрықтары мен нұсқауларына сәйкес фон Вангенхайм мен кейбір түрік үкіметі мүшелері арасындағы одақтастық туралы арнайы келіссөздер 24 шілдеде басталады [28].

1914 жылы 25 шілдеде осман сұлтаны V Мехметтен келіссөздер жүргізу үшін өкілеттілік куәлігін алған Бас уәзір Саид Халим Паша Әскери істер министрі Энвер Паша, Ішкі істер министрі Талат Паша және Парламент төрағасы Халил Бейді кабинетіне шақырып жиналыс өткізді. Жиналыста ол герман елшісі фон Вангенхаймнан Осман империясымен тең шарттарда одақтық келісімге қол қоюды және бұл мәселеге қатысты өз көзқарасын білдіруді сұрады.

Жиынға қатысқандардың барлығы Осман империясының Германия сияқты ғылым, өнер және технология саласында дамыған Еуропа мемлекетімен одақтасуы мемлекеттің болашағы мен нығаюы үшін өте маңызды деген пікірде екенін мәлімдеді. Расында, бұл жағдай Осман империясы үшін күтілмеген жағдай болды. Дегенмен, Германияның Осман империясын Антанта жағына беріп қоймайтыны анық еді. Екі мемлекет бір-бірін таңдауда жылдар бойына жүргізілген өте тығыз байланыстар басшылыққа алынды. Алдымен жалпы кездесу өткізіліп, кейін осы төрт адам Осман мемлекеті атынан келіссөздер жүргізді [28, 238-239 с.].

Келіссөздер тіпті «Бірлік және Прогресс» комитетінің өкілдері тарапынан да өте құпия түрде жүргізілді. Себебі, кейбір үкімет мүшелері мен жауапты тұлғалар бұдан хабарсыз еді. Мысалы, Германиямен келісімшарт жасау туралы үкіметтің шешімі Теңіз істері министрі Жемал паша мен Қаржы істері министрі Жәуид паша мен басқа да үкімет мүшелерінен де жасырын түрде жүргізілді. Тіпті мұнда сұлтанның бұл кездесуден кейін хабардар болғаны айтылмайды. Біріншіден, сарай әкімшілігі мен сұлтан бұл мәселеде әу бастан-ақ жақсы хабардар болған және Бас уәзірдің талабы бойынша мемлекетті байланыстыратын, тіпті мұндай адамдармен соғысуға дейін баруы мүмкін келісімге келгені анық. Маңызды шарттар мен ұсыныстар 25 шілдеде Бас уәзірдің талабы бойынша Ресейге қарсы тең шарттарда одақтық келісімге қол қою қажет болды..

Дегенмен, мұндай ерекше назар аударатын жағдай ол одақтық келіссөздерді кейбір үкімет мүшелерінің және саяси элита өкілдерінің қатысуынсыз жүргізу мүмкін емес еді. Бұл жағдай билікте алауыздық тудыруы мүмкін болып, ол сондай-ақ, екінші, яғни қарсы тараптың да бұл шарттарда келіссөздерді жүргізуі және аяқтауы қиын еді. Дегенмен, Германиямен жасалатын одақтастық келісімшартты мақұлдауда үкімет толық құрамда болмаса да бұл мәселеге қатысты Жемал пашаның пікірі қабылданып, белгілі бір дәрежеде оның алдын ала мақұлдауын алды. Бұл жағдайды Жемал Паша естеліктерінде нақтылайды. Айта кетерлігі, Жемал пашаның билікте беделі жоғары болып, ол үлкен үштіктің триумфаторлардың бірі еді [29].

Мұнда Энвер паша мен Талат пашаның қызметі мен орны ерекше болып, олар бұл келісімнің қабылдануына түрткі болды. Энвер паша жылдар бойына Германияда оқып, білім алып, германдық жүйе мен ұқыптылықты өз бетінше жетік меңгерген еді. Бұдан тыс, Германияда болған басқа да үкімет мүшелері мен сонда білім алған жас мамандар Осман мемлекеті мен Германияның одақтасуын тығыз қолдады [29, 51-53 с.]. Мұнда негізінен үкіметтен бастап Энвер паша мен Германияда оқыған басқа да бұрынғы Жастүріктер қозғалысының мүшелері бұрыннан германofilдік көзқараста болған. Айта кетерлігі, түрік элитасы мен қоғамында германofilдік көзқарас пен ұстанымдағы тұлғалар аз болған жоқ және олар Осман мемлекеті мен Кайзерлік Германияның байланыстарын нығайтуда қызмет етті.

Екінші Конституция жариялағаннан кейін Берлинге әскери атташе болып барған Энвердің алдында неміс императоры ерекше құрметке ие болды. Өзі әскери адам болған Энвер паша бұған дейін Осман империясына келген неміс генералдарының қызметін жоғары бағалады. Соңғы он жылда немістер бүкіл түрік әскерінің басында болды. Мұндағы айтпақ болғанымыз мемлекеттер арасында ресми түрде одақ құрылмаса да, екі мемлекеттің әскери саладағы мұндай байланыстар іс жүзінде одақтың белгілі бір формасын құрып қойған еді [30].

Германиямен одақтасу және Үштік Одақтың жанында соғысқа кіру туралы осман үкіметінің шешімі түрік қоғамын алаңдатары анық еді. Сондықтан да, қоғамда Германияға деген оң пікір қалыптастыру жұмыстары өз жалғасын тапты. Жалпы, Германия мен неміс қоғамы туралы түріктерге бұған дейін де жақын таныс еді. Осман империясы үшін соғыс басталған сәттен бастап немістердің артықшылығын заңдастыру мақсатында қоғамдық пікір қалыптастыру іс-әрекеттері ерекше қарқын алғанын айтуға болады. Азаматтық және әскери баспасөз арқылы басталған немістерді таң қалдыру әрекеттері газет беттерінде өте қызықты тақырыптармен жұртшылыққа жеткізілді. Осман армиясындағы неміс офицерлерінің соңғы кезеңдегі ықпалы мен онда қызмет ететін неміс генералдарына деген сүйіспеншілік дәрежесі зерттелгенде жақсырақ түсіндіріледі.

28 шілде күні Австро-Венгрияның Сербияға соғыс жариялауы жағдайды түбегейлі өзгертіп жіберді. Бұдан соң Австро-Венгрияға талап қойды. 1914 жылы 1 тамызда Германия Ресейге соғыс жариялады. Бұл жағдайлар одақтастық келісімшарттың қабылдануын барынша тездетті [5, 50 s.].

Бас уәзір және Сыртқы істер министрі Саит Халим Паша, Әскери министрі Энвер паша, Теңіз істері министрі Талат паша және Парламент төрағасы Халил паша бас қосып, одақтық келісім жобасын толық бекітті. Бұған дейін келісілген одақтық келісімге аса жылдам уақыт ішінде 2 тамызда Саит Халим Паша мен Германия елшісі барон фон Вангенхайм қол қойды. Бұл келісімшарт негізгі 8 бөлімнен тұрды және ол қол қойылған күні жарияланды.

1. Екі Уағдаласушы тарап Австро-Венгрия мен Сербия арасындағы қазіргі қақтығысқа қатысты қатаң бейтараптықты сақтауға келіседі.

2. Егер Ресей белсенді әскери шаралармен араласып, Германияға Австро-Венгрияға қатысты ұжымдық қауіп төндіретін болса, Осман империясы да бұл іске ұжымдық түрде араласатын болады.

3. Соғыс кезінде Германия Түркияның аумағындағы өзінің әскери миссиясын бұрынғысынша қалдырады. Соңғысы, Түркияның Жоғары мәртебелі Әскери министрі мен Бас штаб бастығының арасындағы тікелей байланысатын принципке сәйкес, күштерді жіберу мен басқаруда армияның жалпы тәртібіне тиімді әсер етуді қамтамасыз етеді.

4. Германия, Осман империясының жеріне қауіп төнген жағдайда оны қару күшімен қорғауды өз міндетіне алады.

5. Екі империяны осы бір халықаралық жанжалдан туындауы мүмкін болған қауіптен қорғау мақсатында жасалған бұл келісімшарт жоғарыда аталған өкілетті өкілдер қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және кез келген ұқсас келісімдермен бірге өзінің күшін 1918 жылдың 31 желтоқсанына дейін сақтайды.

6. Егер жоғарыда аталған мерзім аяқталғанға дейін алты ай бұрын жоғары уағдаласушы тараптардың бірі оны денонсацияламаса, осы шарт одан ары бес жыл бойы күшінде қалады.

7. Осы құжатты Мәртебелі Германия Императоры, Пруссия Королі және Османдардың Мәртебелі сұлтаны ратификациялайды және ратификациялау грамоталары оған қол қойылған күннен бастап бір ай мерзім ішінде ауыстырылады.

8. Осы шарт құпия болып қалады және ол екі жоғары уағдаласушы тараптың арасындағы келісімнің нәтижесінде ғана жария етілуі мүмкін. [5, 51 s.].

Сонымен, Осман империясы Еуропада басталып, тез тараған үлкен оттың шеңберіне қарай тартылды. Одақтастық келісімшарттың жылдам қабылдануына Ыстамбұл мен Чанаккале (Дарданелл) бұғаздарына германдық әскери кемелердің кіруі түрткі болды. Қара теңіз бен түрік бұғаздарын бақылауында ұстағысы келген Германия үшін алдын ала жасалған одақтастық келісім керек болды. Халықаралық жағдай шиеленісіп, әлемдік империялар бір-біріне соғыс жариялап, полемикалар жалғасып жатқанда, Осман империясы екі неміс әскери кемесінің Осман флотына қосылуымен аяқталған сценариймен жалпы соғысқа кірді. Осының нәтижесінде Антанта державалары билікті жаңадан ашылған майдандарға ауыстырды, бұл немістердің жұмысын айтарлықтай жеңілдетті.

Атақты германдық «Гёбен» и «Бреслау» кемелері Қара теңіз бен бұғаздардағы жағдайды бақылауға алды. Адмирал Сушон бастаған герман кемелерінің бұғаздарға кіруі жағдайды өзгертіп жіберді. Осман империясы мен Германия арасында алғаш әскери теңіз істері бойынша байланыс орнады. Екі кеме Осман

империясына сыйға тартылып, олар неміс адмиралдары тарапынан басқарылды. Осман империясының соғысқа кіруі Антанта державалары үшін күтпеген жаңалық болды. Қабылданған келісімшартта егер Германия өзінің соғыс жоспарын жүзеге асыра алса, бұл соғысты қысқа мерзімде аяқтай алатын болып жоспарланды. Бірақ, барлық нәрсе уақыттың еншісінде еді [31].

Қорытынды. Сан түрлі саяси тартыстардың және жеке ұстанымдар мен мүдделердің соқтығысы нәтижесінде Осман империясы Германиямен одақтастық келісімге қол қойды. Бұл келісімшарт Осман империясының өз тарихында ең үлкен және империя тағдырын шешуші соғысқа алып кірді. Келісімшарт Осман империясы үшін я өмір, я өлім қағидасын ұстанғанмен бірдей саналды. Себебі, бұл соғыста Түркия бейтарап қалғанымен, Антанта мүшелері Англия мен Франция оны оккупациялайтыны анық еді. Сондықтан да Түркия үшін Германиямен әскери одақ құру үлкен сенім ұялатты. Зерттеу тақырыбындағы басты қорытынды – бұл келісімшарт екі мемлекет үшін де тиімді деп саналды. Германия үшін Осман империясы басты стратегиялық аймақ саналса, түріктер үшін немістер басты сенімді серіктес болатын болды. Сондай-ақ, бұл келісімшарт екі мемлекеттің жылдар бойына жүргізілген саяси, әлеуметтік-экономикалық және әскери байланыстарының нәтижесі болды. Қорыта айтқанда, осман-герман одақтастық келісімшарты «Үштік Одақты» Антантаға қарсы аса қуатты күштік құрылымға айналдырды. Мұның басты мысалдары соғыс кезінде Ресейдің соғыстан шығуы, Францияның әлсіреуі және британдықтардың өз жағына АҚШ, Жапония және басқа да мемлекеттерді тартуы және т.б. болды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. (БОА. Премьер-министрлік Османлы мұрағаты) (Османлы мұрағаты Ішкі істер министрлігінің саяси бөлімінің құжаты)
2. *Сыртқы істер бойынша Британдық құжаттар: Сыртқы істер министрлігінен алынған есептер мен қағаздар құпия баспа, Осман империясы. Жалпы ред. Кеннет Борн және Кэмерон Уотт. – Мэриленд: Америка университетінің басылымдары. 1984. Т. 36.*
3. *Энвер пашаның естеліктері (1881-1908) – Стамбул: İLETİSİM баспасы, 1991. – 131 б.*
4. *Джемал пашаның жазбалары. 1913-1919 жж / Пер. ағылшын тілінен. Б.Т.Руденко, алғысөзбен. Sim. Токоев. Тифлис: РКП(б) 1923. – 240 б.*
5. *Қазым Қарабекір. Бірінші дүниежүзілік соғыс туралы естеліктер. – Стамбул: YAPI KREDİ баспасы. 2011. – 944 б.*
6. *Гольц С. Анадолы экскурсиялары. – Радерборн: Кітап достары, 1896. – 460 с.*
7. *Ортайлы И. Осман империясындағы неміс ықпалы. – Стамбул, 1983. – 165 с*
8. *Неджметтин Алкан, Мұстафа Колак, Кадир Кон, Эйюб Шимшек. Күрескерлер көзімен түрік-герман одағы (1914-1918). – Стамбул: ХРОНИКАЛЫҚ КІТАП. – 240 с.*
9. *Кон, Қадір. «Бірінші дүниежүзілік соғыстағы Османлы-Германия Одағы және Мехмед Акифтің Германияға кетуі». Халықаралық Мехмет Акиф Берлинде 100 жылдан кейін/ Мехмед Акиф, Анкара, Түркия, 2014 бет. 60-70*
10. *Мұстафа Чолак. Энвер Паша; Османлы-Германия Одағы. – Стамбул: Йедитепе баспасы. – 232 б.*
11. *Герман Теске. Колмар Фрейхер фон дер Гольц. Әскери прогресс жолындағы күрескер. Геттинген 1957. – 88 б.*
12. *Майкл Унгер. Бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін және кезінде Баварияның Түркиямен әскери байланыстары. П.Ланг, 2003. – 315 б.б.*
13. *Готфрид Хаген. Бірінші дүниежүзілік соғыстағы Түркия: Гейдельберг университетінің кітапханасындағы жинақтағы араб, парсы және осман-түрік тілдеріндегі парақшалар мен брошюралар. П.Ланг, 1990. – 299 с.*
14. *Миллер А.Ф. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі Түркия мен Германия: [Қолжазба ретінде]. - Мәскеу: [б. және.], 1944. - 23 б.*
15. *Лудивигейт Е.Ф. 1914-1918 жж. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде Түркия. Әскери-саяси эссе. – М.: Мәскеу университеті баспасы, 1966. – 387 б.*
16. *Готлиб В.В. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі құпия дипломатия / Ағылшын тілінен аударған В.А. Альтшулер және В.П. Готовицкая. – М.: Сотсекгиз, 1960. – 604 б.*
17. *Писарев Ю.А. Бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңындағы ұлы державалар мен Балқан / Ред. ред. Т.М. Исламов. М.: Наука, 1985. - 285 б.*
18. *Фей, Сидней. Дүниежүзілік соғыстың шығу тегі / Сидней Фей. - М.: Мемлекет. әлеуметтік-экономикалық. баспасы, 1934. – 386 б.*

19. Акынова А.П., Абдукадыров Н.М., Аяпберген А.. Түрік армиясына германдық жүйенің енгізілуі және Осман империясындағы әскери модернизация (XIX ғ. соңы-XX ғ. басы.). // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің ХАБАРШЫСЫ, «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы, – №1(76), 2023 жс. - Б. 60-71.
20. Орхан Орс. Одақ және прогресс комитеті құрылғаннан бастап бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін». // Анкара университеті Түрік революциясы тарихы институты, Ататүрік жолы журналы. – 2013. – №51. – Б. 679-716
21. Елавич, Барбара. Балқан тарихы: XX ғасыр. – Кембридж университетінің баспасы, 1983. – Т. 2. – 492 р.
22. Özgüldür Y. Одақтан соғысқа: 1914 жылғы 2 тамыздағы Османлы-Германия одақтық келісімі және оның көріністері. Анкара университетінің SBF журналы. 2021; 76(2): 475-492.
23. Қашинюгун, Әли. «Бірінші дүниежүзілік соғысқа кірер алдында Осман империясының одақ іздеуі», тарих зерттеулері: Халықаралық тарих журналы 1, 1 (2009): 318-341.
24. Эмир Шекип Арслан. Одақтас араб зиялыларының естеліктері, классикалық басылымдар, Стамбул: КЛАССИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМДАР, 2009, – 214 б.
25. Иванов В. Олар соғысқысы келмеді. 1914 жылы Петербург пен Венадағы түрік елшілерінің хат алмасуы. // Отан. 1998. № 5-6. 116-118 беттер.
26. Дереккөздер мен өкілдіктегі неміс тарихы: Империя және Бірінші дүниежүзілік соғыс: 1871-1918 / Рюдигер вом Бруч және Бьорн Хофмайстер өңдеген. 8-том. - Штутгарт: Филипп. GmbH & Co. – 2000. – 511 б.
27. Вольфганг Г. Шваниц. Жиһад «Германияда жасалған»: 1914-1915 жылдардағы Қасиетті соғыс туралы дау. // Әлеуметтік. Тарих, 18 (2003) 2, – 7-34 б.
28. Қасық Әли. Осман империясының Бірінші дүниежүзілік соғысқа кіруі. Стамбул: Йедитепе баспасы, 2015. – 688 б.
29. Мехмет Али Караман. Бірінші дүниежүзілік соғыстағы Османлы-Германия одағын заңдастыру әрекеттері. // Османлы мұрасын зерттеу журналы / Осман мұрасын зерттеу журналы. – 2014. – №1, – 48-59 б
30. Оруджев М.Г. Германия империализмінің Түркияға ену тарихынан (19 ғ. аяғынан 1914 жылға дейін) / М.Г.Оруджев. – Баку, 1961. – 100 б.
31. BOA. HR. SYS, 2095/3-30

References:

1. BOA.HR.SYS., (Başbakanlık Osmanlı Arşivi)
2. British Documents on Foreign Affairs: Reports and Papers from the Foreign Office Confidential Print, The Ottoman Empire. General Ed. Kenneth Bourne and Cameron Watt. – Maryland: University Publications of America. 1984. Т. 36.
3. Enver Paşa'nın Anıları (1881-1908) – İstanbul: İLETİŞİM YAYINLARI, 1991. – 131 s.
4. Записки Джемаль-паши. 1913-1919 гг. / Пер. с англ. Б.Т Руденко, с предисл. Сим. Токоева. Тифлис: Закрайком РКП(б), 1923. - 240 с.
5. Kazım Karabekir. Birinci Dünya Savaşı Anıları. – İstanbul: YAPI KREDİ YAYINLARI. 2011. – 944 s.
6. Goltz C. Anatolische Ausflüge. – Paderborn: Bücherfreunde, 1896. – 460 s.
7. Ortaylı İ. Osmanlı imparatorluğunda alman nüfüzü. – İstanbul: BirleGik, 1983. – 165 s
8. Necmettin Alkan, Mustafa Çolak, Kadir Kon, Eyyub Şimşek. Savaşanların Gözüyle Türk-Alman İttifakı (1914-1918). – İstanbul: KRONİK KİTAP. – 240 s.
9. Kon, Kadir. "Birinci Dünya Savaşı nda Osmanlı Alman İttifakı ve Mehmed Âkif in Almanya ya Gidişi." Uluslararası Mehmet Âkif 100 Yıl Sonra Berlin 'de/ Mehmed Âkif, Nach 100 Jahre n in Berlin Sempozyumu, Ankara, Turkey, 2014 pp. 60-70
10. Mustafa Çolak. Enver Paşa; Osmanlı - Alman İttifakı. – İstanbul: Yeditepe Yayınevi. – 232 s.
11. Hermann Teske. Colmar Freiherr von der Goltz. Ein Kämpfer für den militärischen Fortschritt. Göttingen 1957. – 88 s.
12. Michael Unger. Die bayerischen Militärbeziehungen zur Türkei vor und im Ersten Weltkrieg. P. Lang, 2003. – 315 s.
13. Gottfried Hagen. Die Türkei im Ersten Weltkrieg: Flugblätter und Flugschriften in arabischer, persischer und osmanisch-türkischer Sprache aus einer Sammlung der Universitätsbibliothek Heidelberg. P. Lang, 1990. – 299 s.

14. Миллер А.Ф. Турция и Германия в годы первой мировой войны: Стенограмма публичной лекции д-ра исторических наук А.Ф. Миллера, прочит. 30 мая 1944 г. в Колонном зале Дома Союзов в г. Москве: [На правах рукописи] / Лекционное бюро при Ком. по делам высш. школы при СНК СССР. – Москва: [б. и.], 1944. – 23 с
15. Лудиувейт Е.Ф. Турция в годы Первой мировой войны 1914-1918 гг. Военно-политический очерк. – М.: Издательство Московского университета, 1966. – 387 с.
16. Готлиб В.В. Тайная дипломатия во время первой мировой войны / Перевод с английского В.А. Альтиулера и В.П. Готовицкой. – М.: Соцэкгиз, 1960. – 604 с.
17. Писарев Ю.А. Великие державы и Балканы накануне Первой мировой войны / Отв. ред. Т.М. Исламов. М.: Наука, 1985. – 285 с.
18. Фей, Сидней. Происхождение мировой войны / Сидней Фей. - М. : Гос. соц.-экон. изд-во, 1934. – 386 с.
19. Акынова А.П., Абдукадыров Н.М., Аяпберген А. Түрік армиясына германдық жүйенің енгізілуі және Осман империясындағы әскери модернизация (XIX ғ. соңы-XX ғ. басы.). // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің ХАБАРШЫСЫ, «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы, – №1(76), 2023 ж. - Б. 60-71.
20. Orhan Örs. Kuruluşundan Birinci Dünya Savaşına Kadar İttihat ve Terakki Cemiyeti". // Ankara Üniversitesi Türk İnkılâp Tarihi Enstitüsü, Atatürk Yolu Dergisi. – 2013. – №51. – S. 679-716.
21. Jelavich, Barbara. History of the Balkans: Twentieth Century. – Cambridge University Press, 1983. – Vol. 2. – 492 p.
22. Özgüldür Y. İttifaktan Savaşa: 2 Ağustos 1914 Tarihli Osmanlı-Alman İttifak Anlaşması ve Yansımaları. Ankara Üniversitesi SBF Dergisi. 2021; 76(2): 475-492.
23. Kaşyüğun, Ali. "Osmanlı Devleti'nin 1. Dünya Savaşı'na Girmeden Önceki İttifak Arayışları", History Studies: International Journal of History 1, 1 (2009): 318-341.
24. Emir Şekip Arslan, İttihatçı Bir Arap Aydınının Anıları, Klasik Yayınları, İstanbul: KLASİK YAYINLARI, 2009, – 214 s.
25. Иванов В. Они так не хотели воевать. Переписка турецких послов в Петербурге и Вене в 1914 году. // Родина. 1998. № 5-6. С. 116-118.
26. Deutsche Geschichte in Quellen und Darstellung: Kaiserreich und Erster Weltkrieg: 1871-1918 / herausgegeben von Rüdiger vom Bruch und Björn Hofmeister. Band 8. – Stuttgart: Philipp Reclam jun. GmbH & Co. – 2000. – 511 s.
27. Wolfgang G. Schwanitz. Djihad «Made in Germany»: Der Streit um den Heiligen Krieg 1914-1915. // Sozial.Geschichte, 18 (2003) 2, – S. 7-34
28. Kaşyüğun Ali. Osmanlı Devleti'nin 1. Dünya Savaşı'na Girişi. İstanbul: Yeditepe Yayınevi, 2015. – 688 s.
29. Mehmet Ali Karaman. Birinci Dünya Savaşı'nda Osmanlı-Alman İttifakını Meşrulaştırma Çabaları. // Osmanlı Mirası Araştırmaları Dergisi / Journal of Ottoman Legacy Studies. – 2014. – №1, – S. 48-59
30. Оруджев М. Г. Из истории проникновения германского империализма в Турцию (с конца XIX века по 1914 год) / М. Г. Оруджев. - Баку, 1961. - 100 с.
31. BOA. HR. SYS, 2095/3-30

*Ғ.И. Көшенова*¹*

*¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің т.ғ.к., қауымдастырылған профессор
Қазақстан Республикасы, Астана қ.
E-mail: kushenovaganizhamal@gmail.com*

ШАҒАТАЙ ҰЛЫСЫНДА ИСЛАМ ДІНІ: ТАРИХЫ ЖӘНЕ МҰСЫЛМАН ХАНДАР

Аңдатпа

Монғол империясында ислам, христиандық, иудаизм, буддизм, даосизм және манихейшілік сынды діндер мен діни сенімдер өмір сүрді. Шыңғыс хан мен оның ұрпақтары халықтың рухани өміріне барынша төзімділікпен қарауға тырысты. Алайда билеушілердің арасында кейбір діндерге бірқатар артықшылықтар бергендер немесе қарсы ұстанымдағы хандар да болды. Бастапқыда Шыңғыс ұрпақтары тәңіршілдікті қолдаса, кейіннен келе жергілікті діндерге бейімділігін көрсетті.

Шағатай ұлысының тарихында дін мәселесі өзекті тақырыптардың бірін құрайды. Мемлекеттің дамуы мен экономикалық тұрақтылығы тек жаугершілік соғыспен шешілген жоқ. Шағатайлықтардың өмір сүру салтының өзгеруінде, халықаралық байланыстарды жақсартып, сауда байланыстарын орнатуда ислам дінінің өзіндік рөлі болды.

Шағатай ұлысының өмір сүрген дәуірі Орталық Азиядағы сопылық тариқаттардың иршадпен белсенді айналысқан кезіне тұспа-тұс келді. Ұлыстың территориясы ислам мәдениеті мен өркениетінің көрнекті орталықтары болған – Бұхара, Самарқанд, Қашқар сияқты ірі қалалары бар аумақтарды қамтып, жергілікті халық пен әскердің басым бөлігі мұсылмандардан құралды. Көшпелі монғол әскери ақсүйектері мен монғол тайпаларының ислам дінінің ықпалында қалуын осылайша табиғи шарттар да орайластырды.

XIII ғ.соңы – XIV ғ. басында Шағатай ұлысының әлеуметтік-экономикалық құрылымында тігінен өзгерістер жүзеге асырылды; жергілікті отырықшы ақсүйектердің орнына дінбасылар келді. Дегенмен, шағатайлықтардың арасында ислам діні батыстан шығысқа қарай ұзақ, әрі баяу жүрді.

Ислам діні Мубарак хан арқылы шағатайлық хандардың арасына таралды. Одан кейінгі кезеңде Барақ хан ислам дінінің таралуын барынша қолдаса, Тармашырын ханнан кейін түпкілікті орнықты, ислам діні мемлекеттің ресми діні ретінде жарияланды.

Кілт сөздер: Шағатай ұлысы, ислам діні, Шағатай хан, Мубарак хан, Барақ хан, Хайду хан, Тармашырын хан.

Алғыс айту: Ұсынылған зерттеу жұмысы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі тарапынан гранттық қаржыландырылатын жоба аясында жүзеге асырылды (ИРН № BR18574101).

*Кушенова Г.И. *¹*

*¹Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева к.и.н. ассоциированный профессор,
Республика Казахстан, г. Астана
E-mail: kushenovaganizhamal@gmail.com*

ИСЛАМ В ЧАГАТАЙСКОМ УЛУСЕ: ИСТОРИЯ И ХАНЫ МУСУЛЬМАНЕ

Аннотация

В Монгольской империи существовали такие религии и верования, как ислам, христианство, иудаизм, буддизм, даосизм и манихейство. Чингисхан и его потомки старались относиться к духовной жизни народа с максимальной терпимостью. Однако среди правителей некоторые ханы давали определенные привилегии некоторым религиям или были против них. Сначала потомки Чингиса поддерживали божественность, но позже они проявили свою склонность к местным религиям.

Вопрос религии - одна из важнейших тем в истории Чагатайского улуса. Развитие и экономическая стабильность государства определялись не только войной. Ислам сыграл свою роль в изменении образа жизни чагатайского народа, улучшении международных отношений и налаживании торговых связей.

Эпоха жизни Чагатайского улуса совпала с периодом, когда суфийские тарикаты в Центральной Азии активно занимались иршадом. Территория улуса включала в себя такие крупные города, как Бухара, Самарканд, Кашкар, которые были выдающимися центрами исламской культуры и цивилизации, а большинство местного населения и армии состояли из мусульман. Таким образом, природные условия позволили кочевой монгольской военной аристократии и монгольским племенам оставаться под влиянием ислама.

Конец XIII века - начало XIV века в социальной и экономической структуре Чагатайского улуса произошли вертикальные изменения; духовенство заменило местную оседлую аристократию. Однако среди чагатайцев ислам распространялся долго и медленно, с запада на восток.

Ислам распространился среди чагатайских ханов через Мубарак хана. В последующий период Барак хан всячески поддерживал распространение ислама, и после Тармаширин хана ислам был окончательно утвержден и объявлен официальной религией государства.

Ключевые слова: Чагатайский улус, ислам, Чагатай хан, Мубарак хан, Барак хан, Хайду хан, Тармаширин хан.

G.I. Kushenova*¹

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University Candidate of Historical Science, Associate Professor,
Republic of Kazakhstan, Astana
E-mail: kushenovaganizhamal@gmail.com

THE SPREAD OF ISLAM IN CHAGHATAI ULUS: HISTORY AND MUSLIM KHANS

Abstract

Religions and religious beliefs such as Islam, Christianity, Judaism, Buddhism, Taoism and Manichaeism lived in the Mongol Empire. Genghis Khan and his descendants tried to treat the spiritual life of the people with maximum tolerance. However, among the rulers some khans gave certain privileges to some religions or were against. At first, the descendants of Genghis supported divinity, but later they showed their inclination towards local religions.

The issue of religion is one of the most important topics in the history of Chaghatai Ulus. The development and economic stability of the state was not decided only by war. Islam had its own role in changing the way of life of Chaghatai people, improving international relations and establishing trade relations.

The era of life of Chaghatai Ulus coincided with the period when Sufi tarikhs in Central Asia were actively engaged in irshad. The territory of Ulus included large cities such as Bukhara, Samarkand, Kashkar, which were prominent centers of Islamic culture and civilization, and the majority of the local population and army consisted of Muslims. In this way, natural conditions allowed the nomadic Mongol military aristocracy and Mongol tribes to remain under the influence of Islam.

The end of the 13th century - at the beginning of the 14th century, vertical changes were made in the social and economic structure of the Chaghatai Ulus; the clergy replaced the local sedentary aristocracy. However, among the Chaghatai people, Islam spread long and slowly from west to east.

Islam spread among the Chaghatai khans through Mubarak Khan. In the subsequent period, Barak Khan supported the spread of Islam as much as possible, and after Tarmashirin Khan, Islam was finally established and declared as the official religion of the state.

Keywords: Chaghatai Ulus, Islam, Chaghatai Khan, Mubarak Khan, Barak Khan, Kaidu Khan, Tarmashirin Khan.

Кіріспе. Орталық Азия территориясындағы түркі тайпаларының арасында ислам дінінің таралуы сан ғасырлардың жемісі болатын. Алғашқы бірнеше ғасырда түркілер ислам дініне жатсынып қарады. Мұндағы сопы-дәруіштер үлкен нәтижеге қол жеткізбесе де, уағыз істерін жүргізуден бас тартпады.

Сопылықтың шыңына жеткен Қожа Ахмед Яссауидің қызметі халықты ислам дініне уағыздау, насихаттау болатын. Ол түркі халқының саяси, қоғамдық-әлеуметтік, мәдени, рухани тіршілігін толық меңгергендіктен, тек дінді уағыздаумен ғана шектелмеді. Бүкіл, яғни тарихи, қоғамдық-әлеуметтік, моральдық-этикалық тақырыптарды дінмен сабақтастыра жүргізді. Сондықтан оның ілімі түркі халықтарының рухани өміріне бойлай енді. Одан туындаған ислами-түркілік ілім тек отаны Түркістанда емес, бүкіл түркі халқының ортақ рухани мұрасына айналды.

Этникалық және экономикалық жағдайы өте тығыз байланыста дамып жатқан Орталық Азиядағы сопылық бауырластықтардың арасында бәсекелестіктің болуы табиғи құбылыс еді. Нақшбандийа

өкілдерінің нақшбандийаның атағын йасауиға арқылы көтеруді көздеуі өздеріне мықты іргетас іздеуінен, яғни силсиланы заңдастыруға ұмтылысынан туындады деуге болады. Қысқаша айтқанда йасауиға бауырластығы арқылы нақшбандийа өзінің келешегін қамтамасыз етуге тырысты. Кейбір ғалымдар сонымен бірге Қожа Ахмед Жүсіп Хамаданидің халифасы болғандықтан, нақшбандийаның алғашқы дәуірі хаджағаниадан шығатынын айтып, Ахмед Яссауиді нақшбандийадан шыққан деген тұжырымға да келеді. Бұдан біз зерттеуші ғалымдардың арасында да тарапшылдық пен бәсекелестік көзқараспен зерттеу ісі бар деген ойға келеміз.

Екі бауырластықтың арасындағы бәсекелестікті шайх Ахмед Хазинидің еңбегінен де байқаймыз. Өйткені Ахмед Йасауи хазірет ‘Алидің ұрпағы, әрі мұрагерлік символ – суфраға ие болатын. Біздіңше, барлық мәселе зікірде емес, осы мұрагерлік символға барып тірелді. Дегенмен, екі бауырластықтың да көне дерек көздерінің тапшылығы нақты қорытынды айтуға мүмкіндік бермейді.

Жошы, Шағатай және Өгедей ұлыстарында жаппай монғол билеушілері мен тайпаларының исламды қабылдауы мен түркілену процесі басталғанда насихат қызметтерін бір жағынан йасауиға тариқаты жүргізсе, екінші жағынан нақшбандийа, кубравийа тариқаттары жүргізді. Ал бұл процестің қалай жүргізілгені жайлы мәліметтер өте аз.

Тарихи тұрғыдан алғанда, Шыңғыс хан жаулап алған территорияда пайда болған төрт ұлыстың тағдыры әртүрлі жолдармен дамыды. Юань империясындағы Төле ұрпақтары қытайландырылды. Кейбір деректерде Моңғолияның өзінде Төле тұқымның XVII ғасырға дейін билік еткені туралы айтылады. Ал Иран жеріндегі Хулагу ұрпағының мемлекеті XIV ғасырдың ортасында ыдырады. Ал Орталық Азияның этносаия тарихында аса маңызды рөл атқарған Шыңғыс ханның үлкен ұлдарының ұрпақтары Жошы, Шағатай ұлыстарында түркілену ерекшелігі байқалды. Ал Жошы ұлысында Шыңғыс ұрпақтары XIX ғасырдың ортасына дейін жоғарғы билікті сақтап қалды.

Шағатай көбіне Ұлы Қағанның қасында жүргенімен оның өз ұлысындағы абаттандыру жөніндегі бастамалары туралы айтылады. Оның бұйрығымен Шығыс Түркістаннан Іле алқабына 48 көпір және басқа да құрылыстарды қамтитын тау асулары арқылы жол салынды. Кейбір зерттеушілер Шағатайдың көшпелі резиденциялары уақыт өте келе ірі әкімшілік және сауда орталықтарына айналғанын айтып, соның бірі ретінде қазіргі Оңтүстік Қазақстан жеріндегі Құтлұғ елді мекені деп айтады.

Бір ғасырдан астам уақыт өмір сүрген Шағатай ұлысының тарихында мемлекеттің дамуы мен экономикалық тұрақтылығы үшін айрықша еңбек сіңірген бірқатар шағатайлық билеушілер болды.

Атап айтқанда, Шағатай әулетінің билеушілерінен алғаш болып ислами мәдениетке бет бұрған Қара Хулагудың ұлы Мубарак хан (1252-1260 жж., 1265 ж.), Шағатай кезіндегі ұлыстың территориясын қалпына келтіріп қана қоймай, шекараны Хорезм, Ауғанстан жерлеріне дейін кеңейткен Шағатайдың немересі – Алғуи хан (1260-1265 жж.), Мауераннахр жерінде әкімшілік-басқару реформасын жүзеге асырған Шағатай ұлысының тоғызыншы билеушісі – Барактың ұлы Дува хан (1282-1307 жж.), ақша реформасын жүргізіп, отырықшы шаруашылыққа ден қойған Кебек хан (1318-1326 жж.), ислам дінін ресми дін ретінде жариялаған Тармашырын (1326-1334 жж.) сынды хандар болатын. Дегенмен, Шағатай ұлысының билеушілері Өгедейдің немересі Хайду қайтыс болғанға дейін оған тәуелді болып қала берді.

Шағатай ұлысының тарихында дін мәселесі өзекті тақырыптардың бірін құрайды. Мемлекеттің дамуы мен экономикалық тұрақтылығы тек жаугершілік соғыспен шешілген жоқ. Билеушілердің ұлыстың халқын «естуінде», шағатайлықтардың өмір сүру салтының өзгеруінде, халықаралық байланыс-тардың жақсарып, сауда байланыстарының орнауында ислам дінінің өзіндік рөлі болды. Сондықтан шағатайлық билеушілердің ислам дінімен арасындағы байланысты жан-жақты зерттеу қажет етеді.

Материалдар мен әдістер. Тақырыпты зерттеу барысында шетелдік авторлардың арнайы дайындалған ғылыми диссертациялары, монографиялар, ғылыми мақалалары басшылыққа алынып, жұмыстың әдіснамалық негізін тарихилық, объективтілік принциптері құрады. Сол секілді жалпы қабылданған ғылыми зерттеу әдістері мен ұстанымдары: салыстырмалы тарихи талдау, жүйелілік құрылымдық талдау, синтездеу, ретроспективті, мәселелі-хронологиялық т.б. әдістер қолданылды.

1) Зерттеу жұмыстарында *тарихи салыстырмалы әдісі* – белгілі бір уақыт пен мекен жайға тәуелсіз тарихи оқиғаларды тікелей салыстыру, теория құру немесе бүгінгі күнге сілтеме жасау арқылы түсініктеме алу мақсатында Шағатай ұлысындағы исламдану процесін, өткен тарихи оқиғаларды зерттеуде қолданылады.

2) Зерттеу тақырыбының мазмұнын ашу үшін жүйелік-құрылымдық талдау қолданылады. Қазіргі ғылымның қарқынды дамуы білімді жалпылау, олардың негізінде зерттелетін объектілер туралы тұтас идеяларды құру міндетін қойып отыр. Сондықтан жүйелік-құрылымдық талдауды қолданудың мүмкіндіктері зерттелетін объектілерге біртұтас көзқарасты болжайды. Жүйелік-құрылымдық талдау тақырыпты

жалпы шолудан бастап, содан кейінгі деңгейлерге, әр деңгейдегі элементтерді зерделей отырып түпкілікті нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

3) Болжамдар мен қорытындыны негіздеу үшін әртүрлі дереккөздерден алынған мәліметтердің үлкен көлемін, сондай-ақ зерттеу барысында жеке зерттелген тақырыптарды біріктіруде синтездеу әдісі қолданылады.

4) Ретроспективті әдіс – оқиғалардың себептерін анықтау мақсатында өткенге дәйекті түрде енуге, алдыңғы кезеңді түсіну және бағалау үшін пайдаланылады.

5) Мәселелі-хронологиялық әдіс – уақыт бойынша тарихи оқиғалардың реттілігін зерттеуде қолданылады.

Шағатай ұлысының тарихына қатысты қазіргі қолжетімді дереккөздердің дені ортағасырлық шығыс авторларының еңбектері мен батыстық және шығыстық саяхатшылардың жазбаларынан құралады. Ал ұлыс тарихына қатысты арнайы дайындалған іргелі зерттеу еңбектері ХХ ғасырдың соңынан бастау алады.

Соның ішінде құнды деректердің бірі ретінде Мырза Ұлыбектің «Тарих-арба' улус» атты толық сақталмаған еңбегін атап өтуге болады. Қазіргі уақытта «Шыңғыс ұрпағының төрт ұлысы» деп аталатын осы шығарманың қысқартылған нұсқасының төрт тізімі белгілі. Екеуі Англияда, бірі Үндістан, бірі Америка құрама штатында сақтаулы. 1838 жылы полковник Вильям Майлс еңбектің ағылшын тіліндегі аудармасын Лондонда жариялайды. Ол «Түрік немесе түрік жіне татарлардың шежіре ағашы» атауымен жарық көреді. Мұнда Шыңғыс хан мен ұрпақтарының жаулап алу соғыстары мен тарихы баяндалады.

Сонымен қатар Қазақ хандығы тарихының құнды дереккөздерінің бірі Мырза Хайдар Дулатидың еңбегін атап өтуге болады. Автор еңбегінде Маулана Шарафаддин Иазидің «Зафар-наме» еңбегін қолданғанын және Шыңғыс ханнан Тоғлық Темір ханға дейін тарихнамаларда жазылғанын атап өтеді. Дегенмен Тоғлық Темір моғол хандарының ішінде ол Ислам мемлекетіне алғаш болып ие болды. Одан кейін монғолдар кәпірліктен құтылғанын, дәулетті Тоғлық Темір хан бақытты моғол ұлысын ислам жолында толықтай алға жетелеп отырғанын айтады. Бұған қоса ортағасырлық авторлардың бірі Джамал Каршидың «Мулхакат би-с сурах» атты еңбегі Шағатай ұлысында Кайдудың ұлы Чапардың билігі тұсында жазылған жалғыз мұсылман тарих мазмұндағы жазба болып табылады. Жалпы еңбектің дені араб тілінде және кейбір бөліктер парсы тілінде қаламға алынған.

Зерттеу тақырыбына қатысты зерттеу еңбектерінің бірі ретінде – Е.Куланың «Büyük Hanlar Döneminde Moğollar Arasında İslâmiyet» атты жұмысын атап өтуге болады [1]. Автор шығыс дереккөздері мен саяхатшылардың жазбаларына негізделген еңбегінде «монғолдардың арасындағы діндер мен наным-сенімдер», «монғол империясы тұсындағы ислам діні», «ұлы хандарға тәуелді монғолдар арасындағы ислам» сынды деген тақырыптарды көтереді. Автор мұнда Шағатай ұлысы хандарының ислам дінін қабылдауын біртұтас бейнеде көрсетуге тырысады.

Зерттеуші Ф.Ортаның «Çağatay Hanlığı'nda Gelenek Ve Değişim: Tarmaşirin Han Dönemi» атты еңбегінде Шағатай ұлысындағы дәстүрлер мен өзгерістердің Тармашырын ханнан басталғанын айтады [2]. Аталмыш жұмысы Тармашырын ханның кезеңін зерделеу тұрғысында маңыздылық танытады.

Тармашырын ханның кезеңі туралы зерттеуді М. Биран «The Chaghadaids and Islam: The Conversion of Tarmashirin Khan (1331-34)» атты еңбегінде ұсынады [3]. Автор шағатайлықтарға ислам дінін әкелген Алад-дин Тармашырынның өзі сол жетістігінен қаза болды ма деген сұраққа жауап беруге тырысады. Осы ғылыми бағытта маманданған автордың қазіргі уақытта монғол империясына, ұлыстардың тарихына, империяның жекелеген тұлғаларына, соның ішінде Шағатай, Барақ хандарға қатысты бірқатар еңбектері бар.

Өзбек ғалымы Дж.Давлатовтың «Исламизация Чагатайского улуса как важный фактор укрепления государственности в кочевой степи» еңбегінде Мубарак хан, Эргэне хатун, Кебек хан, Алад-дин Тармашырын хандардың тұсындағы ислам дінінің таралуы, мұсылмандардың өмірі зерделенеді. Автор ислам діні тек Тармашырын тұсында ғана толыққанды орныққанын атап өтеді [4].

«Çağatay Hanlığı Döneminde Moğollar Arasında İslâmiyet» атты ғылыми мақаласында И. Ерейылмаз ислам дінін алғаш қабылдаған Мубарак ханмен бірге Шағатай ұлысы жаңа дәуірге қадам басқанын айтады [5].

Шыңғыс ұрпақтарының арасында ислам дінін қабылдаған белді билеушілерге М.Уйардың «Moğol Hanlarının Müsülmanlaşması» атты еңбегі арналады [6].

Монғол ғалымы Э.Ц. Цагаангууд өзінің «Чагатайский улус (1221-1346)» тақырыбындағы еңбегін ресейлік тарихшылардың, шығыстанушылар мен археологтардың жұмыстарын салыстырмалы зерттеу негізінде ұсынады [7]. Автор Шағатай ұлысында өзіндік із қалдырған хандарға, айтулы оқиғаларға тоқталады. Сондай-ақ ұлыстың әлеуметтік-экономикалық құрылымының жан-жақты зерттелуі қажеттігін

айтады. Жалпы мазмұны бойынша еңбек Шағатай ұлысының саяси тарихына арналады. Ал «Взаимоотношения Чагатайского улуса и Золотой Орды» атты мақаласында екі ұлыстың арасындағы конфессия аралық қатынастарға назар аудартады [8].

Қырғыз ғалымы О.К. Караевтың шығыс жазба деректеріне негізделген «Чагатайский улус. Государство Хайду. Могулистан. Образование кыргызского народа» [9], түрік ғалымы М.Кафалының «Сағатау Ханлығы (1227-1345)» [10] тақырыбындағы монографияларын атап өтуге болады. Еңбектер мемлекеттің құрылуынан бастап құлауына дейінгі тарихын баяндайды.

Зерттеуші П.Джексон «The Mongols and Islamic World from conquest to conversion» атты ғылыми мақаласында исламды қабылдаған монғол хандарымен қатар, яса мен шарифаттың қайшылығына да назар аударады [11].

Сонымен қатар зерттеуші П.Н. Петровтың «Нумизматическая история Чагатайского государства (668/1270-770/1369 гг.)» атты ғылыми еңбегінің маңызы ерекше [12]. Ғалым ұлыстың тарихын соғылған монеталар арқылы құрастыруға тырысады. Еңбектің хронологиялық шеңбері Талас құрылтайынан бастап Әмір Темірдің билік басына келгенге дейінгі уақытты қамтиды.

Зерттеуші ғалымдар Н.Д. Нұртазина, Е.Т. Қартабаеваның «Шағатай және Жошы ұлыстарындағы діни ахуал: авторитарлық билік өкілдерінің исламды қолдауының ішкі және сыртқы мотивациясы» [13] атты ғылыми мақаласында Шағатай және Жошы ұлысы тарихындағы ислам дінінің таралу мәселесін, атап айтқанда ортағасырлық постмонғолдық мемлекет билеушілерінің дінді жеке таңдауы және исламды қабылдау процесін объективті талдауға ұмтылыс жасайды.

Талқылау. Шыңғыс хан империясынан шыққан ірі мемлекеттердің бірі – Шағатай ұлысы болды. Оған Орталық Азияның орасан зор аумақтары мен іргелес аудандары енді.

Шағатай ұлысында басқарудың екі жүйесі қолданылды. Бірі – монғол тайпалары мен рулары қоныс аударған далалық және тау бөктерінде біртіндеп жергілікті түркі тілдес халықпен араласып, Шыңғыс хан белгілеген нойондар, түмендер, мыңдықтар, яғни ондық жүйе негізінде басқару; екіншісі – отырықшы егіншілік пен қалалық аймақтарда басқару билігі жергілікті аристократия өкілдеріне немесе өздері тағайындаған жергілікті шенеуніктер арқылы жүзеге асырылды.

Шағатай ұлысы ұлан-ғайыр территорияны алып жатқандықтан, мұнда көптеген діни және этникалық топтар өмір сүрді. Бұл территорияны мәдениаралық байланыстардың тоғысқан мекені деп айтуға болатын еді. Мұнда ислам діні, христиандық, иудаизм, буддизм, даосизм, манихейшілік және өзге діни-наным сенімдер үгіт-насихат жұмыстарын жүргізумен айналысты.

Зерттеуші М.Бирани ұлыстағы мәдениаралық қатынастарды ашу барысында шағатайлық хандардың түрлі діни наным-сенімдерді ұстанғанына назар аударады [14, 37-38-бб.]. Мәселен, Дува хан ұлына буддизм ықпалымен Тармашырын деген есім берді. Дува хан будда монастырларына үлкен артықшылықтар мен жеңілдіктер берді. Ал Дженкши хан (Жанкешті) (1335-1338) әрбір мешітке будда мүсіндерін орнатуды бұйырды. Сол сияқты Елжигдэй (1327-1330), Есен Темір (1338-1339) хандар да буддизмді қолдады.

Сол сияқты бұл территорияда христиандықтың несториан қауым өкілдері монғол дәуіріне дейін-ақ уағыз жұмыстарымен айналысты. Осы дәуірде аталмыш аймақта латын миссионерлерін де кездестіруге болады. 1360 жылдардың аяғында Алмалықтағы несториандық мықты қауымдастықтың белсенді жұмысын көретін болсақ, Әмір Темірдің билігі тұсындағы Самарқандта да несториан миссионерлері жұмыс жасады.

М.Бирани католик миссионерлерінің мұнда Қытай тарапынан келгеніне және XIV ғ. 20-30-жылдары оның епископтығы Алмалықта, Самарқандта тағы өзге монғол қағанаттарында құрылғанына назар аудартады. Сондай-ақ Дженкши ханның өз ұлын христиан емші сауықтырғаннан кейін шомылдыру рәсімін (католиктік шіркеу рәсімі) жасағанына тоқталады [14, 37-38-бб.].

Сонымен, Шағатай ұлысындағы саяси шиеленістер мен рухани-мәдени ортаның түрлілігі мұндағы түркілену және исламдану процесін тежей алмады.

Шыңғыс хан төрт ұлының әрбіріне қабілетіне қарай қызмет берген еді. 1206 жылы Ұлы құрылтайда қабылданған «яса» - монғол империясының әскери заңдарын екінші ұлы Шағатайдың қатаң сақтайтыны, көшпелі салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын терең меңгергенін ескеріп, ясаның «қорғаушысы», «сақшысы» қызметіне тағайындайды. Алайда Шағатайдың осындай жоғары ұстамдылығы мен білгірлігіне қарамастан, мұсылмандарға жылы қабақ танытпағаны тарихтан мәлім. Оның тұсында мұсылмандар бес уақыт намазды жасырын оқып, малды тығып бауыздайтын болған. Біздіңше, Шағатайдың бұл ұстанымы оның мұсылмандарға қарсы болғанынан емес, монғол ясасының ислам дінімен үйлеспейтіндігінен туындаған еді.

Шағатайлық үш хан ислам дінінің таралуында ерекше орын алды. Олар: Мубарак хан, Барақ хан және Тармашырын хан.

Ислам дінін алғаш қабылдаған Қара Хулағудың ұлы Мубарак. Мубарактың таққа отыруы туралы деректер әртүрлі, сондай-ақ жағдай да мәселелі. Біріншісі – Мубарактың таққа отыруы, екіншісі – хандық билігінің танылуы. Нақтырақ айтқанда, Рашид ад-диннің жазбасы бойынша Мубаракты анасы Эргэнэ хатун өзіне тәуелді әмірлердің қолдауына сүйеніп таққа отырғызады [9, 21-б.]. Ал Вассафтың еңбегі бойынша Эргэнэ хатунның Мубарак ханды таққа отырғызуы мүмкін емес, өйткені ол Алғуй ханнан бұрын қайтыс болып кеткен еді [10, 102-б.]. Келесі мәселе бойынша, Ұлы Мөңке хан қайтыс болғаннан кейін Құбылай хан орталық билікті өз қолына алады. Яғни, Мубарак хан Құбылай ханның рұқсатымен таққа отыруы керек еді. Ал Мубарак рұқсатсыз таққа отырды.

Осы тұста Құбылай хан шағатайлық Мүтүгеннің немересі Бараққа хан тағайындалғаны туралы жарлық шығарады. Осылайша Құбылай хан Мубарактың билігін танымағанын және ислам дінін қабылдаған ханды қолдамайтынын білдіреді.

Бұдан біз Мубарак ханның таққа отырғанда мұсылман болғанын байқаймыз. Ал монғол ақсүйектерінің түсінігінде Мубарактың мұсылмандықты қабылдауы Шыңғыс ханның дәстүріне қарсы әрекет жасағанмен тең еді.

Құбылай ханның өзі буддизмді ұстанды. Деректерде оны барлық діндерге тең қараған билеуші ретінде танытқанымен, хандық билігінің алғашқы жылдарында ислам дініне қатты қарсылық көрсетіп, бірқатар қатаң жазалар қолданғаны, кәпірлерге қарсы «джихад» туралы Құран Кәрім аяттарына қарсы шыққаны жайында мағлұматтар кездеседі [1, 81-б.]. Осы әрекеттерінің өзі Құбылай ханның Мубарак ханды қолдамағанына дәйек бола алады.

Сөйтіп, Құбылай ханның жарлығын алған Шағатайдың ұлы Мутегіннің немересі, Есен Туваның ұлы – Барақ хан Мубарак ханның әскеріне қарсы қол жинап Ходженд маңында кездеседі. Мубарак хан жеңіліс тауып тұтқынға түседі. Мубарак ханның осылайша билігі шамамен алты айға созылады.

Ислам дінін қабылдаған шағатайлық екінші билеуші Барақ хан. 1266 жылы Барақ өзін Шағатай ұлысының билеушісі ретінде жариялап, Түркістандағы ұлы ханның наместнигін ауыстырады. Бұл жағдайдан хабардар болған Құбылай Бараққа қарсы әскерін аттандырады. Алайда Құбылайдың әскері Барақтың әскерінің күшін көріп кері оралады. Осыдан бастап Шағатай ұлысының билеушілері орталықтан іс жүзінде тәуелсіздігін алады [9, 21-б.].

Ислам дінін алғаш қабылдаған шағатайлық хан туралы зерттеушілердің түрлі пікірлері бар екенін байқаймыз. Мәселен, зерттеушілердің басым бөлігі Мубарак ханды ислам дінін алғаш қабылдаған шағатайлық десе, зерттеуші Е.Кула ортағасырлық автор Әбілғазының «Түрік шежіресіне» сүйеніп, Барақ хан туралы «таққа отырғанынан кейін екі жыл өткен соң мұсылман болып, «Гиас ад-дин» атағын алған Шағатай ұрпағының мұсылман болған алғашқы адамы» деп жазады [1, 127-б.]. Ал зерттеуші И.Ерйылмаз еңбегінде Мубарак ханды ислам дінін алғаш қабылдады деп қана қоймай, аз уақыт билік етсе де Мубарактан бастап ислам діні Шағатай хандығында таралу мүмкіндігіне ие болғанын және осыдан бастап шағатайлық хандар ислами атақтар ала бастағанын айтады [5, 78-б.]. Ғалым М.Кафалы Барақ ханның жалпы алты жылдай тақта отырғанын және қайтыс боларынан бір жыл бұрын ғана исламды қабылдағанын жазады [10, 113-б.].

Шығыс авторларының жазбаларында Барақ хан туралы мынадай ақпарат кездеседі: «ол өмір бойы исламды тарату үшін күш жұмсады. Монғолдардың көбін ислам дінін қабылдатты. Алайда оның өлімінен кейін бұл жалғасын таппады, нәтижеде Сұлтан Гиас ад-дин Барақ ханның ислам дінді қабылдатқан монғолдары қайтадан бұрынғы діндеріне оралды...» [1, 127-б.]. Барақ хан тұсында ханның кейбір ағайын-туыстары да ислам дінін қабылдайды.

Құбылайдан кейін Хайду хан Шағатай ұлысының іс жүзінде билеушісіне айналды. Өгедей ханның немересі Хайду хан (1269-1301 жж.) Өгедей ұлысының билеушісі болды. Әкесінен ерте қалып Қарақорымдағы Ұлы ханның ордасында тәрбиеленеді.

1265-1269 жж. ол қолбасшылық қабілеті мен дипломатиялық шеберлігінің арқасында Өгедей ұлысын қалпына келтіреді, сөйтіп Шыңғыс ұрпақтарының ішінде өте ықпалды тұлғалардың біріне айналады. 1269 ж. өткен Талас құрылтайын ұйымдастырушыларының бірі. Осы Құрылтайдан кейін ол дербес билеушіге айналады.

Хайду хан Барақ ханды өзіне мықты қарсылас ретінде көрді. Деректерге сүйенетін болсақ, ол Барақ ханның Абака ханмен шайқасқан соғыстағы жеңілісіне, кейіннен оның өліміне де себепкер болады. Барақ хан мұсылман болып өлгенімен, Хайду хан оны монғолдардың әдет-ғұрпына сай жерлетеді. Барақ ханның

монғол дәстүріне сай жерленуінен сол кездегі монғол ақсүйектерінің арасындағы ислам дініне деген көзқарас байқалады [10, 113-б.]. Оның артынан бес ұлы қалады: Бек Тимур, Дува, Тоқта, Уладау, Бузма.

Шағатай әулетінің билеушілерінің арасында Барақ ханнан кейін Тармашырын ханға дейін мұсылмандықты қабылдаған ешбір билеушінің есімі кездеспейді, алайда ұлыстың басқару-әкімшілік құрылымдарында көптеген мұсылман басшыларды көруге болады. Көбіне танымал шенеуніктер ретінде Махмуд Ялавач пен ұлы Масуд Ялавач, уәзір Хабаш Амид туралы айтылады.

XIII ғ.соңы – XIV ғ. басында Шағатай ұлысында әлеуметтік-экономикалық құрылымда тігінен өзгерістер жүзеге асырылды; жергілікті отырықшы ақсүйектердің орнына дінбасылар келді [7, 18-б.].

Сөйтіп бір ғасырдан астам өмір сүрген Шағатай ұлысының дәуірі сопылық тариқаттардың белсенді иршадпен айналысқан кезеңімен тұспа-тұс келді. Яссауиға, накшбандиға, кубравийға сопылық мектептерінің ықпалында қалды.

1253 жылы Шағатай ұлысында ислам дінінің таралуына қызмет еткен кубравийға сопы шайхтарының бірі имам Сададдин Мухаммад б. Муаййад еді. Деректер бойынша имам ұлыстың территориясында иршадпен айналысып, көптеген монғолдардың, соның ішінде Мубарак ханның ислам дінін қабылдауына ықпал еткені және шағатайлықтар оған көптеген сый-сыяпат көрсеткені туралы мағлұмат кездестіреміз [2, 50-б.].

Зерттеуші Ф.Ортаның пікірінше «сопылық тариқаттардың монғолдардың арасында кең таралуының басты себебі сопылардың шамандармен ұқсастықтарында еді. Монғолдар шамандардың мистикалық мінез-құлықтарына өте маңыз берді, соған орай сопылармен қарым-қатынаста аса қиындық туындамады. Сөйтіп сопылар шамандар сияқты монғолдарға ықпал жасай алды... Орта Азияда сопылардың далалық аймақтарда жұмыс жасағанына қарамастан, ислам дінінің «қала діні» болып қалуына байланысты ислам діні мешіт, медреселері бар қалаларда жақсырақ дамыды» [2, 50-б.].

Сөйтіп, Шағатай ұлысының рухани-мәдени ерекшелігі көшпелі монғолдар өмір сүрген бөлігі мен отырықшы бөлігін біршама уақыт бір-бірінен алшақ тұтты.

Зерттеулерде монғол дәуірінде жер иеленуге берілген вакуфтық грамоталардың Орталық Азияда кең таралғаны туралы айтылады. Вакуф иеліктері – діни құрылымдарға берілген, мемлекеттік салықтан толықтай босатылған жерлер болатын. Монғол хандарының өздері оларға қамқоршылық көрсететін. Олардың экономикалық ахуалының күшеюі әлеуметтік мәртебесінің де көтерілуіне әкелді [7, 17-б.]. Мәселен, Бахарзи отбасының вакуфын атап өтуге болады ол 1340 жылдары жұмыс істеп тұрған болатын [14, 39-б.].

Сонымен, шағатайлықтардың исламдануы күрделі, әрі біртіндеп басталған процесс болды. Атап өткендей, кейбір мұсылман емес монғол ақсүйектері де кейде ислами мекемелерге қамқорлық көрсетті. 1250 жылы Мөңке ханның әйелі Бұхарада медресе салғызды.

1309 және 1318-1326 жж. билік құрған Кебек ханның тәңіршіл дінді ұстанғанына қарамастан, мұсылмандарға қамқорлық көрсетіп, отырықшылықты қолдады. Шыңғыс хан тарапынан қиратылған Балх қаласын қалпына келтіріп, Қаршыда сарай салғызды, ордасын сонда көшірді. Алайда, ханның өлітірілуі көшпелілердің исламдануы мен отырықшылыққа көшуіне біраз тежеу болды.

Ислам дінін қабылдаған үшінші шағатайлық мұсылман билеуші – Дува ханның ұлы Тармашырын. Тармашырын хан ұлыста ислам дінінің үстемдігі мен отырықшы өмір салтын түпкілікті бекіте алды [4, 936-б.]. Тармашырын хан көрші ұлыстармен бейбіт қатынасты орнатып қойған жоқ, ислам мемлекеттерімен экономикалық, сауда байланыстарын жақсартты. Оның жорықтары мен әскерді байытуы ұлыс әскерінің тарапынан күшті қолдау тапты.

Тармашырын хан жергілікті дінбасылардың қолдауымен ислам дінін қабылдап, «Ал ад-дин Мухаммад» деген есім, «Сұлтан ал-азам» деген атақ алады [3, 745-б.].

Зерттеушілер Тармашырын ханның ислам дінін қабылдауына ықпал еткен сопы шайхтары туралы мынадай мағлұмат ұсынады. Біріншісі Тармашырын ханға мұсылмандықты қабылдатқан шайх Әбу әл-Мафахир Бахарзи (қ.б. 1336) болуы мүмкін. Өйткені ол өмірінің соңғы он бес жылын Бұхарада өткізген. Бахарзи әулеті Шағатай сұлтандалары мен хандар арасында үлкен құрметке ие болған. Шайх Әбу әл-Мафахир Бахарзи Жошы ұлысының ханы Беркеге мұсылмандықты қабылдатқан Сайф ад-дин Бахарзидің немересі еді. Екіншісі, Тармашырын ханға ықпалы күшті болған келесі сопы шайхтары – шайх Хасан факих (заңгер). Ол хан әулетімен үйлену арқылы туыстығы бар және отырарлық шайх Хусам ад дин Йағхни [3, 746-б. 6, 143-б.]. Яғни Әбу әл-Мафахир Бахарзи ғана емес соңғы екі шайх та ислам дінін қабылдатқан болуы мүмкін.

«Улус-и арба-йи Чингизи» еңбегінің мәліметтері бойынша Бахарзи Герат маңындағы Бахарз ауылынан шыққан. Ол Бұхарадағы Хания медресесінің оқытушысы және қамқоршысы болған. Хания медресесі

Шыңғыстың кіші ұлы Төленің жесірі, Мөңке, Арық Бұға, Құбылай, Хулагудың анасы – Соркугтани бегім тарапынан бөлінген қаржы есебінен салынған еді. Медресе вакуфтың жерлермен қамтамасыз етілді. Медресенің вакуфтық мүлкі айтарлықтай болғаны соншалықты медресе шәкірттерінің саны мыңға жетті [8, 154-б.].

Тармашырын хан мемлекеттің ішкі саясатында исламның кең таралуына барынша жағдай жасайды. Қол астындағы әмірлерін, қолбасшылары мен әскерлерін мұсылмандықты қабылдауға шақырады.

Тармашырын хан ордасын Мауераннахрға көшіріп, Алмалықпен санасуды тоқтатады. Оның билігі тұсында Самарқанд, Бұхара, Бадахшан, Отырар, Ходжент, Таразда монета соғылады, 1330 жылдан бастап ұлы Санжарды «ортақ» билеуші тағайындайды. Осы тұста соғылған монеталарға екеуінің де есімдері жазылады. Сөйтіп ханның ислам дінін қабылдауы жергілікті халықтың арасында оның беделін күрт өсіреді.

Тармашырын ханның монғолдардың әскери демократиялық дәстүрінен бас тартып Құрылтайға қатыспауы, оны абсолютті монарх ретінде танытты. Ол көшпелі өмірден бас тартып қана қоймай, мәдени тұрғыда да алшақтап ұлыстың сөйлеу тілін түркі тіліне көшіреді. «Әлеуметтік трансформацияны қажет ететін алмағайып заманда ол қоғамды прагматикалық тұрғыда бағалап, мәнжайын түсіне келе хандар институтына жаңаша мұсылмандық легитимацияны, яғни заңды түрде негіздеуді іске асырды» [13, 10-б.].

Ибн Батутаның жазбаларында «хан халықтың шағымдарын есту үшін мәжіліске барғаны, қарт, әйел, жас, кедей болса да бәрінің шағымын тыңдағаны, қатты суық қыс болғанына қарамастан Тармашырын ханның бес уақыт намазда жамағаттан бөлінбегені, таң намазынан кейін күн шыққанға дейін мешітке отырып түркілер сияқты намаз оқығаны, мешітке әрбір адаммен сәлемдесіп, сыпайы мінез-кұлық көрсеткені, оған тарту етілген мейіз, құрмаларды өз қолдарымен басқаларға ұсынғаны баяндалады [1, 131-б.]. Сонымен қатар Тармашырын хан қол астындағы әмірлерге, әскерге ислам дінін қабыдатып, бес уақыт намаз оқуын түскен олжаның бесте бірін өткізуін шарт қойды. Ал ханның тақтан түсірілуі оның Құрылтайдан және ясадан бас тартуы болды [11, 360-б.].

Сонымен Н.Д. Нұртазина, Е.Т. Қартабаева «тарихи-әлеуметтік жағдайда дінге қатысты рухани құндылықтар қоғам өмірінің ең биік мұраттарына жатқан. Антикалық (бұл жерде: «көне» сөзінің синонимі) және ортағасырлық қоғамдарда дін мемлекеттіліктің маңызды іргетасы, қарапайым адамдар мен билеуші топтарға ортақ сана формасы болғаны белгілі жайт. Көшпенділердің дүниетанымында Құдайға, о дүниеге сену және материалдық әлемді тылсым рухани әлемдердің салдары, көлеңкесі деп санау ерте заманнан орныққан жалпыға бірдей мифологемалар ретінде қабылданды. Осы тұрғыдан халық әсіресе ел билеуші қаған Көк Тәңірі жарылқауымен, бойында құт болуы себебінен ғана мемлекет тағына отырып, бақытты елдің тізгінін қолына алады деген сенімде болды. Діни бейтараптық ұстанған деген Шыңғыс ханның өзі шаман Теб-тәңірі (Көкочу) немесе даос монахы Чаң-чун сияқты мистиктерге құлақ асып, Жасақтың (Яса) алғашқы нұсқасының бірінші бабында бір Тәңірге сенуді қол астындағы барлық халықтарға бұйырған», - деп қорытады [13, 8-б.]. Бұған қоса зерттеушілер осы еңбегінде Шағатай ұлысындағы мұсылман есімдерінің «XIV ғ. 30-шы жылдарынан бұрын олардың 50-70% араб-мұсылман тектес есімдер иеленгенін» айтады.

Қорытынды. Қорыта айтқанда, XIII ғасырда Шыңғыс хан жаулап алған территорияның басым бөлігінде ислам мемлекеттері өмір сүретін еді. Ұлыстарға бөлінген бұл жерлерде монғол тайпалары ислам дінін қабылдап қана қоймай, бірте-бірте ассимиляцияға ұшырып жергілікті халықпен сіңісіп кетті.

Шағатайлық хандардың арасында ислам дінінің таралуы жалпы үш кезеңде айқын көрінді. Бастау кезеңі XIII ғасырдың екінші жартысында Мубарак ханнан басталды. Алайда, бұл кезеңде ислам діні кең қанат жая алмады. Бұған себеп болған бірнеше факторларды айтуға болады: тақта ханның қысқа уақыт отыруы, көшпелі монғолдардың ясаның ықпалынан әлі шыға қоймағаны, монғол ақсүйектерінің жергілікті халықпен тығыз араласа қоймағаны, ислам елдерімен халықаралық сауда байланыстарының дамымағаны т.б.

Екінші кезеңде ислам дініне бейімділік Барақ ханның тұсында көрінді. Мұны ислам дінінің таралу процесінің даму кезеңі ретінде бағалауға болады. Барақ ханның өзі бірқатар әмірлері мен әскерлерінің, отбасы мүшелерінің ислам дінін қабылдауына ықпал жасады. Барақ ханның бұл қызметі өзінен кейінгі билеушілерге іргетас қалады.

Үшінші кезеңде Тармашырын ханның абсолютті билікке ие болуы ислам дінінің түпкілікті орнығуына мүмкіндік берді. Шағатай ұлысында ислам елдерімен халықаралық экономикалық, сауда байланыстары дамып, мемлекеттің ресми діні болып ислам діні жарияланды.

Сонымен қатар Орталық Азиядағы ұлыстар дәуірінде исламның кең таралуына байланысты билеуші әулеттер мен жергілікті қожалар табының өкілдері арасында рухани-идеологиялық берік одақтың негізі

қаланды. Бұл мемлекет билеушісінің материалдық әрі рухани әлем билеушісі ретінде күшеюіне жол ашты және ислам дінінің мемлекетте мықты орнығуына негіз қалады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Kula E. *Büyük Hanlar Döneminde Moğollar Arasında İslâmiyet. ... Yüksek Lisans Tezi. Ortaçağ Tarihi / Kula Ebru. – Konya, 2021. – 196 s.*
2. Orta F. *Çağatay Hanlığı'nda Gelenek Ve Değişim: Tarmaşirin Han Dönemi. ... Yüksek Lisans Tezi. Tarih Anabilim Dalı / Orta Fatih. – Aydın, 2019. – III+94 s.*
3. Biran M. *The Chaghadaids and Islam: The Conversion of Tarmashirin Khan (1331-34)* [Электронный ресурс] / Biran Michal // *Journal of the American Oriental Society*. – 2002. Vol. 122, № 4. – P. 742-752. – Режим доступа: https://www.academia.edu/3708463/The_Chaghadaids_and_Islam_The_Conversion_of_Tarmashirin_Khan_1331_34
4. Давлатов Дж. *Исламизация Чагатайского улуса как важный фактор укрепления государственности в кочевой степи* [Электронный ресурс] / Дж.Давлатов // *Oriental Renaissance: Innovative, educational, natural and social sciences. – Volume 1 | Issue 9. – P.935-936. – Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/islamizatsiya-chagatayskogo-ulusa-kak-vazhnyy-faktor-ukrepleniya-gosudarstvennosti-v-kochevoy-stepi>*
5. Eryilmaz İ. *Çağatay Hanlığı Döneminde Moğollar Arasında İslamiyet* [Электронный ресурс] / Eryilmaz İsa // *Uluslararası Tarih Araştırmaları Dergisi (UTAD) The Journal of International History Researches. – 2021 5(1). – S. 71-84. – Режим доступа: <https://dergipark.org.tr/en/download/article-file/1817419>*
6. Uyar M. *Moğol Hanlarının Müsülmanlaşması* [Электронный ресурс] / Mustafa Uyar // *Cengiz Han ve Mirası. Türkiye Bilimler Akademisi. – TDV Yayın: Ankara, 2021. – S. 131-148. – Режим доступа: <https://www.tuba.gov.tr/tr/yayinlar/suresiz-yayinlar/bilim-ve-dusunce/cengiz-han-ve-mirasi>*
7. Энхчимэг Цэндмаа Цагаангууд. *Чагатайский Улус (1221-1346): автореф. дис. на соискание уч. степени канд.ист.наук. спец: 07.00.03. – всеобщая история. – Улан-Удэ, 2004. – 23 с.*
8. Энхчимэг Ц. *Взаимоотношения Чагатайского улуса и Золотой Орды* [Электронный ресурс] / Энхчимэг Цэндмаа // *Золотоордынская цивилизация. – 2017. – № 10. – С. 152-155. – Режим доступа: <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=30612257>*
9. Караев О.К. *«Чагатайский улус. Государство Хайду. Могулистан. Образование кыргызского народа».* – Б.: Кыргызстан, 1995. – 160 с.
10. Kafalı M. *Çağatay Hanlığı (1227-1345).* – Ankara: Berikan Electronic Basım Yayım, 2005. –159 s.
11. Jakson P. *The Mongols and Islamic World from conquest to conversion.* – Yale University Press London, 2017. – 554 p.
12. Петров П.Н. *Нумизматическая история Чагатаидского государства (668/1270-770/1369 гг.): автореф. дис. на соискание уч. степени канд.ист.наук. спец: 07.00.09. – историография, источниковедение и методы исторического исследования. – Казань, 2007. – 23 с.*
13. Нұртазина Н.Д., Қартабаева Е.Т. *Шағатай және Жошы ұлыстарындағы діни ахуал: авторитарлық билік өкілдерінің исламды қолдауының ішкі және сыртқы мотивациясы* [Электронный ресурс] / Нұртазина Н.Д., Қартабаева Е.Т. // *Bulletin of history. №2 (109). 2023– Режим доступа: [file:///C:/Users/ASUS/Downloads/934%20\(1\).pdf](file:///C:/Users/ASUS/Downloads/934%20(1).pdf)*
14. Biran M. *«Culture and Cross-Cultural Contacts in the Chaghadaid Realm (1220-1370)»* [Электронный ресурс] / Biran Michal // *Chronica. – Hungary, 2007. – P. 26-44. – Режим доступа: <http://mongol.huji.ac.il/sites/default/files/26.%20Culture%20and%20cross.pdf>*

References:

1. Kula, E. (2021). *Büyük Hanlar Döneminde Moğollar Arasında İslâmiyet [Islam among the Mongols during the Period of the Great Khans]. Extended abstract of Master's thesis. Konya [in Turkish].*
2. Orta, F. (2019). *Çağatay Hanlığı'nda Gelenek Ve Değişim: Tarmaşirin Han Dönemi [Tradition and Change in the Chagatai Khanate: The Period of Tarmashirin Khan]. Extended abstract of Master's thesis. Aydın [in Turkish].*
3. Biran, M. (2002). *The Chaghadaids and Islam: The Conversion of Tarmashirin Khan (1331-34)* // *Journal of the American Oriental Society*, Vol. 122, 4, 742-752. Retrieved from https://www.academia.edu/3708463/The_Chaghadaids_and_Islam_The_Conversion_of_Tarmashirin_Khan_1331_34 [in English].

4. Davlatov, Dzh. (2021). *Islamizatsiia Chagataiskogo ulusa kak vazhnyi faktor ukrepleniia gosudarstvennosti v kochevoi stepi* [Islamization of the Chagatai Ulus as an important factor in strengthening Statehood in the Nomadic steppe]. // *Oriental Renaissance: Innovative, educational, natural and social sciences*, Vol. 1, 9, 935-936. Retrieved from: <https://cyberleninka.ru/article/n/islamizatsiya-chagatayskogo-ulusa-kak-vazhnyy-faktor-ukrepleniya-gosudarstvennosti-v-kochevoy-stepi> [in Russian].
5. Eryilmaz, İ. (2021). *Çağatay Hanlığı Döneminde Moğollar Arasında İslamiyet* [Islam Among the Mongols during the Chagatai Khanate Dec.]. // *Uluslararası Tarih Araştırmaları Dergisi (UTAD) The Journal of International History Researches*, 5(1), 71-84. Retrieved from <https://dergipark.org.tr/en/download/article-file/1817419> [in Turkish].
6. Uyar, M. (2021). *Moğol Hanlarının Müsülmanlaşması* [The Islamization of the Mongolian Khans]. / Mustafa Uyar // *Cengiz Han ve Mirası. Türkiye Bilimler akademisi. TDV Yayın: Ankara*, 131-148. Retrieved from: <https://www.tuba.gov.tr/tr/yayinlar/suresiz-yayinlar/bilim-ve-dusunce/cengiz-han-ve-mirasi> [in Turkish].
7. Enkhchimeg Tsendmaa Tsagaanguud. (2004). *Chagataiskii Ulus (1221-1346)* [Chagatai ulus (1221-1346)]. Extended abstract of candidate's thesis. Ulan-Ude [in Russian].
8. Enkhchimeg Tsendmaa Tsagaanguud. (2017). *Vzaimootnosheniia Chagataiskogo ulusa i Zolotoi Ordy* [The relationship between the Chagatai Ulus and the Golden Horde]. // *Zolotoordynskaia tsivilizatsiia*, 10, 152-155. Retrieved from: <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=30612257> [in Russian].
9. Karaev, O.K. (1995). «Chagataiskii ulus. Gosudarstvo Khaidu. Mogulistan. Obrazovanie kyrgyzskogo naroda» [Chagatai ulus. The state of Haidu. Moghulistan. Formation of the Kyrgyz people]. B.: Kyrgyzstan [in Russian].
10. Kafalı, M. (2005). *Çağatay Hanlığı (1227-1345)* [Khanate of Chaghadai (1227-1345)]. Ankara: Berikan Electronic Basım Yayım [in Turkish].
11. Jakson, P. (2017). *The Mongols and Islamic World from conquest to conversion*. Yale University Press London [in English].
12. Petrov, P.N. (2007). *Numizatcheskaia istoriia Chagataidskogo gosudarstva (668/1270-770/1369 gg.)* [Numismatic history of the Chagataid State]. Extended abstract of candidate's thesis. Kazan [in Russian].
13. Nurtazina N.D. Kartabayeva E.T. *The religious atmosphere of uluses of Chagatai and Jochi: internal and external motivation in the support of islam by representatives of authoritarian power* // *Bulletin of history*. №2 (109). 2023. – Retrieved from: [file:///C:/Users/ASUS/Downloads/934%20\(1\).pdf](file:///C:/Users/ASUS/Downloads/934%20(1).pdf)
14. Biran, M. (2007). *Culture and Cross-Cultural Contacts in the Chaghadaid Realm (1220-1370)* // *Hungary: Chronica*, 26-44. Retrieved from: <http://mongol.huji.ac.il/sites/default/files/26.%20Culture%20and%20cross.pdf> [in English].

Б.Н. Темирханов ^{1*}, М.Қ. Муталиев ²

¹ PhD докторант, Анкара Хаджы Байрам Вели университеті, Анкара, Түркия
E-mail: temirkhanov.batyrzhan@hbv.edu.tr

² Анкара Университеті, Тіл-Тарих және География факультеті,
Жалпы түркі тарихы кафедрасының докторанты, Анкара, Түркия

ҰМЫТ БОЛҒАН АНДАЛУСИЯ ИСЛАМ МЕМЛЕКЕТІНІҢ САЯСИ ТАРИХЫ

Аңдатпа

Андалусияның ислам тарихындағы және Батыс өркениетіндегі орны өте маңызды. Ислам географиясының батыс шекарасында орналасқан бұл маңызды география бүгінгі күнге дейін әлемде түрлі еңбектер мен зерттеулерге арқау болып, зиялылар мен ойшылдардың ой әлемінде әрқашан өз орнын тапқан. Өз дәуірінде Ислам өркениетінің ең жарқын өкілі ретінде көрінген Андалусияның Еуропа, Солтүстік Африка және Жерорта теңізі географиясына әсерінің тарихи маңыздылығына байланысты шамамен сегіз ғасырлық кезеңді қамтитын барлық мәселелер әсіресе Еуропа мен Америкадағы білім ордаларында жиі зерттелуде. Елімізде Андалусияның саяси тарихы және Андалусиядағы әлеуметтік және мәдени өмір туралы зерттеулер жайлы жарияланған еңбектер әлі жеткіліксіз деңгейде. Сол себепті мақаламызда Ислам тарихының бірі бөлшегі саналатын Андалусия мемлекетінің қысқаша тарихы туралы тың мәліметтерді ұсынуды жөн көрдік.

Мақалада Әмәуи билігінің құлауымен бірге тарих сахнасындағы өмірін жалғастыруда орны айрықша саналатын Әмәуилік Андалусия мемлекетінің тарихындағы қилы өзгерістер және Андалусия жерінде билік құрған Ислам дінін ұстанушы халифа, сұлтандардың басқару кезеңдері кесте түрінде ұсынылды. Мұнда біз қол жеткізген ең маңызды мәлімет, Испания еліне алғаш келген мұсылман әскери жасағы мен онда Испан халықтарының мұсылман дін өкілдерімен түрлі салада байланыстарды дамытып бірнеше ғасыр өмір сүруі; ғылым мен білімге өзіндік үлес қосуда әрі танымал Ислам философтарының шығуына орасан ықпал жасағанын ғылыми түрде анықтау мақаламыздың мақсатын айқындай түсті. Бұған қоса, Испания жеріндегі мұсылмандардың ұзақ уақыт бойы құрған бірқатар саяси биліктері, мұның ішінде Уәлилер кезеңі, Андалусия Әмәуилері кезеңі, Мулукут-Тауайф кезеңі, Мурабиттер мен Муаххидтер кезеңі, Гирната Әмірлігі, Морисколар секілді алты саяси кезеңге қысқаша тоқталып өтілді.

Кілт сөздер: андалусия, әмәуи халифаты, ислам діні, испания, гирната әмірлігі, андалусия билеушілері, мулукут-тауайф.

B.N.Temirkhanov^{1*}, M.K. Mutaliyev²

¹ PhD Candidate, Ankara Hacı Bayram Veli University, Ankara, Turkiye
E-mail: temirkhanov.batyrzhan@hbv.edu.tr

² Doctoral student of the Department of General Turkish History, Faculty of Language- History and Geography, Ankara University, Ankara, Turkiye
E-mail: meirbols9293@gmail.com

THE POLITICAL HISTORY OF THE FORGOTTEN ISLAMIC STATE OF ANDALUSIA

Abstract

Andalusia's place in Islamic history and Western civilization is very important. This important geography, which is located on the western border of Islamic geography, has always found its place in the world of intellectuals and thinkers. Due to the historical importance of Andalusian influence on the geography of Europe, North Africa and the Mediterranean Sea, which was seen as the brightest representative of Islamic civilization in its era, all issues covering a period of about eight centuries are often studied, especially in European and American educational institutions. In our country, the published works on the political history of Andalusia and research on social and cultural life in Andalusia are still insufficient. That's why in our article we decided to present new information about the brief history of the Andalusian state, which is considered one of the parts of Islamic history.

In this article, new information about the brief history of the state of Andalusia, which is part of the history of Islam, is supplemented by the opinions of well-known historians. The table also presents the dramatic changes in the history of the Umayyad state of Andalusia, which played an important role in the continuation of life on the stage of history with the fall of the Umayyad rule, and the reigns of the Islamic caliphs and sultans in Andalusia. The most important information we have gained in this article is that the first Muslim army to arrive in Spain and the Spanish people lived there for centuries, developing contacts in various fields with representatives of the Muslim religion; The purpose of this article is to determine scientifically the contribution of science and education and the great influence of the emergence of famous Islamic philosophers.

Keywords: andalusia, umayyad caliphate, islam, spain, emirate of girnata

Темирханов Б.Н. ^{1*}, Муталиев М.К. ²

¹ PhD докторант, Университет Анкары Хаджи Байрам Вели, Анкара, Турция,
E-mail: temirkhanov.batyrzhan@hbv.edu.tr

² Университет Анкары, факультет языка, истории и географии, докторант кафедры всеобщей истории Турции, Анкара, Турция
E-mail: meirbols9293@gmail.com

ПОЛИТИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ ЗАБЫТОГО ИСЛАМСКОГО ГОСУДАРСТВА АНДАЛУСИЯ

Аннотация

Место Андалусии в исламской истории и западной цивилизации очень важно. Эта важная страна, расположенная на западной границе исламской географии, всегда находила свое место в мире интеллектуалов и мыслителей. В связи с историческим значением влияния Андалусии на географию Европы, Северной Африки и Средиземного моря, которая считалась ярчайшим представителем исламской цивилизации в свою эпоху, часто изучаются все вопросы, охватывающие период около восьми веков, особенно в Европейские и американские учебные заведения. В нашей стране еще недостаточно опубликованных работ по политической истории Андалусии и исследованиям общественной и культурной жизни Андалусии. Именно поэтому в нашей статье мы решили представить новые сведения о краткой истории Андалузского государства, считающейся одной из частей исламской истории.

В этой статье новые сведения о краткой истории государства Андалусия, являющейся частью истории ислама, дополнены мнениями известных историков. В таблице также представлены драматические изменения в истории Омейядского государства Андалусия, сыгравшего важную роль в продолжении жизни на исторической сцене с падением правления Омейядов, а также в периоды правления исламских халифов и султаны в Андалусии. Самая важная информация, которую мы получили в этой статье, заключается в том, что первая мусульманская армия прибыла в Испанию, и испанский народ жил там веками, развивая контакты в различных областях с представителями мусульманской религии; Цель нашей статьи - научно определить, что наука способствует развитию науки и образования и оказывает большое влияние на появление известных исламских философов.

Ключевые слова: андалусия, омейядский халифат, ислам, испания, эмират гирната.

Кіріспе. Андалусия – мұсылмандардың Испанияға берген атауы болатын. Қазірде бұл Испания елінің оңтүстігінде орналасқан бір ауданның аты. Алғашқы кезеңдегі Ислам жеңістерінің бір жалғасы ретінде 711-714 жылдары арасында мұсылмандардың басқаруына кірген Андалусияның шекаралары уақыт өткен сайын аумалы-төкпелі болса да, сегіз ғасырдай (VIII ғасырдың бірінші жартысынан XV ғасырдың соңдарына дейін) Ислам өлкесі ретінде өмір сүрді [1. 197-б].

Арабтар Испания жері үшін қолданған және олардың елден толығымен шығарылғаннан кейін ғана «мұсылман Испаниясы» деген атауға ие болған Андалусия (Энделус) сөзінің шығу тегі әлі күнге нақты анықталған емес. Бүгін, әдетте, Испания атауының баламасы ретінде бірінші рет жаулап алғаннан кейін 98 (716) жылы басылған монетада жазылған сөз 5-ғасырда Солтүстік Африкаға өтпес бұрын шамамен он сегіз жыл ішінде Испанияның оңтүстігінде Вандалдардан (вандализм/вандал елі) алынған атау болуы мүмкін деген пікір басымдыққа ие болып отыр [2].

Андалусия сөзі тарих бойы мұсылмандар мен мұсылман Испанияның символы болғанымен, бұл сөздің шығу тегі көне замандардан басталады. Андалусия сөзінің шығу тегі туралы кейбір мәлімдемелер бар. Алайда бұлардың арасынан мына дерек нақтырақ деп, тандау жасау қиынға соғатын сияқты. Бұған қоса, мұсылман әскерлерінің бағындырған жерлерінде елдер мен жер атауларын өзгерту әдеті болғаны белгісіз.

Осы себепті Андалусия сөзін мұсылмандардан бұрын өмір сүрген халықтар өздері өмір сүрген жерді қалай атаған болса, мұсылмандар да тілден тілге айтылу айырмашылығымен бірге өз тілдеріне қабылдаған деп айтуға болады. Сондықтан, Андалусия сөзін мұсылмандардан бұрын мекендеген вестготтар өз еліне берілген атау ретінде қолданған болуы ықтимал. Осы аталған барлық көзқарастар мүмкін және дәйекті аспектіге ие болса да, Андалусия сөзі шығу тегі Ландауттарға (Landahlouts) негізделген деген пікір басымдау байқалады.

Исламдық ой-пікірдің Батысқа өтуінде екі үлкен маңызды орталық болды. Олардың біріншісі және ең маңыздысы – Андалусия, яғни Испания, шамамен сегіз жүз жыл бойы исламдық үстемдікте болғаннан кейін соңында бірде-бір адам қалмайтындай күйде геноцидке ұшырады. Екіншісі – қазіргі Италияның оңтүстігінде орналасқан Сицилия аралы, онда мұсылмандар екі ғасырдан астам уақыт бойы билік етті. Екі аймақта да қазірге дейін жеткен көптеген исламдық мирасстар бар.

Латын тіліне аударылған исламдық шығармалардың көпшілігі бүгінде Париж және Лондон кітапханаларында сақталған. Испан тіліне аударылғандар Мадридтегі Escorial кітапханасында да бар. Андалусия өз дәуірінде «Ұлы арман көрген өлке» ретінде; Сегіз ғасыр бойы тастарымен, топырағымен, ағаштарымен, өсімдіктерімен ұлы Ислам еліне айналды; Мыңдаған өнерпаздар мен ойшылдарды тәрбиелеп, артына сансыз сәулет өнері мен шығармалар қалдырған жұмақтай бірегей өңір.

Бүгінгі күні онша айтылмаса да, Батыстың технологиялық дамуының негізін құрайтын Қайта өрлеу деп атайтын қозғалыс ислам әлемімен тығыз байланыс нәтижесінде пайда болды. Осы себепті көптеген батыс зерттеушілері Ислам әлеміне саяхат жасай бастады және осы жерден Қытайға баратын сауда жолдарын аралап, бар сауда білімін өз елдеріне жеткізуге тырысты. Андалусия ислам мәдениеті мен өркениетінің көрнекті үлгілері қойылған нағыз озық аймақ болды.

Мақсаты. Мұсылмандардың Еуропа материгінің оңтүстік-батысында орналасқан Пиреней түбегіне өтуі исламдық жаулап алудың соңғы кезеңін құрайды. Бүгінгі таңда бұл аймақта Испания мен Португалия мемлекеттері орналасқан. Еуропадағы мұсылмандар құрған Андалусия Әмәуи мемлекеті осы географияда бірнеше ғасырлар бойы Ислам өркениетінің дәнін екті. Аталған мақаламызда Андалусия Ислам мемлекетінің саяси тарихын зертеп, өмір сүрген сегіз ғасыр аралығындағы басқару биліктері және өзара кезеңдердегі мұсылмандардың Еуропаның христиан халықтарымен қарым-қатынасы туралы пікір қалыптастыруға әрекет жасадық.

Андасуия Ислам мемлекетінің зерттелудегі негізгі мақсаты, VIII ғасырдағы Ислам дінінің ғылымда қарыштап дамуы дәуірінде, мұсылман территориясының күн өткен сайын ұлғайып, Солтүстік Африка арқылы Испания жеріне табан тіреген мұсылмандардың христиан халықтары өмір сүретін қоғамда Ислам өркениетінің қайталанбас алтын жауһарына айнала білуі әрі түрлі дін өкілдері өмір сүретін Батыс Еуропада өзара түсіністік орната алуы, расында қазіргі қоғамға да қажетті үлгі ел ретінде қарастыру болмақ. Әрине, бұл тақырып бір мақала аясында толық түсіндіріледі дегеннен аулақпыз, дегенмен ең әуелі Андалусия Ислам мемлекетін зерттеуші ғалымдар үшін алғашқы көмекші мақала құралы деуге негіз бар. Себебі, сегіз ғасыр шамасында қазіргі Испания жерінде билік құрған мұсылмандардың бұл аймаққа келу тарихы, билік құрған кезеңдері, ғылымдағы жаңалықтары, өзге дін өкілдерімен байланысы секілді саяси тарихын ең маңызды ақпарат ретінде қарастыруға болады.

Андalusия мұсылман мемлекетінің саяси тарихынан соң ғылымда, мәдениет пен медицинада, ауыл шаруашылығы және т.б. салалардағы жетістіктері жайлы жеке дара ғылыми зерттеулер жүргізілуі қажет деп санаймыз. Себебі, әлі күнге дейін әлемнің тамаша туындылары қатарында тұрған Испаниядағы сол кезеңнен жеткен мұсылман сәулет өнерлері ұлы дамудың даңғыл жолы болғандығына куәгерлік етуде. Бүгінде Испанияда немесе Пиреней түбегінде бірнеше сәулет өнерінен басқа ислам мұрасына қатысты ештеңе қалмады десек қателеспеген болар едік. Бұл сәулет туындылары елдің оңтүстігіндегі Андалусиядағы Кордоба, Гранада және Севилья сияқты бірнеше қалаларда дерлік кездеседі және олар туристік орындар ретінде пайдаланылуда. Кордова Ұлы мешіті, Әл-Хамра сарайы, Эль-Мельвие (Ла Гиралда), Жағфария сарайы, Алтын мұнара, әртүрлі қалалардағы «Альказар» типті құрылыс нысандары, үш-бес қаланың қирандылары, моншалар мен бекіністер қалған. Бұлар елдің исламдық өткен шағын бүгінгі күнге жеткізген көзге көрінетін туындылар қатарында орын алған. Сәулет өнеріндегі мұсылмандардың ықпалымен қалыптасқан көркемдік дәстүр «Мудажжан стилі» (Arte Mudéjar) ескі және жаңа көптеген испан ғимараттарында қолданылған. Испан тілінде өз орнын тапқан төрт мыңға жуық арабша сөздерді де мұсылмандардан қалған мұралар ретінде айта кету керек.

Андalusияда Машрик-Мағриб-Иберия өнерінің үйлесімді қоспасынан туындайтын жаңа стиль пайда болған. Бұл өнер өзінің мотивтерімен, өрнектерімен және әр түрлі әшекейлерімен Ислам өнерінің ең әдемі

үлгілерінің бірі болып табылады. Мұсылман және христиан сәулетшілері мен қолөнершілері бұл өнерді қалыптастыру үшін бірге еңбек етті.

Андалусияны өз дәуірінен барлық жағынан ерекшелендіретін және оны одан да жоғары деңгейге көтеретін негізгі сипаттар, сөзсіз, Андалусияның ғылым, ауыл шаруашылығы және сауда салаларындағы жоғары күш-жігері болды. Сондықтан Испаниядағы жаңару солтүстіктегі варвар тайпалары арқылы емес, оңтүстіктегі мұсылман жорықшылары арқылы келді. Бұл даму жаулап алу емес, керісінше өркениетке бет бұру жолындағы ұлы жорық болды. Осылайша Испанияда орта ғасырлар бойы, VIII-XV ғасырлар арасында Еуропаның ең бай және ең жарқын өркениеті өмірге келді әрі бірнеше ғасыр дамыды.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Еуропаның қаншама қысымына әрі ел ішіндегі саяси күйзелістерге қарамастан Андалусия бірнеше ғасырлар бойы өркениет пен ғылымның туын ұстаған шағын түбекте әртүрлі діндер мен ұлттардың өкілдері бірге өмір сүре алатын сирек мысалдардың бірі болып табылады.

Тарихта бір-бірімен қақтығысып келген арабтар VII. ғасырда пайда болған ислам дінінің төңірегінде топтасып, өздері құрған мемлекеттің шекарасын кеңейте отырып, қамтыған аймақтардағы өзгелердің ғылыми жаңалықтарын да өз бойына сіңіріп отырды. Ежелгі дәуір өркениетінің бесігі болған үнді, египет және грек әлемінің ортасында орналасуының арқасында олар осы аймақтардағы ғалымдардың еңбектерін алып, сақтап, жаңа дүниелер қосу арқылы ғылымда дами бастады. Олардың арқасында Еуропа ауыл шаруашылығында, медицинада, өнеркәсіпте және басқа да көптеген салаларда өте маңызды жаңалықтарға қол жеткізді. Әсіресе аудармашылық қызметі арқылы ислам әлемінде жинақталған ғылыми байлық Батыс әлеміне де жетті.

Зерттеу нысаны ретінде алынған «Ұмыт болған Андалусия Ислам мемлекетінің саяси тарихы» атты мақалада еліміздің және шетелдік ғалымдардың еңбектері пайдаланылды. Бұлардың ішінде Е.Есімқұловтың түрік тілінен аударған «Ислам тарихы» атты Шабан Өздің еңбегі; Мехмет Өздемирдің «Андалусия» атты мақаласы; Сайид Абдулазиз Салимнің «Тарихуль-Муслимин и Асарухум фил-Энделюс» атты араб тіліндегі еңбегі; Хусейн Мунистің «Политико-административное управление мусульманской Испании» атты Мадридте жарияланған еңбегі; Филип Хиттидің «История ислама (перевод Салиха Туга)» атты батыстың көзқарастағы еңбегі және Дамашықта жарияланған Адиль Саид Биштавидің «Аль-Андалусийюн» атты еңбектері зерттеу кезінде қайнаркөз ретінде қолданылды.

Андалусия мұсылман тарихын зерттеуші ғалымдардың методологиясының басым бөлігі сегіз ғасырға созылған мұсылман билігін саяси тарих тұрғысынан бірнеше кезеңдерге бөліп қарастырылған. Біз де мақаламызда осы әдісті қолдана отырып, Андалусия Ислам мемлекетінің саяси тарихын алты кезеңге бөліп қарастыруды жөн санадық.

Талқылау. Мұсылмандардың Испания саяхаты, алғашқы исламдық жорық кезеңінің соңғы шегін құрайтын Андалусия аймағын мұсылман билігіне бағындырудан басталды. 710 жылға қарай бірнеше қалалар мен қорғандарды қоспағанда, бүкіл Солтүстік Африканы өздеріне қаратқан мұсылмандар тағы бір қадам жасап, 710 жылы Солтүстік Африка губернаторы Мұса бин Нусайр, Әмәуи Халифасы Уалид бин Абдулмәликтің рұқсатымен Тарик бин Зиядты Испанияның оңтүстік жағалауына барлау мақсатында жіберді [3. s. 210]. Тарик бин Зияд мол олжамен оралғаннан кейін, жаулап алуға дайындық жұмыстары басталды. Мұса бин Нусайр 711 жылы құлдықтан босатқан Барбарилық Тарик бин Зиядты Висиготтар патшалығының өз араларында ішкі шайқастармен айқасып жатқан кезде Испанияға жіберді, онда Тарик бин Зияд көп ұзамай Испанияның Тулейтула қаласына (Тоledo) дейінгі жердің барлығын өз қарамағына қаратады [4. s. 33]. Осылайша, Испаниядағы алғашқы жаулап алулар сәтті жүзеге асты. Мұса бин Нусайр византиялықтарды Карфагеннен қуып шығарды және Атлант мұхитына дейін созылған аумаққа үстемдік ету арқылы Еуропаны өзіне қарату жолында алғашқы қиындықты еңсерді.

711 жылдан бастап мұсылмандар мен басқа дін өкілдерінің әртүрлі салаларда атқарған қызметтерінің арқасында Андалусия елі ғылым мен өнерде жалпы керемет өркениеттің пайда болуына негіз болды.



Сурет 1. Андалусияның орналасқан картасы: <https://islamansiklopedisi.org.tr/endulus#1>

Андалусияның саяси тарихы негізінен алты кезеңге бөлінеді. Енді бұл кезеңдерді қысқаша қарастырайық [5. s. 223].

I. Уәлилер (Әкімдер) кезеңі. Уәлилер кезеңі х.93-137/м.711-755 жылдарды қамтиды. Осы кезеңде Андалусия, Шығыс аймақтағы Әмеуи мемлекетінің бір провинциясы ретінде басқарылып отырды. Осы тұста ең шешуші маңызды қадам - бұл мұсылман қолбасшыларының Пиренейден асып, Еуропаны жаулап алу үшін жасаған әскери әрекеттері болды. Осы талпыныстардың нәтижесінде мұсылмандар 732 жылы Парижге дейін келді. Сонымен қатар, Андалусияда өз алдына жаңа қоғамдық тәртіп құруға күш салынды. Визиготтар кезеңіндегі католик шіркеуінің қиратылуы салдарынан басталған ерейлер мен Арианистерге қарсы қуғын-сүргіннің мұсылмандардың келуімен аяқталуы, аймақта еркін діни ортаның құрылуына тікелей ұйытқы болды. Осылайша, жеке тапқа бөліну сынды ескі өмір сүру дәстүрі түбегейлі тоқтатылды [6. s. 797].

750 жылға дейін Андалусия аймағын астанасы Дамаск болған Әмеуилер билігінің тағайындауы арқылы губернаторлар басқарып келді.

II. Андалусия Әмеуилері кезеңі. 750 жылы Әмеуилер әулетінің жойылуына әкеліп соққан Аббасидтер революциясының жеңісінен кейін Андалусия елі Аббасидтердің билігіне өтті. Аббасидтердің бірінші халифасы Әбул-Аббас Абдулла «әс-Саффах» билікке келгенде, ескі режимнің ізін өшіру үшін Әмеуи әулетінің өкілдерін қудалады. Алайда бұл қудалаудан аман қалып, Пиреней түбегіне барып, ондағы Аббасидтер губернаторының орнына отырған I Абдуррахман бин Мұғауия Андалусиядағы басқаруды өз қолына алады. Осылайша 1031 жылға дейін өмір сүретін Андалусия Әмеуи мемлекеті Испания жерінде құрылды.

Шығыстағы мемлекеттік жүйені өзіне үлгі етіп алған Андалусияны 756 жылы тәуелсіз мемлекет болуына жағдай жасаған Андалусия Әмеуилері, бір жағынан өздерінің саяси өміршеңдігін сақтау үшін жеке армия құрса, екінші жақтан олар Каир, Мекке, Мәдина, Бағдад және Дамаск сияқты сол кезеңнің ең танымал ғылым орталықтарында көптеген білім алушыларды жіберіп, сол орталықтардағы ғылыми жаңалықтарды Андалусияда жалғасуын қамтамасыз етті [7. s. 47].

Бұл кезеңде яғни, 756-1031 жылдар аралығында Еуропада орналасқан шіркеулердегі дін өкілдерінен бөлек оқу-жазуды білетін сауатты адамдардың қарасы кемде-кем болып жатқан шақта, Андалусиядағы халықтың айтарлықтай дені оқып жаза алатындай деңгейде болатын. Экономикалық және қоғамдық қызметтің артуымен қатар, Андалусияның астанасы болған Куртуба (Кордова) дипломатияның да орталығына айналған еді. Өзара төзімділіктің нәтижесінде мешіт, шіркеу және гавралар жанжалсыз қатар өмір сүруге мүмкіндік алды. Қорыта айтқанда Андалусия елі осы кезеңде Еуропадағы ең қуатты мемлекет болды [8. s.16].

III. Мулукут-Тауайф кезеңі. Бұл кезең 1031-1090 жылдар аралығындағы кезеңді қамтиды. 1031 жылы орын алған Әмеуи мемлекеті ішкі көтерілістерге байланысты өзінің басқару жүйесін жойып алған соң

Андалусия аймағы саяси бөліну процесіне кірді. Әмәуи билігінің құлдырауының салдарынан қарамағындағы барлық қалалар өзара тәуелсіз мемлекетке айналды. Осындай саяси бөлінуге қарамастан, Андалусиядағы өркениеттің өсуі күн өткен сайын жалғасты. Мұның ең маңызды көрінісі ретінде – Андалусиядағы әрбір қала тура Куртубадағы секілді мәдениет пен өркениеттің қарыштап дамуы болатын. Әдебиет, астрономия, медицина және философия саласында елеулі жетістіктерге қол жеткізілді. Бірақ саяси бөліну 1085 жылы Испанияның екінші үлкен қаласы болған *Тулейтуланың* (Толедо) құлдырауына әкеліп соқты. Бұл жағдайда Андалусиялықтар Солтүстік Африкадан көмек сұрауға мәжбүр болды [9. s. 222].

IV. Мурабиттер мен Муаххидтер кезеңі. Бұл 1147-1229 жылды қамтитын кезең. 1086 жылы Андалусиялықтарға көмек қолын созған Солтүстік Африкадағы ұлы мемлекеттің бірі Мурабиттер салтанаты, 1147 жылға дейін Андалусияны өздеріне қарасты жеке провинция ретінде басқарып келді. Ал бұлардан кейін Андалусия әкімшілігін Солтүстік Африкадан келген Муаххидтер қайтадан өз қарамағында басқарып отырды. Осы кезеңде Христиан Еуропа папасының бұйырыуымен Андалусияға крестшілердің шабуылы арта түсті. Сондықтан, осы жылдарды негізінен крестшілерге қарсы қорғаныс шайқастарымен өтті деуге толық негіз бар. Бірақ та өркениет саласындағы жаңашылдық оқиғалары тоқтаған жоқ. Шынында да, Еуропаға терең әсер қалдырған *Ибн Рушд* (Аверрос), *Ибн Бадже* (Авемпас) және *Ибн Туфайл* сияқты ғалымдар мен философтардың шығуы осы кезеңмен сәйкес келеді [10. 29-бет].

V. Гирната Әмірлігі. 1228 жылы Муаххидтердің құлдырауы нәтижесінде, христиандар Испаниядағы Андалусия жерін тез арада басып алу қозғалысын бастап жіберді. Өздерін әскери тұрғыда қорғау үшін күш жоғалтқан Андалусиялықтар Гирната, Малага және Мәриядан басқа Оңтүстіктегі жерлерінен қол үзіп қалды. 1231 жылы Насриялықтардың әулеті қолда қалған иеліктеріндегі жерлерге тәуелсіздіктерін жариялады. Бұл кішкентай Гирната Әмірлігі (1238-1492), жүргізген керемет саясатының арқасында екі жарым ғасыр бойы өмір сүрді. Ислам сәулет өнерінде тіпті, әлемдік сәулет өнерінің ең сүйікті туындыларының бірі болған Әл-Хамра сарайы осы кезеңнің туындысына жатады. 1490 жылы христиан әскерлері тарапынан қоршауға алынған Гирната қаласы, 1492 жылы жасалған келісім бойынша мұсылмандардың діни және азаматтық құқықтарына кепілдік берілу арқылы қала христиандардың қолына өтті. Осылайша, Испанияда сегіз ғасырға созылған исламдық үстемдік аяқталды [11. s. 79].

VI. Морисколар. Гирната Әмірлігінің құлауымен Испанияда христиан билігінде көптеген мұсылмандар қалып қойды. 1497 жылы католик королі Фердинанд пен патшайым Изабелла мұсылмандармен жасасқан екі жақты келісімді елемей-ақ испанияда қалған мұсылмандарды мәжбүрлеп христиан дінін қабылдатуға шешім қабылдады [12. 31-бет]. Мұсылмандарды жабық орындарға орналастырып, баптиз суын себелеу рәсімін өткізу арқылы оларды христиандар деп жариялады. Құран Кәрім мен басқа да араб тілінде жазылған еңбектердің барлығын жинатқызды. Кітапханалар қаңырап қалды. Дәстүрлі киімге тыйым салынды. Сондай-ақ балаларға араб тілін үйренуге тыйым салынды. Мешіттер шіркеуге өзгертілді [13. s. 217]. Осы аталғандарға қарсы әрекет жасағандар инквизицияға жіберілді. Испан тарихына қатысты еңбектерге сүйенсек, инквизиция нәтижесінде үш мыңнан астам мұсылман ауыр өлімге қиылған не бағанға отырғызылған немесе өртеп жіберілген. Осыған қарамастан, мұсылмандар құпия болса да, діни өмірін жалғастыра алды. 1609 жылы Испания Корольдігі шіркеумен келіскен түрде мұсылмандарды Испания шекарасынан шығаруға шешім қабылдады. Нәтижеде мұсылмандардың бір бөлігі Францияға, тағы бір бөлігі Африкаға жер аударылды [14. s. 271]. Бұл қуғын-сүргінде жүздеген мың Андалусиялық мұсылмандар қайтыс болды. Мұсылмандар Испаниядан қуылғанына қарамастан, олардың оңсыз салдары кейін де жалғасып отырды.

Нәтижесі. Андалусияның қолдан ғайып болуы мұсылмандарға сол кезден бастап бүгінге дейін өз әсерін қалдырған және ислам әдебиетіндегі әртүрлі салаларында жиі жазылатын тақырыптардың біріне айналды [15. с. 313].

Мұсылман елі болған Андалусия мемлекеті жайында Ибн Рушдтың жазып қалдырған сөздерімен қорытындыласақ: "Ишбилияда (Севилья) бір ғалым кісі қайтыс болған кезде, оның кітаптары Куртубаға (Кордова) жеткізіліп, сол жерде сатылатын еді. Ал музыкант бір кісі Куртубада қайтыс болғанда, ол Ишбилияға көшірілетін. Куртуба – Алланың жер жүзіндегі орындарында кітаптардың ең көп табылатын орны болтын" [16. s. 51].

Андалусия Әмәуи билеушілері:

* х – һижри жыл санауын білдіреді

№	Аты-жөні	Туылған жылы	Таққа отырға жылы	Қайтыс болған жылы
1	Абдуррахман бин Муғауия бин Хишам бин Абдулмалик	728	756 (х. 138 – 170)	787
2	Хишам бин Абдуррахман	759	787 (х. 170 – 180)	796
3	Хакем бин Хишам	771	796 (х. 180 – 239)	852
4	Абдуррахман бин Хакем	792	821 (х. 206 – 239)	852
5	Мұхаммед бин Абдуррахман	823	852 (х. 239 – 273)	886
6	Мунзир бин Мұхаммед	(?)	886 (х. 273 – 295)	908
7	Абдулла бин Мұхаммед	872	908 (х. 295 – 300)	912
8	Абдуррахман Насыр бин Мұхаммед бин Абдулла	890	912 (х. 300 – 350)	916
9	Хакем бин Абдуррахман	(?)	961 (х. 350 – 366)	977
10	Хишам бин Хакем	962	977 (х. 366 – 403)	1013
11	Мұхаммед Махди бин Хишам бин Абдулжаббар бин Абдуррахман Насыр	(?)	1009 (х.399)	(?)
12	Хишам бин Хакем (екінші рет таққа шығуы)	(?)	1009 (х.399 – 403)	1013
13	Сүлеймен бин Хақим бин Сүлеймен бин Абдуррахман Насыр	(?)	1013 (х.403 – 407)	1017
14	Әли бин Хамуд бин имам Хасан	(?)	1017 (х.407 – 408)	1018
15	Қасым бин Хамуд	(?)	1018 (х.408 – 412)	1021
16	Яхия бин Әли	(?)	1021 (х.412 – 413)	1022
17	Абдуррахман бин Хишам бин Абдулжаббар	(?)	1022 (х.413 – 413)	1022
18	Мұхаммед бин Абдуррахман Абдулла бин Абдуррахман Насыр	(?)	1022 (х.413 – 414)	1022
19	Хишам бин Абдулмалик бин Абдуррахман Насыр	(?)	1027 (х.418 – 422)	1031

Кесте 1.

Андалусия Ислам мемлекетінен қалған қазіргі сәулет туындылары:



Сурет 2. Андалусия Ислам мемлекетінің алыстан көрінісі



Сурет 3, 4. Әл-Хамра сарайы

Қорыта айтқанда, аймақта Андалусия Әмәуилерінің үстемдігі 11 ғасырдың басына дейін жалғасты. Сондай-ақ 1031 жылы халифалық басқару аяқталып, Андалусия жерлері көптеген тәуелсіз мемлекеттерге бөлінді. Бұл мемлекеттер де өзара келіспеушіліктерге тап болып, қақтығыстар орын ала бастады. Осы қақтығыстарды пайдаланып, Испанияның христиан мемлекеттері де шабуылдарын үдете түсті. Бұл жағдай испан тілінен аударғанда «қайта жаулап алу» деген мағынаны білдіретін Реконкистаны тездетіп, Испаниядағы исламның ықпалы әлсіреді.

1492 жылы Бани Ахмар мемлекетінің ыдырауымен Испаниядағы 781 жылдық ислам билігі аяқталды. Одан кейінгі кезеңдерде аймақтағы мұсылмандар, мағрибтықтар аймақтан қуылып, мәжбүрлі қоныс аударуға ұшырады.

Қорытынды. Әмәуи билігі, «X ғасырдың Бисмаркы» атанған, Испаниядағы мұсылман араб қоғамында шындалған ірі мемлекет қайраткері әрі қолбасшыларының бірі болған Хажиб Ибн Әбу Амир әл-Мансурдың 1002 жылы қайтыс болуынан кейін әлсірей бастады. Тіпті бұл жағдай 1031 жылы мемлекеттің ыдырауымен аяқталды. Бұл кезеңнен соң ел ішіндегі дауласуларға және солтүстіктен шабуыл жасаған христиандарға қарсы үздіксіз күрес жүргізген Мулукут-Тауаиф кезеңі өмір сүрді. Ал Гранадада әмірлік орнаған кезеңде әмірліктің 1492 жылы Арагон королі Фердинанд пен Кастилия патшайымы Изабелланың айласы арқылы Испаниядағы мұсылман арабтардың билігі өміршеңдігін тоқтатты.

Андалусия мұсылмандары бүгінгі күнге дейін ықпалы жалғасып келе жатқан ұлы өркениеттің өкілдері болды. Еуропадағы христиандар ақыл-ой әрекеттерін дініне қайшы деп санағандықтан «қараңғы ғасыр» деп есептелетін кезеңде өмір сүрсе, Андалусия мұсылмандары Кордоба, Гранада, Ишбилие және Мерие сияқты қалаларды тартымды орталыққа айналдырып, Испанияға алтын дәуір әкелді. Сонымен қатар сәулет, сауда, ғылым мен мәдениет салаларында жетекші болды.

Христиандар крест жорықтары, сауда байланыстары мен саяхатшылар арқылы мұсылман өркениетінің ұлылығына куә болды. 10-шы ғасырдан кейін ислам өркениеті өз тілдеріне аударма жасау арқылы Батысқа ауысып, Андалусияның мәдени және ғылыми мұрасы христиандық испан мемлекет-теріне, одан Еуропаға тарап, Батыс өркениетінің дамуына әсер етті.

Андалусияда жеті жүз сексен жыл өмір сүрген мұсылмандар әсіресе осы кезеңнің алғашқы үш ғасырында жасаған туындыларымен ғылым, өнер, әдебиет және сәулет сияқты көптеген салаларда Еуропаға үлгі болды. Математика мен астрономияға жататын көптеген араб сөздері, әсіресе рим цифрларының орнына келген араб цифрлары мұсылмандардың ғылымға қосқан үлесін айқын аңғартады. Араб әдеби мәтіндері аударылғаннан кейін Батыста фабула (фәбл) пайда болып, Андалусия мұсылмандарының астрономиялық зерттеулері Коперник жүйесін дайындаудың қайнар көзі болды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Шабан Өз (аударған: Е.Есімқұлов). *Ислам тарихы.* – Алматы, 2018. – 352.
2. Бурхануддин Абдулхаким. *Ислам өркениетінің қайталанбас жауһары – андалусия әмірлігі.* – <https://www.muftiyat.kz/kk>, 2015ж.

3. Мехмет Оздемир. Андалусия ДИА, Стамбул, XI, - с. 210.
4. Сайид Абдулазиз Салим. Тарихуль-Муслимин и Асарухум фил-Энделюс. – Александрия, 1985, с. 33.
5. Оздемир. Андалусия АСВ, XI, - с. 223.
6. Филип Хитти. История ислама (перевод Салиха Туга). – Стамбул, 1980, III, – с.797.
7. Хусейн Мунис. Фекрюль-Андалус. – Джидда, 1985, – с.47.
8. Адиль Саид Биштави. Аль-Андалусийюн. – Дамаск, 1985, – с.16.
9. Мехмет Оздемир. Андалусия АСВ, XI, - с.222.
10. Бекир Топогюлу, Ауд. Н. Ж. Байтенова, С. У. Абжалов. Ислам теологиясы. Кіріспе: Оқулық. – Алматы, 2014. – 276 бет.
11. Хусейн Мунис. Политико-административное управление мусульманской Испании, Журнал Египетского института исламских исследований, V. – Мадрид, 1957, – с.79.
12. Адам Асалиоглу. Ислам мазхабтары тарихы. - Түркістан, 2011. – 190 бет.
13. Мухаммад б. Аббүд. Эт-история Политическая и социальная. Титван 1983, – с.217.
14. Сейболд К.Ф. Андалусия Энциклопедия ислама, т.IV, – Стамбул, 1993, – с.271.
15. Коч О. Библиотеки Андалузии и вклад в производство научных знаний. 2018 Билги Дуньяси- 19(2), с. 297-323
16. Э.Терес Сабада. Linajes Arabes в Аль-Андалусе, Аль-Андалус. XXII, - Мадрис, 1957, - с.51.

Reference:

1. Shaban Oz (audargan: E. Yesimkulov). Islam Tariha. – Almaty, 2018. – 352.
2. Burhanuddin Abdulhakim. Islam Orkeniyinin kaytalanbas zhaugary – Andalusia әmirligi. – <https://www.muftayat.kz/kk>, 2015.
3. Mehmet Özdemir. Andalusia DÍA, Istanbul, XI, - p. 210.
4. Sayyid Abdulaziz Salim. Tarihu'l-Müslimin ve Asâruhum fi'l-Endelüs. – Alexandria, 1985, p. 33.
5. Özdemir. Andalusia DIA, XI, - p. 223.
6. Philip Hitti. History of Islam, (translated by Salih Tuğ). – Istanbul, 1980, III, - p.797.
7. Hüseyin Munis. Fecrü'l-Andalus. – Jeddah, 1985, - p.47.
8. Adil Said Bishtavi. Al-Andalusiyyun. – Damascus, 1985, - p.16.
9. Mehmet Özdemir. Andalusia DIA, XI, - p.222.
10. Bekir Topaogulu, Auditorium. N. Zh. Baytenova, S. U. Abzhalov. Islam theologies. Kirispe: Okulyk. – Almaty, 2014. – 276 bet.
11. Hüseyin Munis. La Division Político-Administrativa De La España Musulmana, Revista Del Instituto Egipcio de Estudios Islamicos, V. – Madrid, 1957, - p.79.
12. Adam Asalioglu. Islam madhabtars tarikh. - Turkistan, 2011. – 190 bet.
13. Muhammad b. Abbüd. Meat-History Political and Social. – Titvan 1983, - p.217.
14. C.F. Seybold. Andalusia Encyclopedia of Islam, vol.IV, - Istanbul, 1993, - p.271.
15. Koç, O. Libraries of andalusian and contributions to scientific knowledge production. 2018 Bilgi Dunyasi- 19(2), с. 297-323
16. E.Teres Sabada. Linajes Arabes en Al-Andalus, Al-Andalus. XXII, - Madris, 1957, - s.51.

*Д.Әбділәшім*¹*

*¹т.ғ.д., визитинг-профессор, Тохоку Гакуин университеті, Сендай қ., Жапония
E-mail: airu331@gmail.com*

ҚАЗАҚ-ОЙРАТ ҚАТЫНАСЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ЖАЗЫЛҒАН ЕКІ ПАРША ХАТ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ

Аңдатпа

Қазақтар мен жоңғарлар арасында әскери қақтығыстар үнемі туылып тұрды. Әсіресе жоңғарлардың қазақ жеріне жасаған жорықтары XVIII ғасырдың бірінші жартысына дейін толастамады. Дегенмен Буланты (1726), Аңырақай шайқастарында (1730) жаудың беті қайтып, қазақ қолы ырықты орынға шыға бастады. 1745 жылы жоңғар билеушісі Қалдан Серен қайтыс болған соң, тақтан үміткерлер арасында ішкі алауыздық асқынып, хандықтың іргесі сәгілді. Көп өтпей Цин патшалығы әскер шығарып, жоңғарларды түбегейлі жойды. Қырғыннан аман қалғандары көрші хандықтарға бытырай ауды. Тіпті Еділ бойындағы қалмақтарға дейін босып барып бас сауғалады. Жоңғарлар жойылғаннан кейін, Қазақ хандығы мен Цин патшалығы арасында тікелей қарым-қатынас орнап, 1757 жылы күзде Абылай мен Әбілпейіз алғаш рет елшілер тобын жасақтап, Бейжіңдегі патша ордасына аттандырды. Сөйтіп көп ұзамай екі жақ ара барыс-келістер жиілеп, сауда-саттық ісі тез дамыды. 1758 жылы Үрімжіден сауда жәрмеңкесі ашылып, қазақтар жылқы саудасын жасасып қайтты. Іле-шала Іледен (1761), Шәуешектен (1764) сауда базарлары ашылып, екі ел экономикасының дамуына тың серпін берді. Екеу ара қарым-қатынастың нығайуына орай қазақтар тарапынан жазылған хаттар да молайды. Осылардың арасында Ханқожа сұлтанның хаттары да кездеседі. Мақаламызға арқау болғаны хаттар осы Ханқожа сұлтанның 1786 жылы Тарбағатайда іс басқарып тұрған Цин ұлықтарына жолдаған хаттары. Аталмыш хаттарда қазақ ішіндегі ойраттардың шекара асып қашуы мен қайта оралуына байланысты жазылған. Хаттардың тілі жаттық, мазмұны ұғынықты, XVIII ғасырдағы Қазақ хандығының әлеуметтік тарихы мен тіл-жазу мәдениетін, сондай-ақ қазақ-жоңғар қатынасын зерттеуде аса құнды дереккөз есептеледі.

Кілт сөздер: Қазақ хандығы, шығыс шекара өңірі, жоңғарлар, Цин патшалығы, архив құжаттары, Ханқожа сұлтан, Тарбағатай ұлығына жазған хаттары, тарихи маңызы.

*Абдилашим Д.*¹*

*¹д.и.н., визитинг-профессор, Университет Тохоку Гакуин, г. Сендай, Япония
E-mail: airu331@gmail.com*

ДВА ПИСЬМА НАПИСАННЫХ В СВЯЗИ С КАЗАХСКО-ОЙРАТСКИМИ ОТНОШЕНИЯМИ И ЕГО ИСТОРИЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ

Аннотация

Военные конфликты между казахами и джунгарами происходили постоянно. В частности, нападение джунгаров на казахские земли продолжались до первой половины XVIII века. Однако в битвах при Буланты (1726 г.) и Аңырақай (1730 г.) враги начали отступать, и казахи укрепили войска. В 1745 году, после смерти правителя Джунгарии Галдан-Церена, внутренние раздоры между претендентами на престол обострились, и основы ханства были разрушены. Вскоре после этого династия Цин послала армию и полностью уничтожила джунгар. Те, кто выжил в резне, разбежались по соседним ханствам. Они даже дошли до калмыков по Волге, чтобы выжить. После разгрома джунгар между Казахским ханством и Цинской империей установились прямые связи, а осенью 1757 года Абылай и Абилай впервые сформировали группу послов и отправили их к царскому двору в Пекин. Вскоре переговоры между двумя сторонами участились, и торговый бизнес стал быстро развиваться. В 1758 году в Урумчи открылась торговая ярмарка, и казахи торговали лошадьми. Один за другим начали открываться торговые рынки в Иле (1761 г.) и

Шауешекке (1764 г.), что дало новый толчок развитию экономики обеих стран. Были обнаружены письма, написанные казахами в связи с укреплением отношений между двумя странами. Среди них есть письма Султана Ханкоджи. Письма, на которых основана наша статья - это корреспонденция, отправленная Ханкожа-султаном цинскому князю, заведывавшему делами в Тарбагатае в 1786 году. В этих письмах написано о побеге и возвращении ойратов в пределы казахстанской границы. Язык писем иностранный, содержание понятное, что является весьма ценным источником для изучения социальной истории и языковой, письменной культуры Казахского ханства XVIII века, а также казахско-джунгарских взаимоотношений.

Ключевые слова: Казахское ханство, восточный приграничный регион, джунгар, династия Цин, архивные документы, письма Ханкожа султана, адресованных князю Тарбагатаю, историческое значение.

*D. Abdilashim*¹*

¹Doctor of Historical Sciences, Visiting Professor, Tohoku Gakuin University, Sendai, Japan

E-mail: airu331@gmail.com

TWO LETTERS WRITTEN IN CONNECTION WITH KAZAKH-OYIRAT RELATIONS AND ITS HISTORICAL SIGNIFICANCE

Abstract

Military conflicts between the Kazakhs and the Dzungars were constantly occurring. In particular, the attack of the Dzungars on the Kazakh lands continued until the first half of the 18th century. However, in the battle of Bulanta (1726) and Anirakai (1730), the enemies began to retreat, and the Kazakhs strengthened the troops. In 1745, after the death of the ruler of Dzungars, Galdan Seren, the internal discord between the candidates for the throne worsened, and the foundation of the khanate was destroyed. Soon after, the Qing Dynasty sent an army and completely destroyed the Dzungars. Those who survived the massacre fled to neighboring khanates. They even reached the Kalmyks along the Volga in order to survive. After the destruction of the Dzungars, direct relations were established between the Kazakh Khanate and the Qing Empire, and in the fall of 1757, Abylay and Abilpeyiz first formed a group of ambassadors and sent them to the royal court in Beijing. Soon, negotiations between the two sides became more frequent, and trade business developed rapidly. In 1758, a trade fair was opened in Urumzhi, and Kazakhs traded horses. Trade markets were opened as soon as Ile (1761) and Shaueshek (1764), which gave a new impetus to the development of the economy of both countries. There are also letters written by Kazakhs in connection with the strengthening of relations between the two countries, which include the letters of Sultan Khanqoja. This article is devoted to the research of the letters sent by Khanqoja Sultan to the Councillor of Tarbaghatai in 1786. In these letters, it is written about the escape and return of Oyirats within the Kazakh border. The language of the letters is foreign, the content is comprehensible, it is considered a very valuable source for studying the social history, language and writing culture of the Kazakh khanate in the 18th century, as well as the Kazakh-Dzungars relationship.

Keywords: The Kazakh Khanate, the eastern border region, the Dzungar, the Qing Dynasty, archive documents, Khanqoja Sultan, letters written to the Councillor of Tarbaghatai, historical significance.

Кіріспе. XV ғасырдың орталарында ойраттың Есен тайшы ханы (1440-1455 жылдар аралығында тақта отырған) шығыс-батыс моңғолдарын бір мезгіл бірлікке келтіргенімен, ол қайтыс болған соң ішкі алауыздықтың күн сайын асқынуы мен шығыс моңғолдарының толассыз шапқыншылығынан ойраттар тез әлсіреп, XVI ғасырдың соңына ала Алтай тауы мен Ертіс өзенінің жоғарғы ағысына қарай амалсыздан ығысты. Бұл, керісінше, бір жағынан, кейін Жоңғар хандығын құрған Батыр қонтайшының (1634-1653 жылдар аралығында тақта отырған) оңтүстікке қарай сұғанақтық жасап кіруіне ұтымды орай жаратып берсе, енді бір жағынан Шығыс моңғол билеушілерімен қайталай ымыраға келулеріне зор ықпал жасады. Сөйтіп жоңғарлар XVII ғасырдың орталарына келгенде қайтадан бас көтеріп, бүкіл Сібір жерін жаулап алып қана қоймай, Орталық Азиядағы қазақ даласына қарай дүркін-дүркін әскери жорықтар жасай бастады. 1682 жылдан кейін жоңғар ханы Қалдан Орталық Азияға шапқыншылық жасап кіріп, қазақтың Сайрам қаласын жаулап алды. 1684 жылы Ташкент қаласын өзіне қаратты. 1684-1686 жылдар аралығында жоңғарлар қазақтың Шығыс-Оңтүстік өңірлеріне сұғанақтық жасады. Осылай XVII ғасырдың 80 жылдарындағы жоңғар әскерлерінің қазақ даласы мен оның түстігіндегі көрші аймақтарға қарата жасаған шапқыншылық әрекеттері үдей түсті [1, 60-61 б.].

Жоңғарлардың қазақ даласына жасаған мұндай әскери жорықтары XVIII ғасырдың алдыңғы жартысына дейін толастамады. Осының салдарынан қазақтар «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» сынды қасіретті заманды басынан өткізді. Дегенмен Бұланты (1726), Аңырақай шайқастарында (1730) жаудың беті қайтып, қазақ қолы ырықты орынға шыға бастады. 1745 жылы жоңғар билеушісі Қалдан Серен қайтыс болған соң, тақтан үміткерлер арасында талас пен ішкі алауыздық асқынып, хандықтың әскери күш-қуаты күн сайын әлсірей бастады. Көп өтпей Цин патшалығы әскер шығарып, жоңғарларды жояды. Осыдан кейін, Цин патшалығы мен Қазақ хандығы арасында ресми қарым-қатынас орнап, 1757 жылы Абылай мен Әбілпейіз тұңғыш рет елшілер тобын жасақтап, хат беріп патша ордасына аттандырды [2, 101 б.]. Осының нәтижесінде екі жақ арасында барыс-келістер жиілеп, сауда-саттық ісі тез дамыды. Мысалы, 1758 жылы Үрімжіден, 1761 жылы Іледен, 1764 жылы Шәуешектен сауда жәрмеңкелері бірінен соң бірі ашылып [3, 9 б.], экономикалық қарым-қатынастың нығаюына тың серпін берді.

Бүгінге дейінгі зерттеу жетістіктерінен белгілі болғандай, XVI ғасырдың соңынан XVIII ғасырдың алғашқы жартысына дейін қазақтар мен моңғолдар (негізінен ойраттар) арасында әскери қақтығыстар жиі туындап отырған. Әйткенмен олардың арасындағы барлық қоғамдық қарым-қатынасты тек жаугершілікпен байланыстыру шындыққа жанаспайды. Алдыңғы кітабымызда дәйек келтіргеніміздей, жоңғарлар қазақ даласына сұғынып кіргеннен кейін, бұл өңірлерде кейде қазақ-жоңғар аралас қоныстанатын жағдайлар қалыптасқан [4, 203 б.]. Мәнжу тілді дереккөздеріне қарағанда, жоңғарлар жойылғаннан кейін, Абылайдың жанында қызмет еткен ойраттар аз болмаған, олардың кейбіреуі аудармашылық қызмет атқарған. Сонымен қатар қазақтардың арасынан ойрат тілін меңгергендер де шыққан [5, 49 б.]. Екі жақ билеушілері арасындағы құдандалы қарым-қатынас өз жалғасын тапқан, мұндай қоғамдық барыс-келістер тіпті қарапайым бұқара арасында да жиі орын алған. Бұлардың дені қос тараптың өз қалауымен іске асқан болуы мүмкін деп жорамалданғанымен, жоңғарлардың түбегейлі жойлу қарсаңында және торғауыттардың шығысқа оралу науқаны тұсында, бұл түрдегі қарым-қатынас үдерісі көбінесе тұтқындау жолымен жүзеге асқан сынайлы. Осының салдарынан, кейін олардың ішінен орайы келгенде бала-шағасын ертіп немесе тастап қазақ шекарасын асып қашқандары да болған.

Бұндай мәліметтер сол тұста жазылған мәнжу тілді архив құжаттарынан сырт, Қазақ хандығының Цин патшалығына жазған дипломатиялық хаттарынан да әжептәуір кездеседі [6].

Мәтериалдар мен әдістер. Мақалада зерттеу нысаны ретінде Қытай бірінші тарихи архивінде сақталған Ханқожа сұлтанның Цин патшалығының жергілікті ұлықтарына жазған екі парша хаты таңдалды. Хаттар Цяньлун жылнамасының 51-жылы 6-айдың 11-күні (1786 жылы 6 шілде) және Цяньлун жылнамасының 51-жылы 8-айдың 8-күні (1786 жылы 29 қыркүйек) Тарбағатай ұлығы Кингуэйдің патшаға жіберген мәлімдемелерімен бірге жолданған. Онда шілде айында жазылған қазақша хаттың түпнұсқасымен қоса (бұл хат мәнжу тіліне аударылмай қалған) Тарбағатайда тұрып іс басқарған жергілік-ті ұлықтардың Ханқожа сұлтанға жазған хатының түпнұсқасы (мәнжу тілінде) қамтылса [7, 338-344 б.], ал қыркүйек айында жолданған қазақша хаттың мәнжу тіліндегі аудармасы да қоса берілген [8, 268 б.]. Хаттардың сақталу жай-күйі, көшірмесі, транскрипциясы, аудармасы және факсимилесіне қатысты мазмұндар алдыңғы зерттеу еңбегімізде толық берілгендіктен [6, 168-173 б.], мұнда тек аталмыш хаттардың транслитерациясы мен қазіргі қазақ тіліндегі аудармасы ғана алынды. Мақаламызда құжаттарды салыстыра зерттеу басты мақсат етілгендіктен, патшаға жолданған мәнжу тіліндегі мәлімдеме, хаттардың түпнұсқасы мен мәнжу тіліндегі аудармасы және Тарбағатай ұлықтарының Ханқожаға жазған хатының мәнжуша нұсқасы жеке-жеке беріліп, қазіргі қазақ тіліне аударылумен қатар ғылыми түсіндірмелер жасалды. Берілген құжаттарды қазіргі қазақ тіліне аударуда мүмкіндігінше әуелгі мағынадан ауытқымауға күш салдық.

Тақырыпты ашу үшін алдымен тарих және тарихи деректану ғылымдарының салыстырмалы-тарихи әдісі сынды озық зерттеу әдістерінен ұтымды пайдаланылып, мәнжу, қытай тілдерінде жазылған тарихи дереккөздерге сүйене отырып, 1786 жылы қазақ сұлтаны Ханқожаның Цин патшалығының жергілікті әкімшілігі – Тарбағатай жамбылында тұрып іс басқарған Кингуэй қатарлыларға жазған екі парша хаты жан-жақты талданады. Осы арқылы Қазақ хандығы мен Цин патшалығы, әсіресе қазақтар мен ойраттар арасындағы қоғамдық қарым-қатынастың жай-жапсары талқыланады. Бұл өз кезегінде халқымыздың XVIII ғасырлардағы әлеуметтік тарихын қайталай сараптауға оң ықпал жасайды.

Талдаулар мен нәтижелер.

1) Ханқожа сұлтанның шілде айында Тарбағатай ұлығына жазған хаты

Транслитерациясы:

(1) قزاق وانك خان خواجه نيك تافشور غان خطى (2) تاريخاتى نيك بلب تور غان خبه امبان آيبين امبان (3) ميرين زنگين اسان ليغيني تليميز كوب آيلار غه كوب (4) كوب يل لار غجه و ينه سوز بولكم بيزدين اوج قاجقون باريب تور (5) برى قزاق اوغلى آط

میرزاقل ایڈی کە نیک اوغلی یلی پلان پل لیک بو یل (۶) اون تورت بری تاشکندلیک سوداگر اط قیرغی بری خاتون خاتون نیک (۷) اط کوکی تورغوت دین الب کیلکان میر میرزاقل ایدی که قزاق دین (۸) بولغان ایدی نیک بالسی قزاق نیک قزاق دیب ایوک صارت نیک صارت (۹) دیب ایوک قلماق نیک قلماق دیب ایوک و ینه سوز بولکم ایلکری برون (۱۰) اولکان اجن خان نیک الوغی آلتون برلیغی بولوب تورغان قزاق نیک قزاق قه قوشوب تورغان قلماق نیک (۱۱) قلماق نیک قه قوشوب تورغان اولکان خبه آمبان غه بلدوردک و ینه جاجی بای که (۱۲) ایکی کشی قوشوب اوج کشی بیاردوک جاجی بای که دین خان خوجه وانک ایکی اط بیلک بریب (۱۳) بیاردوک (۱۴) آی نیک اون یتی بییدہ بتلدی
[مهر] خان خواجه بهادر سلطان

Қазіргі қазақ тіліне аудармасы:

Қазақ ваны Ханқожаның тапсырған хаты. Тарбағатайды билеп тұрған Хыб амбан, Асқан амбан, Мерин-жангиннің есендіктерін көп айларға, көп жылдарға тілейміз әрі айтпақ сөзіміз мынау: бізден 3 қашқын қашып барды, бірі – қазақ баласы, аты – Мырзақұл, Едігенің ұлы, жылы жылан, биыл 14 те. Бірі – Ташкенттік саудагер, аты – Қырғи. Бірі – әйел, аты – Көкі, торғауыттан алып келгенбіз. Мырзақұл қазақ Едігеден туған, Едігенің баласы. Қазақты қазақ деп едік, сартты сарт, қалмақты қалмақ деп айттық. Және де демекшіміз мынау: бұрын үлкен Ежен хан ұлық алтын жарлығымен қазақтарды қазақтарға, қалмақтарды қалмақтарға қосатын, (соны) үлкен Хыб амбанға білдірдік әрі Ажыбайға екі кісі қосып жиыны үш кісі аттандырдық, (біз,) Ханқожа ван Ажыбайдан тартуға екі ат беріп жібердік. (Бұл хат) айдың 17 күні жазылды.

[мөр] Ханқожа баһадүр сұлтан

Жоғарыдағы құжат мазмұнынан біз бұл жолы қазақ жерінен шекара асқан қашқындардың жалпы саны мен аты-жөндерін, сондай-ақ Ханқожа сұлтанның олардың соңынан қуғыншы жібергенін әрі жергілікті әкімшіліктегілерге арғымақ сыйлағанын анық ұға аламыз. Сонымен қатар, түпнұсқада хат жазылған уақыт «айдың 17-күні» делінген де қайсы ай екені анық көрсетілмеген. Алайда қатысты дереккөздерге сүйене отырып мұны «шабан айының 17-күні» (15 маусым) болуы мүмкін деп жорамал-дауға болады [6, 169-170 б. (51-сілтеме)]. Бір қызығы аталмыш хат мәнжу тіліне аударылмай қалған.

Ендеше, бұл уақиға барысы қалай, осындағы аты аталған Қырғи, Көкі, сірә, кімдер? Өкінішке қарай мұндай елеулі сұрақтардың жауабы жоғарыдағы Ханқожаның хатынан түгелдей табыла бермейді. Алайда осы хатпен бірге патшаға жолданған мәнжу тіліндегі мәлімдемеде жоғарыдағы сұрақтардың шешіміне барабар тың деректер хатталған. Яғни бұл туралы толығырақ мәлімет Тарбағатай ұлығы Кингүэйдің Ханқожаның хатын табыстап алған соң патшаға жолдаған мәлімдемесі мен Ханқожаға жазған жауап хатынан кездеседі [7, 338-344 б.]. Төменде осы құжаттардың транскрипциясы мен қазіргі қазақ тіліндегі аудармасын бере отырып, оларға ғылыми талдау жасап көрелік.

2) Тарбағатай ұлықтарының патшаға жолдаған мәнжуша мәлімдемесі

Транскрипциясы:

(1) wesimburengge, (2) aha kinggui, narhušan gingguleme (3) wesimburengge, ukcame tucike hasak i haha (4) jui be amasi buhe babe (5) donjibume wesimbure jalin, jakan bogosi karun ci (6) benjihe hasak ci ukcame tucike haha kerhei, (7) hehe kukui, haha jui mirdzahul sebe harangga (8) bade afabufi fonjibuci, haha kerhei i alarangege, bi (9) jun gar giranggi, onggolo meni nukte facuhūrafi (10) cimur otok i hasak mimbe tabcilame gamafi (11) ulame tasigan i hoise alima de bufi, (12) alima hasak i bade hūdashame jidere de, (13) mimbe gaifi ahembet suwan otok i hasak (14) edege i boode tefi, bi edege i booi turgūt (15) hehe kukui i emgi hebeşefi, kukui ini jui mirdzahul be (16) gaifi edege i ilan morin be yalufi cenı ne (17) nuktehe balta hara sere baci ukcame baime (18) jihe, bairengge, membe barluk nukte de tebubureo (19) seme jabuha be alibuhabi, damu cenı alaha (20) emu ergi gisun be uthai yargiyan de obuci (21) ojarahū bime, kerhei hasak i hehe juse be (22) hoşsome gaifi, balai banjibume alaha be (23) inu akū obume muterakū seme gūnime jing (24) afabufi sibkime fonjiki serede, hasak wang (25) hanghojo i baci takūraha ningguci jergi jingse (26) lamun funggala hadabuha hasak ajibai i jergi (27) ilan niyalma isinjifi, fonjici alaha bade, (28) cenı wang hanghojo cembe takūrafi ambasai (29) elhe be baime hoise hergen i bithe, (30) belek morin alibume, kemuni jakan baime dosinjıha (31) ilan mahacin i dorgi, cenı emu otok i hasak (32) edege i asigan sargan turgūt hehe kukui, edege i (33) jakade banjıha haha jui mirdzahul be gaifi (34) ukame tucike, meni wang hanghojo membe takūrafi (35) hasak edege i haha jui mirdzahul be gaime (36) jihe seme alambi, ede ahasi, hanghojo i alibuha (37) hoise hergen i bithe be mureşeme ubaliyambufi (38) tuwaci, ajibai i alaha gisun adalışambi, umai (39) encu baita akū, ahasi uthai hehe kukui sebe (40) ajibai sede takabuci, kukui, kerhei, mirdzahul gemu edege i (41) booci ukame tucikengge inu, ede ahasi, baita (42) icıhiyara hafasa de afabufi dasame narhūşame (43) fojibuci, haha jui mirdzahul i jaburengge, bi ere (44) anıya juwan duın se, meıhe anıya ahembet (45) suwan otok i hasak edege i jui ere anıya (46) duın biyade, meni adun i morin waliyabuha, mini (47) ama baime genehe amala, mini anıye kukui jendu (48) mini baru hendume, bi ubai jobobure de yargiyan i (49) hamırakū, ne musei boode hūdashame tehe jun (50) gar i haha kerhei i emgi hebeşefi, muse sasa (51) ukcame tuciki seme gisure hede, bi mini anıye ci (52) fakcame

muterakū ofi uthai ini gisun dahafi, (53) xolo be tuwame ilan morin yalufi sasa ukcame (54) baime jidere de, jugūn i uduri mini aniye (55) geli minde tacibume alaha bade tubade isinafi (56) simbe fonjici, si jun gar giranggi, ere aniya (57) juwan ninggun se seme alakini, ubade isinjifi (58) fonjire de, bi uthai mini aniye i tacibuha (59) songkoi holtome alaha, bi ere aniya yargiyan i (60) juwan duin se seme alambi, geli dahūn (61) dahūn i sibkime fonjici, mirdzahul gurinjerakū teng (62) seme jabumbi, ede hehe kukui, haha kerhei sebe (63) mirdzahul de angga acabume fonjici, hehe (64) kukui, ini jui mirdzahul be aika hasak i (65) jui seme tucibuci, ceni ama jui be fakcabure be (66) geleme, onggolo holtome jabuhangge yargiyan seme (67) emu songkoi alambi seme jahun gaifi balibuhabi, (68) ahasi gajifi dasame fonjici, haha jui mirdzahul (69) hasak edege i banjiha jui yargiyan, hono (70) kenehunjere hacin akū bime, ceni wang hanghojo (71) inu mirdzahul be edege i banjiha jui yargiyan seme (72) bithe alibuha, onggolo ere gesengge, be (73) getukeleme fonjici ūlet giranggi oci, amasi (74) burakū aika hasak giranggi oci, gemu bargiyarakū (75) amasi bure be icihiyahai jihe be dahame, (76) ahasi i baci, mirdzahul be uthai ajibai sede (77) afabufi, hanghojo i alibuha juwe belek (78) morin be bargiyafi alban adun de (79) dosimbufi, hanghojo de karu bure alha (80) emu defelinggu arsari suje hontoho defelinggu (81) ceceri emu defelinggu be suwaliyame ajibai de (82) afabufi gamabuha jergi babe afabure bithede (83) dosimbume arafi, hoise hergen i ubaliyambufi, (84) cai efen ulebufi amasi unggihe ci tulgiyen, (85) ūlet kerhei, hehe kukui be ubai barluk (86) nukte de tebubuhebi, uttu ofi, hanghojo (87) ahasi de alibuha hoise hergen i bithe, (88) ahasi hanghojo de afabuha bithei jise be (89) suwaliyame gingguleme (90) tuwabume ibebuhe, erei jalin gingguleme (91) donjibume wesimbuhe. (92) abkai wehiyehe i susai emuci aniya nadan biyai (93) ice ninggun de (94) fulgiyan fi i pilehe (95) hese, giyan i burengge, damu gisun larigin oho sehe, (96) abkai wehiyehe i susai emuci aniya ninggun biyai juwan emu,

Қазақ тіліндегі аудармасы:

Біз, патшаның құлдары Кингуэй, Нархушандар қазақтың қашқан ер баласын өз жеріне қайтарғаны-мыз туралы төмендегі мәлімдемені жіберіп отырмыз, мұндағы айтылған істерден хабардар болғайсыз.

Жақында Боғас қарауылындағылар қазақ жерінен қашқан ер адам Қырғи, әйел адам Көкі мен ер бала Мырзақұлды алып келді. Біз оларды аталмыш істерге жауапты адамдарға табыстап жағдайды сұрастырған едік, ер адам Қырғи: «Менің тегім жоңғар, бұрын біздің жерімізде жаугершілік болғанда, Шымыр руының қазақтары мені тұтқындап алып барып, Ташкенттік мұсылман – Алимаға өткізіп берді. Алима сауда жұмысымен қазақтарға барғанда мені ертіп алып, Ақымбет-Сыбан ауылының адамы – Едіге-нің үйіне жатқызды. Мен Едігенің үйіндегі торғауыт әйел Көкімен ақылдасып, өзі мен баласы Мырзақұл-ды ертіп, Едігенің 3 атын мініп қазіргі отырған жерлері – Балтақарадан қашып келдім. Бізді Барлыққа жеткізсеңіздер екен» деген уәж айтыпты.

Бірақ олардың бір жақты айтқан пікірін табан астында дұрыс дей салуға болмайды. «Қырғи қазақтың әйел-баласын алдап алып келіп, бізге өтірік айтып отырған болуы мүмкін» деген оймен енді егжей-тегжейлі тергеп білейік деп тұрғанда, қазақ ваны Ханқожаның 6-дәрежелі жіңсе (шен белгісі), көк түсті ұтағат (шен белгісі) қадаған адамы – Ажыбай ерткен 2 адамымен келді. Жағдай ұғысқан едік, ван Ханқожа оларды жіберіп біз амбандардың есендігін тілеп, мұсылман жазуындағы хат пен тартуға ат бергізіпті. Олар: «Жақында біз жақтан осылай бас сауғалап келген 3 қашқынның ішінде біздің бір ауылымыздағы Едіге дегеннің торғауыттан алған әйелі Көкі сол Едігеден туған баласы Мырзақұлды ертіп қашыпты, ван бізді жіберіп Едігенің баласы Мырзақұлды алып келіндер деп тапсырды» деді. Сонымен, біз, құлдарыңыз Ханқожаның жіберген мұсылман жазуындағы хатын аудартып көріп едік, Ажыбайдың айтқанымен мазмұндас, өзге бұйымтай шаруа жоқ екен.

Әйел адам Көкілерді жалма-жан Ажыбайларға мойындатып берейік десек, Көкі, Қырғи және Мырзақұлдар Едігенің үйінен қашып шыққандар. Сондықтан біз мұны осы іске жауапты ұлықтарға табыстап, істің анық-қанығына көз жеткізіндер деген едік, ұл бала Мырзақұл былай депті: «Мен биыл 14 жастамын, жылым жылан, Ақымбет-Сыбан ауылының адамы Едігенің баласымын. Биыл 4-айда біз үйірлі жылқымыздан айырылып қалдық, әкем жоқ іздеп кеткен соң, шешем – Көкі ешкімге білдірмей маған: «Мен мұндағы қиыншылыққа төзе алар емеспін, қазір біз үйімізге саудамен келген ер адам Қырғимен ақылдасып, бірге қашамыз» дегеннен кейін, мен шешемнен айырылып қалмайын деп қолма-қол шешем-нің сөзіне болысып 3 атқа мініп қаштық. Жолда шешем маған тағы да: «Оларға жеткен соң егер сенен сұрап жатса, менің тегім жоңғар, биыл 16-ға шықтым» деп айт деді. Осында келген соң сұрағанда мен түгел шешемнің айтқаны бойынша өтірік айттым. Мен биыл 14 жастамын». Қайта-қайта тергеп көрсе де Мырзақұл сөзінен танбай, жауабын нықтап айтыпты. Осыған байланысты әйел адам Көкі мен ер адам Қырғиды Мырзақұлмен беттестірген екен, Көкі: «Балам Мырзақұлдың тегі қазақ деп айтсам, әке мен бала бір-бірінен ажырап қала ма деп алаңдап, алдын-ала ойдан құрағаным рас» деп ұқсас жауап беріпті. Біз, құлдарыңыз осында алдыртып қайталай тергеп көріп, ер бала Мырзақұлдың қазақ Едігенің туған баласы екеніне көз жеткіздік, енді оған күмәнданудың қажеті жоқ. Оның үстіне Ханқожа ван: «Мырзақұл Едігенің туған баласы» деп хат берген.

Біз бұрыннан бері осындай істерді жете қадағалап, егер ойрат болса кері жібермей, қазақ болса түгелдей өз жерлеріне қайтарып келеміз. Осыған сәйкес біз, құлдарыңыз Мырзақұлды дереу Ажыбай-ларға табыстап беріп, Ханқожаның тартуға берген 2 атын темір малға қостырдық. Оның есесіне бір топ зерлі торқа, жарты жай торқа және бір топ шағи қосып Ажыбайға бергіздік. Міне осыларды хатқа жазған соң мұсылман жазуына аудартып, шай, қарма нан бергізіп қайтардық. Сонымен қатар, ойрат Қырғи мен Көкіні Барлыққа жөнелттік. Сөйтіп Ханқожаның бізге берген мұсылман жазуындағы хаты мен біздің Ханқожаға жазған хатты қосып құзырыңызға жіберіп отырмыз.

Аталмыш істерге байланысты осы мәлімдеме арнайы жіберілді.

Цяньлунның 51-жылы 7-айдың 6-күні Цяньлун патша қызыл сиялы қыл қаламмен: «Білдім. Істің ыңғайына қарай табыстапсындар, дегенмен сөздерің шұбалаңқы» деп бұрыштама жазып қалдырған.

Цяньлунның 51-жылы 6-айдың 21-күні

Түсіндірмелер:

(1) *hanghojo*: кісі есімі. Түпнұсқа хатта «خان خواجه» (*Hānḥwāja*) болып хатталған, Әбілпейіз сұлтанның тұңғышы есебінде ержетеді [9, 91 б.]. Әбілпейіз қайтыс болғанда орнына «ван» болып сайланған.

(1) *Bogosi karun*: Боғас қарауылы. Цин патшалығының жаздық қарауылдарының бірі. Қырғилар Балтақарадан қашып шыққан соң алдымен осы араға барып бас сауғалаған. «Тарбағатай істері» атты кітапта кездесетін «博霍锡卡伦 *bo huo xi ka lun*» осы мәнжуша жазылған қарауыл атауының дыбыстық аудармасы. Аталмыш кітаптағы дерекке сүйенсек, бұл қарауыл орны Қарабұқа қарауылының солтүстігінен сәл батысқа қарай 70 шақырымдай жерде екені айтылады [10]. Осыған сәйкес оның қазіргі Абай облысына қарасты Тарбағатай тауының солтүстігіндегі Өкпетіден бастау алатын Боғас өзені бойында орналасқандығын межелеуге болады.

(2) *Kerhei*: қазақша хатта «قىرغىي» (*qirgii*) тұлғасында таңбаланған, тегі жоңғар, Ташкенттік саудагер Алиманың қосшысы. Дегенмен хат жолдарында бұл жағы ескерілмей «تاشكندلىك بوداكر» (*taškendlik sawdāgar*) есебінде жазылған. Тарбағатай ұлығының Ханқожаға жазған хатында Қырғи туралы «қоян жылы Алима қазақ жеріне сауда істеуге келгенде оны ерте келіп...» (*gūlmahūn aniya de alima imbe gaifi, hasak i nukte de hūdašame jifi...*) деп жазылған (Тарбағатай амбандарының Ханқожаға жазған хатына қараңыз). Қазақ халқының жыл қайру есебі бойынша осындағы «қоян жылы» 1783 жылға тура келеді. Бұдан Қырғидың қазақ жеріне Көкі мен оның баласын ертіп қашудан 3 жыл бұрын, яғни 1783 жылы да келгендігін анықтап алуға болады.

(3) *Kukui*: қазақша хатта «كوكى» (*kōki*) тұлғасында жазылған, тегі торғауыт, Едіге оны Балқаш бойында тұтқындаған соң әйелдікке алады.

(4) *Mirdzahul*: хатта «ميرزاقل» (*mīrzāqul*) тұлғасында жазылған. Ханқожа жолдаған хаттың мазмұнына негізделсек, Едігенің торғауыт әйелі Көкіден туған, сүйегі – қазақ.

(5) *Cimur otok*: Шымыр ауылы. Қырғиды тұтқындаған қазақ руының аты. Мәлімдемеде олардың рулық жақтан қалай таралатындығы анық хатталмаған. Дегенмен мұндағы «Cimur» (Чимур) қазақтың Шымыр руының дыбыстық баламасы болуы ықтимал. Шежірелік деректер бойынша Шымыр руы ұлы жүз Дулаттың құрамындағы төрт атаның бірі, ата қонысы Ташкент өңірі болған. Мәлімдемеде Қырғидың «Шымыр руының адамдары ұстап алып Ташкенттік саудагер Алимаға берді» деген жауаптарынан Шымыр руының сол тұста Ташкент немесе оған жақын өңірлерде көшіп-қонып жүрген ел екендігін жанамалай ұғынуға болады.

(6) *Tasigan i hoise alima*: Ташкенттік мұсылман – Алима. Алима – сол тұста қазақтардың арасына келіп сауда-саттық істеп жүрген Ташкенттік саудагер. Мақалада есімі мәнжу тілінде жазылғанына сай дыбыстық аудармамен «Алима» күйінде алынды.

(7) *Ahembet suwan otok*: Ақымбет-Сыбан руы. Мұндағы Сыбан елінің атауы мәнжу тілінде «Suwan» (Суан) болып хатталған. Едіге осы ауылдың адамы. Сыбан руы – шежіре-дерек бойынша орта жүз Найманның Төлегетайынан тарайтын Қаракерейдің бір бұтағы. Шәкерім Құдайбердіұлының шежіресі бойынша Ақымбет те, Сыбан да Қаракерейдің немересі Байыстың байбішесінен туған балалар. Қытай тілді тарихи кітаптарда жазылуынша, Сыбан руы Әбілпейіздің 3-баласы Бопы сұлтанның иелігінде болған [11].

(8) *Edege*: хатта «ايدى كە» (*Edigä*) болып жазылған. Ақымбет-Сыбан руының адамы, Мырзақұлдың әкесі.

(9) *Balta hara*: Балтақара – жер аты. Ақымбет-Сыбан ауылының адамы Едігенің қонысы, Қырғи Көкі мен баласы Мырзақұлды ертіп осы арадан қашқан. Бүгінгі Аягөз ауданы Сарыарқа ауылына қарасты Балтақара өзені маңын меңзейді.

(10) *Barluk nukte*: Барлық қонысы. Қазіргі ҚР Тарбағатай аймағына қарасты Барлық өңірі меңзеліп отыр. Сол тұста бұл арада бір бөлім ойраттар мекендегендіктен, Қырғи мен Көкі Тарбағатай ұлықтарынан өздерін осы қонысқа жеткізулерін өтінген.

(11) *Ajibai*: хатта «جای بای» (*Hājībay*) тұлғасында жазылған. Қазақ ваны Ханқожаның Тарбағатай ұлығына жіберген елшісі. Ханқожаның хатында оның тек есімі ғана хатталғанымен, мәнжуша мәлімдемеде лауазым дәрежесі де қоса жазылған. Яғни ол Ханқожа ванның 6-дәрежелі жіңсе, көк түсті ұтағат қадаған шенді адамы.

(12) *Belek morin*: сыйға берген ат. Қазақ хан, сұлтандарының Цин патшалығына жазған хаттарында үнемі кездесетін «بیلک» (*biläk*) сөзінің мәнжуша баламасы. Бұл сөз кейде «beleke» түрінде де кездеседі.

(13) *Mahacin*: «Қарақшы», «тонаушы» (ауыспалы мағынада) ұғымдарын беретін моңғол тіліндегі «mahcin» сөзінің мәнжу тіліндегі дыбыстық аудармасы (玛哈沁 *ma ha qin*). Цяньлун жылнамасының 20 жылдары жоңғарлар жойылғаннан кейін Цин патшалығының жергілікті әкімшілігіне бағынбай тау қуыстары мен жыныс орманға бекініп, жасырын күнелтетін бір бөлім ойраттар осылай аталған. Олар күнкөріс үшін үнемі қарақшылық жасап, ел тонаумен айналысқан. Бұл арада аталмыш сөз қазақша құжаттағы «قاچقون» (*qačqun*) сөзінің баламасы ретінде қолданылып тұр.

(14) *Asigan sargan*: кіші әйелі, тоқал. Мұндағы «asigan» сөзі мәнжу тілді сөздіктерде кездеспейді. Оның есесіне «кіші», «жас» ұғымындағы «asiha» (*asiha sargan*: кіші әйелі, тоқал) сөзі сөздік қорға енген [12, 90 б.]. Осыған қарағанда бұл атау «asiha/asihan» сөзінің жаңылыс жазылған түрі немесе ертеректегі тағы бір жазылым формасы болуы ықтимал.

(15) *Alban adun (aban i adun)*: бұл тіркестің қазақша баламасы – «темір мал», ескі қазақ жазба тілінің сөздік қорында сақталған. Айталық, Әбілпейіздің 1782 жылы 11 ақпанда Іле генералына жолдаған хатында бұл термин алғаш «تمیر مال» (*temir māl*) болып нақты хатқа түскен әрі онда «патшаның иелігіндегі мал», «үкімет малы» сынды ұғымдарда жұмсалған [6, 150-253]. Бұл күндері мағыналық өрісі жағынан ішінара айырмашылықтар болғанымен, қытай қазақтары әдеби тілінде күні бүгінге дейін қолданыста бар. Өкінішке қарай, аталмыш тіркес 2011 жылы елімізден шыққан «Қазақ әдеби тілінің сөздігіне» (15 том) енгізілмеген.

(16) *Alha/arsari suje/ceceri*: реті бойынша жеке-жеке «зерлі торқа», «жай торқа» және «шағи» сөздерінің баламалары. Сол кезде қазақтардың сыйға берген сәйгүліктерінің қарымшысына осындай қайрандар (Бұл сөз қазақ хан, сұлтандарының Цин патшалығына жазған хаттарында жиі ұшырайды әрі жоғары лауазым иелері жағынан берілген тарту-таралғыларды меңзейді) беріліп отырған.

3) Тарбағатай ұлығының Ханқожаға жазған хаты

Транскрипциясы:

(1) hasak wang hanghojo de afabuha bithe jise (2) tarbagatai de tefi baita icihiyara hebei amban (3) coohai jurgan i aliha amban gūsa be (4) kadalara amban i bithe, hasak wang hanghojo de (5) afabuha, wang sini beye saiyūn, nuktei (6) gubci gemu saiyūn, erei onggolo, suweni (7) ahembet suwan otok ci baime dosinjia (8) jun gar haha kerhei, hehe kukui (9) haha jui saimbelek sere mirdzahul i jergi (10) ilan anggala be bargiyafi fonjici, hehe (11) kukui, haha jui mirdzahul ce gemu (12) ahembet suwan otok i hasak edege i booi (13) niyalma, onggolo jun gar nukte facuhūraha (14) fonde, kukui i ama eniye kukui be gaifi (15) šereng be dahalame oros de dosika amala, (16) ini ama eniye imbe emu jun (17) gar haha tegus de saragan obume (18) bufi, juwe haha jui banjia, ahūngga (19) jui i be bayarlahū, jarin jui be saimbelek (20) seme gebulehe, turgūt se oros ci ukcame (21) tucibufi ebsi baime jidere de, ce (22) šereng be dahalame jifi, balgasi noor i (23) bade isinafi, ini eigen ahūngga jui ya (24) bade genehe be sarkū, hasak edege (25) ceni eme jui be tabcilame gamafi (26) saimbelek i gebu be mirdzahul seme halaha, (27) hasak umai inde eigen acabuhakū, ere (28) aniya i edege i boode tefi hūdašara (29) jun gar haha kerhei i manggi cisui (30) latume yabure be, edege i eniye sabuha de (31) ce gelefi ishunde hebešeme toktofi šolo be (32) tuwame edege i ilan morin be gaifi (33) sasa ukcame baime jihe seme alambi (34) haha kerhei, daci jun gar giranggi, onggolo (35) ceni nukte facuhūrafi cimur otok i hasak (36) imbe tabcilame gamafi tasigan hoise alima de (37) uncaha, gūlmahūn aniya de alima imbe gaifi, (38) hasak i nukte de hūdašame jifi, ahembet suwan (39) otok i hasak edege i boode tehe, ere (40) aniya i edege i booi hehe kukui i manggi (41) cisui latume yabure be edege i eniye (42) sabuha de gelefi, kukui i manggi hebešeme (43) toktofi, kukui i haha jui saimbelek sere (44) mirdzahul be gaifi sasa ukcame baime (45) jihe seme alahabi, ceni emu ergi (46) gisun be akdaci ojarahū bime, suweni (47) hasak i hehe juse be hošsome gajia be (48) inu boljoci ojarahū seme gūnime afabufi (49) jing sibkime fonjire de hasak ajibai (50) jifi gajia, wang sini baci, mende alibure (51) hoise hergen i bithe emu afaha be (52) ubaliyambufi tuwaci, suweni ahembet suwan otok i (53) hasak edege booci ukaka ilan niyalmai (54) dorgi, haha jui mirdzahul be gaire (55) jalin, mende juwe belek morin alibuha (56) jergi babe arahabi, ede hehe kukui i (57) jergi ilan niyalma be selgiyeme gajifi (58) ajibai sede takabuci, hehe kukui edege i (59) asigan sargan jun gar giranggi, haha jui (60) mirdzahul edege i banjia jui, haha kerhei (61) tasigan hoise alima i kutele inu, afabufi (62) ciralame fonjici, haha jui mirdzahul edege i (63) banjia jui yargiyan, hehe kukui, haha (64) kerhei gemu jun gar giranggi seme teisu (65) teisu jabume tucibuhe ofi, meni baci (66) haha jui mirdzahul be ajibai de (67) afabufi gamabureci tulgiyen, wang si mende (68) alibuha juwe belek morin be, be gemu (69) bargiyaha, karu wang de bure alha (70) emu defelinggu, arsari suje emu

defelinggu, (71) ceceri emu defelinggu be inu ajibai de (72) afabufi suwaliyame gamabuhabi, isinaha manggi, baicame (73) bargiyakini, erei jalin wang sinde sakini (74) seme afabuha.,

Қазақ тіліндегі аудармасы:

Қазақ ваны Ханқожаға жіберген хат.

Тарбағатайда тұрып іс басқарған Хыб амбан, әскери істерге жауапты Алиха амбан, Дутундардың қазақ ваны Ханқожаға жолдаған хаты.

Ван сенің өз есендігіңмен бірге, жұртыңның амандығын да тілейміз. Осының алдында сендердің Ақымбет-Сыбан ауылынан бізге қашып келген жоңғардың ер адамы Қырғи, әйел адамы Көкі мен ер бала Мырзақұл (Сайынбілік) қатарлы адамдарды алдырып жағдайды анықтадық. Әйел адам Көкі де, ер бала Мырзақұл да Ақымбет-Сыбан ауылындағы Едігенің отбасы мүшелері екен. Бұрын жоңғар жерінде жаугершілік болғанда, Көкі мен әке-шешесі Шырынға ілесіп орыс жеріне барыпты, кейін әке-шешесі Көкіні жоңғардың Тігүс дегеніне ұзатыпты. Одан екі ұл тауыпты, үлкеніне «Баярху», кішісіне «Сайынбілік» деп ат қойыпты. Торғауыттар орыс жерінен қашып осылай ат басын бұрғанда, олар Шырынға еріп Балқаш көліне жетіпті. Күйеуі мен үлкен ұлы жер жадысын білмей, қазақтың Едігесі шешелі-балалы (Көкі мен кіші ұлы) екеуін тұтқындап алып кетіпті де, Сайынбілік деген атын өзгертіп «Мырзақұл» қойыпты. Қазақтар Көкіні күйеуімен мүлде кездестірмепті. Биыл Едігенің үйінде жатып, сауда істеп жүрген Қырғимен өз бетінше зинақорлық жасамақшы болғанын Едігенің шешесі байқап қалғандықтан, олар қорқып ақылдаса келе қашуға бел буыпты. Сөйтіп Едігенің үш атын мініп қашып келгендіктерін айтты. Ал ер адам Қырғидың тегі жоңғар екен, бұрын жерлерінде жаугершілік болғанда, Шымыр руының қазақтары оны ұстап алып, Ташкенттік мұсылман Алимаға беріпті. Қоян жылы Алима қазақ жеріне сауда істеуге келгенде оны ерте келіп Ақымбет-Сыбан ауылының адамы Едігенің үйіне жатқызады. Биыл Едігенің үйінде өз бетімен Көкімен зинақорлық жасамақшы болғанын Едігенің шешесі сезіп қойғандықтан қорқып, Көкімен ақылдасып, ұлы Мырзақұл (Сайынбілік) екеуін ертіп, бас сауғалап қашып келіпті.

Біз олардың мұндай бір жақты айтқанына онша сенім артпай, «сенің қазақтың әйел-баласын алдап алып қашып келмегеніңе кім кепіл» деген оймен енді жан-жақты тергеп сұратайық деп тұрғанда, қазақтың Ажыбайы келді. Ван сенің бізге берген хатыңды аудартып көрсек, онда Ақымбет-Сыбан ауылының адамы Едігенің үйінен қашқан 3 адам мен ер бала Мырзақұлды алып қашқан жағдай, сондай-ақ бізге тартуға екі ат бергенің жазылыпты.

Осыған байланысты Көкілерді алдыртып Ажыбайлармен беттестіріп едік, Көкінің тегі жоңғар, Едігенің кіші әйелі екені, ер баланың Едігенің өз баласы екені және ер адам Қырғидың Ташкенттік мұсылман саудагердің қосшысы екені анықталды. Тергеу барысында, ер баланың шынында Едігенің туған баласы екендігі, ал әйел адам Көкі мен ер адам Қырғидың жоңғар екендіктері туралы жеке-жеке жауап алынғандықтан, ер бала Мырзақұлды Ажыбайға тапсырып бердік. Бұдан сырт, ван сенің бізге тартуға берген екі атыңды табыстап алып, қарымшысына бір топ зерлі торқа, бір топ жай торқа және бір топ шағи қосып Ажыбайға бергіздік, жеткен соң көріп алыңдар. Осы істер туралы саған хат жаздық.

Түсіндірмелер:

(1) *Hebei amban/coohai jurgan i aliha amban/gūsa be kadalara amban*: Тарбағатайда тұрып іс басқарған мәнсаптылардың мәнжуша лауазым аттары. Қытайша баламасы реті бойынша жеке-жеке «参赞大臣 *can zan da chen*», «尚书 *shang shu*», «都统 *du tong*». Алайда Ханқожаның берген хатында Тарбағатайда тұрып іс басқарған мәнсап иелерін дыбыстық аудармамен «خيه أمبان» (*hebä amban*), «أسقین أمبان» (*asqin amban*), «میرین زنگین» (*mirin zangin*) деп атаған. Ал бұлардың манжушадағы баламасы жеке-жеке «hebei amban», «ashan i amban» (侍郎 *shi lang*), «meiren i janggin» (副都统 *fu du tong*) [13, 43 б.].

(2) *Saimbelek*: торғауыт әйел Көкінің айтуы бойынша Мырзақұлдың шын аты.

(3) *Sereng*: кісі аты. Торғауыт тәйжісі Уанханның (翁罕 *weng han*) 12 ұрпағы. Ол XVIII ғасырдың орталарында өзіне қараған торғауыттарды ертіп орыс жеріне қоныс аударғанымен, 1771 жылы Ұбаш хан және оның иелігіндегі торғауыттармен бірге Ілеге қайта оралады. Осыдан кейін Цин патшалығы Ұбаш хан иелік еткен торғауыттарды «көне торғауыттар», Шырынға ерген торғауыттарды «жаңа торғауыттар» деп атайды. Мұндағы «көне торғауыттар» дегені 1630 жылы Еділ бойына қоныс аударған торғауыттарды меңзесе, «жаңа торғауыттар» дегені 1755 жылы жоңғарлар жойылғанда Шырынның бастауымен қоныстарын тастап босып Еділ бойындағы көне торғауыттарға барып бас сауғалаған торғауыттарға қаратылады. Жаңа торғауыттарды бастап Ілеге қайта оралғаннан кейін, Цяньлун патша Шырынға «жун ван» (郡王 *jun wang*) шен атағын, немересі Шарақукенге бейсі (贝子 *bei zi*) атағын сыйлайды. 1792 жылы Шырын қайтыс болғанда үлкен ұлы Себекжаб әкесінің орнына мұрагерлік еткен.

(4) *Tegus*: Көкінің бұрынғы күйеуінің есімі, тегі жоңғар. Орыс жеріне барған соң Көкінің әке-шешесі қыздары Көкіні осы адамға ұзатқан.

(5) *Bayarlahū*: Тегүс пен Көкінің үлкен ұлдарының аты.

(6) *Balgasi noor*: Балқаш көлінің мәнжуша таңбалануы. Мәлімдемеге жүгінсек, Едіге осы арада торғауыт әйел Көкіні тұтқындаған.

Жоғарыда айтылғандай қазақ жерінен қашқан Қырғи, Көкі және ер бала Мырзақұл үшеуі шекара қарауылдарына қолды болған соң, жамбылға жеткізіліп, онда тергеуге алынады. Мырзақұл Едігенің баласы екені дәлелденіп Ажыбаймен бірге еліне жіберіледі. Алайда араға екі айдай уақыт салып, патшаның жарлығына сәйкес Қырғи мен Көкі де қазақ жеріне қайтарылады. Тарбағатай ұлығы арнаулы адам шығарып жеткізіп салады. Олар қайтарында Ханқожа сұлтанның қашқындарды табыстап алғаны жөнінде жазған хатын ала келіп, мәнжушаға аударып, мәлімдемемен бірге 29 қыркүйекте патшаға жолдайды. Патша оны 27 қазан тапсырып алып мазмұнымен танысқаннан кейін «білдім» деп бұрыштама жазып қалдырған.

4) Ханқожа сұлтанның қыркүйек айында Тарбағатай ұлығына жазған хаты

Транслитерациясы:

(1) یرنیك یوزین کون نیک کوزین بلیب تورغان یوغاری بعدا ازین نیک اسن لیکن تلامیز کوب یل لارغه (۲) قزاق وانک خان خوجه دین آسخا امبان خبه امبان باتور امبان غه خط کوتاردوک قجیب کتکان (۳) ار کشی قرغی نی ظلوم کشی کوکی نی منکا قایران لاب بر غالداى نی چقاریب قجیب کتکان قجقین نی (۴) قایران لاب بیریب تو غالدایدین من قولومغه آدیم آسخا امبان خبه امبان باتور امبان غه من کوب (۵) یورتم بیلان یوغاری بعدا ازین خان غه قراب مورکوب آلدوق یغاری بعدا ازین خانغه توره (۶) میز اول قرامیز قل بولوب تورغاندا آسخا امبان خبه امبان باتور امبان اولوق خانغه بو پسوزمیزنی (۷) بلدوب بو پسوزمیزنی یوغاری بعدا ازین غه بلدوب تورغانغه خبه امبان غه کوبدین کوب راضی بولوب (۸) تورامیز (۹) خان خوجه وانک دین خبه امبان غه ایکی آط خبه امبان غه جوجی دین (۱۰) بر آط خبه امبان غه بوفی دین بر آط (۱۱) خان خوجه وانک دین باتور امبان غه بر آط جوجی دین باتور ابانغه بر آط (۱۲) بوفی دین باتور امبانغه بر آط (۱۳) چلونک نیک الیک برنجی یلی ارا آی نیک یکرمه پسندا چهارشبه کونی [مهر] خان خواجه بهادر سلطان

Хаттың мәнжу тіліндегі аудармасының транскрипциясы

(1) amkai wejergi be uherileme kadalara (2) enduringge ejen i elhe be baimbi hasak wang (3) hanghojo aliha amban hebei amban baturu (4) amban de aliburengge ukcafi tucike haha (5) kerhi hehe kukui be minde šangnaha ukame (6) tucike niyalma bime minde šangname bufi (7) barigiyaha meni nuktei gubci hasak (8) dergi ejen de hargasame hujume hengkilembi onggolo (9) meni gubci amba ajige hasak sa (10) amba ejen de albatu ome, aliha amban (11) hebei amban, baturu amban meni hasak sa (12) yaya baita de (13) amba ejen de wesimbuhe babe labdu urgunjembi (14) hanghojo wang hebei amban de alibure (15) belek morin juwe jolci, bopu hebei amban de (16) alibure belek morin emte hanghojo wang (17) baturu amban de alibure belek morin emke (18) jolci bopu baturu amban de alibure belek (19) morin emte

Қазіргі қазақ тіліне аудармасы:

Жердің жүзін, күннің көзін біліп тұрған жоғары Боғда Еженнің есендігін ұзақ жылдарға тілейміз. Қазақ ваны – Ханқожадан Асқан амбан, Хыб амбан, Батыр амбанға хат жаздық. Қашып кеткен қашқын-дар – ер кісі – Қырғиды, зәлім кісі – Көкіні бір ғалдай шығарып, маған қайрандап беріпті, ғалдайдан мен қолыма алдым. Асқан амбан, Хыб амбан, Батыр амбанға, {сондай-ақ} жоғары Боғда Ежен ханға көп жұртыммен мөргеп (бас ұрып) алдық. Жоғары Боғда Ежен ханға төреміз ұл, қарамыз құл болып тұрғанда, Асқан амбан, Хыб амбан, Батыр амбан бұл сөзімізді ұлық Боғда Ежен ханға білдіріп, бұл сөзімізді жоғары Боғда Еженге білдіріп тұрғанына Хыб амбанға көптен-көп разы болып тұрамыз. Хыб амбанға Ханқожа ваннан 2 ат, Жошыдан 1 ат, Бопыдан 1 ат; Батыр амбанға Ханқожа ваннан 1 ат, Жошыдан 1 ат, Бопыдан 1 ат {тарту жібердік}. Цяньлун жылнамасының 51-жылы ара айының 20-күні, сәрсенбі.

[мөр] Ханқожа баһадүр сұлтан

Түсіндірмелер:

(1) *zalim* (ظالم). Лексикалық қорымызда бұрыннан бар кірме сөз, қазіргі қазақ тілінде «зәлім», «зұлым» тұлғаларында айтылып дыбыстық өзгеріске түскен. Хаттың мәнжуша аудармасында бұл сөз жай ғана «hehe» (әйел) деп алынған да әуелгі мағынасы көмескіленген.

(2) *mörgü* (مورکوب). Mörgü+р. Түбірі моңғолшадан ауысқан, «бас ұру», «бас иу» мағынасын білдіреді [14, 42 б.].

(3) *šanlujñiñ elig birinçi yili ara ayñiñ yigirmäsindä, čahārša[n]be küni*. Цяньлун жылнамасының 51-жылы 11-айдың 20-күні, григориан күнтізбесі бойынша 1786 жылғы 14 қыркүйек. Катанов хаттаған ай аттарының ішінде «ара айы» мұсылман ай күнтізбесі бойынша 10-ай мен 11-айдың арасындағы 11-айды көрсетеді де, түркмен тіліндегі «бос айдың» беретін мәнімен ұқсас [15, 603 б.]. Мұнда аптаның 3-күні парсы тіліне ұқсас жазылғанымен, қазіргі қазақ тілінде «сәрсенбі» болып айтылып, дыбыстық өзгеріске түскен.

Қорытынды. Жоғарыдағы талдаулардан білгеніміздей, құжаттарда топонимдер, ел-ру атаулары, кісі аттары қатарлы маңызды мәліметтер қамтылып, мазмұндық жақтан бірін-бірі толықтап отырған. Мысалы, Ханқожаның хатында айтылған Қырғи, Көкі қатарлы кісілердің кімдер екені осыған қатысты мәнжуша мәлімдемелерде анық хатталған. Сонымен қатар, торғауыттардың шығысқа қайта оралуына қатысты кейбір жағдайдан да жанамалай хабар таба аламыз. Әсіресе Едігенің ұлы Мырзақұлға қатысты қызықты

ақпарат кездеседі, яғни қазақша құжатта Ханқожа сұлтан оны Едігенің баласы деп кесіп айтса, тергеу үстінде шешесі Көкі оның шын атының «Сайынбілік» екендігін, қолды болғаннан кейін Едіге оның атын «Мырзақұл» деп өзгерткендігін көлденең тартады. Әйтсе де Көкінің сөзінде бір шикілік барлығы байқалады. Өйткені тарихи материалдарға негізделсек, Шырынның бастауындағы торғауыттар да Ұбаштармен бірге 1771 жылы Ілеге қайта оралады. Торғауыт әйел Көкінің айтқаны бойынша, олар Еділ бойынан қайтадан шығысқа ауудан бұрын 2-баласы Сайынбілік дүниеге келген. Ал біз талдап отырған бұл мәнжуша мәлімдеменің жазылған уақыты 1786 жыл. Мырзақұлдың осы жылы 14 жаста екені белгілі. Егер осы сандық мәліметтер бойынша есептесек, Мырзақұл торғауыттар Ілеге оралғаннан кейін 1772 жылы туған болады. Ал Көкі болса Ілеге жетпей Балқаш бойында 1771 жылы Едігеге тұтқынға түскен. Осы талдауларға сүйенсек Мырзақұлдың Едігенің туған баласы екендігін аңғару қиын емес. Бұдан сырт, Көкінің сөзінің тағы бір күмән туғызатын жері, олар қашып келе жатқанда Көкі баласы Мырзақұлға «егер олар (Цин патшалығына қарасты қарауылдар меңзеліп отыр) сұрап жатса менің тегім жоңғар, биыл 16 жастамын» деп айтуын ескертіп, тегі мен нақты жасын әдейі жасыртады. Мұндағы басты себеп осы жас шамасы бойынша есептегенде Мырзақұл торғауыттардың шығысқа аууынан бір жыл бұрын, яғни 1770 жылы туған болады да, Едігенің баласы болмай шығады. Әрине Көкі де осыны көздеген. Ең соңында Тарбағатай амбандарының ақылдаса келіп Мырзақұлды өз жеріне қайтаруының маңызды бір себебі де осында жатса керек. Міне бұл – Ханқожа сұлтанның шілде айында жазған хаты мен оған қатысты хатталған мәнжуша мәлімдеме мазмұндарына қарай жасалған алғашқы ғылыми талдау. Ескере кетер жайт, қазақша құжат пен патшаға жолданған мәлімдемеде Көкінің тегі торғауыт деп жазылса, Ханқожаға берген хатта жоңғар делінген. Ал Ханқожаның қыркүйек айында жазған хатында Тарбағатайда тұрып іс басқарған Цин ұлықтарының қашқын Қырғи мен Көкіні қазақ жеріне қайтарып бергені туралы жазылған. Мәнжушасында «патшаның бұйрығына сәйкес» деп жазылғанына қарағанда, Қырғиларды қазақ жеріне қайтарып беру ісі патшаның нұсқауымен жүзеге асқан сыңайлы.

Жинақтап айтқанда, Қазақ-жоңғар арасындағы саяси-қоғамдық қарым-қатынастың тамыры тереңде. Әсіресе XVIII ғасырдың алғашқы жартысындағы әскери қақтығыстарда екі жақтан да адам шығыны көп болған. Оның үстіне, тұтқынға түсіп, елінен, жерінен жырақтаған қарапайым халық саны да күрт көбейген. Жазба деректерден байқағанымыздай, тұтқындалғаннан кейін кісі есігінде күн кешіп, тағдырдың тәлкегіне түскендер де аз болмаған сыңайлы. Міне бұл – Қазақ хандығы әлеуметтік тарихының бір қыры һәм ақтандақ тұсы. Мақалада ойымыздың негізгі арқауы болған қазақ, мәнжу тілді құжаттар – бір жағынан біздің Қазақ хандығы мен Цин патшалығы арасында қалыптасқан түрлі қарым-қатынастың жай-жапсарын жете түсіну үшін мазмұндық жақтан тың мәліметтер берсе, енді бір жағынан сол тұстағы Қазақ-ойрат қатынасын кешенді зерттеуге аса қажетті дереккөз болып есептелмек. Мұның ішінде қазақша нұсқасы біздің тарихи деректану, ескі қазақ жазба тілі сынды қазақтану саласындағы соны тақырыптарды індете зерттеуімізге пайдасы мол тарихи жазба материал екені даусыз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Abdilashim D. 18-19世紀文語カザフ語文書の歴史文献学的研究. 京都大学博士論文. 2010. – p.170.
2. Noda Jin & Onuma Takahiro. A Collection of the Documents from the Kazakh Sultans to the Qing Dynasty (Central Eurasian Research Series, Special Issue 1). – Tokyo: Department of Islamic Area Studies, Center for Evolving Humanities, Graduate School of Humanities and Sociology, the University of Tokyo, 2010. – p. 176.
3. Әбділәшім Д. Цин патшалығының Қазақ хандығына жолдаған дипломатиялық хаттарынан бір нұсқа (1790 ж.) // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Тарихи ғылымдар. Философия. Дінтану сериясы. 2023. – №2 (143). – 8-17 б.
4. 宮脇淳子 『最後の遊牧帝国ユンガル部の興亡』, – 東京: 講談社, 1995. – p. 278.
5. 小沼孝博 「清朝とカザフ遊牧勢力との政治的關係に関する一考察 — 中央アジアにおける「エージェン—アルバト」關係の敷衍と展開 —」 『アジア・アフリカ言語文化研究』. 2006. – №72. – p. 39-63.
6. Әбділәшім Д. Жұңго бірінші тарихи мұрағатында сақталған қазақша құжаттар. – Бейжің: Ұлттар баспасы, 2016. – 278 б.
7. 中国边境史地研究中心与中国第一历史档案馆合编 《清代新疆满文档案汇编》，第173册，– 桂林: 广西师范大学出版社, 2012. – p. 447.
8. 中国边境史地研究中心与中国第一历史档案馆合编 《清代新疆满文档案汇编》，第173册，– 桂林: 广西师范大学出版社, 2012. – p. 449.
9. 兴肇增补《塔尔巴哈台事宜》，中国方志丛书（西部地方: 15），台北: 成文出版社, 1969.

10. Әбділәшім Д., Иманқұлова С.М. Тарихи мәтіндердің лингвопрагматикалық сипаты // Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. 2018. – №3 (171). – 88-96 б.
11. 松筠 (修) 《钦定新疆识略》 (二), 哈萨克世次表条, 台北: 文海出版社, 1965.
12. 河内良弘編著『満州語辞典』, – 京都: 松香堂書店, 2014. – p. 1217.
13. Abdilashim D. The Study of a Kazakh document in Chinese archives related to Khankhoja sultan's cattle trade and its historical significance // Қарағанды университетінің Хабаршысы. Тарих. Философия сериясы. 2023. – №4 (112). – 40-46 б.
14. 栗林均編集『華夷訳語』 (甲種本), モンゴル語全単語・語尾索 (東北アジア研究センター叢書第10号), – 仙台: 東北プリント, 2003. – p. 348.
15. 路易·巴赞著, 耿昇译《突厥历法研究》, – 北京: 中华书局, 1998. – p. 774.

Refereces

1. Abdilashim D. 18–19 seiki bungo Kazahugo monjyo no reikishi bunkengakuteki kenkyu [A Historical Study of Kazakh Documents in the 18th–19th Centuries]. Doctoral dissertation. Kyoto: Kyoto University, 2010. p. 170. [in Japanese].
2. Noda Jin & Onuma Takahiro. A Collection of the Documents from the Kazakh Sultans to the Qing Dynasty (Central Eurasian Research Series, Special Issue 1). Tokyo: Department of Islamic Area Studies, Center for Evolving Humanities, Graduate School of Humanities and Sociology, the University of Tokyo, 2010. p. 176.
3. Abdilashim D. Qing patshalyghynyng Qazaq handyghyna joldaghan diplomatiyalyq hattarynay bir nusqa (1790) [A Version of Diplomatic letters from the Qing Dynasty to the Kazakh Khanate (1790)] // L.N. Gumilyov atyndaghy Euraziya ulyttyq universitetining Habarshysy. Tarihi ghylymdar. Filosofiya. Dintanu seriyasy. 2023, №2 (143). p. 8-17. [in Kazakh].
4. Miyawaki Junko. Saigo no yuboku teikoku: Jungaru bu no kobo [Last Nomadic Empire: The Rise and Fall of Dzungar]. Tokyo: Kodansha, 1995. p. 278. [in Japanese].
5. Onuma Takahiro. Shincho to kazafu yuboku seiryoku tono seijiteki kankei ni kansuru ichi kosatsu: chu'o ajia ni okeru ejen-albatu kankei no fuen to tenkai [The Political Relations between the Qing Dynasty and Kazakh Nomads: Promotion of the 'ejen-albatu Relationship' in Central Asia]. Ajia Afurika gengo bunka kenkyu, 2006 (72). p. 39-63. [in Japanese].
6. Abdilashim D. Qytay birinshi tarihi muraghatynda saqtalghan qazaqsha qujattar [Research on Kazakh Documents in the First Historical Archives of China]. Beijing: Ul'ttar baspasy. 2016. 278 p. [in Kazakh].
7. Zhongguo bianjing shidi yanjiu zhongxin yu Zhongguo diyi lishi dang'anguan hebian. Qingdai Xinjiang manwen dang'an huibian [A Collection of the Xinjiang Manchu Documents of the Qing Dynasty]. Vol. 173. Guilin: Guangxi shifan daxue chubanshe, 2012. p. 447. [in Manchu].
8. Zhongguo bianjing shidi yanjiu zhongxin yu Zhongguo diyi lishi dang'anguan hebian. Qingdai Xinjiang manwen dang'an huibian [A Collection of the Xinjiang Manchu Documents of the Qing Dynasty]. Vol. 174. Guilin: Guangxi shifan daxue chubanshe, 2012. p. 449. [in Manchu].
9. Xing Zhao zengbu. Ta'erbahatai shili [Affairs of Tarbagatai]. Zhongguo fangzhi congshu (Xibu difang: 15), Taipei: Chengwen chubanshe, 1969. [in Chinese].
10. Abdilashim D., Imankulova S.M. Tarihi matinderding linguopragmatikalyq sipaty [Linguopragmatic character of Historical texts] // al-Farabi atyndaghy Qazaq ulyttyq universitetining Habarshysy. Filologiya seriyasy. 2018. №3 (171). p. 88-96. [in Kazakh].
11. Song Yun (revised). Qianding Xinjiang shilue [Imperial Commissioned Gazetteer of Xinjiang] (2). Hasake shicibiao tiao. Taipei: Wenhai chubanshe, 1965. [in Chinese].
12. Kawachi Yoshihiro. Manshugo jiten [Manchurian Dictionary]. Kyoto: Shokadoh Book Sellers, 2014. p. 1217. [in Japanese].
13. Abdilashim D. The Study of a Kazakh document in Chinese archives related to Khankhoja sultan's cattle trade and its historical significance // Qaraghandy universitetining Habarshysy. Tarih. Filosofiya seriyasy. 2023. №4 (112). p. 40-46.
14. Kuribayashi Hitoshi. Kayakugo [Research on Hua yi yi go] (Koshuhon). Mongorugo zen tango-gobi sakuin (Tohoku Asia kenkyu senter soshyo No. 10), Sendai: Tohoku Print, 2003. p. 348. [in Japanese].
15. Luyi Bazan zhu, Geng Sheng yi. Tujue lifa yanjiu [Research on Turkic Calendar]. Beijing: Zhonghua shuju, 1998. p. 774. [in Chinese].

САЯСИ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ТАРИХ
ПОЛИТИЧЕСКАЯ И СОЦИАЛЬНАЯ ИСТОРИЯ
POLITICAL AND SOCIAL HISTORY

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.09.55
ӘӨЖ 94

<https://doi.org/10.51889/2959-6017.2024.80.1.013>

Г.Б. Алипбекова *¹, Ж.Е. Турекулова ²

¹ Қарағанды медицина университетінің оқытушысы, Қарағанды, Қазақстан Республикасы

E-mail: alipbekova.g.87@mail.ru

² М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан Республикасы

E-mail: turekulova74@mail.ru

**ХІХ ғ.СОҢЫ – ХХ ғ. БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ «МҰСЫЛМАН БАУЫРЛАР» ҚОЗҒАЛЫСЫ
ҚҰРЫЛУЫНЫҢ ТАРИХИ АЛҒЫШАРТТАРЫ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ ИДЕЯЛАРЫ**

Аңдатпа

1928 жылы Египеттің Исмаилия қаласында мектеп мұғалімі Хасан әл-Банна исламдық қағидаттар негізінде мұсылман қауымының мәдени-рухани бірегейлігін жаңғырту мақсатында және еуропалық отарлық саясатқа қарсы «Мұсылман бауырлар» қоғамының негізін қалады. Бастапқыда, ағартушылық-қайырымдылық ұйым ретінде қалыптасқан ұйым, қазіргі таңда Таяу Шығыс аймағындағы саяси ықпалға ие радикалды көзқарастағы қауымдастыққа айналып отыр. Осы орайда, ұсынылып отырған мақалада, ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың бірінші жартысындағы Египетте қалыптасқан тарихи-саяси жағдайға талдау жасау арқылы, «Мұсылман бауырлар» ұйымның қалыптасуының негізгі мәселелері және тарихи алғышарттары қарастырылады. Бастапқы кезеңдегі ұйымның идеологиялық қондырғылары, жетекші идеяларына талдау жасалынады, сонымен қатар, сыртқы және ішкі факторлардың ұйым қызметіне ықпалы зерделенеді. ХІХ-ХХ ғасырлар тоғысындағы Абд ар-рахман әл - Кавакиби, Жамал ад-Дин әл- Ауғани мен Мухаммад Абдо сияқты мұсылман ағартушылары мен исламдық модерн ағымының өкілдерінің тұжырымдамаларының, Хасан әл-Баннаның саяси - идеялық көзқарастарының қалыптасуындағы ықпалдарына талдау жасалынады. 1928-1940 жылдардағы ұйымның қызметіне талдау жасау арқылы, «Мұсылман бауырлар» қозғалысының радикалдану үрдісінің себептері мен кезеңдері айқындалады.

Кілт сөздер: Египет, ислам қозғалысы, мұсылман реформаторлары, «Мұсылман бауырлар», ұлт-азаттық қозғалыстар, радикалды көзқарастар

Алипбекова Г.Б. *¹, Турекулова Ж.Е.²

¹ Медицинский университет Караганды, Караганды, Республика Казахстан,

e-mail: alipbekova.g.87@mail.ru

² Южно-Казахстанский университет имени М.Ауезова, шымкент, Республика Казахстан,

e-mail: turekulova74@mail.ru

**ИСТОРИЧЕСКИЕ ПРЕДПОСЫЛКИ ВОЗНИКНОВЕНИЯ ДВИЖЕНИЯ
«БРАТЬЕВ МУСУЛЬМАН» И ОСНОВНЫЕ ИДЕИ (ХІХ-СЕРЕДИНА ХХ вв.)**

Аннотация

В 1928 году в городе Исмаилия школьный учитель Хасан аль-Банна в целях восстановления культурно-духовной идентичности мусульманских стран на основе исламских ценностей и противостояния колониальной системе европейских стран основал организацию «Братья мусульмане». Религиозное движение на начальной стадии своей деятельности занималось в основном просветительской и благотворительной деятельностью. Однако, под влиянием внутренних и внешних факторов оно постепенно стало радикально настроенной политической силой на Ближнем Востоке. В научной статье рассматривается история становления религиозно - политического движения «Братья мусульмане» в

контексте историко-политической ситуации в Египте XIX-XX вв., анализируются первоначальные идеологические платформы и ведущие идеи данного движения, изучается влияние внешних и внутренних факторов на деятельность организации, а также исследуется воздействие политико-идеологических концепций исламских просветителей и реформаторов Абд ар-Рахмана аль-Кавакibi, Джамаль ад-дина ал-Афгани и Мухаммадо Абдо на формирование взглядов Хасана ал-Банни, анализируются основные направления деятельности организации в 20-40 гг XX века, выявляются причины и тенденции радикализации религиозного движения.

Ключевые слова: Египет, исламские движения, мусульманские реформаторы, «Братья мусульмане», национально-освободительные движения, радикальные взгляды

*Alipbekova G. *¹, Turekulova Zh.²*

¹ *Karaganda Medical University, Karaganda, Republic of Kazakhstan, e-mail: alipbekova.g.87@mail.ru*

² *M. Auyezov South Kazakhstan University, Shymkent, Republic of Kazakhstan, e-mail: turekulova74@mail.ru*

HISTORICAL BACKGROUND OF THE EMERGENCE OF THE “MUSLIM BROTHERHOOD” MOVEMENT AND BASIC IDEAS (XIX – THE MIDDLE OF THE XX CENTURY)

Abstract

In 1928, in the city of Ismailia, a school teacher Hassan al-Banna founded the Muslim Brotherhood organization in order to restore the cultural and spiritual identity of Muslim countries based on Islamic values and to oppose the colonial system of European countries. At the initial stage of its activity, the religious movement was mainly engaged in educational and charitable activities. However, under the influence of internal and external factors, it gradually became a radical political force in the Middle East. The scientific article examines the history of the formation of the religious and political movement “Muslim Brotherhood” in the context of the historical and political situation in Egypt in the 19th-20th centuries, analyzes the initial ideological platforms and leading ideas of this movement, studies the influence of external and internal factors on the activities of the organization, as well as it examines the impact of the political and ideological concepts of Islamic enlighteners and reformers Abd ar-Rahman al-Kawakibi, Jamal ad-din al-Afghani and Muhammad Abdo on the formation of the views of Hassan al-Banna, analyzes the main directions of the organization’s activities in the 20-40s of the twentieth century, reveals the causes and trends of radicalization of the religious movement.

Keywords: Egypt, Islamic movements, Muslim reformers, Muslim Brotherhood, national liberation movements, radical views

Кіріспе. Қазіргі кезеңдегі тарихи және саяси дамудың негізгі мәселелері рухани құндылықтарға қатысты туындайды. Түрлі ағымдар мен идеологиялардың ықпалының нәтижесінде дәстүрлі моральдық және мәдени қондырғылар, діни-рухани ұстанымдар өзгерістерге ұшырауда. Радикалды ұйымдар, қақтығыстарды туындататын идеологиялық құралға және әскери күшке айналып отыр. Әлемнің барлық аймақтарындағы түрлі идеологияларға негізделген діни-саяси ұйымдардың, ақпараттық кеңістік арқылы өз ұстанымдарын жастар арасында кеңінен тарату үрдісі және экстремистік пиғылдар мен террористік шараларға шақыру үшін айлы-шарғы әдістерін қолдану мәселелері, Қазақстан Республикасының қоғамдық және рухани қауіпсіздігіне төнген негізгі қатерлер болып табылады. Осы ретте, радикалды діни-саяси ұйымдардың қазіргі саясаттарына талдау жасау және олардың қызметінен туындайтын негізгі қауіп-қатерлердің алдын алу үшін, олардың құрылу тарихын, бастапқы кезеңдегі бағдарларын, сыртқы және ішкі факторлар мен тарихи жағдайлардың олардың қызметіне ықпалын зерттеу қажеттілігі айқындалады.

Мақаланың негізгі мақсаты – Египетте құрылған «Мұсылман бауырлар» ұйымының құрылу тарихын, бастапқы кезеңдегі негізгі идеологияларын, құрылымдық ерекшеліктерін зерттеу болып табылады. Мақалада, ұйымның саяси-құқықтық тұжырымдамаларына және идеяларына талдау жасау, ұйымның құрылу тарихын Таяу Шығыстың, оның ішінде Египеттің тарихи – саяси даму ерекшеліктері аясында қарастыру міндеттері қойылған.

Материалдар мен әдістер. Зерттеудің әдістемелік негізі пәнаралық байланыстан туындайды. Тарихи, саяси және экономикалық ғылымдар шеңберінде ұйымның құрылу мақсаттары, оның негізгі қозғаушы күштері, даму эволюциясы қарастырылады. Сонымен қатар, мақалада тарихи шынайылық және жүйелік әдістері қолданылды. Тарихи жүйелілік әдісі шеңберінде, жеке тұлға, мемлекеттің ішкі жағдайы және халықаралық саясаттың өзара байланысы жүйелі тізбегінде XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бірінші жартысындағы еуропалық мемлекеттердің Таяу Шығыстағы отарлау саясаты және Египеттің саяси-тарихи

дамуы мен «Мұсылман бауырлар» ұйымының идеялық платформасының қалыптасуы мәселелері өзара байланыста қарастырылады.

Мақаланы жазу барысында дереккөз ретінде «Мұсылман бауырлар» ұйымының ресми парақшасының (info@ikhwanweb.com) материалдары, «The Quran Blog» интернет парақшасындағы Хасан ал-Баннаның еңбектерінің аудармалары пайдаланылды.

Талқылау. Таяу Шығыс аймағындағы тарихи-саяси үрдістер, жихадтық қозғалыстар, террористік және экстремистік пиғылдар, ислам дінінің радикалдануы, аймақтың қауіпсіздік мәселесі сияқты іргелі тақырыптарға арналған ғылыми әдебиеттер және сараптамалық материалдардың ауқымы өте кең. Исламдық ұйымдардың идеялық алғышарты және радикалдану үдерісінің негізгі себептерін айқындау барысында араб ұлтшылдық қозғалысының негізгі мәні терең пайымдауларды қажетсінетін бағыт болып табылады. Ислам дінінің саяси қозғалысқа айналуының, діннің аясында радикалды ағымдардың пайда болуының негізгі себептерін айқындауға арналған американдық ғалымдар Б.Льюис [1] және Дж. Эспозитолардың [2] еңбектерінде «өркениеттер қақтығысы» теориясы негізінде исламның радикалдану мәселесіне талдау жасалынады. Сауд Арабиялық саясаттанушы Науаф Эссам Ахмад Обейд [3], «Мұсылман бауырлар» ұйымы, соңғы кездері саяси зомбылық әдістерін бойына сіңіріп, жихадтық қозғалыстармен тығыз байланысқа түсуіне байланысты, араб әлеміндегі жетекші саяси күшке айнала алмады, деген тұжырымдар жасайды.

Ғылыми әдебиеттердің негізгі бағыты «Мұсылман бауырлар» ұйымының қазіргі таңдағы қызметімен тығыз байланысты. Дегенмен, ұйымның негізін қалаушы Хасан ал-Баннаның толықтай өмірбаяны, оның ерте кезеңдегі өмірлік ұстанымдары және көзқарастары баяндалған еңбектердің саны өте аз. Танымал исламтанушы Гудрун Крамердің «Исламизмнің негізін қалаушы Хасан әл-Банна және «Мұсылман бауырлар» атты еңбегі [4] осы бағыттағы санаулы зерттеулердің қатарына жатады. Г.Крамер, Хасан әл-Баннаның өмірбаяны және саяси-діни көзқарастары аясында Таяу Шығыс аймағының тарихи даму ерекшеліктерін зерделейді.

Сонымен қатар, бейбіт қозғалыс ретінде құрылған «Мұсылман бауырлар» ұйымы, ХХІ ғасырда неліктен радикалды, экстремистік, терроризмге қатысы бар, тиым салынған ұйымға айналды және осы үрдісте сыртқы күштердің ықпалы қандай? деген мәселелер өміршең тақырып. «Мұсылман бауырлар» ұйымының негізін қалаушы Хасан әл-Баннаның және оның идеялық танымдарының қайнар көздеріне айналған, рухани ұстаздары Жамал ад-Дин әл-Ауғани мен Мухаммад Абдо сияқты исламдық реформаторларының масон ұйымына неліктен кіргендігі және масон ұйымының ислам қозғалысына қандай ықпалы болғандығы зерттеулерді қажет ететін бағыт болып табылады. Жалпы, ислам ағартушылары мен реформаторларының масондық ұйымдарға мүше болғанын дәлелдейтін құжаттар мен еңбектер саны жеткілікті болғанымен, ислам қайраткерлерінің ұстанымына және идеяларына масондық қондырғылардың ықпалы туралы ақпараттар саны өте сирек. Палестинадан шыққан, американдық профессор Хасан Яхья өзінің «Мұсылман ағартушыларының масондық негізі: мұсылман дегеніміз кім?» атты мақаласында, Жамал ад-Дин әл-Ауғани және Мухаммад Абдо екеуінің Ұлыбританияның шегінен тыс жерлерде, масондардың бақылауындағы салафиттік қозғалыстарды жандандыру мақсатында 1820 жылы құрылған, Оксфордтық масондар қозғалысының мүшесі болғандығы ресми құжаттармен дәлелденген және Жамал ад-Дин әл-Ауғани британдық мамандар Уилфред Скавен Блант және Эдвард Дж. Браун басшылығымен ағылшын барлау қызметінің агенті болған деп жазады [5]. Жамал ад-Дин әл-Ауғанидің ізбасарлары оны осы күнге дейін Ауғандық суннит ретінде санайтын болса, американдық шығыстанушы Никки Рагозин Кеддидің «Саид Джамал ад-Дин әл-Ауғани: саяси өмірбаян» атты зерттеуінде, оны ирандық шиит деген дәлелдер келтіреді [6]. Самир Раафат «Египеттегі масон қозғалысы» атты зерттеуінде, Мухаммад Абдо діни фанатик болған емес, республикалық саяси көзқарасты ұстанған және масон ложасының нағыз мүшесі болған деген деректер келтіреді [7]. Зерттеушілер, Екінші дүниежүзілік соғысқа дейін «Мұсылман бауырлар» ұйымымен Британдық барлау қызметі ағылшын жазушысы Фрейя Старк (1893-1993) арқылы байланыс орнатқанын және «Мұсылман бауырлар» Масондардың ілімінің желісіндегі исламдық фундаменталистік ұйымға айналғанын ерекшелейді [8].

Ұйымның радикалдану үрдісіне Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңындағы фашизм ағымының ықпалы туралы мәселелер де пікірталастар тудырып отырған бағыт. Неміс тарихшысы, саясаттанушы Маттиас Кюнцель, «Мұсылман бауырлар» неміс офицерлерінің көмегімен өз әскери ұйымдарын құрды және Екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде Роммель армиясымен ынтымақтастық орнатты және фашистік ағымның ықпалымен ұйым антисемиттік қозғалысқа айналды, деп жазады [9]. Осло университетінің профессоры Бриньяр Ли тарапынан, фашистік Германияның ресми ақпараттық қызметі (Deutsches Nachrichtenbüro) директорынан тінту кезінде алынған құжаттар арқылы, 1939 жылдың қазан айына дейін «Мұсылман

бауырлар» фашистік Германиядан қаржылай көмек алып отырғандығы дәлелденген, деген тұжырымдар ұсынылады. Бриньяр Лиан, Хасан әл-Банна, фашистік Италия мен Германия елдерінде құрылған фашистік әскери жастар топтарының қызметінің үлгісін ұстана отырып, осы тұрғыдағы исламдық нұсқаға негізделген жастар скауттық қозғалыстарын құруға ұмтылды деп жазады [10].

«Мұсылман бауырлар» ұйымының радикалдану үрдісінің себептері мен саяси зорлық зомбылықтарды ұстануы қай кезеңнен басталғаны туралы мәселелерге арналған еңбектердің басым бөлігінде ұйымның қарулы күшке айналу кезеңін, «Мұсылман бауырлардың» идеологы Сейид Ибрахим Кутб (1906-1966) тұлғасымен тығыз байланыста қарастырады. Жиль Кепель, Хасан әл-Банна өмірден өткеннен кейін қалыптасқан идеологиялық вакуумды, С. Кутб радикалдық дүниетанымды тарату арқылы толтыруға тырысты, нәтижесінде Египетте қарулы исламистік ұйым қалыптасты деген тұжырымдар жасайды [11].

Зерттеу нәтижелері. *XIX ғасырдың екінші жартысындағы Таяу Шығыс елдеріндегі ағартушылық-реформаторлық қозғалыс және «Мұсылман бауырлар» ұйымының қалыптасуының тарихи алғышарттары*

«Мұсылман бауырлар» ұйымы іс жүзінде 1928 жылы құрылғанымен, оның тарихи тамыры Осман империясының билігі кезеңіндегі әлеуметтік-саяси жағдайлардан және XIX ғасырдағы Еуропалық ірі державалардың Азия және Африка елдеріндегі отарлық империяларын құру кезеңінен бастау алады. XVI ғасырдың басында Осман империясы Таяу Шығыстағы ірі державаға айналып, 1517 жылы түріктер Египет және Батыс Арабияны жаулап алғаннан кейін Осман империясының сұлтаны Селим I, Аббасидтер династиясының соңғы халифы әл-Мутауаккиль III қолынан барлық мұсылмандардың халифы деген атақ алды. Дегенмен, XIX ғасырда Жерорта теңізі жағалауындағы сауда жолдарына үстемдік құруға ұмтылған Ұлыбритания және Франция елдерінің отарлық саясаттарының нәтижесінде Осман империясының өзі еуропалық державаларға тәуелділікке түсті. Таяу Шығыс елдеріне шетел капиталының енуі салдарынан араб елдерінің ұлттық экономикасы шетел банктері мен сауда компанияларының ықпалына түсіп, Ұлыбритания және Францияның шикізат көздеріне айналды.

Осы тарихи жағдайларға байланысты, XIX ғасырдың екінші жартысында араб елдерінде, Осман империясы және еуропалық мемлекеттердің отарлау саясатына қарсы ұлттық өркендеу идеясы – «ан-нахда аль-арабийя» кеңінен тарай бастады. Араб қайта өрлеу қозғалысының мақсаты – араб елдерін отаршылдықтан азат ету, біртұтас араб ұлттық қозғалысын құру болды және жетекші идеясы - арабтардың қуаты мен күшін қайта жаңғырту мәселесіне арналды. Ислам әлемінің Батыс елдерінен артта қалуы мәселесі толғандырған мұсылман қайраткерлері тығырықтан шығу жолдарын іздестіру бағытында, отаршылдықпен күрес, ислам әлемінің өзара ынтымақтастығы, ислам әлемінің рухани және қайта жаңғыру жолдарын доктриналды түрде тұжырымдап, іске асыру мақсатын қойды.

«Мұсылман бауырлар» ұйымының идеясының қайнар көзі осы кезеңдегі араб ұлтшылдығының көрнекі өкілі Абд ар-рахман әл-Кавакибидің (1855-1902) және мұсылман модернистері Жамал ад-Дин әл-Ауғани (1839-1897) мен Мухаммад Абдо (1848-1905) идеяларынан бастау алады.

Сириялық діни және саяси қайраткер Абд ар-рахман әл -Кавакиби, өзінің еңбектерінде араб ұлтшылдығын жаңғырту идеясы негізінде мұсылмандарды біріктіретін халифат құру керектігін алға тартады. Кавакиби, халифаттың орталығы Мекке қаласы болуы тиіс, ал халиф ретінде араб-құрайыш үш жылға сайлануы қажет деген пікірді ұсынады. Мұсылман қауымының артта қалуының себептерін және араб әлемінің ыдырау үрдістерін зерделей отырып Кавакиби, діни құндылықтардан бас тарту, сонымен қатар дінді саяси мақсатта қолдану діни және саяси деспотизмді туындатты және тығырыққа келіп тірейтін ислам емес, дінді айла-шарғы ретінде ұстанатын кейбір мұсылмандардың іс-әрекетінде деген тұжырымдар жасайды [12]. Әл-Кавакиби, араб әлемінің әлеуметтік-саяси дамуында сыртқы күштердің ықпалы маңызды емес деп санай отырып, қиындықтардың барлығы араб әлемінің ішкі жағдайының дағдарысы себептерінен шығады деген тұжырымдар жасайды.

Отаршылдық және еуропалық империализммен күрескер ретінде танылған Саид Жамал ад-Дин әл-Ауғани, панисламизм доктринасының негізінде барлық мұсылмандарды бүкіләлемдік исламдық одақтың аясында бірігуге шақырған. Әл-Ауғанидің ілімі, исламның бастапқы кезеңіне қайта оралу, діни және қоғамдық-саяси-экономикалық өмірге жаппай реформалар жүргізу, исламдық кеңес негізінде саяси реформалар енгізу, бірыңғай ислам Лигасының шеңберінде барлық мұсылман мемлекеттердің бірігуі қажеттілігіне сүйенетін қағидаттарға негізделеді.

М. Абдо еуропалық ғылымның жетістіктерін сіңіру және батыстық прогрессивті даму жолына түсу үшін білім мен ғылымды және адамның ойын дамыту қажеттігін дәйектейді. Абдо пікірінше, адамзат тумысынан ерікті және қоршаған ортаны өзінің қабылеті мен іс-әрекеті арқылы өзгертуге мүмкіндігі мол.

Бақытқа жету үшін мұсылман еңбек етіп, сенімге ие болуы тиіс, сонда олардың еңбегі тиісті түрде бағаланады [13, б.201].

Жамал ад-Дин әл- Ауғани және Мухаммад Абдо ғылыми әдебиеттерде исламдық модернизмнің және Альберт Хурани либералдық кезеңдегі араб ойы [14, б.205] деп атаған дәуірдегі діни-саяси ағымдардың көрнекті өкілдері ретінде қарастырамыз. Бұл, араб әлемінің саяси-діни реформаторларын, израильдік тарихшы, Хайфа университетінің доценті Ицхак Вейсманн модернистік салафиттер деп ерекшелейді [15].

Исламдық модернизм – Батыс елдерінің саяси және мәдени саясатына қатысты ислам әлемінің идеологиялық тұжырымдамасы және ислам дінін, батыс әлемінен енген демократия, азаматтық қоғам, теңдік, ғылым және прогресс ұғымдарымен ұштастыру болып табылады. XIX ғасырдағы бұл ілімдер – ислам дінінің және мұсылман қоғамының қайта өрлеуі мен прогресіне негізделген ағартушылық реформаторлық қозғалыс ретінде туындаған деген тұжырымдар жасауға болады. Хасан әл-Банна қызметі және көзқарасы, әл-Ауғани, М. Абдо сияқты реформаторлардың ықпалымен қалыптасты және «Мұсылман бауырлар» ұйымының идеологиялық қондырғылары исламдық модернистік идеялардан бастау алады. Дегенмен, әл-Ауғани, М. Абдо исламды модернизациялау идеяларын ұсынса, әл-Банна қоғамды исламдандыруды жақтап, исламистік ағымды саяси идеология ретінде ұстанды.

XIX ғ. соңы-XX ғ. бірінші жартысындағы Египеттегі саяси жағдай және «Мұсылман бауырлар» ұйымының құрылуы. XIX ғасырдың екінші жартысы және XX ғасырдың бірінші жартысы кезеңіндегі Египет, Ұлыбритания мен Франция арасындағы отарлық иеліктер үшін күрес алаңына айналды және оның негізгі себептері төмендегі факторлардан туындайды:

Біріншіден, Саид-паша (1854-1863) кезеңінде Суэц каналы құрылысы басталды. Азия және Африка елдерінің сауда жолдарын жалғастырушы Суэц каналы – Египеттің геосаяси орнын және маңызын өзгертіп, ел еуропалық елдердің отарлау саясатының нысанына айналды.

Екіншіден, Хедив Исмаил кезеңінде (1863-1879) Египет сыртқы қарызы артуына байланысты еуропалық елдерге қаржылық тәуелділікке түсті. Мемлекеттік қарыздың шамадан тыс артуына байланысты, 1876 жылы 8 сәуір күні Исмаил елді банкрот ретінде жариялады. 1876 жылы 2 мамыр күні Исмаил декрет жариялап, ол бойынша «Египет мемлекеттік қарызының Кассасы» комиссиясы құрылды. Нәтижесінде, Франция және Ұлыбритания елдеріне қаржылық тәуелділікке түсіп, елге еуропалық қаржы бақылаушылары кірді. Осындай қалыптасқан жағдайлар барысында, еуропалық елдер Египеттің ішкі ісіне белсенді түрде араласа бастады. Британдық қайраткер Э. Дайси өз еңбегінде [16] Египетті, өзіндік табиғи қорларын игеруге қабілетсіз ел ретінде қарастырып, феодалдық даму сатысынан аса алмай қалған елді тек қана еуропалық державалар қаржылық және саяси дағдарыстан алып шығады деген тұжырымдар ұсынады. 1878 жылы Исмаил еуропалық үкіметті құру туралы жарлығын жариялап, Үкіметті армян ұлттыңан шыққан, христиан дінінің өкілі Нубар-паша басқарып, үкімет құрамына: қаржы министрі ретінде – ағылшын Риверс Вильсон және қоғамдық жұмыстар министрі француз де Блиньер тағайындалды. Бұл жағдай Египеттің ішкі ісіне шетел державаларының тікелей араласуын және Египеттің жартылай отарға айналуын тудырды.

XIX ғасырдың екінші жартысы-XX ғасырдың бірінші жартысындағы Египет елінің әлеуметтік-экономикалық жағдайының төмендеуі салдарынан, еуропалық державалардың отарлық саясатына және елдегі саяси-экономикалық тұрақсыздықтың орнауына жауап ретінде Египеттік ұлт-азаттық қозғалыс басталды. 1897 жылы Мухаммад Шариф - паша бастаған «Хизб ал Уатан» (Ұлттық партия) құрылды. Полковник Ахмед Ораби, танымал саяси қайраткер Абдаллах Недим және шейх Мухаммад Абдо тарапынан «Египет – египеттіктер үшін» және «Суэц каналы-египеттіктер үшін» ұраны тасталынып, ұлттық идеяға сүйенген елдің азаматтары саяси тәуелділікті талап етті. Англияның Египеттегі саясатын ақтап, Ұлыбританияның Таяу Шығыс аймағындағы ықпалының артуы сол кездегі прогрессті дамыту үшін қажет болды деп, санайтын Дж. Мак-Коан бұл мәселеге қатысты, «Египет-египеттіктер үшін» деген ұран негізсіз, себебі египеттік феллахтар жүз жылдыққа даму жағынан артта қалып қойды және өзін өзі басқаруға әлі дайын емес», деген көзқарасын білдіреді» [17, б. 298].

Ұлт-азаттық қозғалыстың жетекшілері, зиялылары Египеттің саяси-экономикалық жүйесін реформалау және батыс елдері үстемдігінен арылту мақсатын қойды осы қозғалыстың өзегіне айналған реформаторлар ішінде түрлі идеологиялық көзқарас қалыптасты. Олар, батыстық даму жолын қолдайтын және дәстүрлі ұлттық даму жолын жақтайтын топтарға бөлінді. Батыстық даму жолын қолдайтын топтардың идеясы – Еуропалық даму жолына толықтай бағыну араб елдерінің прогрессивті дамуын қамтамасыз етеді деген тұжырымдарға негізделді. Осы орайда, египеттік заңгер, философ, саяси қайраткер және ұлттық қозғалыстың негізін қалағандардың бірі Касим Аминнің «Егер де еуропалықтар бізге зиян келтіргілері келетін болса, олар бізді өз жайымызда қалдырып, елдің дамуына араласпай қоюы жеткілікті» [18, б 191], деген ойы сол кезеңдегі батыстық даму жолын жақтаған ойдың жарқын көрінісі деп санаймыз.

Дәстүрлі даму жолын таңдаған топ, рухани саладағы Шығыс елдерінің Батысқа қарағанда әлеуетінің зор екендігін және артықшылықтарын дәйектеген. Араб жазушысы, журналист Ахмад Фарис аш-Шидийак: «Еуропалықтарды кезіктіріп, танып-білген кез келген адам еуропалықтар бізден ой, түйсіну, ақыл-парасат жағынан асып түспейтінін түсінеді... Шындығында, біз олардан рухани жағынан артықшылықтарымыз-ақиқат», деп жазады» [18, б 192].

XIX ғасырда бірқатар еуропалық ғалымдардың арасында ғылымды, прогресс пен өркениеттің дамуын тек христиан халықтары ғана қабылдай алады, ал мұсылман халықтары ғылыммен үйлеспейді және мәңгілік артта қалуға ұшырайды деген теория кең тараған болатын. Египеттік ойшылар болса, бұл пікірдің қателігін дәйектеп, халықты дұрыс рухта тәрбиелеуді, еуропалықтардан мода ғана емес, олардың рационалды көзқарастарын, еңбекқорлығын, іскерлікке байыпты көзқарасын, маңызды мәселелерді шешуде ынтымақтаса білуін, материалдық және мәдени даму мүддесі үшін мүмкіндіктерді іздей білуін Шығыс халықтарының бойына сіңіру қажеттігін айрықшалайды. Осы кезеңде, еуропалық прогресс идеясынан, Шығыстық жаңа адамды тәрбиелеу және исламдық этиканы өзгерту идеясына көшу орын алды.

XIX ғасырда Еуропада саяси ойында, орта тап өкілдері прогрессивті даму жолын қамтамасыз ететін күш деген тұжырымдар басым болды. Бұл идея, аристократиялық топтың үстемдігін дәріптейтін мұсылман әлемі үшін жаңа бағыт болды. Египеттік ойшылар, араб-ислам ортасы үшін адамдардың еркін және таңдау мүмкіндігін ұсынатын идеяларды айрықшалап, адам дінмен белгіленген шекара шегінде еркіндікке және өз іс-әрекеттері арқылы жауапкершілікке ие болады деген тұжырымдарды ұсынды. Осы ағымдардың жетекші идеялары және көзқарастары Хасан әл-Баннаның өзіндік ұстанымдарының қалыптасуына үлкен ықпалын тигізді. Бастапқыда, Хасан әл-Банна (1906-1949) саяси ойшыл немесе діни үлемдердің қатарына кірген жоқ, Банна, Батыстың Египеттегі үстемдігіне қарсы шыққан, исламды қоғам үшін пайдалы да түсінікті идеяға айналдыруға ұмтылған және төменгі тап өкілдерінің білім алуға деген мүмкіндіктерін жақтаған мектеп мұғалімі болды.

1879 жылы Египет хедиві Исмаил биліктен аластатылып, таққа оның ұлы – Мухаммад Тауфик паша (1879-1892) отырды. Тауфик, елдің еуропалық державаларына тәуелділігінің артуы үрдісін тоқтата алмады және 1882 жылы британдықтар Египетке әскерін кіргізіп, протекторатын орнатып, тек қана 1922 жылы Египеттегі «протекторат мәртебесінің» күшін жойды, дегенмен өзінің ықпалын жоғалтпады.

Осы кезең Хасан әл-Баннаның саяси және дүниетанымдық көзқарастарының қалыптасуына әсер еткен дәуір болды. Британдықтардың ықпалының сақталып қалуы және Египеттің саяси жағдайы, 1924 жылы Түркиядағы халифат жүйесінің жойылуы, Хасан әл-Баннаның бойында, ислам және мұсылман бірегейлігі отаршыл елдерден төнетін қауіптен арылмағандығы жайлы ойлар ұялатып, ол, «шынайы исламнан» ауытқу мұсылмандарды батыстандырып, отаршыл саясатқа тәуелді етеді, деп санады.

Әл-Баннаның исламды саяси идеологияға айналдыруы, оның исламды «осы дүние мен ақыреттің барлық аспектілерін қамтитын мінсіз жүйе» деп санауынан туындайды [19]. Ол «Мұсылман бауырлар» қозғалысының қызметін «дәстүрге шақыру», «сүннет жолымен жүру» және сонымен бірге «сопылық ақиқат» түрінде, ал нысаны жағынан саяси қозғалыс, спорттық ұйым, мәдени-ағартушылық қозғалыс экономикалық және әлеуметтік идея ретінде айқындайды. Хасан әл-Банна ислам әлемінің құлдырауына Батыстың кінәлі екенін, оның ислам қоғамын отарлап алуы, Шығыс елдеріндегі моральдың құлдырауына және мұсылмандардың Құран негіздерін ұмытуына әкеліп соқтырғанын алға тартты. Сондықтан, әл-Банна мұсылман жастарын салафиттік ислам (бабалар дініне және исламның ортодоксалды нысанына қайта оралу) негізінде тәрбиелеу қажеттілігін алға тартады. Ұйымның негізгі идеологиясы, «Ислам- бұл догма, отан, ұлт, діни сенім, мемлекет» деген ұғыммен дәйектелді [20, б. 390]. Әл-Банна бойынша «Мұсылман бауырлар» ұйымы, салафиттік уағыз, сүннеттік жол, саяси ұйым, спорттық топтар, зияткерлік және ғылыми қауым, экономикалық компания мен әлеуметтік идея болды. Жалпы, Хасан әл-Баннаның дүниетанымдық көзқарасының қалыптасуын бірнеше кезеңдерге бөліп қарастырамыз:

Бірінші кезеңде, Хасан әл-Баннаның діни мәдениет пен білімдерді игеру кезеңі деп ерекшелейміз. Ол, 1906 жылы шейх Ахмад Абдурахман әл-Баннаның отбасында дүниеге келіп, сегіз жасында «Аррашад» діни мектебіне қабылданады. 1923 жылы ал-әл-Банна «Хассафия» сопылық ұйымына мүшелікке қабылданып, сопылық шейхтардың басшылығымен, сопылық ілімді негіздейтін еңбектерді тереңінен зерттеумен айналысады. Педагогикалық колледжді бітіргеннен кейін «Дар аль-Улум» (Араб және ислам зерттеулерінің Академиясы) жоғарғы оқу орнында білімін жалғастырады. Оқу орнында тіл, ислам құқығы, география, тарих, саяси экономиканы зерттеп, өзінің білімін ұштайды.

Екінші кезеңде «Дар аль-Улум» оқу орнында білім алып жүрген Хасан әл-Банна 1926 жылы Египетте құрылған «Жастардың мұсылман ассоциациясы» (Джамият аш-Шуббан ал-Муслимин) ұйымына мүше болып қабылданады. 1927 жылы Исмаилия қаласындағы орта мектептің мұғалімі қызметіне кіріскен, әл-

Баннаның көзқарасы Суэц каналына қатысты жүргізіп отырған еуропалық саясатқа байланысты қалыптасады. Осы кезеңде әл-Баннаның дүниетанымының қалыптасуына Сириялық салафиттік ағымды ұстанған жазушы, XX ғасырдың 20-шы жылдары «Әл-Ахрам» газетінің редакторы Мухибб уд-Дин әл-Хатиб (1886-1969) және салафиттік көзқарастағы сириялық жазушы және исламдық реформатор, «Әл-Манар» басылымының редакторы Рашид Рида (1865-1935) үлкен ықпалын тигізеді.

Суэц каналы бойындағы маңызды қала ретінде салынған Исмаилияда, Суэц компаниясының еуропалық қызметкерлері мен египеттік жұмысшылар арасындағы алшақтық және теңсіздік жағдайлары, Египеттің еуропалық державаларға тәуелділігі мәселелері әл-Баннаны толғандырып, 1928 жылы наурыз айында Суэц каналының алты жұмысшысы және Хасан әл-Банна, британдық режимнің египеттік жұмысшыларға деген әділетсіздігіне наразылық ретінде «Мұсылман бауырлар» ұйымының негізін қалайды. Бастапқы кезеңдегі ұйымның мақсаты – Британдық саясаттан жәбір көрген египеттік мұсылман жұмысшылардың құқығын қорғау, жағдайын жақсарту болды. Хасан әл-Банна және оның ұйымның бастапқы алты мүшесі Исмаилия қаласында пәтер жалдап, жастарды сол жерге жинап, түрлі діни пәндер бойынша сабақтар өтуді бастайды.

XX ғасырдың 20 жылдарында Египетте, идеялары және саяси көзқарастары еуропалық идеялар желісінде қалыптасқан білімді жастардың тобы саясатқа, қоғамдық істерге белсене араласа бастады. XX ғ. 30 жылдары басталған экономикалық құлдырау салдарынан халықтың, өмір сүру деңгейінің күрт төмендеуіне және жұмыссыздықтың өсуіне жауап ретінде бұл топтың өкілдері египет ұлтының, араб және ислам әлемінің нығаюы мен бірігуіне бағытталған жаңа қозғалыстарды құруға, ислам құндылықтары мен фараондар дәуірінен мұра болған Египет мәдениетінің жаһандық маңызын дәріптей отырып, Батыс басқару принциптерін исламдық өмір салтымен ауыстыруға ұмтылды. Олар еуропалық империализмнің әділетсіздігіне наразылық білдіріп, ағылшындарға қарсы шерулер ұйымдастыра бастады және Батыс мәдениетінің ықпалына, сонымен қатар, Египеттегі отаршылдық саясатының орнауына жол берген дәстүрлі мұсылман билігіне де наразылық танытты. «Мұсылман бауырлар» ұйымы осы топтың идеялары аясында қалыптасты.

Америкалық Эмори университетінің профессоры Кэрри Розефски Уикхэмнің 2013 жылы жарық көрген «Мұсылман бауырлар: исламистік қозғалыстың эволюциясы» атты еңбегінде, бастапқы кезеңде әл-Банна және оның жақтастары Исмаилия қаласында мешіттер мен көпшілік жиналатын жерлерде өз ілімдерін тарату стратегиясымен айналысқанын, нәтижесінде, 1928 жылы алты адамнан құрылған ұйым мүшелерінің саны 1940 жылдары жүз мыңдаған адамға жеткендігін жазады [21]. Бастапқы кезеңде, ұйым және оның көшбасшысы білім беру және қайырымдылық салаларына ерекше мән берді. Әл-Баннаның басты мақсаты – ислам құндылықтарына негізделген тұлғаны тәрбиелеу болды. Әл-Банна Египеттің білім беру жүйесін ашық сынап, Египет білім беру жүйесінің олқылығын, елдің артта қалуының және Батысқа қарсы әлсіздігінің басты себебі ретінде атады. Өз еңбектерінде жастарды әрбір ұлттың өркендеуінің басты құралы ретінде қарастырып, әрбір қайта өрлеу бойынша тұжырымдардың басты күші және тасымалдаушысы деп атады [22].

Әл-Банна патриотизмге баулу және отанға, мұсылман ұлтына қатысты мәселелердің маңыздылығын айқындайды. Жастардың міндеті – елін азат етіп, Еуропа мемлекеттері тәріздес мемлекеттің материалдық қуатын ұлғайту қажет деп жазады [22]. Патриотизм әл-Банна бойынша, жастардың бойында азаматтық жауапкершілік сезімін ояту, кедейшілікпен, сауатсыздықпен, аурумен және қылмыспен күресуге ұмтылу және қазіргі қоғамның орнына исламдық әлеуметтік әділеттілік пен бауырластыққа негізделген жаңа үлгілі қоғам құру [23]. Әл-Баннаның білім беру әдістемесінде дене тәрбиесі де маңызды орын алды. Ол, спорттық жаттығулар тән мен жанды теңестіруге көмектеседі, ал жастарды спорт пен дене жарысына тарту олардың өзіне деген сенімділігін, жолдастық пен ынтымақтастық рухын қалыптастыруға ықпал ететін фактор деп есептеді [23]. Бастапқы кезеңнен мұғалімдерді даярлау ісі ұйымның басты басымдығына айналды, сондықтан әл-Банна мұғалімдерді дайындау мәселесіне ерекше алаңдаушылық танытып, мұғалімді кез келген білім беру бағдарламасының негізі және ұрпақты тәрбиелеуде ерекше жауапкершілікке ие тұлға деп таныды [23]. Осы идеялар негізінде, «Мұсылман бауырлар» Египеттің барлық аумақтарында мектептер мен үйірмелердің бейресми желісін құра бастады. 1935 жылы ұйымның аясында діни мектептердің саны 300 ге жетті.

«Мұсылман бауырлар» ұйымы XX ғ. 40 жылдарында елдің саяси өміріне белсене араласа бастады және саяси күшке айналуы ұйғарды. Король Фарук I билігі кезеңінде (1936-1952), үкіметпен бірге елдегі сауатсыздықты жою және басқа да білім саласындағы ұлттық жобаларды әзірлеуге қатысып отырған ұйым мүшелері, кейіннен Египетте «исламдық тәртіп» құруды, осы саяси жүйенің көшбасшыларына және діни биліктің басты қайнар көзіне айналуға ұмтылды.

Өздерінің саяси бағдарламаларында «Мұсылман бауырлар» ұйымы бірнеше салаларда төмендегідей исламистік реформалар жүргізуді жоспарлады:

- ислам дінінің бастапқы тазалығына оралу;
- Египет халқын және басқа да ислам мемлекеттерін ортақ қағидаттар аясына біріктіру, еуропалық мәдени және саяси үстемдікке қарсы бірлескен күрес жүргізу;
- экономикалық салада сыбайлас жемқорлықпен күресу және ауыл шаруашылық, өнеркәсіп, сауда салаларында ұлттық реформалар жүргізу;
- әлеуметтік саясатты жетілдіру, түрлі таптар арасындағы теңсіздікті жою, әділетті қоғам орнату, кедейшілік, сауатсыздықпен күрес;
- Египетті және басқа да араб елдерін шетел оккупациясынан азат ету, араб және ислам бірлігін дәріптеу;
- халықаралық салада, ислам негізінде жаңа әлемдік тәртіп орнату.

Ислам негізінде халықаралық тәртіп құру және оған жетудің жолдарының әдістерін Хасан әл-Банна төмендегіше баяндайды:

- біріншіден, ислам құндылығына негізделген тұлғаны тәрбиелеу;
- екіншіден, ислам дініне негізделген отбасын құру;
- мұсылман қауымын құру;
- ислам үкіметін құру [23].

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін ұйым мүшелігіне ауқатты буржазия өкілдері, жергілікті ақсүйектер, Египеттегі ықпалды тұлғалар кіре бастауы себебінен қозғалыстың қаржылық әлеуеті де біршама артты. XIX-XX ғасырлар тоғысында Египеттегі таптық қайшылықтарды және қарапайым халықтың үстем тап өкілдеріне қатысты наразылықтарын әл – Банна ұтымды пайдалана білді, сондықтан, ислам қағидаттары негізінде теңдікке, әділдікке шақырған ұйымның идеологиясы халық арасында үлкен беделге ие болды. «Мұсылман бауырлар» өнеркәсіпті ұлт меншігіне өткізуге, мемлекеттің экономикаға елеулі араласуына, жоғары лауазымды мемлекеттік қызметкерлердің жалақысын төмендетуге, жұмысшыларды қанаудан қорғайтын заңдарды шығаруға, пайызсыз несие беретін исламдық банк жүйесін құруға және әлеуметтік бағдарламаларды кеңінен таратуға шақырды. Жұмыссыздық бойынша жәр-демақы беру, ауқатты адамдарға салынатын жоғары салықтар есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік тұрғын үй және денсаулық пен сауаттылықты арттыру бағдарламаларын іске қосуды талап етті.

1948 жылы желтоқсанда Египеттің премьер-министрі Махмуд Фахми әл-Нокраши-паша (1888-1948) «Мұсылман бауырлар» ұйымының үкіметке қарсы үлкен оппозициялық күшке айналуынан қаймығып, ұйымның қызметіне тиым салып, заңнан тыс ұйым ретінде жариялады. Нәтижесінде, 28 желтоқсан күні «Мұсылман бауырлар» ұйымының мүшесі, король Фуад I университетінің студенті Абдел Межид Ахмад Хассан тарапынан жасалған қастандық салдарынан Нокраши –паша көз жұмды. Нәтижесінде, үкімет ұйымға қатысты репрессиялық шаралар жүргізіп, 1949 жылы 12 ақпан күні Хасан әл-Баннаға қастандық жасалынып, ұйым өз қызметін жасырын арнаға көшіруге мәжбір болды.

Қорытынды. XIX ғасырдың екінші жартысында Осман империясының араб провинцияларында араб ұлтшылдығының өсуімен байланысты арабтардың ұлттық жаңғыруы – Нахда идеясы кеңінен таралып, дамыды. Ұлт-азаттық қозғалыстың өзегі отаршылдық жүйесіне қарсы шыққан араб ұлтшылдары болды және прогреске негізделген олардың идеяларының бастауы Еуропалық ғылыми-техникалық ойдан және мәдениет, қоғамдық-саяси құрылымынан өріс алды. Екіншіден, египеттік ағартушылардың басым бөлігі, Мухаммад Али билігі кезеңінде еуропа елдеріне білім алуға жіберілген жастар болды. Олардың Франция, Италия, Ұлыбритания оқу орындарында білім алып жүрген кезеңінде сол кезеңдегі озық ойлы идеяларды бойына сіңіруге ұмтылуы және исламдық саяси-ағартушылық қозғалыстардың идеяларын жетекші державалар өз тарапынан бақылауға алып, олардың құрылымына, тұжырымдарына, идеологияларына өзгертулер енгізуге деген ұмтылысы заңды құбылыс болды. Еуропалық барлаушылар, агенттер Шығыс елдерінде құрылған ұйымды үнемі бақылауында ұстап отыруға ұмтылды. Бұл үрдіс ХХІ ғасырда да жалғасын тауып отырғандығын айқындаймыз. Егер XIX-XX ғасырларда ықпал ету аймақтарда саясат жүргізу, халық толқуларын ұйымдастыру, «Бөліп алып-билеу» принципін қолдану жетекші державалар тарапынан қолданылса, ХХІ ғасырда саяси аренаға трансұлттық корпорациялар, трансұлттық ұйымдар шығып, өздерінің саясатын жүзеге асыру мақсатында діни ұйымдардың қызметін пайдалану үрдісі орын алып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Lewis B. *What Went Wrong?: Western Impact and Middle Eastern Response.* – Oxford: Oxford University Press, 2002. – 192 p
2. Esposito J.L. *The Islamic Threat: Myth or Reality?* – N.Y.: Oxford University Press, 1992. – 354 p

3. Nawaf Obaid *The Muslim Brotherhood A Failure in Political Evolution*. [Electronic resource]. – 2017. – URL: // <https://www.belfercenter.org/sites/default/files/files/publication/Muslim%20Brotherhood%20-%20final.pdf> (Accessed 15.09.2023)
4. Krämer G *Der Architekt des Islamismus Hasan al-Banna und die Muslimbrüder*. C.H. Beck Verlag, München 2022. - 528 s
5. Hasan Yahya *The Masonic Roots of Muslim Thinkers: Who's the Muslim?* // *Arab American Encyclopedia*, [Electronic resource]. – 2012. – URL: <https://askdryahya.wordpress.com/2012/08/14/the-masonic-roots-of-muslim-thinkers-whos-the-muslim> (Accessed 17.09.2023)
6. Keddie, Nikki R *Sayyid Jamal ad-Din 'al-Afghani': A Political Biography*. Berkeley, University of California Press, 1972. – 479 p.
7. Raafat, Samir. “Freemasonry in Egypt: Is it still around?”// *Insight Magazine*. [Electronic resource]. – 1999. – URL: <http://www.egy.com/community/99-03-01.php> (Accessed 18.09.2023)
8. Goodgame P. *The Globalists and the Islamists: Fomenting the "Clash of Civilizations" for a New World Order*. [Electronic resource]. – 2005. – URL: // <https://dokumen.tips/documents/peter-d-goodgame-the-globalists-and-the-islamists.html> (Accessed 18.09.2023)
9. Matthias Küntzel *National Socialism and Anti-Semitism in the Arab World*// *Jewish Political Studies Review*. – 2005. – Vol. –N.1-2. – P.99-118
10. Brynjar L. *The Society of the Muslim Brothers in Egypt: the rise of an Islamic Mass Movement 1928 – 1942*. – Ithaca Press, 2006. – 328 p.
11. Kepel G., Rothschild J., Lewis B. *The prophet and pharaoh: Muslim extremism in Egypt*. – London: Saqi books, 1985. – 240 p.
12. Абд ар-рахман ал-Кавакибу *Природа деспотизма и гибельность порабощения / Пер. с араб. и исследование З. И. Левина ; Акад. наук СССР. Ин-т народов Азии. - Москва: Наука, 1964. - 202 с.*
13. Кириллина С.А. *Ислам в общественной жизни Египта (Вторая половина XIX-начало XXв.)*. – М.: Наука, 1989. – 201с.
14. Hourani A. *Arabic thought in the liberal age 1798-1939*. – Oxford: Oxford University Press, 1962. – 403 p.
15. Weismann I *Abd al-Rahman al-Kawakibi: Islamic Reform and Arab Revival (Makers of the Muslim World)* [Electronic resource]. – 2016. – URL: https://www.academia.edu/22240507/Abd_al_Rahman_al_Kawakibi_Islamic_Reform_and_Arab_Nationalism (Accessed 15.09.2023)
16. Dicey E. *England and Egypt*. –London: John Murray, 1881.–305 p
17. MacCoan J.C. *Egypt under Ismail*. – London:Burns &Oates, 1889.–315 p.
18. Левин З.И. *Развитие основных течений общественно-политической жизни в Сирии и Египте (новое время)*. – М.: Наука, 1972. – 267 с.
19. Al-Banna H. *Five tracts of Hasan al-Banna' (1906-1949)* University of California Press, 1978. – 180 p.
20. Ketchley, N., Brooke, S., & Lia, B. *Who Supported the Early Muslim Brotherhood?* // *Politics and Religion*. – 2022. – №15(2). – P. 388-416.
21. Wickham C.R *The Muslim Brotherhood: Evolution of an Islamist Movement*. [Electronic resource]. – 2013. – URL: https://www.academia.edu/30819423/The_Muslim_Brotherhood_Evolution_of_an_Islamist_Movement_By_Carrie_Rosefsky_Wickham (Accessed 19.09.2023)
22. *The Complete Works of Imam Hasan al-Banna (9) Oh Youth!* [Electronic resource]. URL: <https://thequranblog.wordpress.com/?s=Oh+Youth+and+Letter+to+A+Muslim+Student&submit=Search> (Accessed 25.09.2023)
23. *The Complete Works of Imam Hasan al-Banna (6) Our Message* [Electronic resource]. URL: <https://thequranblog.wordpress.com/2008/06/07/the-complete-works-of-imam-hasan-al-banna-6/> (Accessed 25.09.2023)

References:

1. Lewis B. *What Went Wrong?: Western Impact and Middle Eastern Response*. – Oxford: Oxford University Press, 2002. – 192 p. [in English]
2. Esposito J.L. *The Islamic Threat: Myth or Reality?* – N.Y.: Oxford University Press, 1992. – 354 p. [in English]
3. Nawaf Obaid *The Muslim Brotherhood A Failure in Political Evolution*. [Electronic resource]. – 2017. – URL: // <https://www.belfercenter.org/sites/default/files/files/publication/Muslim%20Brotherhood%20-%20final.pdf> (Accessed 15.09.2023) [in English]
4. Krämer G *Der Architekt des Islamismus Hasan al-Banna und die Muslimbrüder*. C.H. Beck Verlag, München 2022. - 528 s. [in German]

5. Hasan Yahya *The Masonic Roots of Muslim Thinkers: Who's the Muslim?* // *Arab American Encyclopedia*, [Electronic resource]. – 2012. – URL: <https://askdryahya.wordpress.com/2012/08/14/the-masonic-roots-of-muslim-thinkers-whos-the-muslim> (Accessed 17.09.2023) [in English]
6. Keddie, Nikki R *Sayyid Jamal ad-Din 'al-Afghani': A Political Biography*. Berkeley, University of California Press, 1972. – 479 p. [in English]
7. Raafat, Samir. “Freemasonry in Egypt: Is it still around?”// *Insight Magazine*. [Electronic resource]. – 1999. – URL: <http://www.egy.com/community/99-03-01.php> (Accessed 18.09.2023) [in English]
8. Goodgame P. *The Globalists and the Islamists: Fomenting the "Clash of Civilizations" for a New World Order*. [Electronic resource]. – 2005. – URL: // <https://dokumen.tips/documents/peter-d-goodgame-the-globalists-and-the-islamists.html> (Accessed 18.09.2023) [in English]
9. Brynjar L. *The Society of the Muslim Brothers in Egypt: the rise of an Islamic Mass Movement 1928 – 1942*. – Ithaca Press, 2006. – 328 p. [in English]
10. Kepel G., Rothschild J., Lewis B. *The prophet and pharaoh: Muslim extremism in Egypt*. – London: Saqi books, 1985. – 240 p. [in English]
11. Matthias Küntzel *National Socialism and Anti-Semitism in the Arab World* // *Jewish Political Studies Review*. – 2005. – Vol. –N.1-2. – P.99-118. [in English]
12. Abd ar-rahman al-Kavakibi *Priroda despotizma i gibel'nost' poraboshcheniya / Per. s arab. i issledovanie Z. I. Levina ; Akad. nauk SSSR. In-t narodov Azii. - Moskva: Nauka, 1964. - 202 s.* [in Russian]
13. Kirillina S.A. *Islam v obshchestvennoj zhizni Egipta (Vtoraya polovina XIX-nachalo XXvv.)*. – M.: Nauka, 1989. – 201s. [in Russian]
14. Hourani A. *Arabic thought in the liberal age 1798-1939*. – Oxford: Oxford University Press, 1962. – 403p. [in English]
15. Weismann I *Abd al-Rahman al-Kawakibi: Islamic Reform and Arab Revival (Makers of the Muslim World)* [Electronic resource]. – 2016. – URL: https://www.academia.edu/22240507/Abd_al_Rahman_al_Kawakibi_Islamic_Reform_and_Arab_Nationalism (Accessed 15.09.2023)
16. Dicey E. *England and Egypt*. –London: John Murray, 1881.–305 p. [in English]
17. MacCoan J.C. *Egypt under Ismail*. – London: Burns & Oates, 1889.–315 p. [in English]
18. Levin Z.I. *Razvitie osnovnykh techenij obshchestvenno-politicheskoy zhizni v Sirii i Egipte (novoje vremya)*. – M.: Nauka, 1972. – 267 s. [in Russian]
19. Al-Banna H. *Five tracts of Hasan al-Banna' (1906-1949)* University of California Press, 1978. – 180 p. [in English]
20. Ketchley, N., Brooke, S., & Lia, B. *Who Supported the Early Muslim Brotherhood?* // *Politics and Religion*. – 2022. – №15(2). – P. 388-416. [in English]
21. Wickham C.R *The Muslim Brotherhood: Evolution of an Islamist Movement*. [Electronic resource]. – 2013. – URL: https://www.academia.edu/30819423/The_Muslim_Brotherhood_Evolution_of_an_Islamist_Movement_By_Carrie_Rosefsky_Wickham (Accessed 19.09.2023) [in English]
22. *The Complete Works of Imam Hasan al-Banna (9) Oh Youth!* [Electronic resource]. URL: <https://thequranblog.wordpress.com/?s=Oh+Youth+and+Letter+to+A+Muslim+Student&submit=Search> (Accessed 25.09.2023) [in English]
23. *The Complete Works of Imam Hasan al-Banna (6) Our Message* [Electronic resource]. URL: <https://thequranblog.wordpress.com/2008/06/07/the-complete-works-of-imam-hasan-al-banna-6/> (Accessed 25.09.2023) [in English]

Қ.Базарбаев¹, А.Амирбек^{2*}, Э.Акдениз³

¹PhD, доцент. Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті.
Қазақстан, Түркістан. E-mail: kanat.bazarbayev@ayu.edu.kz

<https://orcid.org/0000-0003-0058-2322>

^{2*}PhD, доцент. Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Қазақстан, Түркістан,
E-mail: aidarbek.amirbek@ayu.edu.kz

<https://orcid.org/0000-0002-1084-6259>

³Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. Қазақстан, Түркістан
E-mail: eren.akdeniz@ayu.edu.kz, <https://orcid.org/0000-0002-3261-3384>

ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ТҮРКІТІЛДЕС МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТАРИХЫ МЕН ДАМУ БАҒЫТТАРЫ

Аңдатпа

Мақалада түркітілдес мемлекеттердің қалыптасқан тарихи, саяси байланыстары, тілі, діні мәдениеті мен дәстүрлерінің ортақтығын негізге ала отырып, жаһандану жағдайында түркі дүниесі ынтымақтас-тығын одан әрі тереңдету мен даму бағыттары қарастырылады.

1992 жылдан бастау алып бүгінгі күнге дейін жалғасып келе жатқан түркітілдес мемлекеттер басшыларының қатысуымен өткен саммиттерінің нәтижесінде түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтас-тық кеңесі, тәуелсіз түркі республикалары арасындағы әріптестік қарым-қатынастарды тереңдету, түркі халықтары арасындағы мәдениет, ғылым, экономика саласындағы өзара пікір алмасулар қарқынды дамып келеді. Түркі кеңесінің алға қойған мақсаттары мен міндеттері барынша ауқымды. Атап айтқанда мемлекеттер арасында өзара сенімді нығайту; аймақта және әлемде бейбітшілік орнату үшін бірлескен күш-жігерді қолдау; сыртқы саяси мәселелерге ортақ көзқарас қалыптастыру; халықаралық терроризмге, сепаратизмге, экстремизмге және трансұлттық қылмысқа қарсы күресті бірлесе үйлестіру; ортақ мүдденің барлық салаларында өңірлік және өзара ынтымақтастықты кеңейту; сауда қатынастары мен инвестиция-лар үшін қолайлы жағдай жасау міндеттері Түркі Кеңесінің басым бағыттарын айқындап отыр.

Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастық кеңесінің жобалары аясында саяси-мәдени және рухани байланыстардың барынша тығыз ынтымақтастық орнатудың стратегиялық мақсаттары мен міндеттері талданады.

Сондай-ақ, жаһандану үдерісі кезіндегі халықаралық саяси тәжірибенің жаңа құбылысы ретінде түркі мемлекеттері ұсынатын ортақ моделі мен ортақ стратегияларының табиғи бірігуін құрайтын негізгі қағидаларының іске асырылуына ғылыми талдау жасалады.

Кілт сөздер: Түркі кеңесі, Түркітілдес мемлекеттер және олардың халықаралық ұйымдары, саяси-мәдени және гуманитарлық байланыстар, жаһандану, интеграциялық үдерістер, ғылыми болжамдар.

Бұл зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетімен қаржыландырылды (Грант № AP19676634).

*K.Bazarbayev¹, A.Amirbek^{*2}, E.Akdeniz³*

¹*PhD, associate professor. Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Kazakhstan, Turkistan. E-mail: kanat.bazarbayev@ayu.edu.kz
<https://orcid.org/0000-0003-0058-2322>*

²*PhD, associate professor. Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Kazakhstan, Turkistan. Corresponding author. E-mail: aidarbek.amirbek@ayu.edu.kz
<https://orcid.org/0000-0002-1084-6259>*

³*Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Kazakhstan, Turkistan
E-mail: eren.akdeniz@ayu.edu.kz, <https://orcid.org/0000-0002-3261-3384>*

HISTORY AND DIRECTIONS OF DEVELOPING FORMATION OF COOPERATION BETWEEN TURKIC SPEAKING STATES IN THE CONTEXT OF GLOBALIZATION

Abstract

The article deals with the directions for further deepening and developing cooperation of the Turkic world in the context of globalization, based on historical and political relations, a common language, religion, culture and traditions of the Turkic speaking states.

From 1992 and to this day, as a result of summits attended by the Heads of Turkic speaking states, the Cooperation Council of Turkic Speaking States, the cooperative relations between the independent Turkic republics, and exchanges of views between the Turkic peoples in the field of culture, science, and economics are rapidly developing. The goals and objectives put forward by the Turkic Council are very extensive. In particular, the strengthening mutual trust between the states; supporting joint efforts to establish peace in the region and the world; creating a common view on foreign policy issues; joint coordination in the fight against international terrorism, separatism, extremism and transnational crime; expanding regional and mutual cooperation in all fields of mutual interest; the task of creating favorable conditions to trade relations and investments determine the priority areas of the Turkic Council.

In the projects of the Cooperation Council of Turkic Speaking States, the strategic goals and objectives of establishing close cooperation in political, cultural and spiritual ties are analyzed.

Also as a new phenomenon of international political experience in the globalization process, a scientific analysis of implementing the basic principles, which are a combination of the general model and general strategies proposed by the Turkic states, is carried out.

Keywords: Turkic Council, Turkic speaking states and their international organizations, political, cultural and humanitarian relations, globalization, integration processes, scientific prediction.

This research is funded by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (Grant No. AP19676634).

*Базарбаев К.¹, Амирбек А.^{*2}, Акдениз Э.³*

¹*PhD, доцент. Международный казахско-турецкий университет имени Х.А. Ясави. Казахстан, Туркестан. E-mail: kanat.bazarbayev@ayu.edu.kz
<https://orcid.org/0000-0003-0058-2322>*

²*PhD, доцент. Международный казахско-турецкий университет имени Х.А. Ясави. Казахстан, Туркестан. Автор-корреспондент. E-mail: aidarbek.amirbek@ayu.edu.kz
<https://orcid.org/0000-0002-1084-6259>*

³*Международный казахско-турецкий университет имени Х. А. Ясави. Казахстан, Туркестан.
E-mail: eren.akdeniz@ayu.edu.kz, <https://orcid.org/0000-0002-3261-3384>*

ИСТОРИЯ ФОРМИРОВАНИЯ И НАПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ СОТРУДНИЧЕСТВА МЕЖДУ ТЮРКОЯЗЫЧНЫМИ ГОСУДАРСТВАМИ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ

Аннотация

В статье рассматриваются направления дальнейшего углубления и развития сотрудничества тюркского мира в условиях глобализации, исходя из общности сложившихся исторических, политических связей, языка, религии и традиций тюркоязычных государств.

В результате саммитов с участием глав тюркоязычных государств, начиная с 1992 года и продолжающихся по сей день, интенсивно развиваются Совет сотрудничества тюркоязычных государств,

углубление партнерских отношений между независимыми тюркскими республиками, обмен мнениями между тюркскими народами в области культуры, науки, экономики. Цели и задачи, выдвинутые Тюркским советом, максимально обширные. В частности, укрепление взаимного доверия между государствами; поддержка совместных усилий по установлению мира в регионе и мире; формирование общего взгляда к внешнеполитическим вопросам; совместная координация борьбы с международным терроризмом, сепаратизмом, экстремизмом и транснациональной преступностью; расширение регионального и взаимного сотрудничества во всех областях, представляющих взаимный интерес; задачи создания благоприятных условий для торговых отношений и инвестиций определяют приоритетные направления Тюркского совета.

В рамках проектов Совета сотрудничества тюркоязычных государств анализируются стратегические цели и задачи налаживания тесного сотрудничества политических, культурных и духовных связей.

Также проводится научный анализ реализации основных принципов, составляющих естественное объединение общей модели и общих стратегий, предлагаемых тюркскими государствами, как нового явления международной политической практики в процессе глобализации.

Ключевые слова: Тюркский совет, тюркоязычные государства и их международные организации, политико-культурные и гуманитарные отношения, глобализация, интеграционные процессы, научный прогноз.

Данное исследование финансируется Комитетом науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан (Грант № AP19676634).

Кіріспе. Орталық Азиядағы түркітілдес елдер 1991 жылы тәуелсіздігін жариялады, ал Түркия осы елдердің тәуелсіздігін мойындаған алғашқы мемлекет болды. 1990 жылдардың алғашқы жылдарында түркітілдес елдердің интеграциялық инфрақұрылымы коммуникациялар, көлік, мәдениет және білім беру, сауда және экономика саласындағы Түркиямен арағы екіжақты қатынастарды дамыту жөніндегі бастамалармен құрылды. Осылайша, 1990 жылдардың басында Түркияның түркі мемлекеттерімен жасаған келісімдерінің нәтижесінде аймақтың 11 елі тәуелсіздікке қол жеткізді, әсіресе сауда-экономикалық салада тәуелсіздігін нығайтты және кеңестік бағдардан ажырап, тәуелсіз бастамаларымен өзін-өзі дербес басқаруға негізделген сыртқы саясатқа араласа бастады. Сондай-ақ, түркі мемлекеттері Түркиямен байланысын жан-жақты дамытып, гуманитарлық, сауда, экономика, көлік және инфрақұрылым салаларындағы қатынастарды нығайтуға негізделген сыртқы саяси стратегияны іске асырды. Осы бағыттағы түркі мемлекеттері «Түркітілдес елдердің мемлекет басшыларының кездесулері» деп аталатын саммит процесін бастады, ол 2010 жылға дейін жалғасты, сол кезде Түркі кеңестерінің маңызды күнтізбесі өзара байланысты нығайту, интеграцияның берік негізін қалап, кеңестік басқару жүйесінен кейінгі кезеңде туындауы мүмкін түрлі мәселелердің шешілуін қамтамасыз ету үшін құрылды.

Жаһандану жағдайында әлемдік саясатта қалыптасқан өте күрделі халықаралық қатынастарда түркі мемлекеттері саяси-экономикалық, гуманитарлық ынтымақтастық орнатып, оны қамтамасыз ететін халықаралық (парламентаралық, үкіметаралық т.б.) ұйымдар мен мекемелер құру бағытында жүргізіп отырған саясаты саясаткерлердің ғана емес, сонымен бірге қоғамдық ғылым салалары өкілдерінің де жіті назарында болып отыр. Еуроодаққа балама болатындай түркі мемлекеттері ұйымының қызметі үнемі жетілдіріліп отыруды, халықаралық қатынастардағы саяси-экономикалық, әскери өзгерістерді жіті қадағалауды және осы күрделі жағдайда өзінің стратегиялық бағдарын сақтап қалуы үшін мемлекет басшыларының батыл саяси шешімдерін қажет етеді.

Материалдар мен әдістер. Мақала мазмұнында Түркітілдес мемлекеттердің саяси, тарихи-мәдени ықпалдастығын қалыптастырудың саяси-құқықтық тәжірибелеріне ғылыми талдау жасап, жаһандану жағдайындағы даму бағыттарын айқындау зерттеу жұмысымыздың маңызды гипотезасы саналады. Ғылыми зерттеулердің стратегиясы мен статистикалық мәліметтерін талдау, бағалау, сараптауға негізделеді. Жаһандану жағдайындағы Түркі мемлекеттер кеңесінің ынтымақтастығын одан әрі тереңдету мен даму бағыттарына ғылыми болжамдар жасауда заманауи теориялық-методологиялық әдіс-тәсілдер бойынша жасалатын тұжырымдар тарихи танымды жаңалайды. Түркітілдес мемлекеттердің тарихи саяси, мәдени қарым-қатынастарының нығайту бағыттарын айқындауда зерттеулердің сипаттаушы, корреляциялық әдіс-тәсілдер қолданылады.

Зерттеудің пәнаралық байланыстарды орындалатын ерекшеліктеріне сай оның жекелеген бағыттарын тұжырымдауда мынадай әдістер қолданады: Тарих ғылымының әдістері; халықаралық қатынастар ғылымының әдістері; рухани ынтымақтастық тұжырымдарын негіздеуде философиялық зерттеу әдістері; сол сияқты гуманитарлық кеңестік қалыптастыру бағытын тұжырымдауда аксиологиялық әдістер.

Тарихи деректер, құқықтық нормативтік құжаттар, статистикалық ақпараттар, индукция-дедукция, тарихи салыстырмалы талдау тәсілдерімен қол жеткен нәтижелер түркі тілдес мемлекеттердің жаһандық даму перспективаларын болжамдауға мүмкіндік туғызады. Зерттеудің басты мақсаты түркітілді мемлекеттердің ынтымақтастығы мен ықпалдастығын қалыптастыру мен дамытуға ықпал жасаған жоғары деңгейдегі мемлекет басшыларының кездесулері – саммиттердің қабылдаған шешімдеріне талдау жасау болып белгіленді.

Талдаулар мен нәтижелер. Тақырыпқа қатысты отандық және шетелдік қоғамдық ғылым өкілдерінің ұзақ жылдар бойы жүргізілген зерттеулері барысында ауқымды ғылыми зерттеулер кешені қалыптасты.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап Түркітілдес мемлекеттердің байланыстары тарихына отандық ғылымда жіті назар аударыла бастады. Сол зерттеулердің қатарында К.Б. Саудабаев [1], Ж.Қ. Түймебаев [2], А.Махаева [3], С.Рүстемов [4], А.Амирбек [5], А.Бурыбаева [6], Е.М. Тұралин [7] және т.б. зерттеулерін атап айтуға болады.

Дегенмен, бұл зерттеулерде тақырыптың жекелеген қырлары ғана кеңінен қамтылып, зерттелгендігі байқалады. Түркітілдес мемлекеттердің тәуелсіздіктен кейінгі кезеңдегі ортақ мәдени-гуманитарлық кеңістіктегі көпжақты қатынастарының тарихы түркілердің әлемдік мәдениет пен өркениетке қосқан үлесі туралы отандық және шетелдік атақты түркологтардың еңбектерін талдаған С. Булекбаевтың [8] монографиясы да іргелі зерттеуге айналды.

Түркітілдес мемлекеттердің ықпалдастығы тақырыбындағы ғылыми ізденістер, кейінгі кезде түркиялық зерттеушілер тарапынан қызу қолға алынды. Айталық, түрік ғалымы Али Назми Шораның [9] «Түрік Кеңесінен», «Түркі мемлекеттер ұйымына» одан «Түрік бірлескен мемлекеттеріне» апаратын жол» атты ғылыми еңбегінде түркітілдес елдердің алдан кездескен барлық қиындықтар мен кедергілерге карамастан түрік бірлігіне қол жеткізу бағыттарын жалғастыру түркі халықтарының болашағы үшін аса маңызды міндет екенін алға тартады. Е.Дурдулар [10] «Түркі әлемінің болашаққа қадамы және Түркі кеңесі» атты зерттеуінде Түркі кеңесіне мүше елдердің тіл, мәдениет және тарих бірлігі арқылы өзара қарым-қатынасын жаһандық жағдайда институттандырып жүйелеу керектігін алға тарта, М. Екши [11] Түркияның түрік әлеміне қатысты қоғамдық дипломатиялық байланыстарын ерекше атап өтеді. Осы бағытта зерттеулер жүргізген М. Шишекли [12] халықаралық ұйым - ТүркПА-ның түркі дүниесінің ықпалдастық бағыты мен қызметі және оның айрықша белгілерін ашады. Түркі әлемінің астаналары жайлы Мұрат Йылмаз және Чолпан Кавунжудың еңбегіне кең түрде талдау жүргізген Ф. Пурташ [13] жаһандық жағдайда түркітілдес мемлекеттердің ұлттық бірегейлікті қалыптастыру үдерісін талдайды.

Азербайжандық ғалым Д. Фейзиев [14] жаһандану үдерісі кезіндегі халықаралық саяси тәжірибенің жаңа құбылысы ретінде түркі мемлекеттері ұсынатын бірлік моделін зерттеген және сәтті болжамдар жасаған. Р. Рахманалиев [15] түркі халықтарының сан ғасырлық ықпалдастық тарихын зерделеп, оны дамытудың стратегиясын қарастырады. Ю. Рубинскийдің [16] және П. Савицкий еңбегінен [17] жаһандану тақырыбына байланысты проблемаларды кездестіруге болады. Бұл аталған зерттеулерде ортақ методологиялық ұстаным орнықтағандықтан бір-біріне қайшылықты тұжырымдар кездеседі. Қазіргі кезде жаһандану үдерісі мәселеге қатысты тың методологиялық ұстанымдарды қалыптастыруды қажет ететіндігі айқын болып отыр.

Б.Каримов еңбегінде [18] ТҮРКСОЙ, Түркі академиясы, Түркі мемлекеттерінің ынтымақтастық кеңесі және Түркі әлемінің аймақтық бірлестіктері сияқты маңызды ұйымдардың құрылуын зерттегені-мен, түркі тілдес мемлекеттердің жаһандық даму жағдайында ортақ байланыстары мен ықпалдастық әрекеті назардан тыс қалған.

Осы тақырып жөнінде шет елдік бір топ ғалымдар Б.Арас [19], Ч.Беквит [20], Б.Брауер зерттеу-лерінде Кеңес үкіметі ыдырағаннан кейінгі еуразиялық аймақтағы түркілердің геосаясаты жайлы маңызды тақырыптар қарастырады, алайда ондағы жасалған тұжырымдар жаңартуды және сын көзімен қарауды қажет етеді [21].

Ағылшындық зерттеушілер В.Финдлей [22] мен О.Брил Түркия Республикасының Орта Азиядағы 5 посткеңестік мемлекеттермен мәдени, экономикалық, әлеуметтік және саяси тарихын қарастырғанымен, жаһандану жағдайындағы түркі дүниесі ынтымақтастығын орнықтырудың даму бағыттарын толық ашпаған [23]. Жаңа методологиялық тұжырымдар қолданылған бұл зерттеулерде архивтік деректер мен халықаралық саяси, мәдени ұйымдардың ықпалдастық қызметінің талданбауы себепті тақырыптың жекелеген қырлары ғана ашылған. Ғаламдастыру жағдайында түркітілдес мемлекеттердің саяси серіктестігі мәдени ықпалдастық негіздері арқылы нығая түсті. Қазіргі заманғы саяси-мәдени байланыстарының сабақтастығы бауырлас елдер арасындағы стратегиялық әріптестік пен мәңгілік достық

қатынастарды орнықтырудың басты дәлелі және дәйегі болуы тиіс. Бұл тұжырым түркі тілдес халықтардың саяси-мәдени байланыстарын іске асыратын құрылымдардың қызметінде басшылыққа алынатын болады.

Тәуелсіздік кезеңіндегі қалыптасқан түркі мемлекеттерінің өзара ықпалдастығы мен ынтымақтастығының стратегиялық бағыт-бағдарын айқындауда мемлекет басшыларының қатысуымен өткізілетін саммитер шешуші рөл атқарып келеді.

Саммиттер барысында Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Азербайжан, Түркия және Түрікменстан президенттері жоғары деңгейде кездесулерде бас қосты. Түркия Республикасы мен түркітілдес республикалары арасындағы қарым-қатынастар тәуелсіздік кезеңінде ортақ әрекеттер арнасына түсті. Түркі кеңесі Түркия, Қазақстан, Қырғызстан, Әзірбайжан елдері экономиканы, саясатты, білім беруді, туризмді салаларын қамтитын өзара ынтымақтастықты тереңдетуге, ортақ тарихи және мәдени құндылықтарға негізделген достық және бауырластық қатынастарды дамытуға, Түркітілдес халықтарды жақындастыруға бағытталып, Еуразия құрлығында бейбітшілік пен тұрақтылықты қолдауға атсалысу мақсатында құрылды. Оның үстіне қазірге кезде түркі мемлекеттерінің арасында қақтығыс туғызатын «ішкі қайшылықтар қауіптілігі» жоқ. Алайда, түркі әлемінің біртұтастығына сызат түсіруді көксейтін «сыртқы қауіптілік» барлық кезеңде де болған, қазір де бар және мұндай қатер алдағы уақытта да бола бермек» екендігін ескерер болсақ [15], мемлекеттер арасында ынтымақтастықты орнықтырудың қажеттілігі арта түседі [18]. Осылайша Кеңестің негізгі мақсаттары мен міндеттері мынадай басты бағыттар болып айқындалды:

1. Кеңеске мүше мемлекеттер арасында сауда және инвестициялар үшін қолайлы жағдайлар жасау; 2. Мәдени байланыстарды дамыту; жан-жақты және теңгерімді экономикалық өсуге және әлеуметтік және мәдени дамуға ұмтылу; 3. Ғылым, технология, білім және мәдениет саласындағы өзара іс-қимылды кеңейту; 4. Бұқаралық ақпарат құралдары мен баспасөз құралдарының өзара әрекеттесуіне ықпал ету; 5. Өзара сенімді нығайту; 6. Барлық салаларда ортақ мақсаттарға қол жеткізу үшін тиімді өңірлік және екіжақты ынтымақтастықты дамыту. Осы мақсаттар мен міндеттерді орындау үшін Түркі Кеңесі жанындағы мемлекет басшыларының кеңесі, Сыртқы істер министрлерінің кеңесі, Ақсақалдар кеңесі және хатшылық құрылымдар өз жұмыстарын жалғастыруда. Түркі Кеңесінің басқарушы органы президент қызметін атқаратын ел президенті үйлестіретін мемлекет басшыларының кеңесі. Оның президенттік мерзімі бір жыл. Түркі Кеңесінің барлық қызметін Стамбулда орналасқан Түрік Кеңесінің хатшылығы басқарады, онда мүше мемлекеттердің азаматтарынан құралған халықаралық жұмыс тобы қызмет атқарады. Кеңестің Бас хатшысы үш жыл мерзімге және кезек тәртібімен тағайындалады.

Түркі кеңесі құрылтайшылары Қазақстан, Қырғызстан, Әзербайжан, және Түркия болып табылатын түркітілдес елдерінің мемлекет басшыларының жоғары деңгейдегі кездесулері нәтижесінде көрсетілген ортақ саяси ерік-жігерді көрсету және жан-жақты ынтымақтастықты арттыру мақсатында құрылған халықаралық және үкіметаралық біріктіруші ұйым. 1991 ж. әлемдік аренада бес тәуелсіз түркі мемлекетінің пайда болуы Түркияның сыртқы саясатында жаңа күн тәртібінің қалыптасуына негізделген қарқынды келіссөздер басталды. Түркия Республикасының жетекшілігімен мемлекеттер басшыларының жоғары деңгейдегі кездесулері ұйымдастырылды. Түркия Еуразияда қалыптасқан саяси жағдайды жылдам қолға алып, түркі мемлекеттері басшыларының саммиттерінде түркі мемлекеттері басшыларының кездесуін қамтамасыз етті. Ендігі жерде, 1992-2010 жж. аралығындағы Түркітілдес мемлекет басшылары кездескен саммиттердің шешімдеріне қысқаша талдау жасау керек.

Түркітілдес мемлекет басшыларының алғашқы саммиті 1992 ж. қазанның 30-31 күндері Анкарада өтті. Онда тәуелсіздігін жаңадан алған Түркітілдес мемлекеттерінің мәдени жақындасу, саяси ынтымақтастық, ортақ түркі құндылықтары негізінде экономикалық интеграция, өзара қарым-қатынастарды берік негізде нығайтуға қол жеткізу мәселелері талқыланды. Түркітілдес мемлекет басшыларының екінші саммитін 1993 ж. Бакуде өткізу жоспарланған. Алайда, Әзірбайжан мен Армения арасында Таулы Қарабақ мәселелеріне байланысты мемлекет басшылары 1994 ж. 18-19 қазанда Стамбул қаласында өткен екінші саммитте тәуелсіздік, егемендік, аумақтық тұтастықты құрметтеу, ішкі істерге араласпау және теңдік қағидаттарына ерекше назар аударылды.

1995 жылдың 27-29 тамызында Бішкектегі саммитте ақпараттық, мәдени, ғылыми-экономикалық байланыстарды дамыту және өңірлік тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері талқыланды. 1996 ж. 21 қазанда Ташкенттегі төртінші саммитте Түркітілдес мемлекеттер саммитінің хатшылығын құру және оның жарғысын дайындау жөнінде шешім қабылданды. Түркітілдес мемлекет басшыларының бесінші саммиті 1998 ж. 9 маусымда Астанада өтті. Бұл саммитте Түркітілдес елдердің мемлекет басшылары сауда-экономикалық қатынастарды кеңейту және тереңдету, Ұлы Жібек жолын қайта жандандыру бағдарламасын бірлесіп іске асыру, елдердегі бай табиғи ресурстарды, ең алдымен табиғи

газды, мұнай мен гидроэнергетиканы өндіру мен пайдаланудың маңыздылығына баса назар аударып, әлемдік нарықтарға энергия ресурстарын жеткізу жөніндегі бірлескен жобаларды іске асыруды талқылады.

2000 жылдың 8 сәуірінде Түркітілдес мемлекет басшыларының 6-саммиті Бакуде өтіп, Баку декларациясының 15-ші қаулысына сәйкес Түркияда тұрақты хатшылық құру туралы шешім қабылданды. Баку саммитінде ғылым, мәдениет, білім беру және ақпарат алмасу саласындағы ынтымақтастықты дамыту және нығайту, Ұлы Жібек жолын жаңғырту және аймақ елдерінің өзара тиімді экономикалық қатынастарын нығайту, Еуропа-Кавказ-Азия дәлізі бойынша халықаралық тасымалдарды дамытуға бағытталған бұрын қабылданған құжаттарда көзделген импорттық және экспорттық өнімдердің еркін транзитін қамтамасыз етуді қолдау үшін қол қойылды.

2001 ж. сәуірдің 26-27 Стамбұлда түркітілдес елдердің мемлекет басшыларының 7- саммитте алдыңғы кездесулерде қабылданған қаулылар бекітіліп және институционализация үшін кейбір маңызды шешімдер қабылданды. Осыған сәйкес «Түркітілдес мемлекеттер» деген атау орнықты. Сонымен қатар, саммит барысында Қазақстан президенті Нұрсұлтан Назарбаев ақсақалдар кеңесі мен Түркітілдес мемлекеттерінің парламенттік Ассамблеясын құруды ұсынды. Араға бес жарым жыл салып 2006 жылы 17 қарашада Өзбекстан мен Түрікменстаннан басқа төрт Түркітілдес мемлекет басшылары кездескен Анталияда 8-ші саммитінде бас қосты. Кездесуге Өзбекстан қатысқан жоқ, ал Түрікменстан Анкарадағы елшілікпен таныстырылды. Кездесуде маңызды мәселелерді қамтитын ынтымақтастықтың нақты мүмкіндіктерін кеңейтуге баса назар аударып, 27 тармақтан тұратын Анталия қаулысына қол қойылды.

2009 жылдың 2-3 қазанында Әзірбайжанның Нахичеван қаласында Түркітілдес мемлекет басшыларының 9-шы саммиті өтті. Өзбекстан саммитке қатысқан жоқ, ал Түрікменстан мемлекеті вице-президент деңгейінде ұсынылды. Институттандыру үшін саммиттің ең маңызды аспектісі «Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесін (ТМЫК)» құру туралы «Нахчыван келісіміне» қол қойылды. Нахчыван келісімін қарастыра отырып, мемлекет басшылары саммитте Азиядағы өзара ынтымақтастық және сенім шараларын нығайту жөніндегі конференцияның (АӨСШК) Азия өңіріндегі қауіпсіздік мәселелері бойынша диалог пен ынтымақтастықты дамытуға қосқан үлесінің маңыздылығын атап өтіп, Қазақстанның төрағалығы кезінде АӨСШК интеграциялану жолында айтарлықтай ілгерлегені атап өтілді. Сонымен бірге Ислам Конференциясы Ұйымы (ИБҰ) шеңберіндегі ынтымақтастықты кеңейту, 2012-2013 жж. кезеңіне БҰҰ Қауіпсіздік кеңесі мүшелерінің уақытша лауазымдарына Қырғызстан мен Әзірбайжанның кандидатураларын қолдау, Қарабахтағы армян-әзірбайжан қақтығысы және оның Әзірбайжан Республикасының Тәуелсіздігі, аумақтық тұтастығы мен шекараларына қол сұқпау шеңберіндегі елеулі салдары; бұл бейбіт реттеуге дипломатиялық қолдау көрсету мәселелері бойынша ынтымақтастықты кеңейтудің маңыздылығын атап өтті.

2010 жылдың 16 қыркүйегінде түркітілдес елдердің мемлекет басшыларының оныншы саммиті өтіп, Ыстамбұл декларациясына қол қойылды. Саммитте көпжақты ынтымақтастық мүмкіндіктері қарастырылып, әсіресе экономикалық саладағы ынтымақтастықты тереңдету мәселелері талқыланды. АҚШ-тың Польша мен Пәкстандағы бұрынғы елшісі Томас Симонстың Еуразия құрлығындағы түркілік факторға байланысты ұсынған «Бүгінгі Еуразия – бұл кешегі Кеңестер Одағы емес» [24] деген парадигмасы Еуразиялық кеңістіктің дипломатиясына тың серпін беруі керек. Демек, түркі мемлекеттерінің ұйымы халықаралық саясатта өз «дауысын» танытуы керек.

Түркі мемлекеттерінің ұйымы құрылғаннан кейін 9 саммит өткізілді, олардың қатары 2011 жылы Алматы, 2012 жылы Бішкек, 2013 жылы Гебеле, 2014 ж. Бодрум, 2015 ж. Астана, 2018 ж. Чолпон-Ата, 2019 ж. Баку, 2021 ж. Стамбул және 2022 ж. Самарқанд. 2020 ж. наурызда Мемлекет басшылары Түркістандағы кезектен тыс саммитте және 2021 жылғы наурызда онлайн режимінде кездесті. Ал соңғы рет 2023 ж. наурызда Анкарада өткен кезектен тыс саммитке мемлекет басшылары жиналды.

Жалпы, 1992-2023 жж. Түркітілдес мемлекет басшылары кездесулерінің негізгі мақсаты түркі әлеміндегі өзара сенім шараларын арттыру, саяси ынтымақтастықты нығайту, экономикалық және техникалық ынтымақтастық мүмкіндіктерін жеделдету, адами қарым-қатынастарды дамыту, тарихи және мәдени орындардың сақталуын қамтамасыз ету болды.

Түркі кеңесі түркі мемлекеттерін ерікті түрде жақындастыратын алғашқы ұйым болып табылады. Кеңес құрылғаннан бері аймақтық ынтымақтастық тұрғысынан айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізілді. Кеңес Еуразиядағы жаңа аймақшылдық аясындағы жан-жақты ынтымақтастықтың соңғы үлгілерінің бірі болып табылады. 20 жылдан астам уақытта ынтымақтастық тарихы бар Түркі кеңесіне мүше мемлекеттердің басшылары әртүрлі жағдайларда ынтымақтастыққа бел буғандықтарын көрсетті.

Осы тұрғыда хатшылықтың үйлестіруімен Түркі кеңесінің қызметі, осы іс-шараларды жүзеге асыру үшін құрылған жұмыс топтары, ынтымақтастықтың әрбір саласында өткізілген министрлер кездесулері, осы отырыстарда қабылданған шешімдерді құжаттау және жылдам жүзеге асыру саммиттер процесінде басталған аймақтық ынтымақтастық үдерісін тереңдетуді қамтамасыз етті. Осының аясында Түркі кеңесінің құрылуымен түркі мемлекеттері арасындағы ынтымақтастық үдерісі аймақтық ынтымақтастық механизміне айналды.

Аймақтық ынтымақтастықты сақтау, сондай-ақ оны атқару шеберлікті қажет етеді. ынтымақтастық процесінің табысы ортақ мүдделер үшін қол жеткізілген әсері халық алдында нақты табыстарға байланысты. ынтымақтастық механизміне енетін елдердің инфрақұрылымы, мемлекеттік институттарының құрылымдары мен заңнамалары бір-бірімен үйлестірілген жағдайда ынтымақтастықтың тиімділігін арттыруға болады. Осы орайда, мысалы, кедендік заңнаманы үйлестіру және тасымалдау саласындағы Түркі кеңесіне мүше елдер арасында халықаралық стандарттарды енгізу маңызды болып табылады.

Бұл техникалық жағынан аса қиын емес, бірақ болашақта осы саладағы ынтымақтастықты айтарлықтай арттыратын мәселе. Экономикалық саладағы мүше елдер арасындағы сауда мен өзара инвестицияны ұлғайту және осыған байланысты кедергілерді жою мүше елдердің де, аймақтың да экономикалық әлеуетін жақсарту алатын элемент болып табылады. Екінші жағынан, мүше елдердегі тарихи Жібек жолын қайта жаңғырту және оны туристік брендке айналдыру аймақтық дамуға және нығайта түсуге үлес қосады. Білім және мәдениет саласындағы қалыптасқан ынтымақтастықты тереңдету түркі халықтарының бір-бірінің диалектілерін жақсы түсінуіне және ортақ жетістіктерінен хабардар болуына мүмкіндік береді.

Түркі мемлекеттері ұйымының алдында тұрған үлке мәселелердің бірі – ұлт мәселесі. Осыған орай Назми Чора былай дейді: «Бүгінгі әлемде ұлттық үкіметтерінің мүдделерін қорғай отыра, мемлекеттер халықаралық аренада топтасу жолы арқылы Әлемдік саясаттасалмақты рөл ойнауға тырысады» [25]. Бұл тұжырымды ұйымға кірген әр ұлт өзінің ұлттық мәселелерін өздерінің қалауынша шешуге құқылы деп түсінуіміз керек. Бұл ұйым мүшелерінің бер-біріне басымдық көрсетуге деген әрекеттеріне жол жоқ дегенді құқықтық тұрғыда реттейді.

Ұйым мүше елдер арасындағы өзара әрекеттесуді тереңдетумен қатар туризм, мәдениеттен көлікке, экономикадан сыртқы саясатқа дейін жүзеге асырып жатқан ынтымақтастық жобаларымен Еуразиядағы ынтымақтастық мәдениетін аймақтық және жаһандық ауқымда дамытуға үлес қосуда. Осы тұрғыда жаһандық ауқымдағы тұрақты аймақтық ынтымақтастықтың оң әсерлері қазірдің өзінде сезілуде. Осы шеңберде Түркі кеңесі қысқа уақыт ішінде атқарған қызметімен Еуразиядағы ынтымақтастықты дамытудың маңызды субъектісі ретінде өз орнын алды. Түркі кеңесінің алдағы кезеңде аймақтық мүдделер үшін әзірлейтін ортақ жобаларының сипаты бұл бастамалардың болашағын жарқын ететіні сөзсіз.

Зерттеу жұмысымызда жинақталған құжаттар және бастапқы деректер негізінде Түркітілдес мемлекеттердің халықаралық ұйымдар шеңберіндегі қызметіне ғылыми баға беріледі. Сондай-ақ қазіргі кезде түркі халықтарының мәдени-тарихи мұрасын насихаттау, көпшілікке танытуда ортақ гуманитарлық кеңістік қалыптастырудың қажеттілігі сезілуде. Мәселеге кешенді тұрғыда қарап, жасалған тұжырымдар Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастығының (ТМЫК) даму бағыттарын ғылыми болжамдауға негіз қалайды. Жаһандану жағдайы түркі тілдес мемлекеттердің ықпалдастығын дамыту міндетін күн тәртібіне қойып, Түркітілдес мемлекеттер кеңесінде, ғылыми зерттеу орталықтары мен ғылыми мекемелерде жиі талқыланып келеді. Ал біздің зерттеу жұмысымыздың басты нәтижесі Түркітілдес мемлекеттердің байланыстарының тарихи тәжірибелерін қорытып, мемлекеттер арасындағы саяси-мәдени ықпалдастықтың даму перспективасына ғылыми болжамдар жасау және халықаралық деңгейде насихаттау.

Қорытынды. Түркі кеңесінің құрылу алғышарттары түркі әлемі тарихындағы маңызды кезең болып табылады. Түркітілдес мемлекет басшыларының дәстүрлі кездесулері түркі халықтар арасындағы ықпалдастықты одан әрі нығайтуға тың серпін береді. Кеңестің басты мақсаты – әлемнің бейбітшілікке жету жолында нақты ілгерілеу, сыртқы саясатта ортақ көзқарасты алға жылжыту, халықаралық терроризмге, сепаратизмге, экстремизмге және трансұлттық қылмысқа қарсы күресті үйлестіру, сондай-ақ өңірлік ынтымақтастықты нығайту. Сонымен қатар, Кеңес міндеттерінің ауқымы өзара сауда қатынастары мен инвестицияны нығайту үшін қолайлы жағдайлар жасауға сәйкес белгіленді. Бұл жерде жан-жақты және теңгерімді экономикалық өсуге, әлеуметтік және мәдени дамуға, ғылым, техника, білім және мәдениет салаларындағы ынтымақтастықты нығайтуға сәйкес ұмтылыстарды да атап өткен жөн. Кеңес аясында ақпараттық саладағы өзара іс-қимылды нығайтуға, құқықтық саладағы ынтымақтастықты кеңейтуге де ерекше мән беріледі.

Түркі кеңесін құрудың саяси қажеттілігі 2009 жылдың 3 қазанында бекітілді. Одан кейін Түркия, Әзірбайжан, Қазақстан және Қырғызстан президенттері түркі әлемі үшін тарихи Нахичеван келісіміне қол қойды. Түркі кеңесі халықаралық ұйымдармен ынтымақтастыққа ерекше көңіл бөле отырып, бірқатар халықаралық құрылымдармен – Ислам ынтымақтастығы ұйымымен (ИБҰ), Экономикалық ынтымақ-

тастық ұйымымен (ЭЫҰ), Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымымен (ЕКЫҰ), Қара теңіз экономикалық ынтымақтастық ұйымымен (ҚЭЫҰ), Азиядағы Өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес (АӨСШК), Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) және Дүниежүзілік туристік ұйымдарымен (ДТҰ) өзара ықпалдастық және сенім шаралары бойынша тығыз байланыс орнатты. 2021 жылдың 12 қарашасында Ыстамбұл маңындағы «Демократия мен бостандық аралында» сегізінші саммит өтіп, оның аясында Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесінің атауы «Түркі мемлекеттері ұйымы» болып өзгертілді.

Саммиттің тарихи маңызы өте зор. Біріншіден, Түркі кеңесі ұйымға айналды. Өйткені бұл ұйымның негізінде табиғи одақтасар жатыр. Ал тарих, мәдениет, салт-дәстүр мен әдет-ғұрпымыз осы бірлікті талап етеді. Сонымен қатар, қазіргі әлемде күн санап қауіп-қатер туындап, өкінішке орай, әлемнің жетекші елдері бұл қауіптерге қарсы дұрыс қадам жасай алмай отыр. Түркі мемлекеттері ұйымының маңызы түрік халықтары үшін ғана емес, бүкіл әлем үшін одан әрі арта түсері сөзсіз. Түркітілдес мемлекеттер арасындағы ынтымақтастық шынайы болғандықтан, бір-бірін туыс халықтар санайды. Бүгінде түркі халықтары ұлан-ғайыр аумақты қамтып отыр, Түркітілдес мемлекеттер арасындағы бірлік пен бауырлас-тық күн сайын нығайтып саяси, экономикалық және әскери-стратегиялық өзара байланыстарды арттырудың маңызы зор. Бұл бағыттағы алғашқы қадам – Түркітілдес мемлекеттердің функционалдық интеграциясы. Осы тұрғыдан алғанда, Түркі мемлекеттері ұйымының құрылуы бүкіл түркі әлеміндегі ұзақ мерзімді интеграциялық үрдістерді көрсететін үлкен саяси оқиға болып табылады. Жалпы, дүниежүзілік саяси тарихтың зандылығы мен әлемдік түркіліктің тарихи тағдыры Түркі кеңесінен Түркі мемлекеттері ұйымына, келешекте Түркі мемлекеттері одағына айналатын саяси институт құруды қажет етеді.

Халықаралық саясаттағы өзгерістерге сергектік танытатын жалпытүркілік бірлік орнықтыру жобасы бүгінгі әлемдік саясатқа өте қажет және пайдалы құбылысқа айналып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Саудабаев К.Б. *Казахстанско-турецкие отношения: Становление, современное состояние и перспективы развития. Докторлық диссертация.* – Алматы, 1999. – 339 б.
2. Түймебаев Ж.К. *Қазақстан – Түркия: достық пен ынтымақтастыққа – 20 жыл.* – Анкара, 2013. – 419 б.
3. Махаева А., Рүстемов С. *Түркістан халықтарының азаттық қозғалыстағы өзара байланыстары (XIX ғасырдың 60-90 жылдары // Қазақстан мұрағаттары, 2010. №2 (14).*
4. Рүстемов С. *Түркі-мұсылман халықтары: XX ғасыр басындағы әлеуметтік-саяси мәселелерінің Алаш қайраткерлері еңбектерінде бағамдалуы // Отан тарихы. № 1 (69), 2015. – Б. 152-161.*
5. Амирбек А. *Integration of Turkic-Speaking Countries: Historical Background and Institutionalisation. Bölgesel Araştırmalar Dergisi. 2017. – p.164-204.*
6. Бурыбаева А. *Қазіргі кезеңдегі Қазақстан-Түркия қарым-қатынастары (1991-2001 жж.) – Алматы, 2002. – Б.174-176.*
7. Тұралин. Е.М. *Қазіргі кезеңдегі қазақ-түрік қарым-қатынастарының даму динамикасы. // Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Международная жизнь и политика», 2015. №4 (43), – с.137.*
8. Булекбаев С. Б. *Тюркский вклад в мировую культуру и цивилизацию: монография. Алматы: BAVIS systems. 2016. – 316 с.*
9. Çora. A. «Türk Konseyi»nden (Türk Keneşi) «Türk Devletleri Örgütü» ne oradan «Türk Birleşik Devletlerine» uzanan yol. Ankara. 1. Baskı: Mayıs. 2021. – Sayı 156.
10. E. Durdular. *Türk Dünyasının Geleceğe Açılan Penceresi; Türk Keneşi. Türk yurdu. Şubat. 2016. 105 – Sayı 342.*
11. Ekşi. M. *Türkiye'nin Türk Dünyasına Yönelik Kamu Diplomasisi: Yeni Araç ve Mekanizmalar. Türk Dünyası İncelemeleri Dergisi/Journal of Turkish World Studies 17/1 Yaz-Summer. 2017. – S.360.*
12. Çiçekli. M. *Bağımsız Türk Devletleri Arasında Meclisler Arası Çok Taraflı İşbirliğinin Son On Yılı: Türk Dili Konuşan Ülkeler Parlamenter Asamblesi (TÜRKPA). 2018. – s.34.*
13. Fırat Purtaş. *Türk Dünyası Başkentleri (Murat Yılmaz, A. Çolpan Kavuncu) Yayın Değerlendirme - Book Reviews / Fırat Purtaş - bilig. Bahar. 2015. – s.73*
14. Феїзиев Д. *Түркі мемлекеттерінің одағы жаһандық ықпалдастықтың Еуразиялық үлгісі. Халықаралық түрік академиясы. Аудармашы: Әли Сейїдов. Ғылым баспасы. Алматы, 2016. – 312 б.*
15. Рахманалиев. Р. *Империя тюрков. Великая цивилизация. Тюркские народы в мировой истории с X в. до н.э. по XX в. н.э. М.: Рипол Классик, 2009. – 639 с.*
16. Рубинский Ю.И. (2002). *Европейская цивилизация в меняющемся мире / Глобализация. Конфликт или диалог цивилизаций? М. Новый век, – 143 с.*

17. Савицкий П. Н. (1997). *Континент Евразия. М. Аграф.* – 464 с.
18. Каримов Б. *Тюркский пояс стабильности. Всемирная Ассамблея Тюркских Народов.* – Алматы: Оркениет, 2008. – 313 с.
19. Aras B. *New Geopolitics of Eurasia and Turkey's Position.* London, Portland, OR: Frank Cass, 2002. – 224 p.
20. Beckwith Ch.I. *Empires of the Silk Road. A History of Central Eurasia from the Bronze Age to the Present.* Princeton University Press, 2009. – 316 p.
21. Brauer B. *Central Asia: The Great Game Revisited / The Impact of Asian Powers on Global Developments/* Ed. by Pieter E., Hazdra P. Phisycs-Verlag, 2004. – p.41-52
22. Findley C.V. *The Turks in World History.* Oxford University Press, 2005. – 320 p.
23. Brill O.M. *Central Asia's New States: Independence, Foreign Policy, and Regional Security.* Washington, D.C.: United States Institute of Peace Press, 1996. – 202 p.
24. Simons W.Jr. *Eurasia's New Frontiers: Young States, Old Societies, Open Futures.* Ithaca and London: Cornell University Press, 2008. – P.7.
25. Çora N. *Birleşik Türk Devletleri. İstanbul: Q-Matris, 2004.* – s.138.

References:

1. Saudabaev K.B. *Kazahstansko-tureckie otnosheniya: Stanovlenie, sovremennoe sostoianiye i perspektivy razvitiya [Kazakh-Turkish relations: Formation, current state and prospects of development].* Doktorlik dissertatsiya. – Almaty, 1999. –339 b.
2. Tuymebaev J. K. *Kazakstan – Turkiya: dostik pen intumaktastukka – 20 jil. [Kazakhstan-Turkey: 20 years of friendship and cooperation].* Ankara, 2013. –419 b.
3. Maxaeva A., Rustemov S. *Turkistan halıqtarının azattık kozğalıstağı ozara baylanıstarı (XIX ğasırdın 60-90 jıldarı// [Relations of the peoples of Turkestan in the liberation movement (60-90 years of the XIX century)].* Kazakstan murağattarı, 2010. №2 (14).
4. Rustemov S. *Türki-musılman halıqtarı: XX ğasır basındağı alewmettik-sayasi maselelerinin Alaş kayratkerleri enbekterinde bağımdalıy [Turkic-Muslim peoples: assessment of socio-political problems of the beginning of the XX century in the works of Alash figures] // Otan tarihi, 2015. № 1 (69). –B. 152-161.*
5. Amirbek A. *Integration of Turkic-Speaking Countries: Historical Background and Institutionalisation.* Bölgesel Araştırmalar Dergisi, 2017. – p.164-204.
6. Burybayeva A. *Kazirgi kezendegi Kazakstan-Turkiya karım-katınastarı (1991-2001 j.) [Kazakh-Turkish relations at the present stage (1991-2001.)].* Almaty, 2002. – B.174-176.
7. Turalin. E. *Kazirgi kezendegi kazak-turk karım-katınastarınındamw dinamikası [Dynamics of the development of Kazakh-Turkish relations at the present stage.] //Vestnik Kaz NPU im. Abaya, seriya «Mejdunarodnaya jizn i politika», 2015. №4(43), –B.137.*
8. Bulekbayev S. B. *Tyurkskiy vklad v mirovuyu kul'turu i tsivilizatsiyu: monografiya [The Turkic contribution to world culture and civilization: a monograph].* Almaty, 2016. sistemy BAVIS. –316 s.
9. Çora. A. *«Türk Konseyi»nden (Türk Keneşi) «Türk Devletleri Örgütü» ne oradan «Türk Birleşik Devletlerine» uzanan yol [The path from the «Turkic Council» (Turkic Council) to the «Organization of Turkic States» from there to the «Turkic United States»].* Ankara, 2021. Baskı: Mayıs. Sayı – 156.
10. Durdular. E. *Türk Dünyasının Geleceğe Açılan Penceresi; Türk Keneşi [Turkish World's window to the future; Turkic Council].* Türk yurdu. Şubat, 2016. –Sayı 342.
11. Ekşi. M. (2017). *Türkiye'nin Türk Dünyasına Yönelik Kamu Diplomasisi: Yeni Araç ve Mekanizmalar [Turkey's Public Diplomacy Towards the Turkic World: New Tools and Mechanisms].* Türk Dünyası İncelemeleri Dergisi/Journal of Turkish World Studies 17/1 Yaz-Summer, 2017. –S.360.
12. Çiçekli. M. *Bağımsız Türk Devletleri Arasında Meclisler Arası Çok Taraflı İşbirliğinin Son On Yılı: Türk Dili Konuşan Ülkeler Parlamenter Asamblesi (TÜRKP) [Multilateral Inter-Assemblies Between Independent Turkish States. Last Decade of Cooperation: Turkic Speaking Countries Parliamentary. Assembly (TÜRKP)].* 2018. –s.34.
13. Fırat Purtaş. (2015). *Türk Dünyası Başkentleri (Murat Yılmaz, A. Çolpan Kavuncu) Yayın Değerlendirme [Capitals of the Turkic World (Murat Yılmaz, A. Çolpan Kavuncu) Publication Evaluation].* Book Reviews / Fırat Purtaş - bilig. 2015. Bahar. –s.73
14. Feyziev D. *Turki memleketteriniu odağı jahandıq iqpaldastıktın Euraziyalıq ulgisi [The Union of Turkic States is a Eurasian model of global integration].* Halıkaralıq turk akademiyası. Audarmaşı: Ali Seyidov. Ğılım baspası. Almaty, 2016 –312 b.

15. R.Rahmanaliev. Imperija tjurkov. Velikaja civilizacija. Tjurkskie narody v mirovoj istorii s X v. do n. ne. po XX v. n.e. [Turkic Empire. Great civilization. Turkic peoples in world history from the 10th century. bc. to the 20th century ad.]. M. Ripol Klassik. 2009. – 639 s.

16. Rubinskij Ju.I. Evropejskaja civilizacija v menjajushhemsja mire / Globalizacija. Konflikt ili dialog civilizacij? [European civilization in a changing world / Globalization. Conflict or dialogue of civilizations?]. M. Novyi vek, 2002. –143 s.

17. Savicki P. N. Kontinent Evrazia [Eurasia continent]. M. Agraf.1997. –464 s.

18. Karimov B. Tiurkskiy poias stabil'nosti. Vsemirnaya Assambleya Turkskih Narodov [Turkic belt of stability. World Assembly of Turkic Peoples]. Almaty: Orkeniet, 2008. – 313 s.

19. Aras B. (2002). *New Geopolitics of Eurasia and Turkey's Position*. London, Portland, OR: Frank Cass. 2002. –224 p.

20. Beckwith Ch.I. *Empires of the Silk Road. A History of Central Eurasia from the Bronze Age to the Present*. Princeton University Press, 2009. –2316 p.

21. Brauer B. *Central Asia: The Great Game Revisited / The Impact of Asian Powers on Global Developments* / Ed. by Pieter E., Hazdra P. Phisycs-Verlag, 2004. – p.41-52

22. Findley C.V. (2005). *The Turks in World History*. Oxford University Press, 2005. –320 p.

23. Brill O.M. (1996). *Central Asia's New States: Independence, Foreign Policy, and Regional Security*. Washington, D.C.: United States Institute of Peace Press, 1996. –202 p.

24. Simons W.Jr. (2008). *Eurasia's New Frontiers: Young States, Old Societies, Open Futures*. Ithaca and London: Cornell University Press, 2008. –P.7.

25. Çora N. *Birleşik Türk Devletleri [United Turkish States]*. İstanbul: 2004. Q-Matris. –s.138.

FTAXP / МРНТИ / IRSTI: 03.81.29

УДК: 341.215.2

<https://doi.org/10.51889/2959-6017.2024.80.1.015>

Е.А. Бурибаев *¹, Б.М. Кошпенбетов ²

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ НОРМАЛАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІН ЖӘНЕ ПРАКТИКАЛЫҚ ҚОЛДАНЫЛУЫН ТАЛДАУ

Аңдатпа

Бұл мақалада Еуразиялық экономикалық одаққа (ЕАЭО) кіретін мемлекеттер шеңберінде халықаралық-құқықтық стандарттарды қолдану мен тиімділігінің теориялық және практикалық аспектілеріне талдау жасалынады. Авторлардың ЕАЭО-ның құқықтық аспектілерін қамтитын кешенді зерттеуі барысында, нормативтік актілерді құру үдерісін қоса алғанда, одақтың құқықтық базасын оңтайландыру бойынша түйінді тұжырымдар мен ұсыныстар жасайды.

Халықаралық-құқықтық норманың тиімділігі осы норманың сапасы мен қолданылуын көрсететін көп қырлы ұғым болып табылатыны атап өтіледі. Халықаралық құқықтық нормалардың сапасы мен жетілдірілуін анықтайтын критерийлер талданылады. Авторлар ЕАЭО-ның құқықтық нормаларын жетілдіру бойынша нақты ұсыныстар береді.

Зерттеудің маңыздылығы, оның нәтижелері бойынша тұжырымдалған ұсыныстар мен тұжырымдар халықаралық құқықты басшылыққа алуға уәкілетті органдар мен тұлғалардың практикасында, халықаралық шарттарды дайындау және жасасу кезінде, құқық қолдану қызметінде пайдаланылуы мүмкін.

Қорытындылар мен ұсыныстар оқу процесінде халықаралық құқық курсына, арнайы курстарды оқу, халықаралық құқықтық нормалардың қол жеткізілген нәтижесін іске асыру тетігінің проблемаларына қатысты ғылыми әзірлемелер мен оқу құралдарын дайындау кезінде пайдаланылуы мүмкін.

Кілт сөздер: Еуразиялық экономикалық одақ, ЕАЭО, халықаралық қатынастар, халықаралық стандарттар, еуразиялық ынтымақтастық.

Алғыс айту: Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің бағдарламалық-мақсатты қаржыландыруы шеңберінде «Әлемдік сәулет өнеріндегі қиындықтар мен ақаулар аясында Қазақстанның еуразиялық интеграциядағы дамуының императивтері», ІРН BR21882364, бағдарламасын іске асыру шеңберінде дайындалды

Бурибаев Е.А.^{*1}, Кошпенбетов Б.М.²

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая

²Казахский национальный педагогический университет имени Абая

АНАЛИЗ ЭФФЕКТИВНОСТИ И ПРАКТИЧЕСКОГО ПРИМЕНЕНИЯ МЕЖДУНАРОДНО-ПРАВОВЫХ НОРМ ЕВРАЗИЙСКОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО СОЮЗА

Аннотация

Данная статья представляет анализ теоретических и практических аспектов эффективности и применения международно-правовых стандартов в рамках государств, входящих в Евразийский экономический союз (ЕАЭС). В ходе комплексного исследования, охватывающего юридические аспекты ЕАЭС, включая процесс создания нормативных актов, авторы приходят к ключевым выводам и предложениям по оптимизации правовой базы союза.

Подчеркивается, что эффективность международно-правовой нормы является многогранным понятием, отражающим качество и применимость данной нормы. Проанализированы критерии, определяющие качество и совершенство международных правовых норм. Авторы представляют конкретные рекомендации по улучшению правовых норм ЕАЭС в контексте их практического применения и результативности.

Значимость исследования состоит в том, что предложения и выводы, сформулированные по его результатам, могут быть использованы в практике органов и лиц, уполномоченных руководствоваться международным правом, при подготовке и заключении международных договоров, в правоприменительной деятельности.

Выводы и предложения могут быть использованы в учебном процессе в курсе международного права, при чтении специальных курсов, подготовке научных разработок и учебных пособий, касающихся проблем механизма реализации и констатации достигнутого результата международных правовых норм.

Ключевые слова: Евразийский экономический союз, ЕАЭС, международные отношения, международные стандарты, евразийское сотрудничество.

Благодарность: Статья подготовлена в рамках реализации программы «Императивы развития Казахстана в евразийской интеграции на фоне вызовов и разломов в мировой архитектонике», ИРН BR21882364, программно-целевого финансирования Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан.

Ye. Buribayev^{*1}, B. Koshpenbetov²

¹Abay Kazakh National Pedagogical University

²Abay Kazakh National Pedagogical University

ANALYSIS OF THE EFFECTIVENESS AND PRACTICAL APPLICATION OF INTERNATIONAL LEGAL NORMS OF THE EURASIAN ECONOMIC UNION

Abstract

This article is an analysis of the theoretical and practical aspects of the effectiveness and application of international legal standards in states joining the Eurasian Economic Union (EAEU). In the course of comprehensive research covering the legal aspects of the EAEU, including the process of developing regulations, the authors come to key results and proposals for optimization that ensure compliance with the bases.

It is emphasized that the effectiveness of international legal norms is a multifaceted concept that reflects the quality and applicability of these norms. The criteria that determine the quality and improvement of international legal norms are analyzed. The authors set out specific recommendations for compliance with the legal norms of the EAEU during ten years of their practical application and effectiveness.

The significance of the study lies in the fact that the proposals and conclusions formulated based on its results can be used as a replacement for bodies and persons authorized to govern international law in the preparation and conclusion of international treaties, and in law enforcement activities.

Кіріспе. Көне түркі жазуы – қазақ даласын мекен еткен тайпалардың рухани мәдениетінің жеткен жетістігі болып табылады. Түркілердің көне руна жазбаларының құпиясы ашылғаннан кейін кең көлемдегі кешенді зерттеулер басталды. Осы ғылыми-зерттеу бағытында көптеген материалдар топтамасы да құрастырылғаны белгілі. Әр табылған көне түркі ескерткіштерінің тек қана мәтіні ғана емес, сонымен қатар ол турасында белгілі бір дәрежеде ақпараттар да жинақтала түсті. Бүгінгі таңда зерттеушілер көне түркі жазбалары мемлекеттік құрылымдар пайда болған аумақтарда кеңінен таралғандығы туралы пікір білдіреді. Оған дәлел ретінде батыс және шығыс түркі қағанаттары, түргештер мемлекетіндегі және тағы да түркі тайпаларының мемлекеттік құрылымдарында жазу мәдениетінің болуын алға тартады. Бүгінде көне түркі жазба ескерткіштері тек Қазақстан территориясы ғана емес, сонымен қатар Моңғолия, Қытай, Ресей мен Қырғызстан сынды мемлекеттердің аумақтарынан да табылды. Зерттеушілер табылған әр көне түркілердің жазба ескерткіштерін Орхон, Енисей, Талас, Алтай және тағы да басқалары деп бөледі. Олардың пайда болуы мен ерекшеліктері, мәтіні мен оның зерттелуі, болашақта мән беретін тұстары қандай деген мәселе бүгінгі таңда өзекті мәселелердің біріне айналып отыр.

Әдістеме. Мақала барысында ғылымға белгілі бірқатар әдістерді қолданып, принциптерді басшылыққа алдық. Алдымен қажетті деректерді тауып, олардың топтастыру жұмыстары жүргізілді. Атап айтқанда еңбектерді хронологиялық тәртіппен топтастырумен қатар, олардың ішкі мазмұнына қарай жіктеу жұмыстары жүргізілді. Бұл мақаланың бірізді болуына және ішкі логикалық байланысының күшеюіне түрткі болды. Мақала барысында жалпыдан жалқыға өту әдісі қолданылды. Мәселеге алдымен сипаттама жасалып, көне түркі жазбасының ерекшеліктері мен түрлері ашылды. Қарастырып отырған тақырыпты жан-жақты ашу үшін қолданылған әдістердің бірі – салыстырмалы талдау. Біз тақырыпқа қатысты негізгі еңбектерді қолдана отырып, зерттеушілердің пікірін өзара салыстырдық. Талдау жұмыстарынан кейін өзіндік қорытындылар жасауға тырыстық. Басшылыққа алынған негізгі принциптердің бірі – объективтілік. Біз тақырыпты барлық қырларынан ашып, оларды кешенді түрде қарастыра алдық.

Талқылау. Мақала барысында зерттеу нысанына қатысты бірқатар әргелі еңбектер мен ғылыми-зерттеу мақалалары пайдаланылды. Олардың А.Н. Кононовтың «История изучения тюркских языков в России. Дооктябрьский период» атты еңбегімен қатар, G. Kara «Le glossaire jakoute de Witsen» атты еңбегін атап өтеміз. Сонымен қатар В.В. Радлов пен П.М. Мелиоранскийдің «Древнетюркские памятники в Кошо-Цайдаме» және П.М. Мелиоранскийдің «Памятник в честь Кюльтегина. С двумя таблицами надписей» атты еңбектеріндегі мәліметтер басшылыққа алынды. Іргелі еңбектер қатарында А.М. Щербак-тың «Тюркская руника. Происхождение древнейшей письменности тюрков, границы ее распространения и особенности использования», В.А. Лившицтің «О происхождении древнетюркской рунической письменности», Д.Д. Васильевтің «Памятники тюркской рунической письменности Азиатского ареала» атты ғылыми-зерттеу жұмыстары бар. Отандық зерттеушілер қатарында Қ.Сартқожаұлының «Генезис древнетюркского рунического письма», А.Қайыржановтың «Генезис тюркского рунического письма (на материале тамги-знаков евразийских кочевников)», Н.Базылханның «Древнетюркский битик, фоно-морфемная структура письменности и проблемы интерпретации текстов» және «Древнетюркские (VI-IX) письменные памятники Алтайских горных систем», О.Бекжанның «Түркі күлбізділік жазба ескерткіштері тілінің семиотика семантикалық негіздері» атты еңбектері бар. Аталған еңбектердегі жетекші ой басшылыққа алынып, өзіндік қорытындыларды да зерттеушілердің келтірген ұсыныстарымен санасу арқылы жасадық.

Нәтижелер. Көне түркі тайпалары Еуразияның кең аумағында өздерінің саяси үстемдігін орнатты. Ұлы Жібек жолы бойындағы сауда жолдарына бақылау орнатып, өздерінің әлеуметтік және экономикалық жағдайларын жақсартты. Бұл түркі мемлекеттерінің Еуразиядағы көшбасшылығын күшейтіп, өзіндік даму жолын табуына түрткі болды. Түркі қағанатының құрылуынан бастап, Еуразия аймағында тек әскери кәсібилігі мен саяси үстемдігімен ғана емес, сонымен қатар рухани мәдениетімен де ерекшеленді. Бірегей діни наным-сенімімен қатар, дербес жазуының болуымен де тарихта қалды. Түркілердің жазуының болуы туралы сол замандағы авторлар да ерекше атап өткен. Византия мемлекетімен елшілік алмасу барысында М. Протектордың өзі түркілердің жазуы болғандығын атап өтеді. Демек, өркениеттіліктің ең жоғарғы деңгейі жазудың болуы десек, түркі тайпалары сол өркениеттіліктің деңгейіне шыққан деп айтуға толық негіз бар.

Көне түркі тайпаларының жазуына қатысты ғылыми қауымдастықтағы пікір алмасулар патша билігі орныққан замандардан басталады. Бүгінде бірқатар кешенді зерттеу жұмыстарынан соң көне түркі жазуы,

олардың ерекшеліктері мен түрлері сияқты маңызды мәселелер өз шешімін тапты. Бүгінгі күні көне түркі жазба ескерткіштері дегенде біз алдымен Орхон және Енисей бойынан табылған тарихи ескерткіштерді атап өтеміз. Орхон және Енисей бойы ежелден түркі тайпалары мекен еткен жерлер болып табылады. Моңғолия мемлекетінің астанасы болып табылатын Ұлан Батор қаласының батысынан 400 шақырым жердегі, Орхон өзенінің Кошо-Цайдам ойпатында орналасқан. Атақты ескерткіштердің бірі – Күлтегін жазбасы екендігі анық. Ескерткіш пирамидаға ұқсас және биіктігі 3,15 метр болса, ескерткіштің жалпы ені 1,24 метрді құрайды. Ескерткіштің қалыңдығы 0,41 метр. Ескерткіштің негізгі бетінде қырық жол жазу бар делінеді. Осы қырық жолды «үлкен жазу», ал 13 жолды «кіші жазу» деп атайды. Ескерткіштің көшірмесі Астана қаласына 2001 жылы әкелінді. Күлтегін немесе басқа да түркі жазбалары – қазақ халқының сан ғасырлық рухани мәдениетінің жетістігі болып табылады. Сөзсіз «Күлтегін» жыры сияқты ғылымда ашылып, өз бағасын алған жырлар әлі де бар. Құпиясы ашылды дегенімізбен көне түркі руна жазуына қатысты шешімін табуы тиіс мәселелер де жетерлік.

Көне түркі жазбалары өзіндік ерекшеліктерге ие ескерткіш болып табылады. Зерттеушілер түркі жазуы 38 әріп пен белгілерден тұрды десе, олардың аймақтық және хронологиясына қарай тіпті 50-ден астам әріптер мен белгілерден тұрады деген де пікір бар. Әріптер бағытына қарай оңнан солға оқылады. Әріптердің жұмбағы ашылғанымен, олардың орналасу тәртібі туралы нақты бір ғылыми тоқтам жоқ. Көне түркі жазбалары туралы алғашқы мәліметтер XVII ғасырдың соңында белгілі бола бастағанымен, ғылыми-зерттеу әрекеттері XIX ғасырдың соңына қарай жүйелі әрі белсенді түрде қолға алына бастаған еді. 1893 жылдың 25 қарашасында көне түркі жазбаларының құпиясы ашылып, дат ғалымы В. Томсен алғаш рет «тәңірі» деген сөзді оқыды. Оған дейін көне түркі жазбалары түрлі археологиялық экспедиция-лардың жұмысы арқылы таныла бастаған. Әсіресе Сібірді зерттеу барысында көне түркі жазбалары туралы алғашқы мәліметтер пайда болды. Осылайша Сібірдің табиғи байлықтарына деген қызығушылық, өлкені игеру әрекеттері көне түркі жазбалар туралы мәліметтерді ғылыми айналымға қосты. Алғашқы зерттеу әрекеттері Николас-Корнелиссон Витсеннің есімімен байланысты. Голландиялық саяхатшы, географ және этнограф Николас-Корнелиссон Витсеннің 1692-1695 жылдары екі еңбегі жарық көреді. Голланд тілінде шыққан екінші еңбегі «Солтүстік және Шығыс Тартария» еңбегі белгілі. 1664-1665 жылдар аралығында Мәскеу қаласында өмір сүрген ол елшілік бұйрықтарының аудармашысы болған А.А. Виниустың көмегімен болашақ еңбегіне қатысты мәліметтерді жинастыра алды. А.Н. Кононов голланд зерттеушісінің бұл әрекетіне «түркі және өзге де шығыс тілдеріне қатысты лингвистикалық материалдарды тұңғыш рет жүйелі түрде жинастырудың бастамасы болды» деген баға береді [1, с. 32]. Николас-Корнелиссон Витсеннің еңбектері негізінде Г. Кара 1972 жылы «Витсеннің якут глоссарийі» деп аталатын еңбегін жариялады. Г. Кара Н.К. Витсеннің еңбектерін басшылыққа ала отырып, көне түркі жазуымен салыстырмалы талдау жұмыстарын жүргізеді. Г. Караның еңбегін қарастыра келе, біз бірнеше сөздердің түбірі бір екендігіне көз жеткіземіз. Атап айтқанда «бас, құлақ, мойын, жүрек» және тағы да басқа сөздердің ұқсастығы байқалады [2, с. 433-434]. Сонымен қатар есептік сан есімдердің де бір түбірден тарағанын байқау қиын емес. Осы жылдары көне түркі жазуы туралы С.У. Ремезовтің еңбегі жарық көрді. Алайда С.У. Ремезовтің Орхон жазбасына қатысты келтірген пікірін отандық зерттеуші Қ.Сартқожаұлы өзінің еңбегінде жоққа шығарады. Зерттеушінің пікірінше С.У. Ремезов Орхон жазуының орналасқан жерін Талас өзені, Қазақстан мен Қырғызстан аралығында деп көрсеткен [3, с. 4-5]. Қ.Сартқожаұлы өзінің еңбегінде көне түркі жазбасының зерттелу деңгейіне қатысты кең көлемдегі мәліметтер береді. Автордың еңбегінде Н.Г. Спафарийдің ең алғаш болып көне түркі жазбасын ғылыми қауымдастыққа таныстырғаны туралы айтылады. Сонымен қатар автор Д.Г. Мессершмидт, П.С. Паллас, Ф.И. Таберт сынды зерттеушілердің көне түркі жазуының зерттеу ісіне қосқан үлесін атап өтеді. Ғылыми қауымдастыққа алғаш болып көне түркі жазуын «руна» деп атаған Ф.И. Страленберг екендігін анықтаған. Көне түркі жазуына қатысты бірегей ғылыми тұжырым жасаған зерттеушілер қатарында Н.М. Ядринцев болды. Сібірдегі түркі жазба ескерткіштерінің зерттеу ісіне үлкен үлес қосты. Шығыс-Сібір географиялық қоғамының мүшесі ретінде Орталық Моңғолия жерінде ғылыми экспедиция құрамында болып, Орхон өзені бойында сақталған тарихи ескерткіштерге қатысты зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Орхон өзенінің бойынан көне түркі жазба ескерткіштерін табады. Ескерткіштердің көшірмесі алынып, бұл ғылыми қауымдастық тарапынан үлкен қызығушылық тудырады. Н.М. Ядринцевтің бастамасынан кейін аталған жерге Аксель Олай Гейкель Ордабалық аймағынан қытай, соғды және түркі жазба ескерткішін табады. 1891 жылы В.В. Радлов бастаған экспедиция Орхон өзенінің бойындағы көне түркі жазба ескерткіштерін зерттеуді бастайды. В.В. Радловтың көне түркі жазба ескерткіштерін зерттеу ісіне қосқан үлесі мол. Ол Күлтегін мен Білге қаған ескерткіштерін кешенді зерттеп, 1892 жылы «Атлас древностей Монголии» атты еңбегін жариялайды. Ал 1894 жылы 19 қаңтарда Ғылым Академиясында Күлтегін ескерткішінің толық аудармасын ұсынады.

Отандық зерттеуші Қ.Сартқожаұлы руна жазбасының құпиясын ашқан В. Томсен осыған дейін В.В. Радловқа өз жаңалықтарымен бөліскендігін және өз кезегінде В.В. Радлов зерттеушінің рұқсатынсыз оны пайдаланып кеткендігін атап өтеді [3, 5-9 с.]. Қ.Сартқожаұлы көне түркі жазба ескерткіштерінің зерттеліп, ғылыми айналымға қосылуында В. Томсеннің еңбегін ерекше атап өтеді. Өз еңбегінде көне түркі жазуындағы әріптердің мағынасы, дауысты және дауыссыз әріптер, олардың шығу тегі, транскрипциясын түсіндіре отырып бергендігін атап өтеді. Ең бастысы В. Томсен өз еңбегінде В.В. Радловтың асығыстық танытып, бірнеше қателер жібергендігін де атап өткендігін көрсетеді.

Жалпы көне түркі жазба ескерткіштерінің зерттелуі мен оның ғылыми айналымға енуіне үлес қосқан зерттеушілер қатарында П.М. Мелиоранский, Х.И. Хейкель, О. Доннер, Г.И. Рамстедт, В.П. Васильев және тағы да басқа зерттеушілер болды. Жалпы көне түркі рунасының құпиясын ашу, оны оқу ісі өз уақытында күрделі әрі пікір таласқа толы мәселеге айналған болатын. Ұзақ жылдар бойынан жеткен тарихи жәдігер өзінің алғашқы күйін жоғалтты. Сол себепті оны реконструкциялау, қайта қалпына келтіру ісі де аса маңызды болды. Жекелеген таңбалардың көрінбеуі де оқу мәселесін күрделі етті. Тіпті әр зерттеуші таңбаларды өз пайымына қарай түсіндіріп, түрліше оқыды. В. Томсеннің кеңесінен кейін түркі руна жазуын оқуға тырысқан В.В. Радлов және П.М. Мелиоранский табылған руна жазуының орысша аудармасын жариялады. Бұл жарияланым да толыққанды мәтіннің мазмұнын дәл бере алмады. Тіпті өздері аудармасына күмәнданған мәтіндерді арнайы сұрақ белгісімен қоса беруі соның дәлелі болып табылады [4, с. 47]. Көне түркі руна жазуы тек қана орыс тіліне ғана емес, дат ғалымы В. Томсеннің еңбегіндегі руна жазуының мағынасы француз тілінде де жарық көрген болатын. Көне түркі руна жазуының дыбысталуы, жазуының құпиясы мол екендігін П.М. Мелиоранский де өз еңбегінде атап өткен болатын. Көне түркі руна жазбасына қатысты, оның нақты әрі қатесіз дыбысталуы мен оқылуын ашу әзірге мүмкін емес екендігін алға тартады. Өйткені ғалымның айтуынша Орхон бойынан табылған ескерткіштердің көптігі мен оның жазылу ерекшеліктері, дыбысталуы әлі күнге дейін бір тоқтамға келме-ген. Ең бастысы П.М. Мелиоранский осы мәселеде ізденіс жүргізіп жатқан ғалымдардың барынша сақ-тықпен жұмыс жасап, түркі руна жазба ескерткішінің шеңберінде ғана ізденіс жүргізуіне және дыбыс-талуы жағынан да барынша ұқсас болуы керек деген кеңес береді. Мұндай транскрипциялау ескерткішпен танысып, оны зерттеуге атсалысатын ғалымдар үшін көп пайдалы болады деп санаған [5, с. 50].

Алғашқы жылдары көне түркі жазба ескерткіштерінің құпиясы ашылмай тұрғанда оның шығу тегі туралы пікірлер өте көп болды. Құпия жазуды гректер, сақ, ғұн, фин, герман, кельттермен де байланыстырған пікірлер көп болды. Әсіресе көне түркі жазба ескерткіштерін фин-угорлық астарын ашу әрекеттері белсенді жүрді. Зерттеуші М.А. Кастрен фин-угор тайпаларының тарихи отанын Алтай, Сібір жерлерімен байланыстыратын теория ұсынды. Нәтижесінде 1890 жылы Енисей және Орхон бойындағы көне түркі жазба ескерткіштерінің атласы да жарық көрген болатын. Отандық зерттеуші А.К. Каиржанов өзінің ғылыми-зерттеу жұмысында түркі руна жазуының пайда болуында үш болжам ұсынады:

- Арамей жазуының әсері;
- Соғды жазуының әсері;
- Көне түркі жазуының негізінде тамғалар, тамғаға ұқсас пиктограммалар жатыр деген үш болжамды ұсынады [6, с. 12-13].

Зерттеуші арамей жазуының ықпалы болуы мүмкін деген ұсынысты өз кезегінде В. Томсен ұсынғандығын атап өтеді. Уақыт өте бұл пікірді О. Доннер де жалғастырып, Парфия патшалығындағы аршанидтер әулетіне тиесілі тиынды зерттейді. Тиынның бетінде жазу болғандығы анықталған. Сол жазуды зерттей келе, түркі руна жазуының қалыптасуына әсер еткен болуы мүмкін деген қорытындысын келтіреді. Көне түркі жазуының қалыптасуына соғды жазуының әсері болды деген ұсыныс Н.М. Ядринцевтің далалық экспедициясының нәтижесінде пайда болған. 1889 жылы Орхон өзені бойындағы Орда-Балықтан үш тілде жазылған жазуы бар тасты тапқаны белгілі. Қытай, соғды және түркі жазуы бар тастағы жазулардың құпиясын ашу және аудармасын жасау арқылы түркі жазуының пайда болуындағы соғдылық әсер туралы теория пайда болған. Бұл теорияны өз кезегінде Ф.Мюллер, А.Лекок, Р. Готью, О. Хансен сынды зерттеушілер тереңінен зерттеген. Алайда соғдылар мен олардың тілі тек дамыған ортағасырда үлкен сұранысқа ие болғандығын ескерсек, бұл ұсыныс негізсіз деп пайымдауға болады. Тарихи оқиғаларға да мән беретін болсақ, түркілер өздері мекен еткен аймақтарда тек саяси-экономикалық және әскери басымдылыққа қана ие болып қана қоймай, өзіндік рухани мәдениетінің де үстемдігімен ерекшеленді. Сол себепті зерттеуші А.К. Қайыржанов та, біз де бұл болжамның дұрыстығына күмәнмен қараймыз.

А.К. Қайыржановтың көне түркі жазуларының шығу тегін анықтауда тамға теориясын да толыққанды ашады. Тамға – Еуразия даласын мекен еткен көшпелі халықтардың нақты бір руға тиесілі екендігін

дәлелдейтін белгілер. Өз кезегінде түркі рунасының шығу тегін тамғамен байланыстыратын теорияны жақтаушылар да беделді ғалымдар десек болады. Олардың қатарында В.Томсеннен бастап, Н.Я. Аристов, Д.Н. Соколов, Е.Д. Поливанов және тағы да басқалары. Алайда ғылыми қауымдастық тарапынан бұл теория көп қолдау таба қоймаған сыңайлы.

Әрине ғылыми қауымдастыққа беймәлім болған көне түркі жазуының пайда болуы туралы бірқатар танымал ғалымдардың да пікірлері бар. Мысалы А.М. Щербак өзінің «Тюркская руника. Происхождение древнейшей письменности тюрков, границы ее распространения и особенности использования» атты еңбегінде көне түркі рунасын оқыған В. Томсеннің еңбегін өте жоғары бағалайды. Өйткені, түркі жазуының құпиясының ашылуы ең алдымен мәдени-тарихи тұрғыдан маңызды екендігін атап өтеді. Түркі-лердің көне руна жазуының пайда болуын Шығыс Түркі қағанатымен байланыстырады. Жазудың кен таралып, түркі қоғамына белгілі болуы кейінірек жүзеге асқан деген пікір келтіреді [7, с. 7-8]. Зерттеуші көне түркі руна жазуының пайда болуы ең алдымен түркілердің мекен еткен географиялық ортасымен байланыстырады. Өйткені түркілер ерте ортағасырда қытай, парсы сынды үлкен өркениеттердің тоғысында орналасты. Мұндай өркениеттер арасындағы байланыстар нәтижесінде түркілер арасында тек буддизм, манихейлік сияқты діни ағымдардың таралуы ғана емес, сонымен қатар өзіндік жазуының да пайда болуына әсер етті деген пікір білдіреді. Оған қоса түркілер белгілі бір дәрежеде соғдылармен шаруашылық, саяси және мәдени байланыстарға да белсенді түскендігін алға тарта отырып, түркілердің руна жазуының пайда болуына әсер етті деп санайды [7, с. 5-6]. Алайда зерттеушінің пікірі әлі де болса ғылыми негіздеуді талап етеді. Жоғарыда біз атап өткен отандық зерттеуші А. Қайыржановтың ғылыми мақаласында тамғалардың түркі рунасының пайда болуына қаншалықты әсер еткендігі туралы мәлімет-тер келтірдік. Автор кешенді зерттеу жұмыстарын жүргізіп, нәтижелерін диахрондық кесте түрінде келтіреді. Кесте барысында Талас, Енисей, Орхон бойынан табылған руна жазбаларындағы әріптерді тамғалармен салыстырмалы түрде сәтті бере алған. Зерттеуші 32 тамға мен руна жазуының мағынасынан ұқсастық тапқан. Осы келтірген жайттарды басшылыққа ала келе, көне түркі рунасының пайда болуында тамғаның әсері басым болған деген тұжырым жасауға болады.

Көне түркі руна жазуының шығу тегіне қатысты қалыптасқан осы үш болжаммен қатар, оның күрделі әрі өзара байланысқан нұсқалары бар. Ғылыми қауымдастыққа өз кезегінде мұндай ұсынысты берген зерттеуші В.А. Лившиц болып табылады. Кеңес дәуірінде шыққан мақаласында ұсынған болжам-дары санасуға тұрарлық. Мысалы, біз А. Қайыржановқа сүйене отырып ұсынған үш болжамға қосымша, түркі руна жазуының пайда болуына әсер еткен:

- Соғды-хорезмдік нұсқа;
- Соғдылық пехлеви-бактриялық нұсқа;
- Арамей-тамғалық нұсқаны [8, с. 4-5] атап өтуге болады.

Зерттеуші белгілі бір жазулардағы ұқсастықтың бар болуы шешуші мәселе деп қарастырмайды. Демек, ол кездейсоқ болуы да мүмкін деген пікір білдіреді. Дегенмен, өзінің мақаласында осы ойына қарсы шығып түркі руна жазуының пайда болуында «соғды болжамын» ұқсастық принципі бойынша дәлелдеуге тырысады. Бұл ұқсастық тек кескіндік ұқсастық қана емес, сонымен қатар фонетикалық ұқсастық та бар деп санайды. Біздің пікірімізше, мұндай ұқсастық түркілер мен соғдылар арасындағы ұзақ жылдарға созылған байланыстардың да әсері болуы әбден мүмкін. Тарихтан белгілі жайттардың бірі – түркілер соғдыларды өздерінің Византиямен елшілік алмасулары барысында пайдаланған. Сол себепті де сол замандағы мұндай байланыс, жақындастық жазу мәдениетінің де ұқсастығына алып келуі мүмкін. Рас, түркі руна жазуының соғды жазуымен ұқсастығына қатысты пікір білдірген зерттеушілердің қатарында В. Томсен де бар. Шығыс Түркістандағы алғашқы соғды жазба ескерткіштері табылып, оның құпиясы ашылған соң, В. Томсен де соғды жазуының түркі руна жазуымен көп ұқсастығы туралы өз пікірін білдіреді. В. Томсен ғылыми пікір алмасқан зерттеуші Р. Готью да өз кезегінде көне түркі руна жазуы соғды жазуының негізінде пайда болған деген пікір айтады. Р. Готью көне түркі руна жазуы мен соғды жазуында 12 ұқсас белгіні анықтаған. Алайда Р. Готью келтірген салыстырмалы кестеден біз зерттеуші А. Қайыржанов келтірген салыстырмалы кестегідей айқындықты байқамадық. Зерттеушілер арасындағы көне түркі руна жазуының соғды жазуы негізінде пайда болды деген ұмтылыстары тығырық-қа тіреле бастады. Оның басты себебі, қос жазу арасындағы ұқсастықты анықтаудың барынша қиын бола түсуінде еді. Жекелеген түркі руналарының тіпті соғдылық прототипі болмады. Әрине, бұл болжам да санасуға тұрарлық. Алайда ғылыми қауымдастық тарапынан аталған болжам да көп құптала бермейтін сыңайлы.

Көне түркі руна жазуының пайда болуы және жалпы ғылыми айналымға қосу ісінде 1969-1990 жылдар аралығындағы Кеңес ғалымдары мен Моңғолия ғалымдарының бірлесіп жүргізген экспедиция-сының үлесі зор. Аталған экспедицияның жетекшісі С. Кляшторный мен Қ. Сартқожаұлы болған еді.

Экспедицияның жұмысы өте белсенді жүрді. Ғылыми айналымға бірнеше көне түркілердің жазба ескерткіштері енді. Сол жылдарға дейін белгісіз болып келген бірнеше руна жазуының бірегей ескерткіш-тері табылды. Моңғолия жерін мекен еткен түркілердің археологиялық ескерткіштерінің картасы даярланды. Тарихи ескерткіштердің көшірмесі жасалып, суретке түсірілді. 1973-1975 жылдары Кеңес түркітанушылары жоғары Енисей бойындағы көне түркі руна жазуының альбомын даярлау үшін зерттеу жұмыстарын жүргізді. С.Г. Кляшторныйдың жетекшілігімен жүрген зерттеу барысында көптеген нәтижелі жұмыстар атқарылды. Далалық зерттеу жұмыстары осыған дейін табылған мәтіндерді нақтылау ісіне көп көмегін тигізді. Осыған дейін жүргізілген зерттеу жұмыстарын толықтырып, белгісіз болған мәліметтердің орнын толықтырды. Жүзге жуық ескерткіштер суретке түсіріліп, картасы жасалды [9, с. 82-101]. С.Г. Кляшторный мен Қ. Сартқожаұлы Күлтегін, Білге қаған, Тоныккөк жазбаларының құпиясын ашып, өзге де көне түркі руна жазбаларын тапты. Зерттеушілердің ізденістерінің нәтижесінде 65-ке жуық көне түркілердің жазба ескерткіштері табылып, тіркелді.

Көне түркі руна жазбасының құпиясы, оның пайда болуы мен жалпы дыбысталуы сияқты біз жоғарыда атап өткен маңызды мәселелерге отандық зерттеушілер де белсене атсалысты. Атап өткен зерттеушілерден бөлек әр жылдары Ғ.Айдаров пен Ғ.Мұсабаев, А.С. Аманжолов, Қ.Өмірәлиев, М.Жолдасбеков, О.Бекжан сияқты ғалымдар бар. Кейінгі жылдары Н.Базылханның ғылыми зерттеу жұмыстары да назар аударарлық. Зерттеуші көне түркілердің руна жазбасы «түрік бітік» деп аталған-дығын атап өтеді. Жоғарыда келтірген авторлардың болжамдары сияқты көне түркі жазбасының шығу төркінін тамғалық белгімен байланыстырады. Алтын мөрдің иесін «тамғашы» деп атаса, іс-қағаздарды жүргізетін лауазымды тұлға «бітікші» болғандығын атап өтеді. Оған қоса көне түркі руна жазуы ұлан-ғайыр территорияны мекен еткен барлық түркі тайпаларына түсінікті болған деген пікір білдіреді [10, с. 31]. Зерттеуші өзінің ғылыми-зерттеу мақаласында Орхон, Енисей жазулары мен тарихи ескерткіштерінің ерекшеліктерін дәл анықтап, олардың таралым аймақтарын да салыстырмалы талдай алған. Мысалы, Орхон ескерткіштері Алтай мен Хангай таулары, Гоби шөлі мен Орхон, Селенгі, Туыл, Керулен, Онон, Хобда өзендері, Көпсуқөл, Қарасу сияқты көлдердің жағасында да көптеп кездесетіндігін дәл анықтайды. Орхон ескерткіштері арасында белгілі қағандар мен ел басшыларына арналған кешендер де бар. Олардың ішінде Білге қаған мен Күлтегін, Тоныккөк сияқты басшылар бар. Орхон ескерткіштері арасында тек көне түркі руна жазуынан тұратындар ғана емес, сонымен қатар көне соғды, санскрит-брахма тілдеріндегі де ескерткіштер бар. Бұл туралы мәліметтерді зерттеуші өзінің ғылыми мақаласында атап өтеді. Түркі дәуірі басталған алғашқы жылдардан бастап осы аталған кең аумақта түркілердің бітік жазуы үлкен сұраныста болып, кеңінен қолданылды. Тек дамыған ортағасыр басталған уақытта ғана көне түркі бітік жазуының негізінде ұйғыр тілі пайда болып, ең алғаш рет дыбыстық «трансформация» болып табылды. Көне түркі бітік жазуы XII ғасырға дейін кең көлемде және белсенді түрде қолданыста болуымен ерекшеленген. Біздің пікірімізше бітік жазуының өз белсенділігінен айырылуы ол діни үгіт пен насихат салдарынан тәңіршілдік нанымның өзге дін және діни ағымдарға жол беруімен байланысты. Бір ғана ислам дінінің келуімен араб жазуына деген сұраныс артқаны белгілі. Өз кезегінде мұндай діни насихат салдарынан түркілер мекен еткен аумақта буддизм, христиандық, манихейлік сияқты нанымдар да кеңінен таралған болатын. Осы мәліметтерді зерттеуші Н. Базылхан дәлелді түрде жаза алған. Сонымен қатар көне түркі руна жазуы ішінде Енисей ескерткіштерінің де өзіндік орны бар. Мысалы Енисей ескерткіштері негізінен Хакасия, Тыва, Таулы Алтай, Красноярск, Лена, Енисей, Абакан, Кем өзендері бойынан көптеп табылған. Олардың жалпы саны – 175. Ең ұзын жазба ескерткіш 400 тамғадан тұрады. Зерттеуші Н. Базылхан Енисей ескерткіштері мен Талас өзені бойынан табылған түркі ескерткіштері бір мәдениеттің өкілі екендігін атайды [11, с. 95-98].

Қазіргі таңда түркітану саласында көне түркі руна жазуын «күл жазуы» деген баламамен қолдануды ұсынатын зерттеушілер де бар. Солардың қатарында зерттеуші О. Бекжан өзінің еңбегінде «күл» сөзі бұрыш деген мағынаны білдіретіндігін айта келе, көне түркі руна жазуы да геометриялық тұрғыдан бұрышқа көп ұқсайтындығын алға тартады. Сол себепті де, «күл жазуы» деген атауды ұсынады. Біз келтірген көне түркі руна жазуының шығу тегіне қатысты зерттеуші өзіндік пікірді ұсынады. Атап айтқанда, көне түркі руна жазуының шумер-түркілік негізі басым деген пікірді білдіре отырып, ұзақ жылғы дыбыстық әліпби дәрежесіне көтеріле алған сақ-түркілік жазу деген ұстанымды ұсынады. Зерттеуші арамей, финикий жазулары болса, көне түркі руна жазуына негізделіп, тармақталған деген бірегей тұжырым жасайды [12, 22 б.].

Мұның өзі түркілерде тек өздеріне тән жазу мәдениеті болғандығын растайды. Ескеретін жайттардың бірі бұл түркілердің руна жазуы өте ерте кезеңдерде қалыптасқандығы болып табылады. Зерттеу жұмыстарында «руна жазуы» деп аталып кеткен түркі жазуы тек Түркі қағанаты құрылған VI ғасырда ғана емес, сонымен қатар IX-X ғасырларда белсенді пайдаланып, XII ғасырдың өзінде көне түркі жазуын

қолданған ескерткіштер бар. Тіпті жекелеген зерттеушілер көне түркі жазуының ХУ ғасырларда да жекелеген жерлерде пайдаланылып келді деген пікір білдіреді. VI ғасырларда Түркі қағанаты кезінде белсенді пайдаланып отырған жазба Ұйғыр қағанаты деп аталған кейінгі кезеңдерде де белсенділігін жоғалтпады. Тек қана сол жылдары түркілердің мекен еткен аумақтарында манихейлік діни наным сенімі кеңінен тарап, соның негізінде соғдылық жазуға негізделген жаңа әліпби пайда болды. Жаңа жазу үлгісінде бірқатар тарихи ескерткіштер жазылып, оның басым көпшілігі күні бүгінге дейін жетті.

Ол турасында өзбек ғалымы Н. Рахмонов түркілердің руна жазуы және оның қолданысына қатысты «Орхон және Енисей жазулары V ғасырдан бастап, біздің дәуіріміз ХУ ғасырына дейінгі аралықта Орталық Азияда, соның ішінде Өзбекстан мен Моңғолия, Оңтүстік Сібір және Қазақстан, сонымен қатар Шығыс Түркістан сияқты басқа да жерлерде, тіпті Солтүстік Кавказда XV ғасырларда да орхон жазуы кеңінен пайдаланылып отырды» деген пікір білдіреді [13, 45 б.].

Осы келтірген жайттардан байқағанымыз, көне түркі руна жазуының шығу тегі, оның қалыптасу сияқты мәселелер бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірі болып табылатындығы. Әрине белгілі бір ұлттың қалыптасуына бірнеше ру мен тайпалар атсалысады десек, белгілі бір жазудың да қалыптасуында көршілес немесе ықпалдас халықтардың жазуы өзіндік әсерін беру мүмкіндігі жоғары. Алайда көне түркі руна жазуына келер болсақ, біздің пікірімізше бұл жазу ең алдымен сақ дәуірінен келе жатқан жазудың заңды жалғасы және жоғарыда келтірген тамғалық болжам барынша шындыққа жақын деп санаймыз. Түркілердің жазу мәдениетінің болуы, ол ең алдымен түркі қоғамының өркениетке жеткендігін дәлелдейтін басты фактор. Рас, патшалық билік тұсында, алғаш көне түркі руна жазуы табылып зерттеле бастағанда, бұл жазуды көшпелілер қоғамына тән деп қабылдағысы келмегендер де болған. Мұның өзі көне түркі руна жазуының кең әрі кешенді түрде зерттелуіне кедергісін келтірді. Бұл ретте біз дат ғалымы В. Томсеннің еңбегін жоғары бағалаймыз. Алғаш болып «тәңірі» сөзін оқу арқылы ғылыми қауымдастыққа көне түркі руна жазуының құпиясын ашты. Бұл өз кезегінде көне түркі руна жазуының ешқандай өзге мәдениетке тиесілі емес екендігін дәлелдеп, Еуразия территориясын мекен еткен көшпелі түркі тайпаларының төл жазуы екендігін ғылыми қауымдастыққа таныстыруға мүмкіндік берді.

Қорытынды. Сонымен мақаланы қорытындылай келе, біз көне түркі жазуы – Еуразия жерін мекен еткен көшпелі түркі тайпаларының өркениетке қол жеткізгенінің басты дәлелі деп тұжырымдаймыз. Түркілердің руна жазуындағы тарихи ескерткіштер ұзақ жылдар бойында ғалымдардың зерттеу нысанына айналды. Алғашқы зерттеу жұмыстары географ, саяхатшыларға тиесілі болды, кең көлемдегі мәліметтер жинақталды. Көне түркі руна жазбаларының ғылыми айналымға қосылып, ғылыми қауымдастыққа танытуда дат ғалымы В. Томсеннің еңбегі зор. Өйткені құпия болған жазудың көне түркілерге тиесілі екендігін дәлелдеген ғалымның еңбегінен кейін орыс ғалымдары да көне түркілердің жазбасын зерттеу ісін барынша объективті жүргізе бастады. Орыс ғалымдарының қатарында біз қарастырып өткен В.В. Радлов және П.М. Мелиоранский, Н.М. Ядринцев, С.Г. Кляшторный, А.М. Щербак, В.А. Лившиц, Д.Д. Васильев, А.Н. Кононовтар және тағы да басқаларын атап өтеміз. Отандық зерттеушілердің ішінде Ғ.Айдаров, Ғ.Мұсабаев, А.С. Аманжолов, Қ. Өмірәлиев, М.Жолдасбеков, Қ. Сартқожаұлы, А. Қайыржанов, Н. Базылхан, О.Д. Бекжан және тағы да басқалары бар. Осы қарастырып өткен ғалымдар көне түркі руна жазуының пайда болуы мен қалыптасуын зерттеу нысанына айналдырған. Қорытындылай келе, біз көне руна жазуының пайда болуында негізгі үш ғылыми болжамның бар екендігін айқындадық. Олардың қатарында арамей жазуының әсері, соғды жазуының әсері және көне тамғалардың негізінде руна жазуы пайда болды деген болжам. Сөзсіз әр болжамның өзіндік ғылыми негіздемесі бар. Алайда біз мақала барысында арамей жазуы мен соғды жазуының әсері болғанымен, олардың түркілік руна жазуының пайда болуындағы әсерін ғалымдардың пікіріне сүйене отырып шындыққа жанаса бермейді деген қорытындыға келдік. Көне түркі руна жазуының төңірегіндегі әлі де болса жалғасып жатқан ғылыми зерттеу жұмыстары мәселенің өзекті екендігін дәлелдейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кононов А.Н. *История изучения тюркских языков в России. Дооктябрьский период.* – Ленинград: Наука, 1982. – 359 с.
2. Kara G. *Le glossaire jakoute de Witsen // Acta orientalia.* – Budapest, 1972. – s. 433-434
3. Сартқожаұлы К. *Генезис древнетюркского рунического письма.* – Алматы: Абзал-Ай, 2012. – 280 с.
4. Радлов В.В., Мелиоранский П.М. *Древнетюркские памятники в Кошо-Цайдаме // Сборник трудов Орхонской экспедиции.* – Выпуск IV. – Санкт-Петербург, 1897. – с. 47
5. Мелиоранский П.М. *Памятник в честь Кюльтегина. С двумя таблицами надписей.* – Санкт-Петербург: Типография императорской Академии Наук, 1899. – 144 с.

6. Кайржанов А.К. Генезис тюркского рунического письма (на материале тамги-знаков евразийских кочевников) // *МОВА*. – №22. – 2014. – 12-13 с.
7. Щербак А.М. Тюркская руника. Происхождение древнейшей письменности тюрков, границы ее распространения и особенности использования. – Санкт-Петербург: Наука, 2001. – 148 с.
8. Лившиц В.А. О происхождении древнетюркской рунической письменности // *Археологические исследования древнего и средневекового Казахстана*. – Алма-Ата, 1980. – с. 4-5
9. Васильев Д.Д. Памятники тюркской рунической письменности Азиатского ареала // *Советская археология*. – №1. – 1976. – с. 82-101
10. Базылхан Н. Древнетюркский битик, фоно-морфемная структура письменности и проблемы интерпретации текстов // *Опыт исследования урянхайского языка*. – Кызыл, 2003. – с. 31
11. Базылхан Н. Древнетюркские (VI-IX) письменные памятники Алтайских горных систем // *Мир Большого Алтая*. – №1(1). – 2015. – с. 95-98
12. Бекжан О.Д. Түркі күлбізілік жазба ескерткіштері тілінің семиотика семантикалық негіздері. – Алматы, 2015. – 148 б.
13. Рахмонов Н., Балтабоев Х. Узбек мумтоз адабиети намуналари. – 1 жилд. – Тошкент: Фан, 2003. – 332 б.

References:

1. Kononov A.N. *Istorija izuchenija tjurkskih jazykov v Rossii. Dooktjabr'skij period*. – Leningrad: Nauka, 1982. – 359 s.
2. Kara G. *Le glossaire jakoute de Witsen* // *Acta orientaliae*. – Budapest, 1972. – s. 433-434
3. Sartkozhauly K. *Genезis drevnetjurkskogo runicheskogo pis'ma*. – Almaty: Abzal-Aj, 2012. – 280 s.
4. Radlov V.V., Melioranskij P.M. *Drevnetjurkskie pamjatniki v Kosho-Cajdame* // *Sbornik trudov Orhonskoj jekspedicii*. – Vypusk IV. – Sankt-Peterburg, 1897. – s. 47
5. Melioranskij P.M. *Pamjatnik v chest' Kjul'tegina. S dvumja tablicami nadpisej*. – Sankt-Peterburg: Tipografija imperatorskoj Akademii Nauk, 1899. – 144 s.
6. Kairzhanov A.K. *Genезis tjurksogo runicheskogo pis'ma (na materiale tamgi-znakov evrazijskih kochevnikov)* // *МОВА*. – №22. – 2014. – 12-13 s.
7. Shherbak A.M. *Tjurkskaja runika. Proshozhdenie drevneshej pis'mennosti tjurok, granicy ee rasprotranenija i osobennosti ispol'zovanija*. – Sankt-Peterburg: Nauka, 2001. – 148 s.
8. Livshic V.A. *O proishozhdenii drevnetjurkskoj runicheskoi pis'mennosti* // *Arheologicheskie issledovanija drevnego i srednevekovogo Kazahstana*. – Alma-Ata, 1980. – s. 4-5
9. Vasil'ev D.D. *Pamjatniki tjurkskoj runicheskoi pis'mennosti Aziatskogo areala* // *Sovetskaja arheologija*. – №1. – 1976. – s. 82-101
10. Bazyllhan N. *Drevnetjurkskij bitik, fono-morfemnaja struktura pis'mennosti i problemy interpretacii tekstov* // *Opyt issledovanie urjanhajskogo jazyka*. – Kyzyl, 2003. – s. 31
11. Bazyllhan N. *Drevnetjurkskie (VI-IX) pis'mennye pamjatniki Altajskih gornyh sistem* // *Mir Bol'shogo Altaja*. – №1(1). – 2015. – s. 95-98
12. Bekzhan O.D. *Tyrki kylbizilik zhazba eskertkishteri tilinin semiotika semantikalyk negizderi*. – Almaty, 2015. – 148 b.
13. Rahmonov N., Baltaboev H. *Uzbek mumtoz adabieti namunalari*. – 1 zhild. – Toshkent: Fan, 2003. – 332 b.

ӘОЖ 930:94 (574)
МРНТИ 03.20

<https://doi.org/10.51889/2959-6017.2024.80.1.023>

Ғ.М. Қарасаев^{*1}, Н.С. Пұсырманов², Б.Б. Ақтайлақ³

¹тарих ғылымдарының докторы, ҚР ҒЖБМ Мемлекет тарихы институты, Астана, Қазақстан

e-mail: karasayev_gm@mail.ru

<https://orcid.org/0000-0002-8579-7977>

²PhD, ҚР ҒЖБМ Мемлекет тарихы институты, Астана, Қазақстан

e-mail: nurbekp89@gmail.com

<https://orcid.org/0000-0001-9905-0320>

³тарих магистрі, ҚР ҒЖБМ Мемлекет тарихы институты, Астана, Қазақстан

e-mail: jastaban1992@gmail.com

<https://orcid.org/0000-0001-7614-2935>

ОРТА ЖӘНЕ ЖАҢА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ЕУРАЗИЯ АҢҒАРЫН МЕКЕН ЕТКЕН ҚАЗАҚ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ ТАРИХЫ СОЛ МЕРЗІМДЕРДЕГІ ШЕТЕЛДІК ЗЕРТТЕУШІЛЕР ШЫҒАРМАЛАРЫНДА

Аңдатпа

Шығармада аталған уақыт мерзіміндегі Еуропа мен Ресей зерттеушілерінің жарияланған еңбектері негізінде ресейлік отарлауға дейінгі және Ресей империясы құрамындағы өзара салыстырмалы тұрғыдағы қазақтардың шаруашылық ерекшеліктері және олардың сыртқы сауда қатынастары қарастырылады. Авторлар бұл кезеңде қазақтардың негізгі кәсібі көшпелі мал шаруашылығына негізделгенін, ол жергілікті тұрғындардың басты өмір сүруін қамтамасыз еткенін атап өтеді. Олардың сондай-ақ мұнымен қатар егіншілікпен және аңшылықпен айналысқандықтары да баяндалады. Бұл зерттеушілердің еңбектерінде көрсетілгендей, қазақтардың сыртқы сауда қатынастары да біршама жоғары деңгейде болғандығы айқындала түседі. Олар мал, жүн, былғары, тері өнімдерін сыртқа шығарып, өздеріне әр түрлі маталар, киімдер, металл бұйымдары, қару-жарақ, азық-түлік түрлері, және басқа да тауарларды айырбас ретінде алып отырды. Бұлар арқылы жергілікті қазақтардың сыртқы саудаға деген қажеттіліктері мен ұмтылыстары молайды. Осындай нақты мысалдар негізіндегі жазбалар арқылы шетелдік зерттеушілер қазақтардың басқа халықтармен және мемлекеттермен тұрақты негізде жүргізілген сауда байланыстары туралы құнды мәліметтер береді.

Жоғарыда аталған уақыттағы қазақ даласында болып, жергілікті тұрғындардың тұрмыс-салттары, сенімдері туралы оңды баға берген Еуропа мен Ресей зерттеушілерінің, жиһангерлері мен саяхатшылары еңбектерінің тарихи мағызының зор екендігі де белгілі. Олар өздерінен кейінгі ғалымдар мен ізденушілер үшін Қазақстан мен оның тарихына қызығушылық танытып, аталған уақыттағы қазақ қоғамының даму тарихына қатысты тұтас түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: қазақтар, шаруашылық, байлар, сыртқы сауда, Ресей, Еуропа, зерттеушілер, саяхатшылар.

Жұмыс «Қазақстан тарихындағы саяси институттар мен құрылымдардың эволюциясы (XIX-XXI ғғ.)» (ЖТН № BR21882308) мақсатты-бағдарламалық қаржыландыру аясында Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің қаржылық қолдауымен орындалды.

Карасаев Г.М.^{*1}, Пұсырманов Н.С.², Актайлак Б.Б.³

¹доктор исторических наук, Институт истории государства МНВО РК, Казахстан, Астана.

e-mail: karasayev_gm@mail.ru

<https://orcid.org/0000-0002-8579-7977>

²PhD, Институт истории государства МНВО РК, Казахстан, Астана.

e-mail: nurbekp89@gmail.com

<https://orcid.org/0000-0001-9905-0320>

³магистр истории, Институт истории государства МНВО РК, Казахстан, Астана.

e-mail: jastaban1992@gmail.com

<https://orcid.org/0000-0001-7614-2935>

ИСТОРИЯ КАЗАХСКОГО НАСЕЛЕНИЯ СРЕДНЕГО И НОВОГО ВЕКОВ НАСЕЛЯВШИХ В ПРОССТРАНСТВАХ ЕВРАЗИИ В ТРУДАХ ЗАРУБЕЖНЫХ ИССЛЕДОВАТЕЛЕЙ ТОГО ВРЕМЕНИ

Аннотация

В научном труде на основе опубликованных работ исследователей Европы и России в указанных периодах рассматриваются хозяйственные особенности казахов в относительном отношении к российской доколониальной и Российской империи и их внешнеторговые отношения. Авторы отмечают, что в этот период основное занятие казахов основывалось на кочевом животноводстве, которое обеспечило основную потребность выживания местного населения. Также сообщается, что они занимались земледелием и охотой. Как видно из работ иностранных исследователей, внешнеторговые отношения казахов также находились на достаточно высоком уровне. Они вывозили скот, шерсть, кожу, меховые изделия, а в обмен брали различные ткани, одежду, изделия из металла, оружие, продукты питания и другие товары. Засчет этого среди местного населения возрастают потребности и устремление к дальнейшему развитию торговли с соседними странами и регионами. На основе таких конкретных примеров зарубежные исследователи предоставляют ценную информацию о торговых связях казахов с другими народами и государствами, которые проводились на постоянной основе.

Известно также, что большое историческое значение имеют труды европейских и российских исследователей и путешественников, посетивших казахские степи в указанный период, которые положительно оценивали образ жизни и верования местного населения. Они позволяют последующим ученым и соискателям заинтересоваться Казахстаном и его историей и способствуют формирования целостного представления об истории развития казахского общества в это время.

Ключевые слова: казахи, хозяйство, бай, внешняя торговля, Россия, Европа, исследователи, путешественники.

Работа выполнена при финансовой поддержке Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан в рамках программно-целевого финансирования «Эволюция политических институтов и структур в истории Казахстана (XIX–XXI вв.)» (ИРН № BR21882308).

G.M. Karasayev^{*1}, N.S. Pussyrmanov², B.B. Aktailak³

¹doctor of historical sciences, Institute of State History of MNVO RK, Kazakhstan, Astana.

e-mail: karasayev_gm@mail.ru

<https://orcid.org/0000-0002-8579-7977>

²PhD, Institute of History of the State MNVO RK, Kazakhstan, Astana.

e-mail: nurbekp89@gmail.com

<https://orcid.org/0000-0001-9905-0320>

³ Master of History, Institute of History of the State MNVO RK, Kazakhstan, Astana.

e-mail: jastaban1992@gmail.com

<https://orcid.org/0000-0001-7614-2935>

HISTORY OF THE KAZAKH POPULATION OF THE MIDDLE AND MODERN AGES SETTLING IN THE SPACES OF EURASIA IN THE WORKS OF FOREIGN RESEARCHERS OF THAT TIME

Abstract

In the scientific work based on the published works of researchers from Europe and Russia in the specified periods. Empire and their foreign trade relations are considered. The authors note that during this period the main occupation of the Kazakhs was based on nomadic animal husbandry, which provided the main need for survival of the local population. It is also reported that they were engaged in farming and hunting. As can be seen from the works of foreign researchers, the foreign trade relations of the Kazakhs were also at a rather high level. They exported cattle, wool, leather, furs, and in exchange they took various fabrics, clothes, metal products, weapons, foodstuffs and other goods. As a result, the local population's needs and aspirations for further trade with neighbouring countries and regions increased. On the basis of such concrete examples, foreign researchers provide valuable information on the trade relations of Kazakhs with other peoples and states, which were carried out on a permanent basis.

It is also known that the works of European and Russian researchers and travellers who visited the Kazakh steppes during this period, who positively assessed the way of life and beliefs of the local population, are of great historical importance. They allow subsequent scholars and travellers to become interested in Kazakhstan and its history and contribute to the formation of a holistic view of the history of the development of Kazakh society at this time.

Keywords: Kazakhs, economy, bai, foreign trade, Russia, Europe, explorers, travellers.

The work was carried out with the financial support of the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (IRN No. BR21882308) within the framework of program-targeted funding «Evolution of political institutions and structures in the history of Kazakhstan (XIX–XXI centuries)».

Кіріспе. Ұзақ уақыт бойы Орталық Азияның ұлан-байтақ даласы Батыс әлемінің көп бөлігі үшін жұмбақ күйінде қалып келді. Алайда бұл өңірмен танысу үшін XIII ғасырдан бастап мақсатты негізде қазақ даласына әртүрлі тапсырмалармен шетелдік зерттеушілер, жиһангерлер мен өз еркімен саяхат жасаушылар келіп, бұл кең байтақ өңір тұрғындарының қоғамдық дамуы, саяси-экономикалық байланыс-тары жайлы құнды деректер дайындап, арнайы басылымдарда жариялады.

Жоғарыдағы аталғандармен бірге олар осы өңірдің табиғат ерекшеліктеріне, тұрғындарының өзіндік тұрмыс-салт ерекшеліктеріне де қызығушылық танытып, бұл құбылыстарға да жете назар аударды. Олардың құндылықтарын атап көрсетті. Әсіресе жергілікті тұрғындардың діни сенімдері мен өзара туыстық қатынастарын баяндауды да мақсат етіп, бұл құбылыстарды да кеңінен жазып, қалдырды. Бұл жазба деректер өз мерзіміндегі еуропалық және ресейлік ғылыми басылымдарында жарияланды және көпшілігі жеке кітаптар арқылы сол кездегі қазақ тарихының әр тақырыптарынан құнды мағлұматтарды Еуропа, Ресей ғылыми ортасы мен жұртшылығына таратты.

Өзектілігі. Әртүрлі көзқарастарды сыни талдаудың нәтижесінде бұл мақала көрсетілген зерттеушілер шығармаларындағы нақты жазба деректері негізіндегі сол мерзімдегі қазақ халқының шаруашылығының көп қырлылығы және халқымыздың сыртқы сауда байланыстарына қатысуы мен оның маңызын айқындауға арналды. Біз мақала негізіне айналған шетелдік жазба деректердің құндылығына көңіл бөле отыра, олардың көпшілігінің жазылу мақсаттарына да назар аударамыз. Олар тарапынан жазылған дереккөздерді, ғылыми талдаулардан өткізе отыра, біз сол мерзімдердегі қазақтардың табиғат ерекшелік-терін пайдалана отыра жүргізген шаруашылықты дамыту жүйесін және біртіндеп болсада аймақтық шаруашылықтық және сауда қатынастарына қосыла бастағандығына, оның маңызына талдау жасап, келелігін атап көрсетеміз. Сайып келгенде, мақала авторлары көрсетілген уақыттардағы қазақ халқы экономикалық дамуының өркендеу және күйзеліске ұшырау кезеңдерінің болғандығын атап көрсете отыра, оның себептеріне тоқталамыз.

Қазақ жерінде болған және де көпшілігі осы өңір жергілікті тұрғындары туралы өздеріне дейінгі жазба деректермен де танысып, қызығушылық танытқан, бұл деректерге талдау жасап, нәтижесінде өздерінің шығармаларында халқымыздың өткен уақытындағы шаруашылықтық даму жағдайларынан құнды жазба туындылар жариялаған сол мерзімдердегі батыс, орыс зерттеушілерінің шығармаларының ғылыми маңыздылығына баға береміз.

Материалдар мен әдістер. Зерттеудің негізгі дереккөзі XIII–XIX ғасырларда қазақ жеріне әр түрлі мақсаттармен сапар шеккен және де болған саяхатшылардың, зерттеушілердің, дипломаттардың, саудагерлердің жазбаша куәліктері.

Мақаланы жазу барысында келесі әдістер қолданылды: деректерді талдау, тарихи-жүйелілік, оларды өзара тарихи салыстырмалы әдістер.

Талқылау. Ең алдымен атай кететін мәселе, қазақ даласында жоғарыдағы аталған мақсатта болған алғашқы еуропалық жиһангерлер бұл өңірдегі тұрғындардың шаруашылық даму жағдайларына, рулық құрылымдары мен басқару түрлері мен оның ерекшеліктеріне назар аударды. Олар сонымен қатар өңір

халықтарының салт-дәстүрлерімен танысып, оның ерекшеліктері мен бағалылықтарын атап көрсетті. Өздерінің кейін Еуропаның көптеген тілдеріне аударылған, бүгінгі уақытқа дейін тарихи маңыздарын жоймаған жазбаларында көргендерін баяндап, құнды қорытындылар жасады. Осындай жазбалардың авторлары Шыңғысхан негізін қалаған көшпенді империямен танысу үшін сапар шеккен италийндық діни қызметкерлер Иоанн де Пано Карпини мен Гильом де Рубрук болды.

Егер де жекелеп тоқтайтын болсақ, біріншісінің атап көрсеткеніндей: «Олар малға: түйелерге, өгіздерге, қойға, ешкілерге және жылқыларға аса бай. Мүйізді ірі қара малы санының молдығы сондай, біздің көзіміз жеткеніндей, мұндай саны мол мал әлемнің еш елінде жоқ, доңыз және тағы басқалары оларда мүлдем кездеспейді» [1, 7]. Ол жергілікті тұрғындардың аймақтың географиялық-климаттық ерекшелігіне байланысты шаруашылық жүргізудің осы түрінде жоғары өнімділікке жеткендігін анық байқаған.

Келесі италийндық дін қызметкері қазіргі қазақ даласын мекен еткен тұрғындардың көрші елдер, мемлекеттермен арадағы өзара айырбас сауда қатынастарына назар аударады. Олардың көрші елдерге шығаратын тауар түрлеріне талдау жасайды. Соның ішінде мал және оның өсімдерін мольнан шығаратындығын жазады. Тіпті бұл халықтың алыс мемлекеттер және елдермен тұрақты сауда қатынастарының орын алып отырғандығын көрсетеді. Бұлармен бірге дала тұрғындары арасында аңшылық кәсіптің де кең таралғандығын жеткізеді. Рубруктың айтуынша, аңшылық олардың азықтарының маңызды бөлігін қамтыған [1, 76]. Осындай тұжырымы аарқылы көшпенділер қоғамында аңшылық, саятшылық дәстүрдің өзіндік ерекшелігі де болғандығына баға береді.

Біздің заманымыздың оналтыншы жүзжылдығының бірінші ширегінен арнайы тапсырмамен бір орталыққа біріге бастаған Орыс мемлекетінің астанасында, одан ары оның басқа қалалары мен өңірлерінде болған кейін зерттеушілікпен айналысқан австриялық саяси қайраткер Сигизмунд фон Герберштейнде өзінің болған жерлеріндегі тұрғындардың әр бағыттағы өмірлерімен, сонымен қатар мүмкіндігінше тарихи дамуларымен де танысты. Осылардың қатарында ол Еуразия аңғарын мекен етіп отырған түркілік рулардың күнделікті тұрмыстарынан да бағалы деректер қалдырды. Осы сапары кезінде жазып, кейін көптеген батыстық тілдерге аударылған шығармасында: «Бухария мен Қыпшақта өздерінің күміс және мыс монеталары бар: біріншісі «танге», екіншісі «пұл» деп аталды. Ресейліктер осы атаумен өздерінің ақшаларын, атап айтқанда күміс ақшаларын «деньги», мыстарын «пұл» деп атады. Соңғысы Донскойдың әкесі кезінен қолданысқа енсе, ал бізге белгілі көне күміс ақшалар князь Дмитрийдің кезінен пайдаланылуда» [2, 31], - деп, аталған мерзімдегі көпсанды түркілік тайпаның тарихын, оның көрші елдер мен халықтар арасындағы алатын орнын көрсеткен.

Онс егізінші жүзжылдықтың ортасындағы Батыс Сібір өңірінде бірнеше рет арнайы сапармен болған неміс жиһангері Гмелин Иоганн Георг өзінің осы сапарлары негізінде мол жазба деректер қалдырып, өзі болған өңірлердің жан-жақты құбылыстары мен тарихына өзіндік баға берген. Өзінің аталған жазбаларында ол: «Жетішатырдан (Семей) кейінгі... Ертістің батыс жағалауында негізінен мал жайылымына қолайлы жерлері көп, шөбі шүйгін өңір, алайда Қазақ ордасының шапқыншылықтарына байланысты өте қауіпті.

Жетішатыр екі форштат аралығындағы ағаш бекіністен тұрады; онда 120 адам драгун, 80 казак пен инвалидтер, бұларға қосымша 183 жанды ер, 166 жанды әйелдерден тұратын еркін адамдар орналасқан [3, 21]. Негізіннен мал өнімдерімен қоректенеді, аздаған бақшалары бар шағын көлемдегі саудамен айналысады. Құнарсыз дала егіншілікпен айналысуға қолайсыз.

Ертістің жоғары жағалауында Қызылжардағы (Петропавловск) сияқты қазақтармен айырбас саудасын жасайтын... шағын сауда алаңы бар» [3, 28-30], - дей келе, көрсетілген өңірдегі жергілікті тұрғындар мен қоныстанушылар арасындағы қатынастың ерекшелігін баяндаған. Жиһангердің бұл сараланған мәліметтері сол уақыттағы қазақ-орыс қатынасының жағдайын білдіреді.

Бекіністерді салудың негізгі мақсаты әскери стратегиялық ерекшеліктерімен байланысты болғаны-мен, көп ұзамай олардың аймақтың маңызды экономикалық факторлардың біріне айналуына әкелді.

Қазақ даласында онсегізінші жүзжылдықтың елуінші-алпысыншы жылдары болған келесі батыстық өлкетанушы Фальк Иоганн Петер қазақтардың Ресеймен сада байланыстары осындай бекіністер арқылы жүргізілгендігін байқаған. Оның көрсетуіне қарағанда, сол уақытта Орта жүздің қазақтары Қызылжарға, Кіші жүз халқы Орынборға келіп сауда жасаған. Қазақтар негізінен жылқы, ірі қара мал және қойды саудалаған. Зерттеушінің айтуынша, дала тұрғындары мен Ресейдің арасындағы сауда байланыстары 1760 жылдан бастап тұрақты орнаған және уақыт өткен сайын маңызы ара түскен [4, 363].

Қазақ халқының, соның ішінде олардың тарихи мекендері болып табылатын Батыс Сібір, Алтай аймағының тарихын, соның ішінде осы өңірді көне заманнан мекендеп келе жатқан қазақтардың Ора жүзі руларының өткенін нақты деректер негізінде кеңінен жазушылардың қатарына XIX ғасырдың ортасынан

XX ғасырдың басына дейінгі шығармаларында осы тақырыпқа сай молынан жазба туындылар жариялаған белгілі өлке танушы Н.Я. Коншинді атап кетуге болады. Жергілікті қазақтардың жан-жақты тарихын зерттеумен бірге ол осы өңірдегі қалалардың салыну, даму бағытына да көптеген туындылар арнады. Келесі бір айта кетерлігі Н.Я.Коншин осылармен бірге жергілікті қазақтардың Ресейлік отарлауы-на қарсылығына арналған туындылардың да авторы болып табылады. Осындай көпбағытты туындалары-на, олардың тарихи маңыздылықтарына байланысты Коншинді аталған аймақ тарихын зерттеудің білгірі деп атауға болады. Жоғарыдағы аталғандармен қатар өлке танушы сол мерзімдегі Батыс Сібір, одан арғы Дала өлкесі құрамында болып келген Сеипалатинск, Ақмола облыстарының, жекелеген уездерінің тарихына, жергілікті тұрғындардың жағдайларына арналған жазба туындылардың да авторы. Осындай мазмұндағы Ақмола облысының жан-жақты даму тарихына арналған да еңбектерімен де белгілі. Мысалы автордың шығармаларында қатарында аталған облысты ресейлік отарлау, орыс шаруаларымен қоныстан-дыру, бұл шаралардың жергілікті тұрғындарға әкелген зардаптары туралы тың мәліметтер де молынан. Мысалы оның баяндауынша: «Қазіргі Ақмола облысының құрамына енетін жерлер Ресей құрамына заңдылық негізінде өткен жүзжылдықтың ортасында өткен болатын. Сібірді жаулаудың алғашқы уақытынан орыстар қазіргі қырғыз даласында көшіп жүрген тағы тайпалар: жоңғарлар, қалмақтар, және соңында олардың жерлеріне келген қырғыздармен бітпейтін соғыстар жүргізуге мәжбүр болды. Көшпенділердің казактар орналастырылған орыс шекаралық қоныстарына үнемі шабуылдар жасаулары-нан қорғану үшін ХУІІІ ғасырдың бірінші жартысында көптеген шағын қамалдар мен бекіністер салынды. Бұл казак жүйелерінің біреуі, (оның бойындағы көптеген ащы-тұзды көлдерге байланысты аталған) Сибирская» немесе «Горькая» қазіргі уақытта Ақмола облысының құрамына енеді.

Қырғыздардың орыс билігіне іс жүзіндегі бағынуы көп бұрын емес, 1822 жылғы Сперанскийдің «Сібірді басқару (Сибирское Учреждение)» және «Сібір қырғыздарының ережесі» енгізілгеннен кейін бастау алды. Аталған Ереже бойынша хандық билік біржолата жойылды, далада округтер негізделіп, оларда сайланатын сұлтандар төрағалық ететін приказдар құрылды, және қырғыздардан жыл сайын малмен салық жиналатын болды. Осы уақыттан орыстар далаға кеңінен еніп, жаңадан көптеген казак станицалары негізделе бастады.

Жаңа тәртіпті енгізу көшпенділер арасындағы қарсылықсыз қалмай, қазіргі жүзжылдықтың 40-жылдарындағы Ресей үкіметіне қарсы бүкіл дала түгелдей қолдаған сұлтан Кенесары Қасымов бастаған қарулы көтеріліс барынша белгілі болды. Қ Сібір қырғыздары туралы ырғыздар бүгінгі күнге дейін руларымен өмір сүреді және аға сұлтандарды сайлау неғұрлым ірі және орта дәрежегі толқуларға әкелді. Сібір қырғыздарының ережесі қырғыз жерлері мемлекеттің меншігі деп жарияланып, сұлтандар билігі мен округтік приказдар жойылып, орыс әкімшілігі басқаратын уездер құрылған Уақытша ереже енгізілгенге дейінгі 1868 жылға дейін қызмет етті. Бұлармен бірге 1854 жылы ашылған Сібір қырғыздары облысы шекарасының біршама өзгеруі негізінде қазіргі Ақмола облысы деп қайта құрылды.

Облысты шаруалармен отарлау (қоныстандыру) 70 жылдардан басталды деп айтуға болады. бұл уақытқа дейін бүкіл Дала өлкесі ресми тұрғыда қоныстандырушылар үшін жабық болды және сол уақыттағы Сібір қырғыздары ережесіне бойынша казак территориясы құрамына енген барлық жерлер қырғыздардың меншігі деп есептелінді және оған шаруалардың өз еріктерімен қоныстануларына қағат тиым салынды. Облысқа қоныс аударған шаруалар міндетті түрде казак топтарына жатқызылды. Мысалы, 1846 және 1849, тағы басқа жылдары осылай болды.

Қонысаударушыларды дала өлкесіне жіберудің қажеттігі туралы ой алғаш рет 1874 жылы сол мерзімдегі Батыс Сібір Генерал-Губернаторы генерал Казнаков тарапынан осы жылдың есебінде толығымен айтылып, онда осыған байланысты көшпенділерге ойластырыла және қысым көрсетпей отыра қырғыз даласы ортасына орыс отырықшы тұрғындарын орналастыру арқылы жартылай тағы халықтың салттарын жаңа жағдайға бейімдеу және тұрмыс жағдайларын көтерудің жалғыз ғана мүмкіндігі баяндалды....

Бұл Генерал-Губернатордың бастамасымен қоныстандырудың жоспары дайындалды және ерекше комиссия белгіленген мөлшермен қырғыз шаруашылықтарына зиян келтірмейтін шаруаларға арналған 30 десятиналық үлес көлемдерін белгіледі. Қонысаударушыларды пошта, тағы да басқа жолдар бойына орналастыру туралы шешім қабылданды. Өкінішке орай мұндай игілікті бастамалар күтілген нәтижеге жеткізбей, әкімшіліктің өзінің мойындауы бойынша қоныстандырудың аталған жоспары толығымен сәтсіздікке ұшырады. Бөлінген учасқтардың көпшілігі егін шаруашылығын жүргізуге жарамайтын болып, қонысаударушылар біраз уақыттан кейін оларды тастап кетуге мәжбүр болды.

Даланы ресми түрде қоныстандырумен қатар сол 70-жылдары шаруалардың өздерінің бастауымен қырғыздар пайдалануындағы жерлердің өздері қалаған бөліктеріне соңғы жер иелерімен жалға алу, ал,

көбінесе мүлдем келісімсіз орналасуларына ешқандай рұқсат берілмеуіне қарамастан қоныстанулары басталады.

Генерал-адютант Казнаковтың орнына келген Генерал-Губернатор Колпакрвский даланың егін шаруашылығына толығымен жарамсыз екендігіне сене отыр, оның кезінде Ақмола облысына өз еріктерімен қоныстануды тоқтатуға қарсы ең қатаң шаралар қолданылды. Алайда осындай атқарылған шараларға қарамастан бұл қозғалыс соңғы уақытқа дейін тоқтатылған жоқ.

Сібір (Горькая) казак жүйесін негіздеумен бірге генерал Киндерманның бастамасымен 1755 жылы осы жүйеге жіберілген казактарға мемлекет тарапынан егістік жерлер беріле бастады, ал, 1773 жылы олардың арасында егін шаруашылығын жүргізу мақсатымен әр адамға 6 десятинадан жер беру туралы шешім шығарылды. 1836 жылы Батыс Сібір Генерал-Губернаторы князь Горшаковтың кезінде мемлекеттік казак егістік жерлері жойылды, ал, 10 жылдан кейін, 1846 жылы казактың жер үлестері 6 десятинадан 30 десятинаға дейін ұлғайтылды.

Қазіргі Ақмола облысы казактарының арасындағы егін шаруашылығының дамуына елеулі тұрғыда ықпал еткен 1849 жылғы Көкшетау уезіне казактар құрамына енгізе отыра велокоросс және малоросс шаруаларын жіберу болды» [5].

Осы жазба талдауында өлкетанушы XIX ғасырдың басынан жергілікті тұрғындар арасына батыл ене бастаған негізделе бастаған егін шаруашылығының маңызын көрсеткен. Осы бағыттағы атқарыла бастаған ұйымдастыру шараларына шолу жасаған. Оның жазуынша: «Сонымен бірге қазіргі жүзжыл-дықтың басында қырғыздарды егін шаруашылығына тарту мәселесі көтерілді, атап айтқанда, Орынбор өлкесінде бұл іске 1808 жылы 10 мың рубль бөлінді. Отырықшылыққа көшкісі келетін қырғыздарға 140 жыл бойы салықтан, тағы да басқа міндеткерліктен босатылуларымен негізінен мұсылмандар орналасқан Сібір шаруа қоныстапырына орналасуларына рұқсат берілді. Бұл шаралар ешқандай да нақты нәтижелерін бермей, ұзақ уақыт өткенен кейін олардың арасында егіншілікті таратуға арналған кез-келген шараларға қарсылық көрсетті. Мысалы, 1829 жылы Ұлы Императорға танысу мақсатымен барған қырғыз депута-циясы далаға егін шаруашылығын таратпауға өтініш жасады Барлық қолдау шараларына қарамастан (егін шаруашылығымен табысты айналысатын қырғыздарға тіпті марапаттаулар да берілді, Мысалы, сұлтан Дүйсен Кенбабин 1833 жылы Көкпекті маңайындағы даланы өндегені үшін топаз жүзігін алды) соңғысын орыс шаруаларының отарлау қозғалысы күшейген 80-жылдарға дейін қырғыздар арасында тарату мүлдем қолдау таппады».

Н.Я. Коншин бұл шығармасында жоғарыдағы аталғандармен қатар, Ақмола облысы казактарының XIX ғасырдың соңындағы мал шаруашылығының көрсеткіштеріне талдау беріп, жергілікті тұрғындарына оның келтіретін әсерлерін баяндаған. «Көшпелі мал шаруашылығының құлдырауы, - деген деректер береді автор, - Ақмола облысында ғана емес қырғыздар мекендеп отырған тағы да басқа жерлерде байқалады. Мысалы, Семипалатинск облысы мәліметтері бойынша көшпенділерде 1884 жылы - 3062624 бас мал, 1885-3151111, 1888-27252956 1889-2765946 бас мал болды. 1893 жылы отырықшы және көшпелі тұрғындарындағы мал басы саны бірге қосқанда тек 2545095, немесе 1880 жылдардың басындағы тек көшпенді тұрғындар мал санынан едәуір кем болды.

Ақмола және Семипалатинск облыстарында негізгі азаю қой, және түйеден болып, ірі қара малының саны біртіндеп молая түскен. Орташа алғанда, 1880 жылдардың соңына Семипалатинск облысының әр көшпелі тұрғынына 5,4 бас малдан айналды. Қырғыз малының барынша бірден азаюыне Алекторов мырза өзінің «*Очерках Внутренней кирг. орды*» (Изв. Оренб. Отд. Имп. Р.Г.О-ва, 1893 г.в. II) атап көрсетеді. Оның санауы бойынша, аталған орда қырғыздарында 1 адамға есептегендегі мал саны: 1835 ж.-15,8, 1840 -11,3, 1852 -10,1, 1888-6,6 және 1892 ж. -мөлшермен 4». [5]

Қазақтардың ерте дәуірден XIX ғасырдың соңына дейінгі, соның ішінде оның Ресей империясына бодандыққа өтуінің тарихын, бұл отарлаудың мақсаты, барысы мен байырғы тұрғындарға әкелген зардаптары туралы XIX ғасырдың екінші жартысынан тұрақты негізде шығарылып келген мемлекеттік басылымдар да барынша кеңінен баяндалды. Олардың маңыздылығы сонда, бұл шығармалардың көпшілігі Қазақстанның аталған уақыттағы жекелеген өңірлерінің әр бағытты тарихынан молынан деректер келтіреді. Атап айтқанда, осындай басылымдардың қатарындағы «Обзор Акмолинской области за 1895 г» [6] атты жазба деректер топтамасында Қазақстанның солтүстік шығыс аймағын Ресей құра-мына қосудың барысы мен нәтижелеріне сараптама жасалған. Онда жазылғанындай: «Қырғыз даласын отарлау 720 верст қашықтық бойымен Омск қамалын (1716 жылы салынған) Оренбург әскери қоныстар жүйесімен мен қосу мақсатындағы Ертіс өзенінің бойымен Семипалатинск қамалын (1718 жылы іргесі қаланған) салудан басталатын форпостар мен редуттар негізделген уақыттан кейінгі 1752 жылы даланың солтүстік және

солтүстік- шығыс шетіндегі Ишим (Есіл) өзені жағалауында Әулие Петр және Павел қамалы (қазіргі Петропавловск қ.) негізделген өткен ғасырдың екінші жартысынан бастау алады.

Осы күшейтілген жүйелердің қорғауымен орыстар біртіндеп қырғыз даласына тереңдеп еніп, ең қолайлы жерлерге ие бола бастады. 1824 жылы қоныстандыру мақсатымен Көкшетау округі, 1832 жылы Ақмолинск және 1839 жылы Атбасарск ашылды. Далалық қоныстарды ашу мақсатымен 1849-50 жж. Орынбор және Саратов губернияларынан 3852 адамдық кішіресейлік казактар мен шаруалар шақырылып, Көкшетау уезінің құнарлы бөлімдеріне орналастырылып, мұнда бай және тұрғындары мол станицалар негіздеп, осы арқылы қырғыз даласын отарлаудың негізін бастады Ақмола және Атбасар уездерінде бұл уақытта тек қана екі казак станицасы ұйымдастырылды.

Ақмола облысын негіздеу уақытында 1868 жылғы 21 қазандағы бекітілген Жоғары Ережеге сай) оның қазіргі территориясы құрамындағы облыс тұрғындарының саны 375,370 екі жынысты адам, оның ішінде отырықшы тұрғындар 101,310 адам болды.

Шаруалар негізінен алғанда Ишим өзені ағысы бойындағы жерлерге орналасуға ұмтылады, өйткені олардың назарын Ақмола облысындағы ең жақсы жерлерге ауып келеді, атап айтқанда, құнарлы жырттылатын жерлер, шүйгін шабындық, жеткілікті деңгейдегі қайыңды орман, бұлармен бірге жабайы аңдар, мен мен балыққа бай өзен аңғарлары және көлдер аударып келеді. Міне сондықтан мұнда ерекше көп санды қоныстар, атап айтқанда: Явленное (1.848 адам), Коноваловск (27105 адам) және Мариинск (2.364 адам).

Атбасар және Ақмола уездеріне қоныстанушылар олардың толықтай далалық жағдайына орай Империяның далалық губерниялары Самар, Воронеж, Харьков, Донской облыстары мен тағы да басқа жерлерінен жіберіледі. Бұл қоныстанушылар ормансыздыққа үйрене және далалық жердегі егіншілікті жақсы жүргізе отыра, өлкені отарлаудағы неғұрлым үмітті және уақытқа сай қажетті топ болып есептеледі.

Батыс Сібір темір жолының салынуымен теміржол бойындағы бөліктерді біртіндеп қоныстандыру жоспарына ене отыра, даланы отарлау қоныстанушыларға алдын-ала дайындалған бөліктер беріле отыра біршама дұрыс жолға түсе бастады.

Соңғы үш жылдағы Ақмола облысындағы қоныстанушы шаруалар отарлауы төмендегі сандармен белгілі болды:

1893 жылы қоныстар саны 45, адамдар саны 30.554; 1894 жылы қоныстар саны 54, адамдар саны 39.705; 1895 жылы қоныстар саны 87, адамдар саны 61.809.

1891 жылғы 25 наурыздағы Жоғары Дәрежедегі бекітілген Дала Ережесіне сай, қырғыз көштері пайдаланып отырған жерлер мемлекеттің меншігі деп жарияланып, олардың дәстүрлі құқық негізінде қазіргі пацдаланып отырған жағдайында қырғыздардың мерзімсіз уақытқа қоғамдық негізде пайдалануына беріледі» [6].

Қазіргі Қазақстан территориясын көне заманнан мекендеген түркілік тайпалардың, одан кейінгі қазақтардың тарихына арналған аса маңызды тарихи шығармалар жазумен онтоғызыншы жүзжылдықтың бірінші жартысында орыс дипломаты, зерттеуші Монах Якинф деген атаумен белгілі болған Никита Яковлевич Бичурин айналысты. Оның баяндауынша «Қазақтардың ордасы екеу. Абылай биге қарасты біріншісі Іле және Тарбағатаймен шектеседі, Қытайдың билігіне бағынады, және жыл сайын жібек маталарына ауыстыру үшін шекараға мал айдап әкеледі. Олардан солтүстікке қарай мекендеуші қазақтардың бұларға қарағанда сандары көп, басқа орданы құрайды және Қытай мемлекетінен тәуелсіз» [7, 146].

Қазіргі қазақ жерінің жекелеген аймақтары, соның ішінде оның оңтүстік аудандарының өткенін ғылыми негізде жариялаумен он сегізінші жүзжылдықтың соңы мен келесі ғасырдың ортасына дейінгі мерзімде белгілі неміс өлкетанушысы Ледебур Карл Фридрих де шұғылданды. «Семипалатинск қырғыздары, - деп жазады ол, - Қытаймен, Ташкентпен, Қоқанмен, ал кейде Кашмирмен сауда жасайды.

Қырғыздармен мүйізді ірі қара мал, қой, жылқы, қой терісі, мерлушки, әр түрлі жүн, қасқыр, түлкі, ... және т.б. терілері және олардан басқа сырмақ, киіз жапқыштар, жеңіл ешкі түбігі, түйе жүні, тағы да басқа ұсақтар айырбасталады. Ол үшін қырғыздар тері, юфть, темекі, әртүрлі металл бұйымдарын, бағра (орыстың қарапайым өңделген зауыттық мата), қарапайым мата мен нанка (әсіресе қара, көк, қара көк, жасыл және аралас), манчестер, бархат және басқа маталар, драп, айна, жәшіктер, кейбір аптекалық және тағы басқа тауарлар, солармен қатар едәуір көп мөлшердегі астық алады» [8, 341].

Көптеген Еуропа және Ресей зерттеушілері мен өлкетанушылары жергілікті қазақтардың шаруашылықтары, салт-дәстүрлері мен қатар, тұрмыстарын зерттеумен де айналысты. Аталған тақырыпқа арнайы шығармалар дайындап, жариялады. Осылардың қатарындағы XIX ғасырдың соңындағы В.Шнэның «Зимовки и другие постоянные сооружения кочевников Акмолинской области» [9], - деген туындысы. Онда көрсетілген мерзімдегі сол уақыттағы барлық көшпелі өмір салтын ұстаған барша

қазақтарға қазақтарға тән болған Ақмола облысы байырғы тұрғындарының тұрмыс салты, соның ішіндегі қыстық баспаналарына нақты мысалдар арқылы сипаттама жасаған. Онда ауа-райы жағдайына тәуелді мал шаруашылығымен шұғылданатын Ақмола облысы қазақтарының ауыр да күрделі тұрмыстары баяндалған. Омырлармен қатар қазақ ауылдарындағы шапуашылықты ұйымдастырудың жаңа да өнімді түрлерінің ене бастауын көрсеткен. Оның баяндауынша: «Ақмола облысының қырғыздары климат жағдайлары және орыстар ережелерінің әсер етулері негізіндегі қалыптаса бастаған әлеуметтік құрылымдарына байланысты жиі, кей жағдайлардағы алыс көшіп-қонуға арналған жылжымалы жеңіл баспана -киізүйлермен қанағаттанбайды. Олар қыстық тұрақты, жылы үйлер салады.

Өздерінің даладағы анықталған кеңістіктеріндегі иеліктері шеңберінде үнемі көшіп жүрулеріне байланысты олар мұнда (қыстауларында,- Ғ.Қ.) өздерінің болғандықтарын айқындайтын басқа белгілер де қалдырады, атап айтқанда: жерлеу орындарынғы ескерткіштер, мешіттер, қазылған құдықтар. Бұл құрылымдар киізүйге қарағандағы неғұрлым тұрақты өмір салты ретіндегі отырықшылыққа көшудің баспалдағы ретінде қаралуы мүмкін.

Қырғыздардың қыстық үйлері екі топқа бөлінеді: далалық, ормансыз жерлердегі қыстаулар және орманды аймақтап-радағы қыстаулар. Бірінші топтағы қыстаулар оңтүстікте, Горький казак жүйесіне дейінгі 80 верстке дейінгі жерлерде кездеседі. Петропавловск қаласына м таяу жердегі аталған мұндай қыстаулар Ақмолинск қаласына баратын жолдар бағытына орналасқан, атап айтқанда оған Петропавловск уезі Тайыншы болыстығындағы Шағлы көлі жағалауындағы Тлен мекеніндегі қыстау-ларды алуға болады. Бұл мекендегі 10-ға жуық қыстаулар Чаглинка өзені жағалауындағы биіктікке орналасқан; маңайдағы ең жақсы далалық шабындықтар өзенінің екі жағалауын алып жатыр; қырғыздардың қыстаулары ойпатты жерде жоспарсыз және белгілі ара қашықсыз негізделген. Барлық құрылыс шымнан жасалған. Ағаш үйлер де кездеседі, алайда олар бірнешеу ғана, өйткені мұндай ерекшелікке бай қырғыздардың ғана мүмкіндігі бар.

Қыстаулардың айырмашылықты белгілері адамдар тұратын үйлер мен мал қорларының тығыз байланыстылығы. Олардың өзара жақындығы сондай, қырғыздың үйіне кіру үшін сіз бүкіл мал қора мен қоршаулары арқылы өтесіз. Қыстаулардағы мал қоралары бір-бірінен тек қана ішкі бөлулері арқылы ғана ерекшеленеді, ал басқалары жағынан толығымен бірдей.

Қырғыздың үйі шабындықтың ең құнарлы бөлігін құрайтын төменгі жерден алынған шымнан жасалады. Үй өте қарапайым: оның қабырғасы қалыңдығы бірден екіге дейінгі аршиннен тұратын әр шымды қалау арқылы жасалады.

Қаланған бүкіл қабырғаның төбесіне оның тірегі қызметін атқаратын бір қатармен бөренелер немесе талдар салынады, ал бұл соңғысы үйдің төбесі болып табылады.

Есігі қабырғаның аула жағының ортасынан, ал қарсы сыртқы жағынан бір -екі терезе шығарылады. Үй екі бөліктен тұрады, алғашқы жартысында тақтайлардан немесе тазартылған бөренелерден тұратын нарлар орналасқан.

Нарлар жерден 4/1 аршын, кейде одан жоғары орналасып, онда қырғыздардың барлық жанұя мүшелері күн мен түнді өткізеді. Төменгі

Жертөленің есікке жақын екінші бөлегіне шаруашылық тауарлары орналасады. Осындағы бұрыштардың біріне пеш қойылады. Пештердің барлығы шикі кірпіштен қаланады. Оларды қырғыздардың өздері жасайды. Жертөленің артқы жартысының келесі бұрышы шаруашылық заттары жиналатын немесе бұзау мен қозылар тұратын орын, бұл жерде кудейде жас туған бұзауымен сиыр тұрады.

Жертөлеге көлемі 1 шаршы аршын бір немесе екі терезе арқылы түседі, терезеге жарық емес (тусклое) жасыл әйнек, кейде қарын (қойдың,-Ғ.Қ.) қойылады.

Тарлық, жартылай ғана жарық, қолқаны алатын сасық ауа, әсер ететін аласа төбе, әр бұрыш пен қабырғалардағы плесень, аса кірлік - таза ауамен демалудың аса қажеттігін көрсетеді. Алайда қырғыз ауланы, үйін салу арқылы өзін тіпті есік арқылы таза ауа келу мүмкіндігінен айырады, Себебі, жерүйді қоршай мал қорларын, малды ұстау аулаларын салады, қосымша құрылыс пен аудланы жобалау аса қажетті бірлестік малдың сұранысы жағдайына сай жасалғанымен, мал қораларының төбесін жабу (навес) қырғыз өзінің адамдар тұратын үйлеріне кірер жерлерін де қамтиды.

Жертөленің солтүстік және оңтүстік жағы қабырғаларына жалғастыра қырғыз ұсақ малға арналған жертөле салады.

... қыстың соңына, мал орналасатын аула мал тезегіне молынан толады. Қыс бойы мал тезегі шығарылмайды, камыс және шөп қалдықтарымен араластырылып, жылы уақыт басталысымен малдың таптауымен тығыз массаға айналып, қырғыз үй тұрмысының аса маңызды және құнды мүлкіне айна-

лады. Кептірілген және бір жерге жиналған тезек бірден отынға жіберіледі немесе одан ары өңделінеді, атап айтқанда, жылқының, қойдың және аралас тезек жеке іріктеледі. Іріктелген тезекте қамыс пен шөп аз болса, қырғыз оған қамыстың қиындыларын қосып, көктемдік дымқылды пайдалана отыра олардың бір түрге енуіне дейін араластырады. Осылай араластырылған тезек ауладан шығарылып, қыстаудың жанына қойылып, осында арнайы қалыпқа салынып кептіріледі. Бұл үшін жерден төртбұрышты тереңдігі 3-4, ұзындығы 8-12, көлденеңі 4 шұңқыр қазылып, кептірілмеген тезекпен толтырылады, аяқтарымен тапталады, нәтижесінде торф сияқты плитка қалыптасады немесе тақтайлардан бірден жерге салынатын асты мен үсті ашық осындай төртбұрыш жасалынып, тезек қосындыларымен толықтырылып, жоғарыда аталғандай плитка дайындалады.

... Тезек үйді жылыту және тамақ дайындау үшін пайдаланылады. Қамыстың қоспасынсыз, таза дайындалатын қойдың тезегі дайындалып, ас пісіру үшін емес, үйді жылытуға пайдаланылады, себебі ол аз ғана жағылуы және шағын көлемнің өзінде аса мол қызу береді.

Арба, шана, дөрекі жасалған мал бағуға арналған ертоқым, үй жабдықтары-аласа үстел, бесік, төсек, ағаш ожау, сойыл, қамшы, киізүйдің ағаш жабдықтары- міне қырғыздың барлық ағаш бұйымдары, және де бұл үй бұйымдары тек қана ең кедей қырғыздарға тән. Базардан орыс өндірісінің жақсы түрлері сатып алынып, қажеттілікпен пайдаланылады» [9.1-2,3,4,6-7,17].

Қазақ даласының, соның ішіндегі оның шығыс аудандарының онтоғызыншы жүзжылдық көлеміндегі жан-жақты өткенін зерттеп, саралаумен келесі, белгілі неміс ғалымы Риттер Карл да белсенділікпен шұғылданды. Бұл өңірлерде бірнеше рет болған ол өзінің көргендерін, саралап, талқылағандарының негізінде алдымен неміс, одан кейін орыс тілдеріндегі бірнеше көлемді туындылар шығарды. Оның бұл еңбектерінің тақырыбы жергілікті қазақ тұрғындарының тұрмысы, өмір салты, шаруашылығы, мәдениетіне арналды. Өңірдегі сауда қатынастарына, оның көлемі мен түрлеріне сипаттама береді. Ресейлік биліктің осы өңірдегі іске асуларынан хабардар етеді. «Мал шаруашылығы, - деп баяндайды автор, - көшпелі тұрғындардың басты кәсібі болып табылады. 1870 жылы Семей облысында 3 миллионға дейін малдың басы, соның ішінде 546 500 жылқы, 145 500 ірі қара, 2 014 000 қой, 1000 доңыз, 130 500 ешкі, 62 400 түйе, 15 есек пен мул болды [10, 230].

Облыста шарап, күміс және мыс өндіруден басқа зауыт өндірісі өте аз болды. Облыстағы алтын іздестіру орындарының саны 1874 жылы 19 құрады.

Қарқаралы округінде Қарқаралыдан 50 верст қашықтықтағы Қоянды пикетінде мамырдың 15-нен маусымның 15-не дейін Ботов жәрмеңкесі жұмыс істейді. Басқа жақтан келген көпестер 1874 жылы 614 146 рубльдік темір, мата, китайка, холст, бязь, сукна, драп, юфт, иленген тері, қант, шай, жұмсақ бұйымдар, тағы да басқаларын әкелді. Қырғыздармен жәрмеңкеде мал, тері, қой терісі, жүн, ешкі түбіті, арқан, ...киіз айырбасталады. Әкелінетін тауарлар көлемі жыл сайын артып келеді 1871 жылғы жалпы сауда айналымы 657357 рубльге жетсе, 1874 жылы 1218315 рубль болды [10, 231].

1868 жылғы уақытша ережеге сай қырғыздардан жанұя санына бөлініп, әр жанұядан 3 рубльден салық алынады.

Отбасылық салық төмендегідей көлемде алынды: 1870 жылы – 281 913 рубль, 1871 жылы – 284 718 рубль, 1872 жылы – 298 290 рубль, 1873 жылы – 299 391 рубль, 1874 жылы – 298 755 рубль» [10, 235].

Өзінің шығармаларында зерттеуші одан ары аталған аймақтың табиғаты мен жер жағдайларын зерттеген батыс өлкетанушыларының еңбектеріне сипаттама жасап, «Мейерь (1826) және Сиверс (1792) шығыс Жоңғар-Қырғыз даласының ішкі жағдайын толығымен зерттеген алғашқы деректерді береді. Біріншісі оңтүстік-батысында Семипалатинскіден Шыңғыстауға дейінгі бүкіл кеңістік арқылы бізді оның ең қиыр батыс шекарасымен таныстырады; бұл жерден ол өзінің сапарын Батысқа қарай жалғастырды [10, 142].

Екіншісі неғұрлым оңтүстік-шығыс жол арқылы Усть-Каменогорскіден Чар-Гурбань және Қалба мен Қалмақ-Толағайдың таулары арқылы Тарбағатайға, одан ары шығысқа, Зайсанға бағыт алды.

Қырғыздардан айырбаспен әр түрлі мал, тері, иленген тері, ешкі түбіті, елтірі, тағы да басқалар алынады, ал оларға айырбас арқылы юфт, темекі, металл бұйымдары, қарапайым өңделген мата, ...бархат, қарапайым сукно, айна, сандық, дәрі және нан береді.

Семипалатинск және Усть-Каменогорск округтарындағы тұрғындардың қырғыздардан кейінгі негізін казактар құрайды. Олар Орал, әсіресе Жайық казактарының өкілдері. Олар бейімшіл және түсінікті, оның айғағы өте жақсы сөйлесетін өздеріне жат азиялық тілдерді меңгерулері болып табылады. ...Олардың басты кемшіліктері жалқаулық пен араққа құмарлығы» [10, 192], - деген нақты мысалдар келтіреді. Осы арқылы қазақтар арасындағы басқа халықтармен араласуы нәтижесінде өмірге келген жат жағдайларды да атап көрсетеді.

Қазақстанның шығыс өңірлерінің тарихын, жергілікті қазақ тұрғындарының шаруашылықтық жағдайлары, еңбек қатынастарын айқындауға онтоғызыншы жүзжылдықтың соңында-келесі ғасырдың басында көлемді еңбектер арнаған орыс географы П.П. Семенов-Тян-Шанский да өзіндік ат салысты. Оның берген анықтамасы бойынша: «Қырғыздардың мал шаруашылығында жылқы, қой мен түйе аса маңызға ие, мүйізді ірі қараның маңыздылығы жағынан екінші қатарда, басқаны айтпағанда орыстардың отырықшы шаруашылықтарындағымен салыстырғанда аз маңызға ие. Қырғыздардағы жылқы саны әр 100 тұрғынға 125-тен, ал орыстарда 60, ірі қара мал қырғыздарда 80, ал орыстарда 100-ден, ұсақ мал (негізінен қой) қырғыздарда 440, ал орыстарда 180-нен, ал ақырында түйелер қырғыздарда 26-дан, орыстарда 3-тен айналады.

Келтірілген сандар қырғыздарға қатысты, себебі олар қырғыз даласында жалпы 14 миллион бас мал бар екендігін көрсетеді, ал шындығында олардың саны 20 миллионнан асады» [11, 125].

Келесі Батыс Еуропалық зерттеуші Сиверс Фридрих Вильгельм өзінің онтоғызыншы ғасырдың соңындағы жариялаған шығармаларында Қазақстанның шығыс өңірлерін мекен етіп келе жатқан жергілікті қазақтардың тұрмыстарына, кәсіп түрлеріне сараптама жасап, оның тиімділігіне баға береді. Олардың арасындағы егін өсіруге деген ұмтылыстың қажеттілігіне тоқтайды. Осы мазмұндағы нақты деректері арқылы өңірдегі жаңа кәсіп түрлерін енгізудің маңыздылығын көрсетеді. «Байырғы тұрғындардың бақылауларына сенетін болсақ, - деген айқындама береді ол, - қырғыздардың егін шаруашылығымен айналысуында ешқандай өзіндік ерекшеліктері жоқ: алғашында олар жер өңдеу мен өсімдіктер егуді таранчалар мен сарттардан алған, ал қазіргі күні орыстық ықпалы неғұрлым ықпалды әсер етіп келеді. Бұған дейін тары қырғыздың негізгі нандық өсімдік болатын, керісінше бидай қазір басымдық ала бастады. Ал оларға әзірге белгісіз картофель тіпті болмағанда кейбір болыстықтардың пайалануына енетіндігі анық.

Қыстауына орналаса отырақырғыз ең алдымен мүмкіндігінше оны суықтан қорғаумен айналысады. Киіз үй бітік шөп өскен тау биіктері қоршаған жылы сай ішіне тігіледі. Ол кей жағдайларда адам бойынан асағын тас қорғанмен қоршалады. Киіз үйді қысқа лайық тіге отыра оның қабырғасын терең етіп жерге қазып кіргізеді. Сыртқы ауа мүмкіндігінше аз кіру үшін еденге төселетін киіздің шеттері қайырылып, қабырғаларға тиетін жерлері екі қабаттан болатындай етіп төсейді.

Соңғы уақыттарда жекелеген ауқатты қырғыздар қыстауларында үйлер сала бастады. Мұндай мысалдар қазіргі уақытта өте азшылық; бұдан байқалатынындай, егін шаруашылығының молая түсуіне орай, отырықшылықтың белгілері де бастау алады. Алайда мұндай өзгерістер осыдан 6 жыл бұрынғы қоңыр түстерінен басқа көрші Уймон қонысындағы шаруа-каменщиктерден ешқандай айырмашылық-тары жоқ Алтайдағы Көксу ауылындағы қырғыздардың дамуы деңгейінен әзірге алыс. Неғұрлым ауқымды қыстаулар Орта орданың қырғыздарында. Мұнда шатыр астында сиырларға, қойлар мен түйелерге арналған бөлімдер және олардың шетінде қожайындарының бөлмелері орналасқан» [12, 278].

Қорытынды.

Жоғарыдағы сараланғандардан атап көрсететініміз:

- XIII-XX ғасырдың басы аралығындағы Еуропа, Ресей зерттеушілерінің жоғарыдағы сараланған шығармаларынан біздің ата-бабаларымыздың ХҮІ ғасырдың соңына және қазақ жерінің Ресей бодандығына өте бастағаннан кейінгі уақыттардағы шаруашылығы, сыртқы сауда байланыстары, жергілікті тұрғындардың казак әскери және орыс қоныстанушыларымен арадағы қалыптасқан әр бағыттағы қатынастары, олардың халқымыздың әлеуметтік, шаруашылықтық дамуна тигізген әсері туралы мәліметтер алынып, бұл қатынастың тарихи маңызын беруге назар аударылды;

- Бұлармен қатар әр кезеңдердегі қазақ тұрғындарының және олардың малдарының сандарына салыстырмалы талдау жасау, отарлық саясат пен ауа райының бұл құбылысқа әсері көрсетілді;

- Осылармен бірге орын алып келген әр бағыттағы теңсіздік жағдайларына қарамастан жергілікті қазақтар мен қарапайым орыс қоныстанушылары, казактармен арадағы айта кетуге болатын өзара түсіністікті жағдайлардың орын алғандығынан мысалдар келтіріліп, бұл істің маңыздылығына талдау жасалды;

- Жергілікті қазақтардың біртіндеп ішкі және көрші елдермен, соның ішіндегі Ресей, Қытай саудагерлерімен арадағы екі жақты тиімді қатынасқа түсуінің барысына сипаттама берілді, бұл істің прогрессивтік жақтары атап көрсетілді;

- Нәтижесінде XIII-XX ғасыр басы аралығындағы Еуропа мен Ресей зерттеушілерінің жоғарыдағы талданған еңбектері қазақтардың көрсетілген уақыттағы шаруашылығын және олардың сыртқы сауда

қатынастары тарихын зерттеудің маңызды көзі болып табылады. Олардан осы кезеңдегі қазақ қоғамының маңызды саласының дамуы туралы түсінік алуға мүмкіндік береді.

Осындай маңызды деректері арқылы жергілікті қазақтардың бірнеше ғасырлар көлеміндегі әр бағыттағы тарихынан шыншылдық тұрғыдағы мәліметтер алуға жағдай жасайтын жоғарыдағы авторлардың бүгінгі күнге дейін маңызын жоймаған жазба мағлұматтары мен кітаптары Отанымыздың нақты шындықты көрсететін тарихын одан ары жариялауға мүмкіндік береді деген ой айтуға болады.

Ұсыныс.

- Еуропа және Ресей Федерациясы жоғары оқу орындары мен мемлекеттік кітапханалары сирек кездесетін әдебиеттер қорында сақталған, сандары шектеулі жоғарыда есімдері мен шығармашылықтары сараланған зерттеушілер туындыларының көшірмелерін толығымен алып, мүмкіндігінше қазақ тіліне аударуды және олардың еліміздің ғылыми кітапханаларда болуларын іске асыру;

- Аталған мақсатпен таяу жылдары бұлардан басқа да халқымыздың өткен тарихын шыншылдық тұрғысында баяндайтын Еуропа, Шығыс елдері мен Ресей кітапханаларында сақталып отырған сирек кездесетін көне ғылыми шығармалардың авторлары мен атауларын, сандарын анықтап, біртіндеп көшірмелерін елімізге жеткізіп, ғылыми орталарда болуына көңіл бөлу.

Осындай нақты шаралар арқылы қазіргі жас ұрпақтың Отанымыздың нақты деректерге негізделген жан-жақты тарихымен танысуына мүмкіндік жасалатындығы белгілі. Бұлармен бірге Қазақстан тарихы бойынша ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысушылар үшін мұндай атқарылған істер маңызды жазба деректер болар еді деп есептейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Иоанн де Плано Карпини. *История Монгалов., Вильгельм де Рубрук. Путешествие в Восточные страны / Введение, перевод и примечания А.И.Малеина, с приложениям 8 рисунков, карты и указателей.* – Санкт-Петербург: Издание А.С.Суворина, 1911. – 224 с.

2. *О важнейших изданиях Герберштейновых записок о России с критическим обозрением их содержания.* – Санкт-Петербург, 1818. – 200 с.

3. Гмелин И.И. *Перевод с предисловия, сочиненного профессором Гмелиным к первому тому Флоры Сибирской.* – Санкт-Петербург: издание Академии наук, 1749. – 84 с.

4. *Известия Академика Фалька о Киргизской и Зюнгорской степи / Полное собрание ученых путешествий по России. Том 7.* – Санкт-Петербург: издание Академии наук, 1825. – 224 с.

5. *Краткий статистический очерк промышленности и торговли в Акмолинской области за 1880-1894 гг. Составил Секретарь Омской Контрольной Палаты Н.Коншин. Омск. 1896 г. - сс.1-3,4-5,32*

6. *Обзор Акмолинской области за 1895 г. Омск, 1896 г. , сс.7,9,10,14*

7. *Иностранная владения Казакъ / Описание Чжуньгарии и Восточного Туркистана в древнем и нынешнем состоянии. Переведено с Китайского монахом Иакинфом. Часть 1.* – Санкт-Петербург, 1829. – сс. 144-147.

8. *Ледебур К. и др. Путешествие по Алтайским горам и джунгарской Киргизской степи / К.Ф. Ледебур, А.А. Бунге, К.А. Мейер: пер. / В.В. Завалишин, Ю.П. Бубенков.* – Новосибирск: ВО «Наука», Сибирская издательская фирма, 1993. – 415 с.

9. *В.Шнэ. Зимовки и другие постоянные сооружения кочевников Акмолинской области. Омск, 1888 год, (С рисунками зимних жилищ киргиз (казахов,- Г.М.) сс.1-2,3,4,6-7,17*

10. *Риттер К. Землевладение Азии. География стран входящих в состав России или пограничных с нею. Том IV, дополнение к тому III. Алтайско-Саянская горная система в пределах Российской империи и по китайской границе по новейшим сведениям 1832-1876 года. - Санкт-Петербург, 1877. – 695 с.*

11. *Окраины России. Сибирь, Туркестань, Кавказ и полярная часть Европейской России. С приложением карты окраины Российской империи. / Под редакцией П.П. Семенова, Вице-Председателя Русского Географического Общества.* – Санкт-Петербург: Типография АО «Брокгауз-Ефрон», 1900. – 304 с.

12. *Сиверс В. Азия. / Перевод со 2-го переработанного немецкого издания Г. Генкеля, под редакцией А. Краснова. Серия: Всемирная география.* – Санкт-Петербург: Типография «Просвещение», 1909. – 758 с.

References:

1. Ioann de Plano Carpini. *Istoriya Mongalov, Vil'gel'm de Rubruk. Puteshestvie v Vostochnye strany* [History of the Mongals. Journey to the Eastern Countries]. / Vvedenie, perevod i primechaniya A.I. Maleina, s prilozheniyam 8 risunkov, karty i ukazatelej. – Saint-Petersburg: Izdanie A.S. Suvorina, 1911. – 224 p. [in Russian].
2. O vazhnejshih izdaniyah Gerbershtejnovyh zapisok o Rossii s kriticheskim obozreniem ih sodержaniya [On the most important editions of Herberstein's Notes on Russia with a critical review of their contents]. – Saint-Petersburg, 1818. – 200 p. [in Russian].
3. Gmelin I.I. *Perevod s predisloviya, sochinennogo professorom Gmelinyim k pervomu tomu Flory Sibirskoj* [Flora of Siberia]. – Saint-Petersburg: izdanie Akademii nauk, 1749. – 84 p. [in Russian].
4. *Izvestiya Akademika Fal'ka o Kirgizskoj i Zyungorskoj stepi* [Academician Falk's information on the Kyrgyz and Zyungor steppe] / Polnoe sobranie uchenyh puteshestvij po Rossij. Tom 7. – Saint-Petersburg: izdanie Akademii nauk, 1825. – 224 p. [in Russian].
5. *Brief statistical sketch of industry and trade in the Akmola region for the years 1880-1894. Compiled by Secretary of the Omsk Control Chamber N. Konshin. Omsk. 1896.* - pp.1-3,4-5,32
6. *Overview of the Akmola Region for the Year 1895. Omsk, 1897.* - pp.7,9,10,14
7. *Inostrannyya vladeniya Kazak* [Foreign possessions Kazak] / *Opisanie Chzhun'garii i Vostochnogo Turkistana v drevnem i nyneshnem sostoyanii. Perevedeno s Kitajskogo monahom Iakinfom. CHast' I.* – Saint-Petersburg, 1829. – pp. 144-147. [in Russian].
8. *Ledebur K. i dr. Puteshestvie po Altajskim goram i dzhungarskoj Kirgizskoj stepi* [Travelling through the Altai Mountains and the Dzungar Kyrgyz Steppe]. / K.F. Ledebur, A.A. Bunge, K.A. Mejer: per. / V.V. Zavalishin, YU.P. Bubenkov. – Novosibirsk: VO «Nauka», Sibirskaya izdatel'skaya firma, 1993. – 415 p. [in Russian].
9. *V. Shne., Omsk, 1888 (With illustrations of winter dwellings of the Kirgiz (Kazakhs, - G.M.). Wintering quarters and other permanent structures of the nomads of the Akmola region).* - pp.1-2,3,4,6-7,17
10. *Ritter K. Zemlevladenie Azii. Geografiya stran vkhodyashchih v sostav Rossii ili pograniichnyh s neyu.* [Land tenure in Asia. Geography of the countries that are part of Russia or bordering Russia] Tom IV, dopolnenie k tomu III. *Altajsko-Sayanskaya gornaya sistema v predelah Rossijskoj imperii i po kitajskoj granice po novejsim svedeniyam 1832-1876 goda.* - Saint-Petersburg, 1877. – 695 p. [in Russian].
11. *Okrainy Rossii. Sibir', Turkestan', Kavkaz i polyarnaya chast' Evropejskoj Rossii* [Russia's peripheries. Siberia, Turkestan, Caucasus and the polar part of European Russia]. S prilozheniem karty okrainy Rossijskoj imperii. / Pod redakcieyu P.P. Semenova, Vice-Predsedatelya Russkogo Geograficheskogo Obshchestva. – Saint-Petersburg: Tipografiya AO «Brokgauz-Efron», 1900. – 304 p. [in Russian].
12. *Sivers V. Aziya [Asia].* / *Perevod so 2-go pererabotannogo nemeckogo izdaniya G. Genkelya, pod redakciej A. Krasnova. Seriya: Vsemirnaya geografiya.* – Saint-Petersburg: Tipografiya «Prosveshchenie», 1909. – 758 p. [in Russian].

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI: 03.20.00
ӘОЖ 930:(574)

<https://doi.org/10.51889/2959-6017.2024.80.1.024>

*А.Ә. Қабыл*¹*

*¹Оңтүстік Қазақстан медицина академиясының аға оқытушысы, Шымкент қ., Қазақстан
E-mail:Algabek-kabil@mail.ru*

XX-ҒАСЫРДЫҢ 20-30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ТАРИХЫ, ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Отандық тарихтағы жан-жақты зерттеуді қажет ететін «ақтаңдақ» парақтарының бірі – XX-ғасырдың 20-30 жылдарындағы саяси қуғын-сүргін кезеңі. Мақалада 1920-1930 жылдары Кеңес өкіметінің Қазақстанда жүргізген ауылшаруашылық реформаларын іске асырудан туындаған саяси қуғын-сүргін тарихы жүйеленіп, оны зерттеудің мәселелері қарастырылады. Тарихи Отанын 20-жылдардың соңы мен 30-жылдардың бас кезінде күштеп ұжымдастыру кезінде тастап кетуге мәжбүр болған Қазақстан азаматтары да солардың қатарына жатады. Аталған қиын-қыстау кезеңдегі қазақ халқының атамекен туған жерінен өзге елдерге ауа көшіп, босқыншылыққа ұшырауы әлі терең зерттеуді қажет ететін өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Кеңес өкіметі орнап, орныққаннан кейін пролетариат диктатурасының мемлекеті өзінің саяси және таптық қарсыластарын жаппай қудалай бастады. Ел дамуының қиыншылықтарын «халық жаулары» әрекетінің нәтижесі деп жариялау партия мен Кеңес өкіметіне қарсы тұра алатын ықпалды көшбасшылардың барлығының дерліктей жойылуына алып келді. Тақырыпқа қатысты архив деректер айналымға қосылып, осы кезге дейінгі зерттеу еңбектерінде қалыптасқан тұжырымдар талданады. Қазақстандағы репрессияның тоғыз негізгі кезеңі және республикамызда жүзеге асырылған қуғын-сүргін құрбандарын ақтау үдерісінің төрт кезеңі зерттеушілердің еңбектеріне сүйене отырып баяндалған.

Кілт сөздер: Кеңес өкіметі, ұжымдастыру, саяси қуғын-сүргін тарихы, ауакөшу, ашаршылық босқындары, реэмиграция, толық ақтау, мемлекеттік комиссия.

*A.A. Kabil *¹*

*¹Senior Lecturer South Kazakhstan medical academy, Shymkent, Kazakhstan
E-mail:Algabek-kabil@mail.ru*

HISTORY OF POLITICAL REPRESSION IN THE 20-30s. XX CENTURY: RESEARCH QUESTIONS

Abstract

One of the pages of "blank spots" in Russian history, which requires a comprehensive study, is the period of political repressions of the 20s and 30s of the twentieth century. The article systematizes the history of political repressions caused by the implementation of agrarian reforms carried out by the Soviet government in Kazakhstan in the 1920-1930s and considers the problems of its research. Among them are citizens of Kazakhstan who were forced to leave their historical homeland during the forced collectivization of the late 20s and early 30s. The migration of the Kazakh people from their native lands to other countries and turning into refugees in that difficult period is one of the urgent problems that still requires deep research. After the establishment and strengthening of Soviet power by the state of the dictatorship of the proletariat, mass persecution of its political and class opponents began. The announcement of difficulties in the development of the country as a result of the actions of "enemies of the people" led to the elimination of almost all influential figures who could oppose the party and the Soviet government. The scientific article includes archival data on the topic, as well as analyzes the conclusions made during the research of our days. Based on the works of researchers, nine main stages of repressions in Kazakhstan and four stages of the process of rehabilitation of victims of repressions carried out in our republic are described.

Keywords: Soviet power, collectivization, history of political repressions, migration, migration, hungry refugees, re-emigration, full rehabilitation, state commission.

Кабыл А.А. *¹

¹старший преподаватель Южно-Казахстанской медицинской академии, г. Шымкент, Казахстан
E-mail:Algabek-kabil@mail.ru

ИСТОРИЯ ПОЛИТИЧЕСКОЙ РЕПРЕССИИ В 20-30-х ГГ. ХХ ВЕКА: ВОПРОСЫ ИССЛЕДОВАНИЯ

Аннотация

Одной из страниц «белых пятен» отечественной истории, требующей всестороннего изучения, является период политических репрессий 20-х и 30-х годов ХХ века. В статье систематизирована история политических репрессий, вызванных реализацией аграрных реформ, проведенных советской властью в Казахстане в 1920-1930-х годах и рассмотрены проблемы ее исследования. Среди них граждане Казахстана, которые были вынуждены покинуть историческую родину в ходе насильственной коллективизации конца 20-х - начала 30-х годов. Миграция казахского народа с родных земель в другие страны и превращение в беженцев в тот непростой период является одной из актуальных проблем, которая еще требует глубокого исследования. После установления и укрепления Советской власти государством диктатуры пролетариата начались массовые преследования его политических и классовых противников. Объявление трудностей в развитии страны результатом действий «врагов народа» привело к устранению практически всех влиятельных деятелей, которые могли противостоять партии и Советскому правительству. В научную статью включены архивные данные по теме, а также проанализированы выводы, сделанные в ходе исследований наших дней. На основе работ исследователей описаны девять основных этапов репрессий в Казахстане и четыре этапа процесса реабилитации жертв репрессий, осуществляемых в нашей республике.

Ключевые слова: Советская власть, коллективизация, история политических репрессий, откочевка, миграция, голодные беженцы, реэмиграция, полная реабилитация, государственная комиссия.

Кіріспе. Егемендікке ие болып, дербес ел атану тарих парактарын жаңадан зерттеп-зерделеуге және біздің мемлекетіміздің өткеніне жан-жақты баға беруге үлкен мүмкіндік берді. Тәуелсіздіктің тұғырын нығайтып, бекемдеу жолында терең тарихымызға көңіл аударып жүгінгеніміз абзал, ал ол ұлт тарихы шынайы болуы керек. Отан тарихындағы жан-жақты зерттеуді қажет ететін «ақтандық» беттерінің бірі - саяси қуғын-сүргін кезеңі. Бұл туралы көптеген еңбек жазылды, бірқатар ғылыми зерттеулер жүргізілді, бірақ кейбір күрделі мәселелер әлі де анықтап нақтылауды қажет етеді.

Бүгінгі таңда елімізде мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы 2020 жылғы 24 қарашадағы № 456 Жарлығына [1] сәйкес 1930-1950 жылдары болған саяси қуғын-сүргін кезеңін зерттеу, мәліметтер жинау қарқын алып отыр. 1920 жылдардың аяғы мен 1930 жылдардың бас кезінде, КСРО-ның дамуындағы әлеуметтік-экономикалық дамуындағы дағдарыстың шиеленісе түсуіне қарай, яғни тоқыраудың өршуіне сәйкес, дұшпандар мен кінәлілерді – «халық жауларын», «зиянкестерді», антикеңестік қастандық элементтер мен астыртын, жасырын ұйымдар деп аталатындарға қатысушыларды іздестіру кең қанат жайды, жер-жерде жауларды іздестіру әрекеті, «әшкерелеу» науқаны басталды. Кеңес өкіметі орнап, орныққаннан кейін пролетариат диктатурасының мемлекеті өзінің саяси және таптық қарсыластарын жаппай қудалай бастады. Ел дамуының қиыншылықтарын «халық жаулары» әрекетінің нәтижесі деп жариялау партия мен Кеңес өкіметіне қарсы тұра алатын ықпалды көшбасшылардың түгелдей дерлік жойылуына алып келді.

Өзектілігі. Осы уақытқа дейін ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы саяси қуғын-сүргін тарихы туралы көптеген еңбектер жазылғанымен Қазақстан тарихының аталған кезеңдегі «ақтандық» тұстарын зерттеу мәселелері қазіргі таңда да күн тәртібінде тұр. Осының өзі көрсетіліп отырған мәселенің өзекті екендігін айқындайды. Тоталитарлық Кеңес дәуірінде орын алып, сол кезде өмір сүрген тұлғалардың саяси қуғын-сүргінге ұшыраған зұлматты күндері халқымыздың тарихи жадында ұмытылмай сақталуы, оны кейінгі ұрпақ зерделік танымымен түйсіне білуі тиіс.

Мақсаты мен міндеттері: зерттеу тақырыбының мақсаты саяси қуғын-сүргін тарихын оқытудың теориялық-әдіснамалық және әдістемелік мәселелерін айқындау болып табылады. Осы мақсатқа сай Қазақстан тарихындағы кеңестік тоталитарлық кезеңнің зардаптары мен салдарларын ізденіс жұмыстары

арқылы баяндай отырып, ғылыми тұрғыдан талдау жүргізу, тақырып бойынша кейбір мәселелерді анықтау міндеттері көзделді.

Материалдар мен әдістер: Зерттеу тақырыбының деректік негізі архив қорларының құжаттары, оқулықтар, ғылыми зерттеулік материалдар, сонымен бірге құжатты жинақтар болып табылады. Деректерді пайдаланып, ғылыми айналымға ұсыну бойынша отандық және шетелдік архив құжаттарымен жұмыс жүргізілді. Зерттеу барысында негізінен гуманитарлық ғылымдағы бірқатар принциптер басшылыққа алынды, сонымен қатар методологиялық ұстанымдар мен жасалған қорытындылар тарихи-салыстырмалы талдау тәсілдерінің мүмкіндіктері бойынша қолданылды.

Талқылау. Тәуелсіздік жылдары ХХ ғ. 20-30 жылдарындағы Қазақстан тарихының «ақтаңдары» бойынша көптеген зерттеулер жүргізілгені белгілі. Отан тарихының көкейтесті мәселелерін жаңа көзқарас желісінде зерттеу тарихшы ғалымдардың маңызды еңбектерінде көрініс тапты. Бір ғана еңбекті атап айтар болсақ, М.Қ. Қозыбаев, Ж.Б. Әбілғажин және Қ.С. Алдажұмановтың 1992 жылы жарық көрген «Коллективизация в Казахстане: трагедия крестьянства» атты зерттеулерінде тоталитарлық жүйенің салдарлары болған зобалаң жылдар туралы жан-жақты баяндалған болатын. Көрсетілген кезеңдегі ауылшаруашылық реформаларын іске асырудың солақай саясаты мен саяси қуғын-сүргіннің себептері, оның зардапты жақтары туралы ізденіс жұмыстар тарихтың шынайы көріністерін анықтауды қажет етеді.

Негізгі бөлім. 1925 жылы 29 мамырындағы БКП (б) Қазақ Өлкелік комитетінің бюро мүшелеріне Сталиннің жолдаған хатының екінші бөлігінде: «Мен партияда жоқ интеллигенттерді Кеңес жұмысына тартуды толығымен қолдаймын. Партияда жоқ зиялыларды қырғыз мәдениетін (қазақ мәдениетін) дамытуға тартуды да толық қолдаймын, бірақ олардың саяси және идеологиялық майдандағы күрес ісіне араласуына түбегейлі қарсымын. Мен партияда жоқ интеллигенттердің қырғыз жастарының саяси және идеологиялық тәрбиесімен айналысуына да қарсымын», - деп жазуы қазақтың ұлт зиялыларына қарсы жазалау шараларына тікелей бастама болады [2]. 1937-1938 жылдары зиялы қауым өкілдері, көрнекті ғылым мен мәдениет қайраткерлері Кеңес өкіметіне қарсы үгіт-насихат жүргізді деп айыпталып, аяусыз қудалауға ұшырады, аяусыз ату жазасына кесілді. Оларға тағылған айып негізсіз еді, олар көбінесе аграрлық дағдарысқа, 20-30-жылдардағы көтерілістерге айыпты деп кінә тағылып, Қазақстанды бөліп алуға әрекет жасады, «жапон тыңшысы» деген жала жабылды.

1920 жылдардың аяғында «пролетариат диктатурасы» мемлекеті жүргізген әлеуметтік-экономикалық қайта құрулар және таптық күрестің шиеленісуі нәтижесінде республикадағы жағдай нашарлады. Дәстүрлі өмір салтын толықтай өзгерту, күштеп ұжымдастыруды жүргізу, ауыл шаруашылығы өнімдерін даярлау жөніндегі мемлекеттік саясат аштықтан әлсіреген оларды ұйымдасқан түрде Кеңес өкіметіне қарсы наразылық жасауға итермеледі. Толық емес деректер бойынша 1929-1932 жылдары Қазақстанда 372 көтеріліс болған. 1920 жылдардың соңы мен 1930 жылдардың басында 100 мыңнан астам адам репрессияға ұшырағаны анықталды. Бұл көрсеткішті түпкілікті деп айтуға болмайды, себебі жергілікті билік, округтік және аудандық соттардың әртүрлі жазалау шараларына ұшырағандар туралы деректері осы кезге дейін белгісіз.

2020 жылдың мамыр айында ҚР Президенті Қ.Тоқаев кеңестік қуғын-сүргін құрбандарын ақтау үдерісін жалғастыру тарихи әділдіктің салтанаты екенін, саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау үшін арнайы мемлекеттік комиссия құруды тапсырғанын мәлімдеген болатын [3]. Сол жылы мемлекет басшысының жоғарыда көрсетілген 24 қарашадағы Жарлығымен ХХ ғасырдың 20-50 жылдарындағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылды. Комиссия қызметінің басты мақсаты кеңестік тоталитарлық кезеңдегі саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау, оларға қатысты тарихи әділдікті қалпына келтіру, қуғын-сүргін құрбандарының барлық санаттарын ақтау бойынша ұсыныстарды тұжырымдау деп анықталды.

Қазақстан Республикасы Президенті архиві ХХ ғасырдағы саяси қуғын-сүргін материалдарын зерделеу Орталығының басшысы Гүлшат Рамазанқызының Қазақстан тарихы порталына берген сұхбатында елімізде жүзеге асырылған қуғын-сүргін құрбандарын ақтау үдерісінің төрт кезеңін ажырата-тып атап өткен болатын [4]. Алғашқы екі кезең кеңестік дәуірде жүзеге асырылды: біріншісі Хрущевтік жылымық кезеңі (1953-1964 жж.), екіншісі Горбачевтік кезең (1988-1991 жж.). Келесі үшінші кезең тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін басталды. 1993 жылы 14 сәуірде «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданып, құрбандарды ақтауға құқықтық негіз қаланды. Ал 1997 жыл Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы ретінде ұлттық тарихымызға енді. Төртінші кезең жоғарыда атап өткеніміздей 2020 жылдың мамыр айында мемлекет басшысы Қ.Тоқаев кеңестік қуғын-сүргін құрбандарын ақтау үдерісін жалғастыру қажеттілігін мәлімдегеннен бастап саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау бағытындағы жұмыстар жаңаша

жалғасты. Репрессия құрбандарын ақтау мәселесі Қазақстандағы қоғамдық-саяси өмірдің басты тақырыбына айналды.

Нәтижелер. Қазақстанда қуғын-сүргіннің ерекше аяусыз ұйымдастырылуының бір себебі ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының тұлғалық сипаттағы өте жоғары деңгейде тұрғандығы болды. 1937-1938 жылдары елде жүргізілген жаппай қуғын-сүргін мен жазалау шараларының нәтижесінде қазақ халқы көптеген талантты адамдарынан – зиялы қауым өкілдерінен, қоғам қайраткерлерінен айырылды. Ұлттық мүддені қорғаған қазақтың аса білімді қайраткерлеріне «халық жауы» атын таңып түрмеге жапқан, Отанға зиян келтіргені үшін деп азаптап, ату жазасына кескен немесе жер аударуға мәжбүрлеген сол кезеңде қалыптасқан тоталитарлық жүйе еді. 1925 жылы күзде Ф.И. Голощекиннің Өлкелік партияның хатшысы болып келуімен байланысты Қазақстанда тоталитарлық жүйе орнады. Оның «Кіші Қазан» саясатын орталық биліктің қазақ зиялылары мен қазақ халқын басып-жаншып, жоюға бағытталған саясаты деп тануға болады. Социалистік қоғамды нығайту барысында Сталиннің таптық күресті күшейту туралы мәлімдемесі қуғын-сүргіндік, яғни репрессиялық бағдарламаның негізі болды және «халық жауларын» әшкерелеумен айқындалды. Бұл жерде жаппай қуғын-сүргін саясатының құқықтық негізін қалау қажет болғандығын байқауға болады.

1926 жылы РКФСР Қылмыстық кодексінде контрреволюциялық қылмыстың 17 түрінің 12-де ату жазасын қолданды. Қылмыстық заңдар 1934 жылдан жиі өзгерістерге ұшырай бастады. Нәтижесінде, кеңес өкіметіне қарсы ұйымдар мен террорлық әрекеттерді тергеу үшін 10 күннен аспайтын мерзім белгіленді; 1937 жылы НКВД органдарына тұтқындарға «күш қолдануға» рұқсат етілді, үкімге шағымдану мүмкіндігі жойылды және өлім жазасына кесілген үкімдер дереу орындалды. КСРО НКВД жүйесі қайта қаралып, оның кадрлары бойынша соттан тыс органдар құрылды. Арнайы мәжіліс «үштіктің», содан кейін «екеудің» отырыс кеңесуімен өтіп жүзеге асты.

Ғылыми зерттеу еңбектерде Кеңестік Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін партия мен мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық және ұлттық саясатының негізгі бағыттарына сәйкес кезең-кезеңімен жүргізілгені айтылады. Мысалы, Қазақстанда зияткерлік, әлеуметтік, мүліктік цензураға немесе этникалық белгілеріне қарай халықтың барлық санаттарына әсер еткен репрессияның тоғыз негізгі кезеңін анықтайды. Атап айтар болсақ, олар:

- бірінші кезең - большевиктер билікті басып алған алғашқы күннен бастап, 1917 жылдың қазан айынан 1920 жылдардың ортасына дейін ұлттық партиялардың («Алаш», «Шура-и-Ислами» және т.б.) және ұлттық автономиялар үкіметтерінің («Алашорда», «Түркістан Мұхтариаты») қызметімен байланысты ұлт зиялыларына қатысты жүргізілген саяси қуғын-сүргін. Дәл осы кезеңде билік қазақ қоғамының ең білімді, саяси жағынан жетілген белсенді бөлігі – ұлттық интеллигенция элитасын қазақ қоғамынан оқшаулап немесе алшақтатып, ықпалынан айырды.

- екінші кезең - 1920 жылдардың ортасынан 1930 жылдардың басына дейін БКП(б) Қазақ өлкелік комитетінің бірінші хатшысы Ф.И. Голощекинге оның «Кіші Қазан» кезеңінде оппозициялық көзқарас ұстанған, Қазақстанда Кеңес өкіметін орнатқан «ескі» большевиктер мен «жас ұрпақтың» коммунистері, кеңестік ұлттық интеллигенцияның «жаңа толқынының» өкілдері болып табылатын коммунистік партиялық-кеңестік элитаға бағытталған қуғын-сүргіндер.

- үшінші кезең - 1920 жылдардың соңы мен 1930 жылдардың басындағы тұтастай жүргізілген ұжымдастыру және күштеп отырықшыландыру кезеңінде ең алдымен қазақ байларына қарсы жүргізілген қуғын-сүргін. Қуғын-сүргіннің бұл кезеңі кулактар мен байларды тап ретінде жою үшін күрес жүріп жатқан кезде, билікке «үлкен өзгеріс» жасауға, ауқатты шаруаларды «сындыруға» мүмкіндік берді, ең мықты, шаруашылыққа бейім халықты, яғни аграрлық елдің ең ықпалды бөлігін жойып жіберді.

- төртінші кезең - 1930-жылдардағы «диверсиялық жұмыстар жасады» ("Риддер ісі", "Балқаш ісі" және т.б.) деген айыппен өнеркәсіп орындарындағы инженерлік-техникалық жұмысшыларды қуғын-сүргінге ұшырату. Бұл кезеңдегі саяси қуғын-сүргін «жапон-неміс агенттері», «контрреволюциялық ұйымдар», «троцкийшілер», «оңшылдар», «ұлтшылдар және басқа да шпиондық бандалар» деген желеулермен интеллигенцияның тәуелсіз, өзіндік ойлы өкілдеріне, инженерлік жәнәтехникалық қызметкерлер мен жұмысшыларға бағытталды.

- бесінші кезең - «Үлкен террор», 1937-1938 жылдардағы қуғын-сүргіндер бұрынғы барлық қуғын-сүргін толқындарының шарықтау шегі мен логикалық қорытындысы ретінде билікке кез-келген оппозицияда болған немесе репрессиялық механизмнің «қысымына» кездейсоқ түскен әрбір адамның физикалық түрде жойылуы. Бұл кезеңде алдыңғы кездердегі қуғын-сүргіннің қысымына ұшырап, бірақ тірі қалғандардың бәрі екінші рет енді «ату жазасымен» репрессияға ұшырады.

- алтыншы кезең - 1930 жылдардағы - 1940 жылдардың соңына дейінгі қуғын-сүргін Қазақстанға депортацияланған халықтар - кәрістерді, поляктарды, немістерді, шешендерді, ингуштарды, қырым татарларын, месхет түріктерін және т.б. күштеп қоныстандырумен байланысты. Бұл кезеңде халықтарды күштеп көшіру КСРО көлемінде бұрын-сонды болмаған еді.

- жетінші кезең - соғыстан кейінгі онжылдықта 1940 жылдардың ортасынан 1950 жылдардың ортасына дейінгі кезеңде сталиндік режимнің күшеюіне байланысты тұтқынға түскен әскери қызметші-лерге, шаруаларға, жұмысшыларға, зиялыларға және т.б. халықтың барлық топтарына қарсы жүргізілген репрессиялар. Соғыстан кейінгі кезеңде КСРО-да «ерекше қауіпті мемлекеттік қылмыскерлерді ұстаудың қатаң режимі бар» саяси тұтқындарға арналған арнайы ГУЛАГ лагерлерінің жүйесі құрылды.

- сегізінші кезең - 1950 жылдардың ортасынан – 1980 жылдардың ортасындағы армашылық интеллигенция өкілдеріне, ғалымдар, партиялық-кеңестік элита және басқа да әлеуметтік топтардағы «өзгеше көзқарастағылардың» барлығына қарсы жүргізілген репрессия болды. И.В. Сталиннің қайтыс болуы және «хрущевтік жылымық» саясаты біршама еркіндік жағдайын саясатты біршама өзгертті. Бұл кезеңде қуғын-сүргін әдістері біршама «жұмсартылады», ату жазасына кесудің орнына түрмеге жабу, психиатриялық диспансерлерде мәжбүрлеп емдеу, КСРО-дан жер аудару және т.б. орын алды.

- тоғызыншы кезең – 1980 жылдардың екінші жартысындағы қуғын-сүргін, «қайта құру мен жариялық» кезеңіндегі репрессиялық саясаттың ең жарқын фрагменті 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына қатысушыларға жасалған қуғын-сүргіндер болды. Кеңестік қуғын-сүргін машинасы аяусыз түрде жүйеге қарсы шыққандардың тағдыры мен өмірін талқандады. Қазақстанда 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы кезінде Ішкі істер министрлігінің «Бұрқасын» операциясы кезінде 2,5-тен астам адам зардап шекті (медициналық мекемелерге жеткізілді, ауруханаға жатқызылды, жарақаттанды, т.б.) [5].

1937-1938 жылдардағы репрессия дауылының күшеюіне БК(б)П Орталық Комитетінің 1936 жылы 29 шілдеде барлық партия ұйымдары атына жіберген құпия хаты себеп болды, онда «жауға қатысты қырағылық пен көрегендік» жұмысының барысында орын алған кемшіліктерді жою талаптарын барынша күшейту міндеті қойылды.

Саяси-қуғын-сүргін науқанында тек басшылар мен зиялылар қауымы ғана емес, қарапайым адамдар да зардап шекті. Біздің мындаған отандастарымыз адам төзбейтін қасіреттерді бастарынан кешірді. Әлі де толық емес мәліметтер бойынша 1920 жылдан 1953 жылға дейін 110 мың адам саяси қуғын-сүргінге ұшыраған (бүгінде олардың 96 мыңы ақталды). Қазақстанда тұратын барлық халықтардың өкілдері де саяси қуғын-сүргіннің құрбаны болды: қазақтар (35-40%), поляктар (2%), кәрістер (1,5-2%), еврейлер (2%-ке жуық), сондай-ақ белорустар, татарлар, мордвалар, ұйғырлар, өзбектер, молдавандар, латыштар, финдер, әзірбайжандар, шешендер, балқарлар, армяндар және т.б. [6]. Ұжымдастыру, кулактарды қудалау, сонымен бірге «халық жауларымен» күресу барысында КСРО НКВД (Ішкі Істер Жөніндегі Халық Комиссариаты) лагерлерінің Бас басқармасы бірқатар жауыздық жасады. Зиялыларды өлім жазасына кесу әлеуметтік қорғаудың ең жоғарғы шарасы болды, ал елдегі концлагерьлер әлеуметтік профилактикалық алдын алу орындары деп аталды. 1930-жылдары қоғамдық-саяси өмірдің барлық салаларында тоталитарлық жүйе орнайды. Оның Қазақстандағы мәні солақай саясат, басқарудың негізгі әдісі террор болды. Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін тарихын бүкіл КСРО-да болған оқиғалармен сабақтастықта қарастыру керек.

Тарихшы-демограф Мәлік-Айдар Асылбеков «1933-1937 жылдардағы Бүкілодақтық құпия санақ» мәліметтерін жариялап, ол жерде КСРО халқының саны да әртүрлі берілген болатын. Атап айтар болсақ, 1933 жылы 168 млн, 1937 жылы 180 млн және 162 млн адам деп көрсетілген. Бұл кеңестік санақтың құпиясы ашаршылық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарының санын әлемдік қоғамдастықтан жасырумен түсіндірілсе керек. Ал өткен ғасырдың бірінші ширегіндегі қазақтың жалпы саны 6 млн шамасында болса, ашаршылық пен репрессия жылдары тең жартысынан астамы құрбан болған [7]. Тарихи Отанын 1920-жылдардың соңы мен 1930-жылдардың бас кезінде болған күштеп ұжымдастыру кезінде тастап кетуге мәжбүр болған Қазақстан азаматтары да солардың қатарына жатады. Әлі терең зерттеуді қажет ететін өзекті мәселелердің бірі аталған қиын-қыстау кезеңдегі қазақ халқының атамекен туған жерінен өзге елдерге ауа көшіп, босқыншылыққа ұшырау тарихы. Осылай кеңестік биліктің солақай саясаты салдарынан болған күрделі кезеңде ұлтымыз сырт жұрттан пана іздеп, дүрбелеңге түсті, аман қалуы үшін ежелден мекен болып, кіндік қаны тамған орындарынан амалсыздан қозғалуға мәжбүр болған еді. Бұл ақтандақ тақырып халқымыздың басынан өткен сол кездегі зұлматты тарихын деректі мәліметтер негізде ғылыми тұрғыдан саралауды қажет етеді. Елдің амалдың жоқтығынан іргелес жатқан шекаралас аймақтарға, сондай-ақ КСРО аумағынан шет жерлерге босып кетуі өмірлік күнкөрістері мен ерте заманнан дәстүрлі шаруашылықтарына айналған жеткілікті мал басына ие қазақ қауымының тәркілеуге, қуғын-сүргінге, апатты жағдайға тап болғандарына байланысты еді. Олардың жүріп өткен жолдарын, көрген

қиыншылықтары мен тіршілік үшін күрестерін кейінгі жас ұрпаққа ақиқатты түрде жеткізу, одан сабақ алу тарих тағлымы болмақ.

Ауакөшудің себеп-салдарлары большевиктік режимнің басқару саясатындағы асыра сілтеушіліктен болғанын айтып өттік. 1925 жылы Қазақ өлкелік партия комитетінің хатшысы болып келген Ф.Голощекиннің билігі кезінде ҚАКСР астық пен ет жеткізу, ұжымдастыру жоспарларын жүзеге асыру, жер аударылған және тұтқындалған жүздеген мың адамдарды қабылдау бойынша өзіне жүктелген міндеттердің барлығы дерлік орындалды [8]. Осындай жағдайда 1920-жылдың соңынан басталған қазақтардың ауа көшуі 1932-1933 жылдардағы ашаршылық тұсында босқыншылыққа ұласып жан сақтау үшін туған жерден жыраққа кету мәжбүрлігіне алып келді. Осы зобалаң кезең бойынша «Бәріне қарағанда, одақтық орталық 1931 жылы ауа көшу мәселесін байыпты қабылдаған жоқ, өйткені кеңестік үкіметтің ауа көшушілерге азық-түлік көмегін бөлу туралы шешімдері табылмады» деген Ресейлі тарихшы В. Кондрашин «1931 жылы басталған ашаршылықтың басты себебі астық пен ет дайындаудың кең көлемдегі жалғасуы еді» [8:456] деп тұжырым жасайды.

Астық дайындаушаралары халықтың жағдайын қиындатып жіберді, олар әуел бастан шұғыл шаралар сипатын алды: мал сатып алу көлемі оның нақты санын есепке алмай жүргізілді, астық дайындау егіссіз жерде жүргізілді. Сонымен қатар астық дайындау науқандары кезінде кең көлемде шаруаларға қарсы қуғын-сүргін жүргізілді: 56498 ауыл тұрғыны әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылды, оның ішінде 34121 адам сотталды; 1928 жылдың 1 қазанынан 1929 жылдың 1 желтоқсанына дейінгі кезеңде 125 адам, МСБ бойынша 152 адам ату жазасына кесілді. Салық салу нормасының күшеюі нәтижесінде көптеген мал шаруашылықтарымен айналысатын тұтас жұрттар шетелдерге ауа көшті [9].

Кеңестік тарихнамада ауакөшу байлардың кедейлерді «феодалдық» биліктің аясында ұстап, мемлекеттік тапсырмаларды орындаудан бас тарту әрекеті ретінде сипатталды. Республиканың партия ұйымы дәстүрлі көшпелі халықты отырықшы халыққа ауыстыру жөніндегі қызметін еңбекші бұқараны феодалдардың ықпалынан азат етумен және олардың таптық санасының өзгеруімен байланыстырды. Әрине, байлар өздерінің экономикалық жағдайына нұқсан келтіретін оқиғаларды бақылаушы болып қалғысы келмеді. Олар отырықшыландыру саясатына белсенді түрде қарсылық көрсетті. Қазақ жұртшылығын отырықшыландыру жөніндегі өлкелік комитет бюросының шешімінде: «Отырықшыландыру үрдісі шиеленіскен таптық күреспен бірге жүреді, бұл отырықшылықтандыру ісіне осы шаралар арқылы еңбекші көшпелілерді одан әрі қанау мүмкіндіктеріне айтарлықтай нұқсан келтіретіндіктен әсіресе ауқатты байлар ерекше қарсылық көрсетеді» дей келіп, олардың күрес тәсілдерін «Байлардың қазақ шаруаларының отырықшы болуына қарсылығы отырықшылыққа қарсы арандатушылық үгіттен бастап, басқа жерлерге тікелей ауа көшуді ұйымдастыруға дейінгі сан алуан формада көрініс тапты» [10] деп тұжырымдайды.

Күштеп отырықшылыққа көшіру көшпелі және жартылай көшпелі өмір салтын ұстанған қазақ қоғамының этножүйесінің бұзылуына әкелді. Отырықшылық идеясы мал шаруашылықтарының егіншілік немесе тұрақты мал шаруашылығына көшуімен түсіндірілді. Мемлекеттің дәстүрлі қазақ қоғамын отырықшыландыру саясаты халықтың біраз бөлігінің қарсылығына кездесті. Қазақтардың қарсылығы 1930-1933 жылдардағы қатты шиеленіскен түрдегі көтерілісте де көрініс тапты.

Қазақ шаруалары Кеңес өкіметінің шамадан тыс салық ауыртпалығынан құтылудың үйреншікті стратегиясын жүзеге асырды. Ұжымдастыру процесі басталған кезде, шамамен 1931 жылдың күзіне дейін олардың бұл үшін әлі де мүмкіндігі болды. Осы уақытқа дейін көптеген қазақ көшпелілері өздерінің ұтқырлығын сақтап, ұзақ сапарға шыға алатын еді. Мемлекеттің сөзсіз әскери артықшылығы бар екенін және көтерілістердің іс жүзінде сәтсіз аяқталғанын ескере отырып, туған жерден тыс жерлерге ауакөшу оның ықпалынан шығудың жалғыз мүмкін болатын балама ретінде қарастырылды. Осы жерде айта кететін нәрсе, бұл кезеңде көшіп-қону туралы шешім дәстүрлі рулық қауымның бейбіт ортаға негізделген таңдауына байланысты болды. Мал басы жеткілікті қазақ шаруашылықтары малынан айырылып, апатты жағдайға тап болғанда, олардың ауа көшуі босқыншылыққа айналды. Біріншіден, Қазақстанның шығыс бөлігінің тұрғындары КСРО-дан тыс жерлерге, негізінен Қытайға көшуге әрекеттенді. Екінші жағдайда, қазақтар аман қалу үшін, негізінен КСРО аумағынан өзге жерлерге кез келген мүмкін бағытта көшіп, қоныс аударуға мәжбүр болды [8:451].

1935 жылғы желтоқсан айында Жер шаруашылығы Халық комиссариатының отырықшы және қоныстану бөлімі Қазақстаннан шет жерлерде орналасқан қазақ шаруа қожалықтары мен Қазақстан аудандарына қоныс аударуға ынта білдіріп, келгісі келетіндер және осындай ауа көшу бойынша хат алмасу туралы мәлімет берген. Бұл жерде қазақтардың туған жерлеріне қайта оралуы бойынша жүргізілетін іс-шаралар қатарында қоныстанушылар үшін ауыл шаруашылығы салығынан босату сияқты жеңілдіктер болғаны айтылады. Облыстар мен өлкеде Қазақстанға қайта оралатын қазақтарға барлық

қоғамдастырылған мүлкімен, үлестік жарнасымен қайтаруды міндеттейтін шешім шығару, қоныстанатын шаруа қожалықтарына шаруашылық орналастыру және мал алу бойынша бағытталған шараларды жүзеге асыру жоспарланады [11].

«Одақтың жекелеген аймақтарының келеңсіз жақтары мен саяси жағдайы туралы» БМСБ (Біріккен мемлекеттік саяси басқармасы) ҚСБ-нің (Құпия саяси бөлім) «Кулактардың тұрақты тұратын жерінен және жер аударылған пункттерден қашуы және 1932 жылғы 15 наурыздағы қашумен күрестің жедел нәтижелері» туралы арнайы анықтамасы бойынша тұрақты тұрғылықты жерінен жасырынғандар: жанұялардың толық құрамында – 11072 адам, жалғызбастылар, басшылар немесе мүгедектер – 2577 адам, барлығы – 13649 адам. КСР елді мекендерінен 16118 адам қашып кеткен, оның ішінде 3332 адам ұсталған. Облыстың шекаралық және шекаралық аудандарынан тұрақты тұратын жерлерінен көші-қон негізінен кардоннан тыс Батыс Қытайға бағытталған [12].

«Одақтың жекелеген аймақтарының келеңсіз жақтары мен саяси жағдайы туралы» БМСБ (Біріккен мемлекеттік саяси басқармасы) ҚСБ-нің (Құпия саяси бөлім) арнайы анықтамасындағы (1932 ж. 1 сәуіріне дейін) мәліметте 1931 жылдың жазының өзінде Қазақстанның Қытаймен шекаралас аймағында байлардың ықпалымен эмиграциялық көңіл-күйдің кең түрде орын алуы және Батыс Қытайға жаппай ауакөшіп, қоныс аударулар (оның ішінде орта шаруалар, кедей шаруалар мен колхозшылар) байқалды деп беріледі. Сондай-ақ 1931 жылдағы толық емес мәліметте Қытайға 40 мыңға дейін шаруа қожалық-тары көшіп кеткені, Қытайға көші-қонды ұйымдастыруға жекелеген партия мүшелері, комсомолдар, колхоз төрағалары қатысқаны, олардың толық құрамдағы бүкіл колхоздар Қытайға кеткенде, ауакөшу кезінде көшіп-қонушылардың белсенді қарулы қарсылық көрсеткеніне және егер шекарадан өте алмаған жағдайда аудандардағы бандаларға қосылғаны немесе жаңа бандалар ұйымдастырған оқиғалары атап өтілген. Шекара белдеуінің кейбір аудандарын арнайы тексеру бүкіл халықтың 1/3 бөлігінен астамы Қытайға жекелеген аймақтардан қоныс аудара көшкенін көрсетті. Соңғы уақытта азық-түлік қиындық-тарының негізінде қазақ халқының Қазақстандағы көршілес республикаларға – Орта Азияға, Батыс Сібірге, Оралға, Орта Еділге және т.б. жерлерге ұйымдасқан түрдегі ауакөшулері және босуы байқалады. Толық емес деректер бойынша Қазақстан аумақтарынан Орта Еділ өңірлеріне 50 мыңға дейін, Батыс Сібірге 16 мың шаруа қожалығы, Орта Азияға 12 мың, Тәжікстанға 1 мың шаруа қожалығы ауакөшкен.

Көршілес республикаларға ауакөшумен қатар Қазақстанның өз ішінде де күшті көші-қон қозғалысы байқалған. Халық аудандардан аудандарға көшіп жүреді, «Союзмясо» мал сою пункттерінің төңірегінде орналасыпты. Атап айтқанда, Қаратал, Павлодар және басқа да өңір тұрғындарының едәуір бөлігі азық-түлік іздеп босқыншылыққа ұшырайды.

Ауакөшушілер арасында колхозшылардың көпшілігі, көптеген ауыл жұмысшылары, тіпті БКП(б)-ның жекелеген мүшелері де бар екен. Жеке адамдар мен топтар ғана емес, тұтас ауылдар мен колхоздар да кетіп жатты. Бірқатар аудандарда – Павлодар, Меркен, Аягөз, Пресновский және басқаларында халықтың 50 пайыздан азы қалды. Сол уақытта барлық өлке бойынша жаңадан жаппай ауакөшуге дайындық жүреді. Шымкент, Көкпекті және Талдықорған облыстарында әр топтағы 15-тен 1 мыңға дейінгі шаруа қожалықтарынан тұратын 9 топ кетуге дайындық жүргізіледі. Көбінесе босқындар әртүрлі өлекселермен, өлі жануарлармен, ит етімен, сою орындарының қалдықтарымен қоректенеді. Колхозшы-лар етсовхоздары жапқан өлген жұқпалы ауру малдардың өлексесін жерден алып, жеген жағдайлары көптеп тіркелді. Босқындардың аштық зардабына ұшырап, амалсыздықтан мал сою аландарының айналасына жиналып, әртүрлі қоқыстарды тасып, сойылған малдың қанын ішкен мүшкіл жағдайларға дейін барған [12: 81]. Осындай жағдайдың көрінісінде өлкеде байқұлақ пен ұлтшыл контрреволюцияның төтенше жандануы орын алуда. Контрреволюция әрекетінің көрсеткіші күшейіп келе жатқан материалдық-мүлкітік және физикалық террор болып табылады. Қаңтар және ақпан айының бірінші жартысы аралығында 16 ауданның өзінде 23 лаңкестік актісі, колхоз мүлкін өртеп жіберудің 3 оқиғасы тіркелген. Соңғы 7-8 айдың ішінде ашылған бойынша қарсы топтардың орын алған және дайындалып жатқан ауакөшудің едәуір бөлігі бай-ұлтшыл элементтердің тікелей ықпалымен және басшылығымен жүзеге асатынын анықтады. Соңғы 6-7 ай көлемінде бүкіл өлке бойынша ауакөшу қозғалысын ұйымдас-тырған байлардың қарсы топтары ашылды және жойылды, олар ҚАКСР шекаралық аймағындағы Синь- Цзян ұйымы тарапынан құрылған Өзбекстандағы - 1, Қазақстанда - 10, Орта Еділде - 1 және 5 ұяшық. Бұл ұйымдар мен ұяшықтардың көпшілігін аудандық және бастауыш жауапты кеңестік, тіпті жекелеген партиялық ұлтшыл қызметкерлер басқарғанын айта кету керек, олар өздерінің барлық зиянды қарсы әрекеттерінде шектен шығып, астықты жаппай ұрлау мен жасыруды ұйымдастырды, колхоздар басындабай элементтері түрды, астық дайындау барысында колхоздарды ірілендіруді жүзеге асырды, шалғай аудандарға колхоздардың тұтас ауылдарын

көшіріп қоныстандыруды жүзеге асырды және бұл астық дайындау жоспарларын шатастырып, жасанды түрде азық-түлік қиындықтарын, ашаршылықты туындатты [12:83].

Қазақстандағы амалсыздан ауақөшу әрекеті 1934 жылдары да жалғасады. Мысалы, 1934 жылдың 25 сәуір күнгі Қазақстан бойынша колхоздардағы азық-түлік қиындықтары туралы Шілік МТС-ы Асы селосының «Бедняк» колхозы астық тапшылығын бастан кешіруде екені, колхоз қосымша 30 центнер астық тапсырғанымен колхозға әлі қайтарылмағаны хабарланып, азық-түлік қиындығына байланысты колхоздан балқаштықтардың 8 шаруашылығы ауа көшкен екен [12: 562].

Зияда Ижановтың 1928 жылғы 27 тамыздағы байларды кәмпескелеу (тәркілеу) және оларды жер аудару туралы Декреттің салған ауыр зардабы, қуғындалғандар мен босқыншылыққа арналған «Тәркілеу қасіреті» кітабында [13] бұл асыра сілтеушілік саясаттың Коммунистік партия мен Кеңес үкіметінің қазақ халқының тағдырын талқыға салып, көшбасшыларын жойып жіберуге жасаған саяси қастандығы екені, 1928 жылғы «кәмпеске» деген қолдан ұйымдастырған зобалаңды халқымыздың 2 миллионнан астамын жалмаған ашаршылыққа, 1936-1938 жылдардағы саяси қуғын-сүргінге ұшыратып, ұлтымыздың көзі ашық, көкірегі ояу тұлғаларын жою алдындағы дайындық шара ретінде пайдаланғаны баяндалып, деректі құжаттар көрсетілген.

Ірі байлардың малдарын тәркілеу туралы мәселе Қазақстанда 1923 жылғы наурызда өткен III облыстық партия конференциясында көтерілген болатын. Ал 1927 жылы байларды тап ретінде қудалауға шұғыл түрде белсене кірісіп, қараша айында Өлкелік партия комитетінің VI пленумында бұл мәселе талқыланады.

Байларды тәркілеу және оларды жер аудару жөнінде БК(б)П Орталық комитетінің, Бүкілодақтық атқару комитетінің келісімін сұрады. Бұл келісімді алуға 9 ай мерзім кеткен. БК(б)П Орталық комитеті мен Бүкілодақтық Орталық Атқару комитетінің келісіміне дейін әрбір ауыл, аудан, округ бойынша байлардың мал, жан, мүлік есебі ОГПУ тарапынан жасырын түрде қағазға түсіріліп, қатталып дайын тұрды [13:3]. 1928 жылы 27 тамызда «Аса ірі бай шаруашылықтары мен жартылай феодалдарды кәмпескелеу және жер аудару туралы» декрет қабылданып, ол аталған жылдың 5 қыркүйек күні жарияланды (Осы шаруашылықтар «бай-феодал» деп РК(б)П-ның 1921 жылғы X съезінің ұстанымына сәйкес аталды). Осы декретке сәйкес 700-ге жуық шаруашылық кәмпескелеуге ұшырады, олардан 144745 мал (ірі қараға шаққанда) тәркіленді. 113 мыңға жуық мал іле-шала ұжымдық шаруашылықтарға және кедей-батрактар шаруашылықтарына қайтадан бөліп берілді [14].

Тәркілеуге ұшырап жер аударылды деген 696 байдың әрқайсысында орта есеппен 3 шаңырақ қоса аударылды деп есептегенде 2088 шаңырақ, оның әрқайсысында 4 жан болды дегенде бірнеше ондаған мың адамның зобалаңға ұшырағанын, қаншама отбасының күйрегенін байқауға болады. Сондықтан Қазақстан Орталық партия комитеті, Орталық Атқару комитеті, ОГПУ органы бұл деректі елден бүрке-мелеп жасырды. Қазіргі кезде тәркіленген байлардың нақты санын анықтайтын деректердің бірсыпыра-сының негізі жойылған екен. Мысалы, 1942 жылдың 6 тамызында №86-1 актімен 7 іс, 1992 жылы 25 іс, барлығы 32 іс пайдаланудан шығарылған. Атап айтқанда Ақмола, Алматы, Орал, Петропавл округтік комиссияларының қаулылары, Қызылорда округінен жер аударылған байлардың арыз-шағымдары, Халық Комиссарлар кеңесінің айрықша қаулысымен тәркіленгендер туралы мәліметтер және кәмпеске-ленген мүліктердің қорытындысы және тағы да басқа құнды құжаттар есептен шығарылады [13:5].

Кейбір байлардың жер аударылуға жатпайтындығын бірқатар ауылдық кеңестер, «Қосшы» одақтары, партия, комсомол ұйымдары, кедейлер мен батырақтар дәлелдеп, қаулы алып, қол қоюға сауаттары жетпегендіктен бармақтарының таңбасын басмып қуәландырса да бәтуға алынбады. Округтік, өлкелік комиссиялар, Қазақстан Орталық Атқару комитеті, Халық Комиссарлар кеңесі, заң орындары ондай қорғаушыларды: «... байларды, тап жауын жақтайсындар» деп қызметтен босатады, ұйымнан шығарып, қуғынға салды. Бірқатары сотталады [13:7].

Алдыңғы қатарлы интеллигенция өкілдері «кәмпеске деген елді тонау, мал шаруашылығы топтасқан ірі орталықта болмаса, бөлшектенгеннен ешқандай пайда келтірмейді, байларды тәркілеу жұртшылықтың ашу-ызасын туғызады, қажет болған жағдайда өзге елге қоныс аударып кетеді» деген бағыт ұстанды. Оқыған зиялылардың бұл пікірлері шынға айналды. Ел дүрлігіп, шет жерлерге ауақөшті. Оларға сол үшін айыптады, бір ғана мысал, «Түлкібас ауданының (Сырдария округы) №2 - ауылындағы 5 қызметшісі, 3000-ға дейін қойы бар бай Байғазы Жусамбаев өзінің малын тәркілеуден сақтап қалу үшін басқа республикаларға айдап әкетіп, әртүрлі аймақтарға жасырып қалуда» [15] деп кінә тақты.

Тәркілеуге ұшырап, бай-феодалдар деп қудалағандар саясатпен айналысып, партияға қарсылық жасап, кедергі келтірген адамдар емес еді. Олардың барлығы маңдай тер, табан ақылары арқылы қажырлы

еңбектерімен өз малдарын өздері баққан адамдар болатын. «Кәмпеске науқаны бұдан 11 жыл бұрын болған Октябрь төңкерісі есебінде жүргізілді» деген (Ф.И. Голощекин «Қазақ ауылындағы Октябрь төңкерісі», «Еңбекші қазақ», 3.ХІІ.1928 ж.) Өлкелік партия комитетінің сол кездегі хатшысы Голощекин мұндай ауыр қасіретті ұйымдастырушының өзі болды.

1928-1930 жылдар аралығында мал басының азаюына қарамастан, кеңес басшылығы мал шаруашылығы мәселесіне үлкен сенім білдірді. 1930 жылдың күзінде мал дайындауда астық дайындау науқанындағыдай әдістер қолданылды [16].

Астық дайындаудағы заңсыздық әрекеттер мен жазалау жүйесін нығайту халықты орасан үлкен қырғынға ұшыратқан 1932-1933 жж. бұрын-соңды болмаған ашаршылыққа әкеліп соқтырды. «Ашаршылық жұты» Украина, Солтүстік Кавказ, Поволжье, сонымен бірге Орталық Чернозем аймағы, Орта және Оңтүстік Орал, Батыс Сібірмен қатар Қазақстан жерін де қамтыды. Жарияланған құжаттар мен материалдар 1932-1933 жж. қорқынышты апаттың қайнар көзі егіннің өспей қалуы сияқты табиғи катаклизмдер емес, мемлекеттің жоғары саяси басшылығының қалаларды жабдықтау және астықты шетелдерге сату үшін ауылшаруашылық өнімдерін шаруалардан барынша тартып алуды талап еткен әрекеттері екенін нақты куәландырады.

Голощекиннің «өтінішін» қабыл алған Саяси бюро 1933 жылы 21 қаңтарда оны отставкаға жіберіп, орнына Левон Мирзоянды қойды [17]. 1933 жылдан ауа көшушілерді Қазақстанға қайтару ісі жүйелі түрде жүзеге аса бастады. Өлкелік партия комитетінің алдына барлық нашар орналастырылған шаруашылықтарды және әсіресе келетін оралушыларды толық орналастыру қажеттігі туралы айқын және нақты міндет қойылды. Осылайша ауақөшіп кеткендерді қайтару және оларды шаруашылыққа тарту бағытында жұмыстар атқарылып, жағдайдың түзеле бастауы ауақөшуші босқындардың атақонысына орналастыру мемлекеттің арнайы саясатына айналды.

Кеңес өкіметі бірнеше мәрте жариялаған рақымшылыққа (1919, 1920 жылдар) қарамастан, Алаш қозғалысының белсенді қайраткерлері 1930 жылдарында буржуазиялық ұлтшылдар және халық жаулары деген жаламен репрессияға ұшырады.

Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін 40-жылдардың аяғы мен 50-жылдардың басында да жалғасты. Қазақстанда ол ғылым, әдебиет және өнер саласын қамтыды. Қазақтың мәдениет қайраткерлері мен ғалымдарын жазалау, университеттерден қуу, партия қатарынан шығару, ғылыми атағын алу және т.б. жүзеге асты. Жалпы мұндай қуғын-сүргін ауқымыны өте үлкен болғанын көруге болады. Республика аумағындағы ГУЛАГ (Лагерьлер Бас басқармасы) филиалдары сол кездегі жүйенің геноцидті ұйымдастыруының маңызды әдіс-тәсілі болып табылды. Кеңес мемлекетінің жазалауға арналған жүйесінде КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің 1930 жылғы 7 сәуірдегі «Еңбекпен түзеу лагерлері туралы» ережені бекіту жөніндегі қаулыны қабылдау әміршілдік басқару әдістерін дамытады [14:419].

Қорытынды. XX ғасырдың 20-30-жылдары қатыгез уақытқа сәйкес келіп, қазақ халқы зобалаңға түсті, саяси қуғын-сүргінге ұшырады, ол кезең миграциялық қозғалыстарға толы болды. Ұжымдастыру мен оның салдарлары әсіресе қазақ халқы санының кемуіне қатты әсер етіп, демографиялық дағдарысқа ұрындырды. Мұндай еркіндік қағидаларын бұзуға, саяси қысымға негізделген мал-мүліктерін күшпен тартып алу, халықты ұжымшарларға мәжбүрлі түрде тездетіп қосу сияқты жағдайда қарсылық көрсету түрлерінің бірі ретінде Қазақстаннан тыс жерлерге, оның ішінде көршілес елдерге ауақөшу белең алды. Ашаршылық басталғанда босқыншылық арта түсті, осы уақыттарда оларды елге қайтару ісі күн тәртібіне өткір мәселе болып қойылды.

Саяси қуғын-сүргін әрекеттері негізсіз қудалауға түскен халықтарды туған елінен күштеп көшіру барысында айқын көрінді. Соғыс қарсаңында және соғыс жылдарында Қазақстанға басқа ұлт өкілдерін күшпен көшірілігендердің жалпы саны миллионға жуықтайды.

Қазақстан халқының өлім-жітіміне келетін болсақ, қолайсыз эпидемиологиялық жағдаймен қатар, осы кезеңдегі көшпелі халықтың өлімінің бар себептеріне басқа да сыртқы факторлар қосылды: ұжымдастыру және күштеп отырықшыландыру кезеңіндегі аштықтан жаппай қырылу, Қазақстаннан тыс жерлерге мәжбүрлі түрде ауақөшу кезінде егіннің және жұттың болуы; концлагерьлерде болу нәтижесінде ауыр жұмыста және қуғында қайтыс болу сияқты ауыр жағдайлар. Бұған республика аумағына келген арнайы контингенттің аса көп болған өлім-жітімін қосатын болсақ, елді аграрлық аймақтан индустриалды республикаға айналдыру үшін қандай «құн» төленгенін елестетуге болады. 1930-жылдардың басында өлке аумағында қанша адамның қаза болғаны әлі күнге дейін нақты анықталмаған [9:49].

Қазақстан Республикасының 1993 жылы 14 сәуірден «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Заңы іске асырыла бастады. Кейбір құжаттардың «құпия» белгісі алынып тасталды, солардың ішінде

жаппай саяси қуғын-сүргін жүргізу үшін негіздеме болған БК(б)П ОК-нің және бұрынғы өлкелік комитет пен Қазақстан Компартиясы ОК-нің қаулылары бар. Сонымен қатар қуғын-сүргін құрбандарын жаппай жерлеген орындарды іздестіру жалғасуда. Оқиғалардың ескіргеніне, құжаттамалық айғақтар мен көз көргендердің жоқтығына қарамастан Алматы, Ақмола, Ақтөбе, Батыс Қазақстан мен Оңтүстік Қазақстан (қазіргі Түркістан облысы) репрессияға ұшыраған құрбандарының жаппай жерленген жерлері анықталды.

Тұтастай алғанда ақтандақтар тақырыбы еліміздің архив қорларына, сондай-ақ шетел архивтеріне ізденіс жүргізуді, деректерді жан-жақты зерделеуді, халқымыздың басынан өткен күрделі кезеңіндегі саяси қуғын-сүргін тарихын ғылыми тұрғыдан қайта жаңғыртып, зерттеу мәселелерін қарастыруды қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 24 қарашадағы № 456 Жарлығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2000000456>
2. Артықбаев Ж.О., Пірманов Ә.Б. Қазақстан тарихы (энциклопедиялық басылым). – Алматы: Атамұра, 2008. – 544 б. (Б.468)
3. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай үндеуі. 2020 жылғы 29 мамыр. https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/akorda_other_events/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-sayasi-kugyn-surgin-zhane-asharshylyk-kurbandaryn-eske-alu-kunine-orai-undeui
4. <https://e-history.kz/kz/news/show/33844> Қаралған мерзімі: 14.05.2023 ж.
5. З.Г. Сактаганова. Политические репрессии в Казахстане в 1920-1980-е гг.: этапы, последствия и проблемы реабилитации // Отан тарихы № 3 (95), 2021 С. 140
6. Кәдірқұлова Г.А. Қазақстан тарихы: Оқулық. - Алматы: ҚАЗАҚПАРАТ 2005 -320 б. (Б.241)
7. К.Лиясова. Саяси қуғын-сүргін: зерттеу мен зерделеу <https://egemen.kz/article/300139-sayasi-qughyn-surgin-zertteu-men-zerdeleu> Қаралған күні: 3.03.2023 ж.
8. Акимбеков С. Казахи между революцией и голодом. – Алматы: ТОО «Институт Азиатских исследований», 2021. С.455, 456, 451.
9. Козина В.В. Демографическая история Казахстана: Учеб. пос. - Караганда: Изд-во КарГУ, 2007. С.40, 49.
10. Амантаев Б.А. Социализм и коренное преобразование социальной природы казахского крестьянства (Опыт историко-социологического исследования). Издательство «Наука» Казахской ССР - Алма-Ата, 1969. Б.175
11. ҚР ОМА 5-қ. 16-т. 365-іс. 1-п.
12. Советская деревня глазами ВЧК – ОГПУ – НКВД. 1918-1939. Документы и материалы. В 4-х т. / Т. 3. 1930-1934 гг. Кн. 2. 1932-1934 гг. / Под ред. А. Береловича, В. Данилова. - М.: «Российская политическая энциклопедия» (РОССПЭН), 2005. – 840 с. С.59, 81, 83, 562.
13. Ижанов З. Тәркілеу қасіреті: / З. Ижанов, - Алматы: «Өлке» баспасы, 2017. – 400 б. (Б.13, 5, 7)
14. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін) Бес томдық. 4-том. – Алматы: «Атамұра», 2010, 752 б. (Б.210, 419)
15. Трагедия казахского аула. 1928-1934: Сборник документов/Сост. А.С. Зулкашева (ответств.), Г.Т. Исахан, Г.М. Каратаева. – Алматы. Раритет, 2013. Т.1 1928-апрель 1929. – 744 с. (С.188)
16. Дэвис Р., Уиткрофт С. Годы голода: Сельское хозяйство СССР, 1931-1933 / Р. Дэвис, С. Уиткрофт; [пер. с англ. О. Ю. Вздорик; под ред. Л. Ю. Панфиной.]. – М.: Российская политическая энциклопедия (РОССПЭН), 2011. – 543 с.: табл. – (история сталинизма). С.309
17. Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарихы архивы 17-қ. 3-тіз. 914-іс. 9-п.

Reference:

1. Sayasi kugyn-surgin kurbandaryn tolyk aktau zhonindegі memlekettik komissiya turaly Kazakhstan Respublikasy Prezidentinin 2020 zhylgy 24 karashadagy № 456 Zharlygy <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2000000456>
2. Artykbaev Zh. O., Pirmanov A. B. Kazakhstan tarihy (enciklopediaylyk basylym). – Алматы: Atamura, 2008. – 544 b. (B.468)
3. Memleket basshysy Kasym-Zhomart Tokaevty-n Sayasi kugyn-surgin zhane asharshylyk kurbandaryn eske alu kunine orai undeui. 2020 zhylgy 29 мамыр.

https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/akorda_other_events/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-sayasi-kugyn-surgin-zhane-asharshylyk-kurbandaryn-eske-alu-kunine-orai-undeui

4. <https://e-history.kz/kz/news/show/33844> Karalghan merzimi: 14.05.2023 zh.

5. З.Г. Saktaganova. Politicheskie repressii v Kazakhstane v 1920-1980-e gg.: etapy, posledstviya i problemy reabilitatsii // Otan taryhy № 3 (95), 2021 S. 140

6. Kadirkulova G.A. Kazakstan tarikhy: Okulyk. - Almaty: KAZakparat 2005 -320 b. (B.241)

7. K. Ilyasova. Sayasi kugyn-surgin: zertteu men zerdeleu <https://egemen.kz/article/300139-sayasi-qughyn-surgin-zertteu-men-zerdeleu> Karalghan merzimi: 3.03.2023 zh.

8. Akimbekov S. Kazakhi mezhdur revoliutsiei i golodom. – Almaty: TOO «Institut Aziatskikh issledovaniy», 2021. S.455, 456, 451.

9. Kozina V.V. Demograficheskaya istoriya Kazakhstana: Usheb. pos. - Karaganda: Izd-vo KarGU, 2007. S.40, 49.

10. Amantaev B.A. Socializm i korennoe preobrazovanie socialnoi prirody kazakhskogo krestyanstva (Opyt istoriko-sotsiologicheskogo issledovaniya). Izdatelstvo «Nauka» Kazakhskoi SSR - Alma-Ata, 1969. B.175

11. KR OMA 5-k. 16-t. 365-is. 1-p.

12. Sovetskaya derevnya glazami VSHK – OGPU – NKVD. 1918-1939. Dokumenty i materialy. V 4-kh t. / T.3. 1930-1934 gg. Kn. 2. 1932-1934 gg. / Pod red. A. Berelovisha, V. Danilova. - M.: «Rossiiskaya politicheskaya enciklopediya» (ROSSPEN), 2005. – 840 s. S.59, 81, 83, 562.

13. Izhanov Z. Tarkileu kasireti: / Z. Izhanov, - Almaty: «Olke» baspasy, 2017. – 400 b. (B.13, 5, 7)

14. Kazakstan tarikhy (kone zamannan buginge dein) Bes tomik. 4-tom. – Almaty: «Atamura», 2010, 752 b. (B. 210, 419)

15. Tragedia kazakhskogo aula. 1928-1934: Sbornik dokumentov/Sost. A.S. Zulkasheva (otvetstv.), G.T. Isakhan, G.M. Karataeva. – Almaty. Raritet, 2013. T.1 1928-aprel 1929. – 744 s. (S.188)

16. Davis R., Uitkroft S. Gody goloda: Selskoe khozyaistvo SSSR, 1931-1933 / R. Davis, S. Uitkroft; [per. S angl. O. U. Vzдорik; pod red. L. U. Pantinoy.]. – M.: Rossiiskaya politicheskaya enciklopediya (ROSSPAN), 2011.– 543 s.: tabl. – (istoriya stalinizma). S.309

17. Resei memlekettik aleumettik-sayasi tarikhy arkhivy 17-k. 3-tiz. 914-is. 9-p.

**ТАРИХТЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ
МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ИСТОРИИ
METHODS OF TEACHING HISTORY**

**ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI: 03.20
УДК 094.11**

<https://doi.org/10.51889/2959-6017.2024.80.1.025>

B.A. Zhamelov^{1}, D.Sh. M.Baitureev², F.A. Kulanova³*

¹*Doctoral student of Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
Nazarbayev Intellectual School in Physics and Mathematics History moderator teacher
(Kazakhstan, Shymkent), E-mail: zhamelov.baglan@bk.ru*

²*Expert teacher of history Nazarbayev Intellectual School of Physics and Mathematics
(Kazakhstan, Shymkent), E-mail: baitureev_d@fmsh.nis.edu.kz*

³*Expert teacher of ART
Nazarbayev Intellectual School of Chemistry and Biology
(Kazakhstan, Shymkent), Email: kulanova_f@hbsh.nis.edu.kz*

**OPPORTUNITIES FOR THE DEVELOPMENT OF PROFESSIONAL PEDAGOGICAL
COMPETENCE OF A TEACHER USING THE "ACTIVITY RESEARCH"
APPROACH IN A HISTORY LESSON**

Abstract

In the activity study, the teacher studies the situation in the classroom and makes assumptions about it. To determine the reason for the presence of a particular situation, it is necessary to comprehensively monitor the situation. Such an observation leads to certain conclusions. Systematic research develops reflection in order to change our experience, to make the identified situation different. Action research-Action research is a process involving the implementation of consistent, consistent, planned actions in order to improve learning and learning experience, as well as systematic monitoring of the results obtained during the study. Reflection in action is a process of careful reflection in the process of performing actions (for example, teaching and learning) in order to plan and perform previous steps, critically analyze and evaluate the results of activities.

Professional improvement is impossible if a modern teacher does not reflect on his actions, does not conduct an in-depth analysis of achievements and, conversely, does not conduct inhibitory factors in working with students, planning and conducting classes in the system. Working in a professional community involves teachers interacting to solve common problems, choosing common strategies, studying their effectiveness in working with students and the "research in action" strategy.

The international study of TALIS teaching and learning systems conducted by the OECD focuses on the conditions in which the current teacher works, how the learning environment is created for a better and effective learning process. This study showed that the success of students is directly related to the quality and nature of educational processes. The most important thing in this work is the high professionalism, development and qualitative growth of the teacher. High-quality education is able to eliminate the lack of good knowledge formed by students with low academic performance. The arrival of an enthusiastic, properly adapted teacher to the professional activity remains a problem. This is due to the lack of information about strategies by which teachers can interact in the professional community, exchange experiences, study their activities to develop student achievements.

Keywords: pedagogy, methods, Action research, "brainstorming" "question" level tasks, differentiation, skills, state differentiation, intelligentsia of the nation, autonomy.

Б.А. Жамелов^{*1}, Д.Ш. Байтуреев², Ф.А. Куланова³

¹Қожа Ахмет Яссауи атындағы қазақ-түрік университетінің PhD докторанты
Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі Тарих пәнінің мұғалім-модераторы
(Қазақстан, Шымкент қ.), E-mail: zhamelov.baglan@bk.ru

²Тарих пәнінің эксперт-мұғалімі Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі
(Қазақстан, Шымкент қ.), E-mail: baitureev_d@fmsh.nis.edu.kz

³ Тарих пәнінің эксперт-мұғалімі
Химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі
(Қазақстан, Шымкент қ.), E-mail: kulanova_f@hbsh.nis.edu.kz

ТАРИХ САБАҒЫНДА «ІС-ӘРЕКЕТТІ ЗЕРТТЕУ» (ACTION RESEARCH) ТӘСІЛІН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚҰЗІРЕТІН ДАМУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Аңдатпа

Іс-әрекеттегі зерттеуде мұғалім сыныптағы жағдайды зерттеп, оған қатысты болжам жасайды. Белгілі бір ситуацияның болу себебін анықтау үшін, жағдаятты жан-жақты бақылау керек. Бұндай бақылау белгілі бір қорытынды жасауға алып келеді. Жүйелі зерттеу тәжірибемізді өзгертуге, анықталған жағдаят-ты басқаша жасауға рефлексияны дамытады. Іс-әрекеттегі зерттеу - Action research – Оқыту мен оқу тәжірибесін жетілдіру мақсатында бірізді, тізбектелген, жоспарланған іс-әрекеттерді орындауды, сондай-ақ зерттеу барысында алынған нәтижелерге жүйелі түрде мониторинг жүргізуді көздейтін үдеріс. Іс-әрекеттегі рефлексия-алдыңғы қадамдарды жоспарлау және орындау мақсатында іс-әрекет жасау (мысалы, оқыту мен оқу), іс-әрекет нәтижелерін сыни талдау және бағалау барысындағы мұқият ойлану үдерісі.

Қазіргі мұғалім, егер ол өз іс-әрекетіне рефлексия жасамаса, жетістіктерге терең талдау жасамаса және керісінше, оқушылармен жұмыс жасауда, жүйеде сабақтарды жоспарлау мен өткізуде тежегіш факторларды жүргізбесе, кәсіби жетілдіру мүмкін емес. Кәсіби қоғамдастықта жұмыс істеу жалпы мәселелерді шешу үшін мұғалімдердің өзара әрекеттесуін, жалпы стратегияларды таңдауды, олардың оқушылармен жұмысындағы тиімділігін зерттеуді қамтиды және "іс-әрекеттегі зерттеу" стратегиясы.

ЭЫДҰ жүргізетін TALIS оқыту және оқыту жүйелерін халықаралық зерттеу қазіргі мұғалімнің қандай жағдайда жұмыс істейтініне, жақсы және тиімді оқу процесі үшін оқу ортасының қалай құрыла-тынына назар аударады. Бұл зерттеу оқушылардың жетістіктері оқу процестерінің сапасы мен сипатына тікелей байланысты екенін көрсетті. Бұл жұмыстағы ең маңыздысы-мұғалімнің жоғары кәсібилігі, дамуы және сапалы өсуі. Жоғары сапалы оқыту үлгерімі төмен оқушыларда қалыптасқан жақсы білім тапшылығын жоюға қабілетті. Сабаққа ынталы, кәсіби қызметіне дұрыс бейімделген мұғалімнің келуі әлі де проблема болып қала береді. Бұл мұғалімнің кәсіби қоғамдастықта өзара әрекеттесе алатын, тәжірибе алмасатын, оқушылардың жетістіктерін дамыту үшін өз қызметін зерттей алатын стратегиялары туралы ақпараттың жетіспеушілігімен байланысты.

Кілт сөздер: педагогика, әдіс-тәсілдер, Action research, «Мифа шабуыл» «сұрақ қою» деңгейлік тапсырмалар, дифференциация, дағдылар, мемлекеттік межелеу, ұлт зиялылары, автономия.

Жамелов Б.А. ^{*1}, Байтуреев Д.Ш. ², Куланова Ф.А. ³

¹ Докторант PhD казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмеда Яссауи
Назарбаев интеллектуальная школа физика-математического направления
Учитель-модератор истории

(Казахстан, г. Шымкент), E-mail: zhamelov.baglan@bk.ru

² Учитель-эксперт истории Назарбаев интеллектуальная школа физика-математического направления
(Казахстан, г. Шымкент), E-mail: baitureev_d@fmsh.nis.edu.kz

³ Учитель-эксперт истории Назарбаев интеллектуальная школа химико-биологического направления
(Казахстан, г. Шымкент), E-mail: kulanova_f@hbsh.nis.edu.kz

ВОЗМОЖНОСТИ РАЗВИТИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ КОМПЕТЕНЦИИ УЧИТЕЛЯ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ПОДХОДА «ИССЛЕДОВАНИЕ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ» (ACTION RESEARCH) НА УРОКЕ ИСТОРИИ

Аннотация

В исследовании деятельности учитель изучает ситуацию в классе и делает предположения относительно нее. Чтобы определить причину наличия той или иной ситуации, необходимо всесторонне контролировать ситуацию. Такое наблюдение приводит к определенным выводам. Систематическое

исследование развивает рефлексию, чтобы изменить наш опыт, сделать выявленную ситуацию другой. Action research-Action research-процесс, предусматривающий выполнение последовательных, последовательных, запланированных действий с целью совершенствования обучения и учебного опыта, а также систематический мониторинг результатов, полученных в ходе исследования. Рефлексия в действии - это процесс тщательного обдумывания в процессе выполнения действий (например, обучения и обучения) с целью планирования и выполнения предыдущих шагов, критического анализа и оценки результатов деятельности.

Профессиональное совершенствование невозможно, если современный учитель не рефлексировать на свои действия, не проводит углубленный анализ достижений и, наоборот, не проводит тормозящие факторы в работе с учащимися, планировании и проведении занятий в системе. Работа в профессиональном сообществе включает в себя взаимодействие учителей для решения общих проблем, выбор общих стратегий, изучение их эффективности в работе с учащимися и стратегия "исследования в действии".

Международное исследование систем обучения и обучения TALIS, проводимое ОЭСР, фокусируется на том, в каких условиях работает нынешний учитель, как создается учебная среда для лучшего и эффективного учебного процесса. Это исследование показало, что успехи учащихся напрямую связаны с качеством и характером учебных процессов. Самое главное в этой работе-высокий профессионализм, развитие и качественный рост учителя. Качественное обучение способно устранить дефицит хороших знаний, сформированный у учащихся с низкой успеваемостью. По-прежнему проблемой остается приход на занятия увлеченного, правильно адаптированного к профессиональной деятельности учителя. Это связано с отсутствием информации о стратегиях, с помощью которых учитель может взаимодействовать в профессиональном сообществе, обмениваться опытом, изучать свою деятельность для развития достижений учащихся.

Ключевые слова: педагогика, методы, Action research, «мозговой штурм» «вопрос» уровневые задания, дифференциация, навыки, государственное разграничение, интеллигенция нации, автономия.

Introduction

1. History teaches us to learn from events and not to succumb to mistakes. A student who has worked with historical resources passes an external summative assessment exam on the history of Kazakhstan in the 10th grade, and successfully writes a course research paper on the subject of Kazakhstan in the modern world in the 12th grade. In the recommendations of the Cambridge International Examinations Council for the students of Nazarbayev Intellectual Schools, some weaknesses were observed in the use of resources with the analysis of information. The need to work with resources is also found in the subject of the Kazakh language. Therefore, on the basis of the Astion Research study, the direction of research was specified as "Development of research skills of students through the analysis of chrono-terminological materials, improvement of the quality of education in the subject of history" through various resources, and interdisciplinary research with the Kazakh language was carried out continuously. The subject of the study is to determine the historical significance of the establishment of the Kazakh AKSR. Among the events that took place in the first quarter of the 20th century, the Kazakh people achieved the right to self-government. For the Kazakh people, who have been a colony for almost two centuries, the achievement of autonomy, albeit in the Bolshevik style, is a historically significant event that can be considered a great political victory. It should be noted that the struggle and work of Alash intellectuals in achieving autonomy is special. In the course of the lesson, students should learn about the work and courage of Kazakh intellectuals in this historically fateful period, and learn about the characteristics of their personalities.

Materials and methods: The lesson was conducted according to the "Activity Research" method, and students' actions in the lesson were monitored. In order to determine the final result of the lesson, its strengths and weaknesses, the comparative method was qualitatively implemented and a constructive assessment was given. A lesson plan was created together with colleagues. In cooperation with the teachers of the university and the history teachers of the school, modern pedagogical methods and assessment types were planned to make the value of the lesson clear to the students in order to conduct the lesson effectively. During the determination of the sources used in the lesson, the advice of the famous historian Hazretali Makhanuly was planned in the lesson plan. The lesson was planned following the notes given in the lesson in the previous stage, which was conducted according to the "action research" method. The main feature of the "Action Research" lesson study method is that modern methods and types of assessments implemented on the basis of collective lesson planning can help to increase students' subject knowledge and understand the features of the historical period. It allows students to develop the skills of critical analysis, independent thinking, making their own conclusions and evaluating historical events. At the end of the lesson, the effectiveness of the process and feedback to the teacher were established. During the course of the lesson, the well-

known scientist, professor, doctor of historical sciences, Hazretali Tursun Makhanuly, and experienced teachers of the subject of history observed the lesson and carefully monitored the harmony of the actions of students and teachers, the activity and participation of students during the lesson.

There is a great opportunity to increase students' interest in the subject through the "action research" method. This method not only motivates the students, but during the study of the lesson, it opens the way to identify the points that the teacher needs to develop, and to improve the quality of the students' education. Taking this into account, it is very important to study using the "Activity Research" method in the lesson.

Discussion of the results: Association of Kazakh Language and History together with colleagues: 9.2A "What is the historical significance of the establishment of the Kazakh Soviet Autonomy?" the research lesson was chosen. Choosing this topic has its own deep meaning and significance. It can be concluded that it is the legal conclusion of the struggle for the right of self-government of the Kazakh people, who were dependent on the Russian Empire for almost two centuries in the first quarter of the 20th century. The idea of uniting the Kazakh people and taking a step towards independence through the right of self-government was first raised by Alash figures. The Kazakh state of Alash, established in December 1917, was headed by the Alash people. After the Bolsheviks came to power, they promised the people living in the national regions of Russia the possibility of creating autonomy. However, these autonomies lost their national characteristics and were created on the Soviet-Bolshevik model. One of them was the Kazakh SSR, founded in 1920. Kazakh statehood with the right to self-governance, even though it was created on the Bolshevik model, was a historical victory of Alash intellectuals. The goal of the Alashats was to unite the historical Kazakh lands to the territory of the Kazakh SSR. Unification of scattered Kazakh territory into Kazakh autonomy and strengthening of autonomy were urgent issues. In this work, the Alashats devoted all their efforts and knowledge to solving this problem. The topic is included in Kazakh language 9.T/A "Impact of social changes on language, attitude towards historical event". In order to determine the reason why some pupils of the 9th "D" class, included in the study, analyze information with distrust, the examination of school psychologists was determined by the reflection of the lesson. And parents taking into account the proposal, for the purpose of researching one's own experience, a site <http://todo.nucho.kz/homework/site/join.php> was created for the research class together with the students of the special class, and the steps were specified, i.e.: development of research skills by working with keywords in chrono-terminological materials was the main goal.[1]

In the planning of the introductory part of the practice research lesson, the assessment tools are defined and based on the expected result with tasks leading to the goal in sequence from simple to complex. Tasks are prepared and focused on students of A, B, C levels in the class. The "Mosaic" method is used in the organization for the purpose of grouping students taking into account their abilities. The method determines the subject of the lesson, the learning objective and the expected result. At the same time, by grouping students of different melancholic, sanguine, and choleric temperaments into a group, cognitive development is expected as a result. It was planned to develop students' research skills by analyzing the logical connection of information with the subject of the Kazakh language through the compilation of noodle papers. [2]

Материалдар мен әдістер. Зерттеу барысында Қазақстан жеріндегі ең алғаш орта мектеп оқушыларына, арнайы тарих пәні үшін баспадан шыққан С.Асфендияровтың «Қазақстан тарихының очерктері» (Оқу құралы) оқулығы мен Түркияда К.Ататүріктің нұсқауымен шыққан «Түркия тарихының негізгі бағыттары» атты тарих пәні оқулықтарына тарихи - салыстырмалы, жүйелеу, сандық – сапалық, жинақтау, саралау, талдау жұмыстары жасалды.

Негізгі бөлім. 1923 жылы Османлы билігінен демократиялық билікке өткен Түркия Республикасы мемлекет жасау тұрғысынан білімге үлкен мән берді. Білім саласында ұлттық мемлекет болудың талабы ретінде тарихты оқыту маңызды деп санады. Барлық деңгейдегі мектептерде тарих сабақтарының оқу бағдарламасы дайындалып, түрік тарихы конгрестері мен білім кеңестері, тарихты оқыту принциптерін анықтауда маңызды рөл атқарды. Барлық діни сауат ашатын медреселер жабылып, мектептерде дінге жол берілмеді. Дін курстары жойылып, шетелдік және аз ұлттардың мектептері тексерілді. Сондай-ақ, қыздар мен ұлдар бірге оқуы, араб әліпбиін алып тастау сияқты көптеген мәселелер қозғалды. Бұл кезеңде ашылған имам-хатип мектептері мен факультеттері дамымай, қысқа мерзімде жабылып қалды. Конституцияға енгізілген Ататүрік қағидалары түрік қоғамының болашағын анықтайтын факторлар ретінде өз орнын алып, білім беру осы мақсатқа сай қалыптасты. Ататүрік орта мектеп қабырғасында оқытылып жатқан тарих оқулықтарын кезекті өңдеуден өткізіп, Еуропа тарихынан жеке зерттеуді талап еткен еді. Осы негізде Түркияда Жалпы III съезд 1925 жылы 27 желтоқсанда Анкарада шақырылды. 1926 жылы 22 наурызда ғылыми комитетте оқыту мен тәрбиелеумен айналысатын «Оқыту және тәртіп мектебі» бөлімін құру туралы шешім қабылданды. 1926 жылы шығарылған ұйым мен жаңадан құрылған түрік мемлекетінің білім беруі пішінделді. Мемлекет тарапынан «Оқыту және тәртіп мектебі» бөліміне бастауыш және орта мектептерде оқу кітаптарға шолу жасау тапсырылды. Ұйымның негізгі міндетінің бірі – бастауыш және орта мектептердегі оқуға жазылған кітаптарды тексеру, оқу бағдарламасына және білім беру шарттарына сәйкес келетін шешім қабылдау болды [15].

Мұстафа Кемал 1923 жылы Ыстамбұл университетінің профессорлар кеңесіне «Ұлттық тәуелсіздікті ғылым саласында жаңғырту» міндетін жүктеді [16]. Түрік ұлтының өткенін қайта жазу арқылы оның болмысын нығайту және тарихи сананы арттыру мақсатында Мұстафа Кемал Ататүріктің бастауымен Түрік Тарих Тезі (Türk Tarih Tezi) ұйымы құрылды. Аталған ұйым 1930 жылдары Османлы және еуропалық тарихи түсіндірулерге қарсы ұлттық интерпретация жасауға үшін жұмыс атқарды. Түрік Тарих Тезі (Türk Tarih Tezi) түріктердің тамырын, мәдениетін, дәстүрі мен тарихын тереңірек зерттеуді және олардың тарих бойына қосқан маңызды үлестеріне тоқталып, дүниежүзілік тарихтағы орнын ашуды мақсат етеді.

Ататүрік тарихқа үлкен мән беруі, Түрік тарихы кеңесінің құрылуына мұрындық болды. 1930 жылы Афет Инан, Тевфик Быйыккыюғлу, Самих Рыфат, Юсуф Акчура, Решит Галип, Васыф Чинар және Юсуф Зия Өзер «батыс авторлары жазбаған» түрік тарихын зерттеуге кірісті. 1930 жылы олар «Түркия тарихының негізгі бағыттары» деп аталатын еңбек дайындады. Бұл зерттеу тек алдын ала жинақ болды. Бар болғаны 100 данасы басылып, елдегі ғалымдарға зерттеу үшін таратылды. Алғашқы жинақ кітабын ғалымдар зерттеп, талқылап, бағалар мен түзетулер енгізді. 1931 жылы 87 беттен тұратын екінші кітап «Түрік тарихының негізгі жолдары» дайындалды. Бұл 4 томдық еңбек 30 000 данамен басылып, оқулық 1931-1941 жылдар аралығында орта мектептің тарих сыныптарында оқытылды [17].

Түрік тарих зерттеу қоғамы және Ұлттық білім министрлігімен 1932 жылы 2-11 шілдеде өткен Бірінші Түрік тарихы конгресіне, 4 томдық кітап туралы пікірлерін білу үшін, тарих профессорлары, жоғарғы және орта мектептің тарих пәнінің мұғалімдері шақырылды. Конгрестің соңында талқылауда мұғалімдер 4 томдық кітаптарды құптағанымен, орта мектеп үшін педагогикалық тұрғыдан ауыр екенін айтылды. Сол

себепті Түрік тарихы тезі (Türk tarihi tezi) ұйымы дайындаған 4 томдық «Түркия тарихының негізгі бағыттары» атты еңбек 1931 жылдан бастап орта мектеп деңгейінде оқулықтың сәл жеңілдетілген нұсқасы оқытылды [18].

Түркия тарихын зерттеу мақсатында құрылған “Түрік Тарих Тезі” сынды ұйым Қазақстанда 1919 жылдың желтоқсан айында Орынбор қаласында «Соғыс коммунизмі» саясатының үлгісімен, «Тарихи – статистикалық бөлімше» болып құрылды. Айтылған бөлімше 1920 жылдың 23 қыркүйегінде Қырғыз (қазақ) өлкесін зерттеу қоғамы болып өзгертілді. Зерттеу қоғамы 41 зерттеушіден құралды. Оның ішінде А.Б. Байтұрсынұлы, А.К. Кенжин, С.М. Меңдешұлынан басқа қазақ халқының өкілдері болмады. Арнайы құрылған зерттеу қоғамының мақсаты - тарихқа қатысты материалдарды саралап, жүйелеп, қорытындылау ісінің бәрін қырғыз өлкелік әскери комиссариатына тапсыру [19].

Қазақстанда 1920 жылы орта мектеп оқушыларына арналған "Тарихтың үлгі бағдарламалары" деген атпен тұңғыш бағдарлама жарыққа шықты. Алайда, бұл бағдарламаның ғұмыры ұзаққа созылмай, оқу процесінен алынды. Тарих пәнін оқу жоспарынан алып тастаудың себебі анық. Бір ұлтты тарих сахнасынан жоғалту үшін оның тарихын жою жеткілікті еді. Кеңес өкіметінің көздеген мақсаты да осы бола-тын, қазақтарға өз тарихын оқытпау, тарихты жазуға кедергі келтіру. Бірақ, осындай тежеуілдерге кара-мастан ХХ ғасырдың 20-жылдары мектептің оқу жоспарына тарих пәнінің орынына "Қоғамтану" пәні енгізілді [20].

1922-1923 оқу жылдарында «Академиялық орталық ұлттық мектептер» жеке меншігіндегі оқулықтармен қажетті нысандарды қамтамасыз етуде табысты болып, қазақ тілінде 14 оқулық жарық көрді. Бұл кітаптар физика, грамматика, алгебра, психикалық денсаулық пәндеріне арналған оқулықтар болса да, қазақ тарихына қатысты оқулық болмаған еді. Осы себепті, 1922-1923 жылдардағы шыққан оқулықтарынан қалыс қалған қазақ тарихы пәні тағы да күн тәртібіндегі өзекті мәселелерге айналды.

ХХ ғасырдың 30 жылдары тарих оқу бағдарламасы үшін тиімді жыл болды. Жаңа тарих пәні оқулықтары баспаға шыға бастады. Өзінің «Қазақ-қырғыз білім кәмисиесі жайынан қысқаша баяндамасында» Х.Досмұхамедұлы «Қазақ-қырғыз білім кәмисиесі 1921 жылдың басында Түркістан халық ағарту кәмисиариатының жанында ашылған. Кәмисиенің мақсаты қазақ-қырғыз мектептері үшін оқу кітаптарын даярлау, қазақ-қырғыздың әдебиетін жинау, білім әдебиетін көркейту, сол секілді маданият жұмысын ұлғайту болды» деп сол уақыттарда жалпы білім беретін мектептер үшін кітаптар шығарыла бастағанын көрсетеді [21].

1935-жылы мамыр айында Москвада өткен Бүкілодақтық тарихшылар кеңесінде одақтас мемлекеттердің тарихын КСРО тарихына байланыстырып оқыту мәселесі бастау алған еді. Осы тарихшылар кеңесі КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі мен БКП (б) Орталық Комитетінің 1934-жыл 16 - мамырда «КСРО мектептерінде азаматтық тарихты оқыту туралы» қаулы қабылдануына оң әсерін тигізді. Осы қабылданған қаулыға сүйене отырып, дербес отан тарихы курстары енгізіле бастады [22].

Ең алғаш "Қазақстан" баспасында профессор С.Асфендияровтың жалпы білім беретін қазақ орта мектептерінің 6-7 сыныптарына құрастырған Қазақ тарихын оқыту бағдарламасы 1934 жылы Қазақ АКСР Халық Комиссариатының алқа мәжілісінде талқыланып, бекітілді. Бағдарлама бойынша материал-дарды өтуге 24 сағат бөлініп, оны С.Асфендияровтың оқу құралымен оқытылу жоспарға қойылған болатын. Оқулық 1935 жылы Қазақ мемлекеттік баспасынан 27 мың таралыммен жарық көріп, келесі 1936 жылы оған он мың дана тапсырыс берілген [23].

Талқылау. №1 кесте. Мектеп оқушыларына арналған С.Асфендияровтың «Қазақстан тарихы очерктері» мен К.Ататүріктің нұсқауымен басылған «Түркия тарихының негізгі бағыттары» оқулықтарына салыстыру

Аты	Қазақстан тарихының очерктері	TARİH I Tarihtenevelki zamanlar ve eski zamanlar
Баспасы	«Қазақстан» – түп нұсқа Алматы. «Санат» - көшірме	Devlet Matbaası (Мемлекеттік баспахана)
Уақыты	1934 – түп нұсқа 1994 - көшірме	Istanbul 1931
Тілі	Қазақ тілінде	Түрік тілінде

кесте, сурет	10 кесте	7 түрлі түсті кесте, 22 Карта 136 сурет
авторы	Санжар Аспендияров	Мұстафа Кемал Ататүрік, М. Теффик С.Рифат, Ю.Ақчыраоулу Р.Галип, Х.Жемил, Афет, Баки И.Хаккы, Р.Саффер, С.Максуди, Шемседдин Шемси, Юсуф Зия
мазмұны	<p>I тарау: Қазақстан тарихының ескі дәуірі. Орталық және Орта Азияның тарихы; 1.Орталық және Орта Азияның физикалық, географиялық жағдайлары. Қазақстан Орталық және Орта Азияның шөл, шөлейтінде, көгал жүйесінде. Өте ескі заманда Қазақстанды кім жайлаған; 2. Түрік-моңғол қауымдарының қозғалысы. Гугын, сәнби, түріктер, ойғырлар, кырғыздар және басқалар араб-парсылардың Орта Азияны өзіне қаратуы, моңғол қозғалысы және оның нәтижесі. Әмір Темір заманы;</p> <p>II тарау: 1. Қазақ хандығының шығу тарихы; 2. Патша өкіметінің Қазақстанды жаулап бағындыруы және қазақ бұқарасының патша өкіметіне қарсы ұлт бостандығы үшін істеген қозғалыстары;</p> <p>III тарау: 1.Қазақстан патша өкіметінің отары 2.Қазақ арасында патша өкіметіне бағынуда бұрынғы жер жөніндегі қатынастар, патша өкіметінің жер саясаты; 3.1905 жылғы революция және оның Қазақстандағы ұлт революциялық қозғалысына еткен әсері; 4.1914 жыл. Қазақстанның халық еңбекшілерінің патша өкіметіне қарсы көтерілісі: 1907-1910 жылдар реакциясы.</p>	<p>I бөлім – Адамзат тарихына кіріспе А. Ғалам – Табиғат В. Тарих С. Идеяның тууы II бөлім – Ұлы түрік тарихы мен өркениетіне көзқарас Түріктердің отаны, жалпы көші-қон және өркениеттер, Қытай, Үнді-Батыс көші-қон жолдары, Кіші Азия, Мысыр, атамекенінен айырылған түріктер, көші-қонға дейінгі және кейінгі негізгі түркі жерлері, қорғандар, түріктердің арасындағы тау-кен ісі, көне түрік қалалары, Орталық Азиядағы өркениет орталықтары, дін туралы ой III бөлім – ҚЫТАЙ А. Туған жер В. Популяция және шығу тегі С. Қытайдың саяси тарихы D. Қытай өркениеті IV БӨЛІМ – Отандағы ең көне мемлкеттер А. Азиядағы Ғұн империясы В. Қытайдағы ғұндардың үстемдігі V бөлім – Скифтер Шығу тегі, өнер және өркениет, саясат және әскери қызмет, қоғамдық өмір, діни өмір VI тарау — Үнді А. Туған жері, өзендер аймағы, таулы аймақтар, климаты, табиғи байлық көздері В. Адамдар С. Археологиялық ашылулар. VII тарау – Мысыр Египеттің пайда болуы, Нілдің тасуы, Мысырдағы табиғаттың көмегі, табиғи бұлақтар, Египеттің көлемі В. Мысырдың алғашқы халқы С. Египет тарихы IX тарау – Анадолы X тарау – Финикия XI тарау – Еврейлер XII тарау – Иран XIII тарау – Эгей теңізі XIV тарау – Ежелгі Италия</p>
шрифт	12 шрифт 120 парақ	12 шрифт 513 парақ

№1 кесте бойынша: Кеңес үкіметінің қыспағына қарамастан 1935 жылы баспа бетіне түскен С.Ж. Аспендияровтың «Қазақстан тарихының очерктері» атты оқулығы мен тәуелсіз Түркияда Республикасында 1930 жылы «Түркия тарихының негізгі бағыттары» деп аталатын орта мектепке арналған тарих оқулықтарының мазмұнына байланысты салыстырмалы анализ жасалады. С.Аспендияровтың мектепке арналған «Қазақстан тарихының очерктері» оқулығының түпнұсқасы оқырмандар қолына жетпегендіктен, 1994 жылы Алматы «Санат» баспасынан 12 шрифтпен 120 парақ болып қайта басып шығарылды. Осыған байланысты оқулықтың алғашқы мұқабасында «Бұл кітап Қазақстан тарихына арналған тұңғыш оқу құралы ретінде 1935 жылы жарық көрген еді. Алайда, 1937 жылы С.Аспендияровтың репрессияға ұшырауына байланысты еңбек оқырмандар қолына тимей қалды» деп жазылған [24]. «Оқулықтың түпнұсқасы алғаш 1934 жылы «Қазақстан» баспасында жарияланған. Ұсынылып отырған кітап сол нұсқадан алынғандықтан, кейбір терминдер мен қосымшаларды ғана өзгерттік» деп ескертулер берілген [24]. Яғни, берілген оқулық түпнұсқадан ешқандай айырмашылықсыз көшіріп берілген. Аталған оқулық

қазақ тілінде басылған, 10 кестені қамтиды. Оқулық ғылыми коммунизм теориясының іргетасын қалаушы Ф.Энгельс пен К.Маркстің еңбектеріне сүйене отырып, оқушыларға жеңіл түрде жазылған. III тараудың III бөлімінен бастап, әртүрлі сауда-саттық, мал-жай, жалға берілген жерлер және малмен қамтамасыз етілген орыстардың саны, сонымен қатар, ақысыз-пұлсыз тартып алынған жерлер т.с.с мағлұматтар кестеде анық көрсетілген. Екі елдің XX ғасырдың 30 жылдарындағы мектепке арналған тарих оқулық-тарына салыстырмалық, сандық-сапалық талдау жүргізу барысында, Қазақстанда тарих: дүние жүзі және Қазақстан тарихы болып, Түркияда тарих бөлінбей жалпылама оқытылатынын ескеру қажет. Яғни, С.Асфендияровтың мектепке арналған тарих оқулығы тек «Отан тарихын» қамтыса, К.Ататүріктің нұсқауымен басылған оқулық жалпы тарихты қамтиды.

«Түркия тарихының негізгі бағыттары» оқулығы Стамбулда Devlet Matbaası (Мемлекеттік баспа-хана) 1931 жылы I томы 12 шрифтімен 513 парақ, II томы 12 шрифті 540 парақ, III томы 12 шрифті 323 парақ, IV томы 556 парақ болып басылды. Бұл төрт томдық мектепке арналған тарих оқулығының бірінші және екінші томын қарастыруды жөн көрдік. Себебі, осы екі томда түркілерге байланысты деректер берілген. Оқулықтың үшінші томында Осман империясы туралы жазылса, төртінші том тек Түркия тарихы жөнінде айтылмақ. Оқулықтың авторлары Мұстафа Кемал Ататүрік, М. Теффик С.Рифат, Ю.Акчыраоулу Р.Галип Х.Жемил, Афет, Баки И.Хакки Р.Саффер, С.Максуди, Шемседдин Шемси, Юсуф Зия. Бірінші том оқулықта 7 түрлі түсті кесте, 22 Карта, 136 сурет, екінші томда 8 кесте, 46 карта, 113 сурет бар.

С.Асфендияровтың «Қазақстан тарихының очерктері» оқулығында бірінші тарау: Қазақстан тарихының ескі дәуірі, Орталық және Орта Азияның тарихы деп көрсетілген. Берілген тарауда автор Орта және Орталық Азия жерінің табиғатына тоқталып өтсе, К. Ататүріктің «Түркия тарихының негізгі бағыттары» «TARİH I» (Tarihenevelki zamanlar ve eski zamanlar) бірінші томының алғашқы тарауында да табиғатқа байланысты мағлұмат береді. Екі оқулықтың ұқсастықтары қазақ тарих кітабының бірінші бөлімі мен түрік тарих кітабының екінші және төртінші бөлімдерінде байқалады. С.Асфендияровтың оқулығының бірінші бөлімі Орта Азия, ескі дәуірдегі ғұн мен сақтар, ұйғырлар, қырғыздар, түріктер және олардың көші-қоны, моңғолдар, арабтар мен парсылардың Орта Азияны өзіне қаратуы, түрік-моңғол шапқыншылығын қамтыса, «Түркия тарихының негізгі бағыттары» «TARİH I» (Tarihenevelki zamanlar ve eski zamanlar) атты тарих кітабының I томының екінші және төртінші бөлімдері осыған ұқсас түріктердің ата-қонысы, алдыңғы Азия, ата-қонысынан айырылған түріктер, ұлы көшке дейінгі және кейінгі түріктер, Орта Азиядағы ғұн императорлығы, қытайларға ғұндардың әсері сияқты тақырыптарды қамтиды. Дәл осы оқулықта «Түркілердің отаны - Азия. Азия, Эгей теңізінен Жапон теңізіне дейін; Үнді теңізінен Солтүстік Мұзды теңізге дейін созылатын үлкен құрлық» деген дерек береді [25. 25 б.]. «Қазақстан тарихының очерктері» оқулығында Орта Азия туралы былай айтылады: «Оңтүстік күнбатыстан терістік күншығысқа қарай, күншығыстан күнбатысқа қарай Тан Шан, Алатау, Алтай, Тарбағатай, Саян сияқты дүниежүзіндегі өте биік таулар кесіп өтеді... Азияның бұл далалары Күншығыс Еуропадағы Еділ, Дон, Днепр бойларының далаларына, ал теріс түстікте ұлы Сібір жазығана барып ұштасады. Оңтүстіктер өзендер алаптарына барып түйіледі. Күнбатыс жағынан Куванге, Тиан-це сияқты ұлы өзендер өтеді» деп сипаттаған [24. 8 б.]. Жалпы түрік тарих I томының қазақ тарих кітабымен ұқсастықтары осы тақырып-тар. Ал, II томының ұқсастығы: оқулықтың IV бөлімінде Азиядағы ақ ғұндар, VIII бөлімінде Азиядағы Түрік(Түркі) мемлекеті, IX бөлімде Түркеш мемлекеті, X бөлімде қарлұқ, XI ұйғыр, оғыз, қыпшақ, XVI бөлімінде түрік-моңғол шапқыншылығы туралы толығымен жазылған. С.Асфендияровтың ұсынған оқулығында бұл тақырыптарды жоққа шығармаймыз, алайда, түркі халқының тарихына байланысты ақпараттар өте аз көлемде берілген. Салыстырмалы анализ барысында екі елдің оқулығындағы басты айырмашылықтың бірі: Түркияның тарих оқулығында тарихтың жалпылама оқытылуы (шетелдік тарихпен бірге кірігуі); Екіншіден, С. Асфендияровтың оқулығында түркі мемлекеттеріне байланысты материалдың өте аз берілгендігі, яғни оқулықта түркі халқы туралы III ғасырдағы гуындар (ғұн), II–IV ғасырдағы Саянби мемлекеті туралы айтып, түркілердің көшпелі халық болғандығын, оларды түріктер деп атап, күшейгендігі туралы біраз дерек береді. Алайда, хронология мен есімдер мүлде айтылмайды, ал түрік халқының тарих оқулығында түріктердің мемлекеті 552 жылы құрылғандығы, Ергінекүнде өмір сүргендігі, Бумын қаған, Құтлық, Орхон жазбалары туралы, түріктердің мәдениеті, сонымен қатар, аңшылық, сауда-саттық жайында толық ақпарат берілген. «Түрік дәуірінде түрік тілі дамыған әдеби тілге айналды. Түрік дәуіріне жататын кейбір ескерткіштердегі түрік жазбалары бізге осы шындықты көрсетеді. Бұл ескерткіштердің ең маңыздысы Моңғолия жерінен табылған. Тарихи-әдеби тұрғыдан ең маңыздылары Солтүстік Моңғолиядағы Орхон жазбалары мен Тоныкөк жазбалары. Шығысқа жататын бұл жазуларды Еуропа ғалымдары оқып, зерттеген» деп ескерткіштер туралы да жазады [25]. Оқулықта түргештер, қарлұқтар, печенектер, оғыздар және алғашқы мұсылман мемлекеті мен түрік-моңғол қозғалысы жайында толық ақпарат карта мен схемамен көрсетілген; Үшіншіден, түріктердің ислам тарихын оқытуға аса қатты мән беруі, дәлірек айтқанда түрік тарих оқулығында XIV бөлімінде 79-184 бет аралығында ислам діні қай уақытта, қайда пайда болғандығы және таралуы жайында дерек көрсетілсе, қазақ тарихы кітабында ислам

діні туралы «Арабтармен бірге Орта Азияға ислам діні тарай бастады. Көшпелі қауымдардың көбі ислам дініне кірді, дін феодалдары, қожалары шыға бастады. Қожалар өзін Мұхаммед пайғамбардың жұрағатымыз деп, ел ішінде беделін күшейте бастады. Далада қасиетті, киелі орындар пайда болды: мазарлар, мешіттер, күмбезді бейіттер т.б. Қожа мен ишандар, тағы басқа осы сияқтылар көпшілікті қанап, дінді нығайтты. Қазақ тілінде араб сөздерінің өте көп ұшырауы ислам діні әсерінің күшті болғанын көрсетеді» деп 10-12 жол мағлұмат береді. Төртіншіден, колонизацияға ұшыраған қазақ тарихы оқулығының екінші бөлімінен бастап, тек Кеңес үкіметінің құрамындағы ақпараттың шамадан тыс көптігі; Бесіншіден: оқулықтың түр-сипаты жағынан, түрік тарих кітабында оқушыларға түсінікті болу үшін сурет, карта, кестені көп қолдануы; Жалпы, К. Ататүріктің нұсқауымен жазылған «Түркия тарихының негізгі бағыттары» тарих кітабы мазмұны жағынан толық, алайда, дүние жүзі тарих деректерімен бірге берілгендіктен орта мектеп оқушылары үшін өте ауыр оқулық. II том оқулығында түркі халықтары туралы өте көп деректер жинақталған және әрқайсысы жеке, анық, сызба-лар мен нұсқаулар арқылы көрсетілген. С. Асфендияровтың «Қазақстан тарихының очерктері» оқулығында түркі халқының тарихы туралы ақпарат аз көлемде берілсе де, Кеңес үкіметі дәуіріндегі помещиктерге қарсы шыққан қара шаруалар бастаған Пугачевтің көтерілісі, Нұралы ханның патша үкіметін жақтағандығы туралы анық жазған. Тек бұл емес, Сырым Датұлының, Исатай – Махаббеттің, Кенесарының азаттық үшін, жері мен халықы үшін қан төгіп, патша үкіметінің саясатына ашық түрде қарсы шыққандығы жайында толық ашып, феодалдар бастаған бұқараның неге жеңіліске ұшырағанын саралап өткен. Көтерілістен басқа, халыққа салынған ауыр салық жайында жеке-жеке кестемен «Әр жылда ханның пайдасына елден 4000 жылқы, 24000 қой алынып отыратын болған» деп көрсеткен [24. 64 б.]. «Патшаның әкімшілік қызметкерлері былай деп жазатын: жабайы көшпелі қазақтарды ағарта отырып, олардың тағылық мінезі мен әдеп-ғұрыптарын христиан мәдениетімен араластыру керек» деген жолдардан патша үкіметі қазақтардың дінін де ауыстырмақ болғанын байқауға болады [24. 65 б.]. «Ильминский XIX ғасырдың орта шегінде Орынбор даласында бірнеше жылдар бойы тұрды. Қазақ арасында орыс әліппесіне көшу жөніндегі бірнеше әдісі іске аспады. Ильминскийдің бірінші әдісі Еділ бойындағы халықтарға іске асып еді, себебі халықтардың өз жазуы жоқ еді» деп қазақ халқының тек дін жағынан емес, тіл жағынан да қыспаққа түскендігін көреміз [24. 66 б.]. Яғни, мектепке берілген оқулықта қазақтың тарихы, оның бастан кешкен оқиғалары, патша үкіметінің үстемдігі ашық түрде жазылған. Осы себепті де, тың ақпаратқа толы тарих оқулығы қазақ оқушыларының қолына тимеді. Бұл оқулықты қазақ халқы XX ғасырдың 20-30 жылдарында оқи алмаса да, тәуелсіздік алғаннан кейін тарихты оқып, білетін маңызды кітаптардың біріне айналды.

Қорытынды. XX ғасырдың соңғы он жылдығына аяқ басқан тұста Кеңес империясының ыдырауымен биполярлық әлемдік тәртіп күйреді. 70 жылға жуық кеңестік Ресей қарамағында болған түркі республикаларының тәуелсіздік алуы Түркі әлемі үшін үлкен бетбұрыс болды. Алайда, зайырлы мемлекет болмастан бұрын, түркі елдері бұл өзгерістен ең көп зардап шеккендердің бірі еді. Түбі бір түркі халықтары болса да, кеңестік үстемдіктен кейін қолданатын әріп те, тіл де әртүрлі факторға бөлінгені анық. Осыған қарамастан, тіл мен тарихы жағынан ортақ құндылықтары бар Қазақстан мен Түркия барлық салада ынтымақтастықты, бауырмашылықты әлі күнге дейін жалғастырып келеді. Қазақстан Кеңес Үкіметінің құрамында болғандықтан, тарих және тарихты жазу процесі Түркия мемлекетіне қарағанда баяу жүрді. Қазақстан мектептерде ең алғаш тарих пәнін XX ғасырдың 30 жылдарында оқыса, Түркия Республикасында орта мектептерде тарих пәні жаңа бағытта оқытыла бастады. Мұстафа Кемел Ататүрік болашақ ұрпақ түркі тарихын толық білсін деген мақсатпен жоғарыда айтылған Түрік Тарих Тезін құрып, XX ғасырдың 20-30 жылдарында тарихты тереңінен оқытты. Осындай уақытылы атқарылған еңбектің арқасында бүгінгі күні тарихты жазуда және оқытуда үлкен жетістікке жетіп отыр. Қазақстанның тарихқа кеш келуінің бірден бір себебі, Кеңес Үкіметінің үстемдігі. Кеңес Үкіметі дәуірінде қоғамдық ортада ұлттық тарихи білімнің қыспаққа алынғанына қарамастан, Алаш қайраткерлері қазақ жерінде мектеп ашу арқылы тарихты оқытып, қазақты ұлт ретінде қалыптастыруда елеулі іс атқарды. Яғни, қазақ қоғамында кеңес үкіметінің әсерінен тарих кешіктіріліп оқытылса да, оқу-ағарту ісі арқылы тарихымызды сақтап, бүгінде тәуелсіз қазақ ұлты ретінде тарихи білім берілуде.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Геллнер Э. «Нации и национализм». – М.: «Прогресс», 1999 г.
2. Андерсон Б. *Воображаемые сообщества. Размышления об истоках и распространении национализма*// Бенедикт Андерсон; пер. с англ. В. Николаева. – М.: «КАНОН-пресс-Ц», «Кучково поле», 2001. — 288с.
3. http://kk.encyclopedia.kz/index.php?title=Қазақстан_мектептерінің_тарихы&oldid=17988
4. Кэмпбелл Я. *Знание и окраины империи: казахские посредники и российское управление в степи, 1731-1917.* – М.: Academic Studies Press, 2022.
5. Жүгенбаева Г. *Дәстүрлі ауызша тарих.* – А.: ҚазККА, 2009. – 225 б.

6. Kafesoğlu, Ziya Gökalp'te. – İstanbul, a.g.m. s. 246.
7. Akgü Y. I Türkmen Boylarının Geçmişi, Yayılışı, Bugünkü Durumu ve Geleceği. – Ankara, 1999. s. 10.
8. Алыпсбаев М. Қазақ шежіресі тарихнамалық-деректанулық зерттеу. – Астана: «BG-Print» ЖК, 2013. – 175 б.
9. Esenova S. Soviet Nationality, Identity, and Ethnicity in Central Asia: Historic Narratives and Kazakh Eathnic Idendity. – *Journal of Muslim Minority Affairs*, 2002. 22(1), 11-38. doi: 10.1080/13602000220124818
10. Жүсіп С.А. Әлихан.Бөкейхан шығармалары VIII том. – 2018. 400 б.
11. Дулатова Г., Иманбаева С., Галиев В. Міржақып Дулатұлы: алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Мектеп», 2013. – 59 б.
12. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы: «Ана тілі», 1991.- 8б.
13. Жүсіп С.А. Әлихан.Бөкейхан шығармалары XI том. – 2018. 311 б.
14. Құрманалина Ш., Мұқанова Б., Ғалымова Ә., Ильясова Р., Ильясова Р. Педагогика. – Астана: «Foliant», 2010. – 56 б.
15. Şakiroğlu. Atatürk ve Tarih. – İstanbul, s.243.
16. Atsız, Nihal H. Türk Tarihinde Meseleler. – Ankara, 1966.
17. Göker M. Türk Tarih Kurumunun. – İstanbul, s.13.
18. İğdemir. Yılların İçinden. – İstanbul, a.g e. s.195.
19. Жастарды оғаш сезімдерге қарсы тәрбиелеу // *Материалы международной научной конференции «Модернизация национальной экономики Казахстана: методология, теория, практика».* – Алматы, 2003. – 189-193 б.
20. Хазретәлі Т. Мектепте тарихты оқыту әдістемесі. – Алматы: «Дарын», 2004. – 160 б.
21. Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы. – Алматы: «Ана тілі», 1998. – 84 б
22. Берлібаев Б.Т. Қазақстанда тарихи білімнің қалыптасуы мен дамуы: тарихи-теориялық зерттеу (1920-2001 жж.).
23. Исабек М.Қ. Санжар Асфендияровтың Қазақстан тарихын оқыту үрдісіне қосқан үлесі // *ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы, №9. 2009. 253-258 б.*
24. Аспендияров С. Қазақстан тарихының очерктері. – Алматы «Санат», 1994
25. Tefik M. Tarih I. – İstanbul: «Devlet Matbaası», 1931, – 52 s.

References:

1. Gellner E. "Nation and nationalism". M; "Progress". 1999
2. Anderson B. Imagined communities. Reflections on the origins and spread of nationalism // Benedict Anderson; lane from English V. Nikolaeva. – M.: “KANON-press-C”, “Kuchkovo Pole”, 2001. – 288 p.
3. http://kk.encyclopedia.kz/index.php?title=History_of_schools_of_Kazakhstan&oldid=17988
4. Campbell Y. Knowledge and the margins of empire: Kazakh intermediaries and Russian governance in the steppe, 1731-1917. M.: Academic Studies Press, 2022.
5. Zhugenbaeva G. Traditional oral history. A.: KazKKA, 2009. – 225 p.
6. Kafesoğlu Ziya Gökalp. – Istanbul, – 246 p.
7. Akgü Y. I Türkmen Boylarının Geçmişi, Yayılışı, Bugünkü Durumu ve Geleceği. – Ankara, 1999. – 10 p.
8. Alpysbaev M. Kazakh genealogy is a historiographical and data science study. – Astana: "BG-Print" JK, 2013. – 175 p.
9. Esenova S. Soviet Nationality, Identity, and Ethnicity in Central Asia: Historic Narratives and Kazakh Eathnic Idendity. – *Journal of Muslim Minority Affairs*, 2002. 22(1), 11-38 p. doi: 10.1080/13602000220124818
10. Zhusip S.A. Alikhan. Works of Bokeikhan Volume VIII. 2018. – 400 p.
11. Dulatova G., Imanbayeva S., Galiev V. Mirzhakip Dulatuly: collection of works in six volumes. - Almaty: "Mektep", 2013. – 59 p.
12. Konyratbaev A. History of Kazakh folklore. – Almaty: "Ana tyly", 1991. – 8 p.
13. Zhusip S.A. Alikhan.Bokeikhan shygarmalary XI volume. – 2018. – 311 p.
14. Kurmanalina Sh., Mukanova B., Galymova A., Ilyasova R., Ilyasova R. Pedagogy. - Astana: "Foliant", 2010. – 56 p.
15. Sakiroglu. Ataturk and History. – Istanbul, – 243 p.
16. Atsız, Nihal H. Issues in Turkish History. – Ankara, 1966.
17. Göker M. Turkish Historical Society. – Istanbul, – 13 p.
18. İğdemir. Through the Years. – Istanbul, ibid. – 195 p.

19. *Educating young people against strange feelings // Materials of the international scientific conference "Modernization of the national economy of Kazakhstan: methodology, theory, practice". – Almaty, 2003. – 189-193 pp.*
20. *Hazrat T. Methodology of teaching history at school. – Almaty: "Daryn", 2004. – 160 p.*
21. *Dosmukhameduly Kh. Optional. - Almaty: "Ana tyly", 1998. – 84 p.*
22. *Berlibayev B.T. Formation and development of historical knowledge in Kazakhstan: historical and theoretical research (1920-2001).*
23. *Isabek M.K. Sanzhar Asfendiyarov's contribution to the process of teaching the history of Kazakhstan // KazNU Khabarchysi. History Series, #9. 2009. 253-258 pp.*
24. *Aspendiyarov S. Essays on the history of Kazakhstan. – Almaty "Sanat", 1994*
25. *Tefik M. History I. – Istanbul: «Devlet Matbaasi», 1931, – 52 p.*

**АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ
АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ
ARCHAEOLOGY AND ETHNOLOGY**

FTAXP / МРНТИ / IRSTI: 03.41.91

ӘӨЖ 06.35.51

<https://doi.org/10.51889/2959-6017.2024.80.1.027>

*Н.И. Маханов *¹, А.С. Адилбаева², Р.Ж. Мухамеджанова³*

¹ PhD докторант, Alikhan Bokeikhan University, Семей, Қазақстан Республикасы
E-mail: talent.kz@mail.ru

² т.ғ.д., профессор, Alikhan Bokeikhan University, Семей, Қазақстан Республикасы
E-mail: semey@abu.edu.kz

³ т.ғ.к., доцент, Alikhan Bokeikhan University, Семей, Қазақстан Республикасы
E-mail: semey@abu.edu.kz

**ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ МУЗЕЙЛЕРДІҢ ТАРИХИ САНАНЫ
ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ**

Аңдатпа

Мақаланың мақсаты – Түркістан облысында тарихи музейлердің басым бөлігі шоғырланған. Музейлердің тарихи сананы қалыптастыру мен дамытудағы рөліне қатысты зерттеулер соңғы уақыттары ғылымда кеңінен қарастырыла бастады. Музей қызметі мен қоғамның түрлі қабаттарының арасындағы тығыз диалогтың тарихи түсінікті жылжитатындығы сөзсіз. Әсіресе, музейлердің бай қорымен мектеп оқушыларының жетік таныс болуы маңызды саналады. Осы мақсатта бұл зерттеу жұмысында Түркістан облысындағы музейлердің тарихи сананы айқындаудағы рөліне жан-жақты талдау жасалынды.

Зерттеу жұмысының міндеттерінің бірі музейлердегі тарихи мұраны тиімді пайдалану мен ұлттық сананы жаңғыртудағы бағыттарына назар аударумен анықталады. Музейлердің жұмысына қазіргі ғылымда ұлттық тарих пен мәдениетті үйлестіретін қоғамдық институт ретінде баға беріліп келеді. Осыған сәйкес, Түркістан облысындағы музейлердің қоғамдық белсенділігі мен нақты тарихи-мәдени жұмыстардағы нәтижелеріне талдау жасау міндеті алға қойылады.

Зерттеу жұмысының өзектілігі қазіргі инновациялық технологиялардың адам өмірінде жетекші мәнге айналып бара жатқандығымен өлшенеді. Өскелең ұрпақ заттарды визуалды түрде қабылдауға дағдыланды. Олардың осы қабілет ерекшелігін музей саласында қолдана отырып, тарихи-рухани сананы дамыту маңызды болып табылады. Бұл үшін, музейлердің қазіргі қоғамдық сұранысқа жауап беру компоненттерін зерттеу қажеттілігі туындайды.

Зерттеудің нәтижесінде Түркістан облысындағы музейлердің қоғамдық үрдістерге ықпал ету және байланысу тетіктеріне тұжырым жасалынды.

Кілт сөздер: Түркістан облысы, музей, тарихи сана, өскелең ұрпақ, инновациялық технологиялар, тарихи мұра.

Маханов Н.И. ^{1}, Адилбаева А.С. ², Ахметова Д.М. ³*

¹ PhD докторант, Alikhan Bokeikhan University, Семей, Республика Казахстан
E-mail: talent.kz@mail.ru

² д.и.н., профессор, Alikhan Bokeikhan University, Семей, Республика Казахстан
E-mail: semey@abu.edu.kz

³ PhD докторант, Alikhan Bokeikhan University, Семей, Республика Казахстан
E-mail: semey@abu.edu.kz

**РОЛЬ МУЗЕЕВ ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ В ФОРМИРОВАНИИ
ИСТОРИЧЕСКОГО СОЗНАНИЯ**

Аннотация

Цель статьи – в Туркестанской области сосредоточена большая часть исторических музеев. Исследования, касающиеся роли музеев в формировании и развитии исторического сознания, в последнее время стали широко рассматриваться в науке. Несомненно, тесный диалог между музейной деятельностью

и различными слоями общества двигает историческое понимание. Особенно важно, чтобы учащиеся школы были хорошо знакомы с богатым фондом музеев. С этой целью в данной исследователской работе проведен всесторонний анализ роли музеев Туркестанской области в определении исторического сознания.

Одна из задач исследовательской работы определяется вниманием к направлениям в музеях по эффективному использованию исторического наследия и модернизации национального сознания. Работа музеев в современной науке оценивается как общественный институт, сочетающий в себе национальную историю и культуру. В соответствии с этим ставится задача анализа общественной активности музеев Туркестанской области и результатов реальной историко-культурной работы.

Актуальность исследовательской работы измеряется тем, что современные инновационные технологии занимает ведущую позицию в жизни человека. Подрастающее поколение привыкло воспринимать вещи визуально. Важным является развитие историко-духовного сознания с использованием этой особенности их способностей в музейной сфере. Для этого возникает необходимость в изучении компонентов, отвечающих современному общественному спросу музеев.

В результате исследования был сделан вывод о механизмах воздействия и связи музеев Туркестанской области с общественными процессами.

Ключевые слова: Туркестанская область, музей, историческое сознание, подрастающее поколение, инновационные технологии, историческое наследие.

*N.I. Makhanov *¹, A.S. Adilbaeva², D.M. Akhmetova³*

¹ PhD doctoral student, Alikhan Bokeikhan University, Semey, Republic of Kazakhstan

E-mail: talent.kz@mail.ru

² Doctor of Historical Sciences, Professor, Alikhan Bokeikhan University, Semey, Republic of Kazakhstan

E-mail: semey@abu.edu.kz

³ PhD doctoral student, Alikhan Bokeikhan University, Semey, Republic of Kazakhstan

E-mail: semey@abu.edu.kz

THE ROLE OF MUSEUMS OF THE TURKESTAN REGION IN THE FORMATION OF HISTORICAL CONSCIOUSNESS

Abstract

The purpose of the article is that most of the historical museums are concentrated in the Turkestan region. Research on the role of museums in the formation and development of historical consciousness has recently become widely considered in science. Undoubtedly, the close dialogue between museum activities and various sectors of society drives historical understanding. It is especially important that the students of the school are well acquainted with the rich fund of museums. To this end, this research paper provides a comprehensive analysis of the role of museums in the Turkestan region in determining historical consciousness.

One of the tasks of the research work is determined by the attention to the directions in museums for the effective use of historical heritage and the modernization of national consciousness. The work of museums in modern science is assessed as a public institution combining national history and culture. In accordance with this, the task is to analyze the public activity of museums in the Turkestan region and the results of real historical and cultural work.

The relevance of the research work is measured by the fact that modern innovative technologies are becoming a leading value in human life. The younger generation is used to perceiving things visually. It is important to develop historical and spiritual consciousness using this feature of their abilities in the museum field. To do this, it becomes necessary to study the components that meet the modern public demand of museums.

As a result of the study, a conclusion was made about the mechanisms of influence and connection of museums of the Turkestan region with social processes.

Keywords: Turkestan region, museum, historical consciousness, the younger generation, innovative technologies, historical heritage.

Кіріспе. Түркістан облысында еліміздегі музейлердің басым бөлігі орналасқан. Олардың ішінде әлемдік ЮНЕСКО қорынан енетін нысандары да бар болып табылады. Музейлердің негізгі дені ежелгі және ортағасырлық қалалардың орнында немесе маңында ашылған. Мұражайдың басты қорғау нысаны ол тарихымыздағы үлкен тарихи тұлға және көсем болған Қожа Ахмет Яссауидің құрметіне салынған кесене болып табылады. Кесене түрлі тарихи кезеңдерде мемлекеттік саяси-рухани маңызды орталыққа айналды.

Кеңестік дәуірде кесенінің тарихи-рухани маңызына көңіл аз аударылды. Тек 1978 жылдан бастап кесенінің мемлекет тарапынан қорғауға алыну мәселесі оң шешім тапты. 1989 жылы мұражайдың дәрежесі қайта бекітілді. Кеңес үкіметінің басшылығы жергілікті халықтың талап-тілектерін ескеруге мәжбүр болды. 1990 жылдары мұражай аумағында қазба археологиялық жұмыстары жандандырылды. Археологиялық жұмыстар кесене орналасқан Түркістан қаласының тарихының тым тереңде жатқандығын анықтады.

Ғылыми жұмыстардың атқарылу шаралары «Әзірет-Сұлтан» қорық-мұражайының тікелеу үйлестіруі-мен жүзеге асуда. Мұражайдың ғылыми-ұйымдастырушылық әлеуеті жыл сайын ұлғаю үстінде. Жыл сайын мұражайдың жәдігерлерімен танысуға келушілердің саны арту үстінде. Сондай-ақ, мұражай бүкіләлемдік ЮНЕСКО ұйымының тізіміне еніп, оның ерекше қорғау мәртебесіне ие болып отыр. Мұражай басшылығы тарих, дінтану, мәдениеттану салалары бойынша елімізге танымал ғалымдармен бірге маңызды ғылыми жобаларды іске асыруды табысты іске асыруда.

Қазіргі таңда Түркістан қаласының облыс орталығы мен түркі халықтарының рухани астанасы мәртебесіне айналу үдерісіне орай «Әзірет Сұлтан» мұражайының қоғамдық рөлі арта түсті. Мұражайға келушілердің саны артты. Сонымен қатар, мұражайдың ғылыми зерттеу әлеуеті белсенді қалыпқа енді. Мұражайдың ғылыми зерттеу бөліміне Түркістан тарихын терең таныған ғалымдар топтасты. Аталған ғалымдар ерте қолжазбаларды зерттеу және мұрағат құжаттарын айналымға енгізу бойынша тың қадамдар жасады. Түркістан қаласының тарихының ашылмаған беттеріне ғылыми талдаулар мен пайымдар жасалды.

Материалдар. Мақалада «Әзірет-Сұлтан» мұражайының кітапханасында сақтаулы деректік және статистикалық материалдар пайдаланылды. Сонымен қатар, мұражай қызметі туралы жарияланған газет-журнал беттеріндегі мақалалар да деректік базаны ұлғайтты. Мұражайдың электрондық сайтында жарық көрген мәліметтер мақалаға қазіргі таңдағы тарихи нысанның қызметінен нақты ақпараттар ұсына білді.

Әдіснама. Мақалада тарих және гуманитарлық пәндердің әдістері кең қолданылды. Мұражайды тамашалауға келушілердің саны мен арасалмағын анықтауда статистикалық әдіске сүйендік. Әзірет Сұлтан кесенесінің түрлі тарихи кезеңдердегі қорғалыну мәселелерін айқындау үшін тарихи-салыстырма-лы әдісі іске қосылды. Мұражайдың мемлекеттік және басқа да ұйымдармен жұмыс жасауының жалпы ағымын бағалау мен нәтижесін саралауда құрылымдық әдісті пайдаландық. Мұражайдың қоғамдық-рухани және саяси-идеологиялық қызметтерінің ерекшеліктерін анықтауда жіктеу тәсіле көзге алынды.

Нәтижелер және талқылау. Түркістан қаласында орналасқан Әзірет Сұлтан кесенесі бүкіл түркі жұртының, мұсылман қауымының қадір тұтатын киелі орны. Кесене негізінде ашылған мұражай мекемесі тарихи жәдігерлер мен ескерткіштерді қорғау, сақтау және зерттеу міндеттерін үйлестіреді. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің құрылысы XIV ғасырдың ақырында салынған. Кесененің тұрғызылғаннан бергі тағдыры қазақ халқының тарихымен тұтасып кеткен. Кесене төңірегіне Есім хан, Жәңгір хан, Тәуке хан, Абылай хан, Қасым хан, Қаз дауысты Қазыбек би, Жолбарыс хан, Жәнібек батыр, т.б. белгілі адамдар жерленген [1].

Әзірет Сұлтан кесенесінің еліміздің тарихы мен рухани өмірінде маңызды орын алатыны мәлім. Аталмыш кесене ішінде көптеген хан сұлтандар мен игі жақсылар жерленген. Ірі әулие әмбилелер жанына әкеліп жерлеу батыс, шығыс елдерінің барлығында бар. Батыс Еуропада көптеген шіркеулерде ғасырлар бойы аристократия өкілдері жерленетін болған. Кесене ішіне белгілі тұлғаларды жерлеу XVIII-XIX ғасырларда үлкен сипатқа ие болды. Қарқаралы өңірінде өмірден озған Қаз дауысты Қазыбек биді Түркістанға бірнеше уақыт өткен соң, алып келіп жерлеу құбылысы, қазақ игі жақсыларының кесене маңында жерленуге аса ынтық болғандығын көрсетеді.

Кесенеге және оның маңайына адамдарды жерлеу әрекеті патша үкіметінің билігімен тоқтау салынды. ҚР Орталық мемлекеттік мұрағатында сақталған бір істе, Түркістан уезінің бастығы полковник Чеботаревтың Сырдария облысының бастығына, Түркістан генерал губернатор атына жазылған рапорты бар. 1884 жылдың 30 қаңтар күні жазылған рапортта Әзірет Сұлтан кесенесінің жергілікті мұсылман халық үшін өте маңызды әулие жер екенін, бұл кесененің ішіне Түркістан аймағының түкпір түкпірінен қайтыс болған би, батыр, бай-бағлан игі жақсыларды алып келіп қоятынын баяндайды [1].

Мәйітті кесене ішіне қоюға Әзірет Сұлтан ұрпақтарының рұқсатымен және оларға ақысын төлеп жерлейтінін баяндайды. Әрі қарай қазір Әзірет Сұлтан кесенесі іші молалар мен шіріген мәйіттерге толып кетті, мешіттің ішінде жағымсыз иіс шығып тұрады, соған байланысты кесененің ішіне жерлеуге тиым салу қажет екенін өтініп сұрайды. Түркістан шаһарының ақсақалы Мирхадыр Нарбаевтың айтуы бойынша генерал губернатор фон Кауфманның тұсында кесененің ішінде мәйіт жерлеуге тиым салатын бір жарлық шыққан екен, бірақ Чеботарев менің қолымда бұл жарлық жоқ деп айтады. Осы рапорт Ташкенте қаласына жеткен соң Генерал губернатордың канцеляриясынан 9 наурызда резолюция қойылған жауап келеді.

Резолюцияда “Кесененің ішіне жерлеуге тиым салынсын, сол бұйрық туралы кесененің басшыларынан колхат алынсын” делінген [2].

1864 жылы маусымда Кенесары ханның ұлы Сыздық сұлтан қорғап тұрған кесенені Ресей генералы Черняевтің әскерлері зеңбірекпен атқылады. Әзірет Сұлтан мешітінің исламның Қазақстандағы басты орталығы ретіндегі діни қызметіне тосқауыл қоюға ұмтылған кеңестік тоталитаризмнің әрекеттері де ойлаған мақсаттарына жете алмады. 1978 ж. қыркүйекте Қожа Ахмет Ясауи республикалық мұражайы ашылды. 1989 жылы 28-ші тамызда Қазақстан Үкіметі жалпы көлемі 90 га жерді алып жатқан Түркістан қаласының көне ескерткіштер кешені негізінде Әзірет Сұлтан қорық-мұражайын ашу туралы шешім қабылдады. Қорық-мұражай Қожа Ахмет Ясауи кесенесімен бірге Үлкен қылуат (жер асты мешіті, XII ғасыр), Әулие Құмшық ата қылуаті (XII ғасыр), Сегіз қырлы кесене (XIV-XVI ғасырлар), Ұлықбектің қызы, Әбілқайыр ханның зайыбы Рәбия Сұлтан бегім кесенесі (XV ғасыр), Шығыс моншасы (XVI-XVII ғасырлар), Есім хан кесенесі (XVII ғасыр), т.б. археологиялық, тарихи сәулет және бейнелеу өнерінің үздік ескерткіштерін қамтиды [1].

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы 1978 жылы 30 қыркүйекте «Республикалық Қожа Ахмет Ясауи кесенесі сәулет ғимараты музейі» болып ашылды. 1989 жылы тамыздың 28 күні Қазақ ССР министрлер кеңесінің № 265 қаулысымен «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі» болып қайта құрылды. ҚР Үкіметінің 24.07.2015 жылғы ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің республикалық мемлекеттік мекемелерін қайта ұйымдастыру туралы №585 қаулысымен «Әзірет Сұлтан мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы» РМҚК болып қайта құрылды.

Қорық-мұражай өз жұмысын негізгі екі бағытта жүргізеді. Бірінші бағыты — Түркістан өңіріндегі тарихи-мәдени ескерткіштерді есепке алу, сақтау, қорғау жұмыстары. Яғни қорық ретінде қызметін жүзеге асырады: мемлекеттік акт алынған тарихи-мәдени ескерткіштердің жалпы жер көлемі 557,1935 га. Құрамында 207 тарихи-мәдени ескерткіш бар. Олардың ішіндегі 1–халықаралық, 16–республикалық, 14–жергілікті маңызға ие. Қалған ескерткіштердің статусы анықталу жұмыстары жүргізілуде. Халықаралық дәрежедегі Қожа Ахмет Ясауи кесенесі ортағасырлық теңдессіз сәулет туындысы ретінде 2003 жылы ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне алынды. Әлемдік маңызға ие болған ескерткіштің ұлттық пантеон ретіндегі алар орыны да айрықша. Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне 300-ден аса тарихи тұлғалар жерленген болса, қорық-мұражай мамандарының зерттеулері нәтижесінде сол тұлғалардың бүгінгі таңға 184-і анықталды [2].

Мұражайдың өскелең ұрпақты тәрбелеу мен рухани құндылықтарды сіңірудегі маңызы зор. Мұражайдағы құнды жәдігерлер, Қожа Ахмет Ясауи рухани мұрасынан жүйелі ұсынылған білімдер, кесене мен маңында жерленген тұлғалардың өмірі барлығы өскелең ұрпақты ұлттық тәрбие рухында өсіруге мүмкіндік беретін дүниелер болып табылады. Осыған байланысты соңғы жылдары Түркістан облысы мен алыс-жақындағы облыстардың білім ошақтарынан оқушылар мен студенттердің келу легі артты.

ЮНЕСКО ұйымының тарихына баға берер болсақ онда ол 1970 жылдары басталды. ЮНЕСКО дегеніміз – Біріккен Ұлттар Ұйымына қарасты, халықаралық байланысты білім мен мәдениет арқылы тұтастыруға, адамзаттың бейбіт және гүлденген дәуірде өмір сүруіне ықпал етуді көздейтін халықаралық ұйым. ЮНЕСКО-ның басты мақсаттарының бірі – жер бетіндегі көрікті, тарихы бай мәдени жәдігерлер мен табиғи мекендерді қорғау. ЮНЕСКО тізіміне енген мұралар адамзат үшін өте құнды әрі ортақ дүние саналады. Мұндай нысандарды тізімге қосу мен қорғауға алуды арнайы мамандар шешеді. Мәдени жәдігер тізімге қосылғаннан кейін халықаралық қорғау құқығына ие болып, ЮНЕСКО-ның бақылауына өтеді.

Мұраны тізімге қосуды да, шығаруды да ұйымның өзі шешеді. ЮНЕСКО-ның дүниежүзілік мұраларды қорғау Конвенциясы 1972 жылы жарияланып, 1975 жылы күшіне енді. 2019 жылғы деректерге сүйенсек, ЮНЕСКО-ның дүниежүзілік мұралар тізіміне 1121 нысан енген екен. Оның 869-ы – мәдени нысан болса, 213-і – табиғи мекен, ал 39-ы – аралас нысан саналады. Жалпы ЮНЕСКО-ның дүниежүзілік мәдени нысандарды қорғау Конвенциясына 193 мемлекет тіркелген. Олар – адамзатқа ортақ мұраларды қорғауға, сақтау мен дамытуға келіскен елдер. Тізім жыл сайын толығып, жаңарып отыруы мүмкін. 2019 жылғы дерек бойынша, ЮНЕСКО-ға ең көп мәдени және табиғи нысандары енген ел – Италия мен Қытай екен. Италияның 55 нысаны, Қытайдың да 55 нысаны енген. Одан кейін Испания (48), Германия (46), Франция (45), Үндістан (38), Мексика (35), Ұлыбритания (32), Ресей (30), Иран мен АҚШ (24-тен), Жапония (23), Бразилия (22), Аустралия мен Канада (20), Грекия мен Түркия (18-ден) тұр. Ал бұл тізімге біздің еліміздің 17 тарихи нысаны енген.

Қорық - мұражайының қорында 25000 дана құнды тарихи жәдігерлер қордаланған. Олардың арасындағы жазба, археологиялық этнография және нумизматикалық тобына жататын жәдігерлердің

талапқа сай сақталуы үшін соңғы үлгідегі арнайы құрылғылар сатып алынып орнатылды. Қор бөліміндегі еңбек ететін реставраторлар Ресейден арнайы біліктілікті жоғарылату курстарын оқып келген мамандар.

Екінші бағыты – қорық-мұражай ретінде, ғасырлар елегінен өтіп, бүгінгі күнге жеткен көне, тарихи құнды жәдігерлерді сақтау, қорғау, қайта қалпына келтіру және оларды насихаттау жұмыстарын жүргізеді. Қорық-мұражай аумағындағы жұмыс істейтін «Түркістан тарихы», «Қылует» жер асты музейі, «Жұма мешіті» және Ясауи кесенесі музейлерінің экспозиция алаңдарында жылына түрлі тақырыптағы 50-ге жуық көрме ұйымдастырады. Республика бойынша көшпелі көрмелер ұйымдастырылып, еліміздің барлық облыстары және Оңтүстік өңірінің аудандары түгел қамтылып келеді. Қала мектептерімен де тығыз қарым-қатынастар орнатылып, тақырыптық лекциялар жүргізу мен мектептерде көрме ұйымдас-тыру жұмыстары жақсы жолға қойылған [2].

Сонымен қатар, қорық-мұражай өз қарауындағы ескерткіштер мен жәдігерлерді, сондай-ақ Кесенеді жерленген тарихи тұлғаларды насихаттау, елге таныту мақсатында соңғы төрт-бес жылда жүзге жуық баспа өнімдерін шығарып, Кесенеді жерленген тұлғалар сериясы бойынша хандарға, билерге, батырларға қатысты кітаптар мен 18 буклеттерді жарыққа шығарды. Сондай-ақ БАҚ арқылы жүргізілетін насихаттық жұмыстар да жүйелі жолға қойылған. Мекеменің үш тілде: қазақ, ағылшын, орыс тілдерінде шығарған «Қожа Ахмет Ясауи кесенесі» альбом-кітабы Мәскеудегі ТМД көлемінде ұйымдастырылған кітап көрмесінде бірінші орынды иеленді. Сонымен қатар екі жылда бір Қожа Ахмет Ясауи мұрасы мен ілімінің зерттелу мәселелері" тақырыбында халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар мен дөңгелек үстелдер ұйымдастырылып, жыл сайын дәстүрлі республикалық «Ясауитану» байқауын өткізіп келеді. Еліміздің түкпір-түкпірінен байқауға келген мектеп оқушылары тарихымызбен және Ясауи мұрасымен танысып, сусындауларына зор мүмкіндік алады.

«Әзірет Сұлтан» қорық-мұражайы отандық мұражайлар тарихында бірінші болып «Хан көтеру» театрландырылған сахналық қойылымын қойды. Қойылымдағы тарихи тұлғалардың ролдерін сомдауға кәсіби актерлар қатыстырылып, тарихи қойылымды еліміздің түкпір-түкпірінен және алыс-жақын шетелдерден келген қонақтар тамашалады.

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы еліміздегі барлық республикалық, облыстық мұражайлармен әріптестік орнатқан және солардың арасында келушілері ең көп мұражай болып табылады. Келушілерге көрсетілетін қызмет түрлері де талапқа сай жүйелі жолға қойылған. Осындай атқарылған іс-шаралар нәтижесінде қорық-мұражай ағымдағы жылда халықаралық ICOM одағының «Жыл мұражайы» дипломына ие болды.

Жоғарыдағы кестедегі гумаитарлық мамандықтарды таңдаған 7 бітіруші сынып оқушыларының жауаптарына баға бере отырып, олардың бесеуінің (71%) тарихшы, археолог секілді сирек таңдалынатын мамандықтарға ауысуларына, тарихи турлардың ықпалының жоғары болғандығына көз жеткіземіз.

Қайталанбас тарихи деректерді еліміздің әр аймағында дәріптеу бүгінде Отырар мұражайының жоспарлы істерінің бірі болып табылады. Бұған дейін көрме еліміздің 8 облысы мен 15 қаласында «Көне Отырар жәдігерлері», «Фараб-Отырар өркениеті», «Отырарда ойлылардың ізі қалған» деген тақырыптармен ұйымдастырылды.

Көрме кезінде «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік қорық мұражайы елорда жұртшылығы мен қонақтарының назарына 160-қа жуық жәдігерін ұсынды. «Кез келген жәдігерді сөйлету және оны насихаттау музей қызметкерлерінің абыройлы борышы. «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік қорық мұражайының қорында 24 мыңнан астам тарихи жәдігер бар. Біз бүгін солардың ішінен 160 жәдігерді алып келіп отырмыз. Олардың арасында Қабанбай батырдың қанжары, Қазақ хандығы кезінде жасалған күмістер, шырағандар бар. Мұның барлығы біз үшін және ел үшін аса қымбат дүние.

Музей жұмысының бірден-бір көрсеткіші - көрме. Кез келген көрмеге қойылған зат адамға ақпарат беріп тұруы тиіс. Егер, экспонат адамның танымын арттырып, сезімін селт еткізбесе онда көрме бекер ұйымдастырылған болып шығады. Бүгінгі көрмеге келген өнерсүйер қауым рухани ләззат алып, әр жәдігердің сырын тереңірек түсініп кетеді деп үміттенеміз», - деді «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік қорық мұражайының директоры Мәулен Садықбеков [4].

Белгілі дінтанушы Д. Кенжетай кесененің қазіргі қызметі мен рухани рөліне келесідегідей баға береді: «Мұнда көпфункционалды тарихи, саяси, діни, білім беру, әлеуметтік тәжірибелер мен ритуалдар да атқарылған. Енді бүгін сол тарихи санадағы функцияларды қайта жаңғырту үшін де қазіргі жаһандану жағдайында кесенені жай мәдени ғимарат етіп қана қоймай, оның тарихи функциясын қайта жаңғыртуымыз қажет. Бұл да зияратшыларға өнер, театр мамандары арқылы кешегі тарихи санадан хабар беретін сахналандырылған қойылымдар мен көріністерден тұру керек. Мұндағы мақсат Әзірет Ясауиді, кесенені, Түркістанды насихаттау, тану және таныту. Осылайша, Түркістанда рухани туризмді

өркендетудің сан қырлы нұсқасы қолға алынуы керек. Сосын амфитеатрда Әзірет Сұлтанның зікір, ракс-сама, салауат, тасбих, тахлил сияқты ритуалдық құбылыстары заманауи стильде театрландырылған сахналар арқылы халыққа, зияратшыларға таныстырылатын болады.

Заключение. Категория «научная повседневность» понимается повседневной историей как определенный жизненный уклад в науке, как структурный компонент жизненного опыта ученого, включающий обычаи, поведенческие стереотипы, обусловленные личными качествами и социокультурной, в том числе внутринаучной средой.

Научная повседневность казахстанских историков 90-х годов двадцатого века была определена рядом факторов. В рассматриваемый период перед поколением учёных-историков стояла важная задача – объективно воссоздать историю своей страны, сформировать новое историческое сознание в условиях становления независимого Казахстана. Социокультурные условия, в которых историкам предстояло решать эти задачи, были сложными: историческое сознание масс было незрелым, неготовым к восприятию происходивших перемен, принижалась роль исторической науки, на неё возлагалась ответственность за ошибки прошлого и текущие проблемы. Поколению историков 90-х годов предстояла огромная работа: сформировать новое историческое сознание, определить место Казахстана в мировой истории, создать корпус историков нового поколения для решения задач формирования исторического сознания в новом независимом Казахстане.

Подводя итоги данному исследованию, авторы пришли к следующим выводам:

1. Наличие двух этапов – формирующего и продуктивного – является типичным для становления поколения учёных. Представители научного сообщества историков г. Семипалатинска не являются исключением: обучение в вузе, аспирантуре, определение темы научного поиска, защита кандидатской диссертации, имевшее место у них на формирующем этапе, реализовалось на продуктивном этапе в виде результатов исследовательской деятельности.

2. Научная повседневность исследуемой социальной группы является определенным жизненным укладом в науке с характерными структурными компонентами, такими как: мотивация выбора профессии и социальное самочувствие историка, выбор научной проблематики, структура времени, коммуникация в научной среде с её обычаями и поведенческими стереотипами. Исследуемая на основе как макросоциальных, так и микросоциальных факторов, она может рассматриваться в равной степени как условие, способствующее формированию учёного, так и как результат его научной и педагогической практики. В целом, по мере осуществления профессиональной деятельности учёных меняется и сама научная повседневность.

3. На основе реконструкции повседневности профессионального сообщества историков поколения 90-х годов г. Семипалатинска, был создан портрет учёного-историка, показывающий наиболее характерные особенности повседневной профессиональной деятельности специалиста. Следует отметить, что научное сообщество историков г. Семипалатинска включало представителей разного возраста, национальности, пола и социального происхождения. Анализ качественных и количественных показателей исследуемой социальной группы позволил сделать вывод о том, что наиболее характерным репрезентантом научного сообщества историков г. Семипалатинска была женщина примерно 40 лет, казашка по национальности из социальной среды учителей или служащих.

4. Как показало исследование данной социальной группы, научное сообщество историков, представляя значимую социальную группу, оказывающую решающее влияние на формирование ментальности и мировоззрения людей, всегда находится на переднем крае идеологической борьбы. В сложной идеологической обстановке 90-х годов периода формирования нового исторического сознания историки Казахстана, в том числе и историки научного сообщества города, справились с выполнением стоявших в этот период перед казахстанской исторической наукой задач, а именно: исследовали «белые пятна» казахстанской истории, обратившись к ранее закрытым для изучения темам, способствовали обновлению методологии исторических исследований, сделали переоценку накопленного исторического материала.

Список литературы:

1. Семей. – URL: <https://ru.wikipedia.org/wiki/>
2. Кефнер Н. В. *Научная повседневность послевоенного поколения советских историков: дис. ... канд. ист. наук: 07.00.09 – Отечественная история / Кефнер Наталья Валерьевна. – Омск, 2006. – 330 с.*
3. Токаев К.-Ж.К. *Абай и Казахстан в XXI веке. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa-erevan/press/article/details/8286?lang=ru>*
4. *Концепция становления исторического сознания в Республике Казахстан. – Алматы: Казахстан, 1995. – 32 с.*
5. Козыбаев И. М. *Историческая наука Казахстана (40–80-е годы XX века) / И. М. Козыбаев. – Алма-Ата: Наука, 1992. – 149 с.*
6. Мажитов С. Ф. *Историческая наука Казахстана: современное состояние и тенденции развития / С.Ф. Мажитов. – Алматы: Ассоциация издателей и книготорговцев Казахстана, 2013. – 328 с.*
7. Александров Д. А. *Методологические проблемы историко-научных исследований // Вопросы истории естествознания и техники. – 1994. – № 4. – С. 322-327.*
8. Антипина В. А. *Повседневная жизнь советских писателей в 1930-х начале 1950-х гг.: автореф. дисс. канд. ист. наук: 07.00.09 – Отечественная история / Антипина Валентина Алексеевна. – М., 2005. – 25 с.*
9. Simonton D. K. *Scientific genius: A psychology of science / D. K. Simonton. – Cambridge, UK: Cambridge University Press, 1988. – 229 p.*
10. Simonton D. K. *History and the eminent person (Genius and eminence) / D. K. Simonton. – Cambridge, UK: Cambridge University Press, 1983. – 189 p.*
11. Козыбаев И. М. *Историография Казахстана: уроки истории / И. М. Козыбаев. – Алма-Ата: Рауан, 1990. – 136 с.*
12. Сидорова Л.А. *Советские историки послевоенного поколения: собирательный образ и индивидуализирующие черты // История и историки: историографический вестник. – 2004. Историографический вестник. – М.: Наука, 2005. – С. 208–223.*
13. Сидорова Л.А. *Когнитивные возможности генерационного подхода в изучении истории исторической науки // Культура, наука, образование: проблемы и перспективы: материалы Всероссийской научно-практической конференции. – Нижневартовск, 2012. – С. 460–462.*
14. Сидорова Л.А. *Генерационный подход в изучении истории исторической науки // Тысячелетие развития общественно-политической и исторической мысли России: тезисы докладов международной конференции. – Нижний Новгород, 2008. – С. 4–7.*
15. *Посчитано по: Центр документации новейшей истории г. Семей (далее ЦДНИ), Ф. 1403. Оп. 3. Д. 2530. Л.5–7, 31–34; Ф. 1417. Оп. 3. Д. 493. Л. 23–24; Ф. 1486. Оп. 7. Д. 224. Л. 69–70.*
16. ЦДНИ. Ф. 1403. Оп. 3. Д. 2530.
17. ЦДНИ. Ф. 1417. Оп. 3 продолжение. Д. 493.
18. ЦДНИ. Ф. 1486. Оп. 7. Д. 224.

19. SHAKARIM UNIVERSITY: История университета. – URL: <https://shakarim.edu.kz/pages/universitet/istoriya-universiteta>
20. Аудиозапись биографической беседы с Рамазановой Ф. С. (1958 г. р.), записано И. Ю. Анисимовой в Семее в 2021 г.
21. Аудиозапись биографической беседы с Байнеисовой Г. М. (1956 г. р.), записано И.Ю. Анисимовой в Семее в 2021 г.
22. Смирнова И. Н., Смирнова А. А. Особенности социального самочувствия провинциальной учительской интеллигенции в начале XXI века // Интеллигенция и мир – 2016. – № 3. – С. 33–55. URL: http://ivanovo.ac.ru/about_the_university/science/magazines/intelligents... (дата обращения: 13.04.2021).
23. Аудиозапись биографической беседы с Матаевой М. Х. (1959 г.р.), записано И. Ю. Анисимовой в Семее в 2021 г.
24. ЦДНИ. Ф. 1403. Оп. 3 продолжение. Д. 2359.
25. Козыбаев М. К. Проблемы методологии, историографии и источниковедения истории Казахстана (Избранные труды) / М. К. Козыбаев. – Алматы: Ғылым, 2006. – 272 с.
26. ЦДНИ. Ф. 1403. Оп. 3 продолжение. Д. 2352.
27. Корзун В. П. Научные сообщества историков России: практики антропологического описания (из лекционного опыта) / В. П. Корзун. – Челябинск: Изд-во Челябинского ун-та, 2012. – 109 с.
28. ЦДНИ. Ф. 1486. Оп. 7. Д. 925.

References:

1. Semej [Semey]. – URL: <https://ru.wikipedia.org/wiki/>
2. Kefner N. V. Nauchnaya povsednevnost poslevoynnogo pokoleniya sovetskikh istorikov [Scientific everyday life of the post-war generation of Soviet historians] dis. ... kand. ist. nauk: 07.00.09 – Otechestvennaya istoriya. [Dissertation, Candidate of Historical Sciences, 07.00.09 – Domestic History] / Kefner Natal'ya Valer'evna. – Omsk, 2006. – 330 p. [in Russian].
3. Tokaev K.- ZH. K. Abaj i Kazahstan v XX veke [Abai and Kazakhstan in the XXI century]. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa-erevan/press/article/details/8286?lang=ru>[in Russian].
4. Koncepciya stanovleniya istoricheskogo soznaniya v Respublike Kazahstan [The concept of the formation of historical consciousness in the Republic of Kazakhstan]. – Almaty: Kazakhstan, 1995. – 32 s.
5. Kozubayev I. M. Istoricheskaya nauka Kazahstana (40-80-e gody XX veka) [Historical science of Kazakhstan (40–80-ies of the twentieth century)] / I. M. Kozubayev. – Alma-Ata: Nauka, 1992. – 149 p. [in Russian].
6. Mazhitov S. F. Istoricheskaya nauka Kazahstana: sovremennoye sostoyaniye i tendentsii razvitiya [Historical science of Kazakhstan: current state and development trends] / S. F. Mazhitov. – Almaty: Association of Publishers and Book Distributors of Kazakhstan, 2013. – 328 p. [in Russian].
7. Aleksandrov D. A. Metodologicheskiye problemy istoriko-nauchnykh issledovaniy [Methodological problems of historical and scientific research]. // Voprosy istorii estestvoznaniya i tekhniki [Questions of the history of natural science and technology]. 1994. – № 4. – P. 322–327.
8. Antipina V. A. Povsednevnyaya zhizn sovetskikh pisateley v 1930-kh nachale 1950-kh gg. [Everyday life of Soviet writers in the 1930-s and early 1950-s.] avtoref. diss. kand. ist. nauk: 07.00.09 – Otechestvennaya istoriya. [Dissertation Abstract, Candidate of Historical Sciences: 07.00.09 – Domestic History] / Antipina Valentina Alekseevna. – M., 2005. – 25 p. [in Russian].
9. Simonton D. K. Scientific genius: A psychology of science / D. K. Simonton. – Cambridge, UK: Cambridge University Press, 1988. – 229 p. [in English]
10. Simonton D. K. History and the eminent person (Genius and eminence) / D. K. Simonton. – Cambridge, UK: Cambridge University Press, 1983. – 189 p. [in English]
11. Kozubayev I. M. Istorioografiya Kazahstana: uroki istorii [Historiography of Kazakhstan: history lessons] / I. M. Kozubayev. – Alma-Ata: Rauan, 1990. – 136 p. [in Russian].
12. Sidorova L. A. Sovetskiye istoriki poslevoynnogo pokoleniya: sobiratelnyy obraz i individualiziruyushchiye cherty [Soviet historians of the post-war generation: collective image and individualizing features] // Istoriya i istoriki: istoriograficheskiy vestnik [History and historians: Historiographical Bulletin]. 2004, M. – P. 208–223 [in Russian].
13. Sidorova L. A. Kognitivnyye vozmozhnosti generatsionnogo podkhoda v izuchenii istorii istoricheskoy nauki [Cognitive possibilities of the generational approach in the study of the history of historical science] // Kultura. nauka. obrazovaniye: problemy i perspektivy: materialy Vserossiyskoy nauchno-prakticheskoy

konferentsii [Culture, science, education: problems and prospects: materials of the All-Russian Scientific and Practical Conference]. Nizhnevartovsk, 2012. – P. 460–462 [in Russian].

14. Sidorova L. A. *Generatsionnyy podkhod v izuchenii istorii istoricheskoy nauki [Generational approach in the study of the history of historical science] // Tysyacheletiyе razvitiya obshchestvenno-politicheskoy i istoricheskoy mysli Rossii: tezisy dokladov mezhdunarodnoy konferentsii [The Millennium of the development of socio-political and historical thought in Russia: abstracts of the reports of the international conference]*. Nizhniy Novgorod, 2008. – P. 4–7 [in Russian].

15. *Poschitano po: Tsentr dokumentatsii noveyshey istorii g. Semey (daleye TsDNI) [Calculated by: The Center for Documentation of the Modern History of Semey (hereinafter CDMH)]*. F. 1403. Op. 3. D. 2530. L. 5-7. 31–34; F. 1417. Op. 3. D. 493. L. 23–24; F. 1486. Op. 7. D. 224. L. 69-70 [in Russian].

16. TsDNI [CDMH]. F. 1403. Op. 3. D. 2530 [in Russian].

17. TsDNI [CDMH]. F. 1417. Op. 3 prodolzheniye. D. 493 [in Russian].

18. TsDNI [CDMH]. F. 1486. Op. 7. D. 224 [in Russian].

19. SHAKARIM UNIVERSITY: *Istoriya universiteta [History of the university]*. – URL: <https://shakarim.edu.kz/pages/universitet/istoriya-universiteta>– Rezhim dostupa: <http://shakarim.g-it.kz/ru/>

20. *Audiodapis biograficheskoy besedy s Ramazanovoy F. S. (1958 g. r.) [Audio recording of a biographical conversation with Ramazanova F.S.]*. zapisano I. Yu. Anisimovoy v Semeye v 2021 g. [recorded by I. Y. Anisimova in Semey in 2021] [in Russian].

21. *Audiodapis biograficheskoy besedy s Baypeisovoy G. M. (1956 g. r.) [Audio recording of a biographical conversation with Baypeisova G.M.]*. zapisano I. Yu. Anisimovoy v Semeye v 2021 g. [recorded by I. Y. Anisimova in Semey in 2021] [in Russian].

22. Smirnova I. N., Smirnova A. A. *Osobennosti sotsialnogo samochuvstviya provintsialnoy uchitelskoy intelligentsii v nachale XXI veka [Features of the social well-being of the provincial teaching intelligentsia at the beginning of the XXI century] // Intelligentsiya i mir [The intelligentsia and the world]*. 2016. – № 3. – P. 33–55. Available at: http://ivanovo.ac.ru/about_the_university/science/magazines/intelligents... [in Russian]. (accessed: 13.04.2021).

23. *Audiodapis biograficheskoy besedy s Matayevoy M. Kh. (1959 g. r.) [Audio recording of a biographical conversation with Mataeva M. H.]*. zapisano I. Yu. Anisimovoy v Semeye v 2021 g. [recorded by I. Y. Anisimova in Semey in 2021] [in Russian].

24. TsDNI [CDMH]. F. 1403. Op. 3 prodolzheniye. D. 2359 [in Russian].

25. *Kozybayev M. K. Problemy metodologii. istoriografii i istochnikovedeniya istorii Kazakhstana (Izbrannyye trudy) [Problems of methodology, historiography and source studies of the history of Kazakhstan (Selected works)] / M. K. Kozybayev. – Almaty: Gylym, 2006. – 272 p. [in Russian].*

26. TsDNI [CDMH]. F. 1403. Op. 3 prodolzheniye. D. 2352 [in Russian].

27. *Korzun V. P. Nauchnyye soobshchestva istorikov Rossii: praktiki antropologicheskogo opisaniya (iz lektсионного опыта) [Scientific communities of historians of Russia: practices of anthropological description (from lecture experience)] / V. P. Korzun. – Chelyabinsk: Chelyabinsk University Publishing House, 2012. – 109 p. [in Russian].*

28. TsDNI [CDMH]. F. 1486. Op. 7. D. 925 [in Russian].

*Т.З. Рысбеков*¹, С.Т. Рысбекова², Б.Ф. Шынтемірова³*

¹ т.ғыл.д., профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының құрметті академигі,
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті

E-mail: tuyakbai.rysbekov@mail.ru

² т.ғыл.д., профессор міндетін атқарушы,

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, E-mail: Saltanat.Rysbekova@mail.ru

³ т.ғыл.д., профессор, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, ansar_2004@mail.ru

Н.Ф. КАТАНОВ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ТАРИХЫ

Аңдатпа

Н.Ф. Катанов – көрнекті түркітанушы. Оның есімімен түркі халықтарының тарихы, мәдениеті және тілдерін зерттеудің бүкіл дәуірі байланысты. Оның түркі халықтарының тарихы, мәдениеті және тілдері жөніндегі еңбектері ғылыми көзқарас жағынан алып қарағанда осы күнге дейін баға жетпес болып табылады.

Н.Ф. Катановтың әр алуан ғылыми және педагогикалық қызметі – Ресейдегі түркітану ғылымы және ұлттық гуманитарлық зерттеулер мен ғылыми мектептің дамуының айқын айғағы. Оның тұлғалық феномені мен Ресей халықтарының мәдениеті және шығыстану тарихындағы мұрасы, өкінішке орай, жеткілікті түрде зерттелмеген. Оның өмірбаянының кезеңдері мен орасан зор творчестволық мұралары біз үшін қызықты, жарқын, гибратты, қайғылы мысалдармен ұсынылады. Ол екі дүниенің – европалық және азиялық – бейнесінің тұлғалануы болып табылады.

Қазіргі заман тарихнамасы мәтінмәнінде Н.Ф. Катановтың ғылыми мұрасы оның XIX-XX ғғ. арасындағы түркітанудың дамуына қосқан зор жеке үлесі болып табылады. Дәл оның өмірбаяны мен творчестволық мұрасы түркі халықтарының классикалық мұрасында маңызды орын алады.

Мақала авторлары көрнекті түркітанушы Н.Ф. Катановтың ғылыми мұрасы мен творчествосын зерттеуді кезеңге бөле отырып, түркі халықтарына, соның ішінде қазақ халқына байланысты мәселелерін бөліп қарайды.

Кілт сөздер: Н.Ф. Катанов, түркітанушы; ғылыми мұрасы; ғылыми және педагогикалық қызметі; түркі халықтарының тарихы мен мәдениеті; урянхай және қазақ тілдерінің түркілік тамыры; қазақ халқының тарихының мәселелері.

*Рысбеков Т.З.*¹, Рысбекова С.Т.², Шинтемірова Б.Ф.³*

¹д.ист.н., профессор, почетный академик НАН РК,

Западно-Казахстанский университет им.М. Утемисова, tuyakbai.rysbekov@mail.ru

²д.ист.н., и.о. профессора, Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет,

E-mail: Saltanat.Rysbekova@mail.ru

³д.ист. н., профессор, Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет,

E-mail: ansar_2004@mail.ru

НАУЧНОЕ НАСЛЕДИЕ Н.Ф. КАТАНОВА И ИСТОРИЯ ТЮРКСКИХ НАРОДОВ

Аннотация

Н.Ф. Катанов – выдающийся тюрколог. С его именем связана целая эпоха изучения истории, культуры и языков тюркских народов. Его труды по истории, культуре и языкам тюркских народов по сей день неопределимы с научной точки зрения. Многообразная научно-педагогическая деятельность Н.Ф. Катанова является ярким свидетельством развития тюркологической науки в России и национальных гуманитарных исследований и научной школы в данном направлении. Его личностный феномен и наследие по истории культуры народов России и востоковедения, к сожалению, окончательно не исследованы. Этапы его биографии и грандиозное творческое наследие полны интересными, яркими, поучительными, трагическими примерами. Он является олицетворением образов двух миров – европейского и азиатского. В контексте современной историографии научное наследие Н.Ф. Катанова является его огромным личным

вкладом в развитие тюркологии на стыке XIX и XX веков. Именно его биография и творческое наследие занимают важное место в классическом наследии тюркских народов.

Авторы статьи классифицирует научное наследие и творчество выдающегося тюрколога Н.Ф. Катанова на этапы исследования, отдельно рассматривая вопросы, связанные с тюркскими народами, в том числе с казахским народом.

Ключевые слова: Н.Ф. Катанов; тюрколог; научное наследие; научная и педагогическая деятельность; история и культура тюркских народов; тюркские корни урянхайского и казахского языков; проблемы истории казахского народа.

*T.Z. Rysbekov*¹, S.T. Rysbekova², B.G. Shintimirova³*

¹doctor of Historical Sciences, Honorary Member of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Professor of the M. Utemisov West Kazakhstan University, tuyakbai.rysbekov@mail.ru

E-mail: tuyakbai.rysbekov@mail.ru

²doctor of Historical Sciences, Acting Professor of the West Kazakhstan Innovative and Technology University

E-mail: Saltanat.Rysbekova@mail.ru

³doctor of Historical Sciences, Professor, West Kazakhstan Innovative and Technological University

E-mail: ansar_2004@mail.ru

THE SCIENTIFIC HERITAGE OF N.F. KATANOV AND THE HISTORY OF THE TURKIC PEOPLES

Abstract

N.F. Katanov is an outstanding turkologist. A whole epoch of studying the Turkic peoples' history, culture, and languages is associated with his name. His works on the Turkic peoples' history, culture, and languages are still invaluable from a scientific point of view—the diverse scientific and pedagogical activity of N.F. Katanov is vivid evidence of the development of Turkological science in Russia and the national humanities research and scientific school in this direction. Unfortunately, his phenomenon and heritage in the history of the culture of the peoples of Russia and Oriental studies have not been fully investigated. The stages of his biography and his remarkable creative legacy are full of interesting, vivid, instructive, tragic examples. He personifies the images of two worlds – European and Asian. In the context of modern historiography, the scientific heritage of N.F. Katanov is a substantial personal contribution to the development of Turkology at the junction of the XIX and XX centuries. His biography and creative legacy are vital in the classical heritage of the Turkic peoples.

The article's authors classify the scientific heritage and creativity of the outstanding Turkologist N.F. Katanov into stages of research, separately considering issues related to the Turkic peoples, including the Kazakh people.

Keywords: N.F. Katanov; Turkologist; scientific heritage; scientific and pedagogical activity; history and culture of the Turkic peoples; Turkic roots of the Uryankhai and Kazakh languages; problems of the history of the Kazakh people.

Кіріспе. XIX-XX ғасырлар аралығында Ресей түркітану шежіресінде Николай Федорович Катанов маңызды орын алады.

Көрнекті орыс түркітанушысы, Қазан Императорлық университетінің және Қазан діни академиясының профессоры, салыстырмалы тіл білімінің докторы, этнограф, фольклоршы қоғам қайраткері Николай Федорович Катанов 1862 жылы 18 мамырда Турахов ұлысы Аскиз ауылына жақын жердегі Изюм төңірегінде дүниеге келген (қазіргі Аскиз ауданы Хакас Республикасы). Ұлты хакас, діні православиялық.

1876 жылы Аскиз училищесін аяқтағаннан кейін Красноярдағы гимназияға түсіп, 1884 жылы алтын медальмен бітіріп шығады. 1884-1888 жылдары Санкт-Петербург университетінің шығыс тілдері факультетінде оқыды.

Н.Ф. Катановтың Петербурттағы студенттік жылдардағы (1884-1888 жж.), Оңтүстік Сібір және Шығыс Түркістандағы экспедициялар кезеңіндегі (1889-1892 жж.), Қазан университетіндегі оқытушылық (1894-1922 жж.) және Археология, тарих және этнография Қоғамындағы ғылыми жұмысындағы тарихи-этнографиялық сіңірген зор еңбегі Саян-Алтай, Шығыс Түркістан, соның ішінде Синьцзян, Жетісу, Еділ және Жайық бойларындағы түрік тілдес халықтардың тілдерін, экономикалық және әлеуметтік өмірін, тұрмысын, халық шығармашылығы мен рухани өмірінің дәстүрлі және жаңа үлгідегі кешенді түрде зерттеумен байланысты. Ол Ресей түркітану этнографиясы мен халық шығармашылығының дамуына

орасан зор әсер етті. Профессор Н.Ф. Катанов XIX ғ. соңғы ширегі мен XX ғасырдың басында теориялық және әдістемелік құндылығы өте зор этнографиялық және халық шығармашылық мәліметтер жинақтады.

Ғалымның алғашқы далалық экспедициясы 1889 жылы басталды. Қазақстан тарихын зерттеуге байланысты қызығушылық туғызатын далалық экспедициясы 1892 жылдың ақпан-қараша аралығында өтті. Бұл экспедицияның жұмысының барысында Н.Ф. Катанов Шығыс Тарбағатайды мекен еткен түркітілдес халықтардың (қазақтар мен ұйғырлар) тарихына баса назар аударды.

Экспедиция қорытындысы бойынша орасан зор халық шығармашылық материалдары жинақталды. Олардың ішінде Шығыс Түркістандағы өткен соғыстар жөніндегі тарихи әңгімелер, мұсылмандардың басты мерекелерінде айтылатын эпостық жырлар, эротикалық әндер, түсті жору, мақалдар мен мәтелдер, сондай-ақ «қазақ-қырғыз тілдерін» үйрену материалдары бар. Н.Ф. Катанов өзінің экспедициялық зерттеу жұмысының арасында тоқтайтын орны ретінде Жетісу облысындағы Бахты бекінісін таңдап алды (1, 5 б.). Бұл аймақтағы зерттеу жұмыстары 1892 жылы мамыр айында Жетісу облысы Жәркент қаласында аяқталды. Ғалым өзінің жазбаларында былай дейді: «Путешествие по округам Тарбагатая и Или ... я закончил благополучно, собравший богатый этнографический и лингвистический материалы и большую коллекцию денежных знаков... Исследованы мною быт и язык казах-киргизов и китайских татар» [1, 6 б.].

Н.Ф. Катанов 1893 жылдың аяғына қарай түрік-татар тілінің магистрі дәрежесіне емтихан тапсырды және Қазан университетінің түрік-татар үстеулер кафедрасының ерекше профессоры болып тағайындалды. Осында өзінің «Түрік-татар тайпаларының этнографиялық шолуы» атты дәрісін оқыды.

1903 жылы Н.Ф. Катанов «Опыт исследования Урянхайского языка» тақырыбында магистрлік диссертация қорғады. Бұл еңбек дүниежүзілік түркітанудың алтын қорына енді.

Қазан университетінде еңбек еткен жылдарында ірі шығыстанушы ретінде танылды. Ол 28 жыл бойы Қазан университетіндегі археология, тарих және этнография Қоғамының төрағасы және көптеген ғылыми қоғамдардың мүшесі болып сайланды [2, б.38].

Жалпы, Қазан кезеңінде Николай Федорович тізімдемелер мен көрсеткіштерде орыс, еуропа және шығыс тілдерінде 7000-ға жуық сипаттаулар, 900 – мазмұндама, реферат, шолулар жазды [3, б.47].

Н.Ф. Катановтың түркітану зерттеушілігіндегі шыңы – оның 1903 жылғы қорғаған Урянхай тілі жөніндегі диссертациясы еді. Оның сарапшы қарсыластары: профессор, түрік-татар тілінің оқытушысы В.Д. Смирнов (1846-1922) және профессор, араб тілінің оқытушысы П.М. Мелиоранский (1868-1906) болды.

1906 жылдан бастап Н.Ф. Катанов творчествосында бәсеңсу байқалды. Саясаттан аулақ болғанына қарамастан 1917 жылғы уақиғалар оның кәсіби міндеттерін кеңейтуге әсер етті. 1917 жылы Қазанда солтүстік-шығыс археологиялық және этнографиялық институт ашылып, Н.Ф. Катанов археология бөлімінің деканы болып сайланды.

Алтын Орда тарихынан, Еділ аймағы деректануынан, шығыс нумизматикасынан және шығыс хронологиясынан дәрістер оқыды. 1919 жылдың мамыр айынан институтта Шығыс бөлімі ашылып, соны басқарды. Оның алдында Қазан университетінің профессоры, кезінде өзі басқарған археология, тарих және этнография Қоғамының төрағасы болып сайланған болатын. 1918 жылдан бастап Н.Ф. Катанов ғылымға қайта оралғандай болды. 1918-1921 жылдар аралығында соған дейінгі 8 жыл ішінде жазылған еңбектерді жариялады [4, б.268-269].

Алайда, дамылсыз жұмыс нәтижесінде алдымен сал ауруына ұшырады. Одан айыға бастағанда тез асқынатын туберкулезге шалдығады. Шұғыл жасалған отаға қарамастан, Н.Ф. Катанов 10 наурыз 1922 жылы 59 жасында өмірден өтті.

Зерттеу әдістері. Мақаланы жазу барысында қажетті фактілерді жинауға ғана емес, сонымен қатар оларды тексеру, жүйелеу, кездейсоқтық тәуелділікті ашып беретін және себеп-салдарды анықтайтын талдау, тарихи және логикалық, синтездеу, индукция және дедукция әдістері пайдаланылды. Сондай-ақ жиналған фактілерді логикалық тұрғыдан зерттеу, теориялық қорытынды және ой-тұжырымын жасау үшін зерделеу мен қорытындылау, дәріптеушілік пен абстрауциялау әдістері де пайдаланылды.

Мақала жазу барысында ерекше көңіл аударылған мәселелердің бірі – Н.Ф. Катанов ғылыми мұрасын зерттеудің кезеңдерін анықтау. Өйткені бұл мәселе оның творчествосымен айналысушыларды қызықтырды және ғалымдардың жұмыстарында бұл ерекше тұлға жөнінде бір мағыналы емес бейне қалыптасты.

Н.Ф. Катановтың өмірбаянын зерттеу және оның түркітану мұрасына баға беру дәстүрі XX ғасырдың 20-шы жылдарынан басталды. Бұл арада ғалымды еске алуға байланысты орталық және жергілікті баспада орын алған азнамаларды айтуға болады [5].

Бұл жарияланымдарда «бұратананың» өмірбаянынан қызықты фактілер беріледі, ұстаздық және ғылыми қызметінің негізгі кезеңдері баяндалады, Н.Ф. Катановтың көзқарастары мен әлеуметтік аспектілері түркітану мұраларына байланысты талданады.

Н.Ф. Катанов жөніндегі жарияланымдардың келесі кезеңі ХХ ғ. 30-шы жылдарының басы – 50-ші жылдарының бірінші жартысын қамтиды [6].

1933-1943 жылдары Пруссия Ғылым Академиясы ұйғыр фольклорының 79 нұсқасын жариялады. Катановтың бұл қолжазбаларын 1926 жылы оның жесірі Н. Поппе арқылы неміс шығыстанушысы В. Банг-Каупка берген болатын. Әрі қарай бұл жұмысты оның шәкірті К. Менгес жалғастырды [7].

1950-ші жылдар – 70-ші жылдардың басында Н.Ф. Катановтың өмірбаяны мен ғылыми мұрасына деген қоғамдық және ғылыми қызығушылық артқаны байқалады. Бұл кезеңнің бастауында белгілі тіл маманы, ғылым докторы С.Е. Маловтың 1958 жылы шыққан мақаласы тұрды [8]. Бұл мақала проф. Н.Ф. Катановтың ғылыми және қоғамдық қызметі жөнінде үнсіздікті бұзып, оны тек теріс бағалау кезеңінің аяқталғанын білдіргендей болды. Тіл ғылымының маманы С.Е. Малов өзінің ұстазы, проф. Н.Ф. Катановтың 4 жылдық экспедицияларының нәтижелі аяқталғанын және этнография, әсіресе тіл біліміне зор үлес қосқанын ерекше атап өтті. Н.Ф. Катанов өмірі мен ғылыми мұрасы жөніндегі еңбектердің осы кезеңі оның творчествосы жөнінде көптеген мәліметтерді жарыққа шығарды. Бұл кезеңдегі жарияланымдардың тарихнамалық және дереккөздік құндылығы проф. Н.Ф. Катановтың 100 жылдығына арналған конференция материалдарында орын алды [9].

Әрине, бұл кезеңде жарық көрген еңбектердің ішінде проф. Н.Ф. Катановтың өмірі мен ғылыми мұрасын жан-жақты зерттеген шәкірті Сергей Николаевич Ивановтың 1962 жыл басылып шыққан еңбектерін ерекше атауымыз керек [10]. Автор өзінің бұл еңбегін өңдеп, толықтырып 1973 жылы қайта басып шығарды [11].

Бұл кезеңдегі еңбектерде ғалымның жарияланған және жарияланбаған жұмыстары айналымға енгізіліп, оның хакас, тува және татар тілдерін зерттеудегі үлесі талданды, сондай-ақ оның лексикографиялық, фольклорлық және ғылыми-қоғамдық қызметіне баға берілді. Дәл осы кезеңде ресей түркітанушысының кең профилді бейнесі қалыптасты.

Профессор Н.Ф. Катанов жөніндегі басылымдардың жаңа кезеңі 1980 жылдардан басталады. Бұл кезең ғалымның академиялық өмірбаяны мен мұрасын зерттеудің жағдайы мен болашағының қазіргі кезеңдегі бастауы қалыптасты [12].

Ғалымның туғанына 150 жыл толуынан қазіргі кезеңге дейін оның ғылыми мұрасын зерттеудің қазіргі кезеңі басталады. Жалпы профессор Н.Ф. Катановтың туғанына 150 [13] және 160 жыл [14] толуына байланысты өткізілген ғылыми конференциялар оның мұрасын зерттеудің жаңа кезеңін зерттеудің негізіне үлес қосты.

Талқылау. Н.Ф. Катановтың Петербургтегі студенттік жылдары (1884-1888), Оңтүстік Сібір және Шығыс Түркістанға (1889-1892) және Қазан Император университетіндегі оқытушылық (1894-1922), сондай-ақ археология, тарих және этнография Қоғамындағы (АТЭҚ) тарихи этнографиялық еңбегі тілдерді, Саян-Алтай, Шығыс Түркістан, соның ішінде Сынцзян, Жетісу, Еділ бойы және Орал өңіріндегі мекен еткен түркі халықтарының экономикалық және әлеуметтік өмірінің жаңа формаларын, тұрмысын, фольклоры мен рухани өмірін кешенді зерттеумен байланысты болды.

Ғалымның алғашқы далалық экспедициялары 1889 жылдан басталды. Қазақстан тарихын зерттеу үшін Н.Ф. Катановтың 1892 жылы ақпан-қараша аралығында жүргізілген экспедицияларының орны ерекше.

Бұл экспедиция кезінде Н.Катанов экспедициясының басты назары Шығыс Тарбағатайдағы түркітілдес халықтарды (қазақтар, ұйғырлар) зерттеуге бағытталды. Экспедиция жұмысының маңызды нәтижесі – фольклорлық материалдардың орасан зор ауқымы жинақталды: Шығыс Түркістандағы соғыстар туралы тарихи әңгімелер, мұсылман мерекелерінде айтылатын өлеңдер, эротикалық өлеңдер, түс жору, мақалдар мен мәтелдер, сондай-ақ «қазақ-қырғыздардың» тілін үйрену.

Ғалымның сипаттауына сәйкес Сырдың солтүстігі мен шығысында мекен ететін түрік тайпаларының халық шығармашылығы ескерткіштерінен эпикалық шығармалар әйгілі болатын. Орта Азияда эпос жөнінен қазақ-қырғыздар жемістілігімен ерекшеленеді [15, б.16].

Н.Ф. Катанов 1884 жылдың аяғына қарай (1884 жыл 8 желтоқсан) Қазан университетіндегі археология, тарих және этнография Қоғамына мүше болып сайланады. Осы Қоғамда болған кезінде ол Қазақстан тарихын зерттеуде біршама маңызды істер атқарды. Ол 1894-1898 жылдар арасында осы Қоғамның хатшысы, ал 1898-1914 жылдар аралығында төраға болып, қоғамның барлық жұмысын атқарды. Дәл осы кезең Қоғам үшін де, Н.Ф. Катановтың өзі үшін де жемісті болды [10, б.42].

Н.Ф. Катановтың өлкетануға қамқорлығы және оның шет аймақтық шығыстану тағдырына қатысуы «бұратана» халықтың ісіне терең және белсенді араласуымен тікелей байланысты болды. Өзі сол ортадан шыққан Н.Ф. Катанов үшін патшалық Ресейдің ұлт аймақтарының ауыр жағдайы жақсы таныс еді. Сондықтан да ол аймақтық шығыстанушылар өкілдерінің жазғандарын жариялауды әрқашанда әрекет жасады. 1906 жылы қыркүйекте ол Орынбор округының қазақ-қырғыздарымен салыстырғанда территориялық тілдік айырмашылықтарын анықтауға әрекет жасады.

С.Қалиевтің еңбегі белгілі-бір қызығушылық туғызады. Бұл еңбектің кіріспесін, ғылыми транскрипциясын, орысша аудармасын және ескертулерін Н.Ф. Катанов, қосымшаларын А.А. Воскресенский жазды. Шығарманың авторы Садыр Қалиев – ішкі немесе Бөкей Орда қазағы. Жұмыс өлең түрінде жазылған, 36 төрт жолды өлең шумағынан тұрады. Автор Михаил Федоровичтен бастап, XIX ғасырдың аяғына дейінгі орыс жаулаушылығы, орыс патшаларының басты іс-әрекеттері жөнінде баяндайды [16, бб.1-29].

Н.Ф. Катанов 1904 жылы Қоғамның «Хабарларында» М.Н.Бекімовтың еңбегін жариялауға ықпал етті [17, 220-232 бб.]. Бұл еңбекте Орал облысының қазақтарының аузынан жазылып алынған 6 ертегі жинақталған. Олар: «Жын-шайтанды жеңген бір батыр жөніндегі ертегі», «Алдар көсе мен оның айлакер қызметкері жөніндегі ертегі», «Қарашаш сұлу мен Қаражан батыр туралы ертегі», «Алдар көсе мен оның қылықтары жөніндегі ертегі», «Алтын шашты Тотам бай мен оның сикыршы қарындасы туралы ертегі», «Түс сатып алып, патша болған мырза жөніндегі ертегі». Кітапқа жазған кіріспесінде ғалым көптеген халықтардың ертегілерінде бір-біріне ұқсастықтардың кездесетіндігін айта отырып, олар заңдылық, болмаса кездейсоқтық па деген сұрақ қояды. Н.Ф. Катанов осы жинақтағы Алдар көсе жөніндегі ертегіні осындай кейіпкері бар көптеген түрік тілдес елдердегі (мәселен қазақтар, қырғыздар, Орта Азия сарттары, тіпті Бессарабия жеріндегі гагауздардың) ертегілерінде кездесетінін көрсетеді.

Археология, тарих және этнография Қоғамының толық мүшесі А.Е. Алекторовтың «Алаша Байтоқтың Жәңгір ханның өліміне жоқтауы» зор қызығушылық туғызады [18, 673-691 бб.]. Жоқтауда алаша руының өкілі Байтоқ Бөкей ханның баласы Ішкі, немесе Бөкей Ордасының соңғы ханы Жәңгірдің қызметін баяндайды. Жәңгір хан 1824 жылы Орынбор муфтиінің қызы Фатимамен тұрмыс құрады. Фатима ханым неміс және француз тілдерін жетік білген, мәдениетті, әрі білімді болды. Өзінің қысқа мерзімді басқару кезеңінде Бөкей Ордасында ағаш үй салады. Ханның үлгісін қолдаған бай, сұлтандар да үй сала бастайды. Бұл үйлердің барлығы Хан Ордасы деген ат алады. Қазіргі кезде Хан Ордасы қайтадан қалпына келтіріліп, өзінің бұрынғы сипатына ие болды. Жәңгір кезінде Ордада бақша өсіріп, мешіт пен ауылдық бастауыш мектеп салынды. Жәңгірдің кезінде басқару әдісі де өзгерді. Хан Ордасында ерекше басқару аппараты құрылды. Кеңесшілік аппараттың өсуімен халықтың алым-салығының да мөлшері арта түсті. Бұл жағдай халық наразылығын туғызып отырды. Жәңгір хан 1845 жылы 11 тамызда қайтыс болды. Шығарманың авторы осы жағдайлардың барлығын өз жоқтауына қосқан.

Жоғарыда аталған еңбектер мен материалдардан басқа Н.Ф. Катанов А.А. Диваевтің (Ахмед Яссауи мешітіндегі араб, парсы және түрік жазбалары, сондай-ақ қазақтардың этнографиясы және ауыз шығармашылығы) А.Д.Нестеров және Н.И. Саркиниінің (қазақ ауыз шығармашылығы жөнінде), А.И. Алекторовтың (қазақ тілі мен этнографиясы, соның ішінде жоғарыда аталған «Алаша Байтоқтың Жәңгір ханның өліміне жоқтауы»), Жетісу облысының Қапал уезінде жазып алынған қырғыз-қазақ мақалдары» кітаптарын шығаруға тікелей басшылық етті.

Н.Ф. Катановтың зерттеушілік әдістері мен принциптері 1895 жылы А.А. Диваевтің «Этнографические материалы: сказки, басни, послвицы, приметы и былины туземного населения Сыр-Дарьинской области» атты еңбегіне пікір жазған кезде қалыптасты. Орта Азия халықтарының ырымдары жөніндегі өзіндік материалдарды бағалай отырып, Н.Ф. Катанов былай дейді: «Автор принесет большую пользу этнографии, если свое глубокое знание языка и быта тюркских племен Средней Азии он приложит к делу составления сборника примет». Одан әрі қарай аймақтың халықтарының этнографиясын зертеудің болашақ бағыттарын бөліп қарай отырып, ойын былай жалғастырады: «Было бы, желательно знать: 1) как справляются свадьбы, похороны, наречие имени у богатых и бедных. 2) как справляются свадьбы у вдовы и т.д. [1, 8 б.].

Н.Ф. Катановтың Қазақстан тарихын зерттеуге қосқан үлесі оның Қазан университетінде жұмыс істеген кезінде де байқалды. Н.Ф. Катановтың университеттегі оқытушылық қызметі 1894 жылдың басынан басталады. Бұл кезеңде Қазан университетінің шығыстану орталығы ретіндегі рөлі төмендегендей болатын. Оның басты себебі 1855 жылы Петербург университетінде шығыс тілдерінің факультетінің ашылуы мен Қазан университетіндегі негізгі ғалымдардың Петербург университетіне ауысуымен байланысты еді.

1894 жылы 24 қаңтарда профессор Н.Ф. Катановтың «Түрік-татар тайпаларына этнографиялық шолу» тақырыбында кіріспе лекциясы оқылды. Бұл лекция, бір жағынан, Н.Ф. Катановтың түркітану пәндерін оқуға деген көзқарасын анықтаған болса, екінші жағынан, ғалымның Петербург университетін-дегі ғалымдардан алған білім деңгейі мен көп жылғы дала экспедицияларынан жинақтаған тәжірибесінің ғылыми принциптерін сипаттады.

Алғашқы оқу жылында (1894/1895 жж.) оның оқытушылық міндетіне мына күрстар енді: 1) Түрік-татар тілі (Қазан татарларының тілінің грамматикасы және жеңіл текстерді оқу); 2) Түрік-татар тайпаларына шолу (түріктер құрған ертедегі және жаңа мемлекеттер, түрік тайпаларының тұрмысы және шетелдіктердің түріктер жөнінде айтқандары); 3) Түрік-татар әдебиетінің тарихы (осман, шағатай және жалпы түрік әдебиеті); 4) түрік үстеулерінің (сөз табы) салыстырмалы грамматикасы және текстерді оқу. [10, б.37].

Қазақстан тарихын зерттеуде Н.Ф. Катановтың 1903 жылы 12 ақпанда Қазан университетінде «Қырғыздар (қазақтар): олардың өткені мен бүгінгісі» (19, 1-28 pp) деген тақырыпта оқыған дәрістерінің ерекше мәні бар. Өзінің дәрістерінің кіріспесінде ғалым былай деп көрсетеді: «Обширные степные пространства, которая тянется от устья Волги на Западе до хребта Тарбагатая на востоке и от Сыр-Дарьи и Амударьи на юге до Иртыша и Оби на севере занимает многоплеменный кочевой народ, известный у нас более всего с XVIII столетия, Но упоминаемый еще в начале XVII века, именно в книге «Большого чертежа», составленной в 1626 году по указу Михаила Федоровича. В этой книге киргизский народ назван «Казацкой (Казахской-С. и Т.Р, Б.Ш.) кочевой Ордой ... В настоящее время киргизы ... составляют население областей Семиреченской, Семипалатинской, Акмолинской, Тургайской, Оренбургской губернии, Уральской области, Астраханской губернии и Сыр-Дарьинской области. Кроме того киргизы занимают и Тарбагатайский округ Северо-Западного Китая. На всем обширном пространстве свыше 40 тыс. кв миль которое занимают киргизы, климат замечателен тем, что представляет резкая противоположности: летом держится жара до 50 градусов на солнце и 34- в тени, а зимою холод доходит до 45 градусов». Профессор Н.Ф. Катанов ауа райының жағдайын егжей-тегжейлі көрсете отырып, оның көшпенділердің өмірі мен тұрмысына әсерін сипаттайды. Ғалым өзінің дәрісінде қазақтардың жануарлар әлемін, Қазақстанның Ресейге қосылу процесін, жергілікті халықтың дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын, Ресейдің Екатерина II, Александр I және III кезіндегі Қазақстанға қарым-қатынасының ерекшеліктерін, Қазақстанның Ресей, Қытай, Бұхара және Хиуамен дипломатиялық қатнастарын, сот жүйесін, отбасылық-некелік қатнастарын, ерлер мен әйелдердің қоғамындағы рөлі, ұлттық ойындары, жыл санауы, шаруашылығының негізгі түрлері, діни қатнастар және т.б. тиянақты түрде сипаттап көрсетеді. Профессор Н.Ф. Катанов «Киргизы (казахи) обладают вообще очень большой физической силою ... Киргизы, по наблюдениям русских и западноевропейских путешественников, посещавших их особенно много со времени Екатерины II до наших дней (т.е. – 1903 г. – С. и Т.Р.) – вообще народ умный, хабрый и любопытный и любопытство – одно из главных особенностей его характера. При встрече с незнакомцем киргиз (казах) приметит все, и лошадей и самих всадников, и их вооружение, и все тонкости на убранстве лошадей и на халатах их владельцев ... Сколько богат киргиз в отношении природных даров – пытливого ума, зоркого зрения и отличной памяти, столько же богат он и в отношении тонкостей языка. Язык киргизов (казахов) составляет одно из наречий тюркского языка, к которым относятся также наречия турок, крымских татар и многих других племен Сибири и Китая, но отличается от них кроме звуков и форм также богатством слов и оборотов речи» [19, лл. 1,4,5].

Н.Ф. Катановтың негізгі ғылыми еңбегі, басты шығармасы – «Опыт исследования Урянхайского языка с указанием главнейших родственных отношений его к другим языкам тюркского корня». Бұл еңбек 1903 жылы Қазан қаласынан екі том болып басылып шықты және осы еңбегі үшін ғалым Санкт-Петербург университетінің Шығыс факультетінде түрік-татар ауызша және жазбаша шығармашылық мамандығының магистрі атағына ие болды. Содан кейін 1907 жылы осы еңбегі үшін Қазан универси-тетінің салыстырмалы тіл білімі мамандығының докторы дәрежесіне ие болды [8, 91 б.]. Н.Ф. Катанов-тың «Опыт исследования урянхайского языка» еңбегі – жоғары дәрежелі, осы күнге дейін өзінің маңызын жоймаған еңбек болып саналады. Бұл – түрік тілдерінің бірі – урянхай (тува) тілін тиянақты зерттеген және түрік тілдерінің салыстырмалы грамматикасының құнды жинағы. Бұл еңбек тек граммати-калық очерк қана емес, сонымен қатар мәтін аудармасы мен сөздік. Онда урянхай (тува) тілінің қазақ тілімен фонетикалық алмасуларының, салыстырулары мен лексикаларының әртүрлі көрсеткіштері бар. Ғалымның пікірі бойынша урянхай (тува) фонетикасы мен морфологиясы толықтай түркітілдес. Бұл пікірін автор кітаптың өзінде де, қосымшасы мен 14 салыстырмалы кестеде де дәлелдеп көрсетеді. Осы 14 кестесінің 10 нөмірімен автор қазақ-қырғыз үстеуін (сөз табы) белгілейді. Мысал ретінде төмендегі ұқсастығы бар сөздерді келтіруге болады: ақа

(үлкен аға), ай, аймақ, айт, ақ, ақсақ, ал, аң, арт, артық, арық, ат, аш, қабак, қабан, қазақтар, қақпақ, қара, қар, қой, қол, құда, құлын, қылыш, қыр, келін, кендір, кіндік, көк, көл, күш, мал, он, орта, өрт, өш, сай, салқын, табақ, тай, таң, той, төк, түн, үн, үңгір, шәй, шын және т.б. Жалпы саны, қазақ тілінде пайдаланып жүрген, ұқсастығы бар, 140-тан астам сөз кездеседі [20, бб. 79-305].

Н.Ф. Катановтың анықтауы бойынша тілі жағынан түрік тайпалары төрт топқа бөлінеді. Олар: Солтүстік (Обь өзенінің алабынада мекен еткен татарлар), Оңтүстік (Таврия түбегінің татарлары, Балқан түбегінің, Кіші Азия, Палестина және Африканың солтүстік-шығыс бөлігінің түріктері, Парсы және Қапқаз татарлары), Орта немесе орталық (Еділ алабы, орыс және қытай Түркістанының татарлары, түркімендер, қарақалпақтар және өзбектер) және шығыс (қырғыз-қазақтар, тас дәуірінің жабайы қырғыздары, Том және Енисей губерниясының татарлары, Үрбіт губерниясының қарағастары, Солтүстік Монғолияның урянхайлары мен Енисей губерниясы мен Яқұт облысының яқұттары). Ғалым түркітілдес тайпаларды түріне, тіліне, үстеуіне (яғни сөз табына), халыққа білім беру және т.б. бөліністерін көрсетеді. Катанов Н.Ф. өз еңбегінде түрік тайпалары мен халықтары құрған төмендегідей мемлекеттерді көрсетеді: Дулгас патшалығы (VI-VIII ғасырлар, астанасы Алтайда); Сельджук мемлекеті (XI-XIV ғғ. астанасы Мерв); Касимовка патшалығы (1425-1462 жж., астанасы Касимовка); Қырым хандығы (XV-VIII ғғ. Бахшасарай); Астрахан хандығы (1554 ж. құрылып, 200 жылдай өмір сүрді, Астрахан); Көк Орда (XIII ғ. құрылып, Сібір патшалығының негізін қалады); Сібір патшалығы (Ертістің оң жағасы, астанасы Іскер, Тобылдан жоғары 16 шақырым жерде); Тимуридтер империясы (XIV-XV ғғ. Самарқан); Бабырлар империясы (XVI-XIX ғғ.); Бұхар хандығы (XV ғ., 400 жылдай өмір сүрді, Бұхара); Қоқан хандығы (XVI ғ. 300 ж. астам өмір сүрді, Қоқан); Туркия (XIII ғ., 600 ж. астам өмір сүреді). Бұлардан басқа, автор Қазақстан тарихына тікелей қатысы бар мемлекеттерді де көрсетеді. Атап айтқанда, Ұйғыр патшалығы (VIII-XIII ғғ.); Қарахандар патшалығы (X-XI ғғ.), Шағатай ұлысы (XIII-XIV ғғ.); Алтын Орда немесе Жошы ұлысы (XIII-XIV ғғ., астанасы Сарай) [20, бб. 12-14].

Қорытынды. Қорытындылай келе, ерекше баса айтатын жағдай – шығыстанушы-ғалымның танымының тереңдігі, талантының ауқымы, сан қырлы оқытушылық және қоғамдық қызметі Н.Ф. Катановты өткен ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басындағы көрнекті шығыстанушы деп атауға толық негіз береді. Осының барлығы ғалымға орасан зор құрмет алып келді. Бұған оның көптеген жақсы қасиеттері де әсер етті: мейірімділігі, ілтипатшылдығы, тілектестігі, қарапайымдылығы, сыпайылығы, ұстамдылығы. Ол адамдарды мұқият тыңдап, қолынан келген көмегін аямайтын. Соның айғағы болар, Қазақстан тарихымен байланысты көптеген материалдардың авторларының еңбектерінің жарыққа шығуына көмек көрсетті. Ол «бұратана» халықтардың, Шығыс елдерінің сырын ашуға негізделген зерттеу жұмыстарының ізет тұтушысы болды.

Н.Ф. Катанов нағыз ғалым және ғылымның жаңашылы болды. Әрине, ол Ресейде түркітанудың негізін қалаушы болған жоқ. Оған дейін бұл салада М.А. Казембек, О.Н. Бетлинги, Ш. Уалиханов, К. Насыри, В.В. Радлов көп мәселелерді қарастырған болатын. Бірақ Н.Ф. Катанов түркітанудың деңгейін едәуір көтерді. Көп жағдайда ол түркі материалдарын басқа тілдестердің мәліметімен салыстырды. Ол бірінші болып ғылымға урянхай тілі жөніндегі (түрік тілдес ретінде) түсінікті енгізді. Оның түркітану жұмыстары ресей ғалымдарының, әрі шетелдік зерттеушілердің еңбектерінде аталып, сілтемелер беріледі.

Санкт-Петербургтегі Императорлық университетінде білім алған кезінде Н.Ф. Катановтың ұстазы В.В. Радлов болды. Көрнекті шығыстанушы, этнограф, археолог және педагог, ортаазиялық және сібір түрік тілдерінің зерттеушісі, түрік тілдері мен халықтарын салыстырмалы-тарихи зерттеудің жол салушысы В.В. Радлов университетте сабақ бермегенімен өзіндік ерекше курстар өткізіп, жеке сабақ жүргізді...Сондай тыңдаушылардың ішінде ерекше зерегі, кейін атақты болғаны Николай Федорович Катанов еді.

Есте сақтау қабылеті ерекше, бақылағыш және бала кезінен өзін-өзін және өзінің белсенділігін талдай білуге бейім болды.

Қазіргі таңда, барлық түркі тілдес мемлекеттерде рухани-адамгершілік процесі қайта өрлеу жағдайында ғалымның творчестволық мұрасын зерттеу және одан әрі қарай зерделеу түркі халықтарының тілінің және мәдениетінің дамуы және жетілу проблемаларын шешуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Валеев Р.М., Туғужекова В.И. Профессор Н.Ф. Катанов и его вклад в изучение этнографии и фольклора тюркских народов Центральной Азии // Р.М. Валеев, В.И. Туғужекова // Новые исследования Тувы. – 2011. – №.1. – с.186-238.

2. Алишина Х.Ч. Тобольское наследие профессора Н.Ф. Катанова // Наследие хакасского ученого, тюрколога, доктора сравнительного языкознания, востоковеда Николая Федоровича Катанова /

Материалы МНК, посвященной 150-летию со дня рождения ученого, 16-19 мая. 2012 г., Абакан: Хакасское книжное издательство, 2012, т.1, - 146 с.

3. Мангуш З.М. Исследователь тюркских народов Николай Федорович Катанов // Мир библиографии. 2006. №5, - с.47.

4. Благова Г.Ф. История тюркологии в России (вторая пол. XIX – нач. XX в.). Москва: Восточная литература, 2012. – 310 с.

5. Эпиграфический памятник Волжской Булгарии // Казанский Музейный вестник. 1921. №1-2, с.54-56; Гордлевский А. Памяти Н.Ф. Катанова // Новый Восток. Москва: Всероссийская Научная Ассоциация Востоковедения при НКН. кн.1. 1922; Гафаров А. Н.Ф. Катанов (к годовщине со дня смерти // Магариф. 1923. №3-4, с.71-75; Покровский И.М. Памяти проф. Н.Ф. Катанова // ИОАИЭ. 1923. Т.Х.вып.6, с.658-660; Проф. Н.Ф. Катанов – первый ученый из арабских турков // Жизнь Бурятии. 1924. №6, с.107-113; Харламович К.В. Проф. Катанов // Казанский музейный вестник. 1926. №1-2, с.87-95 және т.б.

6. Львова Свяишский разгром // Красная Татария. 1933, 2 июня; Катанов Н.Ф. / Большая Советская Энциклопедия. 1-е изд., Москва. 1937. т.31, с.735; Записки Хакасского НИИЯЛИ. 1951. вып.2, с.93; Алексеев М.П. Сибирь в известиях Западно-Европейских путешественников и писателей. Введение, тексты и комментарии. Иркутск: Восточносибирское краевое издательство ОГИЗа. 1936. т.1, ч.2. (2-я половина XVII века), 150 с.; Роборовский В.И. Путешествие в Восточный Тянь-Шань и в Тянь-Шань. Москва: ОГИЗ, 1949, 490 с. және т.б.

7. Мартынов Д.Е., Мартынова Ю.А., Валеев Р.М. Памятники уйгурского фольклора из материалов Н.Ф. Катанова в публикациях немецких востоковедов. Д.Е. Мартынов, Ю.А. Мартынова, Р.М. Валеев // Сборник статей и докладов участников XIII МНПК «Россия-Китай: история и культура» - Казань, 2020. - 8-10 октября, с.102-108.

8. Малов С.Е. Н.Ф. Катанов профессор Казанского университета (1862-1922) Вестник АН Каз ССР. Алматы. 1958. №5. 90-93 с.

9. Материалы и сообщения «К 100-летию со дня рождения Н.Ф. Катанова (1862-1962) // Ученые записки Тувинского НИИЯЛИ. Кызыл. 1963, вып.Х. с.211-235. – 312 с.; Материалы научной конференции, посвященной 100-летию со дня рождения проф. Н.Ф. Катанова // Ученые записки және т.б.

10. Иванов С.Н. Николай Федорович Катанов, 1862-1922: очерк жизни и деятельности. Изд-во АН ССР (Ленингр. отд.). 1962. – 162 с.

11. Иванов С.Н. Николай Федорович Катанов, 1862-1922: очерк жизни и деятельности. Издание 2-е. Москва: Наука. 1973. – с.130.

12. Халиков Р.Х., Шакурова Р.З. Еще одна страница из научного наследия Н.Ф. Катанова // Советская тюркология. 1981. №3, - с.36-38; Татаринцев Б.И. О научном наследии Н.Ф. Катанова и его место в Тюркской и Тувинской филологии // Вопросы Тувинской филологии, Кызыл. 1983, с.101-109; Катанов Н.Ф. Свадебный обряд // Составители Г.Г. Казачинова, В.К. Татарова, В.В. Чезыбаева, Н.М. Дувакина. Абакан: «Роса». 1997, - 36 с.; Катанов Н.Ф. Толкование снов, благословения, загадки, пословицы, поговорки // Составители Г.Г. Казачинова, В. Татарова. Абакан: «Роса», 1997 – 56 с.; Н.Ф. Катанов.

Автобиография и библиография // Составители И.Л. Кызылов. Изд.2-е, доп. Москва-Абакан. 2001, - 69 с.; Катанов Н.Ф. Избранные научные труды. Тезисы хакасского фольклора и этнографии (предпел., составл., подготовка статей и тезисов, пер. В.Е. Майногашевой, подбор научных статей В.Н. Тугужековой). Абакан: Айра. 2000, - 547 с.; Научное Наследие Н. Катанова и современное востоковедение. Материалы МНК, посвященной 140-летию со дня рождения Н.Ф. Катанова. Абакан: Изд-во Хакасского госуниверситета им. Н.Ф. Катанова, 2003, - 272 с.; Наследие Н.Ф. Катанова: история и культура тюркских народов Евразии. Доклады и сообщения международного научного семинара, 30 июня – 1 июля 2005 г. Казань, 2006, с.46-49; Катанов Н.Ф. Очерки Урянхайской земли. Дневник путешествия, исполненного в 1889 году по поручению Императорской Академии Наук и Императорского Русского Географического Общества [текст]: научное издание / Ответ.ред. К.А. Бигелдей науч. ред. М.П. Татаринцева; Музей Антропологии и этнографии им. Петра Великого (Кунсткамера), Тувинский институт гуманитарных исследований. Кызыл: ТИГИ при Правительстве РТ. 2011, - 383 с. және т.б.

13. Каксин А.Д. Н.Ф. Катанов: путь в науке и общественное служение. // Вестник Хакасского государственного университета им. Н.Ф. Катанова. Абакан: Изд-во Хакасского госуниверситета, 2012, №1, с.6-8; Катанов Н.Ф. Избранные научные труды. т.1. Хакасский НИИЯЛИ. Абакан: Хак. кн. изд-во. 2012, - 196 с.; т.2. 2012, - 160 с.; Наследие хакасского ученого, тюрколога, доктора сравнительного языкознания, востоковеда Николая Федоровича Катанова // Материалы МНК, посвященной 150-летию со дня рождения ученого 16-19 мая 2012 г., т.1. Абакан: Хакасское кн. изд-во. 2012. – 146 с.; Султанбаева

К.И. Использование наследия Н.Ф. Катанова в образовательном процессе [Электронный ресурс]: учебно-методический комплекс по дисциплине: конспект лекций: учебное электронное издание. Абакан: Изд-во ХГУ им. Н.Ф. Катанова, 2013 – УМКД. Загл. с контейнера; Прохоров И. Сказ о смелой царевне Тойдым и Байтереке // Казахстанская правда, 2020, 28 августа.

14. Валеев Р.М., Валеева Р.З. Наследие Н.Ф. Катанова: архивные и музейные центры, фонды и материалы (исследовательский проект) // Архивные документы в системе объективного научного знания. Материалы IV Межрегиональной НПК (12 октября 2022 г.). Абакан: ООО «Книжное издательство «Бригантина», 2022, - с.40-46; Валеев Р.М., Валеева Р.З., Туғужекова В.Н. Научное путешествие Н.Ф. Катанова в Хакасию, Туву и Сынъязян (к 160-летию со дня рождения) // Азиатские исследования: история и современность. 2022, №1(1), - с.16-29; Валеев Р.М., Валеева Р.З., Туғужекова В.Н. Рукописное наследие Н.Ф. Катанова в фондах российских архивов: дневники и материалы путешествия в Сибирь и Сынъязян (1889-1992 гг.): к 160-летию со дня рождения // Ориенталистика. 2022. №5(2), с.30-314; Валеев Р.М., Валеева Р.З. Профессор Н.Ф. Катанов и отечественная университетская тюркология: Санкт Петербург – Казань // Проблемы теории и методики профессионального лингвистического образования: издательство «Познание» Казанского инновационного университета, 2022, - с.180-182; Валеев Р.М., Валеева Р.З., Туғужекова В.Н. Тюркские народы в наследии Н.Ф. Катанова: к 160-летию со дня рождения // Ломоносовские чтения. Востоковедение и африканистика (Москва, 14-22 апреля 2022 г.): материалы научной конференции / Институт стран Азии и Африки / отв. ред. А.А. Маслов [электронный ресурс]. – Москва: ИСАА МГУ им. М.В. Ломоносова. 2022. – с.271-273; Валеев Р.М., Валеева Р.З., Туғужекова В.Н. Проф. Н.Ф. Катанов и его путешествие в Сибирь и Восточный Туркестан (1889-1892 гг.): Архивные фонды, неопубликованные дневники и письма // Тюрко-Монгольский мир в прошлом и настоящем. Пятая НПК памяти С.Г. Кляшторного (1928-2014). 20-21 февраля 2023 г., Санкт-Петербург. Программа «Тезисы» СПб 2023, - с.8; Валеев Р.М., Валеева Р.З., Туғужекова В.Н. Профессор Н.Ф. Катанов – тюрколог, путешественник и просветитель (новые архивные документы и фонды): к 160 летию со дня рождения // Программа и тезисы XXX Международной научной конференции «Дмитриевские чтения», Москва. ИСАА МГУ. 7 апреля 2023 года. М., 2023, с.106-107.

15. Известия Общества археологии, истории и этнографии при Императорском Казанском университете. Том XXIV. вып.5. Казань. 1908, - 350 с.

16. Калиев С. Краткая история России (киргизское стихотворение // Ученые записки императорского Казанского университета. – Казань: типо-лит. унив-та, 1903. – кн.7-8. – июль-август. – 368 с. – прилож. с.1-29.

17. Бекимов М.Н. Материалы к изучению киргизского народного эпоса // Известия Общества археологии, истории и этнографии. 1904. т.XX. вып. 4-5. с.218-232. – 1036 с.

18. Алектеров А.И. Песня алашынца Байтока на смерть хана Джангира. / Записанная и переведенная А.Е. Алектеровым; Присл. Н.Ф. Катанова. // Известия общества археологии, истории и этнографии. 1898. т.XIV. вып.1-6. 1897-1898. – Казань: тип-лит. имп. Казанского университета. 1898. – с.673-691. – 735 с.

19. Национальный Архив Республики Татарстан. ф.969. оп.1. д.14.

20. Катанов Н.Ф. Опыт исследования Урянхайского языка с указанием главнейших родственных отношений его к другим языкам тюркского корня. – т.1./ Н.Ф. Катанов – Казань: типо-литография Императорского университета, 1903. – 832 с.

References:

1. Valeev R.M., Tuguzhekova V.I. Professor N.F. Katanov i ego vklad v izuchenie etnografii i fol'klora tyurkskih narodov Central'noj Azii // R.M. Valeev, V.I. Tuguzhekova // Novye issledovaniya Tuvy. – 2011. – №1. – s.186-238.

2. Alishina H.Ch. Tobol'skoe nasledie professora N.F. Katanova // Nasledie hakasskogo uchenogo, tyurkologa, doktora sravnitel'nogo yazykoznanija, vostokoveda Nikolaya Fedorovicha Katanova / Materialy MNK, posvyashchennoj 150-letiyu so dnya rozhdeniya uchenogo, 16-19 maya. 2012 g., Abakan: Hakasskoe knizhnoe izdatel'stvo, 2012, t.1, - 146 s.

3. Mangush Z.M. Issledovatel' tyurkskih narodov Nikolaj Fedorovich Katanov // Mir bibliografii. 2006. №5, - s.47.

4. Blagova G.F. Istoriya tyurkologii v Rossii (vtoraya pol. XIX – nach.XX v.). Moskva: Vostochnaya literatura, 2012. – 310 s.

5. Epigraficheskiy pamyatnik Volzhskoj Bulgarii // Kazanskiy Muzejnyy vestnik. 1921. №1-2, s.54-56; Gordlevskij A. Pamyati N.F. Katanova // Novyj Vostok. Moskva: Vserossiyskaya Nauchnaya Associaciya Vostokovedeniya pri NKN. kn.1. 1922; Gafarov A. N.F. Katanov (k godovshchine so dnya smerti // Magarif. 1923. №3-4, s.71-75; Pokrovskij I.M. Pamyati prof. N.F. Katanova // IOAIE. 1923. T.H.vyp.6, s.658-660; Prof. N.F. Katanov – pervyj uchenyj iz arabskih turkov // Zhizn' Buryatii. 1924. №6, s.107-113; Harlamovich K.V. Prof. Katanov // Kazanskiy muzejnyy vestnik. 1926. №1-2, s.87-95 zhane t.b.
6. Lvova Sviyashskij razgrom // Krasnaya Tatarsiya. 1933, 2 iyunya; Katanov N.F. / Bol'shaya Sovetskaya Enciklopediya. 1-e izd., Moskva. 1937. t.31, s.735; Zapiski Hakasskogo NIIYaLI. 1951. vyp.2, s.93; Alekseev M.P. Sibir' v izvestiyah Zapadno-Evropskikh puteshestvennikov i pisatelej. Vvedenie, teksty i kommentarii. Irkutsk: Vostochnosibirskoe kraevoe izdatel'stvo OGIZA. 1936. t.1, ch.2. (2-ya polovina XVII veka), 150 s.; Roborovskij V.I. Puteshestvie v Vostochnyj Tyan'-Shan' i v Tyan'-Shan'. Moskva: OGIZ, 1949, 490 s. zhane t.b.
7. Martynov D.E., Martynova Yu.A., Valeev R.M. Pamyatniki ujugurskogo fol'klora iz materialov N.F. Katanova v publikacijah nemeckih vostokovedov. D.E. Martynov, Yu.A. Martynova, R.M. Valeev // Sbornik statej i dokladov uchastnikov XIII MNPK «Rossiya-Kitaj: istoriya i kul'tura» - Kazan', 2020. - 8-10 oktyabrya, s.102-108.
8. Malov S.E. N.F. Katanov professor Kazanskogo universiteta (1862-1922) Vestnik AN Kaz SSR. Almaty. 1958. №5. 90-93 s.
9. Materialy i soobshcheniya «K 100-letiyu so dnya rozhdeniya N.F. Katanova (1862-1962) // Uchenye zapiski Tuvinskogo NIIYaLI. Kyzyl. 1963, vyp.X. s.211-235. – 312 s.; Materialy nauchnoj konferencii, posvyashchennoj 100-letiyu so dnya rozhdeniya prof. N.F. Katanova // Uchenye zapiskizhane t.b.
10. Ivanov S.N. Nikolaj Fedorovich Katanov, 1862-1922: ocherk zhizni i deyatel'nosti. Izd-vo AN SSR (Leningr. otd.). 1962. – 162 s.
11. Ivanov S.N. Nikolaj Fedorovich Katanov, 1862-1922: ocherk zhizni i deyatel'nosti. Izdanie 2-e. Moskva: Nauka. 1973. – s.130.
12. Halikov R.H., Shakurova R.Z. Eshche odna stranica iz nauchnogo naslediya N.F. Katanova // Sovetskaya tyurkologiya. 1981. №3, - s.36-38; Tatarincev B.I. O nauchnom nasledii N.F. Katanova i ego mesto v Tyurkskoj i Tuvinskoj filologii // Voprosy Tuvinskoj filologii, Kyzyl. 1983, s.101-109; Katanov N.F. Svadebnyj obryad // Sostaviteli G.G. Kazachinova, V.K. Tatarova, V.V. Chezybaeva, N.M. Duvakina. Abakan: «Rosa». 1997, - 36 s.; Katanov N.F. Tolkovanie snov, blagosloveniya, zagadki, posloviy, pogovorki // Sostaviteli G.G. Kazachinova, V. Tatarova. Abakan: «Rosa», 1997 – 56 s.; N.F. Katanov. Avtobiografiya i bibliografiya // Sostaviteli I.L. Kyzyl. Izd.2-e, dop. Moskva-Abakan. 2001, - 69 s.; Katanov N.F. Izbrannye nauchnye trudy. Tezisy hakasskogo fol'klora i etnografii (predpel., sostavl., podgotovka statej i tezisev, per. V.E. Majnogashevoj, podbor nauchnyh statej V.N. Tuguzhekoj). Abakan: Ajra. 2000, - 547 s.; Nauchnoe Nasledie N. Katanova i sovremennoe vostokovedenie. Materiala MNK, posvyashchennoj 140-letiyu so dnya rozhdeniya N.F. Katanova. Abakan: Izd-vo Hakasskogo gosuniversiteta im. N.F. Katanova, 2003, - 272 s.; Nasledie N.F. Katanova: istoriya i kul'tura tyurkskih narodov Evrazii. Doklady i soobshcheniya mezhdunarodnogo nauchnogo seminar, 30 iyunya – 1 iyulya 2005 g. Kazan', 2006, s.46-49; Katanov N.F. Ocherki Uryanhajskoj zemli. Dnevnik puteshestviya, ispolnennogo v 1889 godu po porucheniyu Imperatorskoj Akademii Nauk i Imperatorskogo Russkogo Geograficheskogo Obshchestva [tekst]: nauchnoe izdanie / Otvet.red. K.A. Bigeldej nauch. red. M.P. Tatarinceva; Muzej Antropologii i etnografii im. Petra Velikogo (Kunstkamera), Tuvinskij institut gumanitarnyh issledovanij. Kyzyl: TIGI pri Pravitel'stve RT. 2011, - 383 s. zhane t.b.
13. Kaksin A.D. N.F. Katanov: put' v nauke i obshchestvennoe sluzhenie. // Vestnik Hakasskogo gosudarstvennogo universiteta im. N.F. Katanova. Abakan: Izd-vo Hakasskogo gosuniversiteta, 2012, №1, s.6-8; Katanov N.F. Izbrannye nauchnye trudy. t.1. Hakasskij NIIYaLI. Abakan: Hak. kn. izd-vo. 2012, - 196 s; t.2. 2012, - 160 s.; Nasledie hakasskogo uchenogo, tyurkologa, doktora sravnitel'nogo yazykoznanija, vostokoveda Nikolaya Fedorovicha Katanova // Materialy MNK, posvyashchennoj 150-letiyu so dnya rozhdeniya uchenogo 16-19 maya 2012 g., t.1. Abakan: Hakasskoe kn. izd-vo. 2012. – 146 s.; Sultanbaeva K.I. Ispol'zovanie naslediya N.F. Katanova v obrazovatel'nom processe [Elektronnyj resurs]: uchebno-metodiicheskij kompleks po discipline: konspekt lekcij: uchebnoe elektronnoe izdanie. Abakan: Izd-vo HGU im. N.F. Katanova, 2013 – UMKD. Zagl. s kontejnera; Prohorov I. Skaz o smeloy carevne Tojdym i Bajtereke // Kazahstanskaya pravda, 2020, 28 avgusta.
14. Valeev R.M., Valeeva R.Z. Nasledie N.F. Katanova: arhivnye i muzejnye centry, fondy i materialy (issledovatel'skij proekt) // Arhivnye dokumenty v sisteme ob'ektivnogo nauchnogo znaniya. Materialy IV Mezhhregional'noj NPK (12 oktyabrya 2022 g.). Abakan: OOO «Knizhnoe izdatel'stvo «Brigantina», 2022, - s.40-46; Valeev R.M., Valeeva R.Z., Tuguzhekova V.N. Nauchnoe puteshestvie N.F. Katanova a Hakassiyu, Tuvu i

Sin'czyan (k 160-letiyu so dnya rozhdeniya) // Aziatskie issledovaniya: istoriya i sovremennost'. 2022, №1(1), - s.16-29; Valeev R.M., Valeeva R.Z., Tuguzhekova V.N. Rukopisnoe nasledie N.F. Katanova v fondah rossijskih arhivov: dnevniki i materialy puteshestviya v Sibir' i Sin'czyan' (1889-1992 gg.): k 160-letiyu so dnya rozhdeniya // Orientalistika. 2022. №5(2), s.30-314; Valeev R.M., Valeeva R.Z. Professor N.F. Katanov i otechestvennaya universitetskaya tyurkologiya: Sankt Peterburg – Kazan' // Problemy teorii i metodiki professional'nogo lingvisticheskogo obrazovaniya: izdatel'stvo «Poznanie» Kazanskogo innovacionnogo universiteta, 2022, - s.180-182; Valeev R.M., Valeeva R.Z., Tuguzhekova V.N. Tyurkskie narody v nasledii N.F. Katanova: k 160-letiyu so dnya rozhdeniya // Lomonosovskie chteniya. Vostokovedenie i afrikanistika (Moskva, 14-22 aprelya 2022 g.): materialy nauchnoj konferencii / Institut stran Azii i Afriki / otv. red. A.A. Maslov [elektronnyj resurs]. – Moskva: ISAA MGU im. M.V. Lomonosova. 2022. – s.271-273; Valeev R.M., Valeeva R.Z., Tuguzhekova V.N. Prof. N.F. Katanov i ego puteshestvie v Sibir' i Vostochnyj Turkestan (1889-1892 gg.): Arhivnye fondy, neopublikovannye dnevniki i pis'ma // Tyurko-Mongol'skij mir v proshlom i nastoyashchem. Pyataya NPK pamyati S.G. Klyashtornogo (1928-2014). 20-21 fevralya 2023 g., Sankt-Peterburg. Programma «Tezisy» SPb 2023, - s.8; Valeev R.M., Valeeva R.Z., Tuguzhekova V.N. Professor N.F. Katanov – tyurkolo, puteshestvennik i prosvetitel' (novye arhivnye dokumenty i fondy): k 160 letiyu so dnya rozhdeniya // Programma i tezisy XXX Mezhdunarodnoj nauchnoj konferencii «Dmitrievskie chteniya», Moskva. ISAA MGU. 7 aprelya 2023 goda. M., 2023, s.106-107.

15. *Izvestiya Obshchestva arheologii, istorii i etnografii pri Imperatorskom Kazanskom universitete. Tom XXIV. vyp.5. Kazan'. 1908, - 350 s.*

16. *Kaliev S. Kratkaya istoriya Rossii (kirgizskoe stihotvorenie // Uchenye zapiski imperatorskogo Kazanskogo universiteta. – Kazan': tipo-lit. univ-ta, 1903. – kn.7-8. – iyul'-avgust. – 368 s. – prilozh. s.1-29.*

17. *Bekimov M.N. Materialy k izucheniyu kirgizskogo narodnogo eposa // Izvestiya Obshchestva arheologii, istorii i etnografii. 1904. t.XX. vyp. 4-5. s.218-232. – 1036 s.*

18. *Alekterov A.I. Pesnya alashinca Bajtoka na smert' hana Dzhangira. / Zapisannaya i perevedennaya A.E. Alekterovym; Prisl. N.F. Katanova. // Izvestiya obshchestva arheologii, istorii i etnografii. 1898. t.XIV. vyp. 1-6. 1897-1898. – Kazan': tip-lit. imp. Kazanskogo universiteta. 1898. – s.673-691. – 735 s.*

19. *Nacional'nyj Arhiv Respubliki Tatarstan. f.969. op.1. d.14.*

20. *Katanov N.F. Opyt issledovaniya Uryanhajskogo yazyka s ukazaniem glavnejshih rodstvennyh otnoshenij ego k drugim yazykam tyurkskogo kornya. – t.1./ N.F. Katanov – Kazan': tipo-litografiya Imperatorskogo universiteta, 1903. – 832 s.*

Садықов Т.С. *¹, ²Елкей Н.Е.

¹Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, «Қазақстан тарихы» кафедрасының профессоры, т.ғ.д.,
Қазақстан Республикасы, Астана e-mail: atashka54@list.ru

²Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, «Қазақстан тарихы» кафедрасының докторанты,
Қазақстан Республикасы, Астана e-mail: muzlife.nbek@mail.ru

ХАЙРЕТДИН БОЛҒАНБАЕВТЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ (АРХИВ ДЕРЕКТЕРІ БОЙЫНША)

Аңдатпа

Мақалада, XX ғ. қазақ халқының тәуелсіздігі жолында күрескен мемлекет қайраткері, алаш қозғалысының белсенді мүшесі Хайретдин Болғанбаевтың оқу-ағартушылық саладағы қызметіне қатысты архивтік деректерге жүргізілген зерттеу нәтижелері баяндалады. Х.Ә. Болғанбаев 1924-1928 жылдары Петропавл губерниялық халық ағарту бөлімінде меңгеруші, кеңес партия мектебінің мұғалімі қызметтерін атқарды. Архив деректерінде оның Петропавл губерниялық халық ағарту бөліміндегі 3 жылдық педагогикалық курста дәріскер болған кезіндегі қызметі, оқулық жазу ісіндегі еңбегі толыққанды баяндалады. Сонымен қатар, Ақмола мен Ташкент қалаларында оқушыларға сабақ беріп, ұлт зиялылары бастаған сауатсыздықты жою ісіне белсенді қатысты. Оның оқулық даярлау ісіндегі қызметіне қатысты Орынбор қаласында өткен жиында «жалпы тарих» оқулығын жазу міндеті жүктеледі. Х. Болғанбаевтың ағартушылық қызметіне қатысты ҚР ОМА қорындағы құжаттарды талдау, хронологиялық әдіс арқылы архивтік құжаттарға кезеңдер бойынша сипаттама жасалады. Әсіресе, алаш қайраткерінің өмірі мен ағартушылық қызметіне қатысты жекелеген зерттеушілердің еңбектеріндегі естеліктер мен жеке зерттеулер жинақталып, бір жүйеге келтіріледі. Сонымен қатар, Х. Болғанбаевтың өмірі мен ағартушылық қызметіне қатысты «тұлғатану», «ғұмырнама» бағытындағы жүргізілген зерттеу нәтижелері мақалада жан-жақты қарастырылып, нақты мәліметтер ұсынылады.

Кілт сөздер: Х. Болғанбаев, ағартушылық, ұлт зиялылары, архив, білім беру, ұйымдастырушы.

Садықов Т.С. *¹, Елкей Н.Е. ²

²Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилёва, доктор исторических наук, профессор
кафедры «Истории Казахстана», Республика Казахстан, Астана e-mail: atashka54@list.ru

²Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилёва, докторант кафедры «История
Казахстана», Республика Казахстан, Астана e-mail: muzlife.nbek@mail.ru

ПРОСВЕТИТЕЛЬСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ХАЙРЕТДИНА БОЛҒАНБАЕВА (ПО АРХИВНЫМ ДАННЫМ)

Аннотация

В статье излагаются результаты исследования архивных данных, касающихся деятельности в учебно-просветительской сфере государственного деятеля, активного члена движения алаш Хайретдина Болғанбаева, который боролся за независимость казахского народа в XX в. В 1924-1928 годах работал заведующим Петропавловским губернским отделом народного просвещения, учителем советской партийной школы. В архивных данных подробно рассказывается о его деятельности во время работы лектором на 3-летнем педагогическом курсе в Петропавловском губернском отделе народного просвещения, его заслугах в написании учебников. Кроме того, обучал школьников в городах Ақмола и Ташкент, принимал активное участие в деле ликвидации неграмотности во главе с интеллигенцией нации. Что касается его деятельности по подготовке учебника, то на совещании в г. Оренбурге будет поставлена задача написать учебник «Всеобщая история». Анализ документов из фондов ОМА РК, относящихся к просветительской деятельности Х. Болғанбаева, с помощью хронологического метода производится описание архивных документов по периодам. В частности, в трудах отдельных исследователей, касающихся жизни и просветительской деятельности деятеля Алаша, обобщаются и систематизируются

воспоминания и отдельные исследования. Кроме того, в статье подробно рассматриваются результаты проведенного исследования по направлению «личностоведение», «гуманнама», касающиеся жизни и просветительской деятельности Х. Болганбаева.

Ключевые слова: Х. Болганбаев, просветитель, интеллигенция нации, архив, образование, организатор.

*Sadykov T. ^{*1}, Yelkey N.N. ²*

¹*Doctor of Historical Sciences, Professor of the Department of History of Kazakhstan L.N. Gumilyov Eurasian National University Republic of Kazakhstan, Astana e-mail: atashka54@list.ru*

¹*Doctoral student of «History of Kazakhstan» L.N. Gumilyov Eurasian National University Republic of Kazakhstan, Astana e-mail: muzlife.nbek@mail.ru*

EDUCATIONAL ACTIVITIES OF HAYRETDIN BOLGANBAYEV (ACCORDING TO ARCHIVAL DATA)

Abstract

The article presents the results of a study of archival data on the activities of Khayretdin Bolganbayev, a statesman who fought for the independence of the Kazakh people of the XX century, an active member of the Alash movement in the educational and educational sphere. In 1924-1928, Kh.a. Bolganbaev held the position of head of the Petropavlovsk provincial Department of public education, teacher of the Soviet Party School. In the archive data, his activities as a lecturer in a 3-year pedagogical course at the Petropavlovsk provincial Department of public education, his work in writing textbooks are fully described. In addition, he taught students in Akmola and Tashkent, and took an active part in the elimination of illiteracy initiated by the National intelligentsia. In connection with his activities in the preparation of textbooks, the task is to write a textbook «General History» at a meeting in Orenburg. In relation to the educational activities of H. Bolganbayev, the analysis of documents from the fund of the Central School of the Republic of Kazakhstan, the description of archival documents by Stages is carried out using the chronological method. In particular, memories and individual studies in the works of individual researchers related to the life and educational activities of the Alash figure are collected and brought into a single system. In addition, the results of the research in the direction of «Personology», «life» related to the life and educational activities of H. Bolganbayev are considered in detail in the article and specific information is presented.

Keywords: H. Bolganbaev, educator, intelligentsia of the nation, archive, education, organizer.

Кіріспе. XX ғасырдың басында біліктілігі мен зияткерлік әлеуеті қалыптасқан ұлт зиялылары қазақ халқын жаппай сауаттылыққа жетелеп, ғылым мен білім саласында үлкен серпіліс жасады. Оқулықтар мен білікті мұғалімдерді даярлап, халықтың рухани оянуы сауат ашуда, оқу-білімде екендігін түсіндірді. Сол себепті де XX ғасырдағы ұлт зиялыларының ағартушылық жолы бүгінгі күнге дейін өзінің өзектілігін жойған емес. Халықтың дүниежүзілік мәдениеттің биік деңгейіне және еуропалық білімге жетуіне ықпал етуші ағартушы, көрнекті қоғам қайраткері – Хайретдин Болғанбаевтың ағартушылық қызметі мен ғылым саласында қалдырған өшпес идеяларын зерттеу бүгінгі таңда өзекті.

Хайретдин Болғанбаевтың мемлекеттік, саяси және қоғамдық қызметіне қатысты мәліметтерді жинақтауда оның сан қырлы қайраткер екендігін дәлелдейтін бірнеше дәлел ұсынамыз:

Біріншіден, Х. Болғанбаевтың мемлекет қайраткері ретіндегі қызметі ерекше болды. Себебі, ол Алаш партиясының белсенді мүшесі ретінде 1913-1918 жж. «Қазақ» газетінде, ал 1917-1919 жж. «Бірлік туы» және «Сарыарқа» газеттерінде ол туралы жазылған мақалаларда оның мемлекеттік қызметі туралы баяндалған бірнеше мақалалар жарияланды. Х. Болғанбаевтың мемлекеттік деңгейдегі қызметі ерекше еді [1, 105-б.].

Екіншіден, ол халықараралық деңгейдегі қайраткер еді. Оның бұл бағыттағы жұмыстары Түркістан автономиясын құру мен жариялауға байланысты істердегі белсенділігі еді. Бұл Х. Болғанбаевтың Орталық Азия халықтарының бостандығы үшін күресі деп білеміз.

Х. Болғанбаев I және II жалпы қазақ съезіне (Орынбор, 1917-1918) Түркістан мен Сырдария уездері атынан делегат болып қатысқан. 1917 жылы 17 желтоқсаннан 1918 жылы 11 ақпанға дейін өмір сүрген Түркістан автономиясын (Қоқанда жарияланған) құрысуға ат салысты. Бұл автономия большевиктер тарапынан күшпен талқандалғанын ол ашық һәм ашына жазды. Х.Болғанбаев 1917-1918 жылдары Ақмолада Алаш Комитетін құрып, төрағасы болған. 1919 жылы Түркістанда жұмысшылардың ағарту

одағының мүшесі, 1918-1920 жылдары (әр мерзімде) Ташкентте оқу ісінің меңгерушісі, мұғалім, 1921-1922 жылдары ТүрОАҚ (ТурЦИК)-тің сайлау ісі жөніндегі мүшесі болған [2, 14-б.].

Үшіншіден, оның журналистика саласындағы және баспа ісіндегі еңбегінің зор екендігі. Х.Болғанбаев алаш партиясының басты баспасөзі саналатын «Қазақ» газетінің тұрақты авторларының бірі болды. Ол ел тұтастығын сақтау, білім беру мен бостандық үшін күреске қатысты өзінің көзқарастарын білдіретін мақалалар жариялап тұрды. Ал баспагер ретінде «Бірлік туы» газетінің редакторы болды.

1916-1917 жылдары Ташкентте қазақ зиялылары «Кеңес» атты астыртын ұйым құрады. Осы ұйым өзінің ұлттық идеяларын іске асырудың бірнеше бағдарламаларын жасады. Ал бұл бағдарламаларды жариялайтын басты баспасөз органы «Бірлік туы» газеті еді. ол 1917 жылдың 24 маусымынан 1918 жылдың сәуір айына дейін Ташкент қаласында аптасына 1 рет шығып тұрды. Негізін қалаушы – М.Шоқай, ал шығару ісіне атсалысқан Х. Болғанбаев пен С. Қожанов болды. Газеттің алғашқы екі санына М.Шоқай, одан кейінгі он үш санына Х.Болғанбаев, он алтыншы санынан бастап С.Қожанов редакторлық жасады, барлығы 29 саны жарық көрді. Газет кеңестік биліктің орнығуымен қысымшылыққа түсіп, жабылды.

Төртіншіден, ұлттық ағартушылық саласына еңбегі сіңген, ұстаз-педагог. Солтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік архиві қорында Х. Болғанбаевтың 1924-1928 жж. Петропавл губерниялық халық ағарту комитетіне қарасты 3 жылдық қырғыз (қазақ) педагогикалық дайындық курсына дәріс бергендігі туралы деректер бар. Онда курс директоры болған Жұмағали Тілеулиннің естелігінде Х. Болғанбаевтың ұстаздық қызметін ерекше бағалап, 15 педагогтің ішінде ең үздігі еді деп көрсеткені бар. Осыдан-ақ оның ағартушылық салада табысты еңбек еткендігін білуге болады.

Белгілі алаштанушы ғалым, Х. Болғанбаевтың шығармаларын жинақтаушы Д. Қамзабекұлы: «Қалай дегенде, ұлтты дамыту, өркендету жолына аянбай тер төккен, тіпті жанын құрбан еткен Х.Болғанбаевтай дара тұлғалары тану мен таныту – елдігімізге сын, бүгінгі замандастарымызға да, ұрпақтарымызға да мерей» [3, 85-б.],-деп оның бүгінгі таңда әлі жарыққа шықпаған оқу-ағарту, мемлекеттік саясат, жер туралы мәселелеріне қатысты еңбектерін жинақтап шығару керектігін айтады.

Х.Ә. Болғанбаевтың ұлт тәуелсіздігі, мемлекеттік қызмет пен қазақ журналистикасы саласындағы еңбегі бүгінде зерттеліп, жаңа деңгейге жеткен. Ал оқу-ағарту саласындағы еңбегіне қатысты зерттеулер әлі де жаңа қырынан, архивтік деректермен толықтыруды қажет етеді. Сондықтан да мақаланың өзектілігі ретінде Х. Болғанбаевтың 1924-1928 жж. ағартушылық қызметін архив деректері бойынша зерттеу болып табылады.

Мақсаты мен міндеттері. Х.Ә. Болғанбаевтың ағартушылық қызметін архив деректері бойынша зерттеу, ғылыми айналымға енгізу. Осы мақсатқа жету үшін келесідей міндеттер орындалады:

- Х. Болғанбаевтың 1924-1928 жж. ағартушылық қызметіне қатысты деректерді жүйелеу;
- Х. Болғанбаевтың оқулық жазу ісіндегі қызметіне баға беру;
- Петропавл губерниялық халық ағарту бөлімінде дәріс беруші ретіндегі қызметін зерттеу;
- Архив қорындағы Х. Болғанбаевтың ағартушылық қызметіне қатысты деректерді жинақтап, ғылыми айналымға енгізу.

Материалдар мен әдістер. Ғылым мақаланы жазуда Хайретдин Болғанбаевтың ағартушылық қызметіне қатысты мұрасын зерттеуде тарихи қағидалар мен объективті көзқарастар пайдаланылды. Жұмыс архивтік құжаттарға негізделгендіктен жинақталған материалдар мен деректерді ғылыми айналымға енгізуде нақты тарихи-салыстырмалы, талдау, жинақтау және қорыту әдістері тиімді қолданылды.

Х.Болғанбаевтың ағартушылық қызметіне қатысты мәліметтерді 3 топқа бөліп қарастырамыз. Бірінші топқа, Х.Болғанбаевтың ғылыми қызметіне қатысты жеке еңбектерін жатқызамыз. Онда Х.Болғанбаевтың шығармалары [4] мен «Иман күші» атты еңбегінің маңыздылығы ерекше. «Иман күші» еңбегінде Х.Болғанбаевтың шығармаларының жинағы ұсынылған. Жинақта Алаш қозғалысының құрамында мемлекеттік қызмет атқарған кезіндегі съездер, жиналыстар мен маңызды шешімдері енгізілсін. Ал ағартушылық қызметіне байланысты «Медресе Хасениеде қазақ балалары» мен «Әдеби борышымыз» мақалаларында ағартушылық қызметі баяндалады [5].

Екінші топқа, Х. Болғанбаев туралы зерттеу еңбектерін жатқызамыз. Бұл топтағы зерттеушілердің ішінде Д. Камеловтың еңбегінің маңыздылығы ерекше. Еңбек архив құжаттары (Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві) мен естеліктерге негізделген [6]. Сонымен қатар, әдебиет қаламгерлері мен тарихшылардың жекелеген мақалалары да Х. Болғанбаевтың тұлғалық қасиеті мен мемлекеттік-саяси және ағартушылық қызметін ашып көрсетуге бағытталды. Х. Болғанбаев туралы әр кездері Д.Қамзабекұлы [7], Қ.Нұрмағамбетов [8], С.Ақтаев [9], Д.Асауов [10], С. Нагимов [11] т.б. ғалымдар мен журналистер түрлі бағытта мақалалар, еңбектер жариялады.

Үшінші топқа, архив қорындағы құжаттарды жатқызамыз. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің 14-қор [12] мен Солтүстік Қазақстан облыстық архивіндегі сақтаулы «Стапная звезда» газетінің [13] 1926 жылғы №78 нөмерінде жарық көрген мақалаларда Х. Болғанбаевтың ағартушылық қызметіне қатысты деректер берілген.

Талқылау. Хайретдин Болғанбаев – қазақ ғылымы мен мәдениетінде ұмытылып бар жатқан тұлғалардың бірі. Оның мемлекеттік (Түркістан автономиясын құру), қоғамдық-саяси қызметі (қазақ жерін сақтап қалу) белгілі дәрежеде зерттеліп, ғылыми айналымға енгізілген. Ал ағартушылық саладағы қызметіне қатысты зерттеулер әлі де толықтыруды қажет етеді. Сондықтан да осы мақалада Х.Ә. Болғанбаевтың ХХ ғ. 20-жылдарындағы ағартушылық қызметіне қатысты зерттеу жүргізіледі.

Хайретдин Әбдірахманұлы Болғанбаев (1894-1937) – Ақмола облысы, Қорғалжын өңіріндегі Жосалы атты ауылда дүниеге келген. Шығу тегі бойынша оқыған, көзі ашық отбасыдан шыққан. Әкесі Әбдірахман Меккеге барып, қажы атанған [174-б.]. Сол себепті де ол жалғыз ұлының көзі қарақты, көкірегі ояу болғанын қалады.

Алаш қайраткері Хайретдин Әбдірахманұлының ата-тегі мен отбасы туралы мағлұматтарда аталары Арғынның ішіндегі Қуандық тайпасының бір негізгі тармағы болып саналатын Темеш руынан. Хайретдин отбасындағы 3 баланың ең үлкені еді. Хайретдин Әбдірахманұлының жеке отбасына келетін болсақ, ол Рахима Әкбарқызымен шаңырақ көтерді. Р.Ә. Болғанбаева – Ақмолаға келіп іскерлігімен танылған, қазақ Былқымбайдың Тәуірбала есімді қызын алған Халфин Уәли атты татар көпесінің немересі. Бір қызығы, қазаққа жиен Рахиманың әкесі Әкбар да Алаш жұртынан қыз алған. Енді мынаны байыптаңыз: Рахиманың шешесі – Мәзтура. Мәзтура атақты Шоқан Уәлихановтың тете қарындасы Бәдігүл Шыңғысқызынан туған. Хайретдин мен Рахима төрт перзент сүйген. Олар: Ерік, Гүлнар, Серік, Мұрат.

Х. Болғанбаев айдауда жүргенде Рахима орыс декабристерінің әйелдері секілді, бала-шағасымен артынан іздеп барған. Өкініштісі, Серік есімді балалары Сықтықкарда ауырып шетінеген. Көз жасты көрген Құдай 1932 жылы сол жерде бұларға Мұрат есімді ұл берген [4, 174-б.].

Жастайынан зерек, алғыр бала 1909 жылы ауыл мектебінде біліп алып, білімін медреседе жетілдіреді. Осы мақсатта 1909 жылы Орынбор қаласына аттанып, Хусайния медресесінде білім алады.

Хайретдин Орынборда «Хусайния» медресесінің шәкірт болып жүріп (6 сыныбын бітірген) Сыр өңірінің (бұрынғы Сырдария губерниясы Ақмешіт уезі, Шиелі болысының №7 ауылының танымал зиялысы Қалжан Қоңыратбайұлының шақыртумен келіп, оның кіші бауырлары, кейінгі танымал әдебиетші-ғалымдар 1905 жылғы Әуелбек пен 1907 жылғы Әлібек Қоңыратбаевтарды оқытады (соңғысы 1937 жылы атылған). Х.Болғанбай өз мамандығын әр кезде «мұғалім және газет қызметкері» деп көрсеткен. Әлбетте, осы тұста біз мынаны ескеруіміз керек: ХХ ғасыр басында көп зиялы өз бетінше маманданған.

Хусайния медресесі ХІХ ғ. соңы мен ХХ ғ. басында мұсылмандық білім беру жүйесіне әсер еткен білім ордасының бірі. 1889 ж. орынборлық ағайынды көпестер Хусаиновтардың бастамасымен ашылған медресе мұсылмандық білімді дамытудың, ұлттық мектептерді қалыптастырудың негізі болды. Медресені бітіргеннен кейін түлектер Ресей мен шет елде оқуларын жалғастыра алды. Мұндай мүмкіндік А.Г. Хусаиновтың 1904 ж. 20 қаңтарда жазып қалдырған рухани өсиеті бойынша мүмкін болды [14, 70-б.]. Осылайша, Х. Болғанбаевтың Хусайния медресесінде алған білімі сол кезеңде алаш партиясының басты баспасөз құралы «Қазақ» газетіне өз мақалаларын жариялауға мүмкіндік берді.

Алғырлығының арқасында ол кейін адам ретінде де, қоғам және саяси қайраткер ретінде де, қоғам және саяси қайраткер ретінде де ерте есейіп, есімі жиырма жастан асар-аспас кезінде жұрт аузына ілініп, халыққа танымал болды.

1917-1918 жж. Х. Болғанбаев «Бірлік туы» газетін шығару ісіне М. Шоқай мен С. Қожановпен бірге қатысты.

Х. Болғанбаевтың ағартушылық қызметіне қатысты мәліметтерді жүйелеуде оның 1924-1928 жж. өміріне зерттеу жүргізу маңызды. Осы кезеңде оның педагогикалық қызметінде жемісті жылдар саналды. Себебі, осы жылдарда Петропавл қаласы губерниялық халыққа білім беру бөлімінде, педагогикалық техникумда оқытушы және Кеңестік партия мектебінің оқу бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарады.

Петропавлда губерниялық халыққа білім беру бөліміндегі қызметі мектеп және кәсіптік білім беруді ұйымдастыру, оқулықтар даярлау мен баспа ісін жүргізу болды. Белгілі тарихшы К. Муканов ХХ ғ. 20-жылдарындағы Ақмола губерниясының құрамындағы Петропавл уезіндегі білім беру мәселесіне қатысты жазбасында келесідей мәліметтер келтіреді: ХХ ғ. 20-жылдары өңірде білім беру саласында кадр мәселесі өте өзекті еді. 1920 жылы Петропавлда М. Жұмбаев меңгеруші болған қысқа мерзімді мұғалімдер даярлау курсы ашылды. Бірақ, бұл курс дайындаған педагогтер саны жеткізіліксіз болды. Сол себепті басқа өңірлерден ашудың қажеттілігі туындады. 1920 жылы 16 маусымда РКФСР Халық ағарту

комиссариатының орынбасары М.Н. Покровский мен педагогтерді даярлау бөлімінің меңгерушісі Ж. Левинаның бастамасымен 3 жылдық педагогтерді даярлау курсының ережесі бекітілді [15, 32-б.]. Осы ереже негізінде Петропавлда 3 жылдық дайындық курсын ашу көзделді.

*Покровский М.Н. (1868-1932) – кеңестік қоғам және саяси қайраткер. 1918 ж. өмірінің соңына дейін РКФСР халық ағарту комиссарының орынбасары қызметін атқарады. Бұл қызметте ғылым мен жоғары білім саласына жауапты болды.

1922 ж. 7 қазанында Ақмола губерниялық халық ағарту комиссариатының педагогтерді даярлау курсының меңгерушісі Т.В. Кириковтың қатысуымен кеңес өткізілді. Кеңесте 3 топқа бөлінген (I топ – 40 адам, II топ – 40 адам, III топ (негізгі топ) – 30 адам) барлығы 110 адам қабылдау көзделді. I дайындық тобына 15 жасқа толған жергілікті қазақтар; II дайындық тобына қысқа мерзімді курстың бұрынғы тыңдаушылары, ауыл мектебін бітірушілер; III дайындық тобына (негізгі топ) – 2 жылдық мұғалімдік еңбек өтілі бар адамдар қабылданады. Дайындық тобына қатысушыларға арнайы 100 адамдық жатақхана ұйымдастыру көзделді. Енді осы дайындық курсын жүргізетін дәріскерлер: Болғанбаев, Айбасов, Баржаксина, Муратова және орыс тілінен Раствулли. Аталған адамдар дәріс оқу кезінде басқа қызметтен босатылып, тек оқыту процесімен айналысу тапсырылған. Оқу процесінің басталуы 16 қарашадан кешіктірілмей басталып, дәріс оқитын мұғалімдер белгіленген жерде болуы керек. Петропавлдағы 3 жылдық дайындық курсының басталуы мен ұйымдастырылуы туралы жергілікті халыққа газет арқылы хабарландыру таратылуы көзделген [15, 74-б.].

Аталған құжаттардан Х. Болғанбаевтың 1922 ж. 16 қарашасынан бастап Петропавл өңірінде ағарту саласында еңбек еткенін байқауға болады.

Келесі бір құжатта 1922-1923 жылдардағы педагогикалық техникумдардың ашылуы мен олардағы қазақ балаларының санына қатысты қызықты мәліметтер кездестіреміз. Қазақ педагогикалық мамандар даярлайтын курстар орыс тілінде оқытатын педагогикалық техникумдар секілді ашылған болатын. 1922-1923 оқу жылында қазақ педагогикалық техникумдарының саны 47, ал орыс тіліндегі педагогикалық техникумдар саны 66-ға жеткен болатын. Орыс педкурстарында балаларды қабылдау 7 жастап бастап жүргізілсе, ал қазақ тіліндегі педтехникумдарда тек бастауыш сыныпты аяқтағандардан қабылданды. Сондықтан да қазақ тілінде оқытатын педагогикалық техникумдарда алғашқы 2 жыл дайындық курсы ретінде, ал қалған 4 жылы негізгі дайындық курсы ретінде жүргізілді [6, 194-б.].

Қазақ бөлімінде дәріс берген оқытушылар: Тлеулин Жумағали, Болғанбаев Хайретдин, Жанибеков Жанузак, Мамеков Галауетдин, Айбасов Садуакас, Ержанов Баимбет, Айтхожин Сабыр, Саян Муратов [36-б.]. Аталған оқытушылар жұмыс жасаған кезеңде қазақ бөлімінде білім алушылар саны артқан болатын. Оған дәлел ретінде тарихшы К. Мукановтың еңбегінде келесі мәліметтер берілген: Жыл сайын қазақ тобына тапсырушылар саны артып отырды. 1923-1924 оқу жылының басталған кезінде қазақ тобында 77 бала білім алса, ал орыс тобында – 152-ге жетті. Ал 1924 жылдың 1 қаңтарында қазақ тобының техникумында 127 бала оқыды, оның 115-і қазақ, 12-сі татар ұлтының балалары болды.

1924 жылдың Губерниялық атқару комитеті педагогикалық техникумға қаладағы ең күшті оқу ғимараты бірінші Кеңестер үйін (бұрынғы Романовтар училищесі) берді. Бұл ғимаратта қазақ және орыс топтары бірге оқыды. Жаңа ғимаратта физика және химия пәндеріне арналған жеке кабинеттер жабдықталды және білім алуға қажетті жағдай жасалды. Білім алушыларға төленетін шәкіртақы көлемі де артып, 8 рубльге жетті. Оның 6 рублі тамақтануға, ал қалған 2 рублі басқа да қажеттіліктер үшін жұмсалды [15, 124-б.].

Х. Болғанбаевтың ағартушылық қызметі Петропавл уезіндегі педагогикалық курста жүргізілгендіктен Солтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік архивінде педагогикалық кеңестік хаттамалары сақтаулы. Архив қорындағы қоғамтану секциясының 1925 жыл 9 ақпанында жасалған хаттамасын ұсынамыз:

Қатысты: Тлеулин, Кибальчич, Болғанбаев, Кемелов, Омаров және қатысушы төрағалар: Мамбеталин, Жарқынов.

Күн тәртібінде:

1. Қоғамдық пәндер бойынша оқу бағдарламасын қарастыру;
2. Экономикалық география бойынша;
3. Тарих бойынша;
4. Саясаттану бойынша;
5. Орыс тілі бойынша [15, 44-б.]. Осы хаттамадан 3 жылдық педагогикалық курстың әрбір кеңесінде білікті кадрларды дарылауда қажетті оқулықтар мен көптеген маңызды мәселелердің қарастырылғанын байқауға болады.

3 жылдық педагогикалық курстың директоры болған Жұмағали Тілеулин мен Хайретдин Болғанбаевтың білім беру саласында көрқарастары мен негізгі мақсаттары бір болған белгілі. Себебі, Ж. Тілеулин аталған қазақ педагогикалық курсының ұйымдастырушысы әрі директоры бола жүріп тарих пәндерін оқытуға атсалысса, Х. Болғанбаев жалпы тарих оқулығын жазу ісіне қатысты [16, 98-б.].

Жұмағали Тілеулин Петропавлдағы 1922-1927 жж. 3 жылдық қазақ педагогикалық курсының ұйымдастырушысы әрі директоры болды. Бұл кезеңде педагогикалық курс өңірдегі ең үздік мәдени-ағартушылық мекемелердің біріне айналды. Онда өзін-өзі басқару ұйымы педагогикалық ұжыммен бірлесе отырып көптеген маңызды мәселелерді талқылады: оқулық даярлау, білім беру, оқу-тәрбие процесін басқару секілді мәселелер күн тәртібінде талқыланып, хаттамалары даярланып отырды. Жұмағали Тілеулин өзінің директорлығы кезеңінде жастарды тәрбиелеу мен оқытуға берілген ұйымшыл, тату оқытушылар ұжымын құрады алды. Белгілі тарихшы К. Мукановтың жазу бойынша 1922-1927 жж. 3 жылдық педагогикалық курстың директоры болған Ж. Тілеулин 15 педагогтің ішінде Хайретдин Болғанбаевты ерекше атап өтеді: «Болғанбаев Хайретдин (1894 жылы туылған) Орынбор қаласындағы «Хусайния» медресесін бітірген. 1924 жылдың 10 қазанынан бастап жұмыс жасайды. Губерниялық халыққа білім беру мекемесінде қызмет етеді».

Зерттеу нәтижесі. Алаш тарихының біздің мемлекетіміздің өткені туралы ең маңызды беттерінің бірі ретінде құндылығын жоғалтпай, демократиялық қозғалыстың қаншама ұлт зиялыларының қоғамдық қызметі мен ағартушылық мәселелері ғылыми зерттеулер мен басылымдарда жарияланып өз бағасын алды, соған қарамастан әліде сонша тың зерттеулерді талап ететін есімдері беймәлім саяси қуғын-сүргін құрбандары бар. Солардың бірі – 1894 жылы Ақмола облысы, Қорғалжын өңіріндегі Жосалы атты ауылда дүниеге келген Хайретдин Болғанбаев. Ол – көсемсөзші, ұстаз-педагог ретінде Алаш зиялылары бастаған ағартушылық жолда қызмет еткен бірігей жатқыр тұлға. Ұлт санаткерлерінің ойшылдық-зерделіліктен, мейірім-шапағаттан, рақым-құштарлықтан туындаған түйінді ой-пікірлері, елдің есеюі, көркеюі жолындағы ардақты істері, ағартушылық істері, ағартушылық қызметі – ұлт руханияты тарихындағы айрықша бір құбылыс, өзгеше бір әлем.

Мақаланың талқылау бөлімінде тек Х. Болғанбаевтың ағартушылық, оның ішінде Павлодардағы 3 жылдық қазақ (қырғыз) педагогикалық курсының дәріс беруші ретіндегі қызметіне қатысты Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві мен Солтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік архивіндегі құжаттар бойынша мәліметтерді келтірген болатынбыз. Енді оның оқулық даярлау саласына жеке тоқталып өтсек.

1921 жылдың 31 қаңтарында Орынбор қаласында Ахмет Байтұрсыновтың төрағалығы, Биыхмет Сәрсеновтың хатшылығы және Әлихан Бөкейхан, Елдес Омарұлы, Хайретдин Болғанбаев, Смағұл Сәдуақасұлы, Файзолла Ғалімжанұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Сәдуақас Сейфоллаұлы, Сабыр Айтқожаұлы хәм тағы басқалардың қатысуымен еліміздегі 1-інші және 2-інші буын мектептер үшін оқу құралдарын даярлауға байланысты арнайы мәжіліс өтеді. Міне, осы мәжілістің қаулысының оқулықтар жазу (5-ші) тармағы бойынша:

- а) Есеп: ...
- б) Өлшеу: Сәрсенов
- п) Жаратылыс ғылымы: Омаров пен Кеменгерев
- т) Физика: Ғалымжанов
- ж) Қазақ жағрафиясы: Бөкейханов
- х) Денсаулық ғылымы: Тілеулин
- д) Бастауыш алгебра: Омаров
- р) Тарбия ғылымы: Жұмабаев
- з) Үйрету ғылымы: Аймауытов

с) «Жалпы тарих» оқулығы: Болғанбаевқа [17, 398-б.] жүктеледі. Аталған оқу кітаптары дер кезінде жазылып, басылып шығып, 1928–1929 жылдарға шейін қазақ мектептерінде оқу құралы ретінде пайдаланылып келді. Өкінішке орай, сталиндік қуғын-сүргін жылдары бұл оқу құралдары отқа өртеліп, құртылып жіберілді. Хайретдин Болғанбаевтың оқулықтарды басып шығару ісіне араласқандығы туралы мәліметтерді оның НКВД-ның тергеушісіне берген хаттамасынан біле аламыз [5, 141 б.].

Жоғарыда айтылғандай «Бірлік туының» ұйымдастырушылары мен жанашырлары қазақтың проблемаларының басты себебінің бірі – сауатсыздық пен надандықта деп таныды. Олар «...халықтың ілімді болып, өзінің кім екенін хәм өзін бағушы патша мен төрелердің кімдер екенін анық түсінуі қажет. Халықтың түсінуі ондай уақытта онан өте қиын іс. Өйткені ол тәртіптің сүйенген күші надандық, қорыққан жауы ғылым болғандықтан ол қолынан келгенше халыққа ғылым нұрын түсірмеу жағына күш қылады», -

деп халқын ілім-білім мен ғылымға үндеумен болды. Мәселе басылымның бірнеше санда-рында көтерілді. Соның бірі «Келдин» бүркеме атымен жазылған «Бірлік туының» алғашқы ұйымдас-тырушыларының бірі Хайретдин Болғанбаевтың «Бірлік туының» 8 қыркүйектегі 8-ші нөмірінде жарық көрген «Ең керекті іс» мақаласы. Автор халқын бұрынғы патша заманындағы надандық, ілімсіздікпен қош айтысып, жаңа үкімет тұсындағы мүмкіндіктерді пайдалануға шақырады: «Енді өткен іске өкініш жоқ. Бірақ мұнан бұлай да саңлаусыз салтқа қарап жалпы жұрттың түсіп жатқан жолына түспей, келешектегі үмітімізге, ұлтшылық денімізге қызмет етерлік білім жемісінен мақұрым отырсақ үлкен ұят; ұлтымызға зор таңба; кетпес өкініш болар. Қай жұртты болсада ұлтшылық, құдайшылық жолына жеткізіп тәркі еттіретін: даңқ, аброй, атақ беріп бақыт жолына түсіретін негізді жолдың ілім екені шексіз. Соның үшін бізге де басқалармен қатар тең болып жасауды үміт етіп қызыл қарын жас баланың, кейінгі нәсіптің қамын ойлап сол оқу мезгілінде оқу жасындағы балаларды сабақтан қалдырмасқа тырысу, һәм оның үшін һәр жерден мектеп ашып іске кірісу ғана керек...». Мақала авторы бала тәрбиесінің ақсап кеткендігіне де қынжылады. Қазақ баласының доп қуып, бос жүргеніне намыстанып, бұл әрекетті оқу-біліммен алмастыруды қолдайды. Бала тәрбиесіндегі бастауыш мектептің рөліне мән бере келе: «Ата-ананың балаларға ішкі тәрбиені бере алмайтыны да белгілі бір іс. Себебі, ішкі тәрбие мектеп жұмысы. Сондықтан біздің балаларымызға ішкі тәрбие беріп дін, ұлт рухымен рухтандырып шығаратын бастауыш мектепке мұқтаждығымыз өте күшті. Күз оқу мезгілі басталғаннан бұлай басқа жұрттың балалары иығына бақша аралап жүргенде, біздің балаларымыздың бос ойында, үйден үйге, ауылдан ауылға қыдырып жүруі үлкен ұят, зор намыс. Халық! Енді осы ұят, осы намыс, осы мұқтаждықты халқымыздың ескерерлік жұрт ағасы болған қателеріміздің, қайырымды жомарт байларымыздың халқына қызмет етіп жол жоба көрсетерлік уақыттары осы халық пайдасын қызыл-қарын жас бала, қамын қайғырса іске кірісерлік уақыттары да осы. «Тоқтатуды ойламай, аштарға берген ас артық» деген «Абай» сөзін ұмытпайық» [2],-дей келе, халқын ілім-білімге, бала тәрбиесіне енжар қарамауға үндейді.

Хайретдин Болғанбаевтың тағы бір мақаласы газеттің тоғызыншы санында жарық көрген «Мұғалім және шәкірттер ескерсін» атты мақаласы. Автор баланың бастауыш білімді ана тілінде алуы керектігін айтады: «...Орынборда болып өткен жалпы қазақ съезі осыны ескеріп, бастауыш мектептер ана тілінде оқытылсын және «қазақ» емлесі қолданылсын деп қаулы шығарды. Бұл бізге міндет. Өйткені мұғалім оқыту жолына жүйрік болып, қолданған кітаптары балалардың ана тілінде, өз емлесінде болса, оқыту ісі жылдам ілгері баспақ...». Жалпы сол бір күрделі тарихи кезеңдегі зиялыларымыздың арман-мұратының бірі – қазақ балаларының ілім-білімді меңгеруі, ана тілінде білім алу мүмкіндігіне ие болуы еді [5, 69-б.].

Х. Болғанбаев та «оқу өнерінен» кенжелеп қалған халқын жарлы-жақыбайлының күнін артта қалдырып, бұдан әрі бұған төзбеуге шақырады. Ол «... біз – оқу, оқыту, өнер-білімнен кенжелеп кеш қалып, өзімізден жеткілікті мұғалімдеріміз жоқ болған жарлы халықтың біріміз. Соның үшін де бізге ең алдымен бастауыш мектептерді тарқы еттіріп өзімізден жетерлік, балаларға жақсы тәлім берерлік мұғалімдер шығару һәм шығу керек...», -деп Түркістан аймағында «мұғалімдер курсы» ұйымдастыру керектігін, ниет білдірушілер болса, Ташкенттегі «Бірлік туы» азаматтарының жол көрсетуге дайын екендігін айта кетеді. Халықты сауаттандыру, ана тіліндегі бар оқу құралдарының барынша қолданылуын қамтамасыз ету, олардың санын көбейту, қазақ тіліндегі ауыз әдебиетінің үлгілі ертегі, мақал-мәтел, жаңылтпаш, өлең-жұмбақтарын жинау, мұқтаж оқушыларға жәрдем беру, мектепке келген балаларды кітап, сия, қарындаш, дәптермен тегін қамтамасыз етуді жолға қою сияқты өзекті мәселелер басылым беттерінде жиі жарияланып тұрды [18, 14-б.].

Белгілі ғалым-профессор К.А. Ахметов ХХ ғасырдың 20-30 жылдары қазақ балалары үшін оқулықтар даярлаған ұлт зиялылары туралы көзқарасында келесідей мәліметтерді айтады: «ХХ ғ. 20-жылдарындағы барлық оқулықтар Алаш қозғалысының өкілдеріне тиесілі. Мысалы, алғашқы қазақ тілі мен әдебиет бойынша оқулық авторлары А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, Х. Досмұхамедов, А. Ермеков. Х. Болғанбаев. Алаш қозғалысының басқа да белсенді қатысушылары психология, педагогика, зоология, биология және медицина бойынша көптеген оқулықтар жазды. Бұл бағытта олар оқу құралдары мен оқулықтар даярлады» [19, 137-б.]. Міне, ұлт зиялыларының қазақ халқының білімді, һәм басқалардан күшті болғанын қалады. Осы жолда еңбек етті, оқулықтар жазды. Бірақ сол кезеңде жазылған оқулықтардың көп бөлігі кеңестік биліктің ықпалымен өртелді, көзі жойылды.

Аталған зерттеу нәтижелерін қорыта келе Х. Болғанбаевтың жеке атын ұлықтауға байланысты мәліметтерді де қосу беруді жөн санадық. Есімі ғылыми ортаға тек ХХ ғ. 90-жылдары ғана белгілі бола бастаған қайраткерге қатысты естелік және танымдық мақалалар жарық көріп, есімі ұлықтала бастаған болатын. Осы кезден бастап Х. Болғанбаевтың есімін ұлықтау, таныту мақсатында бірнеше ғылыми еңбектер жарық көре бастады. Белгілі ғалымдар тек ғалымның өмірі мен қызметін ғана емес, ғылыми

мұрасы мен шығармашылығына қатысты зерттеулер жүргізе бастады. Аталған зерттеушілердің ішінде Д.Қамзабекұлы, А. Шәріп, Қ. Нұрмағамбетов, Н. Сапуанов, Т. Боранғалиұлы, С. Ақтаев, Д. Асауов пен Т.Ысқақов сындық әдебиет қаламгерлері және тарих саласының белгілі ғалымдары еңбек етті.

Тәуелсіздік алғаннан кейін Х.Болғанбай құрметіне Астана және Ақмола облысы Қорғалжын ауданы орталығындағы көше аты берілген [2, 14-б.].

Алаш тұлғасы, даңқты азамат Хайретдин Болғанбайдың шығармашылығы мен тұлғасы – ұлттық тарихымыздың бір бөлшегі. Ұлтты дамыту, өркендету жолында аянбай тер төккен, тіпті жанын құрбан еткен Хайретдин Болғанбайдай дара тұлғаны тану мен таныту – бүгінгі замандастарымызға да, ұрпақтарымызға да парыз.

Қорытынды. Қорыға келе, Х.Ә. Болғанбаевтың халық ағарту саласына қосқан үлесі, оқу-ағарту саласын ұйымдастырушы ретіндегі қызметі өлшеусіз. Ол Жұмағали Тілеулинмен бірге Солтүстік Қазақстан тарихында алғаш рет мектеп және басқа да мекемелер үшін қазақстандық мамандар даярлау курсының ұйымдастырушы және дәріс оқушылардың бірі болды. Сондай-ақ ол Солтүстік Қазақстан облысында Қазақстан тарихын оқытуды ұйымдастырған. Оның бәр дәлелі 1916 жылғы көтеріліске қатысты алғашқылардың бірі болып, яғни өлке тарихын зерттеуші ретінде зерттеу жүргізуі.

Х. Болғанбаев ұлт тәуелсіздігі, оқу өнері, ғылым үйрету, оқулықтар туралы ой-толғамдарын «Қазақ», «Бірлік туы», «Сарыарқа», «Ұшқын», «Ақ жол», «Еңбекші қазақ» газеттерінде жариялап тұрды. Сонымен қатар, «Бірлік туы» газетінің №7-14 номерлерінің редакторы болып, «Еңбек туы» газетінде алқа мүшесі, «Қазақстан» мемлекеттік баспасында алқа мүшесі ретінде қызмет атқарды. Ақмола өңірінде туып-өсіп, Орынборда оқып-жетіліп, Ташкентте саясат айдынына көтеріліп, ХХ ғасырдың 30-жылдарындағы советтік қанқасапқа іліккен қайраткер, қаламгер, тұлға – Хайретдин Болғанбаевтың өмірі мен қызметі бүгінде зерттеуді қажет ететін, өзекті тақырыптардың бірі.

Х.Болғанбаев – қазақ мемлекеттігінің дәстүрін жалғастырған Алаш қозғалысының белсенді мүшесі, халықаралық деңгейдегі қайраткер, ұлттық журналистика мен баспасөздің іргетасын қалаушылардың бірі, ұлттық ағарту ісіне де өлшеусіз үлес қосқан азамат.

Кейінгі ұрпақ елдің өткен тарихында қазақ халқының жанашыры болған ХХ ғасырдың 20-30 жылдарында күрделі де сын кезеңде қазақ интеллигенциясының көрнекті өкілі Хайратдин Болғанбаев сияқты азамат болғаны ұмытпаса екен дейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: 12 томдық / Құраст.: К.Есмағамбетов. – Алматы: Дайк-пресс, 2012. – Т. 1. – 664 б.
2. Тұяқұлы Ж. Дара тұлға // Еуразия университеті. №17 (270) қыркүйек, 2018 жыл. – Б. 14.
3. Қамзабекұлы Д. Руханият. – Алматы: Білім, 1997. – 272 б.
4. Болғанбаев Х. Шығармалары. Тағылымы. – Астана: Парасат әлемі, 2005. – 256 б.
5. Болғанбай Х. Иман күші / Құраст. Д. Қамзабекұлы. – Алматы: Арыс, 2009. – 288 б.
6. Хайретдин Болғанбаев – свет неугасимой звезды / Д. Камелов; [под общ. ред. Д. Камзабекулы]. – Алматы: Дәуір, 2020. – 286 с.
7. Қамзабекұлы Д. Руханият. – Алматы: Білім, 1997. – 272 б.
8. Нұрмағамбетов Қ. Қайретдин аға халықтың қамқоры еді // Жұлдыз, №11-12, 1995. – Б. 47-53.
9. Ақтаев С. Х.Болғанбаев кім болған? // «Ақиқат», №12, 2003. – Б. 7-10.
10. Асауов Д. Халықшыл Хайретдин // «Егемен Қазақстан», 2.05.2013. – Б. 7-8.
11. Нагимов С. Шоқайдан – алғыс, Мағжаннан мақтау алған Хайретдин Болғанбаев // Жұлдыз. №9, 2006. – Б. 180-182.
12. ҚР ОМА (бұдан әрі – Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві). 14-қор,3-тізім, 4-іс. 11-14 нн.
13. Степная звезда. 1926. 23 июля, №78.
14. Денисов Д.Н. Роль Оренбургского медресе «Хусаиния» в развитии мусульманского образования // Ученые записки Казанского государственного университета. Том 152, кн. 3, ч. 2. 2010. – С. 68-78.
15. Муканов К. Жұмағали Тлеулин – деятель «Алаш-Орды»: Документальная биография: биография отдельного лица. – Алматы: Жибек жолы, 2005. – 216 с.
16. Чакенова Б.А., Калыбекова М.Ч. Жұмағали Тілеулиннің қоғамдық-саяси және ағартушылық қызметі // Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы № 4 (76), 2018. – Б. 97-101.

17. Әбілдос Р.Ә. Хайретдин Болғанбаевтың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметінің негізгі кезеңдері // «Ұлы даланың ұлы есімдері: жастарды патриоттық тәрбиелеудің ғылыми-теориялық және зерттеу мәтініндегі практикалық қырлары» атты жас тарихшы ғалымдардың VII Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, 2019. – Б. 292-302.

18. Раджапов А.Ө., Байдильдина С.Х. «Бірлік туы» газеті тарихи дереккөзі ретінде. Оқу құралы (Қазақстанның қазіргі заман тарихы курсы бойынша). – Алматы: АЭЖБУ, 2021. – 137 б.

19. Ахметов А.К. Алаш и Ауэзов. – Алматы: Жазушы, 2007. – 350 с.

Reference

1. Shoqai M. Shygarmalarynyn tolyq zhinagy: 12 t. [Full collection of works by Shokai M.] / Qurast.: K.Esmagambetov. – Алматы: Daik-press, 2012. – Т. 1. – 664 б. [In Kazakh]

2. Tyuquly Zh. Dara tulga [Individual personality] // Euraziya universiteti. №17 (270), 2018. – B. 14. [In Kazakh]

3. Qamzabekuly D. Ruhaniyat. – Алматы: Bilim, 1997. – 272 б. [In Kazakh]

4. Bolganbaev H. Shygarmalary. Tagylymy [Works Of H. Bolganbaev. Teaching]. – Astana: Parasat alemi, 2005. – 256 б. [In Kazakh]

5. Bolganbai H. Iman kushi [The power of faith] / Qurast. D. Qamzabekuly. – Алматы: Arys, 2009. – 288 б. [In Kazakh]

13. Қойгелдиев М.Қ. Алаш қозғалысы. Оқу құралы. Алматы. 1995. – 368 б. Бәкір Ә.Қ. Алаш қозғалысы саяси топ басшыларының әлеуметтік көзқарастары. Оқу құралы. Астана, 2008. – 180 б.
14. «Еуразияның түркі және мұсылман халықтарының саяси көшбасшылары: тұлғалар, идеялар, тағдырлар. XX ғасырдың басы» атты қоғам және мемлекет қайраткері, «Алаш» қозғалысының көшбасшысы, «Алашорда» автономиялық үкіметінің төрағасы Әлихан Бөкейхановтың 150 жылд.арн. Халықар. ғыл.-тәжіриб. конф. мат. Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2016. – 210 б.
15. Аршабеков Т.Т. Алаштың Әлиханы. Қарағанды, 2016. – 130 б.
16. Ә. Бөкейхан. Шығармаларының толық жинағы. О земледелии в Токраунской, Котан-Булакской, и Западно-Балхашской волостях Каркаринского уезда Алматы 2009. Т1.

References:

1. Koigeldiev M. K. *The Alash movement. Volume I. Almaty: School, 2008. – 480*
2. Bukeikhanov A. N. *Essays. - Almaty: Kazakhstan, 1994.-384 p.*
3. Koigeldiev M. K., Omarbekov T. *What does the story say?. Almaty. Native language, 1993. - 208 p.*
4. Koigeldiev M. K. *History of Kazakhstan. Almaty: school, 2007. - 304b.*
5. Koigeldiev M. K. *History is a field of struggle. Articles, Interviews. Almaty: Karatauk, 2015. - 288 p.*
6. Kozybayev M. K. *History of Kazakhstan. Almaty: Kazakhstan 1994. – 224 p.*
7. Nurpeisov K. *Alash ham Alashorda. - Almaty: Atatek, 1995. - 253 P.*
8. akkululy S. *works of Alikhan Bokeikhan. In 9 volumes. Astana: Saryarka, 2013-2018.*
9. Ozganbai O. *The Russian State Duma and Kazakhstan (1905-1917).). Almaty, 1997. - 461 p.*
10. Kakishov T. *The Kazakh intelligentsia. Almaty, 2011. - 416 p.*
11. Bukeikhanov A. *writings / A. Bukeikhanov, M. Koigeldiev. - Almaty: Kazakhstan, 1994.-384 p.*
12. akkululy S. *works of Alikhan Bokeikhan. In 9 volumes. Astana: Saryarka, 2013-2018.*
13. Koigeldiev M. K. *Alash movement. A study guide. Almaty. 1995. - 368 p. Bakr A. K. social views of the leaders of the political groups of the Alash movement. A study guide. Astana, 2008. – 180 P.*
14. " *Political leaders of the Turkic and Muslim peoples of Eurasia: personalities, ideas, destinies. The beginning of the twentieth century", leader of the Alash movement, chairman of the autonomous government of Alashorda Alikhan Bokeikhanov 150 years old.arn. Narodny. gyl.- experience. conf. mat. Almaty: KazNPU named after Abaya, 2016. - 210 P.*
15. Arshabekov T. T. *Alikhan Alash. Karaganda, 2016. - 130 P.*
16. A. Bokeikhan. *The complete works. About the lands in Tokraun, Kotan-Bulak, and West Balkhash volosts of Karkariln district of Almaty 2009. T1.*

ЖАС ҒАЛЫМДАР ЗЕРТТЕУЛЕРІ
ИССЛЕДОВАНИЯ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ
RESEARCH OF YOUNG SCIENTISTS

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI: 03.20
УДК 574

<https://doi.org/10.51889/2959-6017.2024.80.1.032>

Д.З. Нурбаева^{*1}, Қ.Қ. Сулейменова²

¹ Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ PhD докторанты, Астана, Қазақстан
E-mail: dina.nis01@gmail.com

² Халықаралық білім беру корпорациясы, Алматы, Қазақстан
E-mail: kimbat_kasimovna@mail.ru

1920 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚ АКСРНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ШАРУАШЫЛЫҚ АХУАЛЫНДАҒЫ
ТҰЛҒАЛАР РӨЛІ

Аңдатпа

Зерттеу жұмысының мақсаты – 1920 жылдардағы Қазақ АКСРнің әлеуметтік-шаруашылық ахуалы күрделі өзгерістерді бастан кешіріп жатты. Кеңестік әлеуметтік-шаруашылық реформалар жергілікті қоғамдық даму ерекшеліктерін ескере бермеді. Ал, жоғарыдан жіберген билік кадрлары қазақ халқының тұрмысының түпкі мағынасын түсінуге қабілеттері жетпеді. Осы тұста қазақ ұлтынан шыққан бірқатар тұлғалар әлеуметтік-шаруашылық салаларында жүзеге асып жатқан кеңестік реформаларды ұлт мүдде-сіне бұруға күш жұмсады. Зерттеудің мақсаты аталған тұлғалардың тарихи рөлі мен бүгінгі сабақтас-тығына талдау жасауға арналады.

Зерттеу жұмысының міндеттерінің бірі 1920 жылдары Қазақ АКСР билік жүйесінде қызмет атқарған С. Меңдешев, Ұ. Құлымбетов сынды тарихи тұлғалардың жергілікті әлеуметтік-шаруашылық салаларды түзету мен ілгерілетуге бағытталған іс-әрекеттеріне баға беру және пайымдаумен өлшенеді.

Зерттеу жұмысының өзектілігі 1920 жылдардағы қазақ даласында іске асқан әлеуметтік-шаруашылық құбылыстардың тарихи мәнін айшықтауға септігін тигізеді. Аталған кезеңде қазақ әлеуметі бірнеше тағдыршешті әлеуметтік және шаруашылық реформаларды бастан өткерді. Олардың кемшіліктері мен оққылықтарын түзеп, қоғам пайдасына жұмсай білген саяси қайраткерлердің еңбегін дұрыс бағамдай білу маңызды саналады.

Зерттеудің нәтижесінде 1920 жылдардағы Қазақ АКСРнің әлеуметтік-шаруашылық жүйелерінің даму үрдісінің бірқатар аспектілеріне көз жеткіздік. Кеңестік билік жүргізген реформалардың орынсыз қырларының сипаттарына тарихи пайым жасай алдық.

Кілт сөздер: кеңестік жүйе, әлеуметтік-шаруашылық реформалар, тарихи тұлғалар, Ұ. Құлымбетов, С. Меңдешев, өлкелік комитет.

Нурбаева Д.З. ^{*1}, Сулейменова К.К. ²

¹ Phd докторант ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Қазақстан
E-mail: dina.nis01@gmail.com

² к.и.н., доцент, Международная образовательная корпорация, Алматы, Қазақстан
E-mail: kimbat_kasimovna@mail.ru

РОЛЬ ЛИЧНОСТЕЙ В СОЦИАЛЬНО-ХОЗЯЙСТВЕННОЙ СИТУАЦИИ КАЗАХСКОЙ АССР
В 1920-Е ГОДЫ

Аннотация

Цель исследовательской работы – социально-хозяйственная обстановка Казахской АССР в 1920-е годы претерпела серьезные изменения. Советские социально-хозяйственные реформы не учитывали специфику местного общественного развития. А присланные свыше властные кадры не смогли понять смысл жизни казахского народа. В то же время ряд лиц казахской национальности приложили усилия для преобразования советских реформ, осуществляемых в социально-хозяйственной сфере, в интересы нации.

Цель исследования – проанализировать историческую роль и преемственность этих лиц сегодня. Одна из задач исследовательской работы измеряется оценкой и суждением действий исторических личностей, занимавших в 1920-е годы в системе власти Казахской АССР, направленных на коррекцию и продвижение местных социально-хозяйственных сфер, таких как С. Мендешев, У. Кулымбетов.

Актуальность исследовательской работы способствует выявлению исторического значения социально-хозяйственных явлений, реализованных в казахской степи в 1920-е годы. В этот период казахский социум претерпел несколько судьбоносных социальных и хозяйственных реформ. Важно уметь правильно оценивать труд политических деятелей, которые смогли исправить недостатки общественной системы и потратить свои силы на благо общества.

В результате исследования мы убедились в ряде аспектов процесса развития социально-хозяйственных систем Казахской АССР в 1920-е годы. В ходе изучения удалось сделать историческое суждение о характере неуместных граней реформ, проводимых советской властью.

Ключевые слова: советская система, социально-хозяйственные реформы, исторические личности, У. Кулымбетов, С. Мендешев, краевой комитет.

*D.Z. Nurbayeva *¹, K.K. Suleimenova²*

¹ PhD student of L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan

E-mail: dina.nis01@gmail.com

² PhD, Associate Professor, International Educational Corporation, Almaty, Kazakhstan

E-mail: kimbat_kasimovna@mail.ru

THE ROLE OF PERSONALITIES IN THE SOCIO-ECONOMIC SITUATION OF THE KAZAKH ASSR IN THE 1920S

Abstract

The purpose of the research work is that the socio-economic situation of the Kazakh ASSR underwent serious changes in the 1920s. Soviet socio-economic reforms did not take into account the specifics of local social development. And the powerful cadres sent from above could not understand the meaning of the life of the Kazakh people. At the same time, a number of people of Kazakh nationality made efforts to transform the Soviet reforms carried out in the socio-economic sphere into the interests of the nation.

The purpose of the study is to analyze the historical role and continuity of these individuals today. One of the tasks of the research work is measured by the assessment and judgment of the actions of historical figures who occupied the power system of the Kazakh ASSR in the 1920s, aimed at correcting and promoting local socio-economic spheres, such as S. Mendeshhev, U. Kulymbetov.

The relevance of the research work contributes to the identification of the historical significance of socio-economic phenomena realized in the Kazakh steppe in the 1920s. During this period, Kazakh society underwent several crucial social and economic reforms. It is important to be able to correctly evaluate the work of political figures who were able to correct the shortcomings of the public system and spend their efforts for the benefit of society.

As a result of the research, we were convinced of a number of aspects of the development of the socio-economic systems of the Kazakh ASSR in the 1920s. During the study, it was possible to make a historical judgment about the nature of the inappropriate facets of the reforms carried out by the Soviet government.

Key words: the Soviet system, socio-economic reforms, historical figures, U. Kulymbetov, S. Mendeshhev, regional committee.

Кіріспе. 1920-1930 жылдар Қазақстан тарихында күрделі өзгерістер мен құбылыстар сипатында айқындалады. Осы кезеңде кеңестік билік өзінің түрлі сынақтарға ие әлеуметтік-шаруашылық реформаларын іске асырды және оның зардаптарын қазақ халқы ауыр тартты. Зерттеу барысында не үшін әлеуметтік-шаруашылық аспектілерге басым назар аударылды деген сұрақ туындайды. Оның себебі 1920-1930 жылдар әлеуметтік-шаруашылық салаларындағы қиындықтар мен үндеулерге толып болып табылады. 1960-1970 жылдар мәдениет пен өнер саласындағы тұлғалардың қайраткерлігімен есте қалды. 1920 жылы құрылған Қазақ АКСРнің билік жүйесінде бірнеше қазақтан шыққан тұлғалар қызмет атқарды. Олардың қатарында С. Мендешев, Ұ. Құлымбетов, А. Байтұрсынов сынды есімдер аталады. Жоғарыда аталған екі есім автономды республиканың әлеуметтік-шаруашылық үрдістерінде тікелей маңызды рөл атқарды. Осы қызметтерінің нәтижелерін кейіннен ауыр жазамен өтеуге мәжбүр болды.

Жоғарыда аталған мәселелердің ішінде әлемнің тұрғындарының қартаю үрдісі тарихта бұрын болмаған сипатқа ие болып, ұзақ үрдіске созылатындығын көрсетіп отыр. Тұрғындардың басым бөлігі кәрілік жасында және оған үлкен жастағы адамдар жақындап келеді. Тұрғындардың қартаю үдерісінің себептерінің бірі туудың азаюы және үлкен жастағы адамдардың өмір сүру көрсеткішінің артуы болып табылады. Медицина мен технологияның даму жетістіктері адамдардың өмір сүру жағдайларын барынша қолайландырып өмір сүрудің ұзақтығына тікелей әсер етті. Бірқатар ғалымдар өмір сүру ұзақтығының артуын адамзат тарихындағы үлкен жетістіктердің бірі ретінде бағалайды. Жорамалдарға қарағанда 2045-2050 жылдары туылғандар дамыған аймақтарда негізінен 83 жасқа дейін өмір сүреді, дамушы аймақтарда 74 жасқа дейін жеуі мүмкін. Қазіргі уақытта 33 елде туылу кезіндегі алдағы өмір сүру ұзақтығы 80 жастан асады. Продолжительность предстоящей жизни при рождении в настоящее время превышает 80 лет в 33 странах; пять лет назад такие показатели были лишь в 19 странах. Бес жыл бұрын жоғарыда аталғандай көрсеткіштер тек 19 елде болатын. Дамыған елдердің басында тұрған Жапонияда егде жастағы адамдар ел тұрғындарының 30% құрайды. Ал, 2050 жылға қарай әлемде егде жастағы тұрғындарының көлемі 30% асатын елдердің қатары 64 жетугі мүмкін.

Жер көлемі ауқымды және халықаралық көлік транзиттерінің торабында орналасқан Қазақстан үшін демографиялық ахуалдың тұрақтылығы мен көші-қон мәселесін реттеу стратегиялық маңызды вектор болып табылады. Аталған мәселенің оң шешімін табуы еліміздің ішкі дамуы, аймақтық және халықара-лық әріптестіктегі саясатының нығаюы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуді жолға қоятындығы сөзсіз.

Қазіргі Қазақстан көші-қон үдерістерінің белсенді қатысушыларының біріне жатады. Оның демографиялық даму көрсеткіші соңғы жылдары үлкен өзгерістерді бастан кешіруде. Демографиялық өсімнің ішкі ресурстар мен сыртқы ықпалдардың әсерінен ұлғаюының тепе-теңдігі бұзылды деуге негіз бар. Мысалы, 1990 және 2000 жылдардың басында Қазақстанның демографиялық өсімі мемлекеттің сыртқы көші-қон бағдарламасы аясында жүзеге асқандығы белгілі. Ал, қазіргі таңда демографиялық өсімді ішкі қоғамдық дүмпулер туызуға. Бұған, мемлекеттің әлеуметтік жәрдемдері мен қоғамның тұрақталуы себеп болуда. Бірақ, демографиялық күрт жарылыстың әртүрлі факторларды ортаға шығаратындығын демограф ғалымдар жақсы ұғынады.

2002-2004 жылдары тұрғындардың табиғи өсімі сыртқы көші-қонның сальдосынан артық түсті. Бұл демографиялық ағым кейінгі жылдары тұрақты қалыпты көрсетті. Демографиялық өсімнің жыл сайын артуы мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясатына бірқатар өзгерістерді енгізуді қажет ететіндігі түсінікті. Ауылдар мен қалаларда жаңа мектептер мен ауруханаларды, балабақшаларды, жолдарды салудың қажеттілігі ұлғайды. Ішкі нарықта жұмыссыздық пен бәсекелестіктің дәрежесі қарқын алды. Сонымен қатар, қалалар мен ауылдар арасындағы көші-қонның легі үздіксіз дамуға ие болды. Жоғарыда айтылған мәселелердің барлығы мемлекеттің демографиялық саланы реттеу мен қадағалаудың жаңа тетіктерін ойластыруға шақыратындығы айқын.

Материалдар. Мақалада Қазақстанның демографиялық институттарының зерттеу жинақтары мен статистикалық мәліметтері көрініс тапқан. Сонымен қатар, мемлекеттік органдардың электронды сайттарындағы деректер тобы материалдар базасының көлемін ұлғайтты.

Әдіснама. Мақаланы жазу барысында тарих ғылымы мен әлеуметтік ғылымдардың классикалық ғылымы әдістері мен тәсілдері кеңінен қолданылды. Салыстырмалы-талдау әдісінің көмегімен Қазақстанның саяси-қоғамдық даму кезеңдеріндегі демографиялық дамудың қозғалыстарының ерекшеліктеріне баға бере аламыз. Мысалы, 1990 жылдар мен 2000 жылдардың жүзіндегі демографиялық және көші-қон ахуалдарының түрлі сипатқа ие болғандығы түсінікті. Сонымен қатар, демографиялық күйдің дамуының арту және кему көрсеткіштерінің қоғамның ішкі құрылымдарына ықпалын айқындауда құрылымдық әдіс жәрдемдесті. Көші-қон ағымдарының ауылды және қалалы елдімекендердің дамуына теріс және оң әсерлерін бағамдауда типологиялық әдіске сүйендік. Аталған әдіс көші-қон ахуалының мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық секторларына жеке ықпалдарын анықтауға септігін тигізді. Статистикалық әдіс демография мен көші-қон салаларына қатысты ресми және ресми емес ақпараттарды топтауға сүйемел жасады. Дедукция және индукция әдістері демографиялық ахуалдың күрт өзгеру шамаларын айқындайтын мәліметтердің топтарын жеке және жалпы талдауға мүмкіндіктер ашты.

Нәтижелер. КСРО мемлекетінің тарқауы посткеңестік елдерде демографиялық және көші-қон үрдістерінің күрделенуін туғызды. Кеңестік демографиялық саясаттың құрбанына айналған неміс, поляк, армян, грек этностары өздерінің тарихи отандарына оралуға ынта танытты. Бұл бағытта тәуелсіз Қазақстан Республикасы оң шешімдер қабылдады және тарихи отандарына оралғысы келетін ұлттарға заңдық тұрғыда қарсылық танытпады. Статистикалық мәліметтерге қарағанда 1990-1999 жылдардың аралығында Қазақстаннан 2 млн. 873 мың өзге ұлт өкілдері көшіп кеткен [1, 18-б.]. Олардың жаппай көшу үдерісі

Қазақстанның демографиялық ахуалының нашарлап кетуіне алып келді. Демографиялық табиғи өсім құлдырап кетті. Табиғи өсімнің көрсеткіштері көші-қон үрдісінің салдарынан 3 есеге жуық азайды. Оған қоса әлеуметтік-экономикалық ахуалдың нашарлауы бала туу санының азаюына себеп болды. Ал 1990-1999 жылдары елімізге 939 мың адам көшіп келген. Яғни, көші-қон саласындағы теріс сальдо 1 млн. 934 мың адамды құраған [2, 48-б.].

XXI ғасырдың басында Қазақстанның халық саны ұлғая бастады. Оған сыртқы көші-қон мен әлеуметтік-экономикалық жағдайдың жақсару факторлары әсер етті. 2002-2004 жылдары халықтың табиғи өсімі сыртқы көші-қонның теріс сальдосын жапты. Ал, 2004 жылдан бастап Қазақстанға көшіп келушілердің саны мен табиғи өсімнің арасалмағы тең түсті. Осылайша демографиялық өсім сыртқы көші-қонның теріс сальдосынан біртіндеп арта бастады. 2005-2010 жылдардағы халықтың өсімі 1995-1999 жылдарға қарағанда 10 есе артты. 2008-2009 жылдары халықтың өсімінің 98% табиғи өсім есебінен болды [3]. Осы кезеңдері Қазақстанның тұрғындарының өсу динамикасы нақты қалыптасты деуге болады. Бұл даму үрдісі бүгінгі таңға дейін жалғасын табуда.

2000 жылдардың басындағы Қазақстанның тұрғындарының демографиялық арту құбылысында сыртқы көші-қонның әсіре үлкен болды. Бұл ретте мемлекеттің сыртқы елдердегі қандастарымызды елге оралту мемлекеттік бағдарламасы айтарлықтай маңызға ие болды. Бұл бағдарламаны мемлекеттік стратегиялық саясат деп те бағалауға болады. Қазақстанға сыртқы елдердегі тегі қазақ қандастарды көшіріп алып келудің мемлекеттік бағдарламасы «Оралман» деген атауға ие болды. Бұл бағдарламаға сәйкес, 1991-2010 жылдары елімізге 192 мың отбасы немесе 750 мың оралмандар қоныс аударды. Оларға берілетін квота жыл сайын артып отырды. 2005-2009 жылдары оралмандарға берілетін квота 15 мың отбасыны құрады [2].

Оралмандардың елге көшіп келуі аймақтардағы ауыл және қала тұрғындарының демографиялық құрылымына өзгерістер енгізді. Оралмандар мемлекеттік жоспар аясында тиісті елді мекендерге қоныстандырылды. Оларды әлеуметтік жабдықтармен қамтамасыз етілу шаралары жүзеге асты. 2006-2009 жылдары табиғи өсімнің дамуы көші-қоннан жоғары дәрежеге жетті. Оны біз статистикалық мәліметтерден көре аламыз (Кесте 1).

Кесте 1. 2006-2009 жылдардағы Қазақстан тұрғындарының санының өзгеру компоненттері

Жыл	Жалпы өсім	Табиғи өсім	Көші-қон өсімі
2006	177,6	144,7	33,0
2007	174,6	163,6	11,0
2008	205,0	203,9	1,1
2009	223,0	215,5	7,5

Кестедегі мәліметтерге қарай отырып оның 2006 жылы көші-қон мен табиғи өсімнің арасының 5 есеге жуық болғандығына көз жеткіземіз. Ал, 2009 жылы табиғи өсім көші-қоннан болатын өсімнен 30 есеге жуық артқан [2, -б.].

Жалпы қарағанда Қазақстанның демографиялық үрдісі тәуелсіздік алған жылдардан бастап бірқатар өзгерістерге ұшырады. 1990 жылдары Қазақстанның тұрғындарының жаппай сыртқа көшуі орын алды. Осының есебінен халық санының күрт төмендеп кеткендігін жоғарыда айқындадық. Ал, 2000 жылдардың ортасынан бастап мемлекеттік бағдарламалар мен әлеуметтік жақсарулардың нәтижесінде Қазақстанға қоныс аударушылардың саны артты және халықтың табиғи өсім қуаты үлкен көрсеткіштерді тіркеді. 2010 жылдары мемлекет сыртқы көші-қонды реттейтін мемлекеттік заңнамаларды бекітті. Біріншіден «Оралман» бағдарламасының атауы «Нұрлы көш» бағдарламасына өзгерді. Бағдарлама аясында оралмандарға бөлінетін квотаның саны азайды. Себебі, ішкі табиғи өсімнің қарқыны мемлекетті сыртқы көші-қонды реттеуге мәжбүрледі. Мемлекет ендігі кезекте санға емес сапаға жұмыс жасайтындығын аңғартты [4].

Сондай-ақ, мемлекет сыртқа қарай бағытталған көші-қон үрдісі кезінде зардап шеккен аймақтардың тұрғындарының орнын толтыру жұмыстары бойынша үнемі мониторинг жүргізіп келді. 1990 жылдары шет мемлекеттерге қоныс аударушылардың басым көпшілігі еліміздің солтүстік өңірлеріне келіп тіркелді. Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Қостанай, Павлодар облыстары басқа этнос өкілдерінің тарихи отандарына көшуі салдарларынан тұрғындарының табиғи өсімі кері кетті. Оны табиғи өсім жолымен толтыру ұзақ жылдарды талап ететіндігі сөзсіз еді. Осыған байланысты мемлекеттік көші-қон стратегиясы қабылданған болатын. Ол бойынша «Оралман» бағдарламасының аясында көшіп келушілерді солтүстік өңірлерге қоныстандыру көзделінді. 1991-2000 жылдары оралмандардың басым бөлігі солтүстік аймақтардың

ауылды елдімекендері мен шағын қалаларына орналастырылды. Оралмандарға бөлінетін квота солтүстік өңірлерге тиісті болды.

2000 жылдардың ортасында оралмандарды оңтүстік және батыс аймақтардың ауылдарына қоныстандыру үрдісі кең етек алды. Оралмандардың жаңа ортаға бейімделу және кәсіппен шұғылдану мәселесі үкіметтік органдардың қадағалауында болды. Мемлекеттің бастамасымен оралмандарды уақытша орналастыру қызметін атқаратын 14 орталық жұмыс атқарды және олар бүгінгі таңға дейін жұмыстарын жалғастыру үстінде. 2008 жылдан бастап оралмандарды бейімдеу және қоғамға ықпалдастыру бойынша еліміздің 3 қаласында орталықтар ашылды [5]. Аталған орталықтар Қарағанды, Шымкент және Түркістан облысының Ақсукеңт шағын қаласында 2008 жылдан бастап қызмет атқаруда. Орталықта қандастарымызды жаңа ортаға бейімдеу және үйренуге баулуға жәрдемдесетін білікті мамандар жұмыс атқаруда.

Қандастарды жаңа ортаға бейімдеу және кәсіпкерлікпен айналысуларына жағдай жасау үкіметтік органдардың басты жауапты қызметтерінің қатарына жатады. Бұл мақсатта үкіметтік ұйымдар тиісті жұмыстарды атқарып, айтарлықтай нәтижелерді көрсетті.

Сонымен қатар, Ақтау қаласында 2016 жылы жаңа бейімдеу орталығының құрылысы басталып ол сәтті аяқталды. Бұл бейімдеу орталықтарында мемлекеттік тілде сөйлеуге және жазуға үйрету курстары ашылған. Сондай-ақ, мүмкіндігінше орыс тілінде түсінуге және сөйлеуге үйрететін курстар қарастырылған. Оралмандардың түрлі қалаларда шоғырланып өмір сүруін қарастыру да мемлекеттік ұйымдарда ойластырылған. Мысалы, оралмандардың өздерін тарту арқылы Астана, Алматы, Шымкент қалаларында арнайы шағын аудандар құрылысы іске қосылды. Мысалы, Астана қаласының Сарыарқа ауданында «Нұрбесік» шағынауданы салынды.

Ал, 2010 жылдан бастап әр облыстың әкімшіліктерінің жанынан оралмандар кеңесі құрылды және мемлекеттік органдармен тығыз әріптестіктер орнатты. Оралмандар кеңесі көшіп келген этникалық қазақтардың жергілікті қоғаммен арадағы байланыстарын реттеуге бағытталған. Кеңес айына бір рет ұйымдастырылып тұрады және ортадағы түйткілді мәселелерді талқылайды. 2021 жылы «оралман» терминіне заң жүзінде өзгерістер енгізіліп ол «қандастар» деген атауға ауыстырылды. Жалпы алғанда 1991-2022 жылдар аралығында елімізге 1 089 700 қазақ шет мемлекеттерден көшіп келді. Олардың көшіп келуі демографиялық өсімнің тұрақталуы мен дамуына айтарлықтай ықпал етті. Сонымен қатар, сыртқы көші-қоннан күрделі ахуалға тап болған солтүстіктің өңірдің қалалары мена ауылдарының демографиялық жағдайының тұрақталуына әсер етті. Бүгінгі таңда Қостанай облысының Жігітқара, Рудный қалаларында қандастардың үлкен бөлігі қоныстанған [2].

Қазақстанның демографиялық ахуалының динамикасын тәуелсіздік тарихында 3 рет өткізілген ұлттық халық санағы айқындайды. Ең бірінші ұлттық халық санағы 1999 жылы өткізілді. Келесі халық санағы 2009 жылы өткізілді және оң өсім көрсеткіштерін тіркеді. 1999 жылмен салыстырғанда 2009 жылғы халық санағы тұрғындардың 1 028 316 артқандығын айқындады. Яғни, 1999 жылмен салыстырғанда 2009 жылы халықтың саны 6,9% өскен. Соңғы Ұлттық халық санағы 2021 жылы өткізілді. 2021 жылғы халық санағы 19 169 550 адамды тіркеді және 1999 жылғы халық санынан 3 миллионға жуық өскендігін негіздеді [6].

Демографиялық құрылымдағы басты критерилердің бірі ол халықтың жас мөлшерінің шамасы екендігі белгілі. 2015 жылға дейін Қазақстандағы халықтың құрамының басты бөлігін егде жастағы адамдар құрады. 2009 жылы Қазақстанның тұрғындары демографиялық кәрілік шегінен өтті. Яғни, 2009 жылғы статистикалық деректер көрсеткендей тұрғындардың 7,1% 65 жастан асқан адамдар құраған [12]. 2011 жылы бұл көрсеткіш 6,6% шаманы тіркеді. БҰҰ-ның демографиялық кәрілік шкаласына сәйкес Қазақстан 2011 жылы демографиялық кәрілік аймағына енген болатын [7, б. 39].

Жоғарыда аталған ахуал тек 2015 жылы түзеле бастады. 2015 жылғы деректердің негізінде тұрғындардың жасару көрсеткішінің ұлғайғандығына көз жеткіземіз. Бұған бірінші кезекте табиғи өсімнің күрт өсуі етті. Демографиялық құрамның келесі компоненттерінің бірі ол қала және ауыл тұрғындарының аралсалмағы болып табылатындығы сөзсіз. 2009 жылғы халық санағына сүйенер болсақ, қала тұрғындары 9% басым болған. Оның көрсеткіштері келесі жылдары тек ұлғаю құбылысына ие болды. 2022 жылғы деректерге қарағанда қала тұрғындарының саны 1,81% өссе. Ауыл тұрғындары 0,6% өскен. Соңғы мәліметтер бойынша Қазақстандағы ауыл тұрғындарының үлесі 38,2%, қала тұрғындары 61,8 құрайды [12]. Жоғарыда көрсетілген деректер Қазақстанның қала тұрғындарының ақырын және тұрақты өсіп келе жатқандығын айқындайды. Бұл өсу құбылысы жалпы тарихымызда 1970 жылдан бастау алған болатын. 1959 жылы қала тұрғындарының үлесі 44,5% болса, 1970 жылы 50,9% құрап бірінші рет ауыл тұрғындарының үлесінен ұлғайған болатын. 1979 жылы қала тұрғындары 54,3% жетіп кейінгі жылдары ақырын өсу ағымына ие болды [3].

Болжамдарға қарағанда Қазақстанның тұрғындарының қалаларға көшу қарқыны алдағы жылдары арта бермек. Қазірдің өзінде елімізде 3 ірі мегаполистің болуы қалалардың тұрғындарының арта беретін-дігін нақтылап отыр. Бірақ, біздің көзқарасымыз бойынша қалалардың тұрғындарының санының арту үдерісі біркелкі болмайтындығына жетелейді. Себебі, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының тұрғындарының санының жылдан-жылға өсу көрсеткіші артқанымен, орта және шағын қалалардың тұрғындарының көлемі баяу өсу үстінде екендігін байқауға болады. Тіпті, бірқатар қалалардың тұрғындарының саны 1990 жылдардағы жаппай сыртқы көші-қонның әсерінен әлі өзінің қалпына келе алмай отыр [8].

Мысалы, Арқалық, Кентау қалаларының тұрғындарының саны күрт кеміп кетті немесе бұрынғы қалпын орнына толтыру үстінде екендігін көреміз. Павлодар, Семей, Қостанай қалаларының тұрғындарының саны да 1990 жылдармен салыстырғанда айтарлықтай артпағандығын аңғарамыз. Мысалы, Павлодар қаласының тұрғындарының саны 1999 жылы 300 503 адам болса, 2021 жылы 334 225 адамды тіркеді. Яғни, жиырма жылдан астам уақытта 30 мыңнан астам тұрғынға саны артқан. Ал, қазіргі мегаполистердің біріне жататын Шымкент қаласының тұрғын саны 1999 жылы 435 300 болса, 2021 жылы 1 047 167 адамды тіркеді [12]. Ал, 2023 жылы Шымкенттің тұрғындарының саны 1 191 877 адамға жеткен [9]. Яғни, аталған қала тұрғындарының саны жиырма жылда 3 есеге жуық артқан. Жоғарыда аталған статистикалық мәліметтерді талдай отырып, Қазақстандағы қалалардың тұрғындарының жалпы санының өсу көрсеткіштері әртүрлі формаға ие екендігін анықтайды.

Жалпы 30 жылдан астам уақыт өткен тәуелсіздік жылдарындағы демографиялық ахуалға баға бере отырып, Қазақстанның тұрғындарының санының өсу құбылысын бағамдай келе тұрғындардың 5 миллионға артқандығына көз жеткіземіз. Бұл біздің демографиялық саладағы басты жетістіктеріміздің бірі екендігі сөзсіз. Соңғы жылдардағы табиғи өсім 1,3% құрағандығын көреміз. 2020-2022 жылдардағы туу көрсеткіші 1000 адамға шаққанда 22,8 нәрестені тіркеп, әр жас отбасыда орташа 3 баладан бар екендігі белгілі болды [10]. Үкіметтің әлеуметтік жәрдемдері жас отбасыларды бала әкелуге деген тәуекелдерін азайтты. Бұған қалалардағы пәтер мәселесінің шешім табуы да әсер етуде. Соңғы жылдары мемлекеттік түрлі бағдарламалардың аясында отбасыларға аз пайызбен пәтерлерді жалға беру немесе сату көрсеткіштерінің ұлғайғандығы анық.

Демографиялық ахуалдың реттелуі мен қоғамға ықпалы мемлекеттің ішкі экономикалық-әлеуметтік күйіне қатты тәуелді екендігін мойындаймыз. Сонымен қатар, экономиканық-әлеуметтік ахуалдың белгілі бір шамаларда демографиялық үрдістің даму бағыттарына тікелей байланысты екендігін жоққа шығармаймыз. Екі үрдіс те бір-бірінен ажырағысыз қоғамдық үрдістер болып табылады. Демографиялық ахуалдың бақылаудан шығуы және тұрақтылықтан айырылуы мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатына нұқсан келтіретін факторлардың қатарына жатады [11].

Соңғы кездері Қазақстандағы туу көрсеткішінің артуы және оған жасалатын мемлекеттік қамқордың өсуі демографиялық дамуды бақылайтын қосымша тетіктерді жасауды қажет ететіндігін ортаға шығарып отыр. Себебі, 2000 жылдардың басында біздің демографиялық саясат санға жұмыс жасады және оны өз деңгейінде орындады деуге толықтай негіз табылады. Ал, ендігі кезекте сапаға жұмыс жасаудың уақыты да таяп қалғандығын бірқатар демограф ғалымдар пайымдауда [12].

Біздің пайымдауымыз бойынша демографиялық өсімнің арту шарттары мемлекеттің экономикалық-әлеуметтік қуатына сәйкесінше түзіліп отыруы тиіс. Бұл демографиялық жарылыстың теріс салдарларын тартпауға жетелейтін факторлардың біріне жатады. Әлемдік демографиялық тәжірибелер көрсеткендей, демографиялық өсімнің шамадан тыс көрсеткіштері мемлекеттің экономикалық-әлеуметтік ресурстарына кері әсерлерін тигізген. Оның мысалдарына оңтүстік шығыс Азия мен Африка елдері жатады. Әлемдік тарихи-демографиялық тәсілдер мен жолдарды ескере отырып, әлеуметтік-экономикалық және саяси-ұлттық мүдделерді тең ұстайтын демографиялық даму ахуалын қалыптастыру, кез-келген мемлекеттің берік болашағының кепілі екендігі сөзсіз.

Талқылау. Қазақстанда демографиялық ахуалды талдау бойынша тарихнама қалыптасу үстінде. Әсіресе, Қазақстанның тәуелсіздік жылдарындағы демографиялық дамудың үрдістерін зерттеу бойынша тарихнама 2010 жылдардан бастап жаңа деңгейге көтерілді. Бұл тұрғыда Астана қаласындағы Мемлекет тарихын зерттеу институтының ғалымдары үлкен үлес қосты. Ал, Қазақстанның патшалық Ресей мен Кеңестер Одағы дәуірлеріндегі демографиялық дамуын ғылыми айқындайтын тарихнама М.Х. Асылбеков, М.Қ. Қозыбаев, Ж.Б. Абылхожин, К.С. Алдажуманов, А.М. Жаркенова, М. Татимов, А. Құдайбергенова, В.В. Козина еңбектері арқылы жан-жақты көрініс тапқан. Аталған ғалымдар Қазақстанның патшалық Ресей дәуіріндегі демографиялық құрылымының ерекшеліктері мен қоғамдық өзгерістерге тигізген аспектілерін жан-жақты айшықтауға мән берген.

Кеңес дәуіріндегі Қазақстанның демографиялық ахуалының тарихи-саяси және әлеуметтік-ұлттық аспектілерін ғылыми зерттеу тәуелсіздік жылдары жаңа деңгейге көтерілді. Тарихшы ғалымдар кеңестік саясаттың ұлттық демографиялық сипатқа жасаған теріс ықпалдарын жаңа ғылыми ұстанымдар мен архив деректері негізінде қарастыруға назар аударды. Осы бағытта тың материалдар мен құжаттар айналымға енді. Кеңестік Қазақстанның демографиясының қалыптасу және даму бағыттарын сипаттайтын ғылыми еңбектер жарыққа шықты. Бұл тұрғыда М.Х. Асылбеков, А. Құдайбергенова есімдерін айрықша атаған жөн.

Қазақстанның тәуелсіздік жылдарындағы демографиялық күйі мен ерекшеліктерін зерттеу кеңестік буын зерттеушілерімен жалғасын тапқанымен, жаңа ізденушілер пайда болды. Олар жекелеген аймақтардың демографиялық даму заңдылықтары мен мәселелерін айқындауға ден қойды. Р.Б. Абсаттаров, Д.Д. Ешпанова, Л. Деловарова сынды зерттеушілердің жарияланымдарында 1990-2000 жылдардағы Қазақстанның демографиялық ахуалы мен мемлекеттік тәжірбиесі туралы жіті талдаулар жасалынған [12].

Тәуелсіздіктің бастапқы жылдарындағы демографиялық ахуал кері көрсеткіштерге ие болды. Бұл құбылыс негізінен сыртқы көші-қон мен табиғи өсімнің кемуімен түсіндіріледі. Кеңестік жылдары Қазақстанға күштеп немесе мемлекеттік саяси-шаруашылық себептермен қоныстандырылған басқа этностар тарихи отандарына оралуға мүмкіндік алды. Осының әсерінен демографиялық өсім күрт төмендеді. 1990 жылдардағы әлеуметтік-экономикалық дағдарыс халықтың отбасылық құндылықтары мен санасына қатты әсерін тигізді.

1990 жылдары тұрғындардың туу көрсеткіштері төмендеді және табиғи өсімнің теріс сальдосына ықпал етті. Жоғырада айтылған мәселелерді зерттеу және ғылыми айналымға енгізу жұмыстары әлі күнге дейін далғасын табуда. Солтүстік өңірлердегі демографиялық баланстың бұзылуы және оны ретке келтіру мәселелері соңғы уақыттардағы тарихи-әлеуметтік ғылымдардың нысанына айналып отыр. С.И. Ковальская, К.Г. Аканов Қазақстанның астанасының Ақмолаға ауысуындағы демографиялық және көші-қон аспектілеріне жүйелі талдау жасаған. Ғалымдар Ақмолаға Елордасының ауысу қадамын ұлттық демографиялық ахуалды реттейтін құрал ретінде бағалап, оның тұрғындарының өсу динамикасына көңіл аударған.

Қорытынды. Қазақстанның демографиялық дамуы мен көші-қон ерекшеліктері мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси даму бағыттарын айқындайтын мәселелердің қатарына жатады. Қазақстан Республикасы демографиялық ахуалды реттеу бойынша бірқатар тарихи тәжірбие-лерді бастан өткізді және оның оң нәтижелерін бүгінгі таңда сезінуде. Қазіргі таңда еліміздің табиғи өсу өсу қуаты қалпына келіп, сыртқы және ішкі көші-қон ағымдары тұрақталған күйге жетті. Демографиялық жарылыс пен жаһандық жаңғырулардың белгілерінің біріне жататын қала тұрғындарының ұлғаюы Қазақстанда да жүріп жатыр. Қала мен ауыл арасындағы көші-қон үрдісін реттеу және тұрақтандыру бүгінгі мемлекеттік демографиялық саясаттың басты міндеттерінің бірі болып табылады.

Қазақстан посткеңестік елдердің арасында сыртқы көші-қонның теріс зардаптарын тартқан елдердің біріне жатады. Бірақ, оның салдарларын мақалада сипатталғандай мемлекеттің реттеуші тетіктері жолға қойған болатын. Қазақстанның демографиялық саладағы тәсілдеріне әлемнің басқа елдерінің де зор қызығушылықпен қарағандығын білеміз.

Мақалада қозғалған статистикалық мәліметтер мен өзіндік пайымдар Қазақстанның демографиялық ахуалының тарихи кезеңдері мен алдағы күтілетін болжамдарын талқылауға септігін тигізді. Тақырыптың зерттеулік құндылығы әрі қарай көлемді ғылыми жұмыстармен жалғасын тауып, соңғы демографиялық ахуалдың өзгеру шамаларын анықтауға бағытталатын болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Л.Ф. Деловарова. *Демографическое развитие казахстана и основные направления миграционной политики на современном этапе. Народонаселение. № 1. 75-82 бб.*
2. *Население Республики Казахстан. Итоги Национальной переписи населения Республики Казахстан 2009 года. Том 1: Статистический сборник. Под ред. Смаилова А.А. Астана, 2011. 242 с. [22-26 сс.]*
3. *Миграция на постсоветском пространстве: тенденции, последствия и перспективы. Аналитический доклад по итогам международного научно-практического семинара. – М.: МГУ, 2011, декабрь 2-3. Режим доступа: <http://moscow.iom.int> (18.11.2022)*
4. *Государственный статистический комитет Казахстана. Режим доступа: <http://www.stat.kz> (04.02.2023)*
5. *Андреев А.А. Иммиграция русского языка в современный Казахстан (XX — нач. XXI века). Режим доступа: <http://kz.ethnology.ru/win/rus—now.html>. (15.11.2022)*

6. А.Н. Алексеенко, Ж.С. Аубакирова. Население Казахстана в 50-80-е годы XX века: Демографический взрыв и особенности этносоциальных эволюций. Вестник НГУ. Серия: история, филология. 2017. Том 16, № 8. [127-142 б.]

7. Национальный состав, вероисповедание и владение языками в Республике Казахстан. Итоги национальной переписи населения 2009 г. в Республике Казахстан: Стат. сб. Под ред. А. А. Смаилова. Астана: Агентство РК по статистике, 2010. 378 с. [38-45 бб.]

8. Демографический ежегодник Казахстана. Алматы: Госкомстат РК, 1996. 250 с. [15, 23 б]

9. Курганская В.Д. Казахская модель межэтнической интеграции. Алматы, 2008. [14 б]

10. Малинин Г.В. Теория и практика меэтнического и межкультурного взаимодействия в современном Казахстане: учеб. пособ. для вузов. Алматы: Дайк-Прес, 2010. [8, 9б.]

11. Ешпанова Д.Д. Особенности современной миграционной политики Казахстана. Экономика, статистика и информатика. № 4, 2009. [105, 106 бб.]

12. Альшанская Анна. Демографическое развитие Казахстана: анализ основных трендов. Режим доступа: <https://strategy2050.kz/ru/news/demograficheskoe-razvitie-kazahstana-analiz-osnovnykh-trendov/> (21.11.2022)

References:

1. L.F. Delovarova. Demograficheskoe razvitie kazahstana i osnovnye napravleniya migracionnoj politiki na sovremennom etape [Demographic development of Kazakhstan and the main directions of migration policy at the present stage]. Narodonaselenie. № 1. 75-82 bb.

2. Naselenie Respubliki Kazahstan. Itogi Nacional'noj perepisi naseleniya Respubliki Kazahstan 2009 goda [Population of the Republic of Kazakhstan. Results of the National Population Census of the Republic of Kazakhstan in 2009]. Tom 1: Statisticheskij sbornik. Pod red. Smailova A.A. Astana, 2011. 242 s. [22-26 ss.]

3. Migraciya na postsovetском prostranstve: tendencii, posledstviya i perspektivy [Migration in the post-Soviet space: trends, consequences and prospects]. Analiticheskij doklad po itogam mezhdunarodnogo nauchno-prakticheskogo seminara. M.: MGU, 2011, dekabr' 2-3. Rezhim dostupa: <http://moscow.iom.int> (18.11.2022)

4. Gosudarstvennyj statisticheskij komitet Kazahstana [State Statistical Committee of Kazakhstan]. Rezhim dostupa: <http://www.stat.kz>. (04.02.2023)

5. Andreev A.A. Immigraciya russkogo yazyka v sovremennyj Kazahstan (XX — nach. XXIveka) [Immigration of the Russian language to modern Kazakhstan (XX — beginning XXI century)]. Rezhim dostupa: <http://kz.ethnology.ru/win/rus—now.html>. (15.11.2022)

6. А.Н. Алексеенко, Ж.С. Аубакирова. Население Казахстана в 50-80-е годы XX века: Демографический взрыв и особенности этносоциальных эволюций [The population of Kazakhstan in the 50-80s of the XX century: Demographic explosion and features of ethnosocial evolutions]. Vestnik NGU. Seriya: istoriya, filologiya. 2017. Tom 16, № 8. [127-142 б.]

7. Nacional'nyj sostav, veroisповедание i vладение языками v Respublike Kazahstan [National composition, religion and language proficiency in the Republic of Kazakhstan]. Itogi nacional'noj perepisi naseleniya 2009 g. v Respublike Kazahstan: Stat. sb. Pod red. A. A. Smailova. Astana: Agentstvo RK po statistike, 2010. 378 s. [38-45 бб.]

8. Demograficheskij ezhegodnik Kazahstana [Demographic Yearbook of Kazakhstan]. Almaty: Goskomstat RK, 1996. 250 s. [15, 23 б]

9. Kurganskaya V.D. Kazahstanskaya model' mezhetnicheskoy integracii [Kazakhstan model of interethnic integration]. Almaty, 2008. [14 б]

10. Malinin G.V. Teoriya i praktika meeenieskogo i mezhkul'turnogo vzajmodejstviya v sovremennom Kazahstane [Theory and practice of interethnic and intercultural interaction in modern Kazakhstan]: ucheb. posob. dlya vuzov. Almaty: Dajk-Pres, 2010. [8, 9б.]

11. Eshpanova D.D. Osobennosti sovremennoj migracionnoj politiki Kazahstana [Features of modern migration policy of Kazakhstan]. Ekonomika, statistika i informatika. № 4, 2009. [105, 106 бб.]

12. Al'shanskaya Anna. Demograficheskoe razvitie Kazahstana: analiz osnovnykh trendov [Demographic development of Kazakhstan: analysis of the main trends]. Rezhim dostupa: <https://strategy2050.kz/ru/news/demograficheskoe-razvitie-kazahstana-analiz-osnovnykh-trendov/> (21.11.2022)

FTAXP / МРНТИ / IRSTI 03.20
УДК 574.

<https://doi.org/10.51889/2959-6017.2024.80.1.033>

*М.Т. Тулеев*¹, К.М. Беркимбаев², А.М. Нуржанова³*

¹ PhD докторант, Қожса Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан, Қазақстан

E-mail: makhsat.tuleyev@ayu.edu.kz

² п.ғ.д., профессор, Қожса Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан, Қазақстан

E-mail: kamalbek.berkimbaev@ayu.edu.kz

³ т.ғ.к., доцент, Қ.И. Сәтбаев ат. ҚазҰТУ, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: a.nurzhanova@satbayev.university

ҚАЗАҚСТАНҒА ДЕПОРТАЦИЯЛАНҒАН ЭТНОС ӨКІЛДЕРІНЕН ШЫҚҚАН ҚАЙРАТКЕРЛЕРДІҢ САЯСИ-ТАРИХИ ЖӘНЕ МӘДЕНИ РӨЛДЕРІ

Аңдатпа

Кеңестік дәуірде Қазақстан депортацияланған этностар шоғырланған одақтас республикалардың бірі болды. Қазақ халқы қуғындалған өзге ұлт өкілдеріне қонақжайлылықтың жарқын үлгісін көрсете білді. Жергілікті қоғамнан таршылық сезінбеген депортацияланған этностар өздерін емін-еркін ұстауға тырысты. Бұл мәдени құбылыс депортацияланған этностардың арасынан саяси-мәдени қайраткерлердің өсіп шығуына жағдай жасады.

Грек, корей, армян, әзірбайжан, шешен, ингуш және неміс сынды депортацияланған этнос өкілдерінен шыққан саяси-мәдени қайраткерлер Қазақстан тарихында өзіндік орындарын алды. Олардың саяси татулық пен мәдени ынтымақтастықты жаңғыртуға қосқан үлестері арнайы зерттеулер мен тарихи пайымдауларды қажет етеді. Бұл ғылыми қадамдар қазіргі Қазақстанның этносаралық қарым-қатынастарының нығаюына жоғары септігін тигізетіндігі сөзсіз.

Кеңестік дәуір мен тәуелсіз Қазақстан кезіндегі депортацияланған этнос өкілдеріне бағытталған саяси-идеологиялық және мәдени қарым-қатынастар аспектілері өзіндік ерекшеліктерге ие болды. Кеңестік кезеңде депортацияланған этностардың мәдени дамуына жоғары көңіл аударылмады. Осыған байланысты көптеген саяси-мәдени қайраткерлер өздерінің адами әлеуеттерін айқындауға мүмкіндік ала алмады. Ал, қазіргі Қазақстанда депортацияланған этнос өкілдерінің ұрпақтарының саяси-мәдени белсенділік танытуына шарттар жасалған. Депортация тарихының өзекті тұстарын ғылыми талдау мен қоғамға таныстыруға жол ашылған.

Түйін сөздер: депортацияланған этностар, қайраткерлер, тарихи рөл, кеңестік жүйе, ақталу.

М.Т. Тулеев^{1}, К.М. Беркимбаев², А.М. Нуржанова³*

¹ PhD докторант, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави,
Туркестан, Казахстан

E-mail: makhsat.tuleyev@ayu.edu.kz

² к.д.п.н., профессор, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави,
Туркестан, Казахстан³

E-mail: kamalbek.berkimbaev@ayu.edu.kz

³ к.и.н., доцент, КазНПУ им. Сатпаева, Алматы, Республика Казахстан.

E-mail: a.nurzhanova@satbayev.university

ПОЛИТИКО-ИСТОРИЧЕСКИЕ И КУЛЬТУРНЫЕ РОЛИ ДЕЯТЕЛЕЙ ИЗ ПРЕДСТАВИТЕЛЕЙ ЭТНОСОВ ДЕПОРТИРОВАННЫХ В КАЗАХСТАН

Аннотация

В советское время Казахстан был одной из союзных республик, в которых были сосредоточены депортированные этносы. Казахский народ показал яркий пример гостеприимства для представителей других национальностей в изгнании. Депортированные этнические группы, которые не чувствовали

себя обделенными местным обществом, старались вести себя непринужденно. Это культурное явление создало условия для роста политико-культурных деятелей из числа депортированных этносов. Политические и культурные деятели из депортированных этносов, таких как греческий, корейский, армянский, азербайджанский, чеченский, ингушский и немецкий, заняли свои места в истории Казахстана. Их вклад в модернизацию политического мира и культурного сотрудничества требует специальных исследований и исторических суждений. Эти научные шаги, несомненно, будут способствовать укреплению межэтнических отношений современного Казахстана. Своеобразными стали аспекты политико-идеологических и культурных отношений, ориентированных на представителей депортированных этносов советской эпохи и независимого Казахстана. В советский период большое внимание не уделялось культурному развитию депортированных этносов. В связи с этим многие политико-культурные деятели не имели возможности раскрыть свой человеческий потенциал. А в современном Казахстане заключены договоры на политико-культурную активность поколений депортированных представителей этносов. В Открыт путь для научного анализа и ознакомления общественности с актуальными моментами истории депортации.

Ключевые слова: депортация включает в себя этносы, деятели, историческую роль, советский строй, реабилитация.

M.T. Tuleyev^{1}, K.M. Berkimbayev², A.M. Nurzhanova³*

¹ *PhD doctoral student, Khoja Ahmed Yasawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan E-mail: makhsat.tuleyev@ayu.edu.kz*

² *Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Khoja Ahmed Yasawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan*

E-mail: kamalbek.berkimbaev@ayu.edu.kz

³ *Candidate of Historical Sciences, docent of Satbayev University, Almaty, Kazakhstan E-mail: a.nurzhanova@satbayev.university*

POLITICAL, HISTORICAL AND CULTURAL ROLES OF FIGURES FROM REPRESENTATIVES OF ETHNIC GROUPS DEPORTED TO KAZAKHSTAN

Abstract

In Soviet times, Kazakhstan was one of the Union republics in which deported ethnic groups were concentrated. The Kazakh people have shown a vivid example of hospitality for representatives of other nationalities in exile. The deported ethnic groups, who did not feel deprived of local society, tried to behave at ease. This cultural phenomenon has created conditions for the growth of political and cultural figures from among the deported ethnic groups. Political and cultural figures from deported ethnic groups, such as Greek, Korean, Armenian, Azerbaijani, Chechen, Ingush and German, have taken their places in the history of Kazakhstan. Their contribution to the modernization of the political world and cultural cooperation requires special research and historical judgments. These scientific steps will undoubtedly contribute to strengthening interethnic relations in modern Kazakhstan. Aspects of political, ideological and cultural relations focused on representatives of deported ethnic groups of the Soviet era and independent Kazakhstan have become peculiar. During the Soviet period, much attention was not paid to the cultural development of the deported ethnic groups. In this regard, many political and cultural figures did not have the opportunity to unleash their human potential. And in modern Kazakhstan, agreements have been concluded for the political and cultural activity of generations of deported representatives of ethnic groups. The way is open for scientific analysis and public awareness of current moments in the history of deportation.

Keywords: deportation includes ethnic groups, figures, historical role, Soviet system, rehabilitation.

1. Кіріспе

1930-1940 жылдары Қазақстанға депортацияланған этнос өкілдерінен шыққан саяси-тарихи қайраткерлер кеңестік дәуірде және қазіргі таңдағы қоғамда үлкен рөл ойнады. Олардың арасында мәдениет саласына үлес қосқан тұлғалардың үлесі айрықша болып табылады. Депортацияланған ұлттардан шыққан қайраткерлер ұлтаралық татулық мен ынтамақтастықтың жақындауында айтарлықтай қызмет етті. Қазақстанның бүгінгі таңға дейін өңірде этносаралық татулықтың белгілі бір деңгейде жарқы үлгісіне айналуында тұлғалардың жасаған еңбегі арнайы зерттеуді қажет етеді.

Депортацияға ұшыраған ұлттар өкілдерінен шыққан мәдени қайраткерлер Қазақстанның эстрада кеңістігінде өзіндік орындарын алды. Қазақстанға депортацияланған неміс ұлтының өкілі Герольд Бельгер қазақ әдебиетінің дамуы мен шетелде танылуына өлшеусіз үлес қосты. Грек ұлтынан шыққан Л.К. Кесоглу қазақ эстрадасының бүкілодақтық насихатталуында жарқын із қалдырды. Қазіргі тәуелсіз Қазақстанда депортацияланған этнос өкілдерінің ғылым мен мәдениетте және саяси алаң-дарда белсенділіктері айқын байқалады. Қазақстанның бұрынғы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен жүзеге асқан Қазақстан халықтары Ассамблеясы (бұдан әрі – ҚХА) ұйымы өзге этнос өкілдерінің түрлі қоғамдық-мәдени салаларда ерік-жігерлерін танытуына септігін тигізіп отыр.

Әдебиеттерге шолу

Қазақстандағы диаспоралардың тарихын зерттеуде Г.Н. Ким [1], А. Садвокасова [2], Ж.А. Ермекбай [3], З.Ш. Макажанова [4], Л.А. Байдельдинов [5], Ю.В. Якушева [6], Р.Б. Абсаттаров [7], Н.Ж. Байтенова [8] сынды авторлардың есімдері алдыңғы орында аталады. Г.Н. Ким өзінің зерттеулерінде Қазақстандағы корей ұлтының тарихи мәселелеріне басым назар аударды, Оның ішінде корей ұлтының мәдени-қоғамдық өмірінің жетістіктеріне қатысты ғылыми пайымдары маңызды рөл атқарады.

А. Садвокасова ғылыми жарияланымдары ҚХА ұйымының жобалары аясында іске асқан. Ғалымның негізгі зерттеу нысаны Қазақстандағы неміс, армян этностарының әлеуметтік-мәдени өміріне бағытталған. Ж.А. Ермекбай жарияланымдарында Қазақстандағы өзге этностардың жалпы мәдени мұрасының Еуразия кеңістігіндегі рөліне қатысты ойлар қозғалған. З.Ш. Макажанова ғылыми еңбегінде ҚХА ұйымының түрлі этнос өкілдерінің мәдени-этникалық ерекшеліктерін сақтаудағы қызметіне байланысты идеялар айқындалған.

Л.А. Байдельдинов Қазақстандағы басқа этнос өкілдерінің жергілікті саяси-қоғамдық және мәдени ортаға бейімделуі мен ықпалдасау үрдістері жөнінде талдаулар жасаған. Ю.В. Якушева ғылыми жұмысында 1991-2010 жылдар арасындағы Қазақстандағы этносаралық қарым-қатынастардың даму динамикасына ғылыми баға берілген. Сонымен қатар, автор кеңестік және тәуелсіз Қазақстан кезеңдеріндегі өзге этнос өкілдерінің мәдени-қоғамдық өмірлерінің ерекшеліктеріне салыстырмалы-талдау ұсынған.

2. Әдіснама

Осы зерттеу тақырыбында тарих және гуманитарлық ғылымдардың әдістері кеңінен қолданылды. Құрылымдық әдіс Қазақстандағы депортацияланған этностардың мемлекеттік саяси-мәдени жүйедегі қызметіне баға беруде орын танытты. Салыстырмалы талдау әдісінің көмегімен депортацияланған этностардың кеңестік және тәуелсіз Қазақстан кезеңдеріндегі мәдени-қоғамдық өмірлерінің ерекшеліктері мен ұқсастықтарын ажыратуға мүмкіндік таптық.

Шынайылық әдісі бірқатар этнос өкілдерінің Қазақстан қоғамындағы саяси-мәдени белсенділіктерінің басқа этностарға қарағанда артықшылықтарын шын тұрғыдан бағалауға септігін тигізді. Типология әдісі болса Қазақстанды мекендеген этностардың түрлі салалардағы жетістіктері мен басымдықтарын айқындауға жол ашты.

3. Нәтижелері

Қазақстанға депортацияланған этностардың жергілікті мәдени-қоғамдық өмірдің қабаттарына ену үрдісі кеңестік дәуірде жүзеге асты. Неміс, армян, грузин, грек ұлттарынан шыққан мәдени тұлғалардың жаңа буын қалыптасты. Олар өздерінің қабілеттері мен қарымын жазушылық, кино, бейнелеу өнері, ғылым, агрономия салаларында таныта білді. Осы тұрғыда белгілі жазушы, қайраткер Г.К. Бельгердің шоқтығы биік болып табылады. Г.К. Бельгерді «үш мәдениеттің алтын дінгегі» деп айтайтындар да бар. Себебі, жазушының қаламы қазақ, неміс және орыс тілдерінде еркін жаза белді. Қазақ әдебиетінің негізгі туындыларын неміс тіліне, неміс әдебиетінің шығармаларын қазақ тіліне аударуымен ерекше қабілетін көрсетті.

Г.К. Бельгер 1934 жылы Ресейдің Саратов облысының аумағында өмірге келді. Этникалық тегі неміс болып саналды. 1941 жылы Ұлы Отан соғысының басталуына орай, Еділ бойындағы байырғы немістерді КСРОның түрлі республикаларына депортациялау саясаты орын алды. Осы кезеңде болашақ ақынның отбасы Солтүстік Қазақстан облысының Октябрь (қазіргі Шал ақын) ауданына жер аударылды. Бельгердің балалық және мектеп шақтары Солтүстік Қазақстан аумағында өтті. Осы өңірде өмір сүрген жылдары оның қазақ әдебиеті және табиғатымен танысу үрдістері жүрді. 1950 жылдары ол Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтына оқуға қабылданды және оны 1958 жылы аяқтады. Алғашқы қызмет өтілі де осы институт қабырғасынан басталды.

1950 жылдардың соңында Жамбыл облысының Байқадам орталық мектебінде мұғалім болып қызмет жасады. 1960-1963 жылдары Абай ат. ҚҰПИ-ның аспирантурасында білім алды. Оны аяқтаған соң, атақты «Жұлдыз» журналында әдеби қызметкер болып қызметке қабылданды. Ақынның жазушылық қырлары осы журналда істеген жылдары одан әрмен дами түсті. 1964 жылдан оның жеке шығармашылық жұмыстары қарқын алды. Осы кезден бастап ол неміс, қазақ тіліндегі көркем прозаларды орыс тіліне аударумен шұғылданды. 100 жуық мақалалары әдеби басылымдарда жарияланды.

1971 жылы Бельгер Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі болып қабылданды. Жазушының шығармаларында Абай бейнесі мен туындылары үлкен орын алды. Немістің ұлы ақыны И. Гете мен Абай шығармаларының арасындағы философиялық, эстетикалық, этикалық, психологиялық заңдылықтарды анықтауға күш жұмсады. Мысалы, Гетенің «Жолаушының түнгі жыры» шығармасы негізінде туындаған Ю. Лермонтовтың «Тау шырлары» мен Абайдың «Қараңғы түнде тау қалғып» атты өлеңдерінің арасындағы өзара поэзиялық үндестіктің аспектілерін айқындады. Орыс тіліне аударылған Абай өлеңдерінің сөз ұйқастықтарындағы кемшіліктерге мән беріп, оларды толықтырудың өзіндік жолдарын анықтады.

А. Раймген, Э. Кончак, Н. Ваккер секілді немістің жазушыларының шығармаларын орыс тіліне аударды. Г. Бельгер Қазақстанның саяси-қоғамдық өмірінде де белсенді рөл ойнауға ұмтылды. 1994-1995 жылдары Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды. ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік саясат жөніндегі ұлттық кеңестің мүшесі болды. Бұл қызмет баспалдақтарында Бельгер қазақ әдебиеті мен мәдениетіндегі түйіткілді мәселелерді көтерді және билік басына жеткізе білді.

1990 жылдары қазақстан немістері кеңесінің мүшесі, неміс мәдени қоғамының Алматы қаласындағы бөлімшесінің төрағасы қызметтерін абыроймен атқарды. Бельгер өмірі мен қызметі этносаралық мәдени байланыстарды жаңғыртуға арналды. Өмірінің соңғы шақтарына дейін Қазақстанның мәдени-әдеби кеңістігіндегі жаңалықтарды үйренуге ден қойды. Сонымен қатар, қазақилықты алғаш бойынша сіңірген Солтүстік Қазақстан облысының саяси-мәдени ортасымен байланысын үзбеді. Қазақстан Республикасының «Парасат», «Достық» ордендерінің иегері атанды. Ақын 2015 жылы өмірден озды.

Қазақстанға жазықсыз депортацияланған этнос өкілдерінің бірінен шыққан келесі мәдени қайраткердің бірі ол Л.К. Кесоглу болып табылады. 1939 жылы Грузияда армян отбасында туылған Лаки Кесоглу 1949 жылы көптеген күрд, армян отбасыларының басына төнген депортация науқанымен Қазақстанның оңтүстігіне күшпен қоныс аударылады. 1940 жылдардың соңында Кавказ елдерін мекендеген грек, армян, күрд, шешен, ингуш және т.б. Сталин жүйесінің шешімімен Қазақстанға күштеп депортацияланған болатын. Мысалы, Грузия жерін мекендеген гректердің орнына грузиндерді күштеп орналастыру әдістері жүзеге асты. Ал, гректер Грузия жеріне 1920 жылдары Түркиядан қашып келген болатын [9].

Осы кезден бастап оның тағдыры Қазақстанмен тығыз байланысты болды. Жастайынан музыкаға қабілеттілік танытқан болашақ әншіні ата-анасы Шымкент қаласындағы музыка училищесіне береді. 1958-1962 жылдары музыкалық училищені аяқтап, одан әрі Алматыдағы консерваторияға оқуға түседі. Осылайша оның үлкен музыкадағы өмір жолы қаланады.

1972 жылы оның атағы бүкіл Кеңес Одағына таралды. Осы жылы ол Мәскеудегі Одақтар Үйіндегі Колонна залында өткен концертте ән шырқады және көпшіліктің ықыласына бөленді. 1970-1980 жылдары Л. Кесоглу Қазақстандағы ғана емес, КСРО бойынша танымал гректердің қатарына енді. Қазақ Мемлекеттік телерадио оркестрімен біріге отырып 400 жуық жазбаны таспаға түсірді. Кеңестер Одағының «Мелодия» студиясынан оның 2 миллионға жуық жазба дискілері шықты және сатылды. Бұл көрсеткіш Қазақстан эстрадасы бойынша рекорд болып табылды.

Қазақстанның мәдени-қоғамдық өмірінде Л. Кесоглу белсенді қызмет атқарды және азаматтық ұстанымдарын үнемі танытты. Қазақстандағы грек мәдени бірлестігінің құрметті мүшесі болды және еліміздегі ұлтаралық татулықтың нығаюына үлесін қосты. 1989 жылы оның эстрада өнерін қосқан үлесі ескеріле отырып Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жарлығымен «Қазақ КСР халық әртісі» атағы берілді. Тәуелсіз Қазақстан кезеңінде Л. Кесоглудың өнер саласындағы қызметі одан әрі құрметтелді. Мысалы, «Достық», «Құрмет» ордендерінің иегері, бірнеше рет мемлекеттік сыйлықтар тапсырылды.

Қазақстанға депортацияланған этностардың саяси-құқықтық тұрғыдан тең дәрежеге қол жеткізуі 1980 жылдары нақты көрініс тапты. Ал, бұл үрдістің толыққанды қалыптасуы мен мемлекеттік жүзде саяси-қоғамдық сипатқа ие болуы тәуелсіз Қазақстан дәуірінде іске асты. Қазіргі Қазақстан өз аумағын мекендеген барлық этностардың саяси-қоғамдық құқықтары мен моралдық сезімдерін дамытуға күш

салады. Қазақстанды мекендеген этностардың тарихы мен мәдени құндылықтары құрметтеледі. Қазақстанға кеңестік дәуірге дейін қоныс аударған неміс, орыс, украин, ұйғыр ұлттары өмір сүрді. Олардың патшалық Ресей, КСРО дәуірлеріндегі саяси-құқықтық мәртебелері тәуелсіз Қазақстан кезінде ұлғаймаса, кеміген жоқ деп айтуға негіз табылады. Осы мақсатта біз депортация ұшыраған ұлттардың тарихына дейінгі бірқатар тарихтың алдыңғы белестеріне шолу тарихи жасауды дұрыс деп ұйғардық.

Көп этносты Қазақстанның ұзақ жылдар бойғы қалыптасу тарихында республикаға қандай жағдайда болмасын, Ресейдің отарлау саясатының мақсатымен, Кеңестік жүйенің кезіндегі саяси жер аудару, депортация, тың игеру, одақтық ведомство аралық биліктің ұйғаруымен және басқа келушілермен толығып отырды.

Бүгінгі күннің ең маңызды талабы бойынша еліміз ұлтаралық тұрақтылықты сақтау мәселесін өз дәрежесінде ұстап келеді. Қазақстан Халқы Ассамблеясына биылғы жылы 20 жыл толды. Осы жылдарда ұлттық саясаттың негізгі бағыттары ретінде «азаматтық бейбітшілік пен ұлттық татулықты» ерекше атап өтіп, Қазақстан халқын «біртұтас этносаяси қоғам» деп айқындаған ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың еңбегі зор деп айта аламыз. Алайда, 130-дан астам этностар мен этникалық топтар мәдениетінің бірігуі, қазақ халқының дархандығының арқасы. Қазақ халқы қашанда оларға оң қабақ танытып, жақсы қарсы алды [10].

Соңғы жылдары Қазақстан тарихнамасында республиканың қоғамдық-саяси, әлеуметтік экономикалық жағдайына қатысты ғылыми зерттеу жұмыстары жазылу үстінде. Солардың ішінде өткен ғасырдың басынан Қазақстан территориясына қоныстанып, Қазақстанның экономикалық, әлеуметтік-саяси демократиялық тұрғысынан жедел дамуына өзіндік үлес қосқан әртүрлі ұлттардың тарихын жеке зерттеу жұмыстары өз нәтижелерін беріп келеді. Әртүрлі этностар бүгінгі таңда өз Отанына айналған қоғамда бірігіп өмір сүріп, Қазақстанның егеменді тұтқасын берік ұстанып өз үлестерін жан-жақты салаларда қосуда. Өткен тәжірибелер көрсеткендей, ұлтаралық татулық, мемлекеттік тұрақтылық елдегі экономиканы өркендетуге, ғылым мен мәдениеттің дамуына жәрдемдесетіндігі маңызды мәселе.

Этносаралық қатынастардың үйлесімділігі және Қазақстандағы этностар туралы Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына халқына жолдауында: «Біз ұлтына және діни сеніміне қарамастан, әрбір қазақстандыққа салт-дәстүр, мәдениет пен дінді таңдауға ерік беретін еркін, әрі ерікті қоғамның негіздерін нығайтуға тиіспіз», - деп айырықша атап көрсетті.

1860 жылдары Қазақстан түгелдей Ресей империясының құрамына енді. Кеңбайтақ Қазақстанды басқару жүйесі қуатты Ресейдің жалпы империялық әкімшілік – саяси жүйесіне таңылған болып шықты [10]. Ресей империясының қоныстандыру саясаты бойынша Қазақстан көп ұлтты елге айналып, өз дамуында капиталистік нарықтық экономикаға тән кәсіпкерліктің және жаңа өндірістік үрдістердің бастамасын қабылдады.

Қазақстанның XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басындағы этнодемографиялық құрамының өзгеруіне қоныс аудару қозғалысы зор ықпал етті. Патша өкіметінің көші-қон саясатының әлеуметтік-саяси салдары өте ауыр болды.

Қазақстан тарихында қоныс аудару қозғалысының кезеңдері туралы бір жақты пікір жоқ. Дегенмен қоныс аудару қозғалысының Кеңес үкіметіне дейінгі дәуірін шартты түрде үш кезеңге бөліп қарауға болады:

1. 1861-1885 жж.;
2. 1886-1905 жж.;
3. 1906-1917 жж.

Бұл үш кезеңде қоныстанушылар саны түрлі деңгейде қазақ халқына әлеуметтік-экономикалық тұрғыдағы ауыр салдарлы жағдайлармен қоныстандырылды.

Жамбыл облысына қоныстандыру саясаты 1860 жылдары түгелдей Қазақстан аумағын отарланғаннан кейін басталды. 1864 жылы Қоқан қамалдары болған Мерке, Түркістан, Әулиеата, Шымкентті патша әскерлерінің алуы аймаққа орыс шаруаларын орналастырудың шешімін жылдамдатты. 1867 жылдың 11 шілдесінде «Жетісу мен Сырдария облыстарын басқару туралы уақытша ереже» шықты. Осы ереженің күшімен Түркістан генерал-губернаторлығы құрылды. Жаңа ережеге сәйкес Түркістан генерал-губернаторлығына үш облыс: Сырдария, Ферғана, Самарқан облыстары кіргізілді. Сырдария облысына біздің Аулие - Ата уезі де кірді [10]. Қазіргі Жамбыл облысының территориясы Әулиеата уезінің құрамында болды.

«Түркістан генерал-губернаторлығын басқару туралы 1867 жылғы уақытша ереженің» қолданылу мерзімі 1871 жылы бітті. 1871 жылдың басына қарай Түркістан өлкесінің генерал – губернаторы

А.А.Кауфман басқару туралы жаңа ереженің жергілікті әкімшілік әзірлеген жобасын ұсынды. 1868-1892 жылдары бұл аймаққа ішкі Ресейден қоныс аударған шаруалар көшіп келе бастады [10].

Қазақстан оңтүстігінің ең ірі аймағы - Сырдария облысында орыс - украин шаруаларының негізгі қоныстану аудандары Шымкент, Ташкент, Аулие Ата уездері болды. Оларда 1884-1892 жылдары 37 қоныс құрылды. Қоныс аударушылар қоныстарының біршама қауырт өсу серпінділігі, мысалы, Аулие - Ата уезінде мынандай болатын: 1874 жылы 331 тұрғыны бар Михаиловское, 1876 жылы 1102 тұрғыны бар Шалдоварское, 1877 жылы 340 адам тұратын Дмитриевское, 1881 жылы 658 адам тұратын Покровское, 331 адам тұратын Каменка, 1884 жылы 449 адам тұратын Николаевское, 1885 жылы 555 адам тұратын Мерке, 1886 жылы 643 адам тұратын Александровское, 226 адам тұратын Кузьминское, 1889 жылы 210 адам тұратын Подгорное, 210 адам тұратын Шапалов, 1890 жылы 71 адам тұратын Луговое, 71 адам тұратын Бурное, 154 адам тұратын Ключевое, 1892 жылы 106 адам тұратын Ровное, 753 адам тұратын Грозное, 261 адам тұратын Головачевское, 401 адам тұратын Гроднево, 139 адам тұратын Степное селолары құрылды [10].

Қоныс аудару қозғалысының бірінші кезеңіндегі 1861-1885 жылдары Сырдария облысына қоныс тепкен келімсектердің саны 19 мың адамнан асқан.

1886-1905 жылдардағы қоныс аудару қозғалысының екінші кезеңіндегі 1889 жылы «Село тұрғындары мен мещандарды қазыналық жерлерге қоныстану туралы» заң қабылдануы келімсектер анын күрт өсіре түсті [10].

Әсіресе 1891-1892 жылдардағы егіннің шықпай қалуы мен ашаршылық еуропалық Ресей шаруаларының бұқарасын бос жерлер іздеп шығысқа бет алуға мәжбүр етті. Бұл орайда қоныстанушылар құрамында: Сырдария облысында – Воронеж, Астрахан, Самара, Саратов, Тамбов губерниялары мен басқада губерниядан, сондай-ақ Дон Әскері арасынан шыққандар басым болды.

1897 жылы Қазақстан тұрғындарының саны статистикалық мәліметтерге қарағанда 4 млн 150 мың адамға жеткен. Солардың ішінде қазақтар 3 млн 400 мың адамды құраған. Қалған 750 мың-дай адам басқа ұлт өкілдері болды [10].

Соныменен, Сырдария облысында орыстар мен украиндардың үлесі жалпы халық санынан ең төменгі деңгейде болды. Өлкенің негізгі тұрғындары – қазақтардың үлес салмағы төмендеп, 1897 жылдары шамамен 81,7%-ға жетті. Ал, орыстардың үлес салмағы жоғарыда көрсетілгендей – 10,9%-ға, украиндар – 1,9%-ға өсіп, татар, ұйғыр, өзбек сияқты ұлттардың да үлес салмағы арта түсті. Сырдария облысының құрамындағы Әулиеата уезінде осы кезеңдерде қоныс аударған этностар – орыстар, украиндар, белорустар, Қоқан хандығынан қалған өзбектер, Жетісу аймағына келген ұйғырлардың бір бөлігі, татарлар болды [10].

Жергілікті халықтардан тартып алынған ұлан-байтақ жер иеліктерін, сулы-нулы өңірді уысында ұстай отырып, әр түрлі артықшылықтарға ие болған орыс шаруалары жергілікті қазақ халқына көптеген ауыр зардаптарын тигізді.

Осылайша XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстан тұрғындарының көп ұлтты құрамының қалыптасуы белсенді түрде жүргізілді. Патша өкіметінің көші-қон саясаты әскери-казактық және әскери-әкімшілік отарлау саясатынан басталып, шаруалардың жаппай қоныс аударуына ұласты. XX ғасырдың басындағы Ресей экономикасындағы аграрлық дағдарыс патша үкіметінің Қазақстандағы отаршылдық саясатын күшейте түсті. Қазақстан территориясындағы артық жерлерді есепке алу мақсатында арнайы экспедициялық топ құрылды. Ол топты – Ф.Щербина, В.Кузнецов, П.Румянцев басқарды [10].

Экспедицияның мақсаты – Қазақстан территориясындағы жерлерді есепке алып, жергілікті қазақ халқының жер иеленуінің үлес салмағын азайтып, «бос жерлерді» келетін келімсектерді орналастыру болды. Олар қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан шаруашылығымен атамекен жерлеріне деген құқығын есепке алмады. Қайта көшпелі, жартылай көшпелі, отырықшы казак тұрғындарына қатысты жер көлемін азайтуды көздеді [10].

Аграрлық қайшылықтардан шығудың жолын Ресейдің Министрлер кеңесінің төрағасы П.А.Столыпин ойлап тапты. Ол 1906 жылы 6 қарашада шаруалардың қауымнан шығып, хуторға енуі туралы жарлық шығарды [6, б. 74].

Ресейдің ауыл шаруашылығын дағдарыстан шығару үшін шаруалар қауымын таратты, сөйтіп қауымдық жерлерді кулактардың басып алуына жағдай жасады. Помещиктік жер иеленуді сақтауға тырысқан үкімет қоныс аударуға бостандық берді. Қоныс аудару саясатындағы бұл жаңа бағытқа көшуге 1905-1907 жылдардағы бірінші революция мен аграрлық толқулар да өз ықпалын тигізді.

Ресейдің орталық аудандарындағы әлеуметтік жіктелудің тереңдей түсуі күйзелген, жерден айырылған шаруалардың көші-қон ағымының кең қанат жаюына әкелді [10].

Соныменен, А.П. Столыпин реформасынан кейінгі жылдары Қазақстан территориясына ішкі Ресейден қоныстанушылар саны күрт өсті. Мысалы, 1905-1917 жылдардағы мекеменің 12 жылғы қызметі нәтижесінде бір миллионға жуық қоныс аударушылар жерге орналастырылды [10].

1908 жылы қоныс аударушылар толқыны ең жоғары деңгейге жетті. Жылына 665 мың қоныс аударушы келді. Патша өкіметінің қоныс аудару саясаты қазақтардың шаруашылығына орасан нұқсан келтірді. Тек 1906-1915 жылдары Жетісу мен Сырдария облысындағы қазақтардан 2,5 млн десятина жер тартып алынып, қоныс аударушыларға бөліп берілді. Қазақстанда тартып алынған жер XX ғасыр басында 17 млн десятина, ал 1917 жылға қарай 45 млн десятинаға жетті. Жүздеген жеке меншік хуторлар бой көтерді. Патша офицерлері, кулактар, көпестер көлемді жер төлімдеріне ие болды [10].

1870-1914 жылдары Сырдария облысына 61212 орыс - украин шаруалары көшіп келді. Аулие - Ата уезінде аса ірі өзі аттас жәрмеңке өтіп тұрды. Сөйтіп, Аулие Ата уезі Қазақстандағы ірі қалалардың біріне айнала бастады. «Орыстар отарлауының бірте - бірте кеңейтілуіне байланысты қазақтардың иелігіндегі жерлердің ауданы едәуір қысқара бастады, ал сонымен бірге қазақтар үшін тұрақты және үздіксіз көшіп жүретін қоныстарын кейбір шектеулер жүзеге асырылды...», - деп байырғы жер қорында қалыптасқан жағдайды «Тургайская газета» осылайша сипаттады. Тұтас алғанда, қоныс аударушылар санының қаурыт өсуі 1870-1914 жылдардағы деректер көрсетеді.

Ол Сырдарияда 61212 адам екенін дәлелдейді. Қазақстан халқы санын өзгеруі мен этникалық құрлымының қалыптасуына қолайлы болған негізгі көздер мен факторлар туралы айтқанда, саяси жер аудару сияқты құбылысты естен шығармаған жөн [10]. Құлжа өлкесінің Цин империясына қайтарылуы жергілікті ұйғыр, дүнген, қазақтарды Оңтүстік Шығыс Қазақстанға көшуге итермеледі. Сөйтіп Аулие Ата уезі көп ұлтты аймаққа айналды.

Санақ бойынша облыстар халқының саны: ерлер мен әйелдерді қоса алғанда Сырдарияда – 835432 болды. Өлкеде уақыт өте келе орыс халқының саны едәуір көбейіп 6,2% жеткен. Тұтастай алғанда, халықтың санындағы, этникалық және ұлттық құрамындағы елеулі өзгерістер қазақ ұлтының ғана емес, басқа ұлттардың да әлеуметтік- экономикалық өміріне капиталистік қатынастардың ықпал жасап, шаруашылық саласында, олардың арасындағы өзара қатынастарда дами бастады.

Қазақстанның қоныс аударушылар деревняларындағы шаруа қожалығы бірқатар себептерге – пайда болған жеріне, уақытына, құрылу жағдайларына және басқаларына байланысты негізгі құрылымдары бойынша, тіпті бір-бірінен ерекшеленді. Қазақстанның қоныс аударушылар деревнясының бастапқыда полиэтникалық тұрғыда болғандығын атап өту қажет. Әр түрлі уақыттарда мұнда орыстар, украиндар, татарлар, мордвалар, немістер, поляктар, болгарлар, эстондар және басқалар көшіп келді.

Қоныстану кезінде моноэтникалық сипат мүмкіндігінше сақталды, бірақ мұнда қоныс аударушыларды орналастыру әкімшілігінің ерік-жігері, ал өз бетімен қоныстану жағдайында – бос жерлердің болуы және сол кездегі тұрып жатқан селолықтарға «қосып жазылу» мүмкіндігі шешуші рөл атқарды. Шаруалардың өздері жерін жерін жалға алған қазақтардың ауылында тұрған реттері де жиі кездесті. Сонымен XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басында Қазақстанның қоныс аударушылар деревнясы әлі де қалыптасу сатысындағы күрделі әлеуметтік- экономикалық механизм болды [10].

XX ғасырдың бас кезінде отарлық езгі күшейді. Қоныс аударғандарға қазақтардың есебінен егістік, жайылымдық жерлері тартып алынып берілді. Сауда дамып өндіріс орындары салына бастады. Столыпинның аграрлық реформасы барысында, яғни 1906-1910 жылдары аралығында ішкі Ресей губернияларынан Орал тауынан асқан орыс шаруаларының саны 2516075 адамнан асты. Ал, Сырдария облысында қоныс аударып келгендердің саны 7778 адамды құрады. Столыпиндік реформаның алғашқы жылдарында Ресейдің еуропалық бөлігіндегі шаруалардың көпшілігі өздерінің тұрмыс жағдайларын жақсартуға деген үміттерін Қазақстанға келумен байланыстырды. Бірақ қоныс аудару мекемелерінің жұмыстарының дұрыс жүргізілмеуі, «артық» жерлердің барлық қоныс аударушыларға жетіспеуі, орыс шаруаларын қайтадан ішкі Ресейге қайтуларына мәжбүр етті.

Егер 1893 жылы мен 1905 жыл аралығында, яғни 12 жылда Россиядан қоныс аударғандар үшін қазақтардан 4,074170 десятина жер алынса, одан кейінгі жеті жылда (1906-1912 жж.) 17 миллионнан астам десятина жер тартып алынды. Қоныс аударудың басыбайлылық әдісі шаруаларды қатты күйзеліске ұшыратты [10]. 1917 жылға дейін Қазақстанның 45 миллион десятина жеріне ие болған көшіп келгендердің саны 1,5 миллионға жетті. Өлке халқынаң үштен бірі Россияның орталық

аудандарынан, Еділ бойынан, Украинадан келгендердің басым көпшілігі орыстар мен украиндар болды.

Сөйтіп, патша өкіметінің қоныс аудару саясаты Қазақстанда жер мәселесінде қайшылықтардың шиеленісуіне, еңбекші қазақ бұқарасының жерсіз қалып күйзелуіне әкеп соқты. Қоныс аудару нәтижесінде жергілікті қазақ халқының Қазақстандағы үлесі айтарлықтай кеміді. Сырдария облысында бұл көрсеткіш – 63,3%-ға жеткен еді. 1917 жылға дейін және одан кейінгі жылдары Қазақстан саяси жер аударылғандардың мекені айналды [10].

Жоғарыда аталып өткен статистикалық мәліметтер Қазақстанды мекендеген этностардың соңғы 150 жылдағы тарихи тағдырын анықтайды және депортацияланған этностардың ондағы салмағын салыстыра қарауға мүмкіндік береді. Депортацияланған этностардың қоғамның түрлі салаларында өздерін айқындауға қолжетімділік алуы бірінші кезекте саяси биліктің қадамдары мен пиғылдарына байланысты екендігі көз жеткіздік.

4. Талқылау

Қазақстан үлкен бөлігі Азияға, кіші бөлігі Еуропаға жататын Еуразияның кіндігінде орналасқан мемлекет. Оның көпэтносты сипаты басым ретте тарихи-географиялық орналасу шартына тәуелді болып табылады. Қазақстанның Ресеймен көрші болу ахуалы тарихи-демографиялық және этникалық құрылымына үлкен ықпал жасады. Қазақстан аумағы XVIII ғасырдың басынан бастап Ресей империясының үлкен державалық мүдделі аймақтарының санатына енді. Біртіндеп қазақ жерлеріне бекіністер мен қалалар салу саясаты кейіннен жаулап алушылық дәрежесіне ұласты. XIX ғасырда аталған үрдіс ашық империялық жаулап алушылық стратегиясына көшті. XIX ғасырдың 70-ші жылдары Қазақстан толығымен Ресейдің құрамына күшпен қосылды [11].

Осы кезеңнен бастап Қазақстан жеріне Ресейдің батыс аймақтарын мекендеген түрлі ұлттардың өкілдерін қоныстандыру саясаты жүзеге асты. Олардың құрамын орыс, украин, неміс, поляк шаруалары құрады. XIX ғасырдың екінші жартысында Ресейдің ішкі аудандарында жер мәселесі түйіткілді тақырыптардың қатарына енді. 1861 жылғы Ресей империясындағы басыбайлылық құқықтың жойылу жаңалығы қарапайым шаруаларға бірқатар теңдікті алып берді.

Шаруалар өздерінің жекеменшік жерлері болуын талап етті және осыған ұмтылды. Бұл үкіметтің шаруашылық жер көздерін іздеуге итермеледі. 1870 жылдардан бастап Қазақстанға орыс шаруаларының қоныстану үрдісі үдейе түсті [10]. Империяның еуропалық өлкелерінен келген шаруаларға Қазақстанның шығыс, солтүстік және оңтүстік аймақтарындағы өзен-көлдері басым шұрайлы жерлер бөлініп берілді. Бұл ахуал 1917 жылға дейін жалғасын тапты [12]. Еуропалықтардың қазақ даласына қоныс тебу үдерістері жергілікті этникалық-әлеуметтік бөліністердің теңдегін бұзды деп атауға толық негіз бар. Ресей империясы Қазақстанды әскери, экономикалық және шаруалар күштері арқылы отарлауға мақсатты ұмтылды. Осының нәтижесінде XX ғасырдың басында 400 казактар станицалары, 30 қала пайда болды. Қалалардың басым тұрғындары орыстар, татарлар болып табылды. Бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында Қазақстанда 60 жуық этностар өмір сүрді [3]. Олар өздеріне белгіленген аймақтарға тығыз шоғырланып қоныстанды және өздерінің діни-ұлттық ерекшеліктерін сақтауға тырысты.

1920 жылы билік басына келген большевиктер үкіметі әлеуметтік-экономикалық және діни-этникалық тұрғыдағы отарлаудың барлық формаларын негіздеді [13, с. 15]. Патшалық Ресей тұсындағы отарлаудың әдістері кеңестермен салыстырғанда жұмсақ күш болып саналды. Кеңес үкіметінің тоталитарлық саясаты Сталин билігі кезінде барынша зардаптарын танытты. Қазақстан-ның үлкен аумағы этникалық лагерге айналды. 1930 жылдары Қиыр Шығыстан корейлер депортацияланды. 1940 жылдары Кавказ халықтары, немістер, гректер депортацияланды. Олар арнайы лагерлерде аса ауыр режимде өмір сүруге мәжбүр болды [14]. Депортацияланған ұлттар құқықтық-моральдық тұрғыдан қоғамның тең санатты азаматтары болып ұзақ уақыт саналмады. Бірақ, жергілікті қазақ ұлтының оларға деген әлеуметтік-мәдени қамқорлықтары бір уақытқа жоғалмады.

Жоғарыда талқылап өткен неміс ұлтынан шыққан Г. Бельгер ақынның қазақ ауылы мен табиғатына зор ықыласты болуы және өзін екінші қазақпын деп санауы ерекше махабатты білдірсе керек. 1960 жылдары депортацияланған ұлттардың құқықтық мәртебелері біршама қалпына келтірілді [15]. Депортацияланған этностардың өкілдерінің балаларына білім алуға, еркін қоныс аударуға және т.б. жеңілдіктер жасалды. Осы кезеңде олардың ішінен Қазақстанның өнер-мәдениет және ғылым салаларына танылған тұлғалар шыға бастады. Кеңес дәуірінде депортацияланған ұлт өкілдерінің әкімшілік-саясат істеріне араласуы сирек болды. Яғни, олардың саяси мәртебесі анықталынбады. Ал

тәуелсіз Қазақстан кезінде депортацияланған ұлттардың өкілдеріне саяси-қоғамдық кеңістіктікте де мәртебе берілді.

Тәуелсіз Қазақстан кезеңінде депортацияланған ұлттардың қазақстандық саяси-қоғамдық және мәдени-әлеуметтік салаларға ықпалдасуына ықпал ететін институттар іске қосылды. Оның басында Қазақстан халқы Ассамблеясы тұрды. ҚХА елімізді мекендеген ұлттардың мәдени-әлеуметтік даму үрдісін билік жүйесінде үйлестіретін ұйым ғана емес, олардың мемлекеттік саяси-қоғамдық шеңберге тығыз қатысуына жағдай жасайтын институт саналды [16]. ҚХА ұсынуымен ҚР Парламентіне 7 депутаттың сайлану мандаты заң жүзінде енгізілді. Аталған депутаттар Қазақстанды мекендеген өзге этностардың мәдени бірлестіктерінің атынан Ассамблеяға ұсынылып сайлануы тиіс болды. Бұл саяси тетік өзге этностардың саяси-қоғамдық белсенділіктерін ояту және қолдау мақсатында ұйымдас-тырылғандығы анық.

Қазақстанда бірқатар жетекші этностардың арнайы мектептері бар және оларда туған тілінде білім беріледі. 14 орыс, өзбек этностық мәдени театрлар жұмыс атқарады. Сонымен бірге, ТМД елдері бойынша тек Қазақстанда ғана қызмет атқаратын ұйғыр, корей, неміс театрлары жұмыс жасайды [17]. Аталған театрларда басым ретте орыс, ұйғыр, өзбек мәдени қызметкерлері жұмыстар атқарады. Қазақстанда ұлттаралық мәдени диалогтың қалыптасу формалары басқа елдер үшін үлгі болып табылуда.

5. Қорытынды

Қазақстанды мекендеген этностардың өкілдері елдегі саяси-мәдени және қоғамдық іс-шаралардың үрдістеріне тығыз қатынасады. Олардың отандық тарихтың этносаралық қарым-қатынастар мен мәдени сабақтастықтардың жаңғыруындағы рөлдері айқын болды. Кеңестер Одағы кезеңінде депортацияланған этнос өкілдерінің арасынан мәдениет пен өнер саласының тұлғалары басым шықты. Қазіргі таңдағы тәуелсіз Қазақстанда депортацияланған ұлттар өкілдерінің ұрпақтары саяси-қоғамдық кеңістіктерде өздерін танытуда. Қазақстан Халқы Ассамблеясы ұйымының аясында түрік, неміс этностарының азаматтары парламент депутаттары болып сайланады. Депортацияланған этнос өкілдерінің саяси-мәдени тұлғалары Қазақстанның халықаралық аренадағы байланыстарына оң септіктерін тигізуде. Этностардың мәдени бірлестіктері мемлекетаралық жақындасулардың себептеріне айналууда. Оған мысал, Қазақстан-Германия, Қазақстан-Грекия елдерінің арасындағы байланыстардың іске асуындағы мәдени ұйымдардың рөлдері ауқымды болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ким Г.Н. Введение в диаспорологию. Учебное пособие. – Алматы: КазНУ, 2016.
2. Садвокасова А. Этнокультурные объединения Казахстана как мосты народной дипломатии и сотрудничества // Спектр. Научный журнал. - 2020. - № 3 (95). - С. 7-18.
3. Ермекбай Ж.А. Культурное наследие народа Казахстана в евразийском пространстве // Ученые записки (Алтайская государственная академия культуры и искусств). - 2017. - №4. – С. 213-216.
4. Макажанова З.Ш. Ассамблея народа Казахстана и ее роль в социальной модернизации общества // Central Asian Journal of Art Studies. - 2020. - No. 2. - Pp. 110-118.
5. Байдельдинов Л. А. Этнические интересы в современном Казахстане и их значение в этнокультурной консолидации общества // Новый этап социально-экономической модернизации Казахстана: проблемы реализации: материалы международной научно-практической конференции. – Алматы: Казак, 2006.
6. Якушева Ю.В. Динамика межэтнических отношений в Республике Казахстан (1991–2010). Диссертация кандидата исторических наук: 07.00.03 МГУ им. Ломоносова, 2016. – 314 с.
7. Абсаттаров Р.Б. Национальные процессы: особенности и проблемы. – Алматы: Гылым, 1995. – 248 с.
8. Байтенова Н.Ж. Межэтническая модернизация в Казахстане: состояние и перспективы // Саясат. – 1995. – №3. – С. 23–33.
9. Иониди Н.Н. Греки Абхазии. – Сухуми, 1990.
10. Серкебаева Д.К. 1860-1917 жылдардағы қазіргі Жамбыл облысы территориясындағы этностар тарихы. Электронды ресурс: https://www.rusnauka.com/44_NIEK_2015/Istoria/2_203850.doc.htm (Ақпарат алынған уақыт. 14.19.2023.)
11. Абишева М. А. Казахстанская модель межэтнического согласия. Опыт для ОБСЕ // Analytic. – 2009. – №1. – С. 5–10.

12. Токаев К.-Ж. *Свет и тень. Очерки казахстанского политика*. – Москва: Восток-Запад, 2008. – 544 с.
13. Наурызбаев Ж., Примин В. *Путь к межнациональной гармонии* // *Мысль*. – 1994. – № 4. С.11-13.
14. Уженов Б. *Шли по стране с умом и молотком* // *Казахстанская правда*. — 2008. — 5 апреля. С. 5.
15. Абсаттаров Р.Б. *О политической консолидации народов Казахстана* // *Простор*. — 2003. — № 6. – С. 45-49.
16. Сейсен Н.Б. *Социально-политическая консолидация казахстанского общества* // *Проблемы современной науки и образования*. - 2016. - № 2. - С. 271-274.
17. Зейнуллина Ж.Р. *Межконфессиональный диалог как один из важнейших для поддержания мира и согласия между народами и нациями* // *Проблемы современной науки и образования*. - 2016. - №1(43). - С. 36-42.

References

1. Kim G.N. *Vvedenie v diasporologiyu. Uchebnoe posobie*. – Almaty: KazNU, 2016.
2. Sadvokasova A. *Etnokulturnye ob'edineniya Kazahstana kak mosty narodnoi diplomatii i sotrudnichestva* // *Spektr. Nauchnyi jurnal*. - 2020. - № 3 (95). - S. 7-18.
3. Ermekbai J.A. *Kulturnoe nasledie naroda Kazahstana v evraziiskom prostranstve* // *Uchenye zapiski (Altaiskaya gosudarstvennaya akademiya kultury i iskusstv)*. - 2017. - №4. – S. 213-216.
4. Makajanova Z.Ş. *Assambleya naroda Kazahstana i ee rol v sotsialnoi modernizatsii obuestva* // *Central Asian Journal of Art Studies*. - 2020. - No. 2. - Pp. 110-118.
5. Baideldinov L. A. *Etnicheskie interesy v sovremennom Kazahstane i ih znachenie v etnokulturnoi konsolidatsii obuestva* // *Novyi etap sotsialno-ekonomicheskoi modernizatsii Kazahstana: problemy realizatsii: materialy mejdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferentsii*. – Almaty: Kazak, 2006.
6. Yakuşeva YU.V. *Dinamika mejetnicheskikh otnoşenii v Respublike Kazahstan (1991–2010)*. *Dissertatsiya kandidata istoricheskikh nauk: 07.00.03 MGU im. Lomonosova*, 2016. – 314 s.
7. Absattarov R.B. *Natsionalnye protsessy: osobennosti i problemy*. – Almaty: Gylym, 1995. – 248 s.
8. Baitenova N.J. *Mejetnicheskaya modernizatsiya v Kazahstane: sostoyanie i perspektivy* // *Sayasat*. – 1995. – №3. – S. 23–33.
9. İonidi N.N. *Greki Abhazii*. – Suhumi, 1990.
10. Serkebaeva D.K. *1860-1917 жылдардағы қазіргі Жамбыл облысы территориясындағы этностар тарихы*. *Elektrondy resurs: https://www.rusnauka.com/44_NIEK_2015/Istoria/2_203850.doc.htm* (Accessed. 14.19.2023.)
11. Aбиşeva M. A. *Kazahstanskaya model mejetnicheskogo soglasiya. Opyt dlya OBSE* // *Analytic*. – 2009. – №1. – S. 5–10.
12. Tokaev K.-J. *Svet i ten. Ocherki kazahstanskogo politika*. – Moskva: Vostok-Zapad, 2008. – 544 s.
13. Nauryzbaev J., Primin V. *Put k mejnatsionalnoi garmonii* // *Mysl*. — 1994. — № 4. S. 11-13.
14. Ujenov B. *Şli po strane s umom i molotkom* // *Kazahstanskaya pravda*. — 2008. — 5 aprelya. S. 5.
15. Absattarov R.B. *O politicheskoi konsolidatsii narodov Kazahstana* // *Prostor*. — 2003. — № 6. – S. 45-49.
16. Seisen N.B. *Sotsialno-politicheskaya konsolidatsiya kazahstanskogo obuestva* // *Problemy sovremennoi nauki i obrazovaniya*. - 2016. - № 2. - S. 271-274.
17. Zeinullina J.R. *Mejkonfessionalnyi dialog kak odin iz vajneişih dlya podderjaniya mira i soglasiya mejdu narodami i natsiyami* // *Problemy sovremennoi nauki i obrazovaniya*. - 2016. - №1(43). - S. 36-42.

FTAXP / MPHTI / IRSTI: 03.41
УДК 902

<https://doi.org/10.51889/2959-6017.2024.80.1.034>

*А.О. Мұқан*¹, А.Қ.Алқамбай², А.Р. Лукпанова³*

¹*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Қазақстан Республикасы, Алматы*

²*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Қазақстан Республикасы, Алматы*

³*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Қазақстан Республикасы, Алматы*

E.- mail: nurdolores@mail.ru

АСА ҚҰНДЫ ЖӘНЕ МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ҚҰЖАТТАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫ ЕСЕПКЕ АЛУ ЖӘНЕ ТАЛДАУ, КЛИМАТОЛОГИЯ МӘСЕЛЕСІ

Аңдатпа

Мақала аса құнды және мультимедиялық құжаттарды пайдалануды есепке алу және талдауға ғылыми тұрғыдан талау жасала отырып, климатология мәселесі жан жақты талданған. Әрбір мемлекет архивінің негізгі өзегі оның құнды құжаттары. Осы құнды құжаттарды есепке алу, пайдалану мәселесін талдау барысы архивтегі жұмыстың ауқымы мен кешенді жүйесін көрсетті. Мультимедия-лық құжаттарды екі немесе одан да көп аудиовизуалды форматта ұсынылған материалдар дыбыс пен сурет немесе мәтін және анимация сияқты.

Интерактивті мультимедиялық материалдар қарау тәртібі және / немесе сипаты бар мультимедиялық материалдар презентацияларды пайдаланушы бақылайды. Бұқаралық ақпарат құралдары, дыбыстық жазбалар, қозғалмайтын немесе қозғалатын кескіндер және мультимедиялық материалдар аналогтық және сандық түрде болуы мүмкін және әр түрлі жазылуы мүмкін тасымалдаушы түрлері. Сонымен қатар қазіргі таңдағы архив құжаттарында өзіндік орны бар мультимедиялық құжаттардың ерекшеліктерін де автор қарастырады. Ары қарай мақалада архивтік климатологияның практикалық мәселелерін қарастыра отырып, архивтердегі бақылау-климаттық жұмыс, климаттық аспаптар және оларды қолдану, тіркеу, бағалау, бақылау - климаттық деректерді пайдалану, ұғымдар, терминдер мен анықтамалар архивтік климатологияның бастауларын қысқаша сипаттайды. Сондай -ақ мақала қағаз құжаттарды сақтаумен және сақтауды қамтамасыз етумен айналысатындарға арналған. Мақалада біз архивтік климатологияның негіздерін, оның даму тарихын, зерттеу әдістерін және осы ғылымның қолданылуы мен шектеулерін қарастырамыз.

Кілт сөздер: аса құнды, мультимедиялық құжаттар, құжаттарды пайдалану, құжаттарды тіркеу, құжаттарды есепке алу, архив құжаттарын талдау, климатология

*Мукан А.О. *¹, Аламбай А.Қ.², Лукпанова А.Р.³*

¹*КазНУ им. Аль-Фараби, Республика Казахстан, г. Алматы*

²*КазНУ им. Аль-Фараби, Республика Казахстан, г. Алматы*

³*КазНУ им. Аль-Фараби, Республика Казахстан, г. Алматы*

E.- mail: nurdolores@mail.ru

УЧЕТ И АНАЛИЗ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ОСОБО ЦЕННЫХ И МУЛЬТИМЕДИЙНЫХ ДОКУМЕНТОВ, ПРОБЛЕМА КЛИМАТОЛОГИИ

Аннотация

В статье всесторонне проанализирована проблема климатологии с научным анализом учета и анализа использования особо ценных и мультимедийных документов. Основным ядром каждого государ-ственного архива являются его ценные документы. Анализ проблемы учета, использования ценных документов показал масштаб и комплексную систему работы в архиве. Мультимедийные документы представлены в двух или более аудиовизуальных форматах, таких как звук и изображение или текст и анимация. Интерактивные мультимедийные материалы мультимедийные материалы с порядком просмотра и / или характером презентации контролируются пользователем. Средства массовой информации, аудиозаписи, неподвижные или движущиеся изображения и мультимедийные материалы могут быть аналоговыми и

цифровыми и могут быть записаны в различных типы носителей. Также автор рассматривает особенности мультимедийных документов, которые имеют свое место в современных архивных документах. Далее в статье кратко описываются истоки архивной климатологии контрольно-климатическая работа в архивах, климатические приборы и их применение, Регистрация, оценка, использование контрольно - климатических данных, понятия, термины и определения, рассматривая практические вопросы архивной климатологии. В статье мы рассмотрим основы архивной климатологии, историю ее развития, методы исследования, а также применение и ограничения этой науки.

Ключевые слова: особо ценные, мультимедийные документы, использование документов, регистрация документов, учет документов, анализ архивных документов, климатология

*Mukan A. O.*¹, Alkambay A.K.², Lukpanova A.R.³*

¹Al-Farabi Kazakh National University, Republic of Kazakhstan, Almaty

²Al-Farabi Kazakh National University, Republic of Kazakhstan, Almaty

³Al-Farabi Kazakh National University, Republic of Kazakhstan, Almaty

E- mail: nurdolores@mail.ru

ACCOUNTING AND ANALYSIS OF THE USE OF PARTICULARLY VALUABLE AND MULTIMEDIA DOCUMENTS, THE PROBLEM OF CLIMATOLOGY

Abstract

The article provides a comprehensive analysis of the problem of climatology with a scientific approach to accounting and analysis of the use of particularly valuable and Multimedia documents. The main core of every state archive is its valuable documents. The course of the analysis of the issue of accounting and use of these valuable documents showed the scale and comprehensive system of work in the archive. Multimedia documents are presented in two or more audiovisual formats with materials such as sound and image or text and animation. Interactive multimedia materials multimedia materials with the order and / or nature of viewing presentations are controlled by the user. Media, sound recordings, still or moving images, and multimedia materials can be in analog and digital form and can be recorded in different types of media. At the same time, the author considers the features of multimedia documents, which have a special place in modern archival documents. Further in the article, considering the practical problems of archival climatology, control and climate work in archives, climate instruments and their use, Registration, Evaluation, use of control and climate data, concepts, terms and definitions briefly describe the origins of archival climatology. The article is also intended for those who are engaged in the storage and maintenance of paper documents. In the article, we will consider the basics of archival climatology, the history of its development, research methods and the application and limitations of this science.

Keywords: especially valuable, multimedia documents, use of documents, registration of documents, accounting of documents, analysis of archival documents, climatology

Кіріспе. Қазақстан мұрағаттарындағы аса қиыншылықпен жинақталған құжаттарды сақтаудың бай тарихи тәжірибесі, халқымыздың төл тарихына қатысты құнды құжаттарды сақтаудың тәртібі, есепке алу және мемлекеттік сақтауға өткізу жұмыстарының барысында аса құнды да бағалы құжаттардың сақталуы және мультимедиялық құжаттарды пайдалануды есепке алу және талдау, климатология мәселесіне архивтер тарапынан бақылау жүзеге асуда. Мұрағат ісі саласына қатысты тұңғыш 1998 жылы «Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы» Заң қабылданды. 4-бабына сәйкес іс жүргізуде қалыптасатын ресми құжаттармен бірге өзге де құжаттар Ұлттық мұрағат қорының құрамына кірді. Заң мұрағат пен іс жүргізу органдарының біртұтас жүйесін айқындап берді және мына мәселелерге назар аударылды: Қазақстан Республикасы Ұлттық мұрағат қорының құжаттарын мемлекеттік сақтауға қабылдау; олардың сақталуын қамтамасыз ету; мемлекет, қоғам және азаматтар мүддесіне сай қолдану [1].

Аталмыш Заңды жетілдіру барысында «Қазақстан Республикасы Ұлттық мұрағат қоры туралы ереже» әзірленіп, ол Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 7 қазандағы № 1538 қаулысымен бекітілді. Бұл ереже арқылы құжаттарды Ұлттық мұрағат қоры құрамына ендіру және шығару, құжаттарды есепке алу мен сақталуын қамтамасыз ету тәртібі нақтыланды.

Өзектілігі. Қазіргі таңда архив саласында аса құнды және мультимедиялық құжаттарды пайдалануды есепке алу және талдау, климатология мәселесі бағыты тың зеттеуді өажет ететін тақырыптардың бірі. Аса құнды және мультимедиялық құжаттарды пайдалануды есепке алу және талдау, климатология мәселесі арқасында тарихымыздың деректік негізін құрайтын құжаттардың мұрағаттарға жүйелі түрде

қабылдануының нәтижесінде деректік құжаттарды сақтаудың тарихи тәжірибесі қалыптасты. Аса құнды және мультимедиялық құжаттарды пайдалануды есепке алу және талдау, климатология мәселесін заман талабына сай жұмыс істеуінің нәтижесінде Қазақстанның барлық мемлекеттік архив мекемелерде маңызды кіріс-шығыс құжаттарының белгілі бір талаппен реттеліп, оның мұрағатқа тапсырылып, сақтауға айырықша көңіл бөлудің маңыздылығы жаңаша жолға қойылды. Құжаттар құндылығына сараптама жүргізу туралы мемлекеттік мұрағатшылары алдындағы ең өзекті мәселелер мыналар болды: құжаттың құндылығын анықтайтын критерийлерді нақтылау, мемлекеттік мұрағатқа материалдары келіп түсетін мекемелердің аясына шек қою, тұрақты сақтауға келіп түсетін құжаттар құрамына шек қою; құжаттарға сараптама жүргізуге қатысты әртүрлі әдістемелік құралдарды әзірлеу және тарату; мұрағаттардың қор жасаушы мекемемен байланысын күшейту және іс жүргізу бағытына нақты бақылау орнату. Аса құнды және мультимедиялық құжаттарды пайдалануды есепке алу және талдау, климатология мәселесі бойынша заман талабына сай жұмыс істеуді басшылыққа ала отырып, құжаттар құндылығына сараптама жүргізу мемлекеттік мұрағаттарды толықтырудың ғылыми негізі деп біліп, тарихи құжаттарды жан-жақты және кешенді зерделеу принциптеріне сүйену керек. Құжаттар құндылығына сараптама құжаттың жеделдігі және анықтамалық маңызына көңіл бөлініп, ал ғылыми құндылығы екінші деңгейлік маңызға ие болды.

Мұрағаттардағы аса құнды және мультимедиялық құжаттарды пайдалануды есепке алу және талдау, климатология мәселесін саралап және зерделеп, зерттеу арқылы тарихи процесті түсіну бүгінгі таңдағы өзекті мәселе. Қазақстан мұрағатының даму, өркендеу тарихы күрделі кезеңдерді бастан кешірді. Қазақстандағы мұрағат тарихы мен мұрағаттану ісі ең кенже дамыған саланың бірі. Жазу сызуымыздың тарихы сонау көне түркілер заманынан бастау алса да, көне мұралар мен қымбат қолжазбаларды сақтауда жіберілген салғырттық басым. Соның салдарынан патшалық Ресейдің мұрағаттарынан қаншама құнды құжаттар жоғалғаны және қолды болғаны беймәлім. Еліміздегі мемлекеттік құжаттама істерін сақтау мен пайдаланудың алғашқы қадамдары Ішкі Бөкей Ордасы хандарының негізінде пайда болды.

Материалдар мен әдістері:

Құжаттардың құндылығын анықтау және сараптама жүргізу жұмыстары туралы шетелдік мұрағаттану саласында да зерттеу жұмыстарымен көптеген ғалымдар айналысты. Кеңестік мұрағат саласының мамандары М.П. Жукова мен И.П. Кузнецова АҚШ, Англия, Франция және ФРГ мұрағатшыларының бұл саладағы шетел әріптестерінің іс тәжірибелері жөнінде мұрағатшылардың халықаралық форумдар материалдарында, әр-түрлі журналдар мен жинақтарда жарық көрген мақалаларын атап өтеді [2].

Неміс мұрағатшылары Х. Мейснер және Г. Мейнерттің ұсынған құжаттар құндылығы негізінде іріктеу критерийі бойынша құжаттың жас мөлшерін ескеру, құжаттарды өте көп мөлшердегі сақтауға қалдыру зиян, басқару істерін әрбір мекемеде сақтау, үкіметтік емес мекемелер мен жеке тұлғалардың құжаттарын аса маңызды мәселелерде ғана сақтау. Бірақ бұл көрсетілген критерийлер жеке меншіктік және мемлекеттік басқару мәселелерін қамтамасыз ету жақтарын қарастырады.

Құжаттарды ғылыми мақсатта іріктеу үшін ғылыми критерий үлгісін жасақтау туралы өзекті проблемаларды американдық ғалымдар Т.В. Митчел және М.Х. Фишбейн көтерді.

М.Х. Фишбейн АҚШ-тағы құжаттар құндылығына сараптама жүргізудің даму тарихын бақылай отырып, жаңа құжаттар толқынының пайда болғанын, яғни ғылыми-техникалық құжаттарды әртүрлі көзқарас тұрғысынан зерттеу мүмкіндігін алға тартты. Оның пікірінше, мұрағатшылар ақпаратты толық күйінде жинақтауды, арнайы зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін қандай деректер құнды екендігін анықтау идеясынан бас тартуды және тек дәстүрлі мұрағаттық білімді ғана игерген маман емес арнайы мекемелер туралы, техника салалары бойынша жоғары білікті мұрағатшы-сараптамашы кадрларды дайындау қажеттігін алға тартады.

Т.В. Митчелдің пікірінше, кейбір құжаттардың айқын құнды екендігі белгілі болғандықтан автоматты түрде тұрақты сақтауға шешім қабылдау керектігін, тек қиын жағдайда ғана ведомстволық мұрағаттың мамандарымен кеңесу қажеттігіне тоқталады. Сонымен бірге ғалым құжаттар құндылығына сараптама жүргізген мұрағатшының біліктілігі мен жеке қасиетіне де бірнеше талаптар қояды.

1974 жылы ұжымдық еңбектің нәтижесінде жарық көрген «Теория и практика экспертизы ценности документов и комплектование государственных архивов СССР» атты еңбекте ғалым А.В. Елпатьевский мұрағат мекемелеріндегі құжаттарды мемлекеттік сақтауға іріктеуді ұйымдастырудың теориясы мен әдістемесі жөніндегі мәселелерде шетел іс тәжірибесіне де тоқталған. Автор негізінен аталған проблеманың теориялық және зерттеудің жалпы бағыттарына тереңірек шолу жасайды [3].

Құжаттар құндылығына сараптама жүргізудің мәселесі В.Н. Автократов, Б.Г. Литвак, Н.А. Орлова, М.Н. Черноморский, Н.М. Шенукова, Н.Н. Коннова, В.В. Цаплин, Э.В. Колосова, А.В. Елпатьевский, Е.Б. Белова және т.б. еңбектері мен мақалаларында көрініс тапты [4]. Аққали Ахметтің «Қазақстандағы мұрағат

ісінің тарихы (1918-1991жж.) [5]. Қазақстанның бір ғасырлық архив тарихын кеңінен толықтырып жазады. Құжаттар құндылығына сараптама жүргізудің принциптері, құжаттардың құндылығын анықтау жұмыстары, республикалық архивтердің археографиялық қызметі, архив кадрларымен материалдық техникалық базасының жағдайын жазады. Архивтану мәселелеріндегі теориялық методологиялық негіздерін, құжаттарды сақтау жағдайы мен тәртібі, архив қорын пайдалану жайлы маңызды мәселелерге тоқталады.

Әдістер: Зерттеу барысында сипаттау, талдау және салыстырмалы-тарихи әдіс-тәсілдер кешені қолданылды. Ғылыми тұжырымдар мен пікірлерді талдау барысында жинақтау, баяндау, қорыту әдістері де басшылыққа алынды. Зерттеу барысында жалпы ғылыми (логикалық, жүйелі-құрылымдық, индуктивтік, дедуктивтік т.б.); тарихи (тарихи-салыстырмалы, тарихи-жүйелілік, т.б.); тарихи талдау әдістері (тарихи-философиялық, тарихи-генетикалық және т.б.); ғылыми зерттеулерді және мұрағат материалдарын оқып-танысу және теориялық талдау, жұмыс нәтижелерін болжау т.б.) сияқты тәсілдер қолданылды.

Негізгі бөлім. Мұрағаттық құжаттардың әр түрлі құндылықтары бар, яғни тең емес және құндылығы әр түрлі болуы мүмкін, бәрі құнды мұрағаттық құжаттар әр түрлі топтарға бөлінетін мақсаттарға байланысты. Мемлекеттік және муниципалдық мұрағаттарда сақтау және пайдалану процесінде ерекше қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында бірегей, ерекше құнды және құнды құжаттар бөлінеді. Сараптау процесінде құжаттың құнын (халықаралық тәжірибені ескере отырып, ақшалай қаражатта) белгілеу мақсатында құжаттар келесі топтарға бөлінеді: бірегей, ерекше құнды, өте құнды және құнды. Кімнің меншігінде немесе кімнің пайдалануында болғанына қарамастан, барлық бірегей және аса құнды құжаттар да мемлекеттік есепке алынуға тиіс, сондай-ақ мұрағаттарда, мұражайларда, кітапханаларда және әртүрлі меншік нысандарындағы, бірақ кіретін басқа да мекемелерде сақталатын әртүрлі тасымалдағыштарда бірегей құжаттарды мемлекеттік есепке қоюға қойылатын негізгі талаптардың бірлігі сақталуға тиіс. [6]. Мысалы, Құнды деректер жинақталған қорлардың бірі № 5 Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитетінің қоры. Бұл қорда елдің астанасы Орынбордан Қызылорда қаласына көшірілетін мемлекеттік мекемелер туралы және мұрағат басқармасының ережелерін бекіту туралы деректер бар.

Мұрағаттық құжаттарды есепке алу іс жүргізу кезеңінде, ұйымның негізгі анықтамалығы істер номенклатурасы болған кезде маңызды. Алайда, кеңседегі істер аяқталғаннан кейін және оларды ұйымда мұрағаттық сақтауға беру кезінде сіз негізгі мұрағаттық анықтамалық болып табылатын мұрағаттық тізімдеме жасайсыз.

Қазақстан мұрағат қоры құжаттарының және мұрағаттағы басқа да мұрағат құжаттарының саны мен құрамын белгіленген есепке алу бірліктерінде айқындау және осы сан мен құрамды есепке алу құжаттарында көрсету мұрағат құжаттарын атаулы іздестірудің ұйымдастырушылық ретгілігі мен мүмкіндігін, олардың болуы мен жай-күйін бақылауды қамтамасыз етеді.

Осылайша, есеп келесі кезеңдерден тұрады: – мұрағаттағы құжаттар санын есептеу; - мұрағаттың "ішкі" есепке алу құжаттарындағы құжаттар саны туралы мәліметтерді тіркеу; - олардың негізінде Республика және муниципалдық құрылымдар субъектілерінің мұрағат ісін басқару органдарына ұсынылатын орталықтандырылған мемлекеттік есепке алу құжаттарын толтыру; – мұрағат құжаттарын жасау. Мұрағат ісін басқару органдарында орталықтандырылған мемлекеттік есепке алу құжаттарын жинақтау және оларды Мемлекеттік Мұрағат агенттігіне ұсыну. Құжаттарды ғылыми есепке алу келесі принциптерге сүйене отырып жүзеге асырылады – есепті орталықтандыру- ҚР Мемлекеттік Мұрағат агенттігінің құжаттарын және басқа да арт-тивтік құжаттарды жасайтын және сақтайтын ұйымдармен өзара іс-қимылын реттеу, сондай – ақ мұрағаттық құжаттарды есепке алудың бірыңғай бірліктерін қолдану; – есепке алуды біріздендіру-мұрағаттық құжаттарды есепке алудың сабақтастығы құжаттардың бірлігі); – есепке алу серпінділігі-ар-хива құжаттарының кез келген қозғалысы (түсуі, шығуы, сипаттамасы) өзіндік болуы тиіс-есепке алу нысандарында уақытша көрсетілуі тиіс; – есепке алудың толықтығы мен дұрыстығы – есепке алу құжаттарында сақтаудағы құжаттардың нақты саны мен құрамын көрсету. мультимедиялық және электрондық құжаттар өзіндік ерекшелігі бар есепке алу бірліктері бойынша да ескеріледі, мысалы, бұл сақтау бірлігінің бөлігі, фильм, диафильм, электрондық құжат және т.б. жазылған бір немесе қанша сақтау бірлігі болмауы мүмкін. Аса құнды және мультимедиялық құжаттар ҚР мұрағат қорының бірегей құжаттарының мемлекеттік тізілімінде Арнайы мемлекеттік есепке алынуға жатады, есепке алу жүргізу тәртібін Мұрағат саласындағы арнайы уәкілетті мемлекеттік атқарушы орган және ҚР субъектілерінің мұрағат қорларының бірегей құжаттарының мемлекеттік тізілімдері анықтайды.

Бірегей құжаттарға бірегей құжаттарды есепке алу және сипаттау парақтары жасалады. Осы негізде аса құнды құжаттарды есепке алу: – аса құнды құжаттарды қамтитын қорлардың тізімі; – аса құнды

істердің, құжаттардың тізімдемелері немесе аса құнды істер нөмірлерінің тізбелері (нөмірлері) бойынша жүргізіледі. Аса құнды істердің, құжаттардың тізімдемелерінде олардың бұрынғы есептік нөмірлері сақталады.

Аса құнды істердің, құжаттардың тізімдемесі бір немесе бірнеше істер тізімдемесінің аса құнды құжаттарына, мұрағат қорының құжаттарына осы тізімдемедегі аса құнды сақтау бірліктерінің/есепке алу бірліктерінің санына байланысты мұрағат үшін қажетті даналар санына жасалады.

Егер мұрағаттық құжаттардың көпшілігі істер тізімдемесі бойынша аса құнды болса, құжаттар аса құнды жеке тізімдеме болып табылады. Істер, құжаттар жасалмайды, бірақ қолда бар тізімдеме көшіріледі. Бұл жағдайда оған нөмір жасалады. Сақтандыру қорын құру мақсатында аса құнды істердің, құжаттардың көшірмелері туралы мәліметтер аса құнды істердің тиісті тізімдемелеріне, құжаттарға немесе олардың сақтандыру көшірмелерін жүргізу шамасына қарай нөмірлерге енгізіледі. Қорытынды жазбада тізімдемеге немесе нөмірге енгізілген аса құнды сақтау бірліктерінің/есепке алу бірліктерінің жалпы саны көрсетіледі. Осы тізімдеме немесе нөмір бойынша барлық сақтау бірліктерін/есепке алу бірліктерін көшіру аяқталғаннан кейін: "барлық сақтау бірліктері/есепке алу бірліктері көшірілді", күні, лауазымы, қолы көрсетіледі.

Аса құнды істер тізімдемелері, құжаттар және аса құнды істер тізілімдерінің тізілімінде есепке алынған нөмірлер, құжаттар.

Мұрағаттық құжаттарды аса құнды құжаттарға жатқызған кезде тізімдемелерде" ескертпелер "бағанында тиісті сақтау бірліктерінің/есепке алу бірліктерінің тақырыптарына қарама-қарсы ОЦ белгілері қойылады.

Басқа есепке алу құжаттарында ОЦ белгісі мұрағат қорының нөміріне, істер, құжаттар тізімдемесінің нөміріне қойылады; бұл белгі қызметтік болып табылады және сақтау бірліктерінің/есепке алу бірліктерінің мұрағаттық шифрына кірмейді. Мемлекеттік мұрағаттарда бар-жоғын және жай – күйін тексеру әртүрлі санаттағы құжаттар бойынша саралап жүргізіледі: — бірегей – Е жыл сайын; — аса құнды – 10 жылда бір рет; - аудиовизуалды және Электрондық-5 жылда бір рет және т. б. [7].

Қазақстан Республикасында мұрағат құжаттары бүкіл халықтық меншік болып табылды. Мұрағат істерінің қалыптасуы бірден жолға қойылуы да қиынға соққаны тарихи шындық. Арнаулы жобамен салынған мұрағат үйлерінің болмауы, мұрағат қорларымен жұмыс жасай білетін кәсіби мамандардың жоқтығы, ел арасында мұрағат, әртүрлі жазбалар мен шежірелерді жинастырудың өзіндік дағдысының қалыптаспауы және мұрағатта сақталатын құнды құжаттар мен сирек кездесетін қолжазбаларға деген немқұрайды көзқарастардың көп кедергі болғаны да ақиқат.

Қазақстан Республикасының «Ұлттық мұрағат қоры мен мұрағаттар туралы» Заңында Ұлттық мұрағат қоры Қазақстан халқының тарихи-мәдени мұрасының ажырамас бөлігі деп көрсетілген.

Мемлекеттік мұрағаттар заңнамалық тұрғыдан белгілі бір міндетті атқаратын арнайы мекеме болып табылады. Мемлекеттік мұрағаттардағы жүргізілетін жұмыстардың басты мақсаты қоғамдық-саяси қызметі мұрағат қорларын сақтау және үнемі толықтырып отыру, халық игілігіне пайдалану. Бұл қызметті іске асыру мына бағыттарда жүзеге асырылады: құжаттарды топтастыру; олардың сақталуын қамтамасыз ету; құжаттардың мемлекеттік есебі; олардың ғылыми-анықтамалық аппаратын құру және дамыту; мемлекеттік мұрағат қорын саяси, халық шаруашылығы, ғылыми, әлеуметтік-мәдени, тарихи құндылығы бар жаңа құжаттармен жасақтау; құжаттардың құндылығын анықтау және сараптау; ұйымдастыру-әдістемелік басшылық және ведомстволық мұрағаттар жұмысына, мекемелерде іс жүргізу құжаттарын ұйымдастыру, бақылау жасау; мемлекеттік мұрағат қорларындағы құжаттарды саяси, халық шаруашылығы, ғылыми, әлеуметтік-мәдени мақсатта қолдану; азаматтардың құқықтары мен заңды мүддесін қамтамасыз ету; құжаттарды жариялау; мұрағаттану, құжаттану және археография салалары бойынша ғылыми жұмыстар [8].

Қоғамның бай тарихи тәжірибесін жан-жақты, ауқымды бейнелейтін мұрағат және ондағы сақталған құжаттардың құндылығы мен маңыздылығы ерекше.

Сондықтан да мұрағат Бас басқармасының алдында зор міндеттер тұрды. Бұрынғы мұрағат қоймаларындағы национализацияланған құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету; құжаттардың есебін жүргізу және құжаттарды шет аймақтардан мемлекеттік мұрағатқа тасымалдау, кәсіпорындарда, ұйымдарда, мекемелерде құжаттардың сақталуын бақылау, мұрағатқа келіп түскен құжаттарды жүйелеу, өңдеу, құндылығын анықтау, тізімдемелер жасау жұмыстары болды.

Бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін мұрағат Бас басқармасында инспекторлық топ құрылды. Ал губерниялық қалаларда мұрағат ісін ұйымдастыру жұмыстарымен халыққа білім беру бөлімдері айналысты.

Елдің барлық аймақтарында мұрағаттағы және мұрағат қорына келіп түскен құжаттарды, мекемелердегі құжаттарды мұрағат Бас басқармасының қатынас қағазынсыз жоюға тыйым салынды.

Орталық сараптама-тексеру комиссиясы құжаттардың ғылыми және тәжірибелік құндылығын сараптамадан өткізеді, құжаттарды жасақтау мәселелерін шешеді.

1970-1980 жылдары республикада құжаттарды сақтау жағдайына ерекше көңіл бөліне бастады. Құжаттардың сақтық көшірмелері жасақталды. Құжат жоғалғанда не түпнұсқалық құжат зақымданған жағдайда ондағы ақпаратты сақтау мақсатында дайындалатын аса құнды құжаттар көшірмесі жасақталды. Мемлекет үшін маңызы бар және жоғалғанда орны толмайтын мұрағат қоры құжаттарының сақтық көшірмелері жасақталып мемлекеттік сақтауға өткізілді. Аса бағалы құнды құжаттарды анықтау, есепке алу, сақтау жұмыстарының нәтижесінде 2,6мың қағаз іс, 3,7 мың бірлік фотокүжаттар анықталды.

Құжаттарды ұзақ мерзімді сақтауға әзірлеу шаралары мыналарды қамтиды:

- құжаттар құндылығына сараптама жасау;
- істерді рәсімдеу;
- тізімдемелер мен ғылыми анықтамалық аппарат жасау.

Құжаттар құндылығына сараптама жасаудағы мақсат-кадрлар қызметі жөніндегі істердің сақталу мерзімдерін дұрыс анықтау болып табылады.

Құжаттар құндылығын сараптау құрылымдық бөлімшелерде екі кезең бойынша жүргізіледі. Атап айтқанда:

- құрылымдық бөлімшелердің істер номенклатурасын жасау мен істерді жасақтау процесінде;
- істерді ұйым мұрағатына (бар болса) тапсыруға әзірлеу мен құрылымдық бөлімшеде одан әрі сақтауға дайындау кезінде.

Құжаттар құндылығын сараптау нәтижесінде құрылымдық бөлімшедегі барлық істер үш топқа: тұрақты сақталатын, ұзақ мерзімге сақталатын (10 жылдан жоғары) және уақытша сақталатын (10 жылға дейін) құжаттарға бөлінеді.

Істердегі құжаттар құндылығына сараптама жасау жұмыстарын жүргізу кезінде кадрлар қызметіне ұйымның құжаттамалық, мұрағаттық қызмет орындары мен сараптамалық комиссиясы әдістемелік және практикалық көмек көрсетеді. Құрылымдық бөлімшелердегі істердің құндылығына сараптама жасау кезінде тұрақты сақталатын және ұзақ мерзімге сақталатын (10 жылдан жоғары) құжаттарға ерекше назар аудару қажет. Өйткені ұйым мұрағатына өткізілетін дәл сол құжаттар болып табылады. Құрылымдық бөлімшелердің уақытша (10 жылға дейін) сақталатын құжаттары сақтау мерзімі біткен соң белгіленген ереже бойынша жойылады. Іс құндылықтарын олардың тек тақырыптарына ғана қарап бағалауға жол берілмеуі тиіс.

Құжаттарды іріктеу оларды парақтап қарап шығу жолымен жүргізіледі. Іріктеу барысында істерден құжаттың екінші даналары, шимайжазбалар, ресімделмеген көшірмелер алынып тасталады. Сонымен бірге құжаттардың дұрыс ресімделуіне де көңіл аудару қажет.

Істегі құжаттардың барлық реквизиттері өз орнында болуын және тиісті талаптарға сай келуін тексеру керек. Әсіресе құжаттың заңды мәнін қамтамасыз ететін міндетті реквизиттерге ерекше көңіл аударған жөн. Атап айтқанда: құжат авторы; құжат түрінің атауы; құжат датасы; құжаттың тіркеу нөмірі; құжатты бекіту грифі; мәтін; қолтаңба (қойылған қол); мөр. Бұл реквизиттердің болуы қатаң қадағалануы тиіс.

Құрылымдық бөлімшелердің тұрақты сақталатын және ұзақ мерзімге (10 жылдан астам) сақталатын істерін ресімдеу процедурасы мынадай операцияларды қамтиды:

- істегі құжаттарды бір жүйеге түсіру;
- істі тігу немесе түптеу;
- іс парақтарын нөмірлеу;
- істің куәландырғыш-парағын жасау;
- құжаттардың ішкі тізімдемесін жасау (қажет болған жағдайда);
- іс мұқабасын рәсімдеу; іс мұқабасына қажетті реквизиттерді енгізу.

Жеке құрам бойынша бұйрықтар мен өкімдер салынған істердің құжаттары хронологиялық ретімен қайта топтастырылады: істің бас жағына қаңтар айында, онан соң ақпан айында т.с.с. шығарылған бұйрықтар (өкімдер) орналастырылады.

Жазатайым оқиғаларға байланысты актілер, кеңестер мен комиссиялар мәжілістерінің хаттамалары, наградаларға т.б. ұсыну туралы құжаттар тіркелген істер де дәл осылай хронологиялық принцип бойынша жүйеленеді.

Жасақталған істер тек құжаттар құндылығына сараптама жасалып болғаннан кейін ғана тігіледі.

Уақытша сақталатын істер:- тігілмейді;- іс парақтары нөмірленбейді және сақтау мерзімі өткенше құжатмұқабасында (скоросшивательде) сақталады;- істің ішкі тізімдемесі мен куәландырғыш-парағы жасалмайды, істегі құжаттар қайта жүйеленбейді.

Мұрағат құжаттары-тарих ғылымының деректік көзі. Сондықтан да мұрағат қоры, оның құндылықтары, негізінен қандай ғылымның болмасын деректік көзі. Тарих ғылымы мұрағат құжаттарынсыз тақырыптың теориялық-практикалық байланысын айқындай алмайды. Уақыт озған сайын мұрағат құжаттарының құндылығы арта түседі.

Мемлекеттік мұрағат қоры әлеуметтік-мәдени объективтіктің құрамы мен көлемінің параметрі. Мемлекеттік мұрағат қорының мазмұны тек жинақталған мұрағат құжаттарының көлемі және санымен айқындалмайды, ең алдымен көпшілік қауымға ақпараттық әлеуетінің кең таралуымен құнды.

Құжаттардың сақталу мерзімін анықтайтын негізгі факторларға келсек біріншіден, құжаттардың ұзақ сақталуын қамтамасыз ету үшін жағдай туғызу, екіншіден, сақтау және пайдалану функциясы ретінде құжаттардың физикалық ескіру жылдамдығы, үшіншіден, құжатты бұзылудан сақтау және қайта өңдеу, құжаттың түпнұсқасын қайта қалпына келтіру, төртіншіден, құжаттың нақты көшірмесін алу.

Бірінші фактор бойынша жалпы жинақталған құжаттардың тек 2-3 пайызының ғана тарихи құндылығы болды және тұрақты мемлекеттік сақтау нысанына айналды. Сондықтан да мұрағатқа сақтауға келіп түскен құжаттардың барлығы дерлік тұрақты сақтауға жатқызылмайды, аса маңыздылары сұрыпталып тұрақты сақтауға жинақталады. Екінші фактор бойынша құжаттарды ұзақ уақыт мемлекеттік мұрағаттарда сақтау шарасы кешенді түрде жүргізіледі. Құжаттарды сақтаудың материалдық-техникалық базасын ғимараттарын және сақтау құралдарын (стеллаждар,қораптар) жасақтау. Мемлекеттік мұрағаттарды стеллаждармен қамтамасыз етуде үш факторды атауға болады. Біріншіден, стеллаждардың тапшылығы, екіншіден, ағаш стеллаждарды метал стеллаждармен алмастыру қажеттілігі, үшіншіден, мұрағат қорына жаңадан келіп түскен құжаттарды орналастырудың қажеттілігі. Мұрағаттардағы құжаттарды сақтаудың негізгі нысандарының бірі - құжаттарды түптеу.

Үшінші фактор бойынша КСРО мұрағаттарында қайта өңдеу жұмыстары 1960, 1970, 1980 жылдары біркелкі жүргізілді. Жылына 5 млн парақ іс өңдеуден өткізілсе, 1990 жылы 7 млн парақты өңдеу жұмыстары орындалады деп жоспарланды. Төртінші фактор бойынша мемлекеттік мұрағат қызметінде құжаттың нақты көшірмесін алудың негізгі мақсаты - аса маңызды бағалы құжаттардың көшірмесін алып сақтандыру қорын құру, қорды пайдалану, құжаттар мәтінінің өшіп бара жатқан парақтарын қайтадан қалпына келтіру. Құжаттарды мемлекеттік сақтауға беру мәселесі мұрағат құрылысының алғашқы жылдарында күрделі де өткір тұрды [9]. Құжаттарды сақтау жағдайы мұрағат құрылысының алғашқы он жылдығы аса қиыншылықпен жүзеге асырылды. Құжаттарды сақтау мұрағаттардың ең басты қызметтерінің бірі. Ал құжаттарды өлі дүние ретінде сақтау емес, керісінше оны тиімді пайдалану мақсатында, құнды да бағалы материалдар ретінде 3, 5, 10, 25, 40, 75 жыл, ғасырлар бойы пайдалану үшін сақтау ісі өте ыждағаттылықты, ұқыптылықты, жауапкершілікті талап ететін қиын да жауапты қызмет. Мұрағаттардағы құжаттарды тонаудан, ұрлаудан және бүлінуден сақтау үшін арнайы жабдықталған мұрағат қоймалары болуы құжаттардың сақталуына бірден-бір кепіл болатын жағдай.

Мұрағат құжаттарының сапалы жиналуы мен сақталуы, азаматтар мен қоғам мүддесі үшін орынды пайдаланудың өзі мемлекетіміздің дамуының ілгерілеуінің бірден-бір кепілі.

Мұрағатшылар құжаттардың құндылығына сараптама жүргізудің принциптерін үш бағытта құжаттың шығуы (пайда болуы), мазмұны және сыртқы ерекшеліктері (құжаттың көлемі мен пішімін, ақпарат жеткізушіні, жазу түрін, рәсімдеу құрамын көрсететін сыртқы белгілер) арқылы нақтылады. Құжаттар құндылығы критеріі атауы саяси, мемлекеттік, халық шаруашылығы және ғылыми маңыздылығы бар жалпы және арнайы құжаттарды сапалы іріктеуді қамтамасыз етеді. Құжаттар құндылығына сараптама жүргізу жүйесіндегі материалдардың ғылыми құндылығына орай мемлекеттік сақтауға түсетін және түспейтін мекемелер аясын белгілеп алу маңызды орынға ие. Жүзеге асырылған жұмыстардың нәтижесінде мемлекеттік мұрағаттарға материалдары қабылданатын және қабылданбайтын мекемелердің тізімі жасақталады. Сақтау мерзімі көрсетілген құжаттар тізбесі, номенклатура істері және де басқа әдістемелік құралдар әзірленеді. Мұрағатқа құжаттарды тапсыратын мекемелер аясын анықтау нәтижесінде олардың қызметі тарапынан қалыптасқан құнды құжаттарды мемлекеттік сақтауға қабылдауды жоспарлы түрде жүзеге асыруға ықпал етеді. Жалпы барлық елдерде құжаттардың сақталу мерзімі көрсетілген тізім жасақтау тәжірибесі таралған. Мұрағатшылар тарапынан жыл сайын мекемелер қызметі аясында қалыптасқан тұрақты сақтаудағы құжаттарға сараптама жасалады. Мемлекеттік, халық шаруашылығы және мәдени өмір салалары бойынша келіп түскен құжаттар есепке алынады. Құжаттар құндылығына сараптама жасау бағытын жетілдіру мақсатында әдістемелік құралдарға ерекше орын берілді. Құжатты

мекемеде тұрақты сақтай ма немесе белгілі бір уақытқа дейін сақтау мәселелері кейін сараптамаға берілудің, құжаттарды тұрақты сақтауға немесе белгіленген мерзімі аяқталған соң жойылу мәселесін қарастыратын құжаттамалар орталығына берілуін жұмысшы комитеті шешеді. Тізім құрастыруда құжаттарды пайдалану барысында ұйымның саясатын анықтайтын және зерттеу жұмыстарында яғни әкімшілік, қаржылық, заңдылық, тарихи сипатына көңіл бөлінеді. Шетелдердегі құжаттар құндылығына сараптама жүргізу тәжірибесінде көптеген тәжірибелік ұсынымдар жасалды. Құжаттардың нақты түрін іріктеу, құжаттардың зор көлемділігін және көшірмелерін алып тастау, құжаттарды тұрақты сақтауға қабылдайтын мекемелерді анықтау. Бірақ ұсынымдар міндетті сипат алмайды, өйткені бұл елдерде құжаттар құндылығына сараптама жасаудың бірыңғай жүйесі жоқ болатын.

Мемлекеттік сақтауға құжаттарды іріктеуді министрліктер мен ведомстволардағы сараптама комиссиялары жүзеге асырады. Сараптама комиссиясының қызметі негізінен белгіленген типтік ереже бойынша жүргізіледі [10]. 1980 жылдары КСРО-ның 117 министрліктер мен ведомстволардың 67-де сараптама комиссиялары жұмыс жасады [11].

Құжаттарды сақтау, есепке алу және мұрағаттарға қабылдау, істерді мемлекеттік сақтауға беру кезеңінде құжаттардың құндылығын анықтау жұмыстары да мұрағат ісінде ерекше рөл атқарады.

Құжаттардың құндылықтарын сараптау дегеніміз-қабылданған өлшемдер негізінде мемлекеттік сақтауға құжаттарды іріктеп және олардың сақталу мерзімін бекіту. Құжаттардың құндылығына сараптама жүргізудің принциптерінде құжаттарды сақтау немесе жою кезінде ғылыми, саяси және практикалық маңыздылығына көңіл бөлінеді.

Құжаттар құндылығына сараптама процесінде екі басты міндет шешіледі. Біріншіден, жыл сайын мекеме, ұйым, кәсіпорындардан жинақталатын ұшан-теңіз құжаттамалар арасынан тұрақты сақтауға бағалы құжаттар іріктеледі, екіншіден, мұрағаттар уақытша сақталатын, жедел анықтамалық құжаттар ағымынан қорғалады. Бірінші кезеңде құжаттар құндылығына сараптама жүргізу іс жүргізу сатысында жүргізіледі: а) құжаттардың тізбесі мен жұмыстың тәжірибесі негізінде болашақ істің құндылығын анықтау үшін іс номенклатурасын әзірлеу; ә) мекемеге келіп түскен құжаттарды тіркеу; б) құжаттарды іске жіберу.

Екінші кезең іс жүргізу құжаттарының аяқталуына байланысты істерді ведомстволық мұрағаттарға тапсыруды ұйымдастыру сатысы. Үшінші кезең ведомстволық мұрағат қызметкерлері мен мемлекеттік мұрағат қызметкерлері және мекеменің сараптау комиссиясы мүшелерінің істерді мемлекеттік сақтауға беру үшін дайындау сатысы.

Кеңестік дәуірде құжаттар құндылығына сараптама жүргізудің көрсетілген барлық сатыларында маркстік-лениндік методологияға сүйенгені белгілі. Мұрағатшылар маркстік-лениндік методология принципін құжаттарды зерделеудің барлық сатысында қолданды, яғни ғылыми-анықтамалық аппаратын құрғанда, шағын фильмдерге құжаттарды іріктегенде т.б..

Құжаттар құндылығына сараптау жұмыстарын жүргізген кезде бұл принциптер аса маңызды рөл атқарды, себебі сараптама қорытындысы құжаттың алдағы тағдырына байланысты болды.

Кеңестік ғалымдар маркстік-лениндік методология тұрғысынан оқиғалар мен құбылыстарды нақты тарихи жағдайда қарастырады. Сонымен қатар басқа да оқиғалар мен құбылыстарға өзара байланысы мен тәуелділігі де қарастырылады. Осы негізде құжаттарды бағалау партиялық принцип, тарихи принцип, құжаттарды жан-жақты және кешенді зерделеу принципі негізінде жүргізілді.

Құжаттар құндылығына сараптама жүргізудің принциптері туралы мәселеге тоқталсақ, 1956 жылдың 1 маусымындағы ережеде және 1962 жылы бекітілген ережеде партиялық принцип туралы мәселе мүлдем аталмайды [12]. 1984 жылы қабылданған ережеде партиялық принцип тарихи және құжаттарды жан-жақты және кешенді зерделеу принциптерімен қатар аталынады [13]. Кеңестік кезеңде Партиялық принцип бойынша құжаттар құндылығына сараптама жүргізуде де таптық көзқарасқа жол берілген. Сондықтан да тәуелсіздік алған жылдары тарихи принцип құжаттарды зерттеп танып білуде құжаттың жасақталған орны және уақытына көңіл бөлуді талап етті.

Құжаттарды жан-жақты және кешенді зерделеу принципі құжаттарға диалектикалық тұрғыдан да келуге болады. Құжаттар кешенді түрде зерделеніп бағаланады, құжаттар бірін-бірі толықтырып отырса, кейде үшінші бірі біріншісін қайталайды, ал төртіншісі екіншісімен толықтырылуы мүмкін (жоспарлар, есептер, жазбалар, баяндау хаттар т.б.). Сондықтан құжаттар құндылығына дұрыс сараптама жүргізуде бұл принциптерді бір-бірінен бөлек қарастыру мүмкін емес және олай болмаған жағдайда құжатты зерделеу толық жүргізілмейді. Құжаттарды жан-жақты және кешенді зерделеу принципі кез-келген құжаттар санатына сараптама жұмыстарын жүргізген кезде қолданылатын шарт. Бұл принципті әсіресе мазмұны біртектес, бірін-бірі қайталайтын құжаттарды сараптамадан өткізген кезде қолдану тиімді болып табылады.

Көрсетілген принциптер мұрағат қызметкерлері мен іс жүргізу қызметінің мамандары үшін құжаттарды дұрыс сараптамадан өткізіп, бағалауға қажетті методологиялық ұстаным болып табылады. Құжаттардың құндылығына сараптама жүргізу жұмыстарын тиімді жүзеге асыру мақсатында құжаттар құндылығының критерийін (өлшемін) қолдану қажет болды.

Құжаттар құндылығының негізгі критерий өлшемдеріне назар аударсақ.

1) Қызмет барысында құжаттарды жасақтаушы (құрушы) мекеме немесе тұлғаның маңыздылығы. Мемлекет пен қоғамның даму үрдісінде сан салалы қызметтер атқаратын сандаған мекеме, ұйым және кәсіпорындар құрылады. Бұған үкімет және басқару органдары, өнеркәсіптік, ауыл шаруашылық, транспорт және сауда кәсіпорындары, ғылыми-зерттеу және жобалау институттары, мәдени-көпшілік мекемелер, кооперативтік және қоғамдық ұйымдар, оқу орындары, тұрмыстық қызмет көрсету мекемелері мен кәсіпорындары жатады. Осы аталған мекеме, ұйым және кәсіпорындар қызметі аясында қалыптасқан құжаттардың құндылығы мекеменің мемлекеттік басқару жүйесіндегі маңыздылығына халық шаруашылығы, ғылыми, мәдени және тағы басқада дамуындағы рөліне байланысты анықталады. Мемлекеттік билік пен басқару органдарында мемлекеттің қызмет ету аясын көрсететін сан түрлі құжаттар жасақталады, ғылыми мекемелерде ғылыми-техникалық прогресс құжаттары, өнеркәсіптік бірлестіктерде экономиканың дамуы мен өркендеуі туралы құжаттар жасақталады. Құжаттар тек қана мекемелерде ғана емес адамдарда да жинақталады. Бұл жинақталған құжаттар тұлғаның саяси-қоғамдық, шығармашылық жұмыстарын жан-жақты бейнелейді. Қоғам және мемлекет, партия қайраткерлерінің, ғалымдар, өнеркәсіп ұйымдастырушылар, әскери қайраткерлер, жазушылар, суретшілер құжаттары да ғылыми тұрғыдан қызығушылық тудыратын құжаттар болып саналады [14].

Құжат мазмұнының маңыздылығы. Бұл да негізгі критерийлердің бірі болып саналады. Мекемелердегі барлық құжаттар құнды болып табылмайды. Жалпы құжаттардың ішінде мекеменің негізгі қызметін көрсететін құжаттар және қосалқы рөл атқаратын, яғни мекеменің ағымдағы жұмысына қажетті құжаттар да көрініс табады. Мекеменің негізгі қызметін толық көрсететін бірінші топтағы құжаттарға: жарғы, ереже, штаттық кесте, бұйрықтар, жылдық және келешек жоспарлар, салалар бойынша жылдық және жинақтық есептер, баяндамалар, шолулар, жиналыс, отырыстардың мәжіліс хаттамалары, жоғарғы тұрған органдардың директивалық нұсқаулары және олармен жазысқан қатынас қағаздар, директивалық нұсқаулар, үкімет қаулыларының орындалу барысы туралы тексеру материалдары, министр бұйрықтары және де басқа бақылау материалдары, өнертапқыштық және рационализаторлық материалдар, кейбір техникалық қауіпсіздік материалдары. Екінші топтағы құжаттар өте көптігімен ерекшеленеді. Кейбір құжаттар ұзақ уақыт анықтамалық маңыздылығын жоймайды (мысалы жеке құрам бойынша құжаттар). Ал, көптеген құжаттар болса бір, үш, бес жылдан кейін жедел және анықтамалық маңыздылығын жояды. Бұл құжаттардың қатарына жедел және бухгалтерлік есеп беру және есептер, қамтамасыз ету туралы хат жазбалар, ағымдағы жөндеулер, мекеменің негізгі қызметін көрсетпейтін материалдар жатады.

3) Құжаттың жасақталған орны және уақыты. Бұл екі критерий өзара байланысты және құжаттарға сараптама жүргізудегі басты критерийлерге жатады. Мұрағат құрылысының бастауларындағы ірі проблемалардың бірі құжаттық материалдардың құндылығына сараптама жүргізу болып табылады. Құжаттар құндылығына сараптама жасауға байланысты құжаттарды жоюдан сақтап қалу ғана емес, сонымен бірге мемлекеттік мұрағат қоры құрамын құнды құжаттық материалдармен толықтыруға да ықпалын тигізеді. Мұрағатшылар құжаттар құндылығына сараптама жасау жұмысына ерекше көңіл бөледі, өйткені мұрағатта сақталған аса құнды тарихи дерек көздерін сақтау аса жауапкершілікті міндеттейді. Құжаттардың құндылығын анықтау жұмыстарында маңызды орын алатын анықтамалық құрал әр түрлі құжаттар тізбесі болып табылады. Бекітілген тізбе істердің санатын, сақтау мерзімін анықтау барысында нормативтік құжаттар есебіне жатқызылады. Тізбенің басты міндеті – мекеме, ұйым және кәсіпорын қызметіндегі түзілген құнды құжаттардың сақталуын және мемлекеттік сақтауға өткізілуін қамтамасыз ету. Негізінен тізбенің екі түрі болады: құжаттардың сақталу мерзімі көрсетілген тізбе және құжаттарды мемлекеттік сақтауға өткізу тізбесі. Құжаттардың сақталу мерзімі көрсетілген тізбе екі топқа бөлінеді: 1) құжаттардың типтік тізбесі және ведомстволық тізбе. Құжаттарды мемлекеттік сақтауға өткізу тізбесі де типтік тізбеге жатқызылады, бірақ та тек тұрақты сақталатын құжаттарды қамтиды. Типтік тізбені КСРО мұрағат Бас басқармасы шығарады [15]. Сақтау мерзімі көрсетілген тізбеге ережеге сай халық шаруашылығының әр түрлі салаларының (дәрігерлік, әскери, сот құжаттары) өзіндік ерекшеліктері бар құжаттар енгізілмейді. Мұрағаттық құжат құндылығы құжаттың айрықша тарихи, ғылыми, әлеуметтік, экономикалық, саяси және мәдени маңызын ерекшелейтін мұрағаттық құжат қасиеті құжаттың құндылығын анықтау жұмыстары негізінен сараптама жұмысының негізгі принциптері мен критерийлеріне сүйене отырып, құжаттық материалдардың ғылыми, саяси және тәжірибелік маңызына

ерекше көңіл бөледі. Құжаттардың құндылығын анықтау жұмыстары мемлекеттік мұрағаттардағы жүргізілетін жұмыстардан дербес жүргізілетін жұмыс болып табылады. Құжаттардың құндылығын анықтау жұмыстарының барысында қор топтарының өзара байланыстылығы, ұқсастығы мекемелердің атқаратын қызметінің тектес және ұқсас функциялары, материалдарды жан-жақты кешенді түрде зерттеп анықтау жұмыстары жүргізіледі. Құжаттардың құндылығын анықтау жұмыстары сонымен қатар қордың құжаттың материалдарына ғылыми-техникалық өңдеу жұмыстарында, ғылыми-анықтамалық аппаратын жетілдіру, құжаттардың жәй-күйін, толықтығын тексеру кезінде де жүргізіледі. Құжаттардың құндылығын анықтау алдында қор және қор жасаушының тарихымен, құжаттың материалдық құрамымен, мазмұнымен танысу қажеттілігі туындайды. Құжаттардың құндылығын анықтау жұмыстарының алдында күрделі және көлемі үлкен қорлар, қор топтары мен біріккен қорларға жұмыс нұсқаулығы жасалады. Ең үлкен және күрделі, біртекті қорларға (мысалы, уездік земство бастықтары, земство соттары, халық соттары, милиция басқармасы және бөлімдері, кәсіподақ ұйымдары) «Сақтауға және сақтауға жатпайтын құжаттық материалдардың үлгі тізбесі» жасақталады. Құжаттық материалдардың үлгі тізбесі әр түрлі қорлардағы біртектес құжаттық материалдарға (фабрика, завод, кәсіпорындардың, трестердің, бухгалтерлік құжаттары т.б.). Мекемелердің мемлекеттік мұрағаттарда сақталған материалдық құжаттарының құндылығын анықтау жұмыстары барысында, құжаттардың сақталу мерзімін анықтау үшін мұрағат Бас басқармасы шығарған құжаттар материалдарының типтік тізбесі және министрліктер мен ведомстволардың тізбесі де қолданылуы да мүмкін. Сонымен қатар мұрағат қорының толық сақталуы, құжаттың пайда болған мерзімі, уақыты, қор жасаушы мекеменің рөлі, басқа да мекемелермен өзара байланысын және құжаттық материалдардың құндылығын анықтауда маңызы бар басқа да факторларды да назарда ұстаған жөн. Мемлекеттік мұрағаттарда құжаттардың құндылығын анықтау жұмыстарын қордың жалпы негізгі материалдарын қараудан бастаған пайдалы. Содан соң басқа да, ұсақ қорлардың құндылығын анықтау жұмыстары жалғасады. Құжаттық материалдардың ғылыми-техникалық өңдеу процесінде құжаттың құндылығын анықтауда бірлік істің құндылығын анықтап алу орынды. Мұрағатта сақталған бірлік істің құжаттық құндылығын анықтау жұмыстарын жүргізіп жатқан қызметкер тарапынан парақтау арқылы қарастырылады. Құжаттың ғылыми және тәжірибелік құндылығын тізімдегі жазбамен және бірлік істің сыртқы мұқабасындағы тақырыбымен анықтауға жол берілмейді. Құжаттардың құндылығын анықтауда құжаттың мазмұнына көңіл бөлініп, мекеменің негізгі қызметі бағыттарын көрсететін материалдарға басымдылық беріліп сақтауға қалдырылады. Кеңес Одағы мұрағаттарында азамат соғысы аяқталған кезеңге дейінгі құжаттарды жою тек КСРО мұрағат Бас басқармасы мен одақтас республикалардың мұрағаттық органдары ғана рұқсат берді [16]. Құжаттардың құндылығын анықтау жұмыстарында қор жасаушы мекемелердің қызмет ету және қайта құрылу кезеңдерінің хронологиялық кезеңдері және күндерін де есепке алу қажет. Жеке даталар мен хронологиялық кезеңдер ел тарихына маңызды болмауы мүмкін, ал одақтас республика, өлке, облыс, округ, аудан, қалаларға маңызы болуы да ескеріледі [17].

Есіңізде болсын, егер жоюға таңдалған істе құнды құжаттармен қатар құнды құжаттар болса, онда сіз оны толығымен сақтауға қалдырмай, істі қайта құра аласыз.

Жүргізілген құндылық сараптамасының нәтижесінде кейіннен ресімдеу үшін істердің үш тобы бөлінеді:

- бірінші топ-болашақта тізімдемеге енгізілетін тұрақты сақтау істері;

- екінші топ-ұзақ мерзімді сақтау мерзімі бар істер, оның ішінде 75 жыл және 75 жыл ЭПК, олар тиісті тізімдемелерге енгізілетін болады;

- үшінші топ - уақытша сақтау істері. Егер оларды сақтау мерзімі өтіп кетсе және олар құжаттар мен істерді жоюға бөлу туралы актіге енгізілсе, бұл істер жойылуға жатады.

Құнды құжаттармен қатар архив құжаттарының ішінде басты назардағы құжаттарға мульти-медиялық құжаттарды есепке алу, қолдану тіркеу мәселесі де осы салаланың өзекті салаларының бірі. Электрондық құжаттардың ерекшелігі - олардың өзіндік физикалық және логикалық құрылымы бар, бұл біздің құжат туралы дәстүрлі идеяларымызға сәйкес келмейді. Бұл деректерді машиналық медиаға орналастыру әдісіне және қолданылатын бағдарламалық жасақтама мен аппараттық құралдарға байланысты. Электрондық құжаттардың логикалық құрылымы құжаттың бөліктері арасындағы семантикалық байланыстарды әр түрлі мәліметтер түрінде анықтайды: мәтін, кестелер, графика, анимация, мультимедиялық жазбалар және т. б. Құжат модульдік принципке сәйкес тиісті ақпараттық технологияларды қолдана отырып түсіріледі және ойнатылады [18].

Электрондық құжаттар ақпараттық технологияларға тікелей тәуелді, олар техника мен бағдарламалық қамтамасыз ету саласындағы ғылыми-техникалық прогреске қарай өзгеруге қайтымсыз бейімділікке ие. Осыған байланысты, белгілі бір уақыт өткеннен кейін мұндай құжаттарға қол жетімділікті жоғалту қаупі

жоғары, егер тиісті техника мен бағдарламалық жасақтаманың болмауына байланысты физикалық ақпарат тасығыш болса, электрондық жазбаны оқу мүмкін болмайды.

Басым ұлттық жобалар бойынша жұмыстардың іске асырылуын талдау және орындалуын болжау, бюджеттік ресурстарды басқару тиімділігін мониторингілеу және бағалау, мультимедиялық ақпаратты сақтау мен өңдеудің ақпараттық-іздістіру жүйелері үшін жабдықтар мен бағдарламалық құралдардың тәжірибелік үлгілері әзірленді. Ақпарат тиісті техника мен бағдарламалық жасақтаманың болмауына байланысты электрондық жазбаны оқу мүмкін болмайды. Белгілер жиынтығы және ақпаратты кодтау (соның ішінде аудио, бейнелеу, көп және гипермедиа ақпаратын кодтау, ат қауіпсіздігін қамтамасыз ету әдістері, шифрлау, штрих-кодтау, электрондық қолтаңбалар және т. б.) аудио және бейне ақпаратты көрсетуге және өңдеуге арналған медиа жүйелер (CD Player, Media Player және т.б.). Электрондық презентациялар әртүрлі конференциялар, көрмелер, баяндамалар өткізу кезінде, сондай-ақ көрнекі демонстрация тұрғысынан баяндалған материалды ұсынудың кеңейтілген мүмкіндіктерінің арқасында Web-беттерді дайындау және жарнамада кеңінен қолданылды. Мультимедиялық технологиялар негізінде жүзеге асырылатын құралдарды пайдалану бір құжатта мәтінді, графиканы және дыбыстық сүйемелдеуді біріктіруге, сызықтық емес құрылымға ие болуға, жарнамалық немесе демонстрациялық роликтерді көруді ұйымдастыруға, пайдаланушымен диалогты ұйымдастыру құралдарын қосуға мүмкіндік береді. Электрондық презентация - бұл электронды құжат, тиісті бағдарламалық және аппараттық құралдардың көмегімен адамның қабылдауына арналған мәліметтер жиынтығы. Мұндай құжат мультимедиялық құралдар негізінде жасалады [19] әр түрлі форматта (әр түрлі аспаптардың көмегімен). Көру үшін презентацияларды дербес компьютерлерде де, желіде де орналастыруға болады. Құжатталған ақпаратты ұзақ уақыт сақтауға арналған файл пішімдері ISO/IEC 23000 - 6:2009 халықаралық стандарттарымен анықталады. Information technology. Multimedia application format (MPEG-A). Part 6: Professional archival application format. (Ақпараттық технология. Мультимедиялық қолданбалы бағдарламалардың форматы (MPEG-A). 6-бөлім: Кәсіби мұрағаттық қолданбалы формат) және ISO 28500:2009. Ақпарат және құжаттама — WARC file format (Ақпарат және құжаттама. Warc файл пішімі) және т. б.

Тағы бір архив құжаттарының басым саласы климатология. Мұрағаттық климатология-бұл күнделіктер, хаттар, құжаттар және басқа жазбалар сияқты мұрағат көздерінен алынған Климаттық деректерді зерттейтін ғылым. Біз мұрағаттық климатологияда қандай зерттеу әдістері қолданылатынын және оның қандай мақсаттары бар екенін білеміз. Архивтік климатология-бұл архивтік дереккөздерге сүйене отырып, өткеннің климаттық жағдайларын зерттейтін ғылыми пән. Ол ауа-райы мен климаттың тарихи деректерін талдау және түсіндіру үшін мұрағат және климатология әдістерін біріктіреді. Мұрағаттық климатологияда қолданылатын Мұрағат көздеріне хаттар, күнделіктер, журналдар, газеттер, карталар, фотосуреттер және бұрынғы ауа-райы мен климат туралы ақпаратты қамтитын басқа құжаттар кіруі мүмкін. Бұл көздер ресми және жеке болуы мүмкін және әртүрлі кезеңдер мен орындарды қамтуы мүмкін. Мұрағаттық климатологияның негізгі мақсаты-мұрағаттық деректер негізінде тарихи климаттық жағдайларды және климаттың өзгеруін қалпына келтіру. Бұл климаттық процестер, олардың өзгергіштігі және ұзақ мерзімді тенденциялар туралы түсінігімізді жақсартуға мүмкіндік береді. Мұрағаттық климатология құрғақшылық, су тасқыны және төтенше температура сияқты Климаттық экстремалдарды және олардың қоғам мен қоршаған ортаға әсерін зерттеу үшін де пайдалы болуы мүмкін.

Архивтік климатологиядағы зерттеу әдістері архивтік деректерді жинауды, талдауды және түсіндіруді қамтиды. Зерттеушілер Мұрағат көздерінің сенімділігі мен дәлдігін тексеру үшін статистикалық әдістерді, Климаттық модельдеуді және заманауи Климаттық деректерді салыстыруды қолдана алады. Мұрағаттық климатологияны қолдану кең болуы мүмкін. Бұл өткен климаттың өзгеруін зерттеу, болашақ климаттың өзгеруін болжау, климаттың ауыл шаруашылығына, адам денсаулығына, экономикаға және өмірдің басқа аспектілеріне әсерін бағалау үшін пайдалы болуы мүмкін. Мұрағаттық климатология климаттың өзгеруіне бейімделу стратегияларын әзірлеу және тұрақты даму шешімдерін қабылдау үшін де пайдалы болуы мүмкін. Мұрағаттық климатология-бұл ХХ ғасырдың екінші жартысында белсенді дами бастаған салыстырмалы түрде жаңа зерттеу саласы. Бұл болашақ климаттың өзгеруін дәлірек болжау үшін өткен климаттық өзгерістерді зерттеу қажеттілігінен туындады.

Архивтік климатологияны дамытудағы алғашқы қадамдар 1960 жылдары ғалымдар архивтік дереккөздердің климатты зерттеудегі маңыздылығына назар аударып бастаған кезде жасалды. Олар күнделіктер, журналдар, хаттар, карталар және басқа дереккөздер сияқты мұрағаттық құжаттарда өткен жылдар мен онжылдықтардағы ауа-райы мен климат туралы құнды ақпарат болуы мүмкін екенін түсінді. Компьютерлік технологиялардың пайда болуымен және деректерді талдау әдістерінің дамуымен архивтік климатология қол жетімді және тиімді бола бастады. Ғалымдар мұрағат көздерінен ақпарат жинайтын және

жүйелейтін мәліметтер базасын құра бастады. Бұл дәлірек зерттеулер жүргізуге және климаттың өзгеруі туралы сенімді қорытынды жасауға мүмкіндік берді. Бүгінгі таңда архивтік климатология ғылым, экономика, ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау және т.б. салаларда белсенді қолданылатын маңызды зерттеу саласы болып табылады. Ғалымдар Деректерді талдаудың жаңа әдістерін әзірлеуді және өткен климатты дәлірек зерттеу және оның болашақтағы өзгерістерін болжау үшін мұрағат көздерінің сапасы мен сенімділігін жақсартуды жалғастыруда. Мұрағаттық климатология-күнделіктер, хаттар, құжаттар, карталар және басқа жазбалар сияқты мұрағат көздерінен өткен климаттық жағдайларды зерттейтін ғылым. Архивтік климатологияның негізгі мақсаты-ұзақ уақыт бойы болып жатқан климаттық өзгерістерді түсіну және сипаттау. Мұрағаттық климатологияның негізгі міндеттері: 1. Мұрағат деректерін жинау және талдау: Мұрағат көздерінде өткен ауа-райы мен климат туралы құнды ақпарат бар[20]. Мұрағаттық климатологияның міндеті-бұл деректерді жинау, оларды жүйелеу және климаттық тенденциялар мен заңдылықтарды анықтау үшін талдау жүргізу. 2. Өткен климатты қайта құру: мұрағаттық деректер ғалымдарға өткен климаттық жағдайларды қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Мұрағаттық климатологияның міндеті-бұл деректерді белгілі бір уақыт аралығында климатты модельдеу және қалпына келтіру үшін пайдалану. 3. Климаттың өзгеруін зерттеу: мұрағаттық климатология ғалымдарға тарих бойында климаттың қалай өзгергенін түсінуге көмектеседі. Мұрағаттық климатологияның міндеті-ұзақ Климаттық циклдарды, температураның, жауын-шашынның және басқа Климаттық параметрлердің өзгеруін анықтау және сипаттау. 4. Болашақ климаттық өзгерістерді болжау: мұрағаттық деректерді талдау және өткен Климаттық процестерді түсіну негізінде Мұрағаттық климатология ғалымдарға болашақ климаттық өзгерістерді болжауға көмектеседі. Мұрағаттық климатологияның міндеті-алған білімдерін Болашақ климаттың модельдері мен сценарийлерін әзірлеу үшін пайдалану. Мұрағаттық климатологияның мақсаттары мен міндеттері өткен және болашақ Климаттық процестерді тереңірек түсінуге бағытталған, бұл климатқа байланысты әртүрлі салаларда шешім қабылдау үшін маңызды. Архивтік климатология архивтік деректерді талдау және өткен климаттық жағдайлар туралы ақпарат алу үшін әртүрлі зерттеу әдістерін қолданады. Төменде мұрағаттық климатологияда қолданылатын негізгі әдістер келтірілген: Архивтік климатологияның негізгі әдістерінің бірі-күнделіктер, журналдар, хаттар және басқа да тарихи жазбалар сияқты архивтік құжаттарды талдау [20]. Бұл құжаттарда ауа-райы, климаттық құбылыстар және олардың бұрынғы климаттық жағдайларды қалпына келтіру үшін қолданылуы мүмкін салдары туралы ақпарат бар. Дендрохронология-ағаштардың ағаш сақиналарын зерттеу әдісі. Әрбір жылдық сақина жыл бойына Климаттық жағдайлардың көрінісі болып табылады. Ағаш сақиналарын талдау ғалымдарға температураны, жауын-шашынды және маусымның ұзақтығын қоса алғанда, өткен климаттық жағдайларды қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Мұрағаттық климатологияны қолдану. Мұрағаттық климатологияның кең ауқымы бар және әртүрлі салаларда маңызды рөл атқарады. Міне, олардың кейбіреулері: Климаттың өзгеруін зерттеу. Мұрағаттық климатология өткен климаттық өзгерістерді зерттеуге және олардың қазіргі уақытқа әсерін түсінуге мүмкіндік береді. Мұрағаттық деректерді талдау ғалымдарға климаттың өзгеруінің ұзақ мерзімді тенденцияларын анықтауға және олардың қалыптасуы климаттық жағдайлардан қаншалықты ерекше-ленетінін анықтауға мүмкіндік береді. Климаттық жағдайларды болжаудың модельдері мен әдістерін жасауға көмектеседі. Өткен деректерді талдау болашақ климаттың өзгеруін болжауға және оған бейімделу үшін тиісті шараларды қабылдауға мүмкіндік береді. Архивтік климатология Климаттық жағдайлардың өсімдіктер, жануарлар әлемі және гидрологиялық жүйелер сияқты қоршаған ортаға әсерін бағалауға мүмкіндік береді. Өткен Климаттық деректерді зерттеу ғалымдарға қоршаған ортада қандай өзгерістер болғанын және олардың климатпен қалай байланысты екенін түсінуге көмектеседі. Мұрағаттық климатология су ресурстары, ауыл шаруашылығы және энергетика сияқты ресурстарды жоспарлау мен басқаруда маңызды рөл атқарады. Өткен Климаттық деректерді талдау болашақта осы ресурстардың қол жетімділігі мен қолданылуын болжауға мүмкіндік береді. Мұрағаттық климатология құрғақшылық, су тасқыны және басқа да төтенше ауа-райы оқиғалары сияқты тарихи оқиғаларды зерттеу үшін де қолданылады. Мұрағаттық деректерді талдау ғалымдарға осы оқиғаларға қандай климаттық жағдайлар әкелгенін және олардың болашақта қалай қайталануы мүмкін екенін түсінуге мүмкіндік береді. Жалпы, мұрағаттық климатология-өткенді жақсы түсінуге, болашақты болжауға және климаттың өзгеруіне бейімделу үшін шаралар қабылдауға көмектесетін маңызды ғылым. Оның қолданудың кең спектрі бар және біздің өміріміздің әртүрлі салаларында маңызды рөл атқарады. 1. Тарихи перспектива: мұрағаттық климатология ұзақ уақыт бойы климаттық өзгерістерді зерттеуге мүмкіндік береді. Мұрағаттық деректерді талдау ғалымдарға өткен климаттық жағдайлар туралы ақпарат алуға мүмкіндік береді, бұл климаттың өзгеруінің Тарихи тенденциялары мен заңдылықтарын жақсы түсінуге көмектеседі.

2. Қосымша деректер: мұрағаттық деректер қазіргі бақылауларда қол жетімді болмауы мүмкін климат туралы қосымша ақпарат береді. Бұл ғалымдарға климаттық жағдайлар мен олардың қоршаған ортаға және қоғамға әсері туралы толық түсінік алуға мүмкіндік береді.

3. Модельді тексеру: мұрағаттық климатология болашақ климаттың өзгеруін болжау үшін қолданылатын Климаттық модельдерді тексеруге және нақтылауға мүмкіндік береді. Мұрағаттық деректерді модельдеу нәтижелерімен салыстыру ғалымдарға модельдердің дәлдігі мен сенімділігін бағалауға және олардың болжау қабілетін жақсартуға көмектеседі.

Мұрағаттық климатологияның шектеулері:

1. Деректер шектеулері: мұрағаттық деректер көлемі мен сапасы бойынша шектелуі мүмкін. Уақыт өте келе кейбір деректер жоғалуы немесе зақымдалуы мүмкін, бұл зерттеуді қиындатады. Сонымен қатар, мұрағаттық деректерді әртүрлі форматтар мен өлшем бірліктерінде жинауға болады, бұл оларды стандарттау және салыстыру бойынша қосымша жұмысты қажет етеді.

2. Деректердің гетерогенділігі: мұрағаттық деректерді әртүрлі көздерден және орындардан жинауға болады, бұл деректердің гетерогенділігіне әкелуі мүмкін. Деректерді жинаудың әртүрлі әдістері және бақылау технологияларындағы өзгерістер мұрағаттық деректерге сәйкессіздіктер мен Шу тудыруы мүмкін, бұл оларды талдау мен түсіндіруді қиындатады.

3. Кеңістіктік қамтудың шектеулілігі: архивтік деректер географиялық қамтумен шектелуі мүмкін. Кейбір аймақтарда архивтік деректер жеткіліксіз болуы мүмкін, бұл осы аймақтардағы климаттық өзгерістерді зерттеуді қиындатады. Сонымен қатар, мұрағаттық деректер уақыт бойынша біркелкі бөлінбеуі мүмкін, бұл ұзақ мерзімді Климаттық трендтерді зерттеу мүмкіндігін шектейді.

Осы шектеулерге қарамастан, мұрағаттық климатология өткен және болашақ климаттың өзгеруін зерттеудің маңызды құралы болып қала береді. Бұл ғалымдарға климаттық жағдайлар мен олардың қоршаған ортаға және қоғамға әсері туралы толық түсінік алуға мүмкіндік береді, бұл климаттың өзгеруіне бейімделу туралы неғұрлым негізделген шешімдер қабылдауға көмектеседі[21].

Мұрағаттық климатология-мұрағат көздерінен алынған Климаттық деректерді зерттейтін ғылым. Оның ұзақ даму тарихы және қолданудың кең ауқымы бар. Мұрағаттық климатологияның мақсаты-болашақ өзгерістерді болжау үшін өткен климаттық өзгерістерді талдау және түсіндіру. Зерттеу әдістеріне мұрағаттық құжаттарды талдау, статистикалық әдістер және модельдеу кіреді. Архивтік климатологияның ұзақ мерзімді деректерге қол жеткізу және әртүрлі уақыт пен кеңістіктік масштабтағы климаттық өзгерістерді зерттеу мүмкіндігі сияқты артықшылықтары бар. Алайда, оның мұрағаттық деректердің сапасы мен қол жетімділігіне байланысты шектеулері бар.

Нәтижесі. Аса құнды және мультимедиялық құжаттарды пайдалануды есепке алу және талдау қазіргі архив саласындағы қоғамдық сұранысты қанағаттандыратын негізгі мәселе. Ал архивтік климатология климаттық процестерді түсінуде маңызды рөл атқарады және климаттық саясат пен жоспарлау саласында шешім қабылдауға көмектеседі.

Қорытынды. Жалпы, аса құнды және мультимедиялық құжаттарды пайдалануды есепке алу және талдау, климатология мәселесіін саралау архив қызметінің басты бағыттарының бірі.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Закон Республики Казахстан от 22.12.1998 г. «О Национальном архивном фонде и архивах» № 326-ІЗРК.

2. Жукова М.П., Кузнецова И.П. Некоторые вопросы экспертизы ценности документов в зарубежном архивоведении // Советские архивы. - 1975. - № 4. -127 с., с. 90-96

3. Теория и практика экспертизы ценности документов и комплектование государственных архивов СССР. - М.: Труды ВНИИДАД, - Т.4. 1974. - 528 с.

4. Автократов В.Н. Источниковедческий и информационный подходы в теории экспертизы документов.; Литвак Б.Г. О некоторых источниковедческих аспектах современной теории экспертизы.; Орлова Н.А., Черноморский М.Н. Методологические вопросы экспертизы ценности документальных источников и их взаимосвязь с теорией источниковедения. // Материалы к научной конференции по проблемам комплектования документальными источниками государственных архивов СССР. - Ротапринт. -М.: Изд.ГАУ при СМ СССР, 1974. Ч.1. - 490 с.; Шенукова Н.М., Коннова Н.Н. О системном подходе при экспертизе ценности управленческой документации // Советские архивы. -1974. -№ 3. -128 с.; Цаплин В.В. Информационный анализ ценности документов и комплектование архивных фондов ЦГАНХ СССР.; Колосова Э.В. Об основах отбора документальных материалов по личному составу на государственное хранение // Материалы научной конференции по проблемам комплектования

документальными источниками государственных архивов СССР. -Ротапринт. -М.: Изд.ГАУ при СМ СССР, 1974. Ч.II. -478 с.; Елпатьевский А.В. Документирование прохождения государственной службы в России XVIII-начала XX в. -М.:Труды ВНИИДАД, -Т.5. 1974. -235 с.; Белова Е.Б. Документирование процессов управления в области изобразительного искусства // Советские архивы. -1974. -№ 4. -128 с.

5. Аққали Ахмет Қазақстандағы Мұрағат ісінің тарихы (1918-1991жж.)- докторлық диссертация. Атырау, 2010- 297 бет

6. Хими́на Н.И. Проблемы государственного учета документов АФ РФ // Архивоведение и источниковедение Отечественной истории. Проблемы взаимодействия на современном этапе. — М., 1997. — С. 82-85.82-85

7. Бурова Е.М. Архивоведение (теория и методика): учебник для вузов / Е.М. Бурова, Е.В. Алексеева, Л.П. Афанасьева; под ред. Е.М. Буровой. — М.: Издательство «ТЕРМИКА», 2016. — 688 с.: ил.

8. Орлова Н.А. Классификация документальных материалов в советских архивах: учебное пособие. — М., 1976. Экспертиза ценности документов ГАФ СССР (1958-1980 гг.): учебное пособие. — М., 1984., б. с. 11-12

9. Кабанов В.В. Архивное источниковедение. Архивоведение и источниковедение Отечественной истории. Проблемы взаимодействия на современном этапе. — М., 1995. — С. 36-38.

10. Типового положения о постоянно действующей центральной экспертной комиссии (ЦЭК) министерства (ведомства) СССР и союзной республики. - М., 1977.- 96 с., с.70

11. Тягунова Р.М. Конференции, совещания, семинары // Советские архивы. - 1980. - № 6. - 96 с. , с.72

12. Пиеничный А.П. Работа архивных учреждений с министерствами и ведомствами // Советские архивы. - 1980. - № 2. - 96 с. , с. 37-42, 283, 19-27

13. Статьи, методические программы научных исследований. -М.:Труды ВНИИДАД, 1970. -Т.1. - 202 с., с. 112

14. Важность экспертизы ценности документов в архивах учреждений: ключевые аспекты и методы // Научные Статьи.Ру — портал для студентов и аспирантов. — Дата последнего обновления статьи: 15.10.2023. — URL <https://nauchniestati.ru/spravka/eksperitza-czennosti-dokumentov-fondov-teatralnyh-ichrezhdenij/> (дата обращения: 17.03.2024).

15. Перечень научно-технической документации, подлежащей приему в государственные архивы СССР. -М., 1969. -21 с.

16. Старостин Е.В. Зарубежное архивоведение: проблемы истории, теории и методологии. — М., 1997. — 332 с., с. 23

17. Управление документами. Термины и определения. Словарь. — М., ВНИИДАД. 2013. — 120 с.

18. Ларин М.В. Управление документацией в организациях / М.В. Ларин. - М.: Научная книга. 2002.

19. Лядова Л.Н. Основы компьютерной грамотности и информационнокоммуникационной компетентности: в 3 ч. / Л.Н. Лядова, Н.В. Фролова, Е.Б. Замятина, Б.И. Мызникова. - Ч. 1: Введение в информатику: учеб.-метод. пособие. - Пермь: Пермский гос. ун-т, 2007. - 208 с.

20. Привалов В.Ф., Любомирова О.И. Практическое пособие по архивной климатологии -Москва 1991, 49 с.

21. Архивная климатология: научное направление, исследующее прошлые климатические изменения // Научные Статьи.Ру — портал для студентов и аспирантов. — Дата последнего обновления статьи: 12.10.2023. — URL <https://nauchniestati.ru/spravka/arhivnaya-klimatologiya-kak-nauchnoe-napravlenie/> (дата обращения: 18.03.2024).

Reference

1. The Law of the Republic of Kazakhstan dated 12/22/1998 "On the National Archival Fund and Archives" No. 326-I ZRK.

2. Zhukova M.P., Kuznetsova I.P. Some questions of the examination of the value of documents in foreign archival science // Soviet archives. - 1975. - No. 4. -127 p., pp. 90-96

3. Theory and practice of examination of the value of documents and acquisition of state archives of the USSR. - М.: Proceedings of VNIIDAD, vol. 4. 1974. - 528 p.

4. Autocratov V.N. Source studies and information approaches in the theory of document examination.; Litvak B.G. On some source studies aspects of the modern theory of expertise.; Orlova N.A., Chernomorsky M.N. Methodological issues of examination of the value of documentary sources and their relationship with the theory of source studies. // Materials for the scientific conference on the problems of acquisition of documentary sources of

the state archives of the USSR. -Rotaprint. -M.: Publishing House of the State Agrarian University under the USSR Council of Ministers, 1974. Ch.I. - 490 p.; Shenukova N.M., Konnova N.N. On a systematic approach to the examination of the value of management documentation // Soviet Archives. -1974. -No. 3. -128 p.; Tsaplin V.V. Information analysis of the value of documents and acquisition of archival funds of the Central Library of the USSR.; Kolosova E.V. On the basis of the selection of documentary materials on personnel for state storage // Materials of the scientific conference on the problems of acquisition of documentary sources of the state archives of the USSR. -Rotaprint. -M.: Publishing House of the State Agrarian University under the USSR Council of Ministers, 1974. Part II. -478 p.; Elpatyevsky A.V. Documenting the passage of public service in Russia XIII-early XX century. -M.:Trudy VNIIDAD, -Vol.5. 1974. -235 p.; Belova E.B. Documenting management processes in the field of art of invention // Soviet Archives. -1974. -No. 4. -128 p.

5. Akkali Akhmet Kazakstandagi Muragat isinin tarikhy (1918-1991zh.)- doctorly dissertation. Atyrau, 2010-297 bet

6. Khimina N.I. Problems of state accounting of documents of the AF of the Russian Federation // Archival science and source studies of National history. Problems of interaction at the present stage. — M., 1997. — pp. 82-85.82-85

7. Burova E.M. Archival science (theory and methodology): textbook for universities / E.M. Burova, E.V. Alekseeva, L.P. Afanasyeva; edited by E.M. Burova. — M.: Publishing House "THERMIKA", 2016. — 688 p.: ill.

8. Orlova N.A. Classification of documentary materials in Soviet archives: a textbook. — M., 1976. Examination of the value of documents of the GAF of the USSR (1958-1980): textbook. — M., 1984., b. pp. 11-12

9. Kabanov V.V. Archival source studies. Archival science and source studies of National history. Problems of interaction at the present stage. — M., 1995. — pp. 36-38.

10. Model regulations on the permanent Central Expert Commission (CEC) of the Ministry (department) of the USSR and the Union Republic. - M., 1977.- 96 p., p.70

11. Tyagunova R.M. Conferences, meetings, seminars // Soviet Archives. - 1980. - No. 6. - 96 p., p.72

12. Pshenichny A.P. The work of archival institutions with ministries and departments // Soviet Archives. - 1980. - No. 2. - 96 p., pp. 37-42, 283, 19-27

13. Articles, methodological programs of scientific research. -M.:Proceedings of VNIIDAD, 1970. -Vol.1. - 202 p., p. 112

14. The importance of examining the value of documents in the archives of institutions: key aspects and methods // Scientific Articles.<url> is a portal for students and postgraduates. — Date of the last update of the article: 10/15/2023. — URL <https://nauchniestati.ru/spravka/ekspertiza-czennosti-dokumentov-fondov-teatralnyh-uchrezhdenij/> (date of reference: 03/17/2024).

15. List of scientific and technical documentation to be accepted into the state archives of the USSR. - M., 1969. -21 p.

16. Starostin E.V. Foreign archival science: problems of history, theory and methodology. — M., 1997. — 332 p., p. 23

17. Document management. Terms and definitions. Dictionary. — M., VNIIDAD. 2013. — 120 p.

18. Larin M.V. Documentation management in organizations / M.V. Larin. - M.: Scientific book. 2002.

19. Lyadova L.N. Fundamentals of computer literacy and information and communication competence: in 3 hours / L.N. Lyadova, N.V. Frolova, E.B. Zamyatina, B.I. Myznikova. - Ch. 1: Introduction to Computer Science: studies.- the method. stipend. - Perm: Perm State University, 2007. - 208 p.

20. Privalov V.F., Lyubomirova O.I. Practical guide to archival climatology - Moscow 1991, 49 p.

21. Archival climatology: a scientific field exploring past climate change // Scientific Articles.<url> is a portal for students and postgraduates. — Date of the last update of the article: 12.10.2023. — URL <https://nauchniestati.ru/spravka/arhivnaya-klimatologiya-kak-nauchnoe-napravlenie/> (date of access: 03/18/2024).

FTAXP / MPHTI / IRSTI: 03.29
УДК 902.03

<https://doi.org/10.51889/2959-6017.2024.80.1.035>

*Suleimen Dinmuhammed*¹*

*¹PhD student of Al-Farabi Kazakh National University
E- mail: suleimend_2000@mail.ru*

THE PHILOSOPHY OF POWER IN THE MODERN SOCIETY OF KAZAKHSTAN

Abstract

The article is a study through the media of the phenomenon of youth culture, the features of its formation, the current state and the main trends that determine its development. The political consciousness of the youth of Kazakhstan, their socialization and the role and influence of the media in the awakening of patriotic feelings are studied. The political and social position of young people in our modern society, as well as the importance of numerous media in the process of globalization in the progressive development of our state and the formation of tolerance for each other between civil society and nations, is analyzed as a special factor. The solution of the problems of youth culture in the article is based on the results of an analysis of the historical features of the formation of youth culture. Special attention is paid to the originality of youth culture in Kazakhstan through the media. In modern conditions, youth culture acquires the features of autonomy, independence and internal dynamics relatively quickly, which is mainly due to new information technologies, which allow relatively simple and direct access to any achievements in the world analysis of the current content of the concept of youth culture through the media, which, in turn, makes it possible to take a new look at the problem of A comparative analysis of the main stages of the formation of youth culture, the concepts of mass culture and youth subculture is also analyzed in detail in the article, its relationship with mass culture, power, the current state, as well as the main trends in its development are considered.

Keywords: media, Youth, Culture, Information, Youth of Kazakhstan, youth culture

Өзектілігі. Қазіргі ақпараттар ағымы заманында БАҚ-тың рөлі өте зор, себебі демократиялық қоғамда қандай да болсын саяси науқан мен оқиға БАҚ-сыз жүзеге асуы мүмкін емес деп айтуға болады. ХХ-ХХІғғ, ғылыми техниканың жетістіктерімен бірге технологиялар заманы болып отырғаны баршаға мәлім. Ал демократиялық ұстанымдарды алға тартып келе жатқан еліміз үшін жаһандану кезеңінде саяси институттар мен үкіметтік емес ұйымдардың орны ерекше. Сол себепті де БАҚ-тың жастардың мәдени санасын қалыптастырудағы Қазақстандағы ерекшеліктерін талдауға мән беру өзекті деп ойлаймыз. ХХІ ғасырда жастар мен оған тән мәдениет ғалымдардың, әсіресе әлеуметтанушылардың, психологтардың, мәдениеттанушылардың назарын аударды. Соңғы онжылдықтары жастар мәдениетінің өзіндік ерекшелігі мен өзіндік құндылығын БАҚ ақпараттары арқылы зерттей отырып, бағалау сұранысы өзектілігін көрсетті. Ғылыми-техникалық прогрестің жеделдеуі және соған байланысты заманауи өндірістің керемет күрделенуі жастардың оған белсенді қатысуын мүлдем жоққа шығармады. Бүгінгі таңда жастардың түбегейлі жаңа түсінігі туралы айту қажеттілігі туындады, оның бастапқы нүктесі оған басқа ұрпақтар арасында тең құқықты көзқарас болып табылады, оның ерекшеліктері жас ерекшеліктерінде емес, өзін-өзі анықтауға және өзін-өзі растауға деген ұмтылыста айқын көрінеді. Жастар мәдениеті құбылысының ерекшелігін, оның дағдарыстық жағдайының себептері мен салдарын, сондай-ақ оны жеңудің мүмкін жолдарын БАҚ арқылы зерттеу қоғамдық сұраныс деп білеміз.

Материалдар мен әдістемесі. Жастар мәдениетінің проблемалары әртүрлі ақпарат көздерінде қарастырылған. Жастар тақырыбына арналған Мәдениет және мәдениеттану әлеуметтану саласындағы отандық және шетелдік авторлардың еңбектері зерттеудің теориялық негізін құрады. Мұндай авторлардың қатарына Агеев Б. С., Апарина А. В., Бестужев-Лада И. В., Бодалов А.А., Волков Ю.Г., Выготский Л.С., Галуцкий Г. М., К., Гуревич П.С., Давыдов Ю.Н., Ерасов Б.С., Здравомыслов А. Г., Иконникова С. Н. және т.б.

Мемлекеттік құрлымдар қалыптасудағы жастардың тұлғалық қасиеттерінің ерекшелігі және саяси әлеуметтенудегі бөлінбес бөлшектердің бірі саяси мәдениет пен саяси құндылықтар, гуманистік ұстанымдар тәрізді жеке тұлғалардың саяси әлеуметтенудің факторлар мәні айрықша екені анық. Бұл ретте Қазақстандық ғалымдар: - Р.Б. Абсаттаров, Т.С. Садықов, С.М. Борбасов, Т.С. Сарсенбаев, Романова Н.В

және т.б. [1] білім беру саясаты, саяси мәдениеттің деңгейі мен даму болашағы, саяси сана сияқты демократиялық қоғамның ерекшелігі және рухани құндылықтар жүйесінің мәселелер мәнін ашып көрсетуге қомақты үлес қосып отырғанын атап өткен жөн.

Зерттеудің әдіснамалық негізі. Жүйелік талдау әдістері болып табылады. Әрине, оларды жалпылау әдісі және зерттелетін объектінің өзіндік ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік беретін салыстырмалы әдіс толықтырады. Зерттеу барысында автор талдау әдісін жиі қолданған.

Талқылау. Жастар мәдениетінің өзіндік тарихи тамыры бар. Бұл тарихи жетілген алғышарттардың арқасында оның қалыптасуына және шындыққа айналуына ықпал еткен әлеуметтік, мәдени, саяси процестер бар. Жастар мәдениетін мәдени-тарихи құбылыс ретінде қалыптастырудың алғышарттары мен себептерін анықтау үшін оның қалыптасуы мен дамуы барысында белгілі бір кезеңде оны мәдениеттің белгілі бір түріне айналдыруға ықпал еткен БАҚ жиынтығын бөліп көрсету қажет.

Бастапқыда жастар мәдениеті ата-баба мәдениетінің мағыналары мен бейнелерін сіңіре отырып, әртүрлі факторлардың анықтаушы әсеріне ұшыраған гетерогенді құндылықтарды біріктіретін жас бірлестігі ретінде дамыды. Жастар мәдениеті қалыптасқан дәстүрлердің үрдісінде дамыды.

Әлеуметтік желілер мен мессенджерлердің жаңалықтарды ақпараттандыру мен таратудағы рөлі азаматтарды ақпараттандырудағы әртүрлі медиа пропорцияларындағы жалпы контекстті қарастыра отырып, біз жаңа коммуникативті ортаның әртүрлі жалпы индикаторларына назар аударамыз ең алдымен: медиа қызметі үшін осы ортаның жай-күйі биліктің, бизнестің, саяси және қоғамдық ұйымдардың медиа жұмысына әсер ету әлеуеті; аудиторияның ақпараттандыру арналарына қол жетімділігі; ақпаратқа сұраныстардың сапасы мен саны; нақты медиа және медиа мазмұнның ағымдағы жағдайы. Мемлекет патриоттық сезімді нығайту мен кеңейтуге тікелей және жанама үгіт-насихат, БАҚ, мектеп тәрбиесі арқылы өз үлесін қосады.

Көптеген саясаткерлер өз мақсатына жету үшін БАҚ арқылы психологиялық ықпалды өз қарсылас-тарына әртүрлі әдіс-тәсілдері арқылы жүзеге асуға тырысады. Саясатта қарсыласын кеміту үшін барлық әдістер қолданылады. Соның бірі арзан технологиялар арқылы оның бұрынғы өміріндегі жасаған кемшіліктері, жаңұялық жағдайы және т.б. мәселелерден үлкен даулы мәселелер құрастырып, соның арқасында жеңіске жетіп жатқан мәселелер де бар. Бұны қазіргі тілмен айтқанда «қара пиар» деген терминмен саясат терминологиясына енді. Саяси жарнаманы саясаткерлермен билік басындағылар көп қолданылады. Өз «имиджін» немесе беделін, даңқын көрсету үшін әртістер мен киноактерлерде көптеп жүгінуде.

Республикамызда таралып отырған газеттердің ішінде шолу жасайтын болсақ, көп газеттерде оның ішінде мемлекеттік газеттерде жаңашылдық, жаңа көзқарастар бар. Шолудың ішінде «Жас Алаш», «Түркістан» газеттері сыни көзқарастарымен оқырмандарына танымал. Осы газеттерде әртүрлі көзқарастар мен пікірлер жарияланады. Жарияланған мақалаларда Ізденіс, журналистік зерттеулер бар. Бұл қуантарлық жағдай. «Жас Алаш» газетінде сонымен қатар әртүрлі қосымшалары бар. Олардың ішінде жастарға арналған бөлімі «Студент» деген атқа ие. Бұл қосымшада студенттердің проблемаларын, олардың рухани өмірмен қатар тұрмыстық мәселелері туралы мақалалар көптеп жарық көреді. Сонымен қатар қосымшаның ішінде жас ақындар мен композиторлар және әр түрлі тақырыпта қалам сілтеп жүрген қаламгерлерге арналған беттер бар. Бұл өз негізінде олардың өнер сахнасында шыңдалуына өзіндік әсері болады. Оларға сонымен қатар қалам сілтеуге көптеген жағдай жасалған. Осында сонымен бірге әдеби шығарма мен өлеңдерге сын айту, мәселесі маман дәрежесіне деңгейінде көрініс тапқан. Тек мәдени емес, ұлттық тақырыптағы да мақалалар жарық көріп тұрады. Оның ішінде ұлттық рух, мәдениет, қазақ тілі мәселесі және қазіргі заманауи үрдістерге байланысты кеңестер айтылады. Қыз бен жігіттің қарым-қатынасы, тәрбие мәселесі де жазылып жүреді. Қазіргі жастарда таңдау өте көп. Олай деген себебіміз. БАҚ, оның ішінде телевизия үлкен орында тұр. Теледидар ақпараттар ағымының негізгісі және адамды қоғамдық кезқарасқа, қандай да болсын оқиғаға жетелейтін құрал. Қоғамның үдере дамуының негізгі факторларының бірі бұл білім мен техниканың дамуы. Білім мен техника ХХІ ғасырда негізгі құндылықтарына айналды. Білімсіз, техника құралдарын жетік меңгермеген елдің болашағы жоқ екеніне еліміздің баспасөз беттерінде көп айтылып жүр.

ХХ ғасырдың 90 жылдарынан бастап әртүрлі бағыттағы бағдарламалар түрлері көбейіп кетті. Қазақша арналардан қоғамды толғандырып жүрген әртүрлі саяси-әлеуметтік бағдарламалары бары қуан-тады. Бірақ, арналардың бір проблемасы жаңа ғана халық көңілінен шығып келе жатқан бағдарламалар аз ғана уақыттың ішінде жабылып қалады. Олардың ішінде «күлтөбе», «Мың бір мақал», «төртеу түгел болса» және т.б. бағдарламаларды айтуға болады. Мәселен күлтөбе қоғамдық-саяси бағдарламасы өз қызметін түсініксіз себептермен тоқтатты. Бағдарлама өз негізінде тарихи, саяси тіпті философиялық проблемамен іспеттес келеді. Бағдарлама ауқымы өте кең, онда көптеген қазақ зиялылары, қоғам қайраткерлері,

саясаткерлер, мәдениет қызметкерлері, артистер т.б. мамандық иелері қатысады. Бағдарламаның басты мақсаты өткен тарихи істерді саралай отыра, бүгінгі саяси, мәдени оқиғаларға баға беру. Оның зерттеу бағыттары өте көп. Тарихи, этнография, саясат, әлеуметтік қатынастар және шетелмен байланыс, мемлекеттік ішкі және сыртқы саясаты қамтылған. Бұл бағдарламада ұлттық рух, идеология және ұлтаралық қатынастар барлық тақырыптардың негізгі өзегіне айналған. Ғалымдар мен қоғам қайраткерлері өз ойларын ортаға салып, соны жан-жақты талқылау мәселесімен ерекшеленеді. Кейіннен осы бағдарлама көгілдір экраннан жоғалып кеткеніне біраз уақыттың шамасы болды. Сонымен бірге жастарды дәстүрді білуге тәрбиелейтін бағдарламаларды бірі бұл-«мың бір мақал». Бағдарлама нағыз ұлттық нақышта өтеді. Онда әртүрлі мақалдарды түп мағынасы және халық ауыз әдебиетінде таралу мәселелері қаралады. Қатысушыларға келетін болсақ, қатысушылар да қарапайым мектеп мұғалімдері, дәрігерлер және қызметтегі адамдар. Ал залдағы әділ-қазылар алқасының дені көбіне жастар, оның ішінде студенттер, оқушылар. Болашақта жас жеткіншектердің жетілуіне, оларды ұлттық сана-сезімінің қалыптасуына көп түрткі болады. Жүргізуші де қазақша еркін сөйлеп, өзінің ұлттық салт-дәстүрден хабардар екенін байқатады. Бағдарламаны қызықты өтуінің маңызды жағы да осында. Қазақстан арналарында патриоттық, ұлттық рухты көтеретін жастарға арналған бағдарламалар жоқтың қасы.

Жемқорлық проблемасын тек Қазақстанда ғана алаңдатып отырған жоқ, сонымен қатар дамыған елдерде де әлі күнге дейін шешімін таба алмай отырған мәселелердің бірі. Осы мәселеге жастар ат салысуы тиіс. Олай дейтініміз жоғарғы оқу орындарында жемқорлық өршіп тұр. Соған байланысты студенттер қауымдығы тарапынан «Парасыз сессия», «Студенттер жемқорлыққа қарсы» деген әртүрлі бұқаралық акциялар өтіп тұрады. Сонымен бірге әртүрлі сенім телефондары орнатылған. Сол арқылы студенттерден ақша, әртүрлі сыйлықтар алуды тоқтатуға ат салысуда. Осы акцияға байланысты әртүрлі брошюралар, кітапшалар мен плакаттар жасалып таратылды. Жемқорлықты тыя алмаса да, өзіндік септігін тигізді. Ақпарат құралдары қоғамға жат қылықтарды айқын әшкерелеп көрсетуі керек. Жоғары оқу орындарында өзіндік газеттер бар. Оларды көбіне студенттер басқарады. Бұл газеттердің редакторы, журналистері де, тілшілері де аталмыш жоғарғы оқу орындарының оқушылары. Газеттер жоғары оқу орнындағы әртүрлі мәселелерді көтереді. Оның ішінде әлеуметтік проблемалар, мәдени іс-шаралар, студенттердің тұрмыс-тық жағдайы және оларды шешу жолдары. Сонымен бірге сессия уақыты емтиханды қалай тапсыруға болатыны және бос уақыттарында қандай іспен айналысуы керек деген сияқты проблемалар талқыланады. Газет немесе журнал беттерінде ойын-сауық бөлімдері, әртүрлі студенттер өміріне байланысты сықақ әңгімелер және т.б. мақалалар жарық көреді. Осындай қызық газеттер мен журналдар шығаруға мұрындық болатын жоғары оқу орын басшылығы және журналистика мамандығы бойынша оқитын студенттер. Бұндай газет пен журналдар мазмұнында кәсіби сауатты жазылған жастар саясаты мен қазірі таңдағы журналистиканың жобасы негізінде мақалалар оқуға болады. Тағы бір айтатын қуантарлық жағдай бұндай газеттер мен журналдар екі тілде де шығады. Бұл ақпарат құралдары саяси оқиғаларға аса беттей қоймайды. Олар тек ойын-сауық, әзіл сияқты мәселелерге бағытталған. Жоғары оқу орындарындағы ақпарат құралдарының ішінде кең өріс алып отырған радио мен телевизия. Кейбір жоғары оқу орында-рында өз арналары бар, олар әртүрлі бағдарламалар жасауда, бағдарламалардың студенттік өмір, тұр-мыстық жағдай, жатахана мәселесі, студенттердің әл-ауқаты. Нашәқорлық, маскүнемдікке салыну және т.б. кесәпаттардан сақтану жолдары. Мода, студенттердің қол өнері, әртүрлі мәдени шаралар. Осындай іс-шараларды өткізу барысы жайлы бейнекөріністер түсіріліп көрсетіледі. Студенттер радиотолқындарына тоқталатын босақ, онда көбіне музыка және құттықтаулар. Бұндай ақпарат құралдары көңіл көтеру мәселесін өздеріне айқындап алған. Бір жағынан ол дұрыс та шығар, себебі үзіліс уақытында ғана маңызды. Ал газет, журналдар мәселесі басқаша, бұл кейбір жоғарғы оқу орындарында апталық болып шығып жатқан жағдайлары бар. Студенттердің баспасөз беттерінде патриоттық сезім мәселесіне көңіл бөлінбейді деп айту қиын, бөлінеді бірақ үстірт аз мөлшерде, осы мәселелер туралы мақалалар аз, өзіндік рухани, ұлттық сана-сезімді оятуға деңгейі жетпей отыр. Саяси әлеуметтік жағдайды реттейтін және өз ықпалын тигізетін бұл БАҚ екенін заманның өзі көрсетіп отыр. Қазақстанда жаңадан көптеген ақпарат құралдар қаптап кеткені мәлім. Олардың ішінде отандық ақпарат құралдарынан басқа шетелдік ақпарат құралдары бар. Олардың ішінде Кеңес үкіметі кезінде қалыптасқан «Азат-Свобода», «Голос Америки» сонымен бірге «Рейтер», «Франс -пресс», «БИ-БИ-СИ», «Синьхуа», «Ассошэйтед пресс» т.б.

Қазақстанда жастар баспасөзі мен басқа да ақпарат көздері қарқынды дамып келе жатыр. Дей тұрғанымызбен әлі күнге дейін жастарда өзіндік таңдау қалыптаспаған. Олар тек шет ел оның ішінде көбінесе Ресей ақпарат құралдарын ғана көріп, естиді. Аймақтық телеарналар жастар мәселесі жайлы жұмыс істеп жатқан жағдайы бар. Мәселен Қарағанды телевизиясында қоғамдық, саяси және әлеуметтік бағыттағы бағдарлама осының көрінісі. Қатысушылардың дені көбіне жастар, тақырыптары да әртүрлі.

Бағдарламаның мақсаты да айқын, яғни қазақ балаларымен жастарды қоғамдық шапшаң өзгерістерде өзін-өзі таба білу, патриоттық сезімін ояту. Ұлттық салт-дәстүр деңгейінде жастарға тәрбие беру. Студенттер мен оқытушылар, зиялы қауым өкілдері де бұл бағдарламаға қатысып өз ойларын ортаға салады. Бірнеше жылдың ішінде тұрақты көрермендері қалыптасты. Оның көрермендерінің ішінде қарт адамдар, орта буын өкілдері және жастар да бар. Жүргізуші де өз жұмысының кәсіби маманы болуы себебінен және қоғамда әртүрлі сұранысқа осы мәселелерге ие болғандықтан бағдарлама қызықты өтеді.

«Қазақстан 1» де жаңа тақырыптарда ой-толғамдарын айтқан қыз-келіншектерге және отбасының өзекті мәселелері туралы сөз қозғайтын «Ақ жүніс» бағдарламасы болды. «Ақжүніс» бағдарламасы дәстүрімізді, әдет-ғұрпымызды сақтауға өз септігін тигізді деп ойлаймын. Онда сарапшылар ретінде үлкен ата-аналарымыз, әжелеріміз қатысады, сонымен қатар көрермендерде өз ой-тұжырымдарын ортаға салады. Соның арқасында әртүрлі өмірдегі кезігетін, жағдайларға төтеп беру, кешірімді болу, салмақты болуға шақырады. Бұндай бағдарламалардың тәрбиелік маңызы зор. Қазіргі таңда бұл бағдарлама әртүрлі себептерге байланысты жұмыс жасамайды. Жастардың ойын-сауық бағдарламалары көптеп көрінуде соның кейбіреулеріне тоқталатын болсақ, мысалы, КТК арнасындағы «Қызық радиосы» онда жастардың болған қызықты оқиғалар баяндалады. Және күлкі шақырады. «Қызық радиосы» бағдарламасы ішінде қазақша білмейтіндерді келеке ететін бағдарламалар бар. Олар қазақша мен орысшаны араластырып сөйлеудің біздің қазіргі қоғамымыздағы қазақ тілінің проблемасы жайлы айтады. Бұқаралық ақпарат құралдарының халықты қамтуына тоқталатын болсақ былай деп жіктеуге болады. Бұқаралық ақпарат құралдарының ішінде республика аумағына тарау - 2%, қалаға 2% аймақтарға - 14%, ҚР және басқа елдерге - 1% және аудандарға - 2,5 % артқан.

Телевизиялық және республикалық арналардағы бағдарламалар мен халықты қамтуын былай көрсетуге болады. «Хабар» - 92,0%; «Қазақстан» - 93,05%; «Ел арна» - 62%; «Первый канал Евразия» - 78,6%; «Казахское радио» - 80,17%;

Мелекеттік емес телеарналар мен радиотолқындардың тұрақты аудиториясы: «31 канал» - 10,0млн. адам; «КТК» - 10,5 млн. адам; «НТК» - 10,0 млн. адам; «Рахат» - 2,8 млн. адам; «Русское радио - Азия» - 5,3млн адам; «Европа плюс Казахстан» - 5,2 млн адам; «N8 - радио» - 2,6 млн. адам [2, с.110].

XXI басында телевизия, радио бағдарламалар, әртүрлі ақпарат құралдарындағы интернеттегі сайттар, электронды үкімет басқа да құралдар арқылы Қазақстан ақпараттық ағымдар рыногы қарқынды дамуда. Оның басты себептерінің бірі бұл - нарықтық қатынас, нарықтық қатынастардың қоғамға үлкен рөл атқару себебінен өздерінің тұрақты оқырмандарымен көрермендері, сонымен қатар тыңдаушылары бар. Радиостанцияларға келетін болсақ Қазақстан аумағында шетелдік, отандық көптеген радиостанциялар бар. Радионың тиімділігі жұмыста болсын, сыртта жүріп та әртүрлі хабарлармен жаңалықтарды ести аласың. Еліміздегі радиостанциялар басым көпшілігі жастарға арналған, оның ішінде музыкалық бағыты басым. Радиостанцияларға тындайтындар да көпшілігі жастар, жаңа технологиялардың дамуына байланысты қоғамдық көліктерде жоғарғы оқу орындарының ішінде де құлаққа тағылған радиоқабылдағыш-тарды киген жасөспірімдер мен жастарды кәруге болады. Радиостанциялар күнделікті өмір сүруге керекті құрылғыға айналды. Ол тек жастардың ғана емес, сонымен бірге қоғамның барлық мүшелері де толықтай, күнделікті ақпараттарды солардан алады.

Бұл радиостанцияларда саяси, қоғамдық сұрақтар туралы арнайы бағдарламалар өте аз. Кейіннен діни тәрбиеге байланысты радиостанцияларда әртүрлі бағдарламалар бар. Ислам, Христиан діндеріне байланысты уағыздар жүреді. Осы бағдарламалардың тұрақты тыңдаушылары қалыптасқан. Радиостанцияларда бір мамандық иелеріне арналған бағдарламалар бар. Мәселен «N8» радиостанциясында «Зеленая улица» деген бағдарлама көбіне қоғамдық көліктер мен алыс және жақын бағыттарда ауыр жүк машиналары жүргізетін жүргізушілерге арналған. Бұл радиостанцияларды көбіне телевизияның манипуляциясы сияқты нәрселер жоқтың қасы. Қазақ тілі әуе толқындары да кенжелеп қалған көрініс көпті алаңдатып отыр. Күндіз орыс тілді бағдарламалар қойылады да, түнде қазақша бағдарламалар мен концерттер тыңдауға қойылады. Бұл тек радиостанциялардың көрінісі ғана емес, ол басым көпшілігі ақпарат құралдарының көрінісі болып отыр. «Қазақ радиосы» және бірнеше қазақша радиостанциялар ғана бағдарламаларын мемлекеттік тілде жүргізіп отыр. Қазақша өлеңдер, күйлер, әртүрлі ұлы тұлғалар жайлы бағдарламалар аса көп емес әр жерінде батырлар жыры мен ертегілер де айтылады. Біздің ойымызша ұлттық менталитетті қалыптасуға қазақша, ертеден келе жатқан радиостанциялар өте көп көмегін тигізеді. Қазақша радиостанцияларда көбіне ұлттық салт-дәстүрлерді және әдет-ғұрыпты насихаттайды. Жастарға арналған елімізде радиостанциялар жоқтың қасы. Ал қазақша әуе толқындары радиостанцияда осының кебін киіп отыр.

Қазақстанда ақпарат құралдарының потенциялы өте үлкен. Соңғы жылдары «электронды үкімет» мәселесі өзі шешімін тауып жатыр. Көптеген мемлекет құрлымдарында оның ішінде үкімет, парламент, басқа да құзыретті органдар өздерінің интернет торкөздерінде сайттары бар. Бұл дәстүрлі БАҚ-тың орнына заманауи технологиялардың келгенінің бір көрінісі. Бұқаралық ақпарат құралдарының ішінде классикалық түрінен, интернетке жастар көп келеді. Сондықтан интернеттен саяси және басқадай ақпараттардың оқуға жастар көп жүгінеді. Ол өз кезегінде интернеттің және т.б. заманауи технология-лардың елімізде кең ауқымды дамып жатқанның көрінісі

Қазіргі ақпарат құралдарына ұлттық рух, ұлттық ұстанымдармен құндылықтар әлі де жетпей отыр. Көп ақпарат құралдары күнделікті күйбің тіршілікпен сипаттаудан немесе өсек, дәлелденбеген ақпараттанудан аса алмай отыр. Кейбір жағдайда жоғарғы топ өкілдерінің тапсырмасы орындалды. Газет журналдардан ұлттық мүдде немесе ұстаным мәселесі жөнінен «Жас Алаш», «Ана тілі» «Қазақ әдебиеті», «Түркістан» сияқты газеттерді алуға болады. Ал журналдар ішінен «Ақиқат», «Мысль», «Алаш айнасы», «Парасат» т.б. Бұл баспасөз құралдарының ішіндегі ұлттық-танымдық мәселелері көтеретін журналдардың көшбасшылары. Біздің ойымызша барлық бұқаралық ақпарат құралдарында мейлі ол мемлекеттік, мемлекеттік емес болсын онда патриоттық мәселелерді көтеретін бағдарламалар болуы тиіс. Себебі идеологияның өзінің кең тарауына, насихаттайтын құралдар қажет. Сол себепті ақпарат құралдарды ұлттық сана-сезімді уағыздауға шақыру керек. Елімізде көптеген медиафорумдар өтіп тұрады. Ақпарат құралдардың арасында әскери тақырыпқа сөз қозғайтын бағдарламалар өте аз. Көбіне мемлекеттік арналарда мәселен, «Сарбаз», «Әскер» т.б. бұл бағдарламалар негізінен отанға қызмет етуге дайындау керек. Сондықтан осындай мағынасы жағынан елімізді сүйеге әкелетін бағдарламалар болғаны нұр үстіне нұр болар еді. Жастардың демократиялық жолмен дамуында көп негізгі мәселелерді ескеруіміз қажет, соларды мемлекеттік идеологиямен пара -пар келетіні бұл дін мәселесі. Дінді біз қарастырғанымызда бірінші тарихқа сүйенуіміз керек.

Қазақстандық отаншылдықты қалыптастыру мен дамытудың технологиясы – мемлекет халқын отаншылдыққа тәрбиелеу міндетін шешудің құралдары, тәсілдері мен әдістерінің жүйесі, оны қалыптастырып, одан әрі дамытудың кешенді әдіс-тәсілдері. Мұндай саяси технологияның түрі мемлекеттегі этникааралық қатынастарды реттеу мен мәдени плюрализм қалыптастыру арқылы ұлтаралық татулық пен қоғамдық келісімге қол жеткізіп, оны демократиялық-институционалды тетіктер арқылы нығайту; ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету арқылы ұлтаралық татулық пен қоғамдық келісімді бұзушы ықтимал қауіп-қатерлер: түрлі түсініспеушіліктер, дағдарыстар мен жанжалдардың алдын алу; қазақстандық патриотизммен суарылған жалпыазаматтық психология қалыптастыру арқылы бірліктегі көптүрлілік принципіне сай көпұлтты мемлекет халқын дамудың ортақ мақсатына топтастыруға қызмет етеді.

1) отаншылдық үшін қажет рухани сапаларды жандандыру, бұл тұрғыда саяси партиялар, үкіметтік емес ұйымдар, БАҚ біріккен іс-қимыл жасауы тиіс;

Қазақстандық отаншылдыққа тәрбиелеудің негізгі бағыттарының бірі – азаматтық саяси мәдениетті қалыптастыру болуы тиіс. Азаматтық саяси мәдениет түрлі әлеуметтік-саяси күштердің өзара түсіністігін, қоғамдық келісімін білдіреді. Ал азаматтық саяси мәдениет өз кезегінде азаматтық білім беру мен тәлім-тәрбие арқылы түзіледі. Сол сияқты азаматтылық пен отаншылдықты насихаттау ісінде БАҚ рөлі ерекше. Бірақ бұл мәселені біз арнайы тарауша етіп қарастырғалы отырғандықтан, бұл жерде терең тоқталмауды жөн көріп отырмыз.

Отаншылдыққа тәрбиелеудегі негізгі бағыттардың бірі – Қазақстан халқын біртұтас саяси қауымдастық ретінде қалыптастыру. Әрине, көпұлтты құрамы бар қауымдастықты біртұтастыққа айналдыру саяси мифке жақын сияқты көрінуі де мүмкін, алайда біртұтастық қана саяси қауымдастық үшін тұрақтылық пен қоғамдық келісімге жетудің кепілі болып табылады.

Өйткені кез келген саяси қауымдастық өзінің табиғаты бойынша бір текті емес, ол ішкі қайшылықты, жанжалдық алғышарты бар болып келеді. Қауымдастықтың өмір сүруі осы қайшылықтарды үйлестіріп, плюрализм арқылы консенсус пен консолидацияға жетуге тікелей тәуелді.

Бүгінгі таңдағы нарықтық қатынастар пайда табу мен тұтынушылық идеологиясымен қатар бәсекелестікті, оның ізін ала жұмыссыздықты күшейтті. Адамдар эгоизмге бас ұрып, этносаяси қауымдастыққа бірігуден гөрі бұқаралық қоғамға қарай бет алғандай әсер туғызады. Бұқара (масса) – “бұл өз туған аймақтарынан жұмыс пен бақыт іздеп кеткен, сөйтіп ірі қалаларға шоғырланған адамдардан тұрады. Оларда әдетте тарихи қалыптасқан әлеуметтік және туысқандық байланыстар әлсіреген, дәстүрлі моральдық-адамгершілік құндылықтар мен қоғам алдындағы жауапкершілік пен борыш сезімдерін қалыптастыратын өзге де факторлар бұзылған әрі өзгерген” [3].

Қазақстандық ғалым Ғ. Есім бүгінде адамзат қауымы ақпараттық қоғам деңгейіне шыққанын айта келе, ол ұлттық немесе белгілі бір мемлекет шекарасында ғана көрінетін қоғам емес, ол әлемдік құбылыс деп тұжырымдайды: “қазіргі интернет заманында ақпараттық қоғамның шекарасы мемлекеттік шекаралармен анықталмақ емес, әлемдік деңгейде ақпарат көздерін пайдалану, нақтылы ақпарат алу бүгінде әркімнің үлесіндегі іс. Ақпараттық қоғам дегенде менің айтпағым, одан алына-тын ақпарат, яғни білім, бірақ мәселе білімнің сапасында... Білімді де тауар сияқты ел ішіне тарату үшін насихаттауға болады, егер мақтауы жетсе оны әркім қабылдай бастамақ... Сондықтан білім ізгілікті болмаса, ол жан азығы болмай, керісінше оған залалын тигізбек. Залалды білім адам баласына, оның өміріне ғана емес, тәрбие ісіне, адамдармен қарым-қатынасына қауіпті” [4].

БАҚ-ның отаншылдықты қалыптастыруға ықпалын зерттеп жүрген отандық әріптесіміз Кенжалин Ж.О. былай деп тұжырым жасайды: “XX ғасырдың соңғы он жылдығында Алаш әлеуметінің және қазақстандық патриотизмнің мінбері болсам деген басылымдардың, әсіресе, қазақ баспасөзінің күнбе-күнгі ізденісінің өзегіне айналды. Замана рухына сай, жаңа дәуір талаптарына орай дәстүрлі басылымдар өз атауларын өзгертіп қана қоймай, жаңа патриоттық мазмұнмен, тың тұрпатпен, соны ұранмен оқырмандарына үн қатты. Тәуелсіздік толғауының төл перзентіндей болып отаншылдық рухын бойына сіңірген республикалық “Халық кеңесі”, “Ана тілі”, “Түркістан”, “Халық конгресі”, “Азия”, “Мәдениет”, “Жас қазақ”, “Өркен” сияқты газеттер дүниеге келді.

Бұлардың бәрінің атауларын өзгерткен бұрынғы басылымдардың да, жаңадан тұсау кескен жаңа басылымдардың да мақсат-мұраты біреу еді. Ол - ел егемендігінің еңселі болуына, Тәуелсіздік атты ұғымның тамыры терең тартуына және қазақстандық патриотизмнің қалыптасуына барынша үлес қосу” [5]. Бұл дегеніміз - ұлттық және жалпықазақстандық намысты ояту мәселесіне келгенде БАҚ, оның ішінде қазақ газеттері қоғам рухына сай, демократиялық өзгерістерге орай жаңаша патриоттық мазмұнмен, жаңаша пішінмен өз оқырмандарының рухани азығына айналып отыр деген сөз. Баспасөз демократиялық даму жылдарында шын мәнінде “төртінші билік” иесі атанды және ол қазақстандық патриотизмді қалыптастыруда лайықты орын алды.

Қазақстан Республикасының сыртқы саяси қатынастар жүйесі мен баспасөздің өзара әрекеттесуі арқылы патриоттық тәрбие беру: Қазақстанның геосаяси мүдделерін, көп векторлы сыртқы саясатын, бейбітшіл ұстанымын, ядролық қарудан өз еркімен бас тартуын т.б. жағымды сыртқы саяси қадамдарын насихаттап, қазақстандықтардың өз еліне деген мақтаныш сезімін дамыту [6].

Алайда бұқаралық ақпарат құралдары тек баспасөзбен ғана шектелмейтіні белгілі. Еліміздің Конституциясының 18-бабында: “Мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, лауазымды адамдар және бұқаралық ақпарат құралдары әрбір азаматқа өзінің құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті” деп көрсетіліп, [7], Қазақстан Республикасының “Бұқаралық ақпарат құралдары туралы” заңында мерзімді баспасөз басылымы, радио және теледидар бағдарламасы, киноқұжаттама, дыбысбейне жазбасы және бұқаралық ақпаратты мерзімді немесе үздіксіз жария таратудың басқа да нысаны болып табылатыны айқындалған [8]. Ал биыл ҚР Ақпараттандыру және байланыс агенттігі интернет желісін де бұқаралық ақпарат құралдарының қатарына енгізу туралы бастама жасап, “Бұқаралық ақпарат құралдары туралы” заңға тиісінше өзгерту енгізуге ұсыныс жасады.

Қазақстандық саясаттанушы ретіндегі біздің ұстанымымыз айқын: бұқаралық ақпарат құралдарында полиэтникалық Қазақстан халқының салт-дәстүрлерін насихаттау арқылы патриоттық тәрбие беру ісінде біз ақпарат құралдарының барлық түрін – баспасөз, теледидар, радио, интернет және ақпарат таратудың өзге де құралдарын кешенді қолдануымыз қажет. Жастарды саяси-әлеуметтік белсенділікке тартуда, тәрбиелеуде ақпарат құралдарының мүмкіншілігі мол.

Негізінен алғанда, Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялаған сәттен бері бұқаралық ақпарат құралдары қоғамдық пікір қалыптастырудың қуатты қаруына айналып келе жатқанын айта кеткен жөн. Бүгінгі күні республикамызда 2116 газет, журнал, соның ішінде жүзге тарта теле-радио арналар тіркелген. Бұл басылымдардың қай тілде жарияланатынын қарастырар болсақ, қазақ тілінде 256 басылым, орыс тілінде 470, екі тілде бірдей 40 басылым жарық көреді және барша теле-радио хабарлар таратылады [9]. Электронды бұқаралық ақпарат құралдарында да орыс тіліндегі көрсетілімдер анағұрлым көп. Тағы бір “әттеген-ай” дейтін мәселе - қазақстандық БАҚ-ның 80 % тәуелсіз, жеке меншіктегі нысандар екенін ескерсек, нарықтық экономиканың талаптарына байланысты олардың бірқатары отаншылдыққа тәрбиелейтін хабарларды таратқаннан гөрі, өздерін қаржымен қамтамасыз ететін демеушілерінің саяси және әлеуметтік тапсырыстарын орындауға көбірек көңіл бөлетіні баршамызға мәлім. Сондықтан мемлекеттігімізбен тағдырлас мәселеде билік пен БАҚ арасында өзара келісім-шарт жасалуы тиіс: Қазақстанда

шығатын қандай ақпарат тарату құралы болмасын өзінің меншік түріне қарамастан міндетті түрде қазақстандық отаншылдық пен мемлекеттік тілді дамытуды насихаттауға барынша үлес қосулары керек. Яғни, қазақстандық БАҚ отанымыз - Қазақстанның саяси тұрақтылығы сақталуына, ұлтаралық татулық пен отаншылдықтың дамуына, мемлекеттік саясаттың жүзеге асуына атсалысып, еліміздің болашағына деген жауапкершілігін сезінулері тиіс. Бір сөзбен айтсақ, отандық БАҚ отаншыл болуы қажет.

Міндетті түрде айта кетерлік жайт, БАҚ-тың ең басты мақсатының бірі - жастарды саясатқа жаппай тарту болып табылады. Өйткені БАҚ өте қысқа уақыт аралығында барынша көп адамдарға ықпал жасауға қабілетті. БАҚ - әлеуметтенудің таңдаулы әрі ең төте жолы. Көптеген зерттеушілер оны саяси модернизацияның шешуші факторы деп санайды. Себебі БАҚ саяси үгіт-насихат, жарнама, қоғамдық пікір тудыру және т.б. іс-шараларды жүргізу арқылы адамдар санасын өзгертуге, бағыттауға, бейімдеуге, басқаруға қабілетті. Яғни, “миллиондаған адамдар белгілі бір газетті оқып, бір хабарды көріп және тыңдап, бір эмоцияға берілсе, оларда табиғи туыстық, бірлік пен ұжымдық жұмылу сезімдері қалыптасады. Олар өздерін біртұтас организм ретінде сезініп, барша проблемаларын шешуге қабілетті санайды. Әсіресе тарихтың дағдарысты және төңкеріске толы кезеңдерінде БАҚ халыққа әсері бірнеше есе артып, шексіз болып кетеді. Мұндай кезеңдерде халық тығыз бірліктің, ынтымақтастықтың қажеттілігіне өте қатты зәру болады” [10]. Осы саяси ақпараттарды санаға сіңуін негізге ала отырып, БАҚ арнайы және арнайы емес құрал ретінде көрініс табады. Бұл саяси және әлеуметтік мәселелер төңірегінде ғана емес, сонымен бірге мәдениет мәселесі, ұлттар мен этностардың өзекті мәселелерін қамтиды. Ақпарат құралдарында мәдениет мәселесі бұқаралық мәдениеттің пайда болуы мен дамуына әкеп соққаны белгілі. елімізде де ақпарат құралдарының маңыздылығын және саяси мәдениет пен азаматтық қоғамды қалыптастыруда рөлі үлкен, оның ішінде саяси трансформацияға бағыт алған, модернизация жолына түскен елдерге ақпараттардың дұрыс болуы басты негіздердің бірі екенін айта кетуіміз керек. Коммунистік кезеңде ғана бұқаралық ақпарат құралдары идеологиялық құрал ретінде пайдаланылды, соның негізінде БАҚ «мемлекетке жақын болды, ал қазіргі уақытта нарыққа жақындай бастады» [11]. Қазіргі таңдағы ақпарат құралдары мемлекет пен қоғамның құрамдас бір бөлігі ретінде саясаттың, саяси технологиялар және ақпарат құралдарының әсерінсіз жүзеге асуы қоғамда мүмкін емес. «Масс- Медиа» құралдары ақпараттандыру тұтынушылар үшін олардың көңілінен шығу мақсатымен әр түрлі құйтырқы әрекеттерге бару әдістері көп кездеседі.

Соның ішінде болмашы заттан жаңалық жасау немесе үлкен оқиғалардың кәлеңкесінде қоғамдық маңызды мәселелер сырт қалып қоюы мүмкін.

Қоғамдық санаға БАҚ-тың ықпалы тұлғаның рухани әлеміне де әсер етеді, басқаша айтсақ; «ақпараттың базис» құрайды [12] Ақпарат құралдарының мәдениетті құрушы қызметі қазіргі таңда маңызды болып отыр. Себебі: «Масс- Медиа»ның кең ауқымды немесе қарапайым оқиғаларды айтудан басталып, аудиторияның саяси сеніміне, мәдени құндылықтарына әсер етумен қатар, жастардың іс-қимылына да өзіндік терең ықпал жасайды.

Қазақстанда соңғы кезеңде жастар жағынан көптеген өзгерістер байқалады, елімізде мемлекеттің жастар саясатын іске асыруда 15-30 жас аралығындағы азаматтарды қамтиды [13]. Бұл буын өкілдері қоғамда әлі де болса орнықты қалыптаса қоймаған әлеуметтік топ болып саналады. Оларға болашақта өзін-өзі көрсету, өмірде жетістіктерге жету басты мәселе болып табылады. Осы уақыт аралығында жастардың санасы тез қабылдағыш және жаман қылықтарға, діни радикалды идеологияны тез қабылдап бас ұратыны белгілі. Сондықтан осыны болдырмау үшін жастар тәрбиесіне тек саяси мақсаты күмәнді ұйымдардан аулақ ұстау үшін, мемлекет әртүрлі жастардың саяси бағыттағы ұйымдарын, сонымен қатар экологиялық қоғамдық қозғалыстарға да ат салысуға жұмылдыру керек. Қазіргі таңда Қазақстан қалаларында көптеген ірілі-ұсақты жастар бірлестіктері мен ұйымдары құрылды: Өскемен, Алматы, Петропавловск, Қостанай, Қарағанды, Астана, Тараз, Шымкент, Павлодарда өз орталықтары бар. 1999 ж. халық санасы бойынша Қазақстан Республикасында 4,38 млн. жас азамат тұрады. Жалпы халық санымен шаққанда 43,3 % құрайды [14].

Әділет министрлігінің мағлұматы бойынша Қазақстан Республикасында 150 ден астам жастар ұйымдары бар, олардың жетеуі республикалық статусқа ие [15] Барлық аймақтарда жастардың ұсақ ұйымдасқан топтары қызмет жасауда. Әрине бұны саяси бірлестіктермен салыстыруға болмайды. Олар модамен, көше мәдениетімен байланысты. Бұл топтар ішіне кіретін роккерлер, хиппилар, драйверлар және бір жынысты, дәстүрлі емес (қызтекелер ұйымы) топтар да кезігеді.

Жастар қоғамдық қатынастарды өз қызығушылықтарымен әртүрлі ұйымдармен бірлестіктерге бірігуде, оның ішінде: экологиялық, мәдени- тарихтық, ұлттық мүддеде, қазақ тілі, саяси, құқықтық, шығармашылық т.б. бар. Осылардың ішіндегі негізгілерін айтатын болсақ олар «Қазақстанның болашағы үшін» атты жастар ұйымы қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, әртүрлі шаралар өткізіп тұрады.

Олардың ішінде «Алпамыс мектепке барады», «Парасыз сессия», «Жастар зорлық пен қатыгездікке қарсы», «Шылым тартпа» т.б. оның ішіндегі ең ауқымдыларының бірі «Жасыл ел». Ол Қазақстанның табиғатына көмек ретінде көптеген қалаларға жас ағаштар егуде

Саяси санаға жас буындардың сабақтастығынан басқа әлеуметтанудағы жастар теориясында мынадай түсініктер құрайды: «ұрпақтар», «адамның жасына байланысты кластарға бөліну», «жастық шақ», «ер жету», «әлеуметтік қалыптасу», «кәрілік» және т.б [16].

Қазіргі таңда жас ұрпаққа қоғамдағы әлеуметтік қатынасты үйрете отырып, үлкен буын осы саяси белсенділікке тәрбиелеу керек. Ол тек оқытушылар мен БАҚ-тың қызметі ғана емес, сонымен қатар ата-ананың, қоғамдық ортаның да маңыздылығын ұмытпағанымыз жөн. Осы мәселені төңірегінде әңгіме өрбітетін болсақ, жаһандандудың туғызған элементтерінің бірі - «бұқаралық мәдениет» (массовая культура). Бұқаралық мәдениет ол қоғаммен қоғамның, адам мен адамның, мемлекет пен мемлекеттің арасындағы интеграциялық үрдіс кезінде пайда болғанын білеміз. Көңіл алдау. Бұқаралық мәдениеттің әрбір көрінісі адамдардың көңіліне медеу әкеліп, ләззат береді. Оның басты мақсаты «бұқаралық қоғамды» қызықтау мен қанағаттандыру [17].

Қоғамды осы апатқа әкелетін негізгі күш БАҚ дегенді айтады. Себебі, теледидардағы алапат апаттар мен мыңдаған адамның өліміне алып келетін соғыстар ауыстырылып кейбір кезде сабын мен шарап жарнамасына ауысады дегенді айтады [18]. Яғни, саясатпен байланысты әртүрлі мәселелер қоғамдық қатынаста жастардың саяси санасына, транзиттік қоғам мен жаһандану заманында басты тұғырнама Масс-Медиа құралдары екені анық. Бірақ та кейбір ойшылдардың айтуы бойынша оның ішінде зерттеуші Д.Белл бұқаралық мәдениет туралы былай дейді: «Кино, радио, телевизияның пайда болуы жыл апталық газет-журналдардан әртүрлі қалаларда сол күні, сол сәтте таралуы адамның еркін және өз-өзіне деген сенімін артуына көмектеседі» [18]. Осы тұжырымдар бойынша «бұқаралық мәдениет» қоғамға дұрыс ықпалын тигізеді және бұқаралық жаңа ақпараттық адамның пайда болуына әкеледі. Сонымен қатар адамдардың бір-бірі туралы бәрін білуі негізінде пайда болады. Бұқаралық жоғарғы мәдениеттің барлық салаларына еніп, оны іштей құлатпайды, керісінше оның толығып, әрі қарай дамуына әкеледі.

Қазіргі таңда бұқаралық мәдениет қоғам өмірінде елеулі орын иеленеді. Біз күнделікті өмірде «бұқаралық қоғамның» желісімен кездесеміз. Теледидардағы күнделікті жарнамалар, әртүрлі телевизиялық шоулар, тағы басқа да бағдарламалар көрсетілуде. Бұл көрсетулер сана мен ойдың тұтас қалыптасуына әкеледі. Сонымен қатар Іс-қимылдың белгілі бір жүйесін реттеуіне себепкер болады. Күнделікті жастар әртүрлі музыкалық әуендер тыңдайды, онда қарапайым ырғақпен тұрпайы сөздер жиынтығы ұйқастырылған. Сонымен бірге кітап дүкендеріндегі фантастика, детектив, әртүрлі әйелдер романдары қаптап кетті. Бұл кітаптар жастарға ешқандай да рухани азық бола қоймайтыны анық, көбіне коммерциялық пайда үшін және уақыт өткізуге арнауға болады. Қоғамдық үрдістер кезінде тағы бір мемлекетті жетелейтін және өтпелі кезеңде бұқаралық қатынастармен бірге дамитын бұл - саяси идеология. Мемлекеттік идеология бұл елдегі әлеуметтік қатынастарды дамытушы күш болып табылады. Идеологиясыз мемлекеттің өмір сүруі қиын.

Қазақстан жастары саяси жүйенің өзгеруімен қатар жаңа мәдени құндылықтарға бейімделуде, жас буын өз дүниетанымында, өмірлік көзқарастың субмәдениетке байланысты өзгерді.

Жастардың “субмәдениетін” қарастыру үшін біз біріншіден “мәдениет” пен “субмәдениеттің” анықтамаларына мән беруіміз шарт. Ресей ғалымы А. Григорьевтің ойы бойынша қазіргі отандық әдебиетте “мәдениет” терминіне мынандай анықтамалар бар:

- Адамның материалдық және рухани іс-қимылынан пайда болған әртүрлі әдіс-тәсілдер жиынтығы және ол пәндік, сонымен қатар материалдық заттар арқылы келесі ұрпаққа беріледі;

- Тарихи нақты қоғамда нормалар, құндылықтар және идеалдар жиынтығы әлеуметтік жоба қызметін атқарады [19].

Мемлекеттің басты міндеті еліміздегі жастардың әртүрлі шашыраңқы саяси мақсаттарын бір арнаға топтастыру болып табылады. Еліміздегі жастарға арналған конгрестер мен жиналыстардың мақсаты әртүрлі болу себебінен оларды негізгі идеологиялық ұстанымдарға итермелеу керек. Бұған негізінен саяси институттар ат салысуы орынды. Бірақ та азаматтық қоғамның әлі де болса құшағын кеңге жаю үстінде болуына байланысты, негізгі бастаушы күш мемлекеттің өзі болу керек. Бұл шаралар жастардың өтпелі кезеңде қоғамның саяси және әлеуметтік жүйесінің жетілуіне елеулі рөл атқару, сонымен бірге қазақ тіліне деген сүйіспеншілікті ұмытпауы шарт, өйткені тіл мәдениеттің, мемлекеттің басты нышандарының бірі. Қазіргі таңда тәуелсіздік алып, тереземіз басқа елдермен тең болған жағдайда ұлттық мүдде мен демократиялық саяси сенім астасып жату керек. Осы өзекті мәселе шеңберінде сөз қозғайтын болсақ,

Тарихымызбен дәстүрді білмей болашаққа тәрбиелі, ибалы ұл мен қызды тәрбиелеу өте қиынға түседі. Бұл бастамада басты мұрындық болатын БАҚ, Саяси сана мен көзқарасты қалыптастыратын саяси мәде-ниет және азаматтық қоғам. Саяси мәдениетке дәстүрдің ықпалын күшейтуіміз керек. БАҚ қазақи сананы, мәдениетті және менталитетті жаңғыртуға бірден бір құрал болып табылуы абзал. Осы тұрғыда профессор Ғалия Ыбыраева былай дейді: «Қоғам қандай болса, ондағы БАҚ сондай болады» [20]. БАҚ-тың өз бағдарламалары мен ақпараттарында ұлттық мәдениет пен сананы идеологиялық түрде таратуы - заман талабы.

Болашақта өзімізді білімді, ой-толғанысы жоғары ел ретінде көрсететін болсақ, онда ұлттық идеологияны, ұлтжандылықты жастар арасына кеңінен насихаттау — біздің келешек ұрпақ алдында тұрған борышымыз. Жаһанданудан біз оқшауланып қала алмаймыз, бірақ-та осы үрдіс кезінде ұлттық келбетімізді сақтап қалу кезек күттірмес мәселелердің бірі. Ол үшін негізгі тұғырымыз болып табылатын тіл саясатына кең көлемді жастар арасында үгіт насихат жүргізу, дәстүрді жаңғырту. Біздің ойымызша идеологияны насихаттайтын бағдарламалар мен қатар деректі фильмдер мен кинолар болу керек. БАҚ-тың осы негізгі туындылары арқылы әлеуметтену үрдісі ұлттық кейіпте бағыт алады деген ойдамыз. Жастардың және БАҚ азаматтық белсенділігінің көрінісі әртүрлі факторлардың бастау алады. Олардың ішінде рухани құндылықтарға жататын мәдениетте, өнер де бар. Соңғы уақыттарды жастардың қоғамдық процестерге белсене араласуы мен саяси көзқарасы оның бір ұстанымға айналды. Жастардың осындай күшке айналуы -- заңды. Жастарды патриоттық бағытта тәрбиелеу бұл мемлекеттің құзыры ғана емес, сонымен қатар қоғамның да тікелей міндеті. Оның ішінде азаматтық қоғам институттары жастарсыз жүзеге аспайтындығы белгілі. Сондықтан БАҚ туралы заңға патриоттық және тәрбие мәселесі жөнінде тәулігіне қазақша 2.5 сағаттан тұратын әртүрлі бағдарламалар туралы өзгерістер енгізілуі керек. Кітапханаларда 30% кітаптары қазақ тілінде, оның 15% жастар мен балаларға арналған шығармалар болуы шарт. Сонда ғана ұлттық сана-сезіммен, ой- сананың өсіп жетілуі айқын көрінеді.

Нәтижесі: Қоғамымыздағы саяси мәдениет пен саяси институттар қалыптастырудағы жастар мен БАҚ-тың әлеуметтік рөлі және ұлттық идеяны, сана-сезімді оятудағы мемлекет ұстанып отырған ортақ идеологияның маңыздылығы мен өзектілігі талданады. Білім қазіргі заманның басты ресурсы ретінде қарастырылып, қазіргі жастар әлемдік интеллектуалдық бәсекеге төтеп беру мәселесінің басты бөлігі ретінде түсіндіріледі.

Қорытынды. Тәуелсіздік алғаннан бері отандық ақпарат құралдары ерекше қарқынмен дами бастағаны көңілімізге сенім ұялатады. БАҚ ішінде жастарды ұлтжандылыққа тәрбиелеуде көптеген мақалалар мен бағдарламаларды көруге болады. Көбіне қазақша мазмұнды бағдарламаларда ұлттық-мәдениет және тарихи мағынадағы мақалалар мен бағдарламаларды кездестіруге болады. Жастарды патриоттық тәрбиеге бағыттауда, біздің ойымызша баспасөз беттерінің рөлі ерекше, олай деп айту себебіміз; қазақша шығатын газет-журналдарың мәтіні негізінен ұлтжандылық мәселесіне келіп саяды, бірақ жастарға арналған баспасөз құралдары өте аз. Оның рөлін қазіргі таңда ересектерге арналған газет-журналдар алып отыр.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Абсаттаров Р.Б., Садыков Т.С. *Воспитание культуры межнационального общения студентов: теория и практика.* - Алматы., 1999 - 211 с. Борбасов С.М. *Қазақстандағы ұлттық процестер және ұлт саясаты.* - Семей, 1995.; Сарсенбаев Т.С. *Ұлтаралық қарым-қатынастар саясаты мен мәдениеті.* - Алматы., 2000. - 88 б.; Романова Н.В. *Этнополитические процессы в Республике Казахстан.* - Алматы., 1998. - 168 с.
2. Нуртазина Р.А. *Современные массовые коммуникации в условиях глобализации. I-бөлім.* - 165 с.
3. Лебон Г. *Психология толп.* - Москва, 1999. - С. 126.
4. Есім Ф. *Ақме-қоғам болмысы // Егемен Қазақстан. 2009 жылғы 18 наурыз.* - Б. 4.
5. Кенжалин Ж.О. *Бұқаралық ақпарат құралдарының қазақстандық патриотизмді қалыптастырудағы рөлі. Саяси ғыл. канд. дисс. автореф.* - Алматы, 2004. - 28 б.
6. Пухович Л.И. *Государственная политика формирования патриотизма печатных средствах массовой информации Республики Казахстан. Автореф. на соис. уч. степ. канд. полит. наук.* - Алматы, 2007. -24 с.
7. *Қазақстан Республикасының Конституциясы.* - Алматы: Юрист, 2007. - 40 бет.
8. *"Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Қазақстан Республикасының заңы // Егемен Қазақстан. 1999 жылғы 6 тамыз.* -Б. 2.
9. Жабелова Т.Е. *Қоғамды демократияландырудағы бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі // Проблемы ускоренной экономической, социальной и политической модернизации... Материалы международной научно-практической конференции.* - Алматы, 2005. - С. 154.
10. *Надыров М. Роль информации в современном обществе // Саясат. -№ 1. - 2006. - С. 11.*

11. Норденстренг К. Роль средств массовой информации в обществе: Уроки России // Вестник МГУ. Сер.10. Журналистика 2001г., №3. – 3 с.
12. Прохоров Е.П. Введение в журналистику. – М., 2000. – 234 с.
13. Омаров Ш., Зайниева Л., Сыдыкова У. Политические процессы в молодежной среде. Астана: Елорда, 1998 г. – 3 с.
14. Культурология. XX век. Энциклопедия. Университетская книга - Том 2 1998 г. 447 с.
15. Асылыов К.Н. Молодежь будущего - страны // Новая поколения 1998. №10. – 3 с.
16. Булатова А.Н., Исмаганбетова З.Н. Курс лекции по социологии. – Алматы, 2002 – 98 с.
17. Смоленская Е.П. «Массовая культура» развлечение или политика. М., 1986. – 140 с.
18. Баймұханов Е.М. Қазіргі Қазақстан Республикасы жастарының саяси санасын қалыптастырудағы бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі – Алматы, 2010. - 122 с.
19. Омельченко Е.Л. Молодежные культуры и субкультуры. – М.: Институт социологии РАН, 2000 г, 151 с.
20. Ибраева Г. Масс медиа в полит. структуре общества. - Алматы: Қазақ Университеті, 2000. – 3 с.

List of used literature

1. Absattarov R. B., Sadykov T. S. culture of Inter-Cultural Society of students: theory and practice. - Almaty., 1999-211 S. Borbasov S. M. national processes and national policy in Kazakhstan. - Semey, 1995; Sarsenbayev T. S. policy and culture of interethnic relations. - Almaty., 2000.- 88 P.; Romanova N. V. ethno-political processes in the Republic of Kazakhstan, - Almaty, 1998. - 168 p.
2. Nurtazina R. A. modern mass communications in the conditions of globalization. Part I. 165 p.
3. Lebon G. Psychology Tolp. Moscow, 1999. - P. 126.
4. Yessim G. Akme-the essence of society // sovereign Kazakhstan. March 18, 2009. - P. 4.
5. Kenzhalin zh. O.the role of mass media in the formation of Kazakhstan's patriotism. Political science. Kand. diss. abstract. Almaty, 2004.-28 P.
6. Pukhovich L. I. formation of the state policy of patriotism on the basis of mass information of the Republic of Kazakhstan. Abstract. on sois. уч. step. Kand. Polit. Nauk. - Almaty, 2007. - 24 P.
7. Constitution Of The Republic Of Kazakhstan. - Almaty: jurist, 2007. - 40 pages.
8. Law of the Republic of Kazakhstan" on mass media " // Egmen Kazakhstan. August 6, 1999. - P. 2.
9. Zhabelova T. E. the role of the media in the democratization of society // problems of increased economic, social and political modernization. .. Materials of the international scientific and practical conference. - Almaty, 2005. - P. 154.
10. Nadyrov M. role of information in modern society // politics. - No. 1. -2006. - P. 11.
11. Nordenstreng K. role of funds of mass information in the public: Uroki Russia // Bulletin of MGU. Ser.10 journalism 2001., №3.
12. Prokhorov E. P. Introduction to journalism., 2000.- 234 p.
13. Omarov Sh., Zainieva L., Sydykova U. political process in the youth environment. Astana: the capital, 1998.- 3 p.
14. Culturology. XX VEC. Encyclopedia. University Book-Volume 2 1998. 447 p..
15. Asylov K. N. Young Future countries // new generation 1998, N. 10.- 3 p.
16. Bulatova A. N., Ismaganbetova Z. N. course lectures on sociology. Almaty, 2002. - 98 p.
17. Smolenskaya E. P. " mass culture " development or politics. – М., 1986 g, 140 p.
18. Baimukhanov E. M. The role of the mass media in the formation of the political consciousness of the youth of the modern Republic of Kazakhstan – Almaty, 2010. - 122 PP.
19. Omelchenko E. L. Young cultures and subcultures. М., Institute of sociology ran, 2000G, 151 p.
20. Ibraeva G. mass media in politics. construction of the public. - Almaty, "Kazakh University". - 2000. - 3 p.

Г.Т. Отынишева*¹

¹Абай атындағы ҚазҰПУ-нің докторанты, Алматы қ., Қазақстан
E – mail: gauhartas7@mail.ru

«Қазақ деген ел-бостандық, азаттықты сүйетін, даланы, таза ауаны, таза суды, таза көгалды сүйетін халық», - дейді белгілі жазушы Ф.Мүсірепов.

ҒАБИТ МҮСІРЕПОВТІҢ ӨМІР СҮРГЕН ОРТАСЫ, ТАРИХИ СИПАТТАЛУЫ

Аңдатпа

Шығармашылық интеллигенциясының қазақ қоғамында атқарған рөлі, көтерген жүгі әрдайым үлкен болып келеді. Ұлт тағдыры көп жағдайда олардың іс-әрекетімен байланысты болды. Ұлттық мәдениетті жасаушы – ең алдымен шығармашылық интеллигенция. Рухани мәдениетті өз бойында сақтаушы да, оны насихаттаушы да, кейінгі ұрпаққа асыл мұра етіп жеткізушілерде шығармашылық интеллигенция өкілдері. Мақалада Ғабит Махмұтұлы Мүсіреповтың өскен ортасы, өмір сүрген қоғамының тарихи сипаты және осы арқылы кеңестік дәуірдегі жазулардың күнделікті өмірінің бір қыры жан – жақты зерттелген. XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің мәртебесін биіктеткен классиктердің бірі, көркем сөздің ұстасы, тапқырлық пен шешендіктің нұсқасы, дарқан дарын, академик-жазушы Социалистік Еңбек Ері Ғабит Махмұтұлы Мүсірепов. Ғабит Мүсірепов – өз дәуірінің рухани-мәдени белестерінде өшпес белгі қалдырған, әдебиетіміздің биік тұлғасы тұғырына көтерілген ұлы суреткер, ұлағатты ұстаз, ірі қоғам қайраткері, өзі айтқан әдебиетіміздің «алыптар тобының» аса көрнекті өкілі. Оның есімі туған халқының тарихи болмыспен, рухани әлемімен тығыз байланысты. Халқы барда кеменгер суреткердің бүкіл өмір тарихы, шығармашылық өсу жолы, күллі әдеби-мәдени мұралары мәңгі жасай бермек. Жазушының қаламынан шыққан көркемдік қуаты жоғары туындылары әлі талай жүректерге жол тауып, талай түлектерді адамгершілік игі қасиеттерге баулитыны анық.

Ғабит Мүсіреповтің тұла бойының, кеменгер ойының, шығармашылығының танымдық та, тәрбиелік те қадір-қасиеті ерекше. Өйткені көрнекті жазушы шығармашылық жұмыста, жазу өнерінде өзіне де, өзгеге де, алдыңғы толқын ағалар мен кейінгі буын інілерге де биік талап қоя білген қаламгер.

Кілт сөздер: Ғабит Мүсірепов, жазушылар, Кеңестік дәуір, шығармашылық жұмыс.

Отынишева Г.Т. *¹

¹магистр, преподаватель КазНПУ имени Абая, Казахстан, г. Алматы.
E – mail: gauhartas7@mail.ru

ИСТОРИЧЕСКАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА СРЕДЫ ОБИТАНИЯ ГАБИТА МУСРЕПОВА

Аннотация

Роль творческой интеллигенции в казахском обществе всегда была большой. Судьба нации во многом была связана с их действиями. Создатель национальной культуры-прежде всего творческая интеллигенция. Представители творческой интеллигенции, как хранители духовной культуры в себе, так и ее насихаттеры, носители благородного наследия для последующих поколений. В статье подробно исследуется среда, в которой жил Ғабит Махмұтович Мусрепов, исторический характер общества, в котором он жил, и, таким образом, аспект повседневной жизни надписей советской эпохи. Один из классиков, прославивший статус казахской литературы XX века, кузнец художественного слова, воплощение изобретательности и красноречия, Дархан дарын, академик-писатель, Герой Социалистического Труда Ғабит Махмұтович Мусрепов. Ғабит Мусрепов-великий художник, великий учитель, крупный общественный деятель, оставивший неизгладимый след в духовно-культурных достижениях своего времени, поднявшийся на пьедестал высокой личности нашей литературы, выдающийся представитель «группы гигантов» сказанной им литературы. Его имя неразрывно связано с историческим бытием, духовным миром родного народа. Вся история жизни гениального художника, путь творческого роста, все литературно-культурное наследие будут увековечены в баре. Очевидно,

что произведения писателя, обладающие высокой художественной энергией, по-прежнему находят отклик у многих сердец и приобщают многих выпускников к нравственным добродетелям.

Особое достоинство Габита Мусрепова-как познавательное, так и воспитательное. Потому что выдающийся писатель в творческой работе, в искусстве письма требовал высоких требований как к себе, так и к другим, братьям предыдущей волны и братьям следующего поколения.

Ключевые слова: Габит Мусрепов, писатели, Советская эпоха, творческая работа.

*Otynshieva G.T. ^{*1}*

¹ *master, teacher of the Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

E – mail: gauhartas7@mail.ru

ENVIRONMENT, HISTORICAL DESCRIPTION OF GABIT MUSREPOV'S LIFE

Abstract

The role of the creative intelligentsia in Kazakh society has always been great. The fate of the nation was largely linked to their actions. The creator of national culture is primarily the creative intelligentsia. Representatives of the creative intelligentsia, both keepers of spiritual culture in themselves, and its nasiahatters, bearers of a noble heritage for future generations. The article examines in detail the environment in which Gabit Makhmutovich Musrepov lived, the historical character of the society in which he lived, and thus the aspect of the daily life of the inscriptions of the Soviet era. One of the classics who glorified the status of Kazakh literature of the twentieth century, the blacksmith of the artistic word, the embodiment of ingenuity and eloquence, Darkhan daryn, academician-writer, Hero of Socialist Labor Gabit Makhmutovich Musrepov. Gabit Musrepov is a great artist, a great teacher, a major public figure who left an indelible mark on the spiritual and cultural achievements of his time, rose to the pedestal of a high personality of our literature, an outstanding representative of the "group of giants" of the literature he said. His name is inextricably linked with the historical existence, the spiritual world of his native people. The whole life story of the brilliant artist, the path of creative growth, all the literary and cultural heritage will be immortalized in the bar. It is obvious that the works of the writer, which have high artistic energy, still resonate with many hearts and introduce many graduates to moral virtues.

A special advantage of Gabit Musrepov is both cognitive and educational. Because an outstanding writer in creative work, in the art of writing, demanded high demands both for himself and for others, brothers of the previous wave and brothers of the next generation.

Keywords: Gabit Musrepov, writers, the Soviet era, creative work.

Тақырыптың өзектілігі. Қазақ әдебиетіндегі орны ерекше тұлға Габит Махмұтұлы Мүсірепов жазушы ғана емес, сонымен бірге, қоғам қайраткері, зерттеуші ретінде бай мұра қалдырған қайталанбас жазушы. Оның әр шығармасы тарихи негізде жазылып, Отан тарихының қилы кезеңдерінің әдебиеттегі көріністеріне айналды. Себебі, Ғ. Мүсірепов ең алдымен жазушы. XX ғасырда қазақ әдебиетіне кесек туындылар әкелген көркем сөз шебері, дара суреткер. Жазушының суреткерлік қыры өз заманында жеткілікті қарастырылды. Оның көркемдік әлемін ашуға бағытталған ізденістер әдебиеттану ғылымында әлі де жалғасын таба бермек. Қазақ әдебиетінің кеңестік дәуірдегі көрнекті қайраткерлерінің бірі – көркемсөз зергері Габит Махмұтұлы Мүсірепов шығармаларын қазақ халқының көрнекті жазушысы Габит Мүсіреповтің шығармаларын оқыту арқылы қазақ тілін меңгерген, көпмәдениетті, өзге ұлттар әдебиетін құрметтейтін, бойында қазақстандық патриотизм, рухани адамгершілік сезімдері қалыптасқан тұлға дамуына ықпал ету. Қазақ тарихында аты аңызға айналған, ұлт ұланына айналған тұлғалар қатары жетіп артылады. Таңдалған тақырыптың өзектілігі, ең алдымен, тарихи процесті түсіну оның қатысушыларының өмірлік тәжірибесін және олардың өмір салтын бағалауын ескермей мүмкін болмайтындығымен анықталады. Күнделікті өмір тарихы зерттеушіні қарапайым адамдардың жеке тәжірибесі мен тәуелсіз мінез-құлқының барлық түрлерін қайталауға бағыттайды. Бұл тұрғыда кеңес жазушыларының күнделікті өмірінің материалдық-тұрмыстық аспектілерін қайта құру ерекше қызығушылық тудырады. Габит Мүсірепов деп айтсақ, қазақтың халық жазушысы, драматург, сыншы, мемлекет және қоғам қайраткері Ғ.Мүсірепов. Оның туа бітті таланты, сіңірген еңбегі, құнды шығармаларын тізбектеп айта беруге болады. Алайда, тұлғаның жеке өміріне қатысты мәліметтерді де зерттеу артық етпейді. Сол себепті мен өз мақалама жазушының жеке өміріне қатысты естеліктерді алға тартып, баяндауды жөн көрдім.

Материалдар мен әдістемесі. Ұсынылған зерттеу "жаңа әлеуметтік тарих" деп аталатын шеңберде жүргізілді. Ғ.Мүсіреповтің ғылыми зерттеулерінің құндылығын ашып көрсетуде ғалым өмір сүрген

кезеңнің әлеуметтік-экономикалық, саяси тарихына қатысты материалдарды саралағанда, қоғамның сол кезеңдегі даму тенденцияларын шынайы көрсету басты өлшемге алынды. Ғ.Мүсіреповтің тарихына арналған арнайы зерттеу жұмыстарының қатары біршама. Ғ.Мүсіреповтің жекелеген шығармашылығы мен қоғамдық - саяси қызметтер ретінде арналған зерттеу жұмыстары, монографиялар, мәдени мұра бағдарламасы бойынша жарыққа шыққан кітаптар негізгі материалдар болып табылды.

Мақала жазуда жинақтау, талдау, салыстырмалы түрде қорыту тәсілдері қолданылды. Жалпы мақалада объективтілік және тарихи принциптерге негізделеді, тарихшы ғалымды, оның өмір сүрген және қызмет жасаған кезеңдерімен және қазіргі егеменділікпен байланыстыра зерттеумен ерекшеленеді.

Талқылау. Ғабит Мүсіреповтің азан шақырып қойған аты – Ғабде-әл Ғабит. Қаламгердің әкесі Махмұт діни сауатты, өз ортасында беделді, парасатты жан болған екен. Олардың отбасысы турасында Сәбит Мұқанов былай деп жазып қалдырған: «Кәжімбайдан: Мақмет (Махмұт), Ақан, Мақан, Самырат туған. Бірақ Махмұтты Мүсіреп бауырына салып, Кәжімбайға енші бергенде алып қалыпты. Махмұт сол үйден ер жетіп, сол үйде шаңырақ көтеріп, еншіні де сол үйден алған. Ол мұсылманша сауатты, газет-журналдарды үзбей қарап отыратын ақылды жан болған. Бір сайлауда ауылдық старшындыққа да тағайындалғаны бар. Ал әйелі Дина үлкенге келін боп, кішіге жеңге, жастарға шеше болып жаққан адам. Ол – менің кіндік шешем», – деп жазады. Сонымен қоса, Ғабит Мүсіреповтың азан шақырып қойған аты «Ғабде-әл Ғабит» екенін де айтып кеткен сол кісі. Әкесінің діни сауаттылығын да осы жерден байқаймыз.

Ғ.Мүсірепов, өзінің өмірбаяны туралы жазбаларында: «Мен ескіше жыл басы деп есептелетін «Наурыз күні» киіз үйде туыппын. Қазақ даласының ең суық жағын жайлайтын біздің елдердің бірсыпырасы ХХ ғасырдың бас кезінде де қыс айларын киіз үйде өткізеді екен». Ол күні жер де сілкінбеген, күн түгіл, ай да тұтылмаған: есте қаларлық боран да болмаған, ең алды қалжа сүйегіне иттер де таласа алмаған менсіз де үбірлі-шүбірлі бір қара үйде тағы бір бала туа салған да, басқа балаларының атына ұйқастыра ат берілген» деп жазады өзінің автобиографиялық әңгімесінде.

Өзінің сәби кезінде аса ештеңе қала қоймағанымен, үлкендердің айтуынша тыныш, мазалы бала болыпты. «Қайсар болушы ең, жыламайтын едің», - деп шешем осы күнге дейін әркез айтып отырады. Өзінің естеліктерінде анасының сөзін еске алады. Есін біле бастаған сәттен бастап, ауызекі тілде жиі еститін сөз, алым-салық болғандықтан, төленген салықтардың бәрі қайда кетеді деп таң қалатын болған. Ғ.Мүсіреповтың бала кезіндегі қызықтарының бірі ретінде «сүндет тойын» айтуға болады. Өзімен қатарлас бауырлары Хамит, Сәбит үшеуін мұсылмандық парыздан өткереміз деген үлкендердің мәлімдемесі жақпай қалды ма, әлде өткен күндері ғана өз бәкісімен қойдың құлағына ен салып отырған қариядан қорықты ма, әйтеуір ағайынды үшеуі үйді сырт айналып қашып, қолды-аяққа тигізбей жүгіре жөнелген. Ауылдан ұзап қашқан жас батырларды туыстары қапсыра құшақтап, қара үйге қайта әкелген.

Жазушы өз әкесі секілді өте алғыр, білімге жақын жандар қатарынан болды. Ол бала кезде ең алғашқы сауатын молдадан ашқан. Сондықтан болар шығармаларының басым көпшілігі төтенше жазылып, ерекше сипатқа ие болған. Тұлғаның тағы бір айта кететін қасиеті, ол аңшылыққа өте құмар болған. Кейде, өмірдің ащы тұстарынан қажып, шаршаған кезде, табиғат аясында серуендеп, сейіл құрғанды жақсы көрген екен. Ол тіршілікпен тілдесіп, өзінің сырын ақтарып, шабыт алып қайтатын болған. Тағы бір ермегі балық аулау және суға сүңгу.

Ғ.Мүсірепов туралы естеліктерде оның үш мылтығы болғандығы айтылады. Бірі - бесатар болса, екіншісі - жапон мылтығы, ал үшіншісі-малопулька. Аң аулауға шыққанда көбіне үшіншісін өзімен бірге алып жүретін болған. Аң аулауға деген ерекше ықыласының бар екенін жары Құсни де жақсы білген. Бірде Мүсірепов аң аулауға кетіп, кешке бірақ оралыпты. Әбден шаршап келген олжаларын әйеліне ұсынып жатып: «мына құстардың жүнін жұлып, тамақ әзірлерсің» дейді. Жары сөзге келмей, тауықтың жүнін жұлып жатып, «Ғабеке, мынаның бәрін өзің аттың ба?» – депті. «Сонда менің атқаныма сенбей тұрмысың?» – дейді жазушы, «Жоға, бәрінің тамағынан дәл тиіп бауыздалғанын айтамын», – дейді әйелі. Сосын тамақтарына қадалған сексеуілдерді шығарып, «мынамен дәл көздеп атқансыз ғой, ә!» депті[1].

Проза оның тағы бір қыры ол жазуды қарындашпен жазған. Ол өмірде тазалыққа жаны құмар адам болғандықтан, жазу үстелі үнемі ұқыпты жиналған, заттары тиянақты орналастырылатын болған. Шығармашылықпен айналысу барысында қателіктерге жол берсе, бірден түзетіп, өшіріп, өз ойын қайта жазуды әдетке айналдырған. Тиянақтылық пен тазалық бір бойынан көрініс таба білген жазушының бұл қасиеттерін, туындыларының түпнұсқалары арқылы тануға болады. Себебі, сызылған, артық шимай-шатпақты әсте аңғару мүмкін емес.

Жазушының ерекше қызығушылықпен айналысқан ермегінің бірі – таяқ жону. Көзіне түскен барлық әдемі бұталарды теріп, жинап жүретін жан, оларды жонып, әдемі таяқ етіп шығарған. Тіпті олардың санында шек жоқ. Қазіргі таңда бұл құнды жәдігер ретінде мұражайларда сақтауда тұр. Жұрт «Мүсірепов

мұражайында ерекше қызыға қарайтын дүние бар. Ол өзінің сүйікті досы Ғабиден Мұстафиннен келген ерекше орындық – таяқ. Оның екі құлақшасы болған. Ол құлақшаларды жазса орындық болып шыға келеді, ал жинаса қолға ұстайтын таяқ бола қалады. Бұл туралы Алматы қаласында өзі тұрған музей-үйінің директоры Әділғазы Қайырбеков айта кетеді. «Ол сыйлықта мынандай әзіл сөз жазылған: «Іші кепкен, тоқалы тепкен, жетпістегі сылаң шалға сыйладым. Таяқ – үшінші аяқ, Ғабиден», - деп жазылған мұражайдағы қорда [2].

Жазушы Мыңбай Рәштің мына бір естелігін де баспасөз беттерінен оқуға болады. «Серуенге шыққан Ғабен жуантықтау қысқа келген таяқты өзімен тастамай алып жүрген. Бірде Ғабиден Мұстафин екеуі, оларға жолдан Нығмет Ғабдуллин қосылып, Алматы көшесінде келе жатып, Ғабеннен көзі анандай жерде тұрған бұтаққа түсіп кетеді. «Шіркін-ай, ана бұтаққа қарашы, Ғабиден», – дейді. Өзі де қурауға шақ қалған бұтақты ертең-ақ кесіп тастайтынын айтып жазушы қынжылыпты. Ертесіне Нығмет Ғабдуллин жазушының көзі түскен бұтақты кесіп әкеп берген екен. Балаша мәз болған Мүсірепов бұтақты аз уақыттың ішінде жонып, әдемі таяқша етіп қойыпты». Ұлы тұлға туралы тарих бетін парақтап қарайтын болсақ, күнделікті өмірде ол бильярд ойнауды ерекше жақсы көргендігін аңғара аламыз. Бұл таяқ жасау өнеріне жақын болғандықтан кейін бе, әйтеуір бұл спорт түріне деген ықыласы ерекше. Оған қоса, ақыл-ойды, миды дамытатын ойын түрі, шығармашылық шыңырауына батып, өз-өзімен қалуға ықпал етсе керек. Тіпті кейде, қызығына батып кететіні соншалық, уақыттың өлшеміне де мән бермей, ойынды бар ынтасымен ойнаған. Жазушының бұл өнері туралы замандастары: «Қазақстанға бильярдты әкелген – Ғабен» деген сөз айтатын болған. Айта кетуі керек, бүгінгі күні, Ғ.Мүсірепов атындағы бильярд ойынынан үнемі турнирлер ұйымдастырылып, өткізіліп тұрады.

Әр ұлттың тарихында өмірімен де, еңбегімен де туған халқының ілтипатына бөленіп, оның сүйіктісіне айналатын ұлдары болады. Осындай азаматтардың қатарына қазақ әдебиеті тарихында Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин сияқты ұлы тұлғаларды жатқызамыз. Олардың жазушылық өнерін қазақ халқы ғана емес, бүкіл әлем мойындап, шығармалары көптеген шет тілдерде басылды.

XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің абыройын асырып, мәртебесін биіктеткен классиктердің бірі, көркем сөздің ұстасы, тапқырлық пен шешендіктің нұсқасы, дарқан дарын, академик- жазушы Социалистік Еңбек Ері – Ғабит Махмұтұлы Мүсірепов. Қазақ кеңес әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі Ғабит Махмұтұлы Мүсірепов 1902 жылы 22 науырызда Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданында туылған [1].

«Мен ескіше жыл басы деп есептелетін «Наурыз күні» киіз үйде туыппын. Қазақ даласының ең суық жағын жайлайтын біздің елдердің бірсыпырасы XX ғасырдың бас кезінде де қыс айларын киіз үйде өткізеді екен. Ол күні жерде сілкінбеген, күн түгіл ай да тұтылмаған: есте қаларлық боран да болмаған, ең алды қалжа сүйегіне иттер де таласа алмаған менсіз де үбірлі-шүбірлі бір қара үйде тағы бір бала туа салған да, басқа балаларының атына ұйқастыра ат берілген», - деп жазады Мүсірепов өзінің автобиографиялық әңгімесінде. Ғабит документтерінде «1902 жылы туған» болып жүреді [3].

Сауатын ауыл молдасынан ашқан ол он төрт жасында Обағандағы екі класстық орыс мектебіне оқуға түседі. Осы мектепте оған белгілі педагог, жазушы Бекет Өтетілеуов орыс тілі мен әдебиетінен дәріс береді. Болашақ жазушының әдебиеттің жолына түсуіне бұл жағдай айтарлықтай ықпал жасайды. Бұл турасында жазушы кейіннен «Бекет менің қиссаға құмарлығымды білгеннен кейін, мені әдебиетке тарта бастады» - деп жазды. Екі кластық орыс мектебін бітірген соң, ол Бекет Өтетілеуовтің тікелей көмегімен Пресногорьсковтағы жоғары бастауыш мектепте білімін жалғастырады. Осында жүргенде орыс, батыс әдебиетіне зер сала танысады. Көркем әдебиетке деген құштарлығы арта түседі. Ғ.Мүсірепов жоғарғы бастауыш мектепті 1921 жылы бітіреді [4].

Төңкерістен кейінгі қазақ даласындағы әлуметтік өмір дүмпүлі болатын. Ғабит те ел ішіндегі саяси науқандарға араласып кетеді, мектепті бірге бітірген жиырма шақты бала. «Ақмола облысының оңтүстік партизандарының группасы» деген отрядқа келіп қосылып, ақ қазақтарға қарсы күреседі. Сонан кейін ауылда әскери комиссар, аудандық милиция бастығының орынбасары қызметтерін атқарады. Сол кезде елге танымал болып қалған. С. Мұқановпен кездесіп, оның кеңесімен Орынбордағы жұмысшылар факультетіне (*рабфак*) оқуға түседі. Рабфакта оқыған кезде (1923-1926) ол әдебиетке бет бұрғандай болды. Алғашқы әңгімесі қабырға газетінде жарияланды.

Бұл жөнінде Ғ. Мүсірепов: «Мен сол кездегі Орынбор рабфагін кейбір жағынан жоғары дәрежелі мектептермен теңесе алады-ау деп ойлаймын. Әсіресе, әдебиет, тарих жағынан көп нәрселерді түбірлеп оқытушы еді. Қалайда он тоғызыншы ғасырдағы орыс классиктерін мен сол рабфакта ұғынып жатқандаймын. Әсіресе, Гоголь, Чехов, Горький бағыты», - дейді [1].

1925 жылы «Едіге» деген қысқа әңгімесі «Еңбекші қазақ» газеті бетінде жарық көрді. Жұмысшылар факультетін бітіріп, «...Бірақ рабфакты бітіріп шыққаннан кейін де әдебиетке ауысуға табаным тұрақтай алмай, Омбыдағы ауылшаруашылық институтына барып түстім. Ол кезде оны академия деп атайтын. Әдебиетке алабұрту сонда басталды. Есеп үстінде отырып та, тәжірибе станциясында аудармалы егін салысып жүріп те ой алаңынан құтыла алмай қойдым. Өзгелер ауылшаруашылық үйірмелеріне кеткенде мен әдебиет үйірмесіне жазылдым. Жеті студент ортадан жалдап, өзін Белинскийдің шәкіртімін деп санайтын қартаң бір педагогтан қыс бойы оқыдық», - деп жазды ол [5].

1927-1928 жылдары Шортандыдағы (*Шучинск*) орман шаруашылығы техникумында оқытушылық қызметін атқарады. Осы кездерден бастап көркем шығармашылықпен белсенді түрде айналыса бастайды. Ол 1928-1938 жылдар аралығында кеңес, партия, баспа орындарында әртүрлі қызметтер атқарады. «Қазақстан» баспасының директоры, Қазақ АССР Оқу халық комиссариатының өнер секторының меңгерушісі (1933), «Қазақ әдебиеті», «Социалистік Қазақстан» газеттерінің бас редакторы (1934-1935) БК (б) П Қазақстан Өлкелік Комитетінің баспасөз бөлімі меңгерушісінің орынбасары (1936), Қазақстан Орталық партия Комитетінің саяси –ағарту бөлімінің меңгерушісі (1937).

Ғ.Мүсіреповтің тырнақалды туындыларында төңкерістен кейінгі қазақ даласында болып жатқан саяси-әлеуметтік оқиғалар көрініс тапқан. Алдында әңгіме болып жазылып, кейіннен (1928) повеске айналып жарық көрген «Тулаған толқында» жиырмамыншы жылдардағы ел өмірінде орын алған саяси күрес, оның жекелеген адамдардың тағдырына тікелей әсері суреттеледі.

«Тулаған толқында» повесінің оқиғалық негізі азамат соғысы жылдарының тұсында болады. Мұнда негізінен алғанда екі жастың өмір шырғалаңына ұшырап, көп сергелдеңге түскені, азаттық бақыт үшін күрес жолына шыққаны баяндалған. Балықшы жігіт Біржан мен ауыл кедейінің қызы Шәйзаның ескі тұрмыс, ескі салт-сана тұтқынынан шығып, жаңа өмірге аяқ басуы айтылады. Бірақ ол кезде жастардың сүйгеніне қосылуы, көңіл қалауымен жүруі өте қиын мәселе. Қолында малы, аузында сөзі бар, айналасына әкімшілігі жүріп тұрған бай-шонжарлар озбырлықтың қандай түрінен де тартынбаған кез. Бірін-бірі сүйетін Біржан мен Шәйзаның арасына да осындай жыртықшытың бірі Оспан болыс килігеді. Өзінің қартайып, жер таянғандығына қарамастан, Оспан болыс қалай да Шәйзаны қолға түсіруді көздейді. Бұл кешегі теңсіздік жайлаған заманның ақиқатты көрінісі. Үстем тап өкілі атаулы әйел теңдігі дегенді ойына алып та көрмеген. Қалың мал төлесе, барлық дау шешіледі дейтін заман болатын [6].

Жалпы алғанда Ғ. Мүсіреповтің «Тулаған толқында» повесі ХХ ғасыр басындағы С. Көбеевтің «Қалың мал», М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» сияқты шығармаларымен тақырыптас, яғни бұл туындылардың көтерген мәселесі – әйел тағдыры, әйел теңсіздігі.

«Қос шалқар» (1928), «Көк үйдегі көршілер» (1929), «Бір адым кейін, бір адым ілгері» (1932), «Талпақ танау» (1934) сияқты әңгімелерінде төңкерістен соң қазақ даласында болған саяси өзгерістер - байларды тәркілеу, халықты ұжымдастыру суреттеледі.

«Қос шалқар» әңгімесінде осы аттас көлдің жағасында өмір сүріп жатқан елдің тұрмыс-тіршілігіне жаңа заман әкелген жаңалықтар әсерлі бейнеленеді. Әңгіменің сюжеті қарапайым да шебер құрылған: автор «Қос шалқарда» үш рет болған. Әр жолы болғанында көргендерін көркем баяндау арқылы бұл өңірде болып жатқан өзгерістерді шынайы бейнелей алған. «Қос шалқар» бұрын Қасым байдың иелігінде болып келсе, соңғы келгенінде халықтың меншігіне айналған. Еңбекші жұрт ұжымдасып, шаруашылық құрған. Бірігіп еткен еңбек алғашқы жемістерін де бере бастаған. Елдің еңсесі көтеріліп, ертеңгі күнге деген сенімі арта түскендей [7].

«Алғашқы адымдарда» колхоз құрылысының қазақ шаруаларының тіршілігіне, психологиясына әкелген өзгерістері көрініс тапқан.

«Талпақ танау» (1933) Ғ.Мүсіреповтің ғана емес, отызыншы жылдарындағы қазақ әңгіме жанрының айтулы табыстарының бірі. Колхоз болып ұжымдасқан шаруалардың дәстүрлі кәсіптерімен бірге оның жаңа түрлерін де игере бастағаны, шаруашылықтағы жаңалықтардың ауыл кедейлерінің психологиясына айтарлықтай өзгерістер әкелгені шебер суреттеледі. Осы жоғарыда айтылған «Қос шалқар» мен «Талпақ танау» сияқты әңгімелерін жаңа қоғамның, жаңа өмірдің ықпалы арқасында адамдардың тағдырындағы, ой-санасындағы елеулі өзгерістер айқын суреттелген [8].

Осы он жылдың ішінде (1928-1938) оның қаламынан: «Қос шалқар», «Талпақ танау», «Көк үйдегі көршілер», «Күсен» және т.б. әңгімелер; «Тулаған толқында», «Алғашқы адым» повестері; «Ана» циклындағы қысқа новеллалар; «Әдебиет айтысына», «Мен қалай жаза бастадым», «Мұхтардың хаты туралы», «Қазақстан» баспасының айы», «ҚазАПП-тың бүгінгі міндеттері», «ҚазАПП жаңа дәуірде», «Социалистік құрылыс дәуірі–түрі ұлттық мазмұны пролетариаттық көркем әдебиеттің өркендейтін дәуірі» және т.б. сын мақалалар туды [9].

Ғ. Мүсірепов 1936 жылы Бейімбет Майлинмен Всеволод Ивановпен бірлесіп «Аманкелді» киносценарийін жазды. Қазақтың тұңғыш көркем фильмі экранға 1938 жылы шығып, көрермендер тарапынан жоғары баға алды.

Осы он жеті жылдың ішінде оның қаламынан: «Қозы көрпеш Баян сұлу» (1939) мен «Ақан сері-Ақтоқты» (1942) атты классикалық трагедиялары мен «Амангелді» (1950) қыссасы; «Ер ана» (1942), «Ана кесімі айнымайды» (1942), «Ақлима» (1944) және т.б. әңгіме – новеллалары; «Қазақ батыры» повесі (1945), кейіннен «Қазақ солдаты» романы (1950) және «Оянған өлке» романдары (1953), М. Горький туралы (1943, 1948, 1950) үш мақала, «Өсер әдебиет пен өсірер сын керек», «Абай» (М.Әуезов пен Л.Соболевтің осы аттас трагедиясы туралы – С.Ж.) «Абай» романы туралы», «Айтыс қатарға қосылды», «Халық таныған жазушы» (С.Мұқанов туралы – С.Ж.), «Абай – қазақ операсының жаңа белі», «Алып ақын ағамыз» (Жамбыл жөнінде – С.Ж.), «Майданнан соққан жаңа леп» (Қасым Аманжоловтың «Абдолла» деген поэмасы, Әбу Сәрсенбаевтың «Ақша бұлт» өлеңі туралы – С.Ж.)...және т.б. көркем сын, өнер туралы мақалалары, әр алуан аудармалары мен очерктері шықты. Белгілі жазушы өзінің 50 жасқа толуын «Оянған өлке» романын бітірумен қарсы алды [10].

Ғ.Мүсірепов 1955-1966 жылдар аралығында «Автобиографиялық әңгіме» (1956), «Сөз жоқ, соның іздері» (1962), «Өмір жорығы» (1963), «Айгүл қойшының бір күні» (1964), «Тимка-Димка» (1965) және т.б. әңгіме – новеллалар, «Кездеспей кеткен бір бейне» поэмасы (1966ж); «Әдебиет тілі жайында», «Кино өнерінің келелі мәселелері», «Күресте туған ынтымақ», «Қос жұлдыз», «Айнымас көңіл, ажырамас құшақ», «Ұлы белес», «Тың түбірлі тақырып», «Азия-Африка жазушыларының қозғалысы жаңа белесте», «Мұхтар Әуезов туралы сөз», «Дос жүректен мың да бір сәлем!», «Италия сапарынан» және тағы басқа әдеби-көркем сын мақалалары, публицистикалық мақалалар жазды. Ғ.Мүсірепов 1968 жылы қазақ кеңес әдебиеті мен филологиясын дамытуға қосқан үлесі үшін Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі болып сайланды. Республика жұртшылығы 1962 жылы көрнекті жазушының 60 жасқа толуын кеңінен атап өтті [11]. Ол 1966-1985 жылдар аралығында біріңғай творчестволық жұмыспен шұғылданды.

1968 жылы Ғабит Мүсіреповке «Кездеспей кеткен бір бейне» атты поэмасы үшін Қазақ ССР-ның Абай атындағы мемлекеттік сыйлығы берілді.

Республика жұртшылығы 1972 жылы классик жазушының 70 жасқа толуын кеңінен атап өтті. Ғ.Мүсіреповке 1974 жылы кеңес әдебиетін дамытуға сіңірген зор еңбегі үшін Социалистік Еңбек Ері атағы берілді [12].

Қазақ ССР Ғылым академиясының Президиумы 1977 жылы академик Ғабит Мүсіреповке филология ғылымын дамытуға сіңірген зор еңбегі үшін Қазақ ССР ғылым академиясының Шоқан Уәлиханов атындағы бірінші дәрежелі сыйлығын беруге шешім қабылдады. Республика жұртшылығы 1982 жылы ұлы суреткердің 80 жасқа толуын кеңінен атап өтті [13].

1984 жылы «Жат қолында» романы шықты. Бұл әйгілі «Оянған өлке» романының екінші кітабы еді. Отыз жылдан соңғы қауышу сәтті аяқталды. Шығарманы оқырман қауым жылы қабылдады, әдеби-көркем сын жоғары бағалады. Дәл осы жылы Ғ. Мүсіреповке Қазақ ССР Халық жазушысы деген атақ берілді [14].

Ұлы қаламгер Ғабит Мүсірепов өзінің бүкіл творчестволық ғұмырында, өмірінің соңғы күндеріне дейін СССР және Қазақстан Жазушылар одақтары басқармаларының секретары болды.

Ғабит Мүсірепов өз кезеңіндегі әдебиеттің дамуына сіңірген орасан зор еңбегінің арқасында бір қатар орден, медальдармен марапатталды. Атап айтсақ, үш рет Ленин орденімен, Октябрь революциясы (Қазан төңкерісі), Еңбек Қызыл Ту, Халықтар достығы ордендерімен, СССР медальдарымен марапатталды.

Өзінің бүкіл жарқын өмірі мен қайталанбас шығармашылығын туған халқы мен ұлтының мақсат мүдделеріне адал қызмет етуге арнаған, аянбай еңбек еткен қаламгер Ғабит Мүсірепов 1985 жылы 31 желтоқсанда 84 жасқа қараған шағында дүниеден өтті. Ғ.Мүсірепов әйелдердің сұлулығын ерекше бағалап, тамсанатын болған. Ол 1922 жылы жиырма жасында байдың жас келіні Ханшайымды ұрлап, үйленіп алды. Алайда, көтерген шаңырақтары көпке бармай, екі жас ажырасып кеткен. Ал араға екі жыл уақыт салып, жазушы қайта отау көтереді. Бұл жолы оның таңдауы 22 жастағы башқұр және татар қызы Күсни Ягафоровнаға түскен. Бірінші әйелінен бала болмағанымен, екінші жары жазушыға Ғалия, Роза, Мара және Райхан есімді төрт қыз сыйлаған. Екеуі қырық жыл отасып, өмірдің ащысы мен тұщысын қатар көрген. Ғ.Мүсіреповтың өмірде сымбаты мен сырт келбетіне аса мән берген жары, үнемі жолдасының таза болуына ат салысқан [15]. Өз-өзіне ерекше күтім жасаған, жазушы, 20 жастағы жігіттей құлпырып шыға келетін болған. Оның мұндай әрекеттерін шәкірттерінің біріне айналған Сәбит Досанов мәлім етіп, естелік қалдырған болатын: «Алдымен күтушіге бетіне арнайы массажын жасатады. Содан кейін пудра жағып, тон салады. Ырғала жүріп, еш асықпай киінеді. Француз әтірін себеді. Үлкен қара көзілдірік кигенде беттегі

әжімдер жасырынып қалады». Сондай-ақ, галстук міндетті түрде костюммен үйлесім табуы керек немесе шұлығы да аяқ киіммен үндесуі керек. Таранып, сыланған соң, Ғабит Мүсірепов 20 жастағы жігітке айналып шыға келеді екен. Осыған байланысты, қаламгердің артынан бірталай сөз ерген көрінеді. «Көшеге шығарда қыздан бетер қылмиып, жігіттен бетер жылмиып, айна алдында әйелден де көп уақытын өткізеді», – деген секілді өсек ерген. Расында, жазушы айна алдында көп тұрып, өзіне сондай керемет күтім жасаған. Оның үстіне Ғабеннен осылай жүруіне жары Құсни де себепкер болған. «Басқалардың әйелі шалбарды су шашып үтіктесе, Ғабеннің жары әтір сеуіп үтіктейтін», – делінген кей естеліктерде. Құсни екеуі жарты ғасырға жуық бір шаңырақта ғұмыр кешкенімен, 1964 жылы жазушының жары өмірден өтеді [16]. Бұл кезде Ғ.Мүсіреповтың жиналыста көзі түсіп, бірден ғашық болған 25 жастағы қыздың аяғы ауыр еді. Олар Құснидің жылын өткізбей шаңырақ көтереді. Осылайша, 62 жастағы жазушы мен 25 жастағы актриса екеуі жаңа отбасы атанады.

«Жан сыры» хат-новелласында қаламгер әлдебір жанды іздеп жүргеніне он бес жылдың жүзі болғанын айтады. Жан дүниесі әлдебір жылулықты іздеп, зарыға тосып, сарғайған сағынышқа айналған. Тіпті, хат жазып қалар ма екен, қоңырау шала ма деген үмітпен, көңілде бір жанды күтетінін айтқан. «Атын да білмеймін, түсін де танымаймын. Бірақ тек соны сағындым. Он бес жыл іздедім, он бес жыл күттім. Ақыры бір жиналыста кездесті», – дейді.

...Батыс-Шығыс әдебиетінде мақтаулы сұлу қаракөз, қиғаш қас болып келуші еді, бұл қиғаш көз, қара қас екен. Әрі мөлдір қара көздерінің қарашығы да айырылмайтындай қара екен...

Мен ол жиналыста сөйлемеймін деген едім, тек қана сол қыз үшін сөйледім...», дейді. 37 жас айырмашылығы бар отбасына жұрттың алып-қашпа әңгімесі әсер етсе керек, Раиса Мұхамедиярованың айтуынша, ортадағы сөз әсерінен екеуі ажырасып тынған. Үшінші жұбайынан Гаухар мен Гүлнар есімді қыздары дүниеге келді. Дегенмен, Мүсірепов 1970 жылдан бастап өмірінің соңына дейін әдеби хатшысы Ғазиза Нұрғалиқызымен бірге тұрды [17].

Шығармашылықтың адамы, шабытты ұнатады, сұлулыққа жаны құмар, сонымен қатар тыныштықта еңбек еткенді жақсы көретін болған. Әсіресе, өмірінің орта кезеңінен бастап жоғары лауазымды қызметке кіріскен тұлғаға, бұл шығармашылығын дамытуға өз әсерін де тигізген. «Алғаш қалам ұстаған уақытта кеңседегі қызмет пен аласапыран замандағы ауыр шаруалар сағаттап жазу үстеліне отыруға мүмкіндік бермеді» – дейді өзі. Тар бөлме, бала-шаға мен оның үстіне жиі келетін қонақ шығармашылықпен айналысуға кедергі келтірсе керек. Бірақ, қалайда жазу керек деген мақсат оны түнде ұйықтатпаған. «Абыр-сабыр басылып, ел жатқанда, шымылдықтың артында, бір бұрышта түнгі сменаға шыққан жұмысшыдай жазуға отырасын», – деп жазады Ғ.Мүсірепов өзінің автобиографиясында.

1920 жылдардан бастап, ғұмырының соңғы бөлігіне дейін қазақ әдебиетіне өлшеусіз үлес қосып, өзіндік үнін қалдырған жазушы 83 жасында өмірден озды. Ойы орамды, сөзі салиқалы Ғ.Мүсірепов туралы үздіксіз сыр шертуге болады. Қылқаламынан тамған әр туындысы қалың оқырманның сүйіп оқитын жазбаларына айналып, көпшіліктің сүйіспеншілігіне бөленген. Әр шығармасында заманның сыры, маңызды мәселелер тілге тиек етіліп, үнемі назардан тыс қалмай отырған. Ғ.Мүсіреповтың аты мәңгі тарих бетінен өшпек емес. Ұрпақтары мақтан тұтып, үнемі есімін ұлықтай бермек.

Ғ. Мүсіреповтің әңгімелері. Жазушының 1930 жылдардың бас кезіндегі көбірек көңіл бөлген тақырыбы - ауыл шаруашылығын ұжымдастыру мәселесі болды. Оның осы тақырыпқа арнап жазған тұңғыш шығармасы «Қос шалқар» (1929) әңгімесі еді. Әңгіменің оқиғасы Қазақстанда егіндік, шабындық жерлерді бөліске салу, ауыл шаруашылығын ұжымдастыру мәселесіне ұласады. Қасым сияқты байлардың шөбін шауып, малын баққан Күсен сияқты кедейлердің артель болып ұйымдасуы, байлар мен кедейлердің таптық күресі шеңберіндегі қазақ ауылының шындық өмірі суреттеледі.

Жазушы «Қос шалқар» атанған әсем көлдің атырабына үш рет жолы түскенін баяндай отырып, осы өңірдегі болған өзгерісті сөз етеді.

Ғ.Мүсіреповтің бұдан кейінгі жазған екі әңгімесі – «Көк үйдегі көршілер» (1929), «Күсен» (1930) де осы тақырыптың жалғасы іспетті болып келеді. Онда да қазақ ауылындағы колхоздастыру кезіндегі қиыншылық, таптық талас-тартыс әңгіме болады. Ғ. Мүсірепов 1932 жылы «Бір адым кейін, екі адым ілгері» атты әңгімесін жазды. Онда да таптық күрес, астыртын әрекеттер, ауылдың бай-кедей болып бөлінуі, жаңа заманға өткен қоғам өкілдерінің риза болмай, қарсы тұруы суреттеледі. Әңгіменің басты кейіпкерлері – колхоз бастығы Рамазан мен оның орынбасары Жанғалилар өз туыстарын ғана колхозға тартып, рушылдықты қоздырады. Ал Сүгір молда мен Есентай сияқты өткен қоғам өкілдері астыртын әрекет жасап, колхоздың қоймасын өртеп, асыл тұқымды малдарын өлтіру арқылы жаулық әрекет жасайды.

«Ашынған ана» (1934) әңгімесі 1916 жылғы ұлт-азаттық; қозғалысына арналған. Жалғыз баласының жасын асырып жазып, майданға қара жұмысқа жібермек болған болыс пен оның қолшоқпары Қарасақалға Қапияның пышақ салып, түрмеге түсуі, онда 17 ай отырып, ақыры оны большевиктердің түрмеден босатуы баяндалады. Жазушының суреттеуінше, қиыншылық пен зорлық-зомбылықты көп көріп, азап шеккен: «... Өмір өзін сондай сіліккен. Қазір бұл сондай орасан күшті. Енді өмірді өзі сілкіуге жарап қалған қайратты ана...» [5].

«Өлімді жеңген ана» әңгімесін М.Горькийдің аударғандығы. Әңгімені еркін әрі жазушы өзі жазған ана туралы әңгімелерінің рухын сақтап аударғандығы. Әңгіме сюжеті. Шығыстық бояу. Ана ерлігі, ханның ана құдіретіне бас июі.

Ал, Ғ. Мүсіреповтің «Ананың арашасы» (1934) атты әңгімесінде Антоновтың ақ бандыларының қазақ ауылына ат ойнатып, жазықсыз жандарды атып-асуы, Нағиманы "большевик балаңды тауып бер" деп соққыға жығуы, ананың жан азабына шыдап бағып, ақтар армиясының солдаттарының шымбайына батар сөз айтып, солдаттарды өз командиріне қарсы қоюы, ақыры олардың Антоновты өлтіріп, Қызыл Армияға қосылуымен аяқталады [6].

Ақтар армиясының бандыларының жауыздығын жазушы былайша суреттейді: «...Ана арқасында қайыс қамшы жыландай жүйткіп жүр... Арашаға жарай алмаған ауыл ұятына тұншыққандай тым-тырыс... Тек отыз өрім қамшы ғана әйел арқасында жыландай ысылдайды. Аанада үн жоқ. Асыл жігер мен өктем куш теке- тіресіп кездесе қалып, біріне-бірі тізе бүгер емес. Қара көк жапырақты ақ көйлек қызыл қанға айналып, арқа жағы тілім- тілім болып кетті. Қанға боялған қамшы ана денесінің ашынған жерлерін иіскеп табатындай жанға батар жеріне дәл-дәл тиеді. Қамшы сарт етіп қалғанда, ана көзінен от ұшқыны да жалт ете қалады. Сіресіп қалғандай табан аудармай, кек кернеген ана да тұр, мың сұрауына бір жауап ала алмай ызаға булығып Антонов та тұр. Ана тістері тіл қақпасын тас бекітіп тастапты... Бұдан әрі өжет ана Антоновтың адамгершіліктен жұрдай жауыздығын бетіне басып, өршелене түседі. Жазушы қара күштің ана жүрегін мойыта алмағанын суреттеу арқылы «Ана алдында өлім де мойын ұсынады. Өлімді өмір жеңеді» дегенді бейнелеп беріп отыр.

Ғ.Мүсірепов Ұлы Отан соғысы жылдарында да ана тақырыбына қайта оралып, екі әңгіме жазды. Оның бірі -«Ер ана» (1942). Онда жау уақытша басып алған селода ауру немересімен қалған Наталья ананың партизандар көмген минаны жарып, неміс офицерлері орналасқан мектеп үйін өртеп, ормандағы партизандарға қосылуы суреттеледі. Ал «Ақлима» (1944) әңгімесінде жалғыз ұлы соғыста ерлікпен өлген ананың майданнан мүгедек болып оралған Сапар деген жігітті асырап алып күтуі, оны өз баласы Қасымнан кем көрмеуі баяндалады [18].

Ұлы Отан соғысы жылдарында эвакуациямен Украина, Ресей жерлерінен келген орыс, неміс, шешен, ингуш, татар балаларын қазақтардың асырап алуы көп болған. Ал қол-аяғы бірдей шөрке боп қалған жауынгер жігітті туған анасындай болып күту гуманистік ұлы жүректің ғана қолынан келетін қасиетті іс-әрекет еді. Жазушы осы арқылы ана жүрегінің кеңдігін, махаббатының молдығын асқан суреткерлікпен бейнелейді.

Ал, бұдан кейін 1953 жылы жазылған «Оянған өлке» романының тақырыбы – Қазан төңкерісінен бұрын Қарағанды көмір өндірісі ашылып, онда қазақ жұмысшы тобының құрыла бастауы, Оралдан келген орыс, украин жұмысшыларымен өндіріске жаңа тартылған қазақ кедейлерінің ащы өмірдің азабын бірге тартып, біте қайнасуы, олардың таптық мақсатты терең түсінісіп, орыс капиталистері мен қазақ байларына қарсы тізе қоса бастауы, таптық сана-сезімінің оянуы суреттеледі. Романның екінші кітабы «Жат қолында» атты роман ширек ғасыр өткен соң 1984 жылы дүниеге келді. Онда Қарағанды көмір кенін ағылшын алпауыттарының тонауы тартымды сипатталған [19].

Ғ.Мүсіреповтің "Жапон балладасын" қара сөзбен жазылған баллада-жыр деуге болады. Адамзат тарихында тұңғыш қолданылған атом бомбасының ауыр зардабын шеккен жапон халқының жан түршігерлік трагедиясын жазушы поэзиялық леппен, терең сыршыл сезімталдықпен жеткізе білген. Автор: "Арқаның әңгімесі", "Көздің әңгімесі", "Тастың әңгімесі" арқылы ХХ ғасырдың ең сұмдық, ең жауыз қасіреті-атом апатын әшкерелейді. Жазушы қара мрамор тасты сөйлету арқылы сұрапыл апат жайын, темір өртенген күн, тас өртенген күн жайын, адам баласының бұл маңайда түгел қырылып жоқ болғанын баяндайды. "Көздің әңгімесінде" жиырма жыл бойы жарық дүниені көрмеген қыз көруден өз үмітін үзбейді. Ол: "Мен бұл апатты ешкімге тілемеймін. Әсіресе тоқсан қабат, жүз қабат үйлердің мұндай апатқа ұшырауын тілемеймін. Сол үйлерде құмырсқа илеуіндей ығы-жығы тұратын адамдардың үйіліп, өртеніп жатқанын тілемеймін",-деп жан даусымен үн қатады. Ал "Арқаның әңгімесінде" дәрігердің: "Арқаң Жапонияның географиялық картасындай", - деген сөздері арқылы автор ауыр апаттың азабын дәлелдей түседі. Ол жігіт жиырма жыл ішінде арқасын он алты рет жаматқан.

Жазушының ана тақырыбына арнайы жазған шығармаларының ішіндегі көлемдісі де, көрнектісі де - «Ұлпан» повесі. Шығарманың көлеміне, қамтылған оқиғалардың ауқымына қарай, қай бір зерттеушілер роман деп те атап жүр. «Ұлпан» он тоғызыншы ғасырдағы қазақ әйелінің трагедиялы тағдырына арналған. Повесть өмірде болған тарихи шындыққа негізделген.

Ғабит Мүсіреповтің «өлмейтұғын артына сөз қалдырған» алыптардың бірі екеніне күмәніміз жоқ. Осы арада Зейнолла Қабдоловтың «Мүсіреповті мақтаудың керегі жоқ, Мүсіреповпен мақтану керек» деген пікірі қаншалықты әділ айтылғаны еске түскенде, көңіліміз тағы бір есе көтерілері сөзсіз... Автор 1943 жылы шығарма бас кейіпкерінің прототипі – Кеңес одағының Батыры Қайырғали Смағұловпен кездеседі де, өзі танысқан тамаша азаматтың ерлігін басқаларға үлгі ету, таныстыру ниетімен көркем шығарма жазуды мақсат тұтты. Осыдан бастап жазушы өз шығармасына қиялдан кейіпкер іздеп әуреленген жоқ. Дайын, өмірдегі бар адамның басынан өткен жайлардың негізінде болашақ бас кейіпкерін сомдап, өзін толғандырған мәселелерін кеңінен қамтып шықты. Міне, осылайша көп жылғы ізденістің, қажыр-қайраттың, табандылықтың нәтижесінде 1945 жылы «Қазақ батыры» повесі дүниеге келді. Асылы, жақсы шығарма осындайда ғана дүниеге келмек. Бұл орайда ұлы суреткер Мұхтар Әуезовтің мына сөзін айта кеткен жөн:

«Жазушы қаламынан туған барлық асыл бұйым атаулыны алсақ, әр кітаптың тамыр-төркіні, ең алдымен жазушының өзінің жанынан терең орын алған күйлерден туады. Адам тағдыры мен тартысының барлық шақтарына өзінің ішкі-сыртқы болмысымен нақтылы түгел шомған жазушының көңілінен ғана көңілдегідей тұлға туады. Жүрек қанымен жазылғандай әдебиет шығармасы өзі де сүйген, өзі де жиренген жаннан шығады. Бірде достасып, бірде алысқан, кейде қуанып, күліп мәз-мереке көрген немесе ащы күйік, ыстық жас төгіп өкінген, жеңілу мен ұмтылу жазасын шеккен, болмаса жеңіс, табыс пен қуаныш, шаттық тапқан – қысқасы, бар тынысы балқыған жазушылық жүректен ғана шын шығарма туады».

Нәтижесі: Ғабит Мүсірепов шығармаларында кеңестік эксперименттердің екпіні дәстүрлі мәдени-рухани үрдістерді табиғи желісінен айырып, халықтың жанына, сезімі мен жүрегіне ауыр жара салған тұстарын назарынан тыс қалдырмаған. Мүсірепов туындыларында ұлтымыздың тағдырына ізін қалдырып, санасына таңба салған тарихи өзгерістер зерделенген. Оның әр шығармасы тарихи негізде жазылып, отан тарихының қилы кезеңдерінің әдебиеттегі көріністеріне айналды.

Қорытынды. Ғабит Мүсірепов өзінің шығармаларынан-ақ жазушылық шеберлігімен танылады. Ғабит Мүсірепов әр кезеңде жазылған ана тақырыбындағы туындыларында қазақ әйелінің жиынтық бейнесін жасады. Көптеген әңгіме, новеллаларында Әйел-Ананың бейнесін асқақтатып, әлем әдебиетіндегі Әйел-Ана тұлғаларының галереясын байыта түсті. Ол «Ананың анасы», «Өлімді жеңген ана», «Ашынған ана», «Ақлима», «Әмина», «Ана жыры», «Ана» шығармалары арқылы сөз өнеріне жаңа көркемдік өрнек әкелді. Ана жайында жазылған алғашқы әңгімелері Максим Горький сарынында алынғанымен, ана бейнесі қазақы қасиеттерімен көркем өрнектелген. Ғабит Мүсірепов қаламынан туған ең құнды ана образдарын суреттейтін Қанапия, Ақлима секілді ана образдары арқылы қазақ өмірінің шынайы көріністері сипатталады. Мүсірепов туындыларында ұлтымыздың тағдырына ізін қалдырып, санасына таңба салған тарихи өзгерістер зерделенген. Оның әр шығармасы тарихи негізде жазылып, отан тарихының қилы кезеңдерінің әдебиеттегі көріністеріне айналды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы, Алматы: Қазақ университеті. 2002 ж. 455-бет
2. Мүсірепов Ф. Туралы естеліктер. Құрастырған: Сұлтан Оразалы, Алматы: Білім. 2007 ж. 416-б.
3. Бекбергенов М., Ф. Мүсіреповтің прозасы, Алматы: Рауан. 1990 ж. 151- б.
4. Жұмабеков С., Ф. Мүсірепов - Алматы: Мектеп. 1989 ж. 120-бет /1.14-16/
5. Қаратаев М., Нұртазин Т., Қирабаев С. Қазақ совет әдебиеті оқулығы. Жоғары оқу орындарының филология факультеттеріне арналған оқулық. Алматы-1971 ж., 438
6. Сәрсекке М. Мен білетін ер Ғабен //Ақиқат.-2002.-№1.-б.33-39
7. Әлімбаев М. Ағаның көңілі ақ-жайлау [Мәтін] / Көзін көрдік жақсы менен жайсаңның. - Алматы: Қазақстан, 2002.-52-57б.
8. Жүсіпова А. Көркем сөздің зергері // Солтүстік Қазақстан.-2006.-10 сәуір – 3б.
9. Сәрсекке М. Жақсылардың үлгісі //Ақиқат.-2002.- №5.- б.63-70
10. Ғабдуллин Н. Ғабит аға туралы. // Қазақ әдебиеті 1991 ж. 8 қараша - 8 б.
11. Махмұтов Е. Ғабен-ел мақтанышы//Солтүстік Қазақстан.- 2002. - 8ақпан.-2 б.
12. Мүсірепов Ф.Таңдамалы. Үш томдық.- Алматы: Жазушы,1980.
13. Мүсірепов Ф. Бес томдық шығармалар жинағы. - Алматы:Жазушы,1992

Т.1. Повестер мен әңгімелер.- 400 б.

14. Ахметов З. Терең таным, биік талғам (Ғ. Мүсірепов шығармашылығы туралы) //Егемен Қазақстан.-2002.-2 наурыз.-б.3

15. Әйкемов Ж. Естен кетпес күндер // Солтүстік Қазақстан.-2002.-2 сәуір.-б.4

16. Ғаббас Ш. Жауапты тапсырма (Ғ. Мүсірепов туралы естелік)//Солтүстік Қазақстан.-2002.-15 наурыз.-б.3

17. Елеуенов Ш. Ғабеңнің асқақ бейнесі//Жалын.-1992.-№2.-б.33

18. Жақып М., Мұқанов М. Елі Ғабеңді құрметпен жатыр// Егемен Қазақстан.- 2002. - 19 наурыз. - б.4

19. Қайырбеков Ә. Ғажайып Ғабең //Егемен Қазақстан.-2002.-22 наурыз.-б.4.

Reference

1. Brief History of Kazakh literature, Almaty: Kazakh University. 2002 p. 455

2. Memoirs of Musrepov G. Compiled By: Sultan Orazaly, Almaty: Education. 2007 p.416.

3. Bekbergenov M., prose by G. Musrepov, Almaty: Rauan. 1990 p.151.

4. Zhumabekov S., Musrepov G.-Almaty: School. 1989 pp. 120 /1.14-16/

5. Karataev M., Nurtazin T., Kirabaev S. textbook of Kazakh Soviet literature. Textbook for philological faculties of higher educational institutions. Almaty-1971,438

6. Sarseke M. er Gaben I know //truth.-2002. - №1. - p. 33-39

7. Alimbay M. Aga's mood is AK-zhailau [text] / we saw the source of good from me.- Almaty: Kazakhstan, 2002. - 52-57p.

8. Zhusupova A. jeweler of the artistic word // North Kazakhstan.-2006. - April 10-3B.

9. Sarseke M. example of the best//truth.-2002. - No. 5. - p. 63-70

10. Gabdullin N. about Gabit Agha. // Kazakh literature November 8, 1991-8 p.

11. Makhmutov E. Gaben-pride of the country // North Kazakhstan.-2002. - February 8.-2 P.

12. Musrepov G. Selective. Three volumes .- Almaty: Writer, 1980.

13. Musrepov G. collection of works in five volumes.- Almaty: Writer,1992

Vol. 1. stories and stories.-400B.

14. Akhmetov Z. deep knowledge,high taste (about the work of G. Musrepov) // sovereign Kazakhstan.-2002. - 2 March.- P.3

15. Aikemov zh.memorable days // North Kazakhstan.-2002. -2 April.- P.4

16. Gabbas Sh. responsible task (memory of G. Musrepov) // North Kazakhstan.-2002. - March 15.- P.3

17. Eleukenov sh.the sublime image of Gaben//Zhalyn.-1992. - No. 2. - p. 33

18. Zhakip M., Mukanov M. the country honors Gaben// sovereign Kazakhstan.-2002. - March 19.- P.4

19. Kairbekov A. Amazing Gaben // Sovereign Kazakhstan.-2002. -22 March.- P. 4.